Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

Қызмет хроникасы

1994–1995

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы

Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев

ҚЫЗМЕТ ХРОНИКАСЫ 1994–1995 жылдар

МАЗМҰНЫ

Астана Деловой Мир
БАСПАСЫ ИЗДАТЕЛЬСТВО
АСТАНА 2013

Мазмұны

КІРІСПЕ 3

1994 жыл

ҚАҢТАР 13
АҚПАН 23
НАУРЫЗ 35
СӘУІР 47
МАМЫР 59
МАУСЫМ 65
ШІЛДЕ 75
ТАМЫЗ 85
ҚЫРКҮЙЕК 95
ҚАЗАН 107
ҚАРАША 121
ЖЕЛТОҚСАН 129

1995 жыл

ҚАҢТАР 145
АҚПАН 155
НАУРЫЗ 165
СӘУІР 183
МАМЫР 199
МАУСЫМ 215
ШІЛДЕ 227
ТАМЫЗ 233
ҚЫРКҮЙЕК 247
ҚАЗАН 259
ҚАРАША 273
ЖЕЛТОҚСАН 283

ҚОСЫМШАЛАР 299

Дүниежүзілік экономикалық форумның арнайы пленарлық отырысында сөйлеген сөзі 300

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының сессиясында сөйлеген сөзі 303

Колумбия университетінде «Бейбітшілік, даму, демократия» тақырыбында сөйлеген сөзі 306

Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игерудің 40 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі 311

Қазақ теледидары арқылы сайлаушыларға үндеуі 322

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде сөйлеген сөзі 328

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымы Үйлестіру кеңесінің отырысында Еуразиялық Одақты қалыптастыру жобасы туралы сөйлеген сөзі 332

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымының I сессиясындағы «Реформаларды тереңдету мен жалпыұлттық келісім арқылы — жаңартылған Қазақстанға» атты Жолдауы 339

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымының I сессиясында ел астанасын ауыстырудың мақсаттылығы туралы мәселе бойынша сөйлеген сөзі 355

«Еуразиялық кеңістік: интеграциялық әлеует және оны жүзеге асыру» атты конференцияда сөйлеген сөзі 361

Республика күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі 365

ЕҚЫҚ қатысушы елдердің мемлекет және үкімет басшылары кездесуінде сөйлеген сөзі 377

Т. Рысқұлов, С. Қожанов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлинді еске алуға арналған тарихи зерде кешінде сөйлеген сөзі 380

Жаңажылдық құттықтауы 389

Дүниежүзілік экономикалық форумда сөйлеген сөзі 391

Қазақстан халықтары Ассамблеясының I сессиясында «Ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын» тақырыбында сөйлеген сөзі 395

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының отырысында сөйлеген сөзі 412

Қазақстан Республикасы Президенті өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту жөніндегі республикалық референдумның қорытындысы бойынша отандастарына үндеуі 424

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту жөніндегі республикалық референдумның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының куәлігін тапсыру рәсімінде сөйлеген сөзі 426

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі 428

Семей ядролық полигонындағы соңғы ядролық зарядтың жойылуына байланысты Қазақстан азаматтарына үндеуі 439

БҰҰ қарусыздану жөніндегі конференциясында сөйлеген сөзі 441

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің республикалық кеңесінде сөйлеген сөзі 447

Қазақстан халықтары Ассамблеясының II сессиясында «Өткенді саралау және қоғамды одан әрі демократиялық жолмен реформалау» тақырыбында сөйлеген сөзі 452

Жалпыхалықтық талқылауды есепке ала отырып пысықталған Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясы жобасының баспасөзде жариялануына байланысты баспасөз мәслихатында сөйлеген сөзі 471

Абай Құнанбаевтың 150 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі 474

Жидебай шатқалындағы Абай және Шәкәрім кесенелерінің салтанатты ашылу рәсімінде сөйлеген сөзі 486

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын ресми таныстыру салтанатты рәсімінде сөйлеген сөзі 489

БҰҰ Бас Ассамблеясының 50-ші мерейтойлық сессиясында сөйлеген сөзі 492

ЮНЕСКО-ның 50 жылдығына арналған Бас конференциясының XXVIII сессиясында сөйлеген сөзі 495

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі 499

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері басшылық құрамының алдында сөйлеген сөзі 513

Ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша республикалық кеңесте сөйлеген сөзі 517

Жаңажылдық құттықтауы 523

1994 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы заңдарының тізбесі 525

1994 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының тізбесі 527

1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының тізбесі 542

Қысқартылған сөздер тізбесі 568

Географиялық атаулар көрсеткіші 569

Есімдер көрсеткіші 578

Мекемелер мен ұйымдар көрсеткіші 585

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Басып шығарушы: «Деловой Мир Астана» ЖШС

Редакциялық-баспагерлік топ:
М.Б. Қасымбеков (жетекші), саяси ғылымдардың докторы, профессор,
Б.Б. Темірболат (жауапты редактор), саяси ғылымдардың кандидаты,
Ж.К. Үсембаева, техника ғылымдарының докторы, профессор,
Е.А. Хасенов, филология ғылымдарының кандидаты,
Т.А. Темірханов, М.М. Бейсенова

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.
Қызмет хроникасы. 1994–1995 жылдар. — Астана: Деловой Мир Астана, 2013. — 600 б.

© Қасымбеков М.Б., 2013
© «Деловой Мир Астана» ЖШС, 2013
© Барлық құқықтары қорғалған

1994–1995 жылдар тотолитарлық жүйені бөлшектеу

аяқталып, мемлекеттік және нарықтық экономиканың жаңа үлгісін іздеудің ауыр кезеңі жүріп жатқан тәуелсіз Қазақстан өмірінің мемлекеттік құрылыс тұрғысынан алғанда ең бір қауырт және айқындаушы уақыты болып есептеледі.

Бұл кезеңде Қазақстанның алдында бұрынғысынша елді экономикалық дағдарыстан шығарып, оның экономикасын нарықтық жолға салу, халықтың тұрмыстық деңгейін арттыру, ішкі саяси тұрақтылықты сақтап қалу мен қоғамды одан әрі демократияландыру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күрделі жүйелі міндеттерді сәйкесінше және шұғыл түрде шеше алатындай мобильді әрі тиімді саяси жүйені құру мәселесі өткір тұрды.

Сонымен бірге, елде Президент пен Жоғарғы Кеңес арасында қалыптасқан қосбилік жүйесі іс жүзінде оның дамуын әлсіретіп жіберді және тез арада шешілуін талап етті. Көбіне бұл жағдай 1993 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының салдарынан орын алды.

Негізгі заңда бұрынғы кеңестік Конституциямен салыстырғанда бірқатар жаңалықтары болса да, ол уақыт талабына сай келмеді және төзімділік пен қарама-қайшылықтар негізіндегі билік тармақтарының қарым-қатынасын реттей алмады. Әсіресе, ол экономикалық өсуге үнемі тосқауыл болып қана қоймай, ел Президентімен бірге атқарушы билікпен бітпейтін даулардың көзі ретінде өзін нығайта түскен енді ғана сайланған Жоғарғы Кеңестің он үшінші шақырылымының қызметінен айқын көрінді.

Экономикалық дағдарыстың тереңдей түсуі мен әлеуметтік тұрмыс деңгейінің төмендеуі аясында депутаттық корпус жалақыны көтеру, қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген әлеуметтік бағдарламалар туралы популистік шешімдерді жиі-жиі қабылдайтын болды, ал атқарушы билікке қатаң бюджет тапшылығы жағдайында

оларды орындау үшін жауапкершілік жүктелді. Экономика тоқырап, қазынаның бос болған кезеңінде қабылданған нормалар әлеуметтік төлемдер бойынша көпжылғы қарыздардың қалыптасуына себеп болды. Оның үстіне, сол уақыттың көптеген заңдарында нарықтық экономика мен демократиялық қоғамның қалыптасу барысында туындаған құқықтық қатынастарды реттеу тетіктері қарастырылмаған болатын. Осылайша, сапалық және сандық жағынан нашар заң шығарушылық жұмыс Қазақстанның жаңа жағдайда даму жолына шығуына кедергі жасады.

Мемлекет басшысы 1994 жылғы 19 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он үшінші шақырылымы I сессиясының ашылуынан бастап оның отырыстарына белсенді түрде қатысып отырды және депутаттық корпустан барынша қарқынды заң шығарушылық жұмыспен айналысу қажеттігін жеткізіп отырды, себебі тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы жүздеген жаңа заңдардың қабылдануын талап етті. Алайда, Жоғарғы Кеңестің кертартпа көзқарастағы көпшілігімен бетпе-бет келген Президентке тиімді шешімдер қабылдап, реформаларға қолдау көрсетуге қол жеткізу қиынға соқты. Тіпті, Мемлекет басшысының 1994 жыл ішінде депутаттармен заң шығарушы және атқарушы билік тармақтары арасындағы өзара әрекет ету мен келісіп жұмыс істеу мәселелері бойынша жасаған көптеген жеке кездесулеріне және Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша қол қойылған парламент пен үкімет арасындағы әрекет ету меморандумына да қарамастан, олардың қарым-қатынасындағы шиеленістің бетін қайтару мүмкін болмады.

1994 жылғы 7 наурыздағы парламенттік сайлау барысында жол берілген заңнамалық бұзушылықтар нәтижесінде Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының он үшінші шақырылымы Жоғарғы Кеңесінің конституциялық емес әрекеті туралы 1995 жылғы 6 наурызда қабылдаған шешіміне байланысты орын алған саяси дағдарыс жағдайында Мемлекет басшысы 1995 жылғы 11 наурызда Конституциялық сотқа тиісті сауал жолдады.

Конституциялық сот өзінің қосымша анықтамасында Президенттің қойған сауалдарына түсініктемелер берді. Осы анықтамаға сәйкес ел парламентінің конституциялық еместігі немесе, басқа сөзбен айтқанда, оның әрекетінің заңсыздығы танылды.

Осындай оқиғалар орын алған жағдайда Президент республиканың Конституциясы мен заңдарын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретінде 1995 жылғы 11 наурыздағы «Конституциялық соттың қаулысынан туындайтын шаралар туралы» Жарлығына қол қоя отырып, парламентті тарату туралы шешім қабылдады, осылайша Конституциялық соттың шешімін қолдайтынын және демократиялық принциптерді ұстанатынын дәлелдей түсті.

Парламент өкілеттігінің конституциялық еместігі құқығы жоқ Жоғарғы Кеңестің қатысуымен қалыптасқан Министрлер кабинеті өкілеттігінің заңсыздығын білдірді. 11 наурызда үкімет отставкаға кеткен соң, оның жаңа құрамы қалыптастырылды.

Қоғам бірлігін сақтап қалу мен саяси және әлеуметтік жағдайдың шиеленісуіне жол бермеу мақсатында 1995 жылғы 25 наурызда Қазақстан халықтарының Ассамблеясы Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзарту жөніндегі республикалық референдум өткізу қажеттігі туралы шешім қабылдады.

Президент сәйкесінше «1995 жылғы 29 сәуірде республикалық референдум өткізу туралы» Жарлыққа 1995 жылғы 25 наурызда қол қойды, оған сәйкес, шын

мәнінде, Мемлекет басшысына сенім білдіру және оған Қазақстанды реформалау жөніндегі ерекше өкілеттік беру мәселесі жалпыхалықтық дауысқа салынды.

Референдум нәтижелері қазақстандықтардың бұдан былайғы қайта құру бағытын ұстанатынын сенімді түрде көрсетті. Дауыс беруге қатысқан азаматтардың 7 932 834-і өкілеттікті ұзартуды жақтады, ол дауыс бергендердің жалпы санынан 5,46% құрады. Осылайша, сонау қиын-қыстау сәтте Президент қоғамнан толық қолдау тапты. 1995 жылғы 5 мамырда референдум қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы ОСК-ның Н.Ә. Назарбаевтың президенттік өкілеттік мерзімін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзарту туралы куәлігін салтанатты тапсыру рәсімі өтті.

Жалпыхалықтық қолдауға ие болған соң, Мемлекет басшысына жаңа Конституцияның қабылдануына дейін заңнамалық актілерді қабылдау құқығын берген 1993 жылғы 10 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімшіліктердің басшыларына қосымша өкілеттіктерді уақытша беру туралы» Заңына сәйкес жоғарғы заңнамалық органның болмауы уақытында заң шығарушылық қызметтің ауыртпашылығын өз мойнына алуына тура келді.

Мемлекет басшысы заң күшіне ие жарлықтарымен құқықтық реттеудегі ақауларды жамап, экономиканы ауқымды жаңғырту және мемлекеттік құрылысты одан әрі жалғастыру үшін шынайы негіз қалаған сенімді заңнамалық базаны қалыптастыра алды. Осы кезең ішінде, жалпы алғанда, Президенттің заң күшіне ие шамамен 140 жарлықтары шығарылды.

Сонымен қатар ел Президенті жаңа Конституцияның жобасын әзірлеу бастамасын көтерді, оған дағдарысқа әкелген 1993 жылғы саяси үлгідегі қателерді түзету қажеттігі себеп болды. 1995 жылғы наурызда болған оқиғалар оны шұғыл қабылдаудың өзектілігін байқатты — нәтижесінде алда заманға сай, тиімді демократиялық мемлекет құруға болатындай едәуір тиімді Конституцияны әзірлеу жұмысы тұрды.

Президент жаңа Конституцияны дайындау барысын жеке қадағалап, ұсыныстар мен жаңа идеялар енгізіп отырды. Нақты айтқанда, қызу пікірталастан кейін 1993 жылғы Конституцияға енгізілмеген мемлекеттік дамудың бірқатар өзекті принциптерін жобаға енгіздіртті. Олардың қатарында қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу принциптері де бар. Конституцияның 3 бабында қисынды етіп көрсетілген мемлекеттік биліктің біртұтастығы мен оның тармақтарға бөлініу принципі ұзақ талқылау мәселесіне айналды. 1995 жылғы жаңа Конституцияның жобасы біртұтас мемлекеттік биліктің, бір жағынан, тығыз ынтымақтастықта болу мүмкіндігіне, екінші жағынан, өзара тежеу — бір-бірінің Конституциямен және заңдармен белгіленген өкілеттіктеріне араласуын болдырмауға бағдарланған үш тармаққа бөліну тетігін көздеді.

Қазақстанның саяси дамуының жаңа парақтарын ашқан көптеген жаңалықтар енгізілді. Мәселен, Конституция жобасының 5 бабында алғаш рет демократияның маңызды белгісі идеологиялық және саяси әралуандығы жарияланды. Аталған норма, басқаларды айтпағанда, саяси партиялар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің әрекет ету еркіндігін көздеді. Конституцияны шынайы ететін тағы да бір маңызды

тетіктердің бірі, ол заңға тәуелді актілердің болу не болмауынан тыс тікелей ықпал ете алуы болып табылады. Құқықтық мемлекеттің қалыптасу үдерісі енді ғана күшіне ене бастаған болатын, сондықтан да экономикалық проблемаларды шешуден басқа маңызы жоғары міндеттердің бірі құқықтық сот жүйесін қамтамасыз ету болды.

Кейіннен жоба дайын болған кезде оны талдау мен сараптама жасау үшін Президенттің 1995 жылғы 22 мамырдағы қаулысымен Сараптамалық-консультативтік кеңес құрылды. Ал 1995 жылғы шілде айының басында жоба жалпыхалықтық талқылауға шығарылды, оның мерзімі 1995 жылғы 30 шілдеге дейін бір ай болып белгіленді, содан соң Конституция жобасы референдумға шығарылмақ болатын. Жоба баспасөз бетінде жарияланған соң, Мемлекет басшысы баспасөз конференциясын өткізіп, болашақ Конституцияның негізгі ережелері туралы айтты және журналистердің сұрақтарына жауап берді. Президент бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері арқылы барша қазақстандықтардың назарына, ең бастысы, жаңа Конституция Қазақстанның ұлтаралық келісім мен азаматтық бейбітшілік жағдайында тұрақты дамуына, саяси және экономикалық реформаларды біртіндеп жүзеге асыра алатынына мүмкіндік беретінін жеткізгісі келді.

1995 жылғы 30 тамызда республиканың жаңа Конституциясы үшін республикалық референдумда дауыс беру жүргізілді, оған 8 091 715 адам немесе 90,58% қатысты, олардың ішінде, 7 212 773 адам немесе 89,14% уақыт талабын ескере отырып, мемлекетті, жеке меншікті, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын және т.б. басқаруды ұйымдастырудың көптеген мәселелерін шешкен жаңа Негізгі заңның қабылдануын қолдады.

1995 жылғы 6 қыркүйекте ел Конституциясын ресми таныстырудың салтанатты рәсімі өтті. Н.Ә. Назарбаев өзінің сөйлеген сөзінде: «Көптеген демократиялық мемлекеттер конституцияларының үлгісі бойынша біздің Конституция ресми түрде жарияланған жоқ, ол өзінің құрылымы, техникалық-заңгерлік негізімен, қатаң мемлекеттану, саяси және құқықтық санаттар жүйесімен заманауи мемлекетті және әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономиканы құру мен дамыту үшін сенімді алғышарттар жасайды», — деп мәлімдеді.

1995 жылғы Конституция іс жүзінде тәуелсіз Қазақстан қалыптасуының алғашқы кезеңінің аяқталуын белгілеп, қоғам өмірінің барлық салаларының жүйелік реформаларына бастау сала отырып, мемлекетіміздің дамуының жаңа бетін ашты.

Бірінші кезекте, мемлекеттік билік кескіні түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Конституцияда республиканың мемлекеттік билігі біртұтас, ол заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы идея мықтап бекітілді.

Президент институты билік тармақтары құрылымында өзіндік төреші функцияларын ала отырып, жаңа мәртебеге ие болды. Бұл ереже биліктің барлық үш тармағына тиімді ықпал ету тетіктері есебінен қамтамасыз етілді, оларға негізінен Парламентті тарату құқығы мен Үкіметтің Президент алдындағы жауапкершілігі жатады. Сот жүйесінің реформасы өткізілді, Конституциялық кеңес құрылды.

Конституция қоспалаталы Парламентті құрды, оның қажеттігі туралы пікірталастар қоғамда көп уақыттан бері жүргізіліп келді, алайда 1993 жылғы Конституцияда іске асырылмаған болатын. Біртұтас мемлекеттік билікті бөлу жүйесінде

Парламент функциялары заңнамалық қызметке шоғырлануын көздеп, нақты анықталды.

1995 жылғы желтоқсан айында Қазақстан Республикасының бірінші шақырылған жаңа қоспалаталы Парламентіне сайлау өткізілді. Жаңа Конституция бойынша Сенатқа сайлау екі кезеңде — 5 және 23 желтоқсанда өтті, ал 9 желтоқсанда Мәжіліс депутаттарын сайлау бойынша дауыс беру өткізілді.

Құрылған саяси модель өзінің өміршеңдігі мен тиімділігін көрсетті, Н.Ә. Назарбаевтың азаматтық қоғам институттарын, көппартиялылықты, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарын, үкіметтік емес ұйымдарын құруды ғана емес, сонымен қатар экономикалық қатынастарды ырықтандыруға жәрдемдесу және еркін нарықты қарқынды түрде дамыту мәселелері де енген жаңғырту идеологиясын іс жүзінде жүзеге асыруға септігін тигізді.

Елдегі күрделі саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуал жағдайында көпэтносты және көпконфессиялы жас мемлекет үшін қоғамдық тұрақтылықты, этносаралық және діни пәтуаластықты сақтау мәселесі айрықша өзектілігін байқатты. Осыған сәйкес Президент Н.Ә. Назарбаев дүниежүзінде баламасы жоқ бірегей құрылым, өз жанынан кеңесші-консультативті орган құқығында жұмыс істейтін Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру туралы бастамасын көтерді.

Мемлекет басшысы Ассамблеяның әмбебап және өткінші емес рөлін оның енді ғана құрылған алғашқы жылдарында-ақ ашып берді: «Ұлтаралық келісім — бұл тәуелсіздіктің бірінші немесе екінші бесжылдықтарының және тақыр саяси прагматизмнің мәселесі емес. Біз екі қарапайым ақиқатты өзіміз танып, келер ұрпаққа жеткізуіміз керек, олар: Қазақстан әрқашан да көпэтносты мемлекет болып қалады және ешкім де, ешқашан да ешқандай ұлттық құдалауды жүргізбейтін болады; біздің көпэтностылық — зор мәдени, экономикалық және саяси ресурс. Алдымызда бір ғана қарапайым міндет тұр — біз барлығымыз азаматтық тұтастықты сезінуіміз қажет. Алайда бұл қарапайымдылықтың артында өткен заманды аңсау және аға мен іні ұрпақтың толып кеткен жасқаншақтығы секілді орасан зор қиындықтар жасырынып тұрады. Тәуелсіз Қазақстан деген жаңа саяси шынайылықты қаншалықты тез ұғынуымызға және әрқайсымыз оның тағдырына қатысымызды қаншалықты жылдам сезінуімізге қарай ұлтаралық келісім де соншалықты берік болмақ».

1995 жылғы 24 наурыз бен 30 маусымда Президенттің төрағалық етуімен Қазақстан халықтары Ассамблеясының I және II сессиялары өтті, оған 120 ұлттың өкілдері қатысты. Жаңа құрылған органның күн тәртібінде Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылықты қалай сақтап, нығайту қажет, келесі парламенттік сайлауға дейінгі кезеңде мемлекетті қалай басқару керек, қалайша қоғамның қалыптасуын жеделдету қажет деген сұрақтар тұрды. Нәтижесінде, барлық қоғамның қатысуымен басымдылықтарды белгілеу бойынша ауқымды диалог өткізу бастамасы көтерілді, ол іс жүзінде орын алған әлеуметтік шиеленісті ақырында жоққа шығарды.

Ассамблеяның құрылуы Н.Ә. Назарбаевтың қоғамда бейбітшілік пен келісімді сақтауға берік бағыт ұстанғанын, ал жария етілген Қазақстанда тұратын халықтар теңдігі шынайы күшке ие екендігін айқын көрсетті. Жалпы алғанда, Ассамблея

жұмысының басталуы Президентке, біріншіден, өзінің жаңғырту мен даму идеологиясы айналасында қазақстандық қоғамның барлық этностық топтарының өкілдерін топтастыруға, бұл оны қолдаудың әлеуметтік негізін айтарлықтай ұлғайтты, екіншіден, Қазақстанда мемлекетті құрушы ұлт — қазақтардың сана-сезімінің өсуі жағдайында байқалуы мүмкін болған кез келген этнократиялық үрдістерді жоюға, үшіншіден қазақстандық азаматтардың көші-қондық көңіл-күйлерін едәуір жақсартуға мүмкіндік берді.

Қазақстан алдында тұрған бірдей уақытта экономиканы ырықтандыру мен жалпы макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізе отырып, экономикалық дағдарыстан шығу мәселелері бұрынғысынша өзектілігін жойған жоқ.

Сонымен бірге қазақстандық экономиканы әлемдік шаруашылық байланыстармен ықпалдастыру мәселелерін шешу қажет болды, онсыз Қазақстан бұрынғысынша шалғайдағы шеткі ойыншы болып қала береді.

Бұл міндеттерді шешудің тиімді жолдарын қарқынды түрде іздей отырып, Н.Ә. Назарбаев жүйелі экономикалық реформалардың жедел бағытын батыл жүзеге асырды.

1994 жылғы 22 маусымда Министрлер кабинетінің отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген 1994–1995 жылдарға арналған реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі үкіметтің іс-қимыл бағдарламасының жобасы қаралды. Бағдарламаның басты назары жекешелендіруді жеделдету мен монополиясыздандыру, бәсекеге қарымды саясатты дамыту, бағалар мен тауар нарығын либералдауға аударылды, бұл экономикадағы өзгерістерді ынталандыратын жаңа тетіктер жасауды және экономикалық дамуға мемлекеттің жаңа тәсілдерін реттейтін бірқатар заңнамалық актілерді қабылдау бастамасын көтеруді көздеді.

Сондай-ақ осы кезеңде Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993–1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасын іске асырудың екінші кезеңі аяқталған болатын.

Шұғыл тәртіпте Президент тұрақты негізде Премьер-министрді, елдің Министрлер кабинетінің мүшелерін, облыстық әкімшіліктердің басшыларын, министрліктер мен ведомстволар басшыларын қабылдады. Әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері Президенттің ел өңірлеріне жасаған жұмыс сапарларының басты назарында болды. 1994–1995 жылдары Мемлекет басшысы барлық өңірлерге жұмыс сапарларын жасап, оның барысында Президенттің қатысуымен ондаған өңірлік іс-шаралар өткізілді.

Қаржылық тұрақтандыруға қол жеткізу мен гиперинфляцияның бетін қайтару экономикалық саясаттың маңызды міндеті болды. 1993 жылы асқынып кеткен баға либералдануы инфляцияның едәуір өсуімен және төлемге қабілетті сұраныстың кемуімен жалғасты: 1993–1995 жылдар аралығындағы кезең ішінде ғана инфляция жылдық 1200% жетті, тек 1995 жылдың өзінде ел бюджетінің тапшылығы шамамен 40 млрд. теңгені құрады, ал кәсіпорындарға кредиттер бойынша екінші деңгейдегі банктердің мөлшерлемелері жылдық 400% дейін жетті. Ұлттық банктің ерекше назары ұлттық валюта — теңгені нығайтуға бағытталған болатын. Егер де теңгенің бірінші топтамасы Ұлыбританияда басылып шықса, 1995 жылғы 26 сәуірде Прези-

дент Алматы қаласында жаңа қазақстандық банкноталарды басып шығару бойынша банкнота фабрикасының ашылуына қатысты.

1994–1995 жылдар аралығындағы кезең ішінде қазақстандық кәсіпорындарды «жандандыру» мақсатында ұлттық экономикаға қарқынды түрде инвестицияларды тарту Президенттің қызметіндегі жеке бағыты болып саналады. 1994 жылдан бастап инвестициялық жекешелендіру қорларына шетелдік капиталды салуға рұқсат етілді, ал 1995 жылғы көктемнен бастап шетелдіктер валютамен есеп-айырысып, жекешелендірілетін кәсіпорындар акцияларының 31% дейін сатып ала алатын кез келген объектілерді сату аукциондарына қатыстырылатын болды. Мемлекет басшысының бастамасы бойынша ең қысқа мерзім ішінде «Қазақстандағы тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» заң әзірленіп, қабылданды, онда шетел инвестициялары үшін жеңілдіктер мен преференциялар жүйесі айтарлықтай кеңейтілген болатын.

Қалыптастырылған құқықтық базаға көмек ретінде Президент 2 жыл ішінде АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия, Жапония, Оңтүстік Корея, Сауд Арабиясы, Оман елдерінің ірі компаниялары жетекшілерімен және өкілдерімен ондаған кездесулер өткізді, олардың қатарында дүниежүзіне танымал «Chevron Corporation», «Philip Morris», «ABB», «Overseas Private Investment Corporation», «Tomson», «First Development», «City Bank», «The Chase Manhattan Bank», «UBS», «Eni S.p.A.», «Agip КСО», «Fata Group», «Europa-Metalli», «Saipem», «Bouygues», «Mitsubishi», «Itochu Corporation», «Gold Star», «Dabbah» және т.б. болды.

Қазақстанға инвестициялық қаржы қаражатын тарту бойынша Н.Ә. Назарбаев БҰҰ, ХВҚ, ХҚДБ, ЕҚДБ, АДБ және т.б. халықаралық ұйымдар тарапынан да қарқынды жұмыс жүргізді.

Бірқатар бірлескен кәсіпорындардың және экономиканы ынталандыру мақсатында шетелдік кредиттік желілердің ашылуы Президенттің шетел инвесторларымен белсенді жұмысының жемісті нәтижесіне айналды.

1994–1995 жылдары Қазақстан сындарлы сыртқы саяси қатынастарды дұрыс жолға қою мен халықаралық ынтымақтастық жүйесіне кіру қажеттігін сезінді.

Ол кездері сыртқы саясатта Қазақстан алдында біріншіден, халықаралық мойындауға қол жеткізу мен әлемдік қауымдастықтың толық құқылы мүшесіне айналу, екіншіден, республика үшін қызығушылық тудыратын елдермен дипломатиялық байланыстар және өзара пайдалы қатынастар орнату, үшіншіден, халықаралық ынтымақтастыққа едәуір тығыз ықпалдастыру мақсатында халықаралық және өңірлік ұйымдарға кіру, төртіншіден, өзінің ұлттық қауіпсіздігін және мемлекеттік шекаралардың мызғымастығын қамтамасыз ету, бесіншіден, экономиканы реформалау мен шетел инвестицияларын тарту үшін қолайлы сыртқы жағдайларды жасауға жәрдемдесу міндеттері тұрды.

Осы кезең ішінде Н.Ә. Назарбаев Бельгия, Ватикан, Ұлыбритания, Венгрия, Израиль, Индонезия, Испания, Италия, Қытай, Қырғызстан, Литва, Корея Республикасы, Палестина, Ресей, Сауд Арабиясы, АҚШ, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан, Украина, Швейцария, Эстония, Жапония елдерінде болды. Мемлекет басшысы сапарлар барысында сол елдердің басшыларымен және іскерлік топтарымен көптеген кездесулер өткізді, қол қойылған келісімдер мен шарттар, қазақстандық

экономикаға қажеттілігі өткір сезілген жаңа бірлескен экономикалық және инвестициялық жобалар олардың нәтижелері мен қорытындылары болды.

Президент көпжақты мемлекетаралық кездесулер мен халықаралық форумдарға қатысуға аса зор мән берді, олардың қатарында Арал теңізін сақтап қалу мәселелеріне арналған Орталық Азия мемлекеттері басшыларының отырысын, Дүниежүзілік экономикалық форумды, ТМД саммиттерін, түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесулерін, Женева қаласындағы қарусыздандыру бойынша БҰҰ конференциясын, Будапешт қаласындағы ЕҚЫК қатысушы елдердің мемлекет және үкімет басшыларының кездесуін, БҰҰ Бас Ассамблеясының 50-ші мерейтойлық сессиясын, ЮНЕСКО Бас конференциясының XXVIII сессиясын бөліп қарауға болады.

Жалпы алғанда, Мемлекет басшысының белсенді сыртқы саяси қызметінің арқасында 1995 жылдың соңына қарай Қазақстанды әлемнің 111 мемлекеті мойындады, олардың 92-сімен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің (ЕҚЫК), Халықаралық қайта құру және даму банкінің (ХҚДБ), Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ), Халықаралық валюта қорының (ХВҚ), Дүниежүзілік банктің (ДБ) және тағы да басқа халықаралық ұйымдардың мүшесі болды.

Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясында оның халықаралық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері айрықша орынға ие болды.

Қазақстанға КСРО құлағаннан кейін қуаты жағынан дүниежүзінде төртінші орындағы ядролық арсенал мұраға қалғаны белгілі. Бұл жағдайда Н.Ә. Назарбаев Қазақстан үшін пайдалы шарттармен оның ұлттық мүдделерін ескере отырып, ядролық мәртебесінен өз еркімен бас тарту жолын таңдады. 1994–1995 жылдары ядролық қарусыздандыруға қатысты Қазақстан мен Батыс елдері арасындағы қол жеткізілген уағдаластықтар іс жүзінде жүзеге асты.

1994 жылғы желтоқсан айында Будапешт қаласындағы ЕҚЫК барысында Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың депозитарийлері — Ресей, АҚШ және Ұлыбритания тарапынан Қазақстанға қауіпсіздік кепілдіктерін беру туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті, онда Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігіне қарсы күш қолданбау, экономикалық мәжбүрлеуден бас тарту туралы міндеттемелер келтірілген. Кейінірек ҚХР мен Франция да өз кепілдіктерін берді. Ал 1995 жылғы 26 мамырда соңғы ядролық оқтұмсықтар Қазақстан аумағынан шығарылғаннан кейін, республика заң жүзінде ядролық қарусыз мемлекетке айналды.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы күн тәртібінде тұрған тағы да бір едәуір маңызды мәселе өзінің «бейбітшілік пен тату көршілестік белдеуі» шекарасын периметр бойынша қалыптастыру болды. 1995 жылға қарай консультациялар негізінде Қазақстан ең жақын көршілерімен (Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Әзірбайжан) шекара мәселелерін реттеді және Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі бойынша көпжақты келіссөздер үдерісін бастады. Осы келісімшарттық негізде 2000 жылдардың орта кезінде Ресей және Қытаймен шекараларды делимитациялау бойынша мәселелер түбегейлі шешілетін болады, оны сарапшылар «ғасыр шарттары» деп сипаттайды.

Тәуелсіздік алу Қазақстанның зор интеграциялық және ұйымдастырушылық әлеуетін ашты, бұл оған бірқатар интеграциялық бірлестіктердің бастамашысы мен қатысушыларының бірінің рөлін қамтамасыз етті.

Атап айтқанда, Қазақстанның бастамасы бойынша Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан арасында Біртұтас экономикалық кеңістік құрылды, ол туралы шартқа 1994 жылғы сәуір айында қол қойылған болатын.

Бұл тұрғыда Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылғы 24 наурызда оның Ресей Федерациясына жасаған алғашқы ресми сапары барысында М.В. Ломоносов атындағы ММУ студенттері мен оқытушы-профессорлық құрамымен кездесуде айтқан Еуразиялық Одақ құру туралы идеясын да қарастырған жөн.

Ел тәуелсіздігі Қазақстан халқының шынайы рухани жаңғыруына бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер берді. Ғасырлар мен ондаған жылдар бойғы мәңгүрттіктен кейін халқына аса қымбат есімдері мен ескерткіштері қайтарылды. Зиялы күнтізбеде жаңа мерекелердің пайда болуымен қатар республикада осы кезең ішінде тарихи оқиғаларға, ұлттық тарихтың танымал қайраткерлерінің (Қазақстанның қуғынсүргінге ұшыраған қайраткерлері — Т. Рысқұлов, С. Қожанов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин және т.б.) есімдерін мәңгі есте сақтауға және құрметтеуге арналған еске алу шаралары өткізілді. Оның барлығын 1995 жылы ЮНЕСКО аясында ақын, ойшыл және қоғам қайраткері Абай Құнанбаевтың 150 жылдығын тойлауға арналған шаралардың өткізілуі қорытындылады.

Жалпы 1994–1995 жылдардағы мемлекеттің дамуын сипаттай отырып, осы уақыт ішінде Қазақстан қайсарлығын тексеретін ауыр сынақтан өткенін және егеменді дамуға деген құқығын дәлелдегенін атап өтуге болады. Бұл республика қалыптасуының аса маңызды кезеңдерінің бірі болды, ол бұдан былайғы қарқынды даму шарттарын айқындап берді және негізін қалады.

1994

ҚАҢТАР 1994

Дс		3	10	17	24	31
Сс		4	11	18	25	
Ср		5	12	19	26	
Бс		6	13	20	27	
Жм		7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29	
Жк	2	9	16	23	30	

1 қаңтар

Мемлекет басшысы қазақ халқының ұлы ойшыл, жазушысы, ақыны А. Құнанбаевтың алда келе жатқан 150 жылдық мерейтойына орай баспасөз бетінде «Абай туралы сөз» баяндамасын жариялады.

«Мен және менің отандастарым үшін Абайды танып білуге көптеген жылдар қажет. Оның ой тереңдігі соншалықты, Абай сөздерін әрбір түсініп оқыған сайын жаңа қырларымен ашыла түседі, әсіресе, ұрпақтан ұрпаққа беріліп, біз үшін рухани сүйеніш, өміріміздің тірегі болып келген оның ізгілік қасиеті кез келген жастағы адамға, әсіресе, жастарға көпшілік ортада өзін ұстау ережелерін, адамға, өзінің адамгершілігіне құрметпен қарау және адамның ұлтына, наным-сеніміне, шығу тегіне қарамай құрмет көрсетуге үйретеді.

Сондықтан да ұлы Абай даналығын, өкінішке орай, басқа тілдерге ойдағыдай аударылмаған оның еңбектерін көбі білмейді, оның пәлсапасы жер бетіндегі барша адамзат баласына аса қажет. Сол себептен біздің республика осы күнді лайықты атап өту үшін, дәл осы мемлекеттіліктің қалыптасуының бетбұрысты уақытында қажетті жаңа Абайды көрсету үшін қолдан келгеннің барлығын жасауда», — делінген баяндамада.

Абай Құнанбаев (1845–1904 жж.) — қазақ халқының ақыны, философы, ағартушысы, сазгері, қоғам қайраткері, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, көзі ашық либералды ислам негізіндегі орыс және еуропа мәдениетіне сәйкес мәдениетті реформалаушы.

Қазақ әдебиетінің тарихында Абай жаңа өлшемдермен және ұйқастармен байыта отырып, өлең құрылысының жүйесін реформалаушы ретінде танылды. Ол сегізаяқ, алтыаяқ және т.б. жаңа өлең пішіндерін енгізді.

Ол 170-ке жуық өлең, бірқатар дастандар және 56 аудармалар жазды, олардың қатарында А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов, И.В. Гете және Дж. Байрон шығармалары бар.

Абайдың «Қара сөздері» ең танымал шығармасына айналды. Шығарма ғибратты нақыл түріндегі 45 бөлімнен тұрады. Бұл нақыл сөздерінде Абай тарих, педагогика, өнеге және құқық мәселелерін көтереді.

Абай сондай-ақ талантты және біртума сазгер болған. Ол біздің заманымызда да белгілі жиырмадан астам әуеннің авторы. Өзінің кейбір лирикалық өлеңдеріне музыка жазған, ал «Көзімнің қарасы» атты өлеңіне жазылған ән халықтық сипатқа ие болды. Абай Құнанбаев XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында енді ғана қалыптасып жатқан қазақ ұлттық зиялы қауымға зор әсерін тигізді.

7 қаңтар

Мемлекет басшысы Алматы және Семей епархиялық басқармасы, «Бөбек» республикалық балалар қайырымдылық қоры және Алматы қалалық әкімшілігі ұйымдастырған рождестволық қайырымдылық балына қатысты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқарманы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет етіп қайта құру туралы» №1490 Жарлығына қол қойды.

10 қаңтар

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасында мемлекеттік сапармен болып, осы елдің астанасы Ташкент қаласында Президент И.А. Каримовпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар мемлекеттік шекаралардың өзгермейтіндігін растады, ауған-тәжік шекарасы бөлігінде орын алған жағдайларға байланысты өңірдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша қолданылып жатқан шараларға қолдау білдірді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша тауарлар, қызметтер, капитал, жұмыс күшінің еркін қозғалысын көздеген және келісілген кредиттік есеп-айырысу, бюджет, салық, баға, кеден және валюта саясатын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасында бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы шартқа қол қойылды. Одан басқа, мәдениет, денсаулық сақтау, ғылым, білім, туризм және спорт салаларындағы ынтымақтастықты тереңдету туралы, сауда-экономикалық ынтымақтастық нәтижелері бойынша 1992–1993 жылдардағы өзара есеп-айырысуды реттеу туралы үкіметаралық келісімдер, сондай-ақ Өзбекстан Республикасының Үкіметі мен Орталық банкі және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық банкі арасында 1994 жылы есеп-айырысуды ұйымдастыру туралы келісім жасалды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 12 желтоқсандағы №541

Жарлығының 1 тармағының күші жойылған деп тану туралы» №1494, «Тұтынуға жұмсалатын қаражатты мемлекеттік реттеу туралы» №1495, «Қазақстан Республикасының Азия даму банкіне мүшелігі туралы» №1496 жарлықтарына қол қойды.

11 қаңтар

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Нүкіс қаласында өткен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Арал теңізін сақтап қалу мәселелері бойынша отырысына қатысты.

Саммитке сондай-ақ Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов, Тәжікстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Э.Ш. Рахмонов, Ресей Федерациясы Үкіметі төрағасының орынбасары Ю.Ф. Яров қатысты.

Қазақстан Президенті өзінің сөйлеген сөзінде: «Теңізді сақтап қалу — қара бастың қамын ғана ойлау емес, өңірдің барлық экожүйесінің бұзылған тепе-теңдігін қалпына келтіруге арналған өткір қажеттілік», — деп атап көрсетті.

Конференция қорытындылары бойынша Аралды құтқару халықаралық қоры қаражатын қалыптастыру және Арал теңізі бассейніндегі экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі нақты іс-қимыл бағдарламасы туралы құжаттар қабылданды, Арал теңізі бассейнінің мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңес туралы ереже бекітілді, сол кеңестің Атқарушы комитеті құрылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасына мемлекеттік сапарын жалғастырып, оның барысында Президент И.А. Каримовпен бірге Үргеніш, Хиуа және Самарқанд қалаларына барды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының импортталатын тауарларға кеден тарифі туралы» №1498, «Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға кеден тарифі туралы» №1499, «Қазақстан Республикасының әскери-өнеркәсіп кешенін ұйымдастыру мен басқаруды ретке келтіру туралы» №1500 жарлықтарына қол қойды.

14 қаңтар

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатын құру туралы» №1502, «В.Б. Темірбаев туралы» №1503, «Т.А. Мансұровты Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Өкілетті өкілі (Елшісі) қызметіне тағайындау туралы» №1504, «Т.А. Мансұровқа Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1505 жарлықтарына қол қойды.

17 қаңтар

Мемлекет басшысы «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» өндірістік бірлестігінің бас директоры В.В. Ефремовты, Талдықорған облысы «Еңбекші» кеңшарының директоры З. Тамшыбаеваны, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректоры К.Н. Нәрібаевты, Қазақстан кәсіподақтары федерациясының төрағасы С.Ө. Мұқашевты, Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің жанындағы Тіл комитетінің төрағасы С.Ш. Оразалиновты қабылдады.

Кездесулер барысында экономика, ғылым мен мәдениет, тілдер саясатын және т.б. дамыту мәселелері талқыланды.

18 қаңтар

Мемлекет басшысы Словения Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Сыртқы істер министрі Л. Петерле бастаған делегацияны қабылдады.

Кездесу қорытындылары бойынша Мәдени ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасында жаңадан тағайындалған Төтенше және Өкілетті елшілер — Грузия Республикасының елшісі Т.Т. Гоголадзе мен Тәжікстан Республикасының елшісі С.Ш. Шәріповтен сенім грамоталарын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Ә.Ш. Жаңбыршин туралы» №1507, «1994 жылы зейнетақы тағайындау және қайта есептеу кезінде орташа айлық табысты есепке алу туралы» №1508, «Зейнеткерлер мен мүгедектердің арасындағы жалғыз тұратын жұмыс істемейтін азаматтарды әлеуметтік қолдау жөніндегі

қосымша шаралар туралы» №1509 жарлықтарына қол қойды.

19 қаңтар

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облыстық әкімшілігінің басшысы Қ.Қ. Жақыповты қабылдады. Ол облыста Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993–1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасын іске асыру барысы туралы баяндады.

Есепті қорытындылай отырып, Президент «тек жекешелендіру ғана баламалы жеке меншік құра алады, онсыз нарықтық экономикаға көшу мүмкін емес. Әрине, бүгінгі жағдайда халыққа оңай емес. Алайда халыққа бұл қиындықтарды еңсерудің бұлтартпас қажеттілігін шынайы және жетімді түрде түсіндіру қажет. Өйткені артқа шегінер жол жоқ», — деп атап айтты.

Мемлекет басшысы «Еуропалық Одақтың жанындағы Қазақстан Республикасының Өкілдігі туралы» №1510 Жарлығына қол қойды.

20 қаңтар

Мемлекет басшысы Украинада ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Киев қаласында Президент Л.Д. Кучмамен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар ТМД одан әрі даму перспективалары мен нақты шараларын, сондай-ақ өзара есеп-айырысу, кедендік кедергілер мен кәсіпорындар жұмыстарын ынталандыру мәселелерін шешу жолдарын жете талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы шартқа, консулдық шартқа, сыртқы істер министрліктері арасындағы консультациялар туралы хаттамасына, әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімге, екі елдің ұлттық банктері арасындағы есеп-айырысуды ұйымдастыруға және т.б. қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Пәкстан Ислам Республикасында Қазақстан Республикасының елшілігін ашу туралы» №1513, «Чан Йан Бэнгты Қазақстан

Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1514, «Қазақстан Республикасының Халықтық банкі және оның салымшыларының мүдделерін қорғау туралы» №1515 жарлықтарына қол қойды.

24 қаңтар

Мемлекет басшысы «Жер қатынастарын реттеудің кейбір мәселелері туралы» №1516, «Каспий теңізі Қазақстан секторының мұнай мен газ шығымдылығы әлеуетін бағалау жөнінде халықаралық консорциум құру туралы» №1517 жарлықтарына қол қойды.

25 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Тәжікстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Э.Ш. Рахмоновпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты және өңірлік ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері бойынша пікір алмасу өтті.

26 қаңтар

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Азиялық қоғамының президенті Н. Платты қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев «қазіргі уақытта Қазақстан мен АҚШ, Еуропа мен Орталық Азия елдері арасындағы байланыстарды дамыту мен кеңейту үшін зор мүмкіндіктер бар» екенін атап айтты.

Тараптар қазақстандық көшбасшының БҰҰ Бас Ассамблеясы сессиясының мінбесінен айтқан Азиядағы сенім мен қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған бастамаларына Азиялық өңірдің 28 мемлекеті қолдау көрсеткенін қанағаттанарлық сезіммен атап өтті.

Америка Құрама Штаттарының Азиялық қоғамы — 1956 жылы АҚШ пен Азия-Тынық мұхит өңірлері елдерінің арасында өзара түсіністікті орнату мақсатында құрылған үкіметтік емес білім ұйымы. Ұйымның штаб-пәтері Нью-Йорк қаласында орналасқан.

Ұйымның миссиясы АҚШ және Азия қоғамдары мен мемлекеттік институттары арасындағы қатынастар мен өзара түсіністікті нығайту және дамыту болып табылады. Қоғам мәдениетаралық диалогты кеңейту және саясат, бизнес, мәдениет пен білім салаларындағы жаңа идеяларды ілгерілетуге бағытталған зерттеулермен және жобалармен айналысады.

27 қаңтар

Мемлекет басшысы Калифорния университетінің экономика профессоры Чан Йан Бэнгті қабылдады.

Президент американдық экономистке Қазақстанда жоғары білікті мамандарды даярлау бойынша атқарылған жұмысы үшін алғыс білдірді және Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен марапаттады.

Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы — экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылым, білім, мәдениеттегі, әскери және басқа да мемлекеттік қызметтегі, қоғамдық және мемлекеттік қызметтегі елеулі жетістіктері үшін берілетін мемлекеттік награда.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына бір жыл толуына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

Мемлекет басшысы «Коском» Мемлекеттік акционерлік аэрогарыш компаниясын құру туралы» №1520, «1992 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті бекіту туралы» №1524, «1994 жылы республикалық бюджетті және жергілікті әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеттерін бекіту туралы» №1525, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығын құру туралы» №1526, «Валюта операцияларынан алынатын жергілікті алымдардың күшін жою туралы» №1527, «Ақша белгілері дизайнына авторлық құқық мәселесін реттеу туралы» №1528, «1994 жылға арналған республикалық бюджет туралы» №1529, «Мемлекеттік баж ставкалары туралы» №1530, «Есеп айырысуларда қолдағы ақшаның пайдаланылуын ретке келтіру туралы» №1532 жарлықтарына қол қойды.

28 қаңтар

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Давос қаласында өткен Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысты.

29 қаңтар

Мемлекет басшысы Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысуына байланысты Швейцария Конфедерациясында болған кезінде «Chevron Corporation», «ABB», «Tomson», «First Development», «City Bank», «The Chase Manhattan Bank», «UBS» және т.б. аса ірі шетел компанияларының басшыларымен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар өзара тиімді ынтымақтастықтың және Қазақстан экономикасына инвестициялар тартудың мүмкіндіктері мен келешегін жете талқылады.

30 қаңтар

Мемлекет басшысы Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысуына байланысты Швейцария Конфедерациясында болған кезінде «CNN» американдық ақпараттық агенттігінің тілшілеріне сұхбат берді.

Ядролық қару мәселесі туралы айта келе Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан ядролық мәселелер туралы шарттарды ратификациялауға үш сұрақ бойынша уағдаластықтарға қол жеткізгеннен кейін барды. Біріншісі — ядролық мемлекеттердің Қазақстанға ядролық шабуыл жасамауы туралы кепілдік беруі. Ондай кепілдік, сол сияқты, Қытай тарапынан да берілді. Екіншісі — ядролық оқтұмсықтардағы байытылған уранның құнын қайтару. Бұл уағдаластыққа Құрама Штаттармен қол жеткізілді. Үшіншісі — экономикалық мәселелер, Қазақстанға инвестициялар тарту, батыс мемлекеттермен, оның ішінде, АҚШ-пен экономикалық ықпалдастық», — деп атап көрсетті.

Қазақстан КСРО құлағаннан кейін құрамына жаппай қырып-жою мен ядролық оқ-дәріні жеткізіп берудің ең заманауи құралдары енген қуаттылығы жағынан әлемде төртінші орындағы ядролық арсеналды еншіледі. Қазақстан аумағында құрлықаралық баллистикалық зымырандарға арналған 1216 ядролық оқтұмсық және ауыр бомбалаушы ұшақтарға арналған оқ-дәрілер, сондай-ақ стратегиялық мақсаттағы 104 зымыран орналастырылды.

31 қаңтар

Мемлекет басшысы «В.Б. Темірбаевты Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1533, «Қазақстан Республикасының төменгі соттарын қалыптастырудың уақытша тәртібі туралы» №1534 жарлықтарына қол қойды.

АҚПАН 1994



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	
Ср	2	9	16	23	
Бс	3	10	17	24	
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	

ЕРАН
ЛИНЫ

1 ақпан

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Давос қаласында өткен Дүниежүзілік экономикалық форумның арнайы пленарлық отырысына қатысты.

Қазақстан Президенті өзінің сөйлеген сөзінде: «бұрынғы социалистік лагерьдің елдерінде, әсіресе ыдыраған КСРО аумағындағы елдерде болып жатқан экономикалардың дезинтеграциялану үдерісі сыни межесінен асқандығын» атап көрсетті. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев халықаралық нарыққа шығу бағыттарын әртараптандыру мәселелеріне айрықша назар аударды, атап айтқанда, «Орталық Азияда 50 млн. адам тұратыны белгілі. Орталықазиялық өңірдің табиғат ресурстары бізді азық-түлікпен, энергия тасымалдағыштармен толық қамтамасыз етеді. Экспорттай алатын өнімдеріміз демократиялық мемлекет пен нарықтық экономика құру жолында табысты дамуымыздың алғышарттары бола алады.

Біздің алдымызда тұрған басты мәселе — көлік мәселесі, баламалы жол мәселесі. Қазір біз Ресей, Украина арқылы дәстүрлі шығу жолдарынан басқа, Еуропаға шығудың жаңа жолдарын қарастырудамыз. Біз үшін бұл аса қажет. Сондықтан да, ең бірінші кезекте көлік мәселелерін шешуге тырысамыз», — деп мәлімдеді (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Ю.А. Клочковқа Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1535, «Ю.А. Клочковты Қазақстан Республикасының Украинадағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1536, «Жеке тұлғаларға арнап шетелдік валютадағы жасырын шоттарды енгізу туралы» №1537, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсынудың, оларды тапсырудың, есепке алудың және сақтаудың тәртібі жөніндегі нұсқауларды бекіту туралы» №1538 жарлықтарына қол қойды.

2 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының сессиясына қатысты.

Ғалымдардың алдында сөйлеген сөзінде Президент Қазақстанның ғылыми қауымдастығын реформалар үдерісіне әдістемелік қолдау көрсету мәселеріне

белсенділік танытып, қызығушылықпен қатысуға шақырды.

«Қазақстанның болашағы, қоғамның тұрақтылығы, көптеген жағдайда ғалымдардың ауқымды әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси міндеттерді шешуге әзірлігі мен қабілетіне байланысты. Бүгінгі таңда республикада жүргізіліп жатқан қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы реформаларға ғылыми қолдау айрықша қажет.

...Біз үшін нарықтық экономиканың ғылыми-техникалық базасын құру ең шетін буын болып табылады. Егер экономиканы реформалауда, нарық тұтқаларын игеруде кейбір ілгерілеулер болса, онда ол зиялы күштердің сіңірген еңбегі емес. Әзірше, біз реформаны ғылыми қолдауды сезінбей отырмыз», — деді Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Т.Қ. Айтмұхамбетовке Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1539, «Т.Қ. Айтмұхамбетовті Қазақстан Республикасының Пәкстан Ислам Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1540 жарлықтарына қол қойды.

3 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Франция Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Б.Ф. де Фуконы қабылдады.

Әңгімелесу барысында Франция Президенті Ф. Миттеранның 1993 жылғы қыркүйекте Қазақстанға сапары кезінде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жолдары, франциялық инвестицияларды кеңейту мүмкіндіктері және басқару кадрларын бірлесіп дайындау мәселелері талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы американдық «City Bank» Директорлар кеңесі басқармасының төрағасы Дж. Рид бастаған бір топ банк өкілдерін қабылдады.

Дж. Рид өз компаниясының Қазақстанның жетекші қаржылық ұйымдарымен ынтымақтастық жасауға мүдделілігін білдірді және өз клиенттерін Қазақстан экономикасын инвестициялау мәселесінде «Chevron Corporation», «Philip Morris», «Boeing» компаниялары атынан қолдауға даярлығы туралы мәлімдеді.

4 ақпан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында теңгеге алынған өнім мен тауарлар экспортына шектеулерді алу туралы» №1543, «Төлем құралы ретінде теңгенің пайдаланылуын ұлғайту жөніндегі шаралар туралы» №1544 жарлықтарына қол қойды.

7 ақпан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарына ресми сапары қарсаңында американдық «The Washington Post», «Chicago Tribune» газеттерінің журналистері мен британдық «Reuters» және американдық «Cox» ақпараттық агенттіктеріне сұхбат берді.

Президент Қазақстан-Америка ынтымақтастығының жай-күйі мен перспективалары, республикадағы экономикалық және қоғамдық-саяси ахуал туралы сауалдарға жауап берді, экономикалық реформалар барысымен және т.б. таныстырды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты қызметінің ұйымдық мәселелері туралы» №1545, «Т.М. Сейсенбаев туралы» №1547, «Т.М. Сейсенбаевты тағайындау туралы» №1548, «Ө.Ы. Ықсанов және Н.А. Петрова туралы» №1549, «Н.А. Петрова мен Ө.Ы. Ықсановты Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының мүшелері қызметіне тағайындау туралы» №1550, «М.С. Нәрікбаев туралы» №1551, «Қазақстан энергетика жүйесінің бір топ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1552 жарлықтарына қол қойды.

8 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Грузия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Т.Т. Гоголадзені қабылдады.

Әңгімелесу барысында Қазақстан мен Грузия арасында бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мәселелері талқыланды, сондай-ақ өзара табысты сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту жолдары туралы пікір алмасты.

Н.Ә. Назарбаев екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың үдемелі даму сипатын атап өтті және Грузияға экономикалық

мәселелерде қосымша жәрдем көрсету мүмкіндігін қарастыруға даярлығын білдірді.

9 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы БҰҰДБ үйлестірушісі Н. Рингроузды қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев пен Н. Рингроуз БҰҰ және Халықаралық еңбек ұйымы, ЮНИСЕФ өңірлік бөлімшесі мен басқа да халықаралық ұйымдар өкілеттіктерінің Қазақстандағы қызметін белсендіру жөніндегі нақты шараларды белгіледі.

Н.Ә. Назарбаев БҰҰ және тағы да басқа халықаралық гуманитарлық ұйымдардың тарапынан Қазақстанға қызығушылығын құптайтынын атап өтті және әлемдік деңгейдегі мамандар тарапынан білікті қолдау мен консультация қажеттігінің пісіп жетілгенін атап көрсетті.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрі А.В. Козыревті қабылдады.

Кездесу барысында әскери мәселелер, «Байқоңыр» ғарыш айлағын бірлесіп пайдалану, гуманитарлық саладағы өзара іс-қимыл бойынша екіжақты келісімдерді әзірлеуге байланысты бірінші кезектегі шаралар талқыланды.

Мемлекет басшысы «С. Батыршаұлы туралы» №1553, «Н. Есқалиевке Төтенше және Өкілетті Өкіл дәрежесін беру туралы» №1554, «Н. Есқалиевті Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1555, «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мәртебесі және ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы» №1556, «Тұтыну кооперациясы жүйесінде зергерлік бұйымдарды сатуға рұқсат беру туралы» №1557 жарлықтарына қол қойды.

11 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстанның тұтынушылық кооперациясы қызметкерлерінің XVI съезіне қатысты.

Президент өз сөзінде: «бұл құлаған социалистік жүйеден қалған институттардың бірегейі ғана. Даму жылдары ішінде тұтынушылық кооперация мықты,

тармақталған корпоративтік құрылымға айналды», — деп атап көрсетті.

Н.Ә. Назарбаев кооператорларды бар күш-жігерін резервтерді іздеуге, қызметін жақсартуға, сенімді және перспективті серіктестер іздеуге бағыттауға шақырды.

Мемлекет басшысы «Жер асты кен жұмыстарында істейтін адамдарды және зейнеткерлердің басқа санаттарын зейнетақымен қамсыздандыруды жақсарту жөніндегі қосымша шаралар туралы» №1559, «Тіркелген (ренталық) төлемдерді алу тәртібін нақтылау туралы» №1560, «Қылмысқа қарсы күрес жөніндегі кеңес құру туралы» №1561 жарлықтарына қол қойды.

12 ақпан

Мемлекет басшысы «Ә.М. Қажыгелдинді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Үйлестіру-консультативтік комитетінің құрамына енгізу туралы» №1563, «Белгіленген тәртіпті бұзып, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығарылған шикізатты, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын тәркілеу жайындағы судьяның қаулысын орындау туралы» №1564, «Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға кеден тарифін енгізу мерзімі туралы» №1566, «Адам құқығы жөнінде Республикалық комиссия құру туралы» №1567, «Кәсіпорындардың пайдасы мен табысына салынатын салық туралы» №1568, «Жеке тұлғалардың табысына салынатын салық туралы» №1570 жарлықтарына қол қойды.

13 ақпан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Вашингтон қаласында американдық іскер орта өкілдерімен кездесті.

14 ақпан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарына ресми сапары барысында АҚШ Президенті Б. Клинтонмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында сауда-экономикалық саладағы екіжақты ынтымақтастықтың, мемлекетаралық және халықаралық

мәселелерді шешуде серіктестік орнатудың жай-күйі мен перспективалары талқыланды.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев АҚШ Президентіне Қазақстанның ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартына қосылуы туралы ратификациялық грамотасын тапсырды.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасындағы демократиялық серіктестік туралы хартиясына қол қойды.

Ядролық қаруды таратпау туралы шарт — БҰҰ қарусыздандыру комитетінің ядролық қаруы бар елдердің санын шектеу, ондай қаруды пайдаланатын қарулы қақтығыстардың пайда болу мүмкіндігін шектеу үшін мемлекеттердің Шарт бойынша өздеріне алған міндеттемелерін орындауына қажетті халықаралық бақылауды қамтамасыз ету; атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану үшін кең мүмкіндіктер жасау мақсатында әзірлеген көпжақты халықаралық актісі. ЯҚТШ қатысушы мемлекеттерді ядролық қарусыздандыру бойынша шаралар қолдануды міндеттейтін ядролық қаруды бақылау саласындағы жалғыз көпжақты келісім болып табылады.

Қазақстан ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан және оны таратпау режимін нығайту бағытындағы табанды ниетін білдіретін бірқатар нақты шараларды іске асырған әлемдегі бірінші мемлекет болды. 1992 жылы Қазақстанда АҚШ-пен біріге отырып, қауіп-қатерді бірлесіп тоқтату бойынша «Нанн-Лугар бағдарламасы» деп аталатын бағдарлама іске асырыла бастады. Оның аясында тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан аумағында қалған ядролық, химиялық және биологиялық қару инфрақұрылымы мен нысандарын жою және зарарсыздандыру, стратегиялық шабуылдау қаруын бөлшектеу, экспортты қадағалау жүйесін құру, ядролық материалдарды басқару мен қадағалауды жақсарту, қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау бойынша кешенді жобалар іске асырылды.

1993 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесі Ядролық қаруды таратпау туралы шартты ратификациялады.

Сол күні Мемлекет басшысы АҚШ вице-президенті А. Гормен және АҚШ Қорғаныс министрі У. Перримен келіссөздер жүргізіп, оның қорытындысы бойынша ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастық, техникалық ақпарат алмасу және ядролық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы екіжақты келісімдерге, Қорғаныс және әскери қатынастар саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға,

сондай-ақ Қазақстан Республикасы, АҚШ және Ресей Федерациясы арасындағы «Инмарсат-3» жасанды серігін ұшырумен байланысты технологиялық кепілдіктер туралы үшжақты келісімге қол қойылды.

15 ақпан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарына ресми сапары барысында Дүниежүзілік банк басқармасының төрағасы Л. Престонмен, ХВҚ басқарушы директоры М. Камдессюмен, АҚШ Сауда министрі Р. Брауннен, АҚШ Қаржы министрінің бірінші орынбасары Р. Олтманмен, АҚШ бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкермен және белгілі американдық саясаттанушы З. Бжезинскиймен екіжақты кездесулер өткізді.

Сол күні Мемлекет басшысы Вашингтон қаласында АҚШ-тағы Қазақстан Республикасы елшілігіне барды.

16 ақпан



Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарына ресми сапары барысында Нью-Йорк қаласына барып, Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтерінде БҰҰ бас хатшысы Б. Бутрос-Галимен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстан Президенті конфронтациядан кейінгі кезең бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясының арнайы сессиясын шақыру туралы ұсынысын жасады.

Тараптар сондай-ақ өңір мемлекеттері арасында оң пікір тудырған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі туралы шартын жасау арқылы Азия құрлығында ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру туралы бастамасын да талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстанның Бала құқығы туралы конвенцияға қол қою рәсімі өтті.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) — Азиядағы қауіпсіздікке қатысты мәселелер бойынша пәтуаластық негізінде үнқатысу, кеңесу, шешімдер қабылдап, іс-шараларды іске асыруға арналған мемлекетаралық форум. Басты мақсаты мен қызмет ету бағыты — Азиядағы бейбітшілік, қауіпсіздік және тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін жан-жақты әдістерді ойластыру арқылы ынтымақтастықты нығайту. Кеңесті шақыру идеясын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1992 жылғы қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47 сессиясында алғаш рет ұсынды.

Мемлекет басшысы Колумбия университетінде дүниежүзілік тәртіп, даму және демократия мәселелері бойынша Қазақстанның ұстанымы туралы айтылған «Бейбітшілік, даму, демократия» дәрісін оқыды. Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның сыртқы саясатының басым мақсаты өз шекараларының барлық периметрлері бойынша өзіндік сенім белдеуі мен тату көршілестікті құру болып табылатынын мәлімдеді. «Мен таяу шетел кеңістігінде тарихи қалыптасқан достық, ынтымақтастық және өзара түсіністік қатынастарды сақтап қалудың жақтасы болдым, солай болып қала беремін және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдердің экономикалық интеграциясы идеясын дәйекті түрде іске асырып келемін», — деп атап көрсетті Президент (Қосымшаны қараңыз).

Колумбия университеті — ең көне американдық университеттерді біріктіретін шырмауықтың бетке ұстар Лигасына енетін АҚШ-тың аса танымал университеті.
Университет 1754 жылы құрылып, Нью-Йорк қаласының Манхэттен ауданында орналасқан.
Колумбия университетінің түлектері қатарында АҚШ-тың 4 президенті, АҚШ Жоғарғы сотының 9 төрағасы, 94 Нобель сыйлығының лауреаттары, 101 Пулитцер сыйлығының лауреаттары, Америка киноакадемиясының «Оскар» сыйлығының 25 иегерлері бар.
Колумбия университетінің журналистика факультетімен журналистика саласындағы ең беделді сыйлықтарының бірі Пулитцер сыйлығы тағайындалады.

18 ақпан

Мемлекет басшысы Франция Республикасында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Париж қаласында Президент Ф. Миттеранмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында халықаралық мәселелердің кең ауқымы бойынша пікір алмасу болып өтті, оның ішінде Орталық Азиядағы жағдай және ТМД-дағы интеграциялық үдерістердің дамуы туралы, сондай-ақ бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтар мен әртүрлі салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың одан әрі даму перспективалары талқыланды.

21 ақпан

Мемлекет басшысы қазақстандық шаңғышы В.М. Смирновқа норвегиялық Лиллехаммер

қаласында өткен XVII қысқы Олимпиада ойындарында көрсеткен тамаша нәтижесіне орай және екі күміс медаль жеңіп алуына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

«Бұл табыстың біздің республикамыз үшін, Қазақстанды Олимпиадада алғаш рет егеменді мемлекет ретінде көрсетіп отырған команда үшін маңызы аса зор. Біз қазақстандық спортшылар мен республиканың барлық жастары үшін тамаша үлгі болған жерлесіміздің спорттық ерлігін мақтан тұтамыз», — делінген жеделхатта.

22 ақпан

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Венгрия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Й. Тормадан сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы «В.І. Істілеуов туралы» №1571, «М.Ф. Үркімбаевты Қазақстан Республикасының Экономика министрі қызметіне тағайындау туралы» №1572, «Халықтың инвестициялық жекешелендіру купондарын жинақтайтын инвестициялық, жекешелендіру қорларының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы» №1573, «Инвестициялық жекешелендіру купондарын беру және оларды инвестициялық жекешелендіру қорларына орналастыру үшін түсетін комиссиялық алымдарды қосылған құн салығынан босату туралы» №1574 жарлықтарына қол қойды.

24 ақпан

Мемлекет басшысы «1994 жылы ауыл шаруашылық кәсіпорындарына көмек көрсету туралы» №1578, «Импортталатын және экспортқа шығарылатын тауарларға Қазақстан Республикасы кеден тарифтерінің ставкаларын ішінара өзгерту туралы» №1579 жарлықтарына қол қойды.

25 ақпан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен телефон арқылы сөйлесіп, оның барысында тараптар бірқатар өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты және Н.Ә. Назарбаевтың Америка Құрама

Штаттарына жасаған сапарының нәтижелеріне екіжақты қанағаттанарлық сезімдерін білдірді.

Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игерудің 40 жылдығына орай Ақмола қаласындағы Тың игерушілер сарайында өткен салтанатты жиналысқа қатысты.

Жиналғандардың алдында сөз сөйлей отырып, Президент: «...Тың және тыңайған жерлерді игеруді заңды түрде іс жүзінде дәуірлік сипат алған оқиғалар қатарына жатқызуға болады. Есте қалатын сонау жылдар тарих қойнауына алыстаған сайын, шынымен де жалпыхалықтық ерліктің маңыздылығының ауқымы арта түседі, оның республика экономикасына, қазақстандықтардың бірнеше ұрпақтарына, бұрынғы Кеңес Одағының барлық халықтарының өкілдеріне жасаған зор әсері көзге айқын көрінеді. Олардың шабытты еңбегінің арқасында Қазақстан даласында ең ірі астық қоры құрылды, қысқа мерзім ішінде біз белгіленгеннен де артық мөлшерде едәуір көп астық пен өнім шығара бастадық», — деп атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

НАУРЫЗ 1994



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	

1 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне сайлау қарсаңында ел азаматтарына теледидар арқылы үндеу жариялады (Қосымшаны қараңыз).

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшелерін қабылдады.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Қ.Т. Тұрысов Жоғарғы Кеңес пен жергілікті өкілетті органдар сайлауына дайындық барысы туралы хабардар етті.

Президент: «Қазақстанда сайлау алғаш рет демократиялық жолмен өткізіліп жатыр және әрбір азамат ел парламентіне өз кандидатурасын ұсына алады. Ауыр экономикалық жағдайға қарамастан, сайлау республикада тұратын барлық азаматтар үшін біріктіруші негізге айналуы қажет», — деп атап айтты.

Мемлекет басшысы Жапонияның Қаржы министрінің арнайы кеңесшісі Т. Чино бастаған Жапонияны жаңғырту қоғамының делегациясын қабылдады.

Әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев қазақстандық арзан шикізатты және жапондық жоғарғы технологияларды пайдалана отырып, әлемдік нарыққа бәсекеге қабілетті тауарлар ұсынуға және тараптарды қомақты дивидендтермен қамтамасыз етуге болатынын атап өтті.

Мемлекет басшысы атақты қазақстандық шаңғышы В.М. Смирновқа норвегиялық Лиллехаммер қаласында өткен XVII қысқы Олимпиада ойындарында 50 шақырымдық қашықтыққа шаңғы жарысында жеңіске жетуіне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

«Олимпиадада 50 шақырымдық қашықтықта Сіз шеберліктің биік шыңы мен жеңіске деген жігер секілді спортшының үздік қасиеттерін көрсеттіңіз. Біз Сізге сенім арттық және Сіз біздің сенімімізді ақтадыңыз. Бұл жеңіс — Сіздің спорттық жетістіктеріңіздің лайықты тәжі. Сіз бірінші рет олимпиада чемпионы болдыңыз және бұл олимпиада алтыны — Қазақстанның ұлттық құрамасындағы алғашқысы», — делінген жеделхатта.

2 наурыз

Мемлекет басшысы Халықаралық Ресей-Америка университетінің президенті Г.А. Ягодинді қабылдады.

Әңгімелесу барысында әлемдегі білім беру жүйесіндегі проблемалар мен өзара қызығушылық тудыратын басқа да мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №1580 Жарлығына қол қойды.

3 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Төтенше және Өкілетті Елшісі Н. Джонсты оның өтініші бойынша қабылдады.

Сол күні Мемлекет басшысы белгілі ресейлік саяси шолушы және мемлекеттік құрылыс тарихы саласындағы зерттеушісі О. Лацисті қабылдады.

4 наурыз

Мемлекет басшысы «Oman Oli Compani» мұнай компаниясының президенті Д. Дойсты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның батыс өңірлерінде құбыр тарту көлігін дамыту перспективалары талқыланды.

5 наурыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласында Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

Мемлекет басшысы «Еркін экономикалық аймақтардың қызметін реттеу жөніндегі шаралар туралы» №1584 Жарлығына қол қойды.

6 наурыз

Мемлекет басшысы 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күніне орай баспа бетінде Қазақстан әйелдеріне үндеуін жариялады.

«Биылғы жылды БҰҰ Халықаралық отбасы жылы деп жариялады және Қазақстанның барлық облыста-

рында арнайы бағдарлама аясында әйелдерді, отбасыларды, ана мен баланы әлеуметтік қорғау бойынша нақты ауқымды жұмыстар жүргізілетін болады, соған байланысты мен жарлықтар шығарып, үкімет пен жергілікті әкімшіліктер басшыларына тиісті тапсырмалар бердім», — делінген құттықтауда.

7 наурыз

Мемлекет басшысы астаналық Достық үйіндегі сайлау учаскесінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің сайлауында дауыс беруге қатысты.

Осы сайлау учаскесінде Н.Ә. Назарбаев журналистердің сұрақтарына жауап берді. «Мен кәсіби парламент бұрынғыға қарағанда белсендірек жұмыс істейді, біздің жас егеменді мемлекеттің демократиялануына, экономикалық реформалардың ілгерілеуіне, құқықтық жүйені қайта құруға жан-жақты жәрдемдеседі деп үміттенемін. Бұл рөлді сәтті орындау үшін республикадағы жаңғыртуларға іс жүзінде жәрдемдесетін және оның экономикасына батыс инвесторларын тартатын заңдар қабылдау қажет болады...», — деді Президент.

1994 жылғы 7 наурызда өткен сайлау республикада көппартиялықтың қалыптасуына ықпал етті. Сайлауға сайлаушылардың 73,84% қатысты. Барлығы 135 бірмандатты округтерде 910 адам ұсынылды, тіркеу шарттарынан 692 кандидат өте алды, орташа есеппен бір депутаттық мандатқа 5 үміткер күресті. 1994 жылғы сәуір айынан 1995 жылғы наурыз айына дейін жұмыс істеген Жоғарғы кеңестің он үшінші шақырылымының депутаттары тұрақты негізде жұмыс істеген Қазақстанның алғашқы кәсіби парламенті болды.

Қазақстан Республикасының он үшінші шақырылған Жоғарғы Кеңесі көппартиялық пен саяси плюрализмге көшуімен есте қалды. Алғаш рет Қазақстан тарихында саяси партиялар мен қозғалыстар биліктің нақты тетіктеріне, мемлекеттік бағдарламаларды қабылдауға әсер ету мүмкіндіктеріне қол жеткізді. Парламентте «Қазақстан халық бірлігі» одағының, «Қазақстан Халық конгресі» партиясының, Социалистік партия мен Қазақстан кәсіподақтары федерациясының партиялық фракциялары, сондай-ақ кәсіби белгілері бойынша құрылған 14 депутаттық топ құрылған болатын.

9 наурыз

Мемлекет басшысы «Совхоздар мүлкінің бір бөлігін директорлардың меншігіне беру туралы» №1585 Жарлығына қол қойды.

10 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Алиевпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты қатынастар, өңірлік саясат пен қауіпсіздік мәселелері талқыланды. Н.Ә. Назарбаев Таулы Қарабах мәселелерінің күрделілігіне түсіністік білдірді және «ТМД елдеріне оны шешу жолдарын БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі, ЕҚЫК қарарларын орындау принциптері негізінде іздеу керек. Халықаралық құжаттарды барлығы бірдей құрметтеп, оларды ұзаққа созылған қақтығыстарды шешу жолында пайдалану қажет», — деп атап көрсетті.

Мемлекет басшысы «Р.Ә. Бекеновті Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық сотының құрамына тағайындау туралы» №1587, «М.Ә. Бегалиевті Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық сотының құрамына тағайындау туралы» №1588 жарлықтарына қол қойды.

11 наурыз

Мемлекет басшысы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің оқытушы-профессорлық құрамымен және студенттерімен кездесті.

Президент сөйлеген сөзінде отандық жоғарғы мектептің басынан өткеріп отырған күрделі мәселелерді сөз ете отырып: «ел басына түскен қиындықтарды еңсеруге болатынына сенімді болуымыз керек, олар — уақытша ғана. Біздің жағдайды тұрақтандырып, өндірістің құлдырауын тоқтата алатынымызға және экономиканы дағдарыстан қарқынды түрде шығарып, бұдан да жақсы өмірге жететінімізге сенімдімін», — деп атап көрсетті.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаевқа жоо Ғалымдар кеңесімен қабылданған шешім бойынша егеменді Қазақстанның қалыптасуындағы зор жасампаздық қызметі үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің құрметті докторы және профессоры дипломдары табыс етілді.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік акционерлік қоғамдарының басшыларына сату үшін акциялардың

мемлекеттік пакетінің бір бөлігін бөлу туралы» №1589 Жарлығына қол қойды.

14 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтын құру туралы» №1591, «А.И. Москалевке генерал-майор әскери атағын беру туралы» №1592, «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасында Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы шартты бекіту туралы» №1593 жарлықтарына қол қойды.

16 наурыз

Мемлекет басшысы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіне ресми сапары қарсаңында бір топ британдық журналистерді қабылдап, олардың сұрақтарына жауап берді.

18 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің бірінші сессиясын шақыру туралы» №1595, «Қ.С. Сұлтанов туралы» №1596, «Ә. Кекілбаев туралы» №1597, «Т.Т. Жүкеевті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1598 жарлықтарына қол қойды.

19 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс министрі У. Перриді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның қорғаныс өнеркәсібін және экономикалық, әскери-техникалық, ғылыми және басқа да салалардағы ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссиялардың сәйкес қызметін конверсиялау мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстанның қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау туралы келісімге қол қойылды.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың ядролық қарудан бас тарту туралы шешімі мен ядролық қауіпсіздік мәселелерін сындарлы шешу жөніндегі ашық диалогқа ұмтылысы Қазақстан мен АҚШ-тың әскери-саяси ынтымақтастығына оң серпін берді.

1994–1995 жылдары әскери саладағы Қазақстан-Америка қатынастарының негізгі бағыттары АҚШ тарапынан қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау мен бұрынғы Семей ядролық

полигоны аумағын зерттеуге, оның жанындағы қалалар мен ауылдардың емдеу мекемелерін заманауи диагностикалық құралдармен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан аумағындағы ядролық қару сынақтарының салдарын жоюға жәрдемдесу болып табылды. Қазақстанның СШҚ-1 шарты бойынша ядролық оқтұмсықтарды Қазақстан аумағынан шығару мен бөлшектеуге жататын стратегиялық зымырандардың байытылған ураны үшін Қазақстанға өтемақы беру міндеттемелерін орындау осы кезеңдегі екі ел арасындағы қатынастарында ерекше маңызға ие болды.

20 наурыз

Мемлекет басшысы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Лондон қаласында Қазақстан Республикасы Сауда үйінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев қазақстандық және британдық іскер азаматтардың алдында сөйлеген сөзінде оның 1991 жылы Лондонға бірінші сапары кезінен бастап екі ел арасындағы қатынастар айтарлықтай ілгерілей түскенін, сыртқы сауда айналымының көлемі бойынша Ұлыбритания Қазақстанның жетекші серіктестерінің біріне айналғаны бұған дәлел болып табылатынын атап өтті.

Мемлекет басшысы «Тауар биржалары туралы» №1604, «Қырғыз Республикасының азаматтары Э. Тұрсынәлиевке, Т.Ө. Өкеевке, Б.Т. Шәмшиевке Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы» №1608, «Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің жекелеген мәселелерін құқықтық реттеу туралы» №1609, «Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық туралы» №1610, «Жеңілдік беру мен өтемақылық төлемдерді реттеу жөніндегі шаралар туралы» №1612, «Бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» №1613 жарлықтарына қол қойды.

21 наурыз

Мемлекет басшысы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіне ресми сапары барысында Премьер-министр Дж. Мейджормен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты

ынтымақтастықтың жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады, сондай-ақ өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Достық және өзара түсіністік туралы бірлескен декларацияға, Экономикалық ынтымақтастық туралы бірлескен декларацияға, Білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтастық туралы келісімге, Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс салығы мен мүлік құнының өсімін төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға, Әуе қатынастары туралы келісімге, Сыртқы саяси ведомстволары арасындағы ынтымақтастық туралы декларацияға және т.б. қол қойылды.

22 наурыз

Мемлекет басшысы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіне ресми сапары барысында Елизавета II Патшайымымен кездесті және онымен халықаралық сипаттағы кең ауқымды мәселелер бойынша пікір алмасты.

Сол күні Мемлекет басшысы Корольдіктің Халықаралық қатынастар институтында посткеңестік кеңістіктегі негізгі үрдістер сипатталған дәріс оқыды.

Атап айтқанда, Қазақстан Президенті: «Посткеңестік кеңістіктегі даму екі үрдіспен айқындалады — бір жағынан, ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасу үдерісі жүрсе, екінші жағынан, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің интеграциялану үдерісі дамуда», — деп атап көрсетті.

23 наурыз

Мемлекет басшысы Испания Корольдігінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Мадрид қаласында Король Хуан Карлос I кездесті.

24 наурыз

Мемлекет басшысы Испания Корольдігіне ресми сапары барысында Мадрид қаласының мэриясында болып, онда мэр А. Де Мансано оған салтанатты түрде Испания астанасының алтын кілтін табыс етті.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Испания Корольдігінің Сенаты мен Бас кортестері Конгресінің төрағаларымен кездесті, монета сарайына барды, Леальтад алаңында

Испанияның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін қаза болғандарды еске алып, Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Испания Корольдігі Үкіметінің төрағасы Ф. Гонсалеспен кездесті.

Кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар ынтымақтастықтың сындарлы сипатын қанағаттанарлықпен атап өтті және «Президент Н.Ә. Назарбаевтың Испанияға жасаған бірінші ресми сапары мен Мадридте қол қойылған құжаттар мемлекеттердің әртүрлі салалардағы байланыстарының дамуына жәрдемдесетініне» сенім білдірді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі арасындағы қарым-қатынастардың негіздері туралы декларацияға, Инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы шартқа, Экономика және өндіріс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге және т.б. қол қойылды.

28 наурыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Мәскеу қаласында Президент Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында саяси, экономикалық, әскери және гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдету мәселелері қаралды.

Кездесуде Н.Ә. Назарбаев Б.Н. Ельцинге Қазақстан Республикасының Ядролық қаруды таратпау туралы шартына қосылуы туралы ратификациялық грамоталарын тапсырды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы экономикалық ынтымақтастық пен интеграцияны одан әрі тереңдету туралы шартқа, Ресей аумағында тұратын Қазақстан азаматтары мен Қазақстан аумағында тұрақты тұратын Ресей азаматтарының азаматтық және құқықтық мәртебесіне байланысты мәселелерді шешудің негізгі принциптері туралы меморандумға, Әскери ынтымақтастық туралы шартқа, Қазақстан аумағында уақытша орналасқан стратегиялық ядролық күштер туралы келісімге, «Байқоңыр» ғарыш айлағы бойынша келісімге және т.б. қол қойылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Федералдық жиналысы палаталарының төрағалары — Федерация кеңесінің төрағасы В.Ф. Шумейко және Мемлекеттік дума төрағасы И.П. Рыбкинмен келіссөздер жүргізді.

Мемлекет басшысы «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару туралы және азаматтарды 1994 жылғы сәуір-маусым айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» №1614 Жарлығына қол қойды.

29 наурыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына ресми сапары барысында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне барып, оқытушы-профессорлық құрамы мен студенттері алдында посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің даму перспективалары туралы дәріс оқыды.

Н.Ә. Назарбаев жетекші ресейлік жооның қабырғасында сөз сөйлей отырып, бірлесіп күш жұмсау арқылы ТМД мемлекеттеріне дағдарыстан шығуды қамтамасыз етуге арналған Еуразиялық Одақ идеясын жария етті: «Достастықты одан әрі дамыту туралы ойларыммен бөліскім келеді.

Өкінішке орай, бүгінгі таңда ТМД объективті уақыт талаптарына толық көлемде жауап бере алмайды және біздің халықтарымыз аса мұқтаж болып отырған қатысушы елдердің интеграциясын қамтамасыз етпейді. Достастықтың құрылуынан бастап оның мүшелері жақындай түсудің орнына, керісінше барған сайын алыстап барады. Ынтымақтастық туралы 400-ден астам құжаттар қабылданып, қол қойылды, алайда олардың барлығы әзірге жұмыс істеп жатқан жоқ.

Еріктілік пен теңқұқылық принциптерінде құрылған жаңа мемлекетаралық бірлестік негізінде біздің елдер қарым-қатынасының сапа жағынан мүлдем басқа деңгейге шығу қажеттігі туындап отыр. Еуразиялық Одақ (ЕАО) сондай бірлестік бола алады. Ол ТМД-дан басқа принциптер негізінде құрылуы керек, өйткені жаңа бірлестіктің негізін біртұтас экономикалық кеңістікті құру және бірлескен қорғаныс саясатын қамтамасыз ету секілді екі маңызды міндетті шешуді

көздейтін ұлтүсті органдар қалауы қажет. Бұл ретте, егемендік, ішкі мемлекеттік-саяси құрылым, әрбір қатысушының сыртқы саяси қызметі қол сұғылмайтын болып қала беретінін және бір-бірінің ішкі ісіне араласпауды көздейтінін атап өткен өте маңызды.

Бұл жерде «Одақ» сөзінен шошымау керек, себебі Еуропалық Одақ, басқа да осы секілді бірлестіктер табысты жұмыс істеп жатыр емес пе» (Қосымшаны қараңыз).

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев 1994 жылы айтқан Еуразиялық Одақ идеясы Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК), Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ), Ресей, Қазақстан және Беларусь Кеден одағы секілді посткеңестік кеңістіктегі болашақ мемлекетаралық бірлестіктердің негізін қалады.

Мемлекет басшысы Әулие Данил монастырінде Мәскеу және Бүкіл Русь патриархы Алексий II кездесті.

Кездесу барысында әңгімелесушілер көзқарастар бірлігін саясат пен экономикадан ғана емес, ең алдымен рухани сала мен адамгершіліктен іздеу қажеттігі туралы пікірлерінің бір жерден шығатынын ризашылықпен атап өтті.

Сол күні Мемлекет басшысы Мәскеу мэриясында шығармашыл зиялы қауыммен кездесті.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев «Саясат пен экономика саласында ғана емес, мәдениет пен өнерде де Ресей Қазақстанның ең жақын серіктесі» екенін атап көрсетті және Еуразиялық Одақты құру екі ел ынтымақтастығы мен бірлігіне жәрдемдесетініне сенім білдірді.

30 наурыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына ресми сапары барысында жетекші ресейлік бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен кездесіп, Еуразиялық Одақ бастамасына қатысты олардың сауалдарына жауап берді.

СӘУІР

1994



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	

1 сәуір

Мемлекет басшысы «NHK» жапондық хабар тарату корпорациясының бір топ журналистерін қабылдады.

Кездесу барысында Президент журналистерді қызықтырған сұрақтарға, оның ішінде Қазақстан-Жапония сауда-экономикалық қатынастарының жағдайы, алдағы уақыттағы Жапонияға сапарының бағдарламасы және т.б. туралы сауалдарға жауап берді.

Сол күні Мемлекет басшысы Норвегия Корольдігінің Лиллехаммер қаласында өткен XVII қысқы Олимпиада ойындарында республиканың ұлттық туы астында алғаш рет өнерлерін көрсетіп, жоғары марапаттарға қол жеткізген Қазақстан олимпиадалық құрамасының мүшелерін қабылдады.

Президент спортшыларды жылы құттықтап, оларға қазақстандық спорттың даңқын асыратын жаңа спорттық жетістіктер тіледі.

Өз кезегінде олимпиадашылар Мемлекет басшысына ұлттық құраманың атынан олимпиада алауын білдіретін естелік сыйкәдесін тарту етті.

XVII қысқы Олимпиада ойындары Лиллехаммер қаласында (Норвегия) 1994 жылғы 12–27 ақпан күндері өтті.

Онда 61 жиынтық медаль ойнатылды, олар үшін әлемнің 67 елінен 1923 спортшы күреске түсті.

Өзінің ұлттық туының астында және жеке ұлттық гимнімен алғаш рет өнерін көрсеткен Қазақстан Республикасының олимпиадалық командасы үшін бұл алғашқы олимпиада болды.

Қазақстан құрамасы 1 алтын және 2 күміс — жалпы 3 медаль жеңіп алды. Барлық үш медальді де біздің команданың қоржынына В.М. Смирнов салды.

4 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің мүшелерімен экономикалық реформаларды іске асыруды белсендіру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңесте сөз сөйлей келе, Президент бағдарламаны түзетуді жеделдетудің қажеттігі пісіп жетілгенін атап өтті: «Ұлттық валюта енгізілген уақыттан бері экономикалық реформаларды дамыту мен тереңдету мәселелері бойынша екі жүзден астам нормативтік басқарушылық сипаттағы жарлықтар, қаулылар мен өкімдер қабылданды. Осылайша, заңнамалық

тұрғыдағы бірқатар маңызды мәселелер шешілді, нормативтік база айтарлықтай жаңартылды. Алайда іс-шаралардың барлық кешенін іске асыруда нормативтік құқықтық құжаттарды даярлау мен оларды пайдаланудағы министрліктер мен ведомстволар, Үкімет аппараты бөлімшелері іс-қимылдарының үйлесімділігі әлі де қажетті деңгейде емес».

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1616, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №1617, «Қазақстан теледидары мен радиосы республикалық корпорациясын құру туралы» №1618, «Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін сыртқы заемдарға қол қою өкілеттігін Ә.М. Қажыгелдин мен Е.Ж. Дербісовке беру туралы» №1619 жарлықтарына қол қойды.

5 сәуір

Мемлекет басшысы «Азаматтардың жеке меншігіндегі ауыл шаруашылығы түліктерінен салық алу туралы» №1625, «Кешірім жасау туралы» №1626, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №1628, «Д.Х. Сембаев пен Ғ.Б. Байназаровты Қазақстан Республикасынан Халықаралық валюта қорының Басқарушылар кеңесіндегі қызметінен босату туралы» №1629, «Ә.М. Қажыгелдин мен Д.Х. Сембаевты Қазақстан Республикасынан Халықаралық валюта қорының Басқарушылар кеңесіне тағайындау туралы» №1630, «Б.І. Ізтілеуовті Қазақстан Республикасынан Халықаралық қайта құру және даму банкінің Басқарушылар кеңесіндегі қызметінен босату туралы» №1631, «М.Ф. Үркімбаевты Қазақстан Республикасынан Халықаралық қайта құру және даму банкінің Басқарушылар кеңесіне тағайындау туралы» №1632, «Ғ.Б. Байназаровты Қазақстан Республикасынан Еуропа қайта құру және даму банкінің Басқарушылар кеңесіндегі қызметінен босату туралы» №1633, «М.Ф. Үркімбаевты Қазақстан Республикасынан Еуропа қайта құру және даму банкінің Басқарушылар кеңесіне тағайындау туралы» №1634, «Е.Ж. Дербісов пен Д.Х. Сембаевты Қазақстан Республикасынан Азия даму банкінің Басқарушылар кеңесіндегі қызметінен

босату туралы» №1635, «Ә.М. Қажыгелдин мен С.А. Ахановты Қазақстан Республикасынан Азия даму банкінің Басқарушылар кеңесіне тағайындау туралы» №1636, «Геологиялық зерделеу мен пайдалы қазбалар өндіру үшін жер қойнауын пайдалануды ретке келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» №1637, «Жер қатынастарын одан әрі жетілдіру туралы» №1639, «Азаматтардың тұрғын үйге құқығын қамтамасыз ету туралы» №1640, «Кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара берешегінің ішкі республикалық есебі бойынша есеп айырысуды аяқтаудың тәртібі туралы» №1641 жарлықтарына қол қойды.

6 сәуір

Мемлекет басшысы Жапонияда алғашқы ресми сапарымен болып, осы елдің астанасы Токио қаласында Жапонияның іскерлік орта өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстан Президенті: «сапарының басты міндеті Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық байланыстардың дамуына қарқын беру болып табылатынын» мәлімдеді және «екі ел арасында жемісті ынтымақтастықтың тәжірибесі бар екенін, оған «Батыс-Құмкөл» мұнай құбырын өткізу жөніндегі ірі ауқымды жобаны іске асыру дәлел болатынын» айрықша атап көрсетті.

Сол күні Мемлекет басшысы Жапонияның Премьер-министрі М. Хосокавамен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың жағдайы мен перспективаларын талқылады, сондай-ақ өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылданып, онда тараптар өзара пайдалылық пен теңдік негізіндегі достық қатынастарды дамыту жөнінде бел байлағандығын мәлімдеді, сондай-ақ сауда, энергетика, табиғи ресурстарды игеру мен өңдеу, ауыл шаруашылығы салаларындағы екіжақты байланыстарды кеңейту туралы бірқатар шарттар мен келісімдерге қол қойылды.

Одан басқа, бұрынғы КСРО мен Жапония арасында жасасқан шарттар мен келісімдерді мойындау туралы ноталар алмасу болып өтті.

Кездесудің ресми бөлігінің соңында Н.Ә. Назарбаев Жапония Премьер-министріне Қазақстан аумағында кеңестік тұтқында қаза болған 1400 жапондық әскери тұтқындардың есімдері жазылған Естелік кітабын берді.

7 сәуір

Мемлекет басшысы Жапонияға ресми сапары барысында Жапонияның Экономикалық ұйымдар федерациясы ұйымдастырған іскерлік ортамен кездесуге қатысты.

Өзінің сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «Зор табиғи ресурстары бар Қазақстан мен жоғары технологиялық өнеркәсібі бар Жапонияның экономикалары құрылым жағынан бір-бірін толықтырып тұрады, бұл олардың арасындағы байланысты дамыту үшін түпкі негізін қалайды», — деп атап өтті.

Жапондық бизнесмендерді қазақстандық нарыққа қарқынды түрде енуге шақыра отырып, Қазақстан Президенті ол үшін алғышарттар есебінде республиканың пайдалы геосаяси орналасуын, айтарлықтай еңбек нарығын, едәуір дамыған көлік және энергетикалық құрылымды ерекше бөліп көрсетті.

Мемлекет басшысы шикізатты тереңдетіп өңдеу мен одан дайын өнім шығаруға бағытталған шетел инвестицияларын көтермелеуге уәде берді, жапондық тауарлар мен технологияларды Орталық Азияда тарату үшін Қазақстанды базаға айналдыру ұсынысын жасады.

8 сәуір

Мемлекет басшысы Жапонияға ресми сапары барысында Жапония Императоры Акихитомен кездесті.

Кездесу барысында тараптар екіжақты қатынастардың даму перспективаларын талқылады және экономика, ғылым мен мәдениет салаларындағы байланыстарды кеңейтуге екіжақты тілек білдірді. Атап айтқанда, Император Акихито ЮНЕСКО әлемдік деңгейдегі мәдени оқиға деп жариялаған А. Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойын өткізу жөніндегі шараларға қызығушылық танытты.

Мемлекет басшысы Жапонияның Министрлер кабинетінің бас хатшысы М. Такэмуромен, «Mitsubishi» компаниясының президенті М. Синрекумен, Токия банкінің президенті Т. Гиотэнмен, Жапонияның

бұрынғы Сыртқы істер министрі М. Ватанабэмен екіжақты кездесулер өткізді.

11 сәуір

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Корея Халықтық Демократиялық Республикасының елшісі Ли Гил Намнан және Түркия Республикасының елшісі М. Ашулдан сенім грамоталарын қабылдады.

12 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Австралияның бас губернаторы У. Хейденмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында, ең алдымен, қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау мен алтын өндіру салаларындағы, минералды шикізат, мұнай және газ кен орындарын бірлесіп зерттеудегі өзара табысты екіжақты ынтымақтастықты орнатудың жолдары мен перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы «Акциялардың мемлекеттік пакетін сатудан алынған қаражатты пайдалану туралы» №1643, «Н.А. Петрова және А.Р. Рысқалиев туралы» №1646, «С.І. Райымбаев туралы» №1647, «Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты мен Жоғарғы төрелік сотының судьялары туралы» №1648, «Банктердің жарғылық қорларындағы мемлекеттік қаражат үлесін шектеуді жою туралы» №1649, «Жалақы мен жасына байланысты зейнетақының ең төменгі жаңа мөлшерін белгілеу туралы» №1651, «Қазақстан Республикасы Президентінің «1994 жылға арналған республикалық бюджет туралы» 1994 жылғы 27 қаңтардағы №1529 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1652 жарлықтарына қол қойды.

13 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы» №1655, «Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің аппаратын қайта құру туралы» №1656, «Т.О. Әубәкіров туралы» №1657 жарлықтарына қол қойды.

14 сәуір

Мемлекет басшысы Халықаралық олимпиада комитетінің президенті Х.А. Самаранчті қабылдады.

Кездесу барысында олимпиадалық қозғалысты дамыту мәселелері бойынша пікір алмасу болып өтті. ХОК Президенті Қазақстан олимпиадашыларының табыстарын және Лиллехаммер қаласында (Норвегия) өткен XVII қысқы Олимпиада ойындарындағы қазақстандық шаңғышы В.М. Смирновтың жеңісін ризашылықпен атап өтті.

Халықаралық олимпиада комитеті (ХОК) — 1894 жылы Париж қаласында Олимпиада ойындарын осы заманғы кезеңде жаңғырту мен олимпиадалық қозғалысты насихаттау мақсатында құрылған халықаралық ұйым.
ХОК олимпиадалық қозғалысқа басшылық етумен, спорт пен спорттық жарыстарды дамытумен айналысады, Олимпиада ойындарын жиі өткізіп тұруды қамтамасыз етеді.
ХОК-тың штаб-пәтері Лозанна (Швейцария) қаласында орналасқан.

16 сәуір

Мемлекет басшысы «Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамыту жөніндегі ұйымдық-құқықтық шаралар туралы» №1658 Жарлығына қол қойды.

18 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының судьяларына біліктілік сыныптарын беру туралы» №1659, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының судьяларына біліктілік сыныптарын беру туралы» №1660, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы» Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» №1661, «Мұнай операциясы туралы» №1662, «Атакент» еркін сауда аймағы туралы» №1663, «Қазақстан Республикасы мен Еуропа қайта құру және даму банкі арасындағы Ұсақ және орташа кәсіпорындары дамыту жобасына арналған кредиттер туралы кепілдікті келісімді бекіту туралы» №1664, «Т.Ы. Сүлейменов туралы» №1665, «Қ.Б. Саудабаевты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі қызметіне тағайындау туралы» №1666, «Қ.Б. Саудабаев туралы» №1667, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға бұрыннан бар жеңілдіктерді сақтау туралы» №1668, «Қазақстан Республикасының әділет органдары, мекемелері және

мемлекеттік нотариат қызметкерлерінің сыныптық шендері туралы» №1669, «Қазақстан Республикасы соттарының судьяларын материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін көтеру жөніндегі қосымша шаралар туралы» №1670, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 30 шілдедегі №1311, 1994 жылғы 11 қаңтардағы №1498 және №1499 жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1672, «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі туралы ережені бекіту туралы» №1673, «1994 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 27 қаңтардағы №1529 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 12 сәуірдегі №1652 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1675, «Қазақстан Республикасы мен Жапон экспорт-импорт банкі арасындағы келісімдерді бекіту туралы» №1676, «Т.Ы. Сүлейменовті Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1677, «Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Ә.М. Қырбасовты Қазақстан Республикасының Нидерланды Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №1678, «Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Ә.М. Қырбасовты Қазақстан Республикасының Люксембург Ұлы Герцогтығындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №1678-а жарлықтарына қол қойды.

19 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымы I сессиясының жұмысын ашты.

Депутаттар алдында сөз сөйлей отырып, Президент «демократиялық жолмен алғаш рет сайланған кәсіби парламент өз жұмысының басынан бастап мемлекет пен барша Қазақстан халқының мүдделеріне орай сындарлы әрекет ететін болады» деген сенім білдірді.

1994 жылғы сәуір айынан бастап, 1995 жылғы наурыз айына дейін жұмыс істеген Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он үшінші шақырылымы депутаттары тұрақты негізде жұмыс істеген Қазақстанның алғашқы кәсіби парламенті болды.

Депутаттардың бір бөлігінің қоғамдық қозғалыстармен қатар барлық деңгейдегі өкілетті органдардың сайлауына қатысуға құқық алған саяси партиялармен ұсынылуы тағы бір ерекшелігін құрады.
Жоғарғы кеңестің депутаттық корпусы 360-тан 177 адамға дейін кеміді, олардың 52% — өзін-өзі ұсынған депутаттар, 30 депутат — «Қазақстан халық бірлігі» Одағынан, 9 — «Қазақстан халық конгресі» партиясынан, 8 — Қазақстан Социалистік партиясынан, 4 — Шаруалар одағынан, 4 — «Лад» Республикалық Славян қозғалысынан, Қазақстанның республикалық партиясы мен Қазақстан кәсіпкерлері конгресінен бір-бір депутаттан ұсынылды.

21 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға адами өлшем мәселелері бойынша семинарға қатысу үшін келген аз ұлттар істері бойынша ЕҚЫК Жоғарғы комиссары М. Ван дер Стулды қабылдады.

Әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев: «ЕҚЫК басшыларының ортаазиялық өңірге деген қызығушылықтары артып отыр, оған Қазақстан астанасындағы ЕҚЫК семинары дәлел», — деп қанағаттанарлық сезіммен атап айтты.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі (ЕҚЫК) — 1975 жылы Еуропа құрлығында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатындағы Хельсинки Қорытынды актісі негізінде құрылған өңірлік ұйым.
Қазақстан ЕҚЫК-ге 1992 жылғы қаңтар айында кірді.
1994 жылы жоғары дәрежеде өткізілген Будапешт кездесуінде 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕҚЫК-ні ЕҚЫҰ — Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы деп қайта атау туралы шешім қабылданды.

22 сәуір

Мемлекет басшысы «Eni S.p.A.» тобының атқарушы директоры Ф. Бернабе мен «Agip KCO» италиялық компанияның президенті Г. Москатоны қабылдады.

Кездесу барысында Каспий теңізі түбінің мұнай кен орындарын кешенді зерттеу мен игеру мәселелері талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандарын жасаушыларды қабылдады.

Президент салтанатты жағдайда Әнұран сөздерінің авторлары — М. Әлімбаевқа, Ж. Дәрібаеваға, Қ. Мырзалиевке, Т. Молдағалиевке, Елтаңба авторлары —

сәулетшілер Ш.-А. Уәлиханов пен Ж. Мәлібековке, Тудың авторы — Ш. Ниязбековке куәліктер табыс етті.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев «егеменді елдің алғашқы мемлекеттік нышандары авторларының есімдері Қазақстан Республикасының тарихына енеді», — деп атап айтты.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары 1992 жылғы 4 маусымда «ҚР Мемлекеттік Туы туралы», «ҚР Мемлекеттік Елтаңбасы туралы», «ҚР Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы туралы» заңдарына қол қойған сәттен бастап бекітілді.

Тудың жасаушы-авторы танымал дизайнер және суретші Ш. Ниязбеков болды.

Елтаңбаның жасаушы-авторлары — белгілі сәулетшілер Ж. Мәлібеков және Ш.-А. Уәлиханов.

Бұрынғы Әнұранның музыкасын сақтап қалған (композиторлар М. Төлебаев, Е. Брусиловский, Л. Хамиди) Әнұран мәтінінің авторлары ақындар М. Әлімбаев, Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев және Ж. Дәрібаева болды.

2006 жылғы 7 қаңтарда жаңа Әнұран бекітілді. Композитор Ш. Қалдаяқов пен ақын Ж. Нәжімеденовтің 1956 жылы шығарылған «Менің Қазақстаным» маршы оның негізін қалады. Бұл ретте, Гимн мәтінінің бірлескен авторына айналған Президент Н.Ә. Назарбаев әннің мәтініне өзгертулер енгізді.

26 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Пэнмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Қазақстан-Қытай шекарасын реттеу мәселесіне басты назар аударылды. Одан басқа, тараптар Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру туралы Қазақстанның бастамасын және оны іске асыруға Қытайдың қатысуын талқылады.

Келіссөздердің қорытындылары бойынша Қазақстан-Қытай шекарасы туралы, Қытайдың Қазақстанға мемлекеттік кредит пен гуманитарлық көмек көрсетуі, халықаралық жүк және жолаушылар тасымалын дамыту туралы және т.б. келісімдерге қол қойылды.

Қытаймен 1740 км созылған шекарасы бар Қазақстан Орталық Азия мемлекеттері арасында бірінші болып онымен шекара-аумақтық мәселелерді реттеді. 1994 жылғы сәуірде жасасқан «Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы» шарты екі учаскені — Сары-

Шелді өзенінің маңайы (Алматы облысы) мен Шаған Оба және Баймырза асуларын (бұрынғы Семей облысы) есептемегенде, шекараның созылып жатқан ұзына бойын анықтап берді. 1997 жылғы қыркүйек айында шекараның даулы учаскелері бойынша қосымша келісімге қол қойылды, ал 1999 жылғы 10 наурыз күні Қазақстан Парламенті оны ратификациялады. Осылайша делимитациялау үдерісі аяқталды. Келісімге сәйкес даулы аумақтың 407 шаршы километрі Қытайға беріліп, 537 шаршы километрі Қазақстан еншісінде қалды.

28 сәуір

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында жұмыс сапарымен болып, «Қаратау» холдингілік компаниясының қызметімен танысты, «Химпром» өндірістік бірлестігіндегі Қазақстан-Израиль бірлескен кәсіпорнының цехтарын қарап шықты, «Ровненский» кеңшарының егістік алқаптарында және оның жылыжай комбинатында болды, сондай-ақ «Ұлан» балалар үйіне барды.

29 сәуір

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында өткен Қазақстан, Өзбекстан және Қырғыз республикалары мемлекет басшыларының үшжақты кездесуіне қатысты.

Тараптар ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселесін талқылаған кездесудің басты қорытындысы 1994 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан мен Өзбекстанның жасасқан Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісіміне Қырғызстанның қосылуы болды.

МАМЫР 1994

Дс		2	9	16	23	30
Сс		3	10	17	24	31
Ср		4	11	18	25	
Бс		5	12	19	26	
Жм		6	13	20	27	
Сн		7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29	

1 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласының Әулие Никольский кафедралды соборына барып, православиеліктерді жарқын мереке — Пасхамен құттықтады және қазақстандықтарды «әртүрлі конфессияларға жататынына қарамастан, барлығы да бір мемлекеттің азаматтары екенін ұмытпай, саулық және бейбітшілікте өмір сүруге» шақырды.

2 мамыр

Мемлекет басшысы «Ертіс» республикалық технологиялық концернін құру туралы» №1687 Жарлығына қол қойды.

4 мамыр

Мемлекет басшысы «Еңбек ұжымдарының бір топ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1688, «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1689 жарлықтарына қол қойды.

7 мамыр

Мемлекет басшысы Ұлы Отан соғысының ардагерлері — майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне баспасөз бетінде құттықтауын жолдады.

«Құрметті соғыс және еңбек ардагерлері! Міне, Ұлы Жеңіс күнінен бізді 49 жыл бөліп тұр. Алайда зымырағаң уақыт қарқыны сол есте қалар күнді, халық ерлігінің ұлылығын және оның адамзат өркениетінің тағдыры үшін маңызын жадыдан өшіре алмас.

...Барша Қазақстан халқының атынан, құрметті ардагерлер, сіздерге жауынгерлік еңбектеріңіз бен ерен ерліктеріңіз үшін шын жүректен алғыс білдіремін! Сіздерге ұзақ жылдарға мықты денсаулық, ізгілік, бақыт, бейбітшілік тілеймін! Жеңіс күні құтты болсын, отандастар!», — делінген құттықтау сөзінде.

Мемлекет басшысы «Б.М. Бекетовке, Ә.Б. Жарболовқа, С.С. Таулановқа генерал-майор әскери атағын беру туралы» №1691, «И.Ф. Акуловқа генерал-майор әскери атағын беру туралы» №1692 жарлықтарына қол қойды.

8 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бір топ әскери қызметшілерін қабылдап, оларға генералдық погондарды табыс етті.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы облысының «Беріктас» кеңшарында «Сеймар» концерні былғары зауытының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

9 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 49 жылдығына арналған мерекелік шараларға қатысып, 28 гвардиялық-панфиловшылар атындағы саябақта Даңқ мемориалы алдындағы Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды.

10 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қоймасына барып, «Sabin Metal Corporation» американдық корпорациясы зауытында қазақстандық шикізаттан құйылған сақтауға әкелінген жалпы салмағы 14 килограмм платина құймаларының бірінші партиясын көрді.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №1693 Жарлығына қол қойды.

13 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласында ұйымдастырылған Түркия Республикасының сауда-өнеркәсіптік көрмесіне барды.

Көрмеге қатысу барысында Қазақстандағы Түркияның Төтенше және Өкілетті Елшісі М. Ашулмен әңгімелескен кезде Н.Ә. Назарбаев екі ел арасындағы ынтымақтастық қатынастардың біртіндеп даму сипатын ризашылықпен атап өтті.

16 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі В.Б.Темірбаевты Қазақстан Республикасының ТМД Жарғылық органдары жанындағы Тұрақты Өкілетті өкілі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №1698 Жарлығына қол қойды.

17 мамыр

Мемлекет басшысы «Теңізшевройл» Қазақстан-Америка бірлескен кәсіпорнының бас директоры М. Дж. Дюпрэні қабылдады.

Әңгімелесу барысында Теңіз кен орнын игерудің барысы мен перспективалары талқыланды. Президент экологиялық шараларды қатаң сақтау мен бірлескен кәсіпорынның лайықты инфрақұрылымын қалыптастыру қажеттігіне айрықша назар аударды.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласында австриялық «ABV» компаниясы тұрғызып жатқан заманауи бесжұлдызды «Рахат Палас» отелі құрылысының барысымен танысты.

18 мамыр

Мемлекет басшысы Талдықорған облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында «Ажар» тігін кәсіпорнының қызметімен танысты, «Талдықорған-интертекс» Қазақстан-Түркия кәсіпорнына, жұмыс істеген екі жыл ішінде республика бойынша баламасы жоқ экспорт-импортты жүктерді өңдеуге арналған жеке базасын құрған «Халықаралық іскерлік ынтымақтастық орталығы» ЖТАҚ барды.

19 мамыр

Мемлекет басшысы Талдықорған облысына жұмыс сапары барысында Көксу ауданында болып, онда «Еңбекші» Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қауымдастығына барды.

23 мамыр

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасында жұмыс сапарымен болып, онда Ташкент қаласындағы «Туркистон» сарайында өткен Өзбекстандағы Қазақстан күндерінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы «С.Қ. Нұрмағамбетовке «Халық қаһарманы» атағын беру туралы» №1707 Жарлығына қол қойды.

25 мамыр

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті

елшілер — Литва Республикасының елшісі В. Эйнорис пен Украинаның елшісі В.В. Богатырьден сенім грамоталарын қабылдады.

27 мамыр

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелер жөніндегі комиссияның төрағасы А.К. Микитаевты қабылдап, ол ресейлік делегацияның Алматы қаласы мен елдің бірқатар өңірлеріне сапары туралы хабардар етті және барлық кездесулер достық пен тілектестік сипатта болғанын атап айтты.

Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан мен Ресей арасындағы жақсы көршілестік қатынастардың дамуына қисынды балама жоқ, ал қосазаматтыққа қатысты айтар болсақ, адамдар екі құжат алуға емес, соған итермелейтін барлық себептерді жоюға тырысуы қажет», — деп атап көрсетті.

28 мамыр

Мемлекет басшысы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен Қазақстанның менеджмент, экономика және болжамдау институтының (ҚМЭБИ) алғашқы түлектеріне магистрлер дипломдарын табыс ету салтанатты рәсіміне қатысты.

Оқу орнының оқытушы-профессорлық құрамы мен түлектерінің алдында сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев «АҚШ, Франция, Ирландия, Австралия, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея мен Қазақстанның академиялық мектептері ғалым-өкілдерінің жоғары ғылыми-зерттеу әлеуетін, жас мемлекеттің мұқтаждықтары үшін мамандар дайындаудың сапасын» атап көрсетті.

31 мамыр

Мемлекет басшысы «Н.Ә. Әбіқаевты Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының басшысы қызметіне тағайындау туралы» №1711 Жарлығына қол қойды.

МАУСЫМ 1994

Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	

1 маусым

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Бейбітшілік корпусының Қазақстан Республикасындағы корпус миссиясының директоры П. Бурнор бастап келген өкілдерін қабылдады.

Әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев «Қазақстандағы Бейбітшілік корпусы еріктілерінің қызметі — шағын бизнестің қалыптасуы мен дамуында, білім беру мен экономикалық бағдарламаларды іске асыруда шетелдің көрсеткен алғашқы ақысыз, бірақ салмақты көмегі» екенін атап көрсетті.

2 маусым

Мемлекет басшысы «Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтыру енгізу туралы» №68-XIII Заңына қол қойды.

3 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымы Үйлестіру кеңесінің отырысына қатысып, Еуразиялық Одақты құру жобасын жариялады (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1721 Жарлығына қол қойды.

6 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Үндістан Республикасының Сыртқы істер министрі С. Хуршид бастаған делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында Президент «бұрын қол қойылған келісімдерді іске асыру мен екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуды жеделдету үшін барлық күш-жігерді жұмсау қажеттігін» атап көрсетті.

Өз тарапынан Үндістанның Сыртқы істер министрі оның елі Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру туралы қазақстандық бастаманы толық қолдайтынын мәлімдеді және Қазақстан Президентінің кашмирлік мәселені әділ және бейбіт жолмен шешуде жұмсаған күш-жігерін ерекше атап айтты.

8 маусым

Мемлекет басшысы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің ректоры В.А. Садовничий бастаған ресейлік ғалымдар делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанға тиесілі бірқатар ғылыми-зерттеу нысандарын ММУ-дың пайдалануы мен басқаруына беру мәселелері талқыланды.

9 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымы жалпы отырысының I сессиясына қатысып, онда депутаттарға «Реформаларды тереңдету мен жалпыұлттық келісім арқылы — жаңартылған Қазақстанға» атты Жолдауын таныстырды.

«Конституцияның маған берген құқықтарына сүйене отырып, қазіргі жағдайда жасалған талдауды басшылыққа ала отырып, мен Қазақстанның мемлекеттігін нығайтудың, біздің ішкі және сыртқы саясатымыздың таяу болашаққа, одан да алыс перспективаға арналған өзекті бағыттарына өз көзқарасымды баяндап өтпекпін. Мұның өзі, бұрын болып келгеніндей, жаппай «мақұлдауға» немесе дауысқа салуға мұқтаж емес, қайта керісінше, ой елегінен өткізуге және Жоғарғы Кеңестің ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік үкімет пен басқарудың барлық институттарының практикалық қызметінде жүзеге асыруға жататын саяси құжат екенін атап көрсеткім келеді.

Жолдауда да, оның белгілі бір дәрежеде құрамды бөлігі болып табылатын менің осы сөзімде де, мен аймақтар мен экономика салаларының ағымдағы барлық мәселелері немесе нақты проблемалары бойынша пікір айтуды мақсат етіп тұрғаным жоқ.

Өзімнің міндетімді біршама кең тұрғыда көріп тұрмын — мемлекетті өкіметтің жоғары буындарының өкілдері болып табылатын, халық өзінің тағдырын, өзінің болашағын сеніп тапсырған адамдарды, сондай-ақ саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстарды дүниеге нақты қарауға, қалыптасқан жағдайға бұра тартпастан баға беруге, дұрыс қорытынды жасауға және, сайып келгенде, ұйымшыл да сындарлы жұмыс істеуге шақырамын», — деп айтты Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

10 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Эстония Республикасының Президенті Л. Меримен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйі мен даму перспективалары талқыланды, сондай-ақ халықаралық сипаттағы мәселелер бойынша пікір алмасу болып өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Эстония Республикасы арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы шартқа және Қазақстан мен Эстонияның сыртқы саяси ведомстволары арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін жариялау және күшіне енгізу тәртібі туралы» №1725 Жарлығына қол қойды.

13 маусым

Мемлекет басшысы Вьетнам Социалистік Республикасының Премьер-министрі Во Ван Киет бастаған үкіметтік делегацияны қабылдады.

Келіссөздер барысында Н.Ә. Назарбаев «қазақстандықтарды Вьетнамның барлық экономиканы қайта құру жөніндегі тәжірибесі қызықтыратынын және Қазақстанның азиялық өңірдің барлық елдерімен жақсы көршілестік қатынастарды орнатуға ұмтылысын» атап айтты. Мемлекет басшысы «Азия құрлығындағы елдердің экономикалық әлеуеті зор екенін» атап көрсетті және «осы өңірдің барлық халқының игілігі үшін Азияның қуатты жалпы нарығын қалыптастыру идеясын ұсынды».

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Мұнай мен газ өнеркәсібі министрлігін және Қазақстан Республикасының Энергетика мен көмір өнеркәсібі министрлігін құру туралы» №1729, «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігін құру туралы» №1730, «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін құру туралы» №1731, «Ж.С. Кәрібжановты Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне тағайындау туралы» №1733, «Қ.І. Есенберлинді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1734, «Д.Х. Сембаев туралы»

№1735, «С.Ж. Әбішевті Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің Іс басқарушысы қызметіне тағайындау туралы» №1736, «Ғ.Е. Қасымовқа Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1738 жарлықтарына қол қойды.

Сол күні Мемлекет басшысы Маңғыстау облысына жұмыс сапарымен барып, оның барысында Ақтау қаласындағы Халықтар келісімі орталығында болды және облыстың ұлттық-мәдени бірлестіктерінің өкілдерімен кездесті.



14 маусым

Мемлекет басшысы Маңғыстау облысына сапары барысында химия-гидрометаллургия зауытының жұмысымен, минералды тыңайтқыштар мен скандий өндірісімен танысты, Шопан ата қорымына, Бекет ата кесенесіне, Шақпақ атаның жерасты мешітіне және басқа да тарихи ескерткіштерге барды.

Мемлекет басшысы «Қ.Қ. Бәйкенов туралы» №1739, «В.В. Кармаковты Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрі қызметіне тағайындау туралы» №1740, «И.В. Ульянов туралы» №1741, «Н.Қ. Есенғаринді Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі қызметіне тағайындау туралы» №1742, «Н. Есқалиевті Тәжікстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №1743 жарлықтарына қол қойды.

16 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына қатысып, онда елдің Қарулы Күштерін техника және қарумен қамтамасыз ету, оларды материалдық-техникалық ресурстармен қамсыздандыру, сондай-ақ ұзақмерзімді қорғаныс бағдарламаларын қалыптастыру тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасының қорғаныс кешенін дамыту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан тұтынушылар кооперациясы жүйесінің бір топ қызметкерлерін

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы №1744, «Кешірім жасау туралы» №1745, «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы» №1748, «Б.Ә. Баекенов туралы» №1749 жарлықтарына қол қойды.

17 маусым

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барып, оның барысында облыс активіне облыстық әкімшіліктің жаңа басшысы Ю.И. Лавриненконы таныстырды.

Сол күні Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Семей облысына барып, оның барысында облыс активіне облыстық әкімшіліктің жаңа басшысы Ғ.Б. Жақияновты таныстырды.

Мемлекет басшысы «Г.П. Юрченко туралы» №1752, «А.Г. Саламатинді Жезқазған облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1753, «Р.Т. Шырдабаевты Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрі қызметіне тағайындау туралы» №1754, «В.В. Костюченконы Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі қызметіне тағайындау туралы» №1755, «О.И. Желтиков туралы» №1756, «З.Ж. Қадырова туралы» №1757, «Б.В. Төтеновті Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №1758, «А.И. Бектемісов туралы» №1759, «Ю.И. Лавриненконы Шығыс Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1760, «С.В. Кулагин туралы» №1762, «Ғ.Б. Жақияновты Семей облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1763, «В.Ф. Чернов туралы» №1764, «Қазақ ССР Президентінің 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №120 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №1765 жарлықтарына қол қойды.

18 маусым

Мемлекет басшысы Жезқазған облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында облыс активіне облыстық әкімшіліктің жаңа басшысы А.Г. Саламатинді таныстырды.

20 маусым

Мемлекет басшысы «Қаздизайн-систем» Қазақстан-Британия компаниясы мен «Fermin and Sons» британдық дизайнерлік компаниясының бірлесіп ұйымдастырған тұсаукесеріне қатысты. Тұсаукесер барысында олар өздерінің әзірлеген Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы әскери қызметшілерінің салтанатты шараларға киетін формаларының үлгілерін көрсетті.

Мемлекет басшысы «С.Б. Тоқпақбаевқа генерал-лейтенант әскери атағын беру туралы» №1766, «С. Арабовқа, Е.Ы. Шоқаевқа генерал-майор әскери атағын беру туралы» №1767, «А.Е. Тастамбековке генерал-майор әскери атағын беру туралы» №1768, «З.Қ. Нұрқаділов туралы» №1770, «Ш. Құлмахановты Алматы қаласының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1771 жарлықтарына қол қойды.

21 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Қырғыз Республикасының Премьер-министрі А.Ж. Жұмағұловты қабылдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан телевизиясы мен радиосы» корпорациясына экономикалық саясат және дағдарыстан шығудың жаңа бағдарламасы мәселелері бойынша сұхбат берді.

Н.Ә. Назарбаев: «...Үкімет жаңа бағдарламаны іске асыру үшін команда құруда. Бұған он бес айға карт-бланш берілетіні белгілі. Осы қатаң шындыққа сәйкес Үкімет өз құрамына өзгерістер енгізуді ұсынды. Мен ол өзгерістерді қабылдадым. Осылайша, жаңадан тағайындалған министрлер мен ведомстволар басшыларының қатарында негізінен бағдарламаны дайындауға тікелей қатысы бар адамдар пайда болды. Олардың әрқайсысы онымен толығымен келіседі және олар, әрине, алға қойылған мақсатты іс жүзінде іске асыру барысында тиісті дәрежеде жұмыс істеуге әзір... Осындай бағдарламаның тағдырымен бірге үкіметтің де тағдыры шешілмек. Егер олар осы жұмысты сәтті орындайтын болса, бұл — жақсы. Егер уәделерін орындай алмаса, үкімет отставкаға кетуі керек», — деп атап көрсетті.

22 маусым

Мемлекет басшысы Үкіметтің реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі іс-қимыл бағдарламасының жобасын талқылауға арналған Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің отырысына қатысты.

Президент бағдарламаны іске асыру мерзімін 15 айға дейін кемітуді және халықтың едәуір әлжуаз топтарын әлеуметтік қорғау тетіктерін күшейтуді талап етті.

Үкіметтің реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 15 шілдедегі қаулысымен бекітілді. Соған сәйкес оны нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті 1994 жылғы 29 шілдедегі қаулысымен Қазақстан Республикасы үкіметінің 1994–1995 жылдарға арналған реформаларды тереңдету және экономиканы тұрақтандыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын қабылдады.

Көрсетілген құжаттарда басты назар жекешелендіруді жеделдету мен монополиясыздандыру, бәсекеге қарымды саясатты дамыту, бағалар мен тауар нарығын либералдауға аударылды, бұл экономикадағы өзгерістерді ынталандыратын жаңа тетіктер жасауды және экономикалық дамуға мемлекеттің жаңа тәсілдерін реттейтін бірқатар заңнамалық актілерді қабылдау бастамасын көтеруді көздеді.

Үкіметтің реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы 1993 жылғы 5 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993–1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасымен қатар мемлекеттің экономикалық стратегиясының негізін қалады.

Мемлекет басшысы құрал-жабдықтарды шығару мен телекоммуникацияларды пайдалану саласындағы «Alcatel SEL» және «BundespostTelekom» жетекші неміс компанияларының өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында Президент үшінші жыл іске асырылып отырған Германия үкіметінің кредиттік желісі Қазақстанның 10 облыстарында халықаралық, қалааралық және жергілікті телефон желілерін тартуға мүмкіндік бергенін, Жезқазған, Арқалық, Ақтау және Қостанай қалалары заманауи байланысқа ие болғанын қанағаттанарлық сезіммен атап көрсетті.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен «Агроазия-94» және «Элком-Азия-94» халықаралық көрмелеріне қатысты.

Президент өсімдіктерді қорғау және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу жөніндегі жаңа технологияларды ұсынған әлемнің жетекші компанияларының алдыңғы қатарлы жетістіктерімен танысты, азық-түлік өнеркәсібіне арналған жоғары өнімді жабдықтарды көрді. Президент дүниежүзінің 16 елі компанияларының телекоммуникация мен электронды байланыс саласындағы жетістіктері көрсетілген экспозицияға ерекше назар аударды.

28 маусым

Мемлекет басшысы «Көмір өнеркәсібін басқару жүйесі туралы» №1773, «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №1775 жарлықтарына қол қойды.

29 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ішкі әскерінің арнайы мақсаттағы әскери бөлімшесінде болып, қару-жарақтарды, әскери және арнайы техниканы қарап шықты, казарма, асхана, клуб және медпунктті аралап көрді.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанның республикалық газеттерінің бас редакторларымен кездесті.

Кездесу барысында Президент «ел өз тарихындағы жауапты кезеңді басынан өткеруде және бұл жағдайда қоғам арасында тұрақтылық пен тыныштықты сақтау ісінде көп нәрсе бұқаралық ақпарат құралдарына байланысты», — деп атап көрсетті.

30 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстанның бір топ белгілі жазушыларын қабылдады және олармен қоғамдағы реформаларды жеделдету, ұлтаралық келісімді нығайту және Қазақстан халықтарының рухани бірлесуі мәселелерін талқылады. Президент шығармашыл зиялы қауым өкілдерін бүгінгі күн талаптарына және ел болашағының міндеттеріне жауап беретін жаңа идеологияны қалыптастыру үдерісіне белсенді қатысуға шақырды.

ШІЛДЕ

1994



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	31

1 шілде

Мемлекет басшысы Қызылорда облысында жұмыс сапарымен болып, «Байқоңыр» ғарыш айлағында экипаж құрамында қазақстандық ғарышкер Т.А. Мұсабаев пен оның ресейлік әріптесі Ю.И. Маленченко бар «Союз ТМ-19» ғарыш кемесін ұшыруға қатысты.

Ғарыш кемесі ұшырылған соң, Қазақстан басшысы мен Ресей Федерациясы Үкіметі төрағасының орынбасары О.Н. Сосковец журналистердің ғарыш айлағының перспективалары туралы сауалдарына жауап берді.

«...Ғарыш айлағы дау-дамай себебіне айналмайды. Бүгінгі қиын кезеңде саясаткерлердің ой-санасы халықтардың, мемлекеттер мен адамдардың арасын ашу емес, біріктіруге жұмыс істейді. Біз Б.Н. Ельцинмен 1994 жылғы 28 наурызда «Байқоңыр» ғарыш айлағының ғылыми-техникалық кешенін беру туралы келісімге қол қойғанда, дұрыс шешім қабылдағанымызға сенімдімін.

Ғарышкерлер Ю.И. Маленченко мен Т.А. Мұсабаев үлкен бағдарламаны пайдалана отырып, көп айға созылатын маңызды ұшу жасайды. Бұл батыл жігіттер. Бұл қаһармандар бір тапсырманы орындайды. Ресей мен Қазақстан және біз — қазақтар мен орыстар — үнемі бірге болғанымызды қалаймын. Бұл біздің халықтарымыздың мүдделеріне жауап береді. Мен бұған сенімдімін. Бұл біздің екі мемлекеттің де стратегиялық міндеттеріне жауап береді», — деп атап көрсетті Президент.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев ғарышкерлік мұражайына, сондай-ақ мемориалды орындар — С.П. Королев пен Ю.А. Гагариннің үйлеріне барды, орнатылған зымыраны бар старт кешенін аралап көрді.

Т.А. Мұсабаев — Қазақстан Республикасының алғашқы ғарышкері, авиацияның генерал-лейтенанты, Қазақстан Республикасының ғарышкер-ұшқышы, «Халық қаһарманы», Ресей Батыры, техника ғылымдарының докторы, жоғары пилотаждан КСРО спорт шебері.

Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылында 1951 жылы 7 қаңтарда туған.

1974 жылы Ленин комсомолы атындағы Рига азаматтық авиация инженерлері институтын «Авиациялық радиожабдықтарды техникалық пайдалану» мамандығы бойынша бітіріп шықты.

1993 жылы Ақтөбе жоғарғы ұшқыштар училищесін бітірді.

1991 жылы ғарышкерлер отрядына алынды. Ғарышқа 1994, 1998, 2001 жылдары — үш рет ұшты. Соңғы екі ғарыш экспедицияларында экипаж командирі ретінде ұшты. Ғарышта жалпы алғанда бір жылға жуық уақыт — 341 күн өткізді. Ол

ашық ғарыш кеңістігіне жалпы ұзақтығы 41 сағат 8 минут құраған 7 рет шықты. 2001 жылы ол алғашқы ғарыш турисі АҚШ азаматы Д. Титоны орбитаға шығарып, ғарыш туризмі дәуірін ашты.
2007 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігін басқарды.

5 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде Республикалық ұланның орналасқан жеріне барды, казармаларды, асхана, спорттық кешен мен хауызды аралап көрді.

Әскери қызметшілермен әңгімелесе отырып, Президент «Ұлан тәуелсіз мемлекеттің маңызды ерекше белгісі, республиканың өз дәстүрі негізінде құрылатын Қарулы Күштерінің ядросы болып табылатынын», — атап айтты.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанның бір топ кәсіпкерлер құрылымының өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында ел экономикасын дағдарыс жағдайынан шығару бойынша бизнестің үкіметпен бұдан да тығыз ынтымақтастықта болу қажеттігі туралы сөз қозғалды.

Президент республиканың барлық кәсіпкерлерін олардың құрған инвестициялық қорларындағы жұмысты жоғары жауапкершілікпен жүргізуге шақырды. «Мемлекеттік меншікті жекешелендіру бағдарламасы тек халық мүддесіне сәйкес және ортақ бас желіден қандай да бір ауытқуларсыз іске асырылуы тиіс», — деді Н.Ә. Назарбаев.

6 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымы I сессиясының жалпы отырысына қатысып, онда астананы ауыстыру туралы ұсынысын жасады.

«Сіздердің қарауларыңызға республика өмірі, әсіресе, оның келешегі үшін аса маңызды мәселе — еліміздің астанасын ауыстыру туралы мәселесін ұсынып отырмын. Ол ұзақ уақыттан бері көтеріліп, көпшілік ортасында қызығушылықпен әрі жан-жақты талқыланып келеді. Жалпы алғанда, қолдауға ие екенін атап өткен жөн», — деп мәлімдеді Президент.

Н.Ә. Назарбаев астананы ауыстырудың негізгі мақсаттарының бірі ретінде Қазақстанның Еуро-

па мен Азия арасындағы орталық жағдайын пайдалану қажеттігін айтты, бұл «оның геосаяси маңызын күшейтіп, республика аумағында өндірістік күштерді біржақты орналастырудан аулақ болуға әкеледі».

«Менің тапсырмам бойынша мемлекеттің жаңа астанасын оңтайлы орналастыруды анықтау мақсатында республиканың барлық аумағына толық зерттеу жүргізілді. 32 параметрлер бойынша жүргізілген сараптама барлық нұсқалардың ішінде ең қолайлысы Ақмола қаласы екенін көрсетті», — деді Президент. — Уақыт өте келе біз Ақмола тарапынан Қазақстанның тек жаңа қоғамдық-саяси ғана емес, сондай-ақ Алматыдан кейінгі маңызы жағынан екінші ғылыми, мәдени және іскерлік ортасын қалыптастыра аламыз. Бұл біздің барлық көпұлтты халқымыздың аса маңызды жетістігі болмақ».

«Егер бүгінгі күн проблемаларынан жоғары тұрып, тұрмыстық жайлылық туралы емес, мемлекеттің ауқымды мәселелері жайында ойлайтын болсақ, астананы ауыстыру — бұл пісіп-жетілген, объективті қажеттілік, зор келешегі бар саяси және экономикалық қадам», — деп мәлімдеді Мемлекет басшысы.

Белсенді және қызу талқылаудан кейін Президент астананы ауыстыру мүмкіндігімен байланысты көптеген сауалдарға жауап берді, содан соң депутаттар Мемлекет басшысының ұсынысын қолдады (Қосымшаны қараңыз).

Сол күні Мемлекет басшысы ТМД мүше мемлекеттер көлік министрлерінің үйлестіру кеңесіне қатысты.

Кеңеске сондай-ақ Халықаралық азаматтық авиация ұйымының бас хатшысы Ф. Рот қатысты.

Н.Ә. Назарбаев сөйлеген сөзінде Еуразиялық Одақты құру идеясын авиациядағы интеграциялық үдерістермен салыстыра отырып, «посткеңестік кеңістікте адамдардың бірлесіп, тиімді ынтымақтастық жасауына баламасы жоқ» екенін атап көрсетті.

8 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанға үшжақты кездесуге келген Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен және Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен кездесті.

Саммит жұмысын аша отырып, Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан шеңберінде біртұтас экономикалық кеңістік құру өзара табысты

ынтымақтастықты кеңейту жолында барлық кедендік және басқа да кедергілерді алып тастады», — деп атап айтты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан президенттері үш елдің дәстүрлі, тарихи қалыптасқан достық қатынастар, тығыз ынтымақтастық пен өзара көмек көрсету негізіндегі жақындасу үдерісінің үдемелі сипатын ризашылықпен атап көрсеткен Бірлескен мәлімдемесін қабылдады. Одан басқа, Көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға, Ортаазиялық ынтымақтастық және даму банкін құру туралы келісімге, Мемлекетаралық кеңес пен оның органдарын құру туралы шешімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» №110-XIII, «Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №113-XIII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Е.М. Тынышбаевқа «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» №1779, «М. Әлімбаевқа, Д. Жолжақсыновқа Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы» №1780, «Мәдениет пен өнер қызметкерлерінің бір тобына Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы» №1781, «Қазақстан Республикасының бір топ қызметкерлеріне «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №1782, «Бір топ ғалымдарға Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы» №1783, «Қарағанды металлургия комбинатының бір топ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1784, «Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігінің бір топ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1785, «Техножүйелер» Ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы» №1787 жарлықтарына қол қойды.

11 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Корея Халықтық Демократиялық Республикасының Елшілігіне барып, КХДР Президенті Ким Ир Сеннің қайтыс болуына байланысты көңіл айтты.

Сол күні Мемлекет басшысы КХДР Президенті Ким Ир Сеннің қайтыс болуына байланысты КХДР Орталық халықтық комитетінің төрағасы Ким Чен Ирге көңіл айту жеделхатын жолдады.

12 шілде

Мемлекет басшысы «Chevron Corporation» компаниясының басқарма төрағасы К.Т. Дерр бастаған бір топ өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында тараптармен Каспий құбыры консорциумы мен Теңіз кен орнында мұнай өндіруді ұлғайту шеңберінде құбыр тарту құрылысының перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң құжаттары баптарының күші туралы» №119-XIII, «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №120-XIII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Т.Т. Жүкеевті Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Үйлестіру-консультативтік комитетінің құрамына енгізу туралы» №1790 Жарлығына қол қойды.

14 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымының бір топ депутаттарын қабылдады.

Әңгімелесу барысында Қазақстанның ТМД елдерімен интеграциялық үдерістерін кеңейту, республикадағы кәсіпкерлікті дамыту, ел қажеттілігіне арналған білікті кадрларды даярлау мәселелері қозғалды.

Мемлекет басшысы Қостанай қаласында ашылған Қазақстандағы Неміс мәдениеті күндеріне қатысушылар мен меймандарға баспасөз бетінде құттықтауын жариялады.

«...Қазақстандағы Неміс мәдениеті күндеріне қатысушылар тарапынан мен неміс ұлтты барлық отандастарыма құттықтау жолдағым келеді және Қазақстандағы неміс халқын орнықтыру мен көшіқон тұрақтылығына қол жеткізуге бағытталған кешенді

шараларды іске асыруға деген терең мемлекеттік мүдделестік туралы мәлімдеу қажет деп есептеймін. Осы мәселе төңірегінде өткен жылғы қазан айында қабылданған Республикада тұратын немістердің этностық қайта жандануы кешенді бағдарламасын орындау бойынша жан-жақты жұмыс жүргізілуі қажет, сондай-ақ халықтық кәсіпті, неміс ұлты өкілдерінің әртүрлі кәсіпкерлік құрылымдары мен әртүрлі меншік иелігіндегі кәсіпорындарды дамытуға қолайлы жағдай жасау қажет екені сөзсіз. Жергілікті атқарушы органдар мен республика Үкіметінің жұмысы осыған бағытталған», — делінген жолдауда.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстандағы Неміс мәдениеті күндеріне қатысушылар мен меймандарға жемісті жұмыс пен шығармашылық табыстар тіледі.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Қазақ КСР-інің кейбір заң құжаттарына өзгерістер енгізу туралы» №126-XIII, «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкерлерін материалдық және зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заң құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №127-XIII, «1994 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы» №137-XIII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы» №1792 Жарлығына қол қойды.

15 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыста сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мәселелері талқыланды, сондай-ақ мемлекеттің астанасын Алматы қаласынан Ақмола қаласына ауыстыруға байланысты мәселелерді шешу үшін үкіметтік комиссия құру туралы шешім қабылданды.

Мемлекет басшысы Қарағанды металлургия комбинатының ұжымына бірінші қазақстандық құрыштың құйылғанына 50 жыл толуына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

«Комбинаттың барлық еңбеккерлерін — ардагерлері, жұмысшылары мен мамандарын бірінші

қазақстандық құрыштың құйылғанына 50 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын. Бұл оқиға тек металлургтер үшін ғана емес, барлық республика үшін де айтулы күн десек, артық айтқандық емес...

...Сонау 1944 жылғы атақты бірінші құймадан бүгінгі күнге дейін комбинаттың көпұлтты ұжымы өзінің даңқты еңбек дәстүріне беріктігін үнемі іс жүзінде дәлелдеп келген және қазір де дәлелдеу үстінде. Қарметте ылғи да жұмысшылар бастамасының еркіндігі болатын, қажымайтын инженерлік сана қайнап тұратын, халықтар достығының биік идеалы, шынайы интернационалдығы қажырлы еңбекпен бекитін.

Осы Теміртауда менің де жастық шағым өтті. Мен комбинат жұмысшысы отбасының мүшесі болу атағы қаншалықты жоғары құрметтелетінін, берік сөз бен еңбек адамының қасиеттері қалай бағаланатынын білемін.

Қарағанды металлургия комбинатында атақты металлург шеберлерінің үлкен шоғыры өсіп шықты. Бұл жерде металл ғана емес, адамдар тағдыры да шынығады...

Сіздерді мерейтойларыңызбен құттықтай отырып, Қазақстан Магниткасының жаңа қарышты жетістіктеріне сенемін. Әрбір металлургке, комбинаттың әрбір жұмысшысына игілік, бақыт пен қарқындылық тілеймін. Комбинат ардагерлеріне ерекше құрметпен мықты денсаулық және ұзақ ғұмыр тілеймін», — делінген жеделхатта.

Қарағанды металлургия комбинаты — Қазақстанның қара металлургия флагманы, өндірістің толық циклі бар елдегі және дүниежүзіндегі ең ірі металлургия кәсіпорындарының бірі.

Кәсіпорын тарихы КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитетінің «Қара металлургия кәсіпорындарын қалпына келтіру мен құрылысы туралы» қаулысы қабылданған 1942 жылдан бастау алады, оған сәйкес КСРО Халық комиссарлары кеңесі Қазақ КСР үкіметіне металлургия зауытының құрылысын бастауға тапсырма берген болатын.

1958 жылы БЛКЖО XIII съезінде Қазақстан Магниткасы жалпыкеңестік комсомолдық құрылыс болып жарияланды. Теміртау қаласына Кеңес Одағының түпкір-түпкірінен, сондай-ақ социалистік лагерь елдері — Болгария, Польша, Чехословакиядан жастар ағылып келе бастады.

Қарағанды металлургия зауытының жұмысы басталуының ресми датасы бірінші домен пеші пайдалануға беріліп, Қазақстанның бірінші құрышы құйылған 1960 жылғы 2 шілде болып есептеледі.

1970 жылы зауыт негізінде құрамына Атасу және Оңтүстік Топар кен басқармасы мен Алексеев доломит карьері енген Қарағанды металлургия комбинаты құрылды.
1995 жылы Қарметкомбинат «Ispat International» компаниясының басқаруына беріліп — «Испат-Кармет» АҚ, 2005 жылы — «Миттал Стил Теміртау» АҚ, ал 2007 жылы «Арселор Миттал Теміртау» АҚ болып қайта құрылды.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы» №1795, «С.С. Айымбетовті Қазақстан Республикасы Қаржы бақылау комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1796, «Н. Қыпшақбаев туралы» №1797, «О. Мүлкібаев туралы» №1798, «М.Ф. Үркімбаев және С.А. Ақанов туралы» №1799, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 2 шілдедегі №831 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы ережеге» өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1803, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы» №1804, «Зейнеткерлерді және халықтың табысы аз жіктерін әлеуметтік қорғау жөніндегі аймақтық қайырымдылық қорларын құру туралы» №1805, «Кешірім жасау туралы» №1806 жарлықтарына қол қойды.

16 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкін құру туралы» №1815, «Б.К. Ірішевті Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкі басқармасының төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1816 жарлықтарына қол қойды.

17–31 шілде

Мемлекет басшысы қысқа мерзімді демалыста болды.

ТАМЫЗ 1994

Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	31
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	

NATION

2 тамыз

Мемлекет басшысы «Азия дауысы» V Халықаралық танымал музыка мен әндер конкурсына қатысушыларға, меймандарға және әділ қазылар алқасына сәлемдеме жолдады.

«Жыл сайын Алматы қаласында өтетін бұл конкурсты біздің мемлекеттің ғана емес, бүтін аймақтың мәдени өміріндегі ірі оқиға деп айтуға әбден болады. Фестиваль шекарасы жыл сайын кеңейіп отыратыны қуантады: ұлттық дәстүр мен заманауи музыка үйлесімді үндескен жаңа музыкалық идея барлық құрлықтарда өзінің жақтастарын табуда. Бесінші конкурстың өткізілуі көп нәрсені аңғартады. Ең алдымен, біздің халқымыздың дүниежүзілік мәдениеттің үздік үлгілерін тануға ұмтылысын, басқа музыка мен басқа салт-дәстүрлерді түсініп, білуге және оларды түйсіне отырып, өз ішкі жан дүниесін байытуға деген тілегін білдіреді. Конкурсқа қатысушыларға жаңа биік шыңдарға жетулерін тілеймін», — делінген жолдауда.

«Азия дауысы» — Алматы қаласындағы Медеу биік таулы мұзайдынында 1990 жылдан бастап өткізіліп келе жатқан танымал музыка мен әндердің жыл сайынғы халықаралық конкурсы. 1993 жылдан бастап «Азия дауысы» Халықаралық фестивальдер ұйымдастыру федерациясының мүшесі болып табылады.

4 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің мүшелерімен орақ науқанына және ел кәсіпорындарының қысқы мезгілдегі жұмысқа дайындығы мәселелері бойынша жұмыс бабындағы кеңесін өткізді.

5 тамыз

Мемлекет басшысы БҰҰ бас хатшысының экономикалық мәселелер бойынша кеңесшісі, Поляк әлеуметтік және экономикалық зерттеулер орталығының төрағасы Л. Бальцеровичті қабылдады.

Әңгімелесу барысында Л. Бальцерович республика басшылығының посткеңестік экономика мен Қазақстанның әлеуметтік саласын реформалаудағы оң тәжірибесін атап өтті, нақты айтқанда, елдегі мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің бағдарламасы туралы жоғары пікір білдірді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1823–1824, «Өркен» мемлекеттік акционерлік компаниясын тарату туралы» №1825, «Қазақстан Республикасының Экономикалық өзгерістер ұлттық кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 12 қаңтардағы №1069 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №1826, «П.В. Своикті Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1827, «Жаңа тұрғын ұй саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі №1344 Жарлығының 10 тармағына өзгеріс енгізу және «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі №1344 Жарлығының 10 тармағына өзгеріс енгізу туралы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 8 желтоқсандағы №1442 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №1829, «П.П. Сувориковті Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1830, «Қазақстан Республикасының Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясын тарату және Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы» 1993 жылғы 3 қарашадағы №1395 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №1831 жарлықтарына қол қойды.

7 тамыз

Мемлекет басшысы Эстония Республикасына сапар шегу барысында Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласына қысқаша аялдама жасап, онда Ырықты ойындардың салтанатты жабылу рәсіміне құрметті мейман ретінде қатысты.

Сол күні Мемлекет басшысы ресейлік журналистерге сұхбат берді.

Олардың сұрақтарына жауап бере отырып, Қазақстан Президенті «ТМД маңызды рөлін жоққа шығармай, экономикалық және саяси жағынан жақындасқысы келетін бұрынғы Одақ аумағындағы мемлекеттер еуразиялық қоғамдастыққа бірігуі қажет» екенін атап көрсетті.

«…Кез келген саясаткер 15 шекараларға бөлінген бұрынғы одақтас республикалардың экономикалық жағдайы нашарлай түскенін байқаған болар. Адамдар бір-біріне қазіргі тәуелсіз мемлекеттерге еркін бара алуы үшін, біз қоғамдастыққа немесе, керек десе, Одаққа бірігу мәселесін шешуіміз керек. Біздің елдерімізде болып жатқан үдерістерді жеңілдетуіміз қажет, адамдарға азаматтық, адамгершілік тұрғыдан қарағанымыз жөн.

…Экономикаларымыз бен халықтарымыздың барынша жақындасып, ықпалдасуы күн тәртібінде тұруы қажет мәселе болуын уақыттың өзі талап етуде. Бұл тұрғыда мен, ең алдымен, Ресейдің қолдауына сүйенемін. Қазақ халқы орыс халқымен ғасырлар бойғы достығынан, бірлесіп өмір сүруінен тек пайда тапты», — деп түйіндеді Н.Ә. Назарбаев.

8 тамыз

Мемлекет басшысы Эстония Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Таллин қаласында Президент Л. Меримен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында сауда-экономикалық саладағы және бір ел азаматтарының екінші елдің аумағына келу, кету және болу тәртібін реттеу саласындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды, сондай-ақ дипломатиялық өкілеттіктермен өзара алмасу туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшыларының Бірлескен мәлімдемесі қабылданды.

9 тамыз

Мемлекет басшысы Литва Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Вильнюс қаласында Президент А. Бразаускаспен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері, сондай-ақ өзара қызығушылық тудырған халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасу болып өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар Қазақстан-Литва декларациясына, Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы шартқа, Екі ел үкіметтері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің қолданылу мерзімін

ұзарту туралы хаттамаға, Қазақстандық жүктерді өңдеу мен тасымалдау үшін Литва портын пайдалану туралы хаттамаға және т.б. қол қойылды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Тракай қаласында болып, көне қамалды аралап көрді және Құрметті меймандар кітабына қолтаңбасын қалдырды.

10 тамыз

Мемлекет басшысы Литва Республикасына ресми сапары барысында Клайпеда қаласының теңіз портында болды.

Портта болған кезде Қазақстандық жүктерді өңдеу және тасымалдау үшін Литва порттарын пайдалану туралы үкіметаралық хаттамаға қол қойылды.

11 тамыз

Мемлекет басшысы Украинада ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Киев қаласында Президент Л.Д. Кучмамен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың проблемалары мен перспективалары туралы пікір алмасу болып өтті. Бұдан бұрын қол жеткізілген сауда-экономикалық серіктестікті дамыту туралы келісімдерді іске асыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы достық пен ынтымақтастықты одан әрі нығайту туралы меморандумға қол қою келіссөздердің қорытындысы болды.

Мемлекет басшысы Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенкомен телефон арқылы сөйлесіп, оның барысында ТМД елдерінің одан әрі ықпалдасуы және Қазақстан мен Беларусь арасындағы экономикалық байланыстарды дамыту келешегі талқыланды.

12 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі А. Велаятиді қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты өзара пайдалы ынтымақтастықтың жағдайы мен перспективалары

талқыланды және екі ел арасында қарқынды іскерлік серіктестік үшін барлық жағдайлар туғызған 30-дан аса келісімдерге қол қойылғаны атап айтылды. Тараптар қазақстандық жүктерді Иран арқылы тасымалдау мәселелеріне, сондай-ақ Каспийдің табиғат ресурстарын бірлесіп игеру перспективаларына ерекше назар аударды.

Мемлекет басшысы Орталықазиялық-Американдық кәсіпкерлікті қолдау қорының директоры С. Соларцты қабылдады.

Мүдделі пікір алмасу барысында тараптар Қазақстандағы шағын және орта бизнесті дамыту мен қаржылық қолдау көрсетудің негізгі бағыттарын, сондай-ақ көрсетілген міндеттерді іске асыру жөніндегі қордың алдыңғы қатарлы шараларын талқылады.

Орталықазиялық-Американдық кәсіпкерлікті қолдау қоры 1994 жылғы шілде айында АҚШ Президенті мен АҚШ Конгресінің шешімі бойынша Орталық Азия елдерінде шағын және орта бизнесті дамытуға қолдау көрсету үшін құрылды.

Қор шарттарына сәйкес кредит берілетін кәсіпорын жеке меншік болуы қажет болды, кредиттік ресурстар тауарларды коммерциялық мақсатта импорттауға қаржыландыру үшін пайдаланылмауы шарт, сондай-ақ өндіріске және халыққа қызмет көрсетуге байланысты жобалар ғана қаржыландыруға жатады.

13 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстандағы Корея мәдениетінің фестиваліне қатысушылар мен қонақтарына сәлемдеме жолдады.

«Міне, 60 жылдан астам уақыттан бері сіздердің тағдырларыңыз көпұлтты республиканың өмірімен тығыз байланысты. Ұлт тарихының ең қиын-қыстау кезеңінде жергілікті халықтың адамгершілігі, олардың мейірімділігі мен түсіністік танытуының арқасында корей халқы барлық ауыртпашылықтар мен қиындықтардан абыроймен өтіп, қазақ жерінде сенімді достар мен жаңа отан тапты, аяқтарына нық тұрды.

Біздің барлық корей ұлтты отандастарымыз өздерінің тамаша ұлттық қасиеттері — даналығы, еңбекқорлығы, білімге құштарлығы, рухани және сана-сезім биіктігіне сүйене отырып, мемлекетіміздің

әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне лайықты араласатынына сенімдімін», — делінген құттықтауда.

15 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің командалық-штабтық оқу-жаттығуларына қатысты.

Олардың қорытындысы бойынша Президент оқулардың барысына қанағаттанарлық сезімін жеткізді, техника мен қаруларды, сондай-ақ Қазақстан армиясы әскери киімінің жаңа үлгілерін көрді.

Сол күні Мемлекет басшысы белгілі халық ақыны К. Әзірбаевтың мұражайына барып, Құрметті мейман-дар кітабында жазбасын қалдырды.

Мемлекет басшысы «А.И. Филистович туралы» №1835 Жарлығына қол қойды.

17 тамыз

Мемлекет басшысы «Ғ.Ә. Әбілсейітов туралы» №1837 Жарлығына қол қойды.

18 тамыз

Мемлекет басшысы «М.Ф. Үркімбаев пен С.А. Аханов туралы» №1838 Жарлығына қол қойды.

19 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі С.А. Терещенконы қабылдап, оның Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі үкіметтің іс-қимыл бағдарламасының орындалу барысы туралы есебін тыңдады.

Президент «Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы нысандарын мемлекет иелігінен алып, жаппай жекешелендіру тым баяу қарқынмен жүргізіліп жатқанын, елдің ұлттық табысы кеміп бара жатқанын, оған себеп өндірістің үздіксіз төмендеуі, инфляция мен ақшалай эмиссияның өсуі» екенін атап көрсетіп, ел үкіметін өткір сынға алды.

Мемлекет басшысы Президенттік «Болашақ» бағдарламасының бір топ стипендиаттарын қабылдады.

Жастармен әңгімелесу барысында Президент «Еліміз келешекте реформалар жүргізіп, Қазақстанды әлемдік сахнада лайықты көрсете алатын жоғары білікті мамандарға мұқтаж» екенін атап айтты.

«Болашақ» — талантты қазақстандық жастардың шетелде жоғары білім алуын қаржыландыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашада тағайындаған халықаралық білім беру стипендиясы.

Қазақстандық студенттердің бірінші тобы шетелге 1994 жылы жіберілді.

Мемлекет басшысы «А.Г. Саламатин туралы» №1839, «Қ.Ы. Нағмановты Жезқазған облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1840, «В.С. Школьникті Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технология министрі қызметіне тағайындау туралы» №1843 жарлықтарына қол қойды.

22 тамыз

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болып, Мал шаруашылығы және ветеринарияның Солтүстік Қазақстан ғылыми-зерттеу институтына, «Агромолсервис» ауыл шаруашылық бірлестігіне, «Вита» АҚ, «Чапаев» агрофирмасына барды.

23 тамыз

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында облыстың аудандық әкімшіліктері басшыларымен халықтың аз қамтамасыз етілген топтарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Президент өзінің зейнеткерлерге, көпбалалы отбасыларға, соғыс және еңбек ардагерлеріне әлеуметтік көмек және қолдау көрсету туралы жарлықтарының мүлтіксіз орындалуын талап етті.

24 тамыз

Мемлекет басшысы Қостанай облысында жұмыс сапарымен болып, облыстың Федоров, Қостанай, Меңдіқара аудандарының бірқатар ірі

шаруашылықтарына барды, «Шаңдақ» кеңшарының егістік алқаптарын аралап көріп, дәнді-дақылдарды жаппай жинауға дайындық барысымен танысты.

25 тамыз

Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болып, Ақмола қаласында астық жинау және ел кәсіпорындарының қысқы мезгілдегі жұмысқа дайындығы туралы мәселелер бойынша республикалық кеңес өткізді.

30 тамыз

Мемлекет басшысы «Қылмысқа қарсы күрес жөніндегі кеңестің құрамына ішінара өзгерту туралы» №1846 Жарлығына қол қойды.

ҚЫРКҮЙЕК 1994

Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	
Жк	4	11	18	25	

1 қыркүйек

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Ұлы ұлттық жиналысының төрағасы Х. Джиндоруктыны қабылдады.

Кездесу барысында тараптар білім, мәдениет салаларындағы көпжақты Қазақстан-Түркия ынтымақтастығының маңыздылығы мен табыстылығын атап айтып, бірқатар халықаралық мәселелерге қатысты тәсілдер мен көзқарастарының ұқсастығын атап көрсетті және түркі тілдес елдер арасындағы гуманитарлық салада артып келе жатқан өзара алмасуға ризашылықтарын білдірді.

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев пен Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовке республикаларда мемлекеттік тәуелсіздік күндерінің мерекеленуіне орай құттықтау жеделхаттарын жолдады.

Мемлекет басшысы «А.Ә. Жабағин туралы» №1848 Жарлығына қол қойды.

2 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі У. Кортниді оның өтініші бойынша қабылдады.

Әңгімелесу барысында екіжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланып, өзара қызығушылық білдіретін бірқатар өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасу өтті.

5 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Германия Федеративтік Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі А. Браклоны оның өтініші бойынша қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Қазақстанның Еуропалық қауымдастық елдерімен ынтымақтастығының перспективаларын талқылады, екіжақты ынтымақтастықтың экономика, сауда және гуманитарлық салалардағы әралуандығы мен өзара тиімділігін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің мүшелерімен халықтың

аз қамтылған топтары мен Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне әлеуметтік-экономикалық көмек көрсету мәселелері бойынша жұмыс бабындағы кеңесін өткізді.

Кеңес барысында Президент үкіметтен қаржылық тұрақтандыру бойынша шаралар қабылдап, нарықтық қатынастарға көшу жағдайында ел халқына қолдау көрсетуге бағытталған әлеуметтік бағдарламалар бойынша жарлықтарын мүлтіксіз орындауды талап етті.

6 қыркүйек

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Ливия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ассеф Мұхаммад Диб Нассерден сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Аралды құтқару халықаралық қоры басқармасының отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында Арал өңірінің өзекті мәселелері талқыланды, Аралды құтқару халықаралық қоры туралы ережеге өзгерістер енгізілді, оған қаржы бөлу туралы шешім қабылданды, тексеру комиссиясының құрамы, қор филиалдары туралы ережелер бекітілді, қордың жаңа атқарушы директоры болып А. Нұрышев сайланды.

Қазақстан Президенті көптеген шетел қайраткерлерінің Арал мәселелерінің түбегейлі шешілуіне зор мүдделестігін атап өтті. «Оған қарағанда шағын ауқымды мәселелерді біз жергілікті бюджет пен басқа да көздердің есебінен шешумен айналысуымыз керек», — деді ол.

Аралды құтқару халықаралық қоры 1993 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан президенттерінің бастамаларымен құрылған. Қордың басты міндеттері Аралды құтқару бойынша бірлескен іс-әрекеттерді, перспективалық бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыру мен несиелеу, өңірдің барлық мемлекеттерінің мүдделерін ескере отырып, Арал маңы мен Арал теңізі бассейнін экологиялық сауықтыру болып табылады.

Қордың жұмыс органы Қордың басшысы етіп тағайындалған Президент тұратын елдегі Атқару комитеті болып табылады. Әрбір құрылтайшы-мемлекетте қордың аумақтық органдары — Атқару комитетінің филиалдары жұмыс істейді.

Мемлекет басшысы «Қазақстанның Мемлекеттік даму банкін құру туралы» №1849, «Б.І. Істілеуовті Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі басқармасының төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1850 жарлықтарына қол қойды.

8 қыркүйек

Мемлекет басшысы «М.К. Исаев туралы» №1854 Жарлығына қол қойды.

9 қыркүйек

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан кәсіпкерлерінің III форумына қатысты.

Форумға қатысушылар алдында сөз сөйлей отырып, Президент: «Адамзаттық өркениет экономикадағы нарықтық шаруашылықты жүргізу тетігі, саясаттағы демократия, идеологиядағы плюрализмнен асқан парасатты ештеңе де ойлап тапқан жоқ... Дағдарысқа кінәлілерді емес, дағдарыстан шығу жолын іздеу керек, ал одан шығудың жолы — нақты іс-әрекетте, іс-жүзіндегі елеулі жетістіктерде», — деп атап көрсетті.

Қазақстан кәсіпкерлерінің форумы 1992 жылы бір топ жас кәсіпкерлердің бастамасы бойынша Президент Н.Ә. Назарбаевтың қолдауымен құрылды.

Форум миссиясы Қазақстанның шағын және орта бизнесі жұмыс орындарын құрып, пайдалы жұмыс істей алатындай қолайлы экономикалық климат құру болды. Қазақстан кәсіпкерлерінің I форумы 1992 жылғы маусым айында өтті және форум аясында республика тарихында алғаш рет экономиканың барлық салалары кәсіпкерлерінің, қоғамдық ұйымдар мен елдің мемлекеттік органдары басшыларының кездесуі болып өтті. Форум республикада Қазақстан Республикасының Президенті жүргізіп отырған экономикалық реформаларға қарай ұстанған бағытын қолдайтын кәсіпкерлердің тұрақты тобы қалыптасқанын көрсетті.

12 қыркүйек

Мемлекет басшысы Павлодар облысында жұмыс сапарымен болып, облыстық балалар ауруханасының жаңа ғимаратының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты, «Павлодар мұнай өңдеу зауыты» АҚ, «Арай» АҚ, «Медполимер» зауытына барды, сондай-ақ Ақсу ауданының шаруашылықтарында болды.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №1855, «Қазақстан Республикасы Президентінің республика мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылы туралы» №1862 жарлықтарына қол қойды.

13 қыркүйек

Мемлекет басшысы Павлодар облысына жұмыс сапары барысында Екібастұз қаласының бірқатар өнеркәсіптік нысандары мен аграрлық кәсіпорындарында болып, олардың басшылығымен және еңбек ұжымдарымен кездесті.

14 қыркүйек

Мемлекет басшысы республикадағы дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасындағы Ресей Федерациясының Төтенше және Өкілетті Елшісі Б. Красниковты қабылдады.

Дипломат Президентке Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельциннің ТМД өзекті мәселелерін шешудегі өзара әрекет ету мәселелері бойынша ұсынысы айтылған жеке жолдауын жеткізді.

Мемлекет басшысы Қазақстан өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлерінің конференциясына қатысты.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік баж туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №150-XIII Заңына қол қойды.

15 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Литва Республикасының Премьер-министрі А. Шлежявичюсті қабылдады.

Келіссөздер барысында, екі ел арасындағы байланыстардың, ең алдымен, өзара қолайлы жағдайларда сауда-экономикалық саладағы байланыстардың жай-күйі мен даму келешегі, 1994 жылғы 9–10 тамыз күндері Н.Ә. Назарбаевтың Литваға ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластық талқыланды.

Кездесу соңында Инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімге, Қазақстан жүктерін тасымалдау үшін Клайпеда портын пайдалану туралы хаттамаға және т.б. қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Жедел-іздестіру қызметі туралы» №154-XIII Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1864, «В.А. Брынкин туралы» №1865 жарлықтарына қол қойды.

16 қыркүйек

Мемлекет басшысы реформаларды тереңдету мен жеделдету мәселелері бойынша облыстық әкімшіліктердің басшылары, Қазақстанның қаржы және банк қызметтері қызметкерлерінің қатысуымен өткен республикалық кеңеске төрағалық етті.

Мемлекет басшысы «М.Ф. Үркімбаев пен Н.Ф. Красносельский туралы» №1867, «В.Г. Шумов пен Б.Ғ. Ысқақов туралы» №1868 жарлықтарына қол қойды.

17 қыркүйек

Мемлекет басшысы реформаларды тереңдету мен жеделдету мәселелері бойынша облыстық әкімшіліктердің басшылары, Қазақстанның қаржы және банк қызметтері қызметкерлерінің қатысуымен өткен республикалық кеңеске қатысуын жалғастырды.

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Украинаның Премьер-министрі В.А. Масолды қабылдады.

Тараптар Қазақстан-Украина сауда-экономикалық қатынастардың жай-күйі мен дамуы, сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылғы 11 тамызда Украинаға ресми сапары барысында қол жеткізген уағдаластықтарын іске асырудың нақты қадамдары туралы пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Инвестицияларды еркін сату мен өзара ынталандыру және қорғау туралы келісімдерге қол қойылды.

20 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымының депутаттарымен кездесіп, олармен биліктің заңнамалық және атқарушы тармақтары арасындағы өзара

іс-қимыл және келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелерін талқылады.

Кездесу барысында келісім қабылдаудың қажеттігі танылды, онда атап айтқанда, «Халқымыз бен еліміздің тағдыры үшін жауапкершілігімізді сезіне, сондай-ақ Президенттің қоғамдық келісімді сақтау мен нығайтуға деген ұмтылысын бөлісе отырып, мемлекеттік биліктің заңнамалық және атқарушы органдары мынаған келісті — заңнамалық және атқарушы биліктің үйлесімді іс-қимылын қамтамасыз етуді қоғамдық тұрақтылықты сақтау мен экономиканы дағдарыстан шығарудың басты шарты деп есептелінсін, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жалғастыру үшін сәйкесті заңнамалық база құрудың уақыты жетті деп танылсын...», — делінген.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен «Еуразиялық кеңістік: интеграциялық әлеует және оны жүзеге асыру» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты.

Конференция жұмысын аша отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Сөз ауыспалы кезеңде болмай қоймайтын экономикалық дағдарысты жеделдетіп еңсеру мен саяси реформаларды іске асыру, орын алған және туындап отырған қиындықтарды жеңілдету бойынша күш-жігерді шоғырландыру туралы болып отыр. Экономикалық ынтымақтастықты сақтау мен дамыту ісіндегі көптеген кедергілерді жою, бір-бірімізге деген бітпей кеткен экономикалық және саяси дау-дамайдан, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық кәсіпорындардың жұмысындағы шиеленіскен жағдайлардан арылу үшін, тіпті, ТМД аясында да істелмеген шаруалар көп. Фактілер тілімен айтқанда, Достастықтың құрылуынан бастап 400-ге жуық құжаттар қабылданды, алайда әзірге ешқандай айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілген жоқ, себебі бірқатар мемлекеттер уағдаластықтардың мазмұнын өз мүдделеріне орай түсіндіре отырып, кейбір қағидаларды ішінара жоққа шығаруда.

Еуразиялық Одақ жобасы мен үшін белгілі бір уақытқа жоғалтып алған адамгершілік, жалпы адами құндылықтарға бағдарланғаны бұдан әлдеқайда маңыздырақ, кей мағынада одан да басымдырақ болып көрінеді. Біздің барлығымызды ғасырлар бойғы ортақ тарихымыз, бірлесіп тұрмыс құру сал-

тымыз, мәдени мұрамыз, ортақ адами тағдырымыз біріктіреді» (Қосымшаны қараңыз).

21 қыркүйек

Мемлекет басшысы Италия Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Рим қаласына келісімен итальяндық журналистер үшін баспасөз конференциясын өткізді.

Қазақстан Президенті: «Батыс елдерінің ішінде Италия 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындады, ал қазір республика дүниежүзінің 61 мемлекетімен ынтымақтастық орнатты, олардың қатарында Италия екіжақты ынтымақтастықтың негізгі көрсеткіштері бойынша жетекші орынды иеленеді. 1993 жылы екі ел арасындағы тауар айналымының көлемі 80 млн. долларға дейін жетті, қазақстандық және ең ірі итальяндық компаниялардың арасындағы ынтымақтастық қарқынды түрде дамуда, әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті өнім өндіретін бірнеше ондаған бірлескен кәсіпорындар жұмыс істеуде», — деп атап айтты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» №156-XIII Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Б.Б. Жаңасаевты Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлер қолбасшысы қызметіне тағайындау туралы» №1869, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және азаматтарды 1994 жылдың қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» №1870, «Сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі республикалық комиссия құру туралы» №1871 жарлықтарына қол қойды.

22 қыркүйек

Мемлекет басшысы Италия Республикасына ресми сапары барысында Кастельгандольфо қаласына барып, Рим-католиктік шіркеуінің басшысы — Рим Папасы Иоанн Павел II кездесті.

Тараптар осы заманғы қоғамда руханилықты сақтау мен дамыту жолдары, Қазақстан мен Батыс Еуропа арасында гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндігі туралы пікір алмасты.

Сол күні Мемлекет басшысы Италия Республикасының Президенті О. Скальфаромен және Италия Республикасы Министрлер кеңесінің төрағасы С. Берлусконимен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықты кеңейту және бірқатар өзекті халықаралық мәселелерді талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Италия Республикасы арасындағы қарым-қатынас принциптері туралы декларацияға, Экономикалық ынтымақтастық туралы декларацияға, Қосарланған салық салуды жою туралы конвенцияға, Инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімге, Ғылым мен технология салаларындағы ынтымақтастық туралы хаттамаға және т.б. қол қойылды.

Күн соңында Мемлекет басшысы «Fata Group», «Europa-Metalli», «Eni S.p.A.» компанияларының басшыларымен екіжақты кездесулер өткізді, сондай-ақ «Confindustria» итальяндық өнеркәсібі жалпылама конфедерациясының басшылары мен мүшелерінің алдында сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №167-XIII, «Қазақ КСР-інде мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде» №168-XIII заңдарына қол қойды.

23 қыркүйек

Мемлекет басшысы Италия Республикасына ресми сапары барысында Рим қаласының көркем жерлерін аралап көрді, Венеция алаңындағы Белгісіз жауынгер бейітіне гүл шоқтарын қойып, Италияның еркіндігі мен тәуелсздігі үшін қаза болғандарды еске алды, содан соң Рим қаласының мэрлігіне барып, қала мэрі Ф. Рутеллимен кездесті.

Мемлекет басшысы Ватиканға барып, Ватикан Мемлекетінің Мемлекеттік хатшысы кардинал А. Со-

даномен кездесті, содан соң Әулие престолдың басты көрнекті жері — қабырғаларына Өркендеу дәуірінің ұлы шеберлері сурет салған Сикстин капелласының залын аралап көрді.

Сол күні Мемлекет басшысы Неаполь қаласына аттанды.

24 қыркүйек

Мемлекет басшысы Италия Республикасына ресми сапары барысында Неаполь қаласында Италияның іскерлік ортасының өкілдерімен, оның ішінде, «Eni S.p.A.» корпорациясының басшылығымен кездесті.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Капри аралына барып, оның көрнекті жерлерімен танысты.

25 қыркүйек

Мемлекет басшысы Сауд Арабиясы Корольдігінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Эр-Рияд қаласында Король Фахд бен Әбдел Әзизбен кездесіп, онымен Таяу Шығыстың, Парсы шығанағы өңірінің және әлемдік саясаттың өзекті мәселелері бойынша пікір алмасты.

Мемлекет басшысы «Okaz» және «Ash-Sharq al-Awsat» араб газеттеріне сұхбат беріп, онда: «Қазақстанның Сауд Арабиясымен қарапайым дипломатиялық және экономикалық қатынастарын қалпына келтіру үлкен араб әлемімен өзара іс-қимылына бастау салады деп ойлаймын», — деп мәлімдеді.

Президенттің айтуынша, капитал салу саласындағы Қазақстан-Арабия ынтымақтастығы «көп үміт күттіретін» болып көрінді. Н.Ә. Назарбаев Арабия елдерін Қазақстанда мұнай өндіру мен өңдеуге, ауыл шаруашылығы, туризм, банк саласы қызметін дамыту ісіне капитал салуға шақырды.

26 қыркүйек

Мемлекет басшысы Сауд Арабиясы Корольдігіне ресми сапары барысында ИКҰ бас хатшысы Х. Алгабидпен, Сауд Арабиясының «Dallah Al Baraka Group» ірі қаржы-өнеркәсіп тобының төрағасы, шейх

Салех Абдалла Камелмен, «Dabbah» компаниясының Президенті, шейх Аллах әл-Даббахпен, Премьер-министрдің орынбасары — Сауд Арабиясы Корольдігінің Қорғаныс және азаматтық авиация министрі, ханзада Сұлтан ибн Әбдел Әзиз әл-Саудпен және Парсы шығанағындағы араб мемлекеттері ынтымақтастығы кеңесінің бас хатшысының орынбасары Абдалла әл-Кувейзбен екіжақты кездесулер өткізді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Бірлескен коммюникеге, Экономикалық, сауда, техникалық, инвестициялық және мәдени салалардағы, сондай-ақ спорт пен жастар ісі бойынша ынтымақтастық туралы бас келісімге қол қойылды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Джидда қаласына барып, онда Джидданың Ислам сауда-өнеркәсіптік палатасында Сауд Арабиясы іскерлік топтары өкілдерінің алдында сөз сөйледі және оларды «қазақстандық өнеркәсіпшілермен және кәсіпкерлермен, әсіресе, мұнай өндіру мен түсті металдардың кен орындарын зерттеу ісінде теңқұқылы ынтымақтастыққа» шақырды.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Джидда қаласының тарихи ескерткіштерімен танысты.

27 қыркүйек

Мемлекет басшысы Сауд Арабиясы Корольдігіне ресми сапары барысында мұсылмандар үшін қасиетті Мекке қаласында болды, онда шағын қажылық жасап, Король Фахд бен Әбдел Әзиздің ерекше өкімімен Қағбаның (Аллаһтың үйі) ішіне кірудің сирек мүмкіндігіне ие болды.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Мәдина қаласына барып, Мұхаммед пайғамбар бейітін және оның кесенесін аралап көрді.

ҚАЗАН 1994



Дс		3	10	17	24	31
Сс		4	11	18	25	
Ср		5	12	19	26	
Бс		6	13	20	27	
Жм		7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29	
Жк	2	9	16	23	30	

1 қазан

Мемлекет басшысы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрында өткен «Ермек Серкебаев Алматыға шақырады» атты I Халықаралық классикалық музыка фестивалінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы Украинаның Президенті Л.Д. Кучмаға Украинаның неміс-фашистік басқыншылардан азат етілгеніне 50 жыл толуына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

3 қазан

Мемлекет басшысы «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық сотының Қазақстан Республикасынан қатысушы судьяларына біліктілік сынын беру туралы» №1877 Жарлығына қол қойды.

5 қазан

Мемлекет басшысы «Халықаралық отбасы жылына байланысты рақымшылық жасау туралы» №174-XIII, «ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы» №176-XIII заңдарына қол қойды.

7 қазан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті жанынан Қорғаныс өнеркәсібі жөнінде комитет құру туралы» №1879 Жарлығына қол қойды.

10 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында ашылған «Ядролық қаруды таратпау туралы шартты ұзарту жөніндегі Халықаралық конференция» семинарына қатысушыларға сәлемдеме жолдады.

«...Шартқа жақында ғана қосылған жас тәуелсіз мемлекет Қазақстан Республикасы ядролық қаруды таратпау режимін бекіту саясатын қатаң әрі дәйекті түрде жүргізуде. Қазақстанның бірінші болып СШҚ-1 шартын және Лиссабон хаттамасын ратификациялауы, Семей ядролық полигонын мәңгілікке жауып, теңдессіз тарихи актіні жүзеге асыруы оның салмақты дәлелі бола алады», — делінген сәлемдемеде.

Мемлекет басшысы «М. Жолдасбековке Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1886, «С.Т. Тұрсыновқа Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1887 жарлықтарына қол қойды.

11 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің отырысына төрағалық етіп, үкіметтің Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу бағдарламасының орындалу барысы туралы есебін тыңдады.

Талқылау қорытындыларын шығара отырып, Президент «үкімет Бағдарламасының бекітілгеніне айтарлықтай уақыт болды. Алайда Министрлер кабинетінің жұмысында оң өзгерістер бола қойған жоқ. Қойылған міндеттер нақты орындалмайды, үкімет бөлімшелері арасында келісілген іс-қимыл жоқ. Ең бастысы, ол сол қалпы біртұтас команда бола алмады. Жоғарғы атқарушы органның баяу әрекеттерінің салдарынан күн сайын халықтың жағдайы нашарлай түсуде. Оның әлеуметтік-экономикалық өмірінде көзге көрінерлік өзгерістер байқалмайды», — деп атап айтты.

Министрлер кабинеті үкімет өз қызметінде едәуір қателіктер мен олқылықтар жібергенін мойындады, экономиканы нарықтық жүйенің қайта құру жолындағы басымдықтарға күш-жігерін толығымен жұмылдыра алмады, қоғамның заманға сай дамуының талаптарын орындай алмады.

Мемлекет басшысы отырыс қорытындылары бойынша үкіметтің отставкасын қабылдады.

Отырыс аяқталысымен Н.Ә. Назарбаев баспасөз конференциясын өткізіп, онда қабылдаған шешімінің себептерін түсіндіріп берді және «жаңа Министрлер кабинеті ең алдымен республиканы ұзаққа созылған дағдарыстан шығару жөніндегі міндеттерді орындауға кірісуі керек», — деген сенім білдірді.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он үшінші шақырылымы депутаттарымен кездесіп, олармен Премьер-министр, оның орынбасарлары және бірқатар Министрлер кабинеті мүшелерінің қызметтеріне кандидатураларды талқылады.

Мемлекет басшысы «М.М. Тәжинді Қазақстан Республикасы Президентінің Мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» №1888, «Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің орнынан түсуі туралы» №1891 жарлықтарына қол қойды.

12 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымы I сессиясының жалпы отырысына қатысып, Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің жаңа құрамы мүшелерінің кандидатураларын енгізді.

Мемлекет басшысы «Ә.М. Қажыгелдинді Қазақстан Республикасының Премьер-министрі қызметіне тағайындау туралы» №1892, «Н.Қ. Есенғаринді Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1893, «А.С. Есімовті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1894, «В.Л. Меттені Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1895, «В.В. Соболевті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1896, «Б.Ә. Баекеновті Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі қызметіне тағайындау туралы» №1897, «Қ.К. Тоқаевты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қызметіне тағайындау туралы» №1898, «С.Қ. Нұрмағамбетовті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі қызметіне тағайындау туралы» №1899, «А.С. Павловты Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметіне тағайындау туралы» №1900 жарлықтарына қол қойды.

13 қазан

Мемлекет басшысы «Нан, нан-тоқаш өнімдері, тары, ұнтақ жарма, піскен нан орнына сатылатын ұн мен құрама жем бағаларының босатылуына байланысты «1994 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде» №201-XIII Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Г.Г. Штойкты Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі қызметіне тағайындау туралы» №1901, «Т.А. Мамашевты Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі қызметіне тағайындау туралы» №1902, «Н.Ө. Балғымбаевты Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрі қызметіне тағайындау туралы» №1903, «А.Қ. Тышановты Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі қызметіне тағайындау туралы» №1904, «С.Қ. Әлиғожановты Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі қызметіне тағайындау туралы» №1905, «П.И. Крепакты Қазақстан Республикасының Еңбек министрі қызметіне тағайындау туралы» №1906, «С.Ж. Әбішевті Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің Іс басқарушысы қызметіне тағайындау туралы» №1907, «С.Ж. Дәукеевті Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №1908, «Б.С. Әйтімованы Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрі қызметіне тағайындау туралы» №1909, «В.В. Девятконы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметіне тағайындау туралы» №1910, «В.С. Школьникті Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрі қызметіне тағайындау туралы» №1911, «Е.Ә. Мәмбетқазиевті Қазақстан Республикасының Білім министрі қызметіне тағайындау туралы» №1912, «А.С. Сәрсенбаевты Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі қызметіне тағайындау туралы» №1913, «Ж.С. Кәрібжановты Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне тағайындау туралы» №1914, «Б.В. Төтеновті Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №1915, «С.А. Медведевті Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрі қызметіне тағайындау туралы» №1916, «А.А. Тілеубердинді Қазақстан Республикасының Экономика министрі қызметіне тағайындау туралы» №1917, «В.В. Кармаковты Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрі қызметіне тағайындау туралы» №1918, «Н.А. Шәйкеновті Қазақстан Республикасының Әділет министрі қызметіне тағайындау туралы»

№1919, «Б.С. Оспановты Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1920, «В.И. Горячковскийді Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1921, «С.С. Айымбетовті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1922, «П.В. Своикті Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1923, «Н.М. Макиевскийді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1924, «С.С. Қалмырзаевты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1926 жарлықтарына қол қойды.

14 қазан

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Ресей Федерациясының елшісі В. Долгов пен Ватикан Мемлекетінің елшісі Әулие престолдың апостолдық нунциі М. Олледен сенім грамоталарын қабылдады.

Президент дипломаттарды жоғары тағайындауларымен құттықтады және «Әулие престолдың өкілі Орталық Азияның егеменді республикасында бірінші рет тағайындалғанын» атап өтіп, олардың Қазақстандағы жұмысына табыс тіледі.

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Ресей Федерациясы Үкіметі төрағасының орынбасары — Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы А.Б. Чубайсты қабылдады.

Кездесу барысында нарықтық қайта құру, бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру, жекешелендіру, өнеркәсіп өндірісін дамыту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «С.А. Терещенкоға Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1928, «Т.Т. Жүкеевті Қазақстан Республикасы

Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы қызметіне тағайындау туралы» №1929, «Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің құрамы туралы» №1930, «С.Қ. Түгелбаев туралы» №1931, «Ө. Өзбековті Алматы облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1932 жарлықтарына қол қойды.

15 қазан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 4 сәуірдегі №1618 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1933, «А.С. Күленовке, А.Ф. Христенкоға жоғары ерекшелелік белгісі — «Халық қаһарманы» атағын беру туралы» №1935, «Бір топ қызметкерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1936, «Қ.Н. Мейірмановты, В.М. Смирновты, А.Н. Сорокинді «Данқ» орденімен наградтау туралы» №1937, «Р.С. Атамбаевты, О.Б. Жанқожаевты, М.Н. Жүсіпбаевты және И.Б. Сованы «Ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №1938, «Республиканың бір топ қызметкерлерін «Шапағат» медалімен наградтау туралы» №1939, «Т.О. Әубәкіровке «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» құрметті атағын беру туралы» №1940 жарлықтарына қол қойды.

16 қазан

Мемлекет басшысы Атырау облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында облыс активіне облыстық әкімшіліктің жаңа басшысы Р.Т. Шырдабаевты таныстырды.

Мемлекет басшысы «Р.Т. Шырдабаевты Атырау облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1941 Жарлығына қол қойды.

17 қазан

Мемлекет басшысы Түркия Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Анкара қаласында Президент С. Демирельмен және Ұлы ұлттық жиналысының төрағасы Х. Джиндорукпен кездесті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы шартқа, Екі мемлекеттің сыртқы істер министрліктері арасындағы саяси консультациялар туралы хаттамаға қол қойылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Премьер-министрі Т. Чиллерді, Отан партиясының бас хатшысы М. Йылмазды, сондай-ақ түркиялық іскер орта өкілдерін қабылдады.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №1942 Жарлығына қол қойды.

18 қазан

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Ыстамбұл қаласында өткен Түркі тілдес мемлекеттер басшыларының екінші кездесуіне қатысты.

Саммитке сондай-ақ Түркия Республикасының Президенті С. Демирель, Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Алиев, Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов және Түрікменстан Республикасының Президенті С.А. Ниязов қатысты.

Кездесуге қатысушылар экономика, көлік, ауыл шаруашылығы және гуманитарлық салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықтың перспективаларын талқылады.

Келіссөздер Ыстамбұл декларациясына қол қойып, оны қабылдаумен аяқталды.

19 қазан

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Ыстамбұл қаласында өткен Түркі тілдес мемлекеттер басшыларының екінші кездесуінің қорытындылары жөніндегі баспасөз конференциясына қатысты.

Журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, Қазақстан Президенті «бұрын жасанды шекаралармен қоршалған түркі әлемі өзінің тарихи бастауына қайта оралып отыр, бұл заңды да, себебі ортақ мыңжылдық тарихы, мәдениеті мен тілі бар мемлекеттер мен адамдарды бір-бірінен ажыратуға болмайды. Бұл бірігу қару-жарақты көбейтуді көздемейді, басқа мемлекеттерге қарсы бағытталып отырған жоқ, ол рухани жаңару, экономикаларды дамытуға көмек көрсетуді мақсат етіп қояды», — деп атап айтты.

20 қазан

Мемлекет басшысы «Overseas Private Investment Corporation» инвестициялық корпорациясының

президенті Р.Р. Харкин бастаған АҚШ бизнесмендерінің делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында американдық компаниялар қатыса алатын перспективті инвестициялық жобалар талқыланды.

Мемлекет басшысы «Ж.М. Жұманбековке генерал-майор әскери атағын беру туралы» №1945, «С.Д. Тасмағамбетовке заң генерал-майоры арнаулы әскери атағын беру туралы» №1946, «Сыныптық шен беру туралы» №1947 жарлықтарына қол қойды.

21 қазан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммит барысында Интеграциялық дамудың негізгі бағыттары туралы меморандумға, Мемлекетаралық экономикалық комитет (Экономикалық одақтың тұрақты әрекет ететін органы) құру туралы келісімге және Төлем одағын құру туралы келісімге қол қойылды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда Ресей, Украина және Беларусьпен бұрынғы КСРО құрамына кірген мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттеу мақсатында құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамына кірген 11 мемлекет ТМД қағидаттары мен мақсаттары жазылған Алматы декларациясына қол қойды. Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Қорғаныс министрлерінің кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқару комитеті және т.б. ТМД органдары болып табылады.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар бұрын қол қойылған «Байқоңыр» ғарыш айлағы мен Ленинск қаласы бойынша келісімдерді іске асыру мәселелерін, сондай-ақ кедергісіз азаматтықты ауыстыру жөніндегі құжаттарды дайындау тәртібін талқылады.

22 қазан

Мемлекет басшысы ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысуына байланысты Ресей Федерациясында болған кезінде Ресей ғылым академиясына барып, онда ғалымдармен және саясаткерлермен кездесті, сондай-ақ Қазақстан Елшілігінде қазақстандық ардагерлермен кездесті, мәскеулік және шетелдік БАҚ үшін баспасөз конференциясын өткізді.

23 қазан

Мемлекет басшысы Республика күні қарсаңында Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік наградаларына лайық бір топ қазақстандықтарды қабылдады.

Президент №1 «Отан» орденін Қарағанды металлургия комбинатының аға қақтаушысы С.Д. Дрожжинге табыс етті, бірінші «Даңқ» ордендерін жауынгерлік ерлігі үшін полковниктер Қ.Н. Маерманов және А.Н. Сорокин алды, «Парасат» ордендері дәрігер Н. Каюпова мен жазушы И.П. Щеголихинге берілді.

Н.Ә. Назарбаев марапатталғандарды құттықтап, «егеменді Қазақстанның жаңа наградалары — бұл егеменді мемлекеттіліктің тағы бір белгісі», — деп атап айтты.

1

2

3

4

5

«Отан» ордені (1-сурет) 1993 жылы тағайындалған. «Отан» орденімен азаматтар мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі, экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы, мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы айрықша еңбегі үшін наградталады.

«Даңқ» ордені 1993 жылы белгіленді. Екі дәрежесі бар. «Даңқ» орденімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының жоғары офицерлік құрамының, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер және басқа органдар басшы құрамының адамдары әскерлерге басшылық ету мен басқару ісіндегі табыстары, әскерлердің жоғары жауынгерлік даярлығы және елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз еткені үшін, әскери, шекаралық және ішкі қызметті үздік ұйымдастырғаны, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз еткені, заңдылықты және қоғамдық тәртіпті сақтауды нығайтқаны үшін наградталады.

I дәрежелі «Даңқ» ордені жұлдыздан (2-сурет) және иыққа асатын лентадағы орден белгісінен (3-сурет) тұрады. II дәрежелі «Даңқ» ордені тақташасындағы белгіден (4-сурет) тұрады.

«Парасат» ордені (5-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері,

сондай-ақ Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан немесе адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградталады.

24 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Республика сарайында өткен Республика күніне арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

«Сіздерді және тәуелсіз Қазақстанның барлық азаматтарын, отандастарымыз бен шетелдік достарымызды ең үлкен мемлекеттік мереке — Республика күнімен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Бұл күн тәуелсіз еліміздің тарихында тұңғыш рет күз айында мерекеленіп отыр. Оның басты себебі — осыдан 4 жыл бұрын дәл осы күні Егемендік туралы Декларациямыз қабылданған еді. Біздің өз алдымызға мемлекет болып, шаңырақ көтеруімізге және Ата заңымыздың қабылдануына берік негіз қалаған, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық саяси дамуымыздың келешегіне айқын жол ашқан осы Декларация екені баршаға белгілі.

...Бұл мемлекет ретінде өз алдына отау тіккен, республикамыздың мәртебесін асқақтатқан, бүкіл әлем алдында Қазақстан деген ел бар екенін паш еткен туған тарихымыздағы тұңғыш құжат. Мұнда егемендіктің басты ерекшеліктері болып табылатын белгілер — өз аумағымыз бен азаматтығымыз, дербестігіміз бен ел ішіндегі мемлекеттік биліктің өз қолымызда екені, Конституция мен заңдардың үстемдігі, өз бюджетіміз бен қаржы-несие жүйесі, пәрменді құрылымдарымыз, халықаралық қатынастардағы еріктілігіміз көрініс тауып, баршамыз үшін ең қымбаттысы — мемлекеттік егемендігіміздің классикалық нысандары — Елтаңбамыз, Туымыз, Әнұранымыз бекітілді.

...Талай ұрпақ ғасырлар бойы аңсап келген арман жүзеге асып, ол бүгінде жалпыазаматтық жетістіктерге айналып отыр», — деді Президент сөйлеген сөзінде (Қосымшаны қараңыз).

Сөзінің соңында Н.Ә. Назарбаев салтанатты түрде «Халық қаһарманы» атағына ұсынылып, оның бірінші иегерлері атанған С.Қ. Нұрмағанбетовке, А.С. Күленовке және А.Ф. Христенкоға алтын жұлдыздар мен «Отан» ордендерін, сондай-ақ М.Д. Симашко мен Н. Фазыловқа Бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығын табыс етті.

Жиналыс Т.А. Мұсабаев пен оның жолдастарының «Мир» орбиталық стансасы бортынан тікелей эфирден берілген ғарыштық ұшуынан жолдаған құттықтауларымен аяқталды.

1

2

«Халық қаһарманы» атағы Қазақстан Республикасының жоғарғы дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады. 1993 жылы бекітілген. Атақ Қазақстан Республикасына сіңірген аса көрнекті қызметі үшін, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық және жауынгерлік ерліктері үшін беріледі. «Халық қаһарманы» атағына ие болған тұлғаларға Алтын жұлдыз (1-сурет) және «Отан» ордені (2-сурет) тапсырылады.

25 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Республика алаңында өткен Республика күніне арналған мерекелік шараларға қатысты.

26 қазан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің актілері туралы» №1951, «Азаматтардың ұсыныстарын, өтініштері мен шағымдарын қараудың тәртібі туралы» №1952 жарлықтарына қол қойылды.

27 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанның көлік және коммуникация саласының өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында Президент жиналғандарға елде іске асырылып жатқан реформаларға қарқынды түрде қолдау көрсетуге, дұрыс әрі ұстамды баға саясатын жүргізуге және нақты шығындарды есепке ала отырып, теміржол көлігі тарифін біршама төмендетуге шақырды.

Кездесу қорытындысы бойынша Министрлер кабинетіне, әсіресе, өндірістік емес құрылымдар үшін тиімділіктің ең шеткі деңгейінде бағаны бақылау бойынша іс-шараларды тыңғылықтау тапсырылды.

Мемлекет басшысы өз жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңесінің отырысын өткізіп, онда Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру тұжырымдамасы талқыланды.

Отырыс соңында Президент салтанатты түрде Қазақстан мәдениет қорының төрағасы, академик Ж.М. Әбділдинге 1994 жылғы Президенттің

Бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығын табыс етті, сондай-ақ жазушы Г.К. Бельгерді 60 жасқа толуымен құттықтап, мерейтой иесіне атаулы тартуын табыстады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңесі — негізгі міндеті мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелері бойынша ұсыныс пен кеңес беру, Мемлекет басшысына биліктің барлық тармақтарының үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын анықтау болып табылатын кеңесші-консультативтік орган.

31 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік наградаларына лайық бір топ Қазақстан азаматтарын қабылдады.

Президент «Отан» орденін белгілі жазушы Ә.К. Нұрпейісовке, «Парасат» орденін жазушы және аудармашы Г.К. Бельгерге, «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» куәлігін алғашқы қазақ ғарышкері Т.О. Әубәкіровке табыс етті.

1

2

«Отан» ордені (1-сурет) 1993 жылы тағайындалған. «Отан» орденімен азаматтар мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі, экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы, мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы айрықша еңбегі үшін наградталады.

«Парасат» ордені (2-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан немесе адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградталады.

ҚАРАША 1994



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	

1 қараша

Мемлекет басшысы елімізге Қазақстан-Америка бірлескен комиссиясының американдық бөлігінің жетекшісі ретінде келген Америка Құрама Штаттарының Жаңа тәуелсіз мемлекеттермен қатынастардағы Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Дж. Коллинзді қабылдады.

Кездесу барысында өзара табысты ынтымақтастықтың әртүрлі бағыттары бойынша екі мемлекет арасындағы қатынастардың дамуына ризашылық білдірілді. Дж. Коллинз Н.Ә. Назарбаевқа АҚШ Президенті Б. Клинтонның құттықтауын және вице-президент А. Гордың жолдауын жеткізді.

Қазақстан-Америка бірлескен комиссиясы 1994 жылы Қазақстан мен АҚШ арасындағы ынтымақтастықты тереңдету мен кеңейту мақсатында құрылған. Комиссияның Аға тең төрағалары Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен АҚШ вице-президенті А. Гор болды. Комиссия отырысы жылына бір рет, Қазақстанда және АҚШ-та кезектесіп өткізіледі.

Екіжақты Қазақстан-Америка уағдаластықтарының іске асырылуын бақылап отыратын комиссия жұмысына екі елдің жоғары лауазымдағы атқарушы билік өкілдері қатысады.

2 қараша

Мемлекет басшысы ХВҚ миссиясының басшысы, ХВҚ Еуропалық департаменті бөлімінің бастығы И. Капурды қабылдады.

Әңгімелесу барысында елді қаржылық сауықтыру және қазақстандық экономиканы реформалау мәселелері талқыланды.

3 қараша

Мемлекет басшысы Жезқазған облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Жезқазған қаласында «Жезқазғантүстіметалл» АҚ барып, жылдық өнімділігі 50 мың тоннаға жететін мыс катанкалар шығарумен айналысатын зауыттың іске қосылуына қатысты. Митингте сөз сөйлей келе, Президент нарыққа көшу жағдайындағы бірлестіктің тиімді жұмысын атап көрсетті.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев С. Сейфуллин ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, құрылысы жүріп жатқан аурухана кешеніне барды. Содан кейін Жезді кентіндегі тау ісінің мұражайын аралап көріп, өлкені өнеркәсіптік игеру тарихына арналған экспозициясымен танысты

және мұражайдың Құрметті меймандар кітабына естелік жазбасын қалдырды.

Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы облыс активімен кеңес өткізіп, онда өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алып, жекешелендіру, халықтың аз қамтылған топтарын әлеуметтік қамтамасыз ету мен қолдау мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Жеке тұрғын үй құрылысы туралы» №213-XIII Заңына қол қойды.

4 қараша

Мемлекет басшысы Торғай облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында авто- және ауыл шаруашылық техникаларын шығаратын Арқалық машина жасау зауытының жұмысымен танысты, сондайақ былғары шикізатын өңдеу және былғары өнімдерін тігумен айналысатын «Әсел» Қазақстан-Түркия кәсіпорнында болды.

Сол күні Мемлекет басшысы «Мир» орбиталық стансасында өздерінің ғарыштық вахтасын аяқтаған ғарышкерлер Т.А. Мұсабаев, Ю.И. Маленченко және У. Мербольдті қарсы алу салтанатына қатысты.

Халықаралық ғарыш экспедициясының табысты аяқталуына арналған митингте Н.Ә. Назарбаев Сарыарқаның ежелгі даласы ұшырылатын ғарыш кемелері аппараттары үшін сенімді айлаққа айналғанын атап айтты.

Т.А. Мұсабаев — Қазақстан Республикасының алғашқы ғарышкері, авиацияның генерал-лейтенанты, Қазақстан Республикасының ғарышкер-ұшқышы, «Халық қаһарманы», Ресей Батыры, техника ғылымдарының докторы, жоғары пилотаждан КСРО спорт шебері.

Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылында 1951 жылы 7 қаңтарда туған.

1974 жылы Ленин комсомолы атындағы Рига азаматтық авиация инженерлері институтын «Авиациялық радиожабдықтарды техникалық пайдалану» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1993 жылы Ақтөбе жоғарғы ұшқыштар училищесін бітірді.

1991 жылы ғарышкерлер отрядына алынды. Ғарышқа 1994, 1998, 2001 жылдары- үш рет ұшты. Соңғы екі ғарыш экспедицияларында экипаж командирі ретінде ұшты. Ғарышта

жалпы алғанда бір жылға жуық уақыт — 341 күн өткізді. Ол ашық ғарыш кеңістігіне жалпы ұзақтығы 41 сағат 8 минут құраған 7 рет шықты. 2001 жылы ол алғашқы ғарыш турисі АҚШ азаматы Д. Титоны орбитаға шығарып, ғарыш туризмі дәуірін ашты.
2007 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігін басқарды.

7 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының мүшелерін қабылдады.

Конституциялық сот төрағасы М.Т. Баймаханов Президентті сот билігі органының жұмысы туралы хабардар етті және Конституциялық сот пен конституциялық сот ісін жүргізу туралы заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізудің дұрыстығы туралы пікірін айтты.

Кездесу барысында сондай-ақ Конституциялық соттың күн сайынғы қызметі, елдегі құқықтық реформаның іске асырылуы туралы мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қ.Б. Саудабаевты Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1957 Жарлығына қол қойды.

8 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтының тұсаукесер рәсіміне қатысты.

Салтанатты шарада сөз сөйлей отырып, Президент: «Бұл — заңгерлерді дайындап қана қоймай, құқықтанудың әртүрлі салаларында жұмыс істей алатын, сауатты мамандар шығаратын алғашқы оқу орны. Қазір тәуелсіз Қазақстанға мықты заңгерлік дайындығы бар мемлекеттік қызметшілер аса қажет», — деп атап көрсетті.

9 қараша

Мемлекет басшысы «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңына толықтыру енгізу жөнінде» №219-XIII Заңына қол қойды.

11 қараша

Мемлекет басшысы ХҚДБ Президенті Л. Престонды қабылдады.

Әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев және Л. Престон ынтымақтастық жолдары мен мұнай-газ және ауыл шаруашылығы салаларындағы болуы мүмкін бірлескен жобалардың келешегі туралы пікір алмасты.

Президент басым жобалар ретінде мұнай-газ өндірісі саласын дамытуды, Батыс Қазақстаннан Қара теңізге мұнай құбырын тартуды, ауыл шаруашылығын атады.

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы М.О. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында өткен Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің 60 жылдығына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

Мемлекет басшысы «Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрі әртістерінің бір тобын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1961 Жарлығына қол қойды.

12 қараша

Мемлекет басшысы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің 60 жылдығына арналған салтанатты кешке қатысты.

14 қараша

Мемлекет басшысы «Н.Қ. Есенғаринді Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық комитеті төралқасының мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №1962 Жарлығына қол қойды.

26 қараша

Мемлекет басшысы «Еуромир-94» ғарыш экспедициясының мүшелері Ю.И. Маленченко, Т.А. Мұсабаев және У. Мербольдке құттықтау жедел-хатын жолдады.

Қазақстан Президенті экипажды «Мир» орбиталық стансасы бортындағы жұмысы үшін Ресей Федерациясының жоғары мемлекеттік наградаларымен марапатталуымен құттықтады: «Осылайша, сіздердің ғарышты игеру, адамзат игілігі үшін ең жаңа технологияларды тиімді пайдалану ісіне қосқан айрықша үлестеріңіз атап өтілді. Дүниежүзілік космонавтиканың жинақтаған тәжірибесі көрсетіп отырғандай, барлық экономикалық дамыған елдердің күш біріктіруінсіз адамдардың олар үшін жаңа тіршілік ортасына одан әрі кіруі тиімсіз. Бұл тұрғыдан алғанда, интернационалдық экспедиция адамзаттың ғарыш әлемі туралы білімдерін толықтырып қана қоймай, ең маңыздысы, халықаралық ынтымақтастықтың шабыт беретін үлгісіне айналды».

Мемлекет басшысының атына Америка Құрама Штаттарының Президенті Б. Клинтонның ядролық материалдарды Қазақстаннан АҚШ аумағындағы қоймаларға жеткізу бойынша бірлескен жұмыстың сәтті аяқталуына орай жеке жолдауы келіп түсті.

«Мен ядролық қаруды таратпау саласындағы Сіздің теңдессіз бастамаңызды аса жоғары бағалаймын. Бұл Қазақстан мен АҚШ-тың бірлесіп әрекет еткен командаларының атқарған маңызды операциясы ядролық материалдарды таратуға жол бермеу жөніндегі біздің ортақ күш жұмсауымыздың ерекше кезеңі болып табылады. Ол біздің екі мемлекет арасындағы кемел серіктестік сенімінің тереңдей түскенін көрсетеді. Сіз өз еліңіздің аумағындағы барлық ядролық материалдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шараларын қолданып жатқаныңызды білемін және бұл тұрғыдағы Сіздің жауапты әрекеттеріңізге таңқаламын. Сіз бүкіл әлемнің ризашылық білдіруіне лайықтысыз», — делінген жолдауда.

Б. Клинтон «ядролық қаруды таратпау өзекті мақсаты болып табылатынын» атап айтты және Н.Ә. Назарбаевқа «СШҚ-1 шартын жедел түрде қолданысқа енгізу мәселелеріндегі бірлескен қызметі мен мақсаттылығы үшін» шын жүректен алғыс білдірді. АҚШ Президенті «жуық арада болатын Н.Ә. Назарбаевпен жеке кездесуі бірқатар мәселелерді талқылауға мүмкіндік беретініне және екі елдің қарусыздандыру мен ядролық қаруды таратпау идеяларының жақтаушылары екенін паш ететініне» сенім білдірді.

30 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Венгрия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Й. Торманы қабылдады.

Әңгімелесу барысында алдағы уақытта ЕҚЫҚ мен Н.Ә. Назарбаевтың Венгрияға ресми сапары аясында Будапешт қаласында өтетін жоғары мәртебелі кездесуіне байланысты мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы «М.Ф. Бабушкинге жоғары біліктілік сыныбын беру туралы» №1967 Жарлығына қол қойды.

ЖЕЛТОҚСАН 1994

Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	31
Жк	4	11	18	25	

ОСЫ ЖЕРДЕ
ТӘУЕЛСІЗДІК
МОНУМЕНТІ
ОРНАТЫЛАДЫ

1 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Моңғолия Республикасының Премьер-министрі П. Жасрайды қабылдады.

Кездесу барысында түсті металдар мен басқа да материалдардан дайын өнім өндіру бойынша бірлескен кәсіпорындар құру, ашық түсті мұнай өнімдерін Моңғолияға экспорттауды дұрыс жолға қою, өз еркімен көшу мен еңбек көші-қонын реттеу мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Моңғолия Республикасы арасындағы өз еркімен көшу және Қазақстан Республикасына еңбек шарттары бойынша келген тұлғалардың азаматтық алу мәселелерін реттеу туралы шартқа, Өзара сапарлар туралы келісімге, Инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімге және т.б. қол қойылды.

2 желтоқсан

Мемлекет басшысы Хиросима қаласында өткен XII қысқы Азия ойындарында жүлдегерлер атанып, командалық есепте құрметті төртінші орынды иеленген бір топ қазақстандық спортшыларды қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев спортшылар мен жаттықтырушыларды зор спорттық жетістіктерімен жылы құттықтап, Қазақстан Республикасын дүниежүзілік спорттық сахнада лайықты көрсеткендері үшін алғыс білдірді.

Мемлекет басшысы «Б.Р. Ахметғалиевті Қазақстан Республикасынан Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық комитеті алқасының құрамына Өкілетті өкілі қызметіне тағайындау туралы» №1970, «Кешірім жасау туралы» №1971 жарлықтарына қол қойды.

5 желтоқсан

Мемлекет басшысы Венгрия Республикасының астанасы Будапешт қаласында өткен ЕҚЫК қатысушы елдердің мемлекет мен үкімет басшыларының кездесуіне қатысты.

«ЕҚЫК Еуропа құрлығында тұрақтылық пен қауіпсіздікті ұстап тұрудың өзекті мәселелерін талқылаудың ғана емес, олар бойынша сындарлы шешімдер қабылдау үшін де зор мүмкіндіктерге ие

бірегей халықаралық институт болып табылатынына еш күмән жоқ. Қазақстан ЕҚЫҚ-ге кіру туралы шешім қабылдау кезінде дәл осы міндеттерді басшылыққа алды.

Қатысушыларының кең құрамы және өкілеттігінің ауқымдылығы қазір де Кеңеске өз миссиясын мақсатты түрде жүзеге асыруға, өкінішке орай, толық күшіне енбеген өз әлеуетін қарқынды түрде іске асыруға мүмкіндік береді. Алайда, осындай жағдай кереғарлық дәуірінде құрылып, қазіргі кезде жаңарып жатқан әлемге қиын бейімделу кезеңін басынан өткеріп отырған басқа да өңірлік ұйымдарға да тән. ЕҚЫҚ-ның Еуропадағы дағдарыстың алдын алу мен реттеу жөніндегі міндеттерді шешудің бірқатар талпыныстарының аяқталмауы осымен түсіндірілетін болар», — деп мәлімдеді Қазақстан Президенті халықаралық аренадағы ЕҚЫҚ рөліне баға бере отырып (Қосымшаны қараңыз).

Саммит барысында 1992 жылғы Лиссабон хаттамасына қол қойған Қазақстан Президенті мен мемлекеттер басшылары Стратегиялық шабуылдау қаруын — СШҚ-1 шектеу туралы шарты бойынша ратификациялық грамоталарын алмасу туралы хаттамаға қол қойды.

Өз кезегінде Ұлыбритания, Ресей және АҚШ көшбасшылары Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне кепілдік беру туралы меморандумына қол қойды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Ұлыбритания, Франция және Қытайдың қорларын бірге алғанда асып түсетін қуаты жағынан дүниежүзінде төртінші орындағы ядролық арсеналға ие болды. Оның үстіне, Қазақстанға өзінің ядролық қаруын жасап шығару үшін қажетті барлық ғылыми-зерттеу, өндіру және өндірістік инфрақұрылымдары мұраға қалды.

Сонымен бірге, Қазақстан басынан бастап ядролық қарудан бас тартатынын мәлімдеді. Бұл ретте, Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев ядролық қауіпсіздікке кепілдік берілмесе, мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан ядролық оқтұмсықтарды шығару мен бөлшектеу мүмкін емес екені туралы принципті ұстанымын нақты айқындап берді.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1992 жылғы мамыр айындағы АҚШ-қа бірінші ресми сапары кезінде АҚШ-тың Қазақстанға қауіпсіздікті қамтамасыз ету кепілдіктеріне айырбас ретінде Қазақстан ЯҚТШ-ға ядролық қарусыз держава ретінде кіруі туралы жариялады және ядролық оқтұмсықтардағы уран құнын республикаға қайтаруын та-

лап ете отырып, Ресейге зымыранды-ядролық стратегиялық қаруды бөлшектеп шығаруды міндеттенді.
1994 жылғы желтоқсан айында Будапешт қаласындағы ЕҚЫК кеңесі барысында Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың депозитарийлері — Ресей, АҚШ және Ұлыбритания тарапынан Қазақстанға қауіпсіздік кепілдіктерін беру туралы Меморандумға қол қойылды, онда Қазақстанның аумақтық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігіне қарсы күш қолданбау, экономикалық мәжбүрлеуден бас тарту туралы міндеттемелер келтірілген. Кейінірек ҚХР мен Франция да өз кепілдіктерін берді.

Мемлекет басшысы ЕҚЫК қатысушы елдердің мемлекет мен үкімет басшыларының кездесуі аясында бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

АҚШ Президенті Б. Клинтонмен кездесу барысында тараптар демократиялық серіктестікті одан әрі нығайту, Қазақстанның табиғат ресурстарын игерудегі ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ бірқатар өзекті халықаралық мәселелерді талқылады. Б. Клинтон жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту ісіне қосқан Қазақстанның және Н.Ә. Назарбаевтың жеке үлесін атап өтті және «АҚШ, Ресей және Ұлыбритания тарапынан Қазақстанға берілген қауіпсіздіктің, аумақтық тұтастық пен егемендіктің кепілдіктерін» ерекше атап айтты.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Премьер-министрі Дж. Мейджормен, Испания Корольдігі Үкіметінің төрағасы Ф. Гонсалеспен және Израиль Мемлекетінің Сыртқы істер министрі Ш. Переспен кездесті.

6 желтоқсан

Мемлекет басшысы Венгрия Республикасына ресми сапарын бастап, осы елдің астанасы Будапешт қаласында Президент А. Генцпен және Премьер-министр Д. Хорнмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады, сондай-ақ өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Екі ел арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастық

негіздері туралы шартқа, Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияға, Инвестицияларды өзара қорғау туралы келісімге және т.б. қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі туралы» №1979 Жарлығына қол қойды.

7 желтоқсан

Мемлекет басшысы Венгрия Республикасына ресми сапары барысында сапар қорытындыларына, сондай-ақ ЕҚЫК қатысушы елдердің мемлекет және үкімет басшыларының кездесуіне арналған баспасөз конференциясын өткізді.

Н.Ә. Назарбаев: «Будапешт ЕҚЫК саммитіне қатысты айтар болсақ, ол Қазақстан үшін, шынымен де, дәуірлік маңызы бар оқиға болды десек, артық айтқандық емес. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық кеңесіне қатысушы елдердің мемлекет және үкімет басшыларының кездесуі аясында Тәуелсіздік, аумақтық тұтастық, экономикалық мәжбүрлеуді қолданбау, біздің елімізге қалыпты жолмен де, ядролық қарумен де шапқыншылық жасамау кепілдіктері туралы меморандумға қол қойылды. Осы құжатқа сәйкес, егер Қазақстан шабуылға ұшырайтын болса, онда БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің сәйкесті шешімі кідіріссіз қабылданатын болады. Бұл — біздің соңғы екі жыл ішіндегі күресіміздің нәтижесі. Тек осы шарттармен ғана біз өз елімізді ядролық қарусыз мемлекет деп танып, Ядролық қаруды таратпау туралы шартына қосыла алдық. Бұл ретте, Америка Құрама Штаттары, Ресей және Ұлыбритания нақты және бірбеткей түрде өз мойындарына алған міндеттемелер Қазақстан үшін зор тарихи мәнге ие», — деп мәлімдеді.

9 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің 60 жылдығына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

Жиналғандардың алдында сөз сөйлей отырып, Президент: «...Егер біздің елде іске асырылып жатқан реформалардың мәніне үңілсек, олардың барлығы да жас күштерді тартуға бағытталғанын түсіну қиын емес. Аға буын жаңғыртулар жүргізу үшін база,

заңнамалық негіз, қарапайым тілмен айтқанда, екпін алу үшін алаң жасауға ұмтылуда. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталатын үйдің құрылысын аяқтау біздің үлесімізге тимейтінін түйсіне отырып, қоғамды реформалауға кірістік», — деп атап көрсетті.

13 желтоқсан

Мемлекет басшысы елдегі әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси ахуал мәселелері бойынша республикалық кеңеске қатысты.

Өз сөзінде Президент: «...Нағыз егемендікті алған соң елге көбін басынан бастау қажет болды. Ең алдымен, күрделі жағдайда экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру, нарықтық қатынастар енгізу, қоғамның нағыз демократияланауына қол жеткізу. Оны көрмеу және түсінбеу — теріс түсіну немесе шынайы өмірде болып жатқан үдерістерге бүркеулі көзқараспен қарау дегенді білдіреді.

Біз ашық қоғам құрудамыз. Онда көзқарастар плюрализмі мен әрбір адамның өзінің жеке пікірін ашық түрде білдіру мүмкіндігі болуы қажет. Бірақ, менің пікірімше, қоғамда жеке мүдделерін ойлап, корпоративтікке, саясатшылдыққа жол берілмеуі керек. Адамдар осының барлығынан шаршады, олар нарық пен митингілік құмарлық жүгенсіздігі, кереғарлық тәрізді үйлеспейтін ұғымдар екенін барынша жақсы түсіне бастады», — деп атап айтты.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанның шығармашыл зиялы қауым өкілдерінің үлкен тобын қабылдады.

Кездесу барысында Президент: «мәдениет және өнер қайраткерлерінің міндеті халық тағдырындағы тарихи өзгерістерді шығармашылықпен көрсету, оның рухани қазынасын байыту болып табылады», — деп атап айтты.

Н.Ә. Назарбаев арнайы Президенттік шығармашыл зиялы қауымды қолдау қорын құру туралы жариялады және Қазақстан Республикасы Президенті грантының бірінші иегерлері атанған мәдениет және өнер қайраткерлерінің есімдерін атады.

Мемлекет басшысы «М.Ф. Үркімбаевты Қазақстан Республикасынан Еуропа қайта құру және даму

банкінің Басқарушылар кеңесіндегі қызметінен босату туралы» №1982, «А.А. Тілеубердинді Қазақстан Республикасынан Еуропа қайта құру және даму банкінің Басқарушылар кеңесіне тағайындау туралы» №1983 жарлықтарына қол қойды.

14 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси ахуал мәселелері бойынша республикалық кеңеске қатысқан облыстық әкімшіліктер басшыларының орынбасарларын және облыстық газеттердің бас редакторларын қабылдады.

Кездесу барысында мемлекеттік жұмыстың өзекті мәселелері бойынша пікір алмасу өтті, атқарушы билік органдарының жұмысына бақылауды күшейтудің маңыздылығына, лауазымды тұлғалардың жеке жауапкершілігін арттыруға назар аударылды.

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы жаңа алаңда Тәуелсіздік монументінің іргетасын қалау салтанатты рәсіміне қатысты.

Сол күні Мемлекет басшысы Т. Рысқұловтың, С. Қожановтың, С. Сейфуллиннің, І. Жансүгіровтің және Б. Майлиннің туғандарына 100 жыл толуына арналған тарихи еске алу кешіне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев, салтанатты шараны аша келе: «Бүгін біз сталиндік қуғын-сүргін құрбандары болған атақты адамдар — Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиндерді ғана емес, сол жылдары кінәсіз қаза болған басқа да көптеген азаматтарды еске алып отырмыз. Олардың қатарында Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұхамедов, Санжар Аспандияров, Ораз Жандосов сияқты қазақтың біртуар ұлдары бар.

Біздің республикамызда сол жылдары мыңдаған адамдар және мыңдаған жер аударылған «халық жаулары» — әртүрлі ұлт өкілдері: орыстар мен украиндықтар, қалмақтар мен шешендер, белорустар мен немістер қаза болды.

Олардың есімдері мәңгілік есте қалады!», — деді (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Қазақстанның Мемлекеттік даму банкінің құрылуына байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заң құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №250-XIII, «Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №255-XIII заңдарына қол қойды.

15 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымы I сессиясының таңғы жалпы отырысына қатысты.

Президент сөйлеген сөзінде заңшығарушылық қызметтің таяу арадағы перспективаларына баса назар аударып: «...экономиканы нарықтық жолға ауыстыру заңнамалық органның едәуір жұмылдырылған жұмысын талап етеді, өте қысқа мерзім ішінде экономиканың серпінділігін ынталандырып, азаматтардың және барлық меншік нысандарының шаруашылық жүргізу субъектілерінің құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепілдік беретін, демократиялық нормаларды бұзғаны үшін сәйкесінше нақты және айтарлықтай қатаң жауапкершілік нормаларын белгілейтін тиісті нормативтік базаны қалыптастыру қажет», — деп атап көрсетті.

Мемлекет басшысы депутаттардан «жаңа жылға дейін маңыздылық дәрежесіне қарай ең шұғыл заңдарды қабылдап үлгеру үшін қарқынды және жемісті жұмыс істеуді, аптасына үш күн емес, бес күн жұмыс істеп, сайлаушылармен кездесулерді ауыстыруды, аса маңызды емес істердің барлығын қоя тұруын» сұрады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі У. Кортниді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның мұнай өндіру саласындағы екіжақты ынтымақтастығы, шетелдегі жеке инвестициялардың «Overseas Private Investment Corporation» американдық корпорациясы арқылы американдық компаниялардың капиталын тарту мәселелері талқыланды, сондай-ақ ел экономикасын реформалау барысы, ТМД елдеріндегі жағдай туралы және т.б. пікір алмасу болып өтті.

16 желтоқсан

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы ЕО комиссиясының Тұрақты өкілі Р. Кремерден сенім грамотасын қабылдады.

Әңгімелесу барысында Қазақстан мен ЕО арасындағы экономика, сауда және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейту және дамыту мәселелері талқыланды.

Президент: «Алматы қаласында Еуропалық Одақ өкілдігінің ашылуы Қазақстан мен Еуропа арасындағы экономикалық және саяси байланыстардың кеңеюіне жәрдемдеседі, еуропалық серіктестермен сауда және іскерлік қатынастарды дамытуға едәуір көмек көрсетеді», — деп атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның жоғары музыкалық оқу орны — Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының 50 жылдығына орай оқытушы-профессорлық құрамы және студенттерінің салтанатты жиналысына қатысты.

18 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Латвия Республикасының Президенті Г. Ульманиспен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйі мен даму келешегін талқылады, сондай-ақ өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты.

19 желтоқсан

Мемлекет басшысы Экономикалық реформалар жөніндегі комитеттің кеңейтілген отырысына қатысып, онда «Шетелдік инвестициялар туралы», «Банкроттық туралы», «Кепілдік туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары қаралды.

Президент отырыста сөйлеген сөзінде заң жобаларын бірлесіп талқылау үкімет пен Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесі заңшығарушылық қызметінің артта қалушылығын айқын көрсеткенін атап айтты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1986 Жарлығына қол қойды.

20 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымы I сессиясының жалпы отырысына қатысты.

Президент сөйлеген сөзінде «ел экономикасы бүгінгі күннің өзінде оған мұқтаж» екенін атап айта отырып, депутаттық корпусқа тағы да ең қысқа мерзімде Азаматтық кодексті қарауға кірісулерін сұрады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының экономикалық министрліктері мен ведомстволары басшыларымен кеңес өткізіп, онда өндірісті басқарудың ұйымдастырушылық сызбасын жетілдірудің, шетел инвестициялары мен сыртқы займдарды тарту мен пайдаланудың өзекті мәселелері талқыланды.

Президент үкіметтен бірінші кезекте шешілмеген әкімшілік және ұйымдастырушылық мәселелерді анықтауды, экономикалық басқарудың барлық буындары мен институттарының іс-әрекеттерінде біртұтастық пен үйлесімділікке қол жеткізуді талап етті.

21 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің алқа отырысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев елдің әскери басшылығы алдында жауынгерлік жаттығу мен Қарулы Күштердің жеке және командалық құрамының дайындығына сараптама жасап, жағдайына баға берді, сондай-ақ «жас мемлекеттің егемендігін нығайту — тиісті идеологияны әзірлеуді, халық өмірін жақсарту үшін шынайы тәуелсіздікке қол жеткізуді, елді жаңғыртуды, ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтауды, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріндегі интеграцияны одан әрі нығайтуды көздейтінін» атап айтты.

22 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 11 ақпандағы №1093

Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №1989, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 2 мамырдағы №1687 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №1990 жарлықтарына қол қойды.

23 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі республикалық комиссия құрамына өзгерістер енгізу туралы» №1993 Жарлығына қол қойды.

27 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымы I сессиясының жалпы отырысына қатысты, онда «Шетелдік инвестициялар туралы» заң жобасы мен Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі талқыланып, қабылданды.

Мемлекет басшысы «Шетелдік инвестициялар туралы» №266-XIII, «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі» №268-XIII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Агроөнеркәсіп кошені қызметкерлерінің бір тобын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1995 Жарлығына қол қойды.

28 желтоқсан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен телефон арқылы сөйлесіп, оның барысында тараптар екі елдің ішкі және сыртқы саясаттарындағы өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты. Атап айтқанда, Шешенстандағы жағдайды талқылап, қақтығысты саяси құралдармен шұғыл түрде шешуге ортақ пейілдерін білдірді.

Мемлекет басшысы АӨК қызметкерлерінің республикалық кеңесіне қатысқан Қазақстан Республикасының облыстық және аудандық әкімшіліктері басшыларымен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев «жергілікті әкімшіліктердің басшылары шаруашылық жүргізушілер болудан бұрын саясаткерлер болып, өз аймақтарында Президент жарлықтары мен үкімет қаулыларын табандылықпен іске асыруы қажет» екеніне баса назар аударды.

«Экономикалық реформалардың барысын ерекше қадағалауға алу қажет, бұл бағытта халық үшін, сондай-ақ республика егемендігін нығайту үшін не істеліп жатқаны туралы көпшілікке күн сайын түсіндіру керек. Біздің мемлекеттік саясаттың басты стратегиясы — Қазақстанның барлық азаматтарының идеялық бірігуін, республикадағы саяси тұрақтылықты, Ресеймен және басқа да көршілес елдермен достықты қамтамасыз ету», — деп атап көрсетті Президент.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің мүшелерін қабылдады.

Қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Президент: «кетіп бара жатқан жыл өте ауыр болды. Көптеген мәселелерді күрделі жағдайларда шешу қажет болды. Алайда, соған қарамастан, дағдарысты еңсере алдық. Өндіріс құлдырауының кемуі, дағдарысты ауыздықтау үрдісі байқалады. Алайда, ең бастысы, біздің ортақ қазақстандық үйімізде ұлтаралық келісім мен азаматтық бейбітшіліктің сақталуы — ең маңыздысы. Осының барлығы болса, республика ілгері басатын болады», — деді.

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Республикалық оқушылар сарайында балалар үйлерінің 500 тәрбиеленушілері мен Қазақстанның барлық аймақтарынан көпбалалы және аз қамтылған отбасыларының балалары үшін ұйымдастырылған жаңа жылдық балға қатысты.

Мемлекет басшысы «Тіркелген (ренталық) төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер енгізу туралы» №273-XIII, «Көлік құралдарына салынатын салық туралы» №275-XIII заңдарына қол қойды.

29 желтоқсан

Мемлекет басшысы республиканың 1994 жылғы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары мен «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттарын құрметтеу салтанатты рәсіміне қатысты.

Салтанатты марапаттау рәсімін аша отырып, Президент жаңа резиденцияның алғашқы қонақтары қатарында өзінің ең талантты отандастарын

қабылдағанына аса қуанышты екенін қанағаттанарлық сезіммен атап айтты және мемлекеттік сыйлықтарды С. Оразбаев пен Ә. Сараевқа, «Дарын» сыйлығын М. Ганцева, Е. Қосбармақов, А. Мұздахановаға табыс етті.

«Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығы Қазақстан Республикасының 35 жасқа дейінгі азаматтарына табысты ғылыми, шығармашылық және қоғамдық қызметі үшін беріледі. Сыйлық 2 жылда бір рет (барлығы — 10) мына аталымдар бойынша тағайындалады: ғылым, әдебиет, журналистика, спорт, халық шығармашылығы, дизайн және көркемдеу өнері, эстрада, театр және кино, классикалық музыка, қоғамдық қызмет. Сыйлық алуға қызметтері инновациялық болып табылатын және тіршілік әрекетінің тиісті саласы мен жалпы қоғамды дамытуға жәрдемдесетін кандидаттар ұсынылады.

Мемлекет басшысы «Б.Б. Жаңасаевқа генерал-майор әскери атағын беру туралы» №1997, «Ю.А. Карпунинге ішкі қызметтің генерал-майоры арнайы әскери атағын беру туралы» №1998 жарлықтарына қол қойды.

30 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерінің бір топ әскери қызметшілерін қабылдап, оларға генералдық погондарды табыс етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1999, «Кешірім жасау туралы» №2000, «М.М. Жүнісоваға «Қазақстанның халық артисі» құрметті атағын беру туралы» №2007, «З. Қабдоловқа «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атағын беру туралы» №2008, «Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы қызметкерлерінің бір тобын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №2009 жарлықтарына қол қойды.

31 желтоқсан

Мемлекет басшысы қазақстандықтарды келе жатқан Жаңа 1995 жылмен құттықтады.

«Міне, 1994 жыл да аяқталып келеді. Бұл жыл біз үшін несімен есте қалды? Сөздің ашығын айтсақ, бұл жыл баршамыз үшін оңай болған жоқ.

...Жағдайды түбірімен өзгерту үшін көптеген күтпеген шаралар қолдануға, атқарушы билікті нығайтуға, өмірлік маңызы бар бірқатар актілер қабылдауға тура келді.

Заң шығарушылар қызметіндегі өзгерістер де өзінің оң нәтижесін беріп келеді деп есептеймін. Бұл арадағы ең басты жетістік — еліміздің алға қарай қадам басуына дем беріп келе жатқан азаматтарымыздың реформа саясатына деген қалтқысыз сенімі дер едім. Сіздердің осы сенімдеріңіз бен қолдауларыңыз, қымбатты отандастар, бізді қандай да болмасын қиындықтардан алып шығады.

Өтіп бара жатқан жыл көпшілігімізге ешнәрсенің де өзінен-өзі бола қалмайтынын, игіліктің үлкен еңбекпен, ізденіспен ғана келетінін ұқтырып отыр, бұл арада республикадағы асып-төгіліп жатқан шикізат байлықтарының да, шет елдерден келіп жатқан түрлі көмектердің де, небір «тамаша» заңдардың да бізді кенеттен молшылыққа кенелтпейтінін түсіндік. Ол үшін әрбір қазақстандық бар жан-тәнімен жұмыс істеуі керек», — деді Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

1995

ҚАҢТАР 1995

Дс		2	9	16	23	30
Сс		3	10	17	24	31
Ср		4	11	18	25	
Бс		5	12	19	26	
Жм		6	13	20	27	
Сн		7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29	

KAZAKHSTAN

1 қаңтар

Мемлекет басшысы «Казахстанская правда» газетінің редакциялық ұжымы мен оқырмандарына басылымның құрылғанына 75 жыл толуына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

«Ширек ғасыр ішінде «Казправданың» өмірбаянында еліміздің тарихын су тамшысындағыдай көруімізге болады. Барлық қазақстандықтармен бірге ол республиканың өнеркәсіптік базасын құрады, барлығымен бірге тылда фашизмге қарсы соғыста жеңісті шынықтырды, соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына келтірді, тың жерлерді игерді, ғарыш кемелерін ұшырды, жолдар, мектептер мен тұрғын үйлер салды. Қайғы-қасірет пен қуанышты барша халықпен бірге бөлісті.

Газеттің атаулары «Известия Киргизского края», «Степная правда» немесе «Советская степь» болып қалай ауысса да, оның қызметкерлері үнемі жаңғыртулардың бірінші шебінде, республика тағдыры шешілетін жерлерде жүрді. Сондықтан да түбегейлі саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалардың басынан бастап «Казахстанская правданың» нарықтық қайта құру, мемлекеттік егемендікке қол жеткізу, демократияны дамыту, Қазақстанда азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету бағытын сенімді түрде қолдауы заңды.

...«Казахстанская правда» қызметкерлеріне жаңа шығармашылық табыстар, жаңалықтар мен жетістіктер тілеймін. Қаламдарыңыз мұқалмасын, ал сіздердің жарияланымдарыңыз біздің Отанымызға экономикалық гүлденуге, азаматтарына бақыт пен игілікке жетуді қамтамасыз ету үшін жұмыс істейтін болсын», — делінген жеделхатта.

Мемлекет басшысы Бразилия Федеративтік Республикасының Президенті Ф.Э. Кардосоға оның осы жоғары лауазымға сайлануына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

3 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан экономикасының 1995 жылғы дамуы мәселелері жөніндегі кеңеске төрағалық етті.

Жаңа 1995 жылы үкімет алдында тұрған басты міндеттер қатарында Президент мемлекеттік

өнеркәсіптік саясат басымдықтарын жасап шығару, халық тұтынатын тауарлар өндіру жөніндегі отандық өндірісті дамыту, республиканың экспорттық әлеуетін арттыру, шағын және дара өнеркәсіпті қалаларды дамыту мәселелерін шешу үшін шағын және орта кәсіпорындарды ынталандыруды атады.

Одан басқа, Н.Ә. Назарбаев үкіметке реформаларды тереңдету үшін қажетті заң жобаларын Жоғарғы Кеңеске ұсынуды жеделдетуді, экономикалық есептілікті осы заманғы шаруашылық жүргізу шарттарына сәйкестендіруді, 1994 жылғы әлеуметтік-экономикалық қорытындыларға терең сараптама жасауды тапсырды.

Кеңесте сондай-ақ әлеуметтік сала мәселелері, атап айтқанда, «Тұрғын үй» мемлекеттік бағдарламасын тиімді іске асыру қажеттігі, Ұлы Отан соғысының ардагерлерін әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша іс-шаралар туралы жарлықтың және Жеңістің 50 жылдығына арналған мерекені дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы «Импортталатын және экспортқа шығарылатын тауарларға Қазақстан Республикасы кеден Тарифтерінің ставкаларын ішінара өзгерту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 ақпандағы №1579 Жарлығының I-ші тармағына өзгертулер енгізу туралы» №2010, «Теміржол көлігі қызметкерлерінің бір тобын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №2012 жарлықтарына қол қойды.

4 қаңтар

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында жұмыс сапарымен болып, Шу бекетінен Луговая бекетіне дейінгі электрлендірілген темір жол учаскесінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Президент теміржолшыларды маңызды оқиғамен құттықтап, магистральдің жаңа электрлендірілген учаскесі бойынша өткен бірінші құрамға сәт сапар тіледі.

5 қаңтар

Мемлекет басшысы Павлодар облысында жұмыс сапарымен болды.

Павлодар қаласында Президент «Арай» сауда орталығының, медицина бұйымдарын жасап

шығаратын «Медполимер» АҚ зауытының бірінші кезегінің ашылуына, эмаль сымдарын шығару зауытын іске қосуға қатысты, сондай-ақ телефон аппараттураларын шығаратын «Веснет» Қазақстан-Түркия бірлескен кәсіпорнының жұмысымен танысты.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Баянауыл ауданында болып, бірқатар шаруашылықтарға барды және Баянауыл кентінде академик Қ.И. Сәтбаевтың мемориалдық мұражайын аралап көрді.

7 қаңтар

Мемлекет басшысы Алматы және Семипалатинск епархиялық басқармасы мен «Бөбек» Республикалық балалар қайырымдылық қоры ұйымдастырған рождестволық қайырымдылық балына қатысты.

9 қаңтар

Мемлекет басшысы республиканың 1995 жылғы экономикалық және бюджеттік саясаты мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Отырыс барысында ұлттық валютаны одан әрі тұрақтандыру бойынша жасалуы мүмкін іс-шаралар, өнеркәсіп саласы бойынша нақты саясатты жасап шығару, экономиканы басқаруды жетілдіру, меншікті үкімет иелігінен алу және жекешелендіру үдерістерін белсендіру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Шешенстандағы оқиғаларға байланысты Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Президент Қазақстанның Шешенстан азаматтарына гуманитарлық көмек көрсетуге және таяу арада қақтығыстың бетін қайтару үшін барлық күшін салуға әзір екенін білдірді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының валюта нарығын ретке келтіру мен дамыту жөнінде 1995 жылға арналған шаралар туралы» №2013 Жарлығына қол қойды.

10 қаңтар

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Польша Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі М. Гавенцкиден сенім грамотасын қабылдады.

Әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев «Қазақстандағы 70 мыңнан астам поляк диаспорасының арасында тарихи отанына кету үрдісі айтарлықтай емес» екенін атап айтты.

Президент дипломатты жоғары лауазымға тағайындалуымен құттықтап, оның Қазақстандағы жұмысына сәттілік пен табыс тіледі.

Мемлекет басшысы қазақтың ұлы ойшылы, жазушы-ақыны А. Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойына арналған іс-шараларды дайындап өткізу бойынша мерейтойлық комиссиясының кеңейтілген отырысына төрағалық етті.

«Абай мерейтойы біздің елдің көпэтносты қоғамының және, ең алдымен, қазақ халқының өзінің одан әрі бірігуіне пәрменді фактор болуы керек», — деді Президент.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 маусымдағы №1291 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №2017 Жарлығына қол қойды.

11 қаңтар

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының мәселелері» №2019, «Сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру туралы» №2021 жарлықтарына қол қойды.

12 қаңтар

Мемлекет басшысы «Т.О. Әубәкіровке жоғары ерекшелелік белгісі «Халық қаһарманы» атағын беру туралы» №2023, Т.А. Мұсабаевқа, Ю.И. Маленченкоға жоғары ерекшелік белгісі — «Халық қаһарманы» атағын беру туралы №2024, «Т.А. Мұсабаевқа, Ю.И. Маленченкоға «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» құрметті атағын беру туралы №2025, «У. Мербольдты «Парасат» орденімен наградтау туралы» №2026, «Спортшылар мен жаттықтырушылардың бір тобын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №2027, «Россия Федерациясы әскери қызметкерлерінің бір тобын «Парасат» орденімен наградтау туралы» №2028,

«Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 27 қаңтардағы №1520 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №2031, «Согра машина жасау зауытын «Алтыналмас» Ұлттық акционерлік компаниясының құрамынан шығару туралы» №2032 жарлықтарына қол қойды.

19 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының экономикасына шет ел капиталын тарту процестерін мемлекеттік басқару мен реттеудің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» №2035 Жарлығына қол қойды.

20 қаңтар

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Мәскеу қаласында Президент Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екі ел азаматтарының азаматтықты қабылдау тәртібін жеңілдету, сондай-ақ екіжақты экономикалық ынтымақтастықты тереңдету мәселелеріне баса назар аударылды.

Кездесу нәтижелерін қорытындылай келе, Н.Ә. Назарбаев «азаматтықты қабылдау тәртібін жеңілдету туралы саяси шарт екі мемлекет арасындағы ерекше қатынастардың куәсі болып табылатынын» атап айтты және «екі елдің біртұтас кедендік одағын құру негізін қалайтын» Төлем одағы туралы келісімге қол қоюды ерекше атап көрсетті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан-Ресей ынтымақтастығын кеңейту мен тереңдету туралы декларацияға, Ресей аумағында тұрақты тұратын Қазақстан азаматтары мен Қазақстан аумағында тұрақты тұратын Ресей азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы шартына және Ресейде тұрақты тұру үшін барған Қазақстан азаматтарының және Қазақстанда тұрақты тұру үшін көшіп барған Ресей азаматтарының азаматтық алу тәртібін жеңілдету туралы келісімге қол қойылды.

23 қаңтар

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына жұмыс сапары барысында сапарының қорытындысы бойынша ресейлік тілшілер үшін баспасөз конференциясын өткізді.

Н.Ә. Назарбаев: «Екі ел арасындағы қатынастар өзара түсіністік пен құрмет көрсету негізінде дамып, қарқынды және табысты сипат алуда. Өзара тиімді ынтымақтастықтың барлық салаларын қамтитын барлығы 17 Қазақстан-Ресей құжаттарына қол қойылды. Қол қойылған құжаттардың көбі мазмұны жағынан оның Еуразиялық Одақ құру идеясымен үндеседі», — деп атап айтты.

Сол күні Мемлекет басшысы Бельгия Корольдігіне ресми сапармен барып, осы елдің астанасы Брюссель қаласында ЕО Кеңесінің төрағасы А. Жюппемен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісімге, сондай-ақ Келісімнің сауда-экономикалық бөлігін жедел түрде белсендіру мақсатындағы сауда-саттық туралы уақытша шартқа қол қойды.

Н.Ә. Назарбаевтың айтуынша, «келісімде тараптардың әрқайсына сауда-саттықтағы едәуір қолайлы режим ұсынылады, халықаралық теңіз нарығына қолжетімділік, инвестициялармен байланысты капиталдардың еркін қозғалысы, сол инвестициялар мен түсімдердің репатриациясы бекітілген. Қазақстан мен ЕО арасындағы ынтымақтастық кеңесі аясында министрлер және парламенттік деңгейлерде саяси диалог жиі орнатылатын болады».

Қол қою рәсімінде сөз сөйлей отырып, ЕО Кеңесінің төрағасы А. Жюппе және Еуропалық комиссия төрағасы Ж. Сантер Қазақстанның экономикалық әлеуетін, нарықтық реформаларды жеделдету, республикадағы демократиялық үдерістерді дамыту мен нығайту бағытының дәйектілігін, Н.Ә. Назарбаевтың Азия құрлығы мен басқа да өңірлердегі тұрақтылықты нығайтуға қосқан оң үлесін жоғары бағалады.

24 қаңтар

Мемлекет басшысы Бельгия Корольдігіне ресми сапары барысында НАТО бас хатшысы В. Класпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Бұрынғы Семей полигонындағы ядролық сынақтар мен Арал теңізі маңындағы экологиялық апат салдарын жоюға НАТО-ның қатысы, сондай-

ақ «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасы аясында Қазақстан мен НАТО ынтымақтастығының жағдайы мен перспективалары туралы мәселелер талқыланды. Тараптар бағдарламаны іске қосу туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Бұл ретте, Н.Ә. Назарбаев Қазақстан мен Ресейдің әскери ынтымақтастығын кеңейту қол жеткізілген келісімге қайшы келмейтінін атап айтты.

Сол күні Мемлекет басшысы Бенилюкс мемлекеттеріндегі Қазақстан Республикасы Елшілігінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Рәсімге сондай-ақ Король отбасының және Бельгия Үкіметінің мүшелері қатысты.

Бенилюкс — құрамына үш еуропалық монархия — Бельгия, Нидерланды және Люксембург енетін Батыс Еуропадағы экономикалық одақ.

25 қаңтар

Мемлекет басшысы 1995 жылғы 26–27 қаңтарда болатын Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысу үшін Швейцария Конфедерациясының Давос қаласына келді.

Сол күні Мемлекет басшысы ДСҰ бас директоры П. Сазерлендпен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның ДСҰ мүшелігіне кіру мүдделестігін білдірді және «Қазақстан ГАТТ негізінде Дүниежүзілік сауда ұйымының құрылуына байланысты осы маңызды халықаралық институттағы байқаушы мәртебесін алғашқылардың бірі болып ресми түрде дәлелдеді», — деп мәлімдеді.

28 қаңтар

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Давос қаласында өткен Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысты.

Форумға қатысушылардың алдында сөз сөйлей отырып, Қазақстан Президенті мемлекет басшылары мен дүниежүзілік бизнестің жетекші өкілдерінің назарына республиканың мұнай-газ кен орындарын бірігіп игеру жобаларын ұсынды. Бұл ретте, ол құрылып отырған Еуропалық энергетикалық хартияға Қазақстан өз үлесін қосуға дайын екенін атап көрсетті.

Н.Ә. Назарбаев «мол табиғат ресурстары мен білікті кадрлары бар республика өзінің энергоресурстарын Батысқа да, Шығысқа да тасымалдау мәселесін шешіп отырғанын» атап айтты. Оның табысты үлгісі ретінде Каспий құбыры консорциумын, сондай-ақ елдің шығыс жағына салынатын ішкі мұнай құбыры құрылысының жобасын атады (Қосымшаны қараңыз).

29–31 қаңтар

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Давос қаласында өткен Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысты.

Оның жұмысы барысында Қазақстан Президенті шетел мемлекеттері басшыларымен және жетекші трансұлттық компаниялардың басшыларымен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

БҰҰ бас хатшысының орынбасары В.Ф. Петровскимен кездесуде экономикалық және демократиялық реформалар жүргізуде халықаралық ұйымдардың Қазақстанға көмек көрсету мүмкіндіктері талқыланды.

ЕҚДБ бірінші вице-президенті Р. Фрименмен әңгімесінде Қазақстан және ЕҚДБ арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту жолдары туралы пікір алмасу болып өтті.

Түркия Республикасының Премьер-министрі Т. Чиллермен болған әңгімелесуде ең алдымен, экономика саласындағы өзара тиімді екіжақты қатынастарды тереңдету мүмкіндіктеріне баса назар аударылды.

АҚПАН 1995

Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	
Бс	2	9	16	23	
Жм	3	10	17	24	
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	

2 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымы II сессиясының таңертеңгі пленарлық отырысына қатысып, онда Министрлер кабинеті мен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің республикадағы макроэкономикалық даму көрсеткіштері, 1995 жылға арналған бюджеттік және қаржы-несиелік саясат туралы ақпараттары тыңдалды.

4 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің кеңейтілген отырысына төрағалық етіп, оған облыстардың және Алматы қаласы әкімшіліктерінің басшылары, республикалық ведомстволардың, холдингілік компаниялардың, кәсіпкерлік және банк құрылымдарының жетекшілері, парламентарийлер қатысты.

Отырыс барысында елдің 1994 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және 1995 жылға арналған экономикалық саясаттың негізгі бағыттары талқыланды.

Отырыста сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «Үкіметте ел халқының аз қамтылған топтарын әлеуметтік қорғауға бірінші кезекте назар аудара отырып, өндірістің құлдырауын еңсеру мен экономиканы тұрақтандыру бойынша нақты шаралар кешені болуы керек», — деп ерекше атап айтты.

7 ақпан

Мемлекет басшысы ТМД атқарушы хатшысы И.М. Коротченюді қабылдады.

Кездесу барысында тараптар 1995 жылғы 10 ақпанда Алматы қаласында өтетін ТМД мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына дайындық мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының ішкі әскерлері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 28 қазандағы №956 Жарлығына өзгерту енгізу туралы» №2036 Жарлығына қол қойды.

9 ақпан

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминьге ҚХР Үкіметінің

Қазақстанға қауіпсіздік кепілдіктерін беруі туралы мәлімдеуіне байланысты жеке жолдауын жіберді.

10 ақпан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитке сондай-ақ Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцин, Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Алиев, Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Армения Республикасының Президенті Л.А. Тер-Петросян, Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенко, Грузия Республикасының Президенті Э.А. Шеварднадзе, Молдова Республикасының Президенті М.И. Снегур, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонов, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Украина Президенті Л.Д. Кучма, Түрікменстанның Мәжілісінің төрағасы С.Н. Мурадов қатысты.

Отырыс барысында ұжымдық қауіпсіздік, ТМД шекаралық және бітімгерлік күштерін құру, Экономикалық одақтың құқықтық базасын қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Кеңес отырысының қорытындысы бойынша тараптар ТМД-да бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау туралы меморандумға және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің әуе қорғанысының бірлескен жүйесін құру туралы келісіміне қол қойды, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасын бекітті, сондай-ақ фашизмге қарсы соғыстағы Жеңістің 50 жылдығына орай ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің халықтары мен әлем жұртшылығына арналған Үндеуді қабылдады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда Ресей, Украина және Беларусьпен бұрынғы КСРО құрамына кірген мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттеу мақсатында құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамына кірген 11 мемлекет ТМД қағидаттары мен мақсаттары жазылған Алматы декларациясына қол қойды. Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Қорғаныс министрлерінің кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқару комитеті және т.б. ТМД органдары болып табылады.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның Орталық Азияда біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы уағдаластықтарын іске асыру жөніндегі істің жағдайын талқылады, сондай-ақ үш елдің Мемлекетаралық кеңесі атқарушы комитетінің, Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкі басқармасының және Халықаралық Аралды құтқару қоры басшылығының есептерін тыңдады.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекетаралық кеңес пен оның институттары туралы келісімге қол қойылды, сондай-ақ Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның Премьер-министрлері кеңесі мен Сыртқы істер министрлері кеңесі туралы және Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкінің жарғылық капиталына қатысушы мемлекеттердің үлестік жарнасы туралы ережелері бекітілді.

13 ақпан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі С.Т. Тұрсыновты Қазақстан Республикасының Австрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №2043 Жарлығына қол қойды.

15 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы дипломаттарының, бірқатар министрліктері мен ведомстволары қызметкерлерінің қатысуымен мемлекеттің сыртқы саяси мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңесте сөйлеген сөзінде Президент: «Халықаралық сахнада мемлекеттік саясатты жүргізуде Қазақстан провинциализмнен құтылып, барша ғаламшардың көкейкесті мүдделеріне жауап беретін ірі сыртқы саяси бастамалар деңгейіне шығу мүмкіндігін алды. Жалпы сыртқы саяси қызметтің үш жылғы қорытындылары оның инфрақұрылымы мен құқықтық-шарттық базасы қалыптасқанын дәлелдейді. Қазақстанның әлем шаруашылықтары байланыстарына ықпалдасуы үшін қажетті алғышарттар қаланды», — деп ерекше атап өтті.

Сонымен бірге Н.Ә. Назарбаев: «Қазір республиканың сыртқы байланыстарының дамуында жаңа кезең басталуда. Біздің барлық саясатымыз жүргізіліп жатқан түбегейлі нарықтық реформалар, елдің халықаралық міндеттемелерімен бірге ішкі шараларының келісімі сыртқы саяси бағыттың өз шындығына байланыстылығы негізінде Қазақстанның қарқынды экономикалық және мәдени дамуы мүдделеріне бағынышты болуы керектігі айқын көрінеді.

Республика бұрынғысынша қауіпсіздік пен сақтандыру дипломатиясының халықаралық және өңірлік құрылымдарының қызметіне белсене қатысуы керек, ядролық қаруды бөлшектеу мен оның салдарын, өз аумағымызда ядролық күштердің жұмыс істеуін жоюға берілетін қаржы-техникалық көмектің түсуіне табанды түрде қол жеткізуі тиіс.

Сыртқы экономикалық қызметтің басты міндеті, ең алдымен, бәсекеге қабілетті өнімді шетелге шығаруды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жоғары дәрежелі өңдеу тәсілдері бар салаларға мемлекеттік қолдау көрсету негізінде елдің экспорттық әлеуетін дамыту мен әртараптандыру болып табылады. Импортта технологиялар, кешенді жабдықтар, лицензиялар, «ноу-хаулар» басым болуы керек.

Осылайша, республиканың сыртқы саясаты Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясын табысты іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасап, сақтауға бағытталуы керек», — деп атап көрсетті.

16 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстанның ұлттық мәдени орталықтары басшыларымен кеңес өткізіп, онда қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын сақтау мен одан әрі нығайту жолдары қаралды.

Кеңес барысында Н.Ә. Назарбаев республикада ұлттық-мәдени қозғалысты қолдау мақсатында консультативтік орган ретінде өз жанындағы Қазақстан халықтары Ассамблеясын құруды ұсынды.

Қазақстанда 46-дан астам діни конфессияларды ұстанатын 130 ұлттың өкілдері тұрады. Осыған байланысты тәуелсіздік алған соң Қазақстанда қазақстандықтардың біртұтас азаматтық қауымдастығын қалыптастыру ұлттық саясатты іске асырудың маңызды бағыттарының бірі болды. Бұл бағытта Президент Н.Ә. На-

зарбаев ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің негізін қалаған заңнамалық, институционалды және басқа да шараларды қабылдады.

1992 жылы Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы стратегиясында Н.Ә. Назарбаев осы мәселе бойынша өзінің көзқарасын нақты айқындап берді: «Этностың мемлекет құру қабілеті, ең алдымен, оның басқа ұлт өкілдерімен келісімде тұру ниетінен және тұра алу қабілетінен, республикада тұратын халықтардың барлығы Қазақстанды өз отаны деп есептейтіндей жағдайды қалыптастыру қасиетінен көрінеді. Басқадай ұстаным тұйыққа апарып тірейді. Бұл өте маңызды, тіпті, өзекті жай дер едім». Республиканың қоғамдық-саяси көкжиегінде Президенттің 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығымен құрылған этносаралық қатынастарды үйлестіретін жаңа институт — Қазақстан халықтары Ассамблеясының пайда болуы егеменді Қазақстанның алғашқы жылдарындағы атаулы оқиға болды.

17 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстандағы дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасындағы Үндістан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі К. Шарманы қабылдады.

Әңгімелесу барысында экономикалық ынтымақтастық жөніндегі екіжақты үкіметаралық комиссия жұмысының тиімділігін арттыру қажеттілігі туралы мәселе қозғалды.

К. Шарма Н.Ә. Назарбаевты А. Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына орай Үндістанда өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы дипломатқа Қазақстан мен Үндістан арасындағы достық қатынастарды дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс білдірді.

20 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он үшінші шақырылымы депутаттарының бір тобы — «Орталық» парламенттік тобының мүшелерін қабылдады.

Кездесу барысында Президент парламентарийлерге екі ел арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың аясын айтарлықтай кеңейте түскен Мәскеу қаласында қол жеткізілген Қазақстан мен Ресей арасындағы келісімдер туралы айтты және депутаттарды Қазақстан, Беларусь және Ресей арасындағы Кедендік одақтың құрылуына байланысты елдің заңнамаларын жетілдіруге шақырды.

21 ақпан

Мемлекет басшысы Көкшетау және Қызыл-Орда облыстық әкімшіліктері басшыларының Үкіметтің реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі іс-қимыл бағдарламасының орындалу барысы туралы есептерін тыңдады.

Президент: «Қаржылық дағдарыстан шығу жолы біреу-ақ — ол кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алып, сауда-саттық пен қызмет саласы нысандарын жеке меншік қолына сатуды барынша жылдам жүргізу», — деп мәлімдеді. Президент сондай-ақ Васильковский тау-кен комбинаты мен Құмкөлдегі мұнай кен орындарының қуатын жылдам игеру үшін шетел инвестицияларын барынша тиімді пайдалануды ұсынды.

Н.Ә. Назарбаев облыс басшыларынан өңір экономикаларын сауықтыру шараларын қабылдауды және республиканың басқа облыстарында жинақталған тәжірибені іс-жүзінде кеңінен пайдалануды талап етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 18 қаңтардағы №1078 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №2046 Жарлығына қол қойды.

22 ақпан

Мемлекет басшысы Семипалатинск облысына жұмыс сапарымен келді.

Мемлекет басшысы «Е.Ж. Дербісов пен М.Ф. Үркімбаевты Қазақстан Республикасының Халықаралық қайта құру және даму банкінің Басқарушылар кеңесіндегі қызметтерінен босату туралы» №2048, «О.Ә. Жандосовты Қазақстан Республикасынан Еуропа қайта құру және даму банкінің Басқарушылар кеңесіндегі қызметінен босату туралы» №2051, «Ә.М. Қажыгелдинді Қазақстан Республикасынан Азия даму банкі Басқарушыларының кеңесіндегі қызметінен босату туралы» №2052, «С.А. Ахановты Қазақстан Республикасынан Азия даму банкі Басқарушыларының кеңесіндегі қызметінен босату туралы» №2054, «Ә.М. Қажыгелдинді Қазақстан

Республикасынан Халықаралық валюта қоры Басқарушыларының кеңесіндегі қызметінен босату туралы» №2056 жарлықтарына қол қойды.

23 ақпан

Мемлекет басшысы Семипалатинск облысына жұмыс сапары барысында А. Құнанбаевтың Мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық мұражай-қорығында және Невзоровтар отбасының мұражайында болып, онда көркемөнер туындыларының бірегей топтамасымен танысты.

Содан кейін Президент тері және былғары өнімдерін шығаратын «Саян» шағын кәсіпорнында, ыдыс-қаптарды шығаратын «Асер» өндірістік-коммерциялық фирмасында болды.

Сол күні Мемлекет басшысы А. Құнанбаевтың 150 жылдығын тойлау шараларын дайындау мен өткізу жөніндегі республикалық мерейтойлық комиссиясының жылжымалы отырысына қатысты.

Отырыста сөз сөйлей келе, Президент: «мерейтой Абай өзінің «Қара сөздерінде» сынға алған сән-салтанатты емес, жоғары мәдениеттілік белгісімен өтуі керек. Сондай-ақ біз бұл мерейтойды республика халықтарының бірігуін, шынайы адамгершілігі мен рухани бірлесуін көрсететін достық мерекесіне айналдыруымыз қажет. Ол елдегі азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайтуға шақырады», — деп атап айтты.

Мемлекет басшысы Жидебайдағы мемориалдық кешенді және Семипалатинск қаласынан Қарауыл ауылына дейінгі автомобиль жолын уақытылы аяқтау қажеттігіне отырысқа қатысушылардың назарын аударды.

24 ақпан

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Өскемен қаласында Президент медициналық спирт шығаратын шағын зауыттар шығарумен айналыса бастаған «Шығысмашзауыт» АҚ, «Үлбі» өндірістік кәсіпорнында, «Будмаприс» жекеменшік кәсіпорнында болды, Орталық мәдениет үйінде ашылған халық тұтынатын тауарлар көрмесін аралап көрді және С.А. Аманжолов атындағы Шығыс

Қазақстан мемлекеттік университеті Гуманитарлық колледжінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

25 ақпан

Мемлекет басшысы американдық бизнесмендер Р. Пирие, Л. Пинсоф және Э. Манукянды қабылдады.

Кездесу барысында кәсіпкерлердің металдар мен техногендік шикізат құймаларын пайдаға асыру салалары бойынша қазақстандық кәсіпорындармен ынтымақтастық орнату бағыттары туралы ұсыныстары қаралды.

27 ақпан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 2 шілдедегі №831 Жарлығына өзгерту енгізу туралы» №2059 Жарлығына қол қойды.

НАУРЫЗ 1995

Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	31
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	

TURKMENISTAN

1 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресейдің бір топ мемлекет және қоғам қайраткерлерін қабылдап, оларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын табыс етті.

Президент алтын жұлдыздар мен «Отан» ордендерін алғашқы қазақ ғарышкері, Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс жөніндегі комитетінің төрағасы Т.О. Әубәкіровке, «Халық қаһарманы» жоғарғы атағы берілген Ю.А. Гагарин атындағы Ғарышкерлерді дайындау орталығының ғарышкер-сынақшылары Т.А. Мұсабаев пен Ю.И. Маленченкоға табыстады. Сонымен қатар оларға «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» атағын беру туралы куәліктері тапсырылды.

«Парасат» орденімен Ресей Федерациясы Әскери-ғарыш күштерінің қолбасшысы В.Л. Иванов, Ю.А. Гагарин атындағы Ғарышкерлерді дайындау орталығының бастығы П.И. Климук, Ресей Ғарыш агенттігінің Бас директоры Ю.Н. Коптев, С.П. Королев атындағы «Энергия» зымыранды-ғарыштық корпорациясының Бас конструкторы Ю.П. Семенов марапатталды.

«Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атағын жазушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі З.К. Қабдолов, «Қазақстанның халық артисі» атағын «Қазақконцерт» Қазақ мемлекеттік гастрольдік-концерттік бірлестігінің солист-әншісі М. Жүнісова иеленді.

«Ерен еңбегі үшін» медальдары, республиканың құрметті атақтары мен құрмет грамоталары Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрі артистерінің бір тобына, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының қызметкерлеріне, бірқатар спортшылар мен жаттықтырушыларға, теміржолшыларға табыс етілді.

Марапатталушылардың атынан сөз сөйлеген ғарышкер Т.А. Мұсабаев Н.Ә. Назарбаевқа ғарыш кеңістігінде болып қайтқан елдің Мемлекеттік Туы мен Қазақстан топырағы салынған құтыны табыс етті.

1

2

«Халық қаһарманы» атағы Қазақстан Республикасының жоғарғы дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады. 1993 жылы бекітілген. Атақ Қазақстан Республикасына сіңірген аса көрнекті қызметі үшін, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық және жауынгерлік ерліктері үшін беріледі. «Халық қаһарманы» атағына ие болған тұлғаларға Алтын жұлдыз (1-сурет) және «Отан» ордені (2-сурет) тапсырылады.

3

4

«Парасат» ордені (3-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан немесе адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградталады.

«Ерен еңбегі үшін» медалі (4-сурет) 1993 жылы белгіленді. Медальмен азаматтар экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі және мемлекеттік қызметтегі жеткен табыстары үшін марапатталады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Төтенше және Өкілетті Елшісі Н. Джонсты қабылдады.

Әңгімелесу барысында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен өзара қызығушылық тудыратын бірқатар халықаралық өзекті мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы» №2066, «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат проблемалары жөніндегі кеңес туралы» №2067, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті туралы» №2068 жарлықтарына қол қойды.

2 наурыз

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Тараз қаласында өткен Қазақстан әйелдерінің форумына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев сөйлеген сөзінде: «елдің нарықтық даму жолындағы қозғалысын жылдамдатып, гүлденген мемлекетке айналуы үшін реформаларды барлық қазақстандықтар түсініп, іс жүзінде қолдауы керек. Осы жерде әйелдердің қолдау көрсетуіне мемлекет үміт артуға құқылы, себебі тек солар ғана табиғатына орай халықтың белгілі бір топтары арасында орын алған түңілу мен енжарлық көңіл-күйлерін бейтараптандыра алады.

«Әйел адамның қоғам алдындағы және қоғамның оның алдындағы адамгершілік жауапкершілігінің деңгейі туралы ежелден келе жатқан сауалдарына дұрыс жауап таба алу-алмауымызға көбіне

республикадағы демократиялық өзгерістердің тағдыры да байланысты болып келеді. Ал осы мәселелерді шешудің жолы біреу ғана — әйелдердің толыққанды өмір сүруі үшін барлық жағдайларды жасау, ал ол отбасы, ана мен бала мәселелерін мемлекеттік саясат дәрежесінде қарауды талап етеді», — деп атап өтті Президент.

3 наурыз

Мемлекет басшысы Түрікменстанның Дашховуз қаласында өткен Арал теңізін сақтау мәселелері бойынша Орталық Азия мемлекеттері басшыларының отырысына қатысты.

Саммитке сондай-ақ Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонов, Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов қатысты.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын есепке ала отырып, таяу 3–5 жыл ішінде Арал теңізі бассейніндегі экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын іске асыру барысы туралы, Халықаралық Аралды құтқару қоры қаржысының қалыптасуы, сондай-ақ ұйымдастыру сипатындағы мәселелер кездесудің күн тәртібін құрады.

Отырыста сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Аралды құтқару халықаралық қоры аз ғана уақыт ішінде дүниежүзінің АҚШ, Ұлыбритания, ГФР, Франция, Италия және басқа да жетекші елдерінің басшыларынан қолдау тауып, қаржылай көмек кепілдіктерін алды, ал Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропалық Одақ, Дүниежүзілік банкі, ЮНЕП халықаралық ұйымдары жәрдемдесетініне сендірді», — деп мәлімдеді.

6 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ғалымдарын қабылдады.

Кездесу барысында қазақстандық ғылымның даму жағдайы мен перспективалары туралы пікір алмасу болып өтті. Атап айтқанда, республикада экономикалық құлдырауды жедел түрде еңсеруге бағытталған әзірленімдер мен зерттемелер тиімділігін арттыру, сондай-ақ білім беру мен жоғары мектеп жүйелерінде оқыту сапасын арттыру туралы сөз болды.

7 наурыз

Мемлекет басшысы Қарағанды металлургия комбинатын дағдарыстан шығару мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің мүшелерімен кеңес өткізді.

Президент үкіметке республиканың ең ірі өнеркәсіптік нысанын экономикалық және қаржылық тұрақтандыруға бағытталған кешенді шараларды әзірлеп, іске асыруды тапсырды.

Қарағанды металлургия комбинаты — Қазақстанның қара металлургия флагманы, өндірістің толық циклі бар елдегі және дүниежүзіндегі ең ірі металлургия кәсіпорындарының бірі.

Кәсіпорын тарихы КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитетінің «Қара металлургия кәсіпорындарын қалпына келтіру мен құрылысы туралы» қаулысы қабылданған 1942 жылдан бастау алады, оған сәйкес КСРО Халық комиссарлары кеңесі Қазақ КСР үкіметіне металлургия зауытының құрылысын бастауға тапсырма берген болатын.

1958 жылы БЛКЖО XIII съезінде Қазақстан Магниткасы жалпыкеңестік комсомолдық құрылыс болып жарияланды. Теміртау қаласына Кеңес Одағының түпкір-түпкірінен, сондай-ақ социалистік лагерь елдері — Болгария, Польша, Чехословакиядан жастар ағылып келе бастады.

Қарағанды металлургия зауытының жұмысы басталуының ресми датасы бірінші домен пеші пайдалануға беріліп, Қазақстанның бірінші құрышы құйылған 1960 жылғы 2 шілде болып есептеледі.

1970 жылы зауыт негізінде құрамына Атасу және Оңтүстік Топар кен басқармасы мен Алексеев доломит карьері енген Қарағанды металлургия комбинаты құрылды.

1995 жылы Қарметкомбинат «Ispat International» компаниясының басқаруына беріліп — «Испат-Қармет» АҚ, 2005 жылы — «Миттал Стил Теміртау» АҚ, ал 2007 жылы «Арселор Миттал Теміртау» АҚ болып қайта құрылды.

Мемлекет басшысы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

8 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев тілшілерге Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының елдің депутаттық корпусының өкілеттілігі туралы

шешімін бұзу туралы шағым беруге жатпайтынын мәлімдеді және «...тек парасаттылық, табандылық, заңды қатаң ұстану ғана орын алған жағдайдан шығаратын және парламенттік дағдарысты болдырмайтын жалғыз жол. Сонымен бірге, кімнің мүддесін қозғаса да, Конституциялық сот шешімдеріне құрметпен қарау керек. Тек осылай етсек қана біз Қазақстанның құқықтық мемлекетке қарай нақты қоғалысы, заңның салтанат құруы туралы айта аламыз», — деді.

Мемлекет басшысы баспасөз бетінде 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күніне орай Қазақстан әйелдеріне үндеуін жариялады.

«Көктемнің ең сұлу мерекесі — Халықаралық әйелдер күніне орай менің ең жылы, жүрекжарды лебізім мен ризашылығымды және құттықтау сөздерімді қабыл алыңыздар. Сіздердің сұлулықтарыңыз бен тартымдылықтарыңыз, кеңпейілдеріңіз бен даналықтарыңыз ешкімді ешқашан да немқұрайлы қалдыра алмайды. Сіздерге өздеріңіздің жарқын істеріңізбен, ең бастысы, рухани демеу берулеріңіздің арқасында біздің егемен Қазақстанымыздың қалыптасуына қосып отырған зор үлестеріңіз үшін алғыс білдіремін», — делінген құттықтауда.

9 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Венгрия Республикасының Премьер-министрі Д. Хорнды қабылдады.

Кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Қазақстан мен Венгрия арасындағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Сауда-экономикалық ынтымақтастық, консулдық конвенция, әуе көлігі саласындағы серіктестікті ұйымдастыру бойынша қазақстандық-венгриялық үкіметаралық комиссия құру туралы келісімге, Қазақстан мен Венгрияның өнеркәсіп және сауда министрлерінің ынтымақтастығы туралы хаттамаға және т.б. қол қойылды.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Италия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Дж. М. де Монте Треттодан сенім грамотасын қабылдады.

Кездесу барысында тараптар екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты дамытудың жағдайы туралы пікір алмасты, атап айтқанда, ең ірі италиялық «Agip KCO» компаниясының Қарашығанақ мұнай-газ кен орнын игеруге қатысуы туралы мәселелер қозғалды.

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Неміс үйіне барып, Қазақстандағы Немістер одағының республикадағы неміс халқына ана тілін, ұлттық салт-дәстүрлерін үйренуге материалдық және моральдық қолдау көрсету жөніндегі қызметімен танысты және Құрметті меймандар кітабына естелік жазба қалдырды.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №2069, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №2071 жарлықтарына қол қойды.

10 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Чехия Республикасының Сыртқы істер министрі Й. Желенецті қабылдады.

Кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында, ең алдымен, сауда-экономикалық ынтымақтастық саласындағы Қазақстан-Чехия қатынастарының жай-күйі мен перспективалары талқыланды.

11 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Конституциялық сотына 1994 жылғы 7 наурызда өткен Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесі сайлауының конституциялығы туралы, депутаттардың заңнамалық сипаттағы шешімдер қабылдау құқығы туралы, 1993 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімшіліктердің басшыларына қосымша өкілеттіктерді уақытша беру туралы» Заңы қолданысының сақталуы туралы, Президенттің конституциялық заң күші бар актілер шығару құқығы, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, «қайтадан» сайлау өткізудің мерзімі туралы түсініктемелер алу үшін жүгінді.

Баспасөз конференциясында Президент республикада парламенттік дағдарыс орын алғанын

және ол Конституцияны мүлтіксіз орындау кепілі ретінде Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарына шек келтірілмес үшін қолдан келгеннің барлығын істейтінін мәлімдеді.

1995 жылғы 6 наурызда Қазақстан Республикасының Конституциялық соты депутаттыққа кандидат болған Т.Г. Квятковскаяның 1994 жылғы 7 наурыздағы парламент сайлауы сайлау заңнамасын өрескел бұзушылықтармен өткенін дәлелдеп берген талап арызын қанағаттандырды. Конституциялық соттың шешімімен Орталық сайлау комиссиясы қаулысының №12 Абылайхан сайлау округінің шекараларын құру бөлімі Конституцияға сәйкес келмейді деп танылды. Дауыстарды есептеу әдістемесі де конституциялық емес болып танылды.

Бір жылдық жұмыстан кейін барлығын таратып жіберуге дайын болмаған Жоғарғы кеңес Конституциялық сотпен «заңдар соғысын» бастауды ұйғарып, Конституция мен «Конституциялық сот туралы» Заңына соттардың өкілеттіктерін едәуір шектеп, және заңшығарушылар ұстанымдарын керісінше нығайта түсетін өзгерістер енгізбек болды. Осындай жағдайда билік тармақтарының қақтығысын болдырмау үшін Қазақстан Республикасының Президенті азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, республика Конституциясы мен заңдарын сақтау кепілі ретінде 1995 жылғы 11 наурыздағы «Конституциялық соттың қаулысынан туындайтын шаралар туралы» Жарлығына қол қоя отырып, парламентті тарату туралы шешім қабылдады, осылайша Конституциялық соттың шешімін қолдайтынын және демократиялық принциптерді ұстанатынын дәлелдей түсті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының 1995 жылғы 6 наурыздағы Қаулысынан туындайтын шаралар туралы» №2077, «Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің орнынан түсуі туралы» №2078, «Қазақстан Республикасының Премьер-министрі туралы» №2079 жарлықтарына қол қойды.

Парламент өкілеттігінің конституциялық еместігі құқығы жоқ Жоғарғы кеңестің қатысуымен қалыптасқан Министрлер кабинеті өкілеттігінің заңсыздығын білдірді. Соған байланысты 1995 жылғы 11 наурызда үкімет отставкаға кетті.

13 наурыз

Мемлекет басшысы қазақстандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесті.

Президент республикадағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайға, парламенттік

дағдарысты және сол себепті елдің Министрлер кабинетінің толық құрамда отставкаға кетуін еңсеру жолдарына қатысты кең ауқымды мәселелер бойынша сұрақтарға жауап берді және оқиғалардың одан әрі дамуының болуы мүмкін нұсқаларымен бөлісті.

Мемлекет басшысы облыстар және Алматы қаласы әкімшіліктерінің басшыларымен кеңес өткізді.

Кеңесте сөйлеген сөзінде Президент: «Конституциялық сот шешімдері елдің Негізгі заңына негізделген, оны ешкімнің де бұзуға құқығы жоқ және оны қоғам түсіністікпен қабылдады», — деп атап көрсетті.

Орын алған жағдайды қорытындылай отырып, Н.Ә. Назарбаев парламенттің қабылдаған мемлекеттік актілеріне құптау немесе оларға қосымша түзетулер енгізу мақсатында тексеру жүргізу қажеттігіне назар аударды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №2081, «В.Л. Меттені Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №2084, «Н.Қ. Есенғаринді Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №2085, «А.С. Есімовті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №2086, «В.В. Соболевті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №2087, «И.Н. Тасмағамбетовті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №2088, «Б.М. Сапарбаевты Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті Аппаратының Басшысы қызметіне тағайындау туралы» №2089, «Б.Ә. Баекеновті Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі болып тағайындау туралы» №2090, С.Қ. Нұрмағамбетовті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі қызметіне тағайындау туралы» №2091, «А.С. Павловты Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметіне тағайындау туралы» №2092, «Қ.К. Тоқаевты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қызметіне тағайындау туралы» №2093 жарлықтарына қол қойды.

14 наурыз

Мемлекет басшысы канадалық Тандер-Бэй қаласында өтіп жатқан әлем чемпионатындағы тамаша жеңісіне орай қазақстандық шаңғышы В.М. Смирновқа құттықтау жеделхатын жолдады.

15 наурыз

Мемлекет басшысы елдің Конституциялық сотының 1995 жылғы 6 наурыздағы шешімінің күшіне енуіне байланысты Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының отставкасын қабылдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жаңа қызметтерге тағайындалған бұрынғы депутаттарының бір тобын қабылдады.

Оларға қарата сөз сөйлеген Н.Ә. Назарбаев: «біздің жас мемлекет, қоғам, олардың институттары қазір демократиялық жаңарудың күрделі мектебінен өтуде. Бүгінгі таңда болып өткен оқиғалар қатары қазақстандықтардың күрделі мәселелермен бетпе-бет келе отырып, оларды лайықты және мәдениетті түрде еңсере алатынын көрсетті», — деп атап айтты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 21 маусымдағы №1257 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №2096, «Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің жанынан Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитет құру туралы» №2097, «В.В. Храпуновты Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрі қызметіне тағайындау туралы» №2098, «Н.А. Шәйкеновті Қазақстан Республикасының Әділет министрі қызметіне тағайындау туралы» №2099, «Ж.С. Кәрібжановты Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне тағайындау туралы» №2100, «С.Ж. Дәукеевті Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №2101, «Г.Г. Штойкты Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі қызметіне тағайындау туралы» №2102, «Н.Ө. Балғымбаевты Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрі қызметіне тағайындау туралы» №2103, «В.С. Школьникті Қазақстан Республикасының

Ғылым және жаңа технологиялар министрі қызметіне тағайындау туралы» №2104, «Б.С. Әйтімованы Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрі қызметіне тағайындау туралы» №2105, «Б.В. Төтеновті Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №2106, «А.Қ. Тшановты Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі қызметіне тағайындау туралы» №2107, «П.И. Крепакты Қазақстан Республикасының Еңбек министрі қызметіне тағайындау туралы» №2108, «В.И. Горячковскийді Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2109, «Б.С. Оспановты Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2110, «Н.М. Макиевскийді Қазақстан Республикасы Төтенше Жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2111, «С.С. Әйімбетовті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2112, «С.Ж. Әбішевке бірінші сыныпты Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №2116, «Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті жанындағы Түсті және қара металдардың ұтымды пайдалануын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекция құру туралы» №2118, Заң күші бар «1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы» №2120 жарлықтарына қол қойды.

17 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің облыстар мен Алматы қаласы ішкі істер басқармалары бастықтарын қабылдады.

Кездесу барысында «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу шараларын ұйымдастыру мен қылмыспен күресті күшейту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен телефон арқылы сөйлесіп, оны Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің таратылуына байланысты Қазақстандағы ахуал туралы хабардар етті.

Әңгімелесу барысында Б.Н. Ельцин жағдайға түсіністік танытып, «Қазақстандағы мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық-саяси күштер саяси тұрақтылығын сақтап қалады» деген сенім білдірді.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2122, Конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы кодексе өзгерістер енгізу туралы» №2123, «Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы» №2124, «Қазақстан Республикасының төменгі соттарын қалыптастыру тәртібі туралы» №2125, Заң күші бар «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» №2126, «В.Н. Девяткоңы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметіне тағайындау туралы» №2130, «С.А. Медведевті Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрі қызметіне тағайындау туралы» №2131, «Т.А. Мамашевты Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі қызметіне тағайындау туралы» №2132, «А.А. Тілеубердинді Қазақстан Республикасының Экономика министрі қызметіне тағайындау туралы» №2133, «А.С. Сәрсенбаевты Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі қызметіне тағайындау туралы» №2134, Заң күші бар «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер енгізу туралы» №2135 жарлықтарына қол қойды.

18 наурыз

Мемлекет басшысы қылмысқа қарсы күресті күшейту және елдегі құқықтық тәртіпті нығайту мәселелері жөніндегі республикалық кеңесіне төрағалық етті.

Президент «республикада қылмысқа қарсы күрес бағдарламасы іске асырылып отырғанына қарамастан, жағдай кешегі күннің өзінде қабылдау қажет болған қылмыспен күреске бағытталған кідіріссіз заңнамалық және ұйымдастырушылық шараларын талап ететінін» атап айтты.

Сол күні Н.Ә. Назарбаев «Қылмысқа қарсы күрес және құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» қаулысын қабылдады.

Мемлекет басшысы «М.Ж. Жұрыновты Қазақстан Республикасының Білім министрі қызметіне тағайындау туралы» №2136, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта құру туралы» №2137, «С.С. Қалмырзаевты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2138, «С.Қ. Әлиғожановты Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі қызметіне тағайындау туралы» №2139 жарлықтарына қол қойды.

20 наурыз

Мемлекет басшысы «П.В. Своикті Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2140 Жарлығына қол қойды.

21 наурыз

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Франция Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі А. Ришардан сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №2142 Жарлығына қол қойды.

22 наурыз

Мемлекет басшысы Наурыз мейрамы мерекесіне орай баспасөз бетінде қазақстандықтарға үндеуін жариялады.

«Біздің ортақ үйімізде де көзге көрінерлік өзгерістер орын алды: экономикалық және саяси реформалар жолымен ілгерілей отырып, еліміз өз азаматтары игілігінің негізін қалауда, олардың балалары мен немерелеріне лайықты келешек құруда. Бұл жолда бізді көптеген саяси және экономикалық қиындықтар

күтіп тұр. Республикамыздың сол сынақтардан абыроймен өтуі — сіздердің еңбектеріңіз, құрметті жерлестер. Басталып кеткен қоғамды қайта құруға жалпыхалықтық қолдау — барлығымыз бірге бастаған істің табыстылығына қанат бітіріп, сенім ұялатады», — делінген құттықтауда.

23 наурыз

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті С. Демирельмен телефон арқылы сөйлесіп, оның барысында тараптар Қазақстандағы қоғамдық-саяси ахуал туралы пікір алмасты. С. Демирель Қазақстандағы Конституцияның мызғымастығын республикадағы демократиялық үдерістердің дамуы мен нығаюының куәсі ретінде мақұлдады.

Мемлекет басшысы «Литва Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы» №2143, «С.Д. Бейсеновке екінші сыныпты Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №2144, «С.Д. Бейсеновті Қазақстан Республикасының Литва Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №2145, «С.Д. Бейсенов туралы» №2146, Заң күші бар «Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің актілері туралы» №2147 жарлықтарына қол қойды.

24 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан халықтары Ассамблеясының I сессиясын ашты.

Өзінің «Ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын» атты сөйлеген сөзінде Президент «Ассамблеяны құру бастамасы біздің қоғамымыздың қойнауынан туындап отыр. Соған сәйкес республикада үлкен дайындық жұмысы жүргізілді. Облыстарда кіші ассамблеялар құрылып, оларға ең лайықты адамдар сайланды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының I сессиясы өткен жолға және болып жатқан қоғамдық-саяси үдерістерге талдау жасау, ұлттық саясатты жүзеге асырудың оңтайлы жолдарын белгілеу үшін шақырылды. Бұл үшін республиканың барлық азаматтарының мүдделерін білдіретін сіздермен кейін сұхбат жасап, кеңесу қажет. Қоғамдық тұрақтылықты

қалай сақтап, нығайту, келесі парламент сайлауына дейінгі кезеңде істі қалай жүргізу, қоғамды реформалауды қалай тездету керек екені жөніндегі сұрақтарға жауап беру біздің алдымызда тұр.

...Біздің басты желіміз мәмілелер мен біріктіруші бастамаларды нығайту жолдарын іздеу арқылы барлық ұлттық топтарды дамытуға негізделуі қажет. Қазақстан халықтары Ассамблеясы біздің қоғамды біріктіру тетіктерінің бірі болуы керек», — деп атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

Қазақстан халықтары Ассамблеясы отырыс қорытындысы бойынша қоғам бірлігін сақтау мен елде саяси және әлеуметтік жағдайдың шиеленісуіне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасы Президенті өкілеттігін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзарту жөніндегі республикалық референдум өткізу қажеттігі туралы қарар қабылдады және республика азаматтарына сәйкесінше үндеуін жариялады.

Қазақстан халықтары Ассамблеясы 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылған.

Этникааралық мәселелер жөніндегі қоғамдық институтты құру идеясын алғаш рет Мемлекет басшысы 1992 жылы Қазақстан халықтарының Форумында жариялаған болатын.

Ассамблея міндеттері Қазақстанда этникааралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету, рухани мәдени жаңаруға және оның аумағында өмір сүретін этностарды теңқұқылық принципін сақтау негізінде дамытуға жәрдемдесу, этникалық мүдделердің көптүрлілігін ескере отырып, мемлекеттік ұлттық саясатты жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Ассамблея құрылымына сондай-ақ барлық облыс орталықтары мен Астана және Алматы қалаларында әрекет ететін және әкімдер жанында консультативтік кеңесші орган мәртебесін иеленген Кіші Ассамблеялар да кіреді.

2007 жылғы 21 мамырда «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға сәйкес, Қазақстан халықтары Ассамблеясы Қазақстан халқы Ассамблеясы болып өзгертілді, конституциялық мәртебеге ие болды, өздерінің өкілдерін Парламент Мәжілісіне ұсынуға мүмкіндік алды.

2007 жылғы 20 тамызда Ассамблеядан Мәжіліске 9 депутат сайланды.

2008 жылдың қазанында «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы — Н.Ә. Назарбаев.

25 наурыз

Мемлекет басшысы Республикалық «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу шараларын өткізу жөніндегі штабының кезекті отырысына төрағалық етіп, онда оның алғашқы қорытындылары шығарылды.

Президент: «Қазір сот төрелігіне қылмысқа қарсы күресті тиімді жүргізу үшін барлық жағдайлар жасалған — кейбір заңнамалық актілерге түбегейлі өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Енді оларды тек дұрыс пайдалана білсе болғаны. Онда қылмысқа қарсы күреске жұмсалған ортақ күш-жігеріміз бұл үдерісті қайтымсыз етеді», — деп еске салды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының құрамы туралы» 2150, Конституциялық заң күші бар «Республикалық референдум туралы» №2151, «1995 жылғы 29 сәуірде республикалық референдум өткізу туралы» №2152 жарлықтарына қол қойды.

28 наурыз

Мемлекет басшысы «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1995 жылдың сәуір-маусым айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» №2153 Жарлығына қол қойды.

29 наурыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан кәсіподақтарының II съезіне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев съезге қатысушылар және делегаттар алдында сөйлеген сөзінде кәсіподақтарға: «өз іс-қимылдарының нақты бағдарын, осы заман қоғамындағы рөлі мен орнын белгілеп алу маңызды. Адамдардың әлеуметтік-экономикалық және еңбек мүдделерін, ең алдымен, нарықтық реформалар тарапынан, экономиканы құрылымдық қайта құру жағынан қорғау қажет. Билік пен кәсіподақтардың өзара іс-қимылы мен түйісу нүктелерін табуға жұмылу қажет», — деп атап айтты.

Президент оның өкілеттік мерзімін ұзарту жөніндегі республикалық референдум өткізу туралы шешімі елде орын алған жағдайға мұқият сараптама жүргізген соң және ел тағдыры мен реформалар үшін жауапкершілігін

сезіне отырып, тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді сақтау мүдделері үшін пайдаланған конституциялық құқығы болып табылатынын атап көрсетті.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовке жалпыхалықтық референдум қорытындысы бойынша оның өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзартуына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

30 наурыз

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» №2155, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №2157 Жарлығына қол қойды.

31 наурыз

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Акциздер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2159 Жарлығына қол қойды.

СӘУІР

1995

Дс		3	10	17	24
Сс		4	11	18	25
Ср		5	12	19	26
Бс		6	13	20	27
Жм		7	14	21	28
Сн	1	8	15	22	29
Жк	2	9	16	23	30

1 сәуір

Мемлекет басшысы Республикалық «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу шараларын өткізу жөніндегі штабының кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында құқық қорғау органдары, министрліктер мен ведомстволар басшыларының іс-шараны өткізу барысы, сондай-ақ ел Президенті тапсырмаларының орындалуы туралы ақпараты тыңдалды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті жанынан Кеден комитетін құру туралы» №2160, «Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» №2164, «Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңес құру туралы» №2165 жарлықтарына қол қойды.

3 сәуір

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен «Еуразия» Халықаралық қоғамдық бірлестігі съезінің делегаттарына сәлемдеме жолдады.

«Тек ықпалдасу жолында ғана Еуразия құрлығының елдері шынайы тәуелсіздік пен егемендікке қол жеткізеді, өз халықтарының дәстүрі мен мәдениетін сақтап, дамытады, мемлекетаралық және ұлтаралық ынтымақтастық жасау үшін қолайлы жағдайлар туғыза алады», — делінген жолдауда.

Мемлекет басшысы «Э.К. Өтеповті Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2168 Жарлығына қол қойды.

4 сәуір

Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексін дайындау мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңес барысында Президент пысықталғаннан кейін құжаттың мазмұны едәуір жетілдірілгенін атап өте отырып, ұсынылған жоба бойынша бірқатар ескертулері мен ұсыныстарын айтты.

«Салық кодексі табыстарды адал мәлімдеуді, өндіріс көлемінің өсуін қолдауды көздейді. Бұл реттегі

басты критерий — салық заңнамасын жеңілдету және сонымен бірге республикалық және жергілікті бюджеттерге түсімдерді ұлғайту», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс министрі У. Перриді қабылдады.

Кездесу барысында У. Перридің Қазақстанға 1994 жылғы 19 наурызда жасаған жұмыс сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтар шеңберінде Қазақстанның қорғаныс өнеркәсібін одан әрі конверсиялау мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Конверсиялық бағдарламаларды іске асыруды көздейтін төрт бірлескен кәсіпорын құру үшін Қазақстанға гранттар беру туралы келісімге қол қойылды.

5 сәуір

Мемлекет басшысы «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі артистерінің бір тобын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №2169 Жарлығына қол қойды.

7 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Индонезия Республикасының Президенті М. Сухартомен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықты дамытудың жай-күйі мен перспективаларын талқылады, сондай-ақ өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша саясат, экономика, сауда және мәдениет салаларындағы өзара ынтымақтастыққа ұмтылыстары туралы мемлекет басшыларының Бірлескен мәлімдемесін қабылдады, сондай-ақ Экономикалық және техникалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Тауар биржалары туралы» №2170, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші

жойылған деп тану туралы» №2172, Заң күші бар «Банкроттық туралы» №2173, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №2175, «Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 6 желтоқсандағы №1979 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2176, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 11 қаңтардағы №1063 жарлығының 4-тармағының күшін жойылған деп тану туралы» №2177, «Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасындағы займ туралы келісімді бекіту туралы» №2178, «Ұсақ және орташа кәсіпорындарды дамыту жобасына арналған кредиттер туралы Қазақстан Республикасы мен Еуропа қайта құру және даму банкі арасындағы кепілдікті келісімді бекіту туралы» №2179, «Займ туралы Қазақстан Республикасы мен Швеция кредит корпорациясы арасындағы келісімді бекіту туралы» №2180, Заң күші бар «Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы» №2184, «Л.А. Моисеева туралы» №2185, «Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстық төрелік соттарының судьяларын мерзімінен бұрын қызметтен босату туралы» №2186 жарлықтарына қол қойды.

10 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Германия Федеративтік Республикасының Федералды президенті Р. Херцогпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективалары туралы пікір алмасып, бұл ретте, жоғары деңгейдегі жиі өткізілетін кездесулер екі ел арасындағы қатынастарға тұрақты және серпінді сипат беретінін атап өтті.

Әскери бейіттерді күтіп ұстау және қылмыс пен терроризмге қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге қол қою келіссөздердің қорытындысы болды.

Кездесудің соңында Н.Ә. Назарбаев Р. Херцогқа Екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде және соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан аумағында тұтқынға алынған жерлерде қаза болған 7,5 мың неміс әскери тұтқындарының тізімдерін табыс етті.

Мемлекет басшысы «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» алқасымен наградтау туралы» №2188, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы» №2189, Заң күші бар «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлерін әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы» №2190 жарлықтарына қол қойды.

11 сәуір

Мемлекет басшысы Біріккен тәжік оппозициясы жауынгерлерінің шабуыл жасауы нәтижесінде ТМД сыртқы шекарасының тәжік-ауған учаскесін күзеткен қазақстандық еркін атқыштар батальонының қаза болған жауынгерлері мен ресейлік шекарашылардың отбасыларына көңіл айту жеделхаттарын жолдады.

Президенттің жарлығы бойынша болған оқиғаға толық тергеу жүргізіп, қаза болған жауынгерлердің отбасылары мен жақындарына көмек көрсету үшін үкіметтік комиссия құрылды.

Мемлекет басшысы «С.В. Синицинге генерал-майор әскери атағын беру туралы» №2191 Жарлығына қол қойды.

12 сәуір

Мемлекет басшысы Қызыл-Орда облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент құрылысы жүріп жатқан облыстық көпбейінді аурухана кешеніне, облыстық ішкі істер басқармасының «Динамо» спорттық кешеніне, Қызыл-Орда агроөнеркәсіптік кешені инженерлерінің институтына, Қызыл-Орда теміржол бекетінің депосына, «Құмкөл» мұнай кен орнына барды.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ нарықтық қатынастарды одан әрі дамыту, демократияны нығайту, қылмысқа қарсы батыл күрес пен ТМД аясындағы интеграциялық байланыстарды нығайтуға бағытталған реформалар бағытына қолдау білдірген соғыс және еңбек ардагерлерімен, қала және ауыл тұрғындарымен кездесті.

Мемлекет басшысы «Ішкі істер органдарының қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №2192, Заң күші бар «Қазақ ССР-і мен Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы» №2193, «Халыққа білім беру қызметкерлерінің бір тобын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №2194 жарлықтарына қол қойды.

13 сәуір

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Сапар бағдарламасы Отырар ауданына барумен басталды, онда Президент Арыстан баб кесенесіне барды және «Көкмардан» ауылшаруашылық қауымдастығының қызметімен танысты.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Түркістан ауданына барып, Иқан ауылында болды және естелік ағашын отырғызды.

Келесі барған жері — Түркістан қаласы, онда Президент дүниежүзілік маңызы бар бірегей тарихи кешен Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жүргізіліп жатқан қалпына келтіру жұмыстарының барысымен танысты және қала қарияларымен кездесті.

Кешке Мемлекет басшысы Шымкент қаласына келіп, «Шымкенттемір» АҚ барды, жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарының өнімдері мен тауарлары көрмесін аралап көрді, қала мен облыстың іскер адамдарымен, республика оңтүстігінің қоғамдық-саяси және ұлттық-мәдени орталықтары көшбасшыларымен кездесулер мен сұхбаттар өткізді.

14 сәуір

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында облыс орталығында ашылған экономикалық колледжге барды, содан соң Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық кеңесі отырысына қатысу үшін Шымкент қаласына келген президенттер А.А. Ақаевпен, И.А. Каримовпен кездесті және олармен бірге ұста-пресс жабдығы зауытына барып, өндіріспен танысты және өндіретін өнімді қарап шықты.

Түстен кейін Президент Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент қаласында өткен Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты. Саммитке қатысушылар үш елдің бірыңғай экономикалық кеңістігі туралы келісімі аясындағы интеграциялық үдерістердің барысын талқылады, Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкінің қызметі туралы ақпаратты тыңдады, үш ел арасындағы 2000 жылға дейінгі Экономикалық интеграция бағдарламасын мақұлдады, сондай-ақ Тәжікстан мен тәжік-ауған шекарасындағы оқиға бойынша пікір алмасты.

Жоғары деңгейдегі кездесу қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Бірлескен үндеуін жариялады, онда тәжік оппозициясын Тәжікстандағы дағдарысты әскери және басқа да күш қолдану әдістерімен шешуден бас тартуға, ал ТМД елдері, БҰҰ мен ЕҚЫҰ-ны ұлттық бітістіруге, Тәжікстанда бейбітшілік пен тұрақтылықты орнатудың табысты іске асуына жәрдемдесуге шақырды.

15 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасы білім беру саласы қызметкерлерінің республикалық кеңесіне қатысты.

Кеңес барысында білім жүйесінің өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары талқыланды.

Кездесу қорытындысы бойынша Президент ағарту ісінің бір топ қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын табыс етті.

Мемлекет басшысы құрамында «Общая газета» газетінің бас редакторы Е.В. Яковлев, «Труд» газетінің бас редакторы А.С. Потапов, «Независимая газета» газетінің бас редакторы В.Т. Третьяков, «Комсомольская правда» газетінің бас редакторы В.П. Симонов және НТВ телекомпаниясының президенті И.Е. Малашенко бар Ресей Федерациясының Демократиялық бұқаралық ақпарат құралдарының бас редакторлары клубының мүшелерін қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев жаңа тәуелсіз мемлекеттердің даму заңдылықтарын, ТМД-

дағы интеграциялық үдерістер перспективаларын, Қазақстандағы ахуалдың даму ерекшеліктерін қалай көретіні жайында ойларымен бөлісті.

17 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға беру шартын бекіту туралы» №2195, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы» №2196, «Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы достық қатынастар және ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы» №2197, Заң күші бар «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы» №2198, Заң күші бар «Лицензиялау туралы» №2200, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №2205, «Тұлпар Мұнай ЛТД» бірлескен кәсіпорны туралы» №2206 жарлықтарына қол қойды.

20 сәуір

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №2207, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекаралас облыстарының ынтымақтастығы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы келісімді бекіту туралы» №2213, «Арналы мұнай өнімдері құбырларын пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы келісімді бекіту туралы» №2214, «Қазақстан Республикасы мен Эстония Республикасы арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы» №2215, «Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы келісімді бекіту туралы» №2216, «Өндірістік кооперациялар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Үкіметі арасындағы келісімді бекіту туралы» №2217, «Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Үкіметі арасындағы келісімді бекіту туралы» 2218, «Көкшетау облысының Васильковский кен орнында бағалы металдар шығаратын өндірісті дамыту үшін шетел инвестицияларын тарту туралы» №2220 жарлықтарына қол қойды.

21 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласының орталық мешітіне барып, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бас мүфтиі Р. Нысанбайұлымен және Алматы мен Семипалатинск архиепископы Алексиймен кездесті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы Ерікті түрде қоныс аудару және Қазақстан Республикасына еңбек шарттары бойынша келген адамдардың азаматтығы мәселелерін реттеу жөніндегі шартты бекіту туралы» №2221, «Сыртқы экономикалық қызметті реттеудің бірыңғай тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы келісімді бекіту туралы» №2222, «Табысқа және капиталға салық салуда қосарланған салықты жою және салық төлеуден жалтаруды болдырмау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы конвенцияны бекіту туралы» №2223, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгрия Республикасының Үкіметі арасындағы қосарланған салықты жою және табыс пен капиталға салықтар төлеуден жалтаруды болдырмау жөніндегі конвенцияны бекіту туралы» №2224, «Табысқа салық салуға қатысты қосарланған салықты жою және салық салынудан жалтаруды болдырмау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы конвенцияны бекіту туралы» №2225, Заң күші бар «Құнды қағаздар және қор биржасы туралы» №2227, Заң күші бар «Құнды қағаздар нарығын қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1994 жылғы 20 наурыздағы №1613 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №2228, Заң күші бар «Қазақ КСР-інің және Қазақстан Республикасының кейбір Заң актілеріне толықтырулар енгізу туралы» №2229, Заң күші бар «Жасырын шоттардың ашылуына байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» №2230 жарлықтарына қол қойды.

22 сәуір

Мемлекет басшысы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының отырысына қатысты.

Түркия, Иран, Германия, Ресей, Моңғолия және Қытайдан келген делегаттардың алдында сөйлеген сөзінде Президент елдегі жағдай туралы айтып, қазақ халқының бірлігі тақырыбына толығырақ тоқталып өтті және Қазақстанның шетелде тұратын репатрианттардың кез келген санын қабылдауға даярлығын мәлімдеді (Қосымшаны қараңыз).

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы — қазақ этносын біріктірумен, қазақ мәдениетін дамытумен және шетелде тұратын отандастармен байланыс орнату мәселелерімен айналысатын қоғамдық ұйым.
Ұйым 1992 жылы I Дүниежүзілік қазақтар құрылтайында құрылды.
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Қазақстанның шекаралық өңірлерінде филиалдарын ашып, әлемнің 32 елінде ашылған қазақтардың мәдени орталықтарымен әртүрлі байланыстарды дамытуда.
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қауымдастық төрағасы болып табылады.

23 сәуір

Мемлекет басшысы Әулие Никольский кафедралды соборына барып, мінәжат етушілерді Пасха мерекесімен құттықтады.

Президент Қазақстанның барлық азаматтарын ел үшін қиын уақытта көрсеткен ерлігі мен даналығы үшін, бір-бірін толықтырып, байыта отырып, тату көршілестікте өмір сүре алуы үшін алғыс білдірді, сондай-ақ Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен Әулие Вознесенский кафедралды соборын Алматы және Семипалатинск епархиялық басқармасына мерзімсіз және ақысыз пайдалануға беру туралы қаулы қабылданғанын хабарлады.

24 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға «Утомленные солнцем» фильмінің тұсаукесеріне келген танымал ресейлік кинорежиссер Н.С. Михалковты қабылдады.

Кездесу барысында Н.С. Михалков «Қазақстанды өзінің кинематографиялық отаны деп есептейтінін, себебі қазақ халқының қаһарман қызы туралы «Песнь о Маншук» атты фильмін өзінің алғашқы байыпты жұмыстарының бірі» деп санайтынын атап айтты.

Мемлекет басшысы Украинаның Президенті Л.Д. Кучмамен телефон арқылы сөйлесіп, оның

барысында тараптар бір-бірін әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал туралы, нарықтық реформаларды тереңдету және өз елдерінде конституциялық тәртіпті орнату бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Б.А. Цхайға, А.М. Бейсеновке, Ғ.Б. Бижігітовке, Н.М. Дейхинге, О.Р. Дүйсенбаевқа, Б.Б. Мұқышевқа, Б.С. Сәрсековке, Ж.Ә. Сұлтановқа жоғары офицерлік құрамның әскери атақтарын беру туралы» №2232, Заң күші бар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» №2235, «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатысушылардың бір тобын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №2237, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының құрамындағы өзгерістер туралы» №2238 жарлықтарына қол қойды.

25 сәуір

Мемлекет басшысы Кеңес Одағының Батырларын және Даңқ ордендерінің толық иегерлерін қабылдады.

Кездесуге қатысушылар алдында сөз сөйлей келе, Н.Ә. Назарбаев: «мемлекет Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне әлеуметтік қамсыздандыруды жақсарту үшін қолдан келгеннің барлығын жасап жатыр. Сіздер өздеріңіздің зор үлестеріңізді қосқан фашизмге қарсы соғыстағы жеңіске қол жеткізу бұрынғы Кеңес Одағы Социалистік Республикаларының барлық халықтарының бірлігі арқасында мүмкін болды. Мен посткеңестік тәуелсіз мемлекеттер арасындағы интеграция одан да тығыз әрі өзара тиімді болатынына сенімдімін», — деді.

26 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанның барлық өңірлерінен келген 45 көп балалы аналар тобын қабылдап, оларға «Алтын алқа» алқаларын табыс етті.

Президент: «көпбалалы аналардың басындағы жағдай ерлікке барабар және табыс етілетін наградалар орден мәртебесіне ие, алайда қоғам өзінің ең нәзік бөлігінің көзге көрінбейтін күн сайынғы ерлігінің алдында өтелмес қарыздар болып қала береді, оның

үстіне, олардың басына елдің нарыққа көшуінің экономикалық қиындықтары да түсті», — деп атап өтті.

«Алтын алқа» алқасы 1993 жылдан бастап беріле бастады. Олар көпбалалы аналарға арналған наградалар болып табылады.
Алғашқыда «Алтын алқа» алқасымен 10 және одан көп бала тәрбиелеген аналар марапатталатын.
Кейін, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 2 желтоқсандағы «Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, «Алтын алқа» алқасымен 7 және одан көп бала тәрбиелеген аналар марапатталатын болды.

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы банкнот фабрикасына барып, жаңа қазақстандық банкноттардың эксперименттік шығарылуына қатысты.

Президент қазақстандық банкноттардың жоғары қауіпсіздігін қамтамасыз еткен «Thomas De La Rue» танымал британдық компаниясының фабрикада құрастырған жабдығын жоғары бағалады.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ монеталық алтын мен күміс жинақталған, сондай-ақ бағалы металдардың сапасы мен салмағына сараптама жасайтын заманауи жабдықтары бар республика Гохранында болды.

«Thomas De La Rue» — 1821 жылы Лондонда негізі қаланған британдық компания, бағалы қағаздар (банкноттар, төлқұжаттар, жүргізуші куәлігі мен басқа да құжаттар) мен банк жабдықтары (банкнот есептеуіштер, банкнот сұрыптауыштар, монета сұрыптауыштар және т.б.), жеке басты сәйкестендіру мен құжаттарды қорғауға арналған техникалық шешімдер шығаратын әлемдегі ең ірі өндірушілердің бірі.
Қазіргі уақытта компания дүниежүзінің 114 елінің ұлттық валюталарын басып шығарады және әлемдегі банкноттар басатын барлық жабдықтардың 95% шығарады.
1993 жылы «Thomas De La Rue» Қазақстан Республикасы үкіметінің тапсырысы бойынша қазақстандық ұлттық валюта — теңгенің бірінші топтамасын басып шығарды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі арасындағы Экономика және өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы» №2239, «Қазақстан

Республикасы мен Испания Корольдігі арасындағы Инвестицияларды өзара ынталандыру және қорғау туралы шартты бекіту туралы» №2240, «С.Д. Бейсеновті Қазақстан Республикасының Литва Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі және бір мезгілде Қазақстан Республикасының Эстония Республикасы мен Латвия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №2241 жарлықтарына қол қойды.

27 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстандағы «Рахат Палас» бірінші бесжұлдызды отелінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Соңынан болған баспасөз конференциясында Н.Ә. Назарбаев: «Мұндай сыныпты отель — республика бойынша біріншісі, бірақ соңғысы емес. Бұл сияқты отельдерді Шымкент, Талдықорған мен Ақмола қалаларында салу жоспарланып отыр», — деп атап айтты.

28 сәуір

Мемлекет басшысы Республикалық «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу шараларын өткізу жөніндегі штабының кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында Ішкі істер министрліктері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Бас прокуратура басшыларының іс-шара барысы туралы ақпараттары тыңдалды.

Президент «өткізіліп жатқан шаралар халықтың арасында кеңінен қолдау тапқанын, бірақ қылмысқа қарсы күрестің қарқынын бір сәтке де босаңсытуға болмайтынын» атап өтті.

Мемлекет басшысы «Ә. Кекілбаевты Қазақстан Республикасы Президентінің Мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» №2244, «1995 жылғы 9 мамырда Алматы қаласында әскерлер парадын өткізу туралы» №2245, «Қосымша мерекелік күн туралы» №2246, Заң күші бар «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» №2247 жарлықтарына қол қойды.

29 сәуір

Мемлекет басшысы «Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Моңғолия Үкіметінің арасындағы келісімді бекіту туралы» №2249 Жарлығына қол қойды.

30 сәуір

Мемлекет басшысы отандық және Қазақстанда тіркелген шетел тілшілері үшін 1995 жылғы 29 сәуірде өткен Қазақстан Республикасы Президенті өкілеттігін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзарту жөніндегі республикалық референдумның қорытындысы бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

«Әрбір саясаткердің өмірінде өзінің «ақиқатты сәті» болады. Мен үшін ол — 29 сәуір күні. Мен өзінің ойлы таңдауымен қажетсіз әбігер мен ауыр күйзеліске батыл «жоқ» дей отырып, біздің ортақ Отанымызға таяу 5 жылға тұрақтылық пен қалыптасуға мүмкіндік берген миллиондаған қазақстандықтарға ризашылығымды білдіргім келеді. Сіздердің сенімдеріңіз — бұл зор марапат, әрі мемлекет басшысы үшін одан биік ештеңе де болуы мүмкін емес.

...Мерзімді ұзарту жөніндегі референдум — артта қалушылықты еңсеру мақсатындағы саяси үдемелі ілгерілеушілік. Бұл — төтенше, бірақ жаңғыртуларға жаңа қарқын бере алатындай әбден қабылдауға боларлық шара. Сондықтан да ол кейбіреулерді елең еткізді. Алайда, бұл осындай шараны қабылдаудың қажеттігін дәлелдей түсті.

Диктатура туралы алып-қашпа сөздер мүлдем негізсіз әрі жауапкершіз. Оның қарақшысымен бізді қорқытудың қажеті жоқ. Біз азаматтардың экономикалық бостандықтарын іске асыру үшін едәуір қолайлы жағдайлар жасайтын толық либералдануға бағытты нық ұстанып келеміз. Биылғы жылдың өзінде парламенттік сайлау өтеді. Демократиялық қайта құру жолынан тайынбаймыз. Бұл біздің саналы түрде жасаған таңдауымыз», — деп мәлімдеді Президент (Қосымшаны қараңыз).

1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы дағдарыстық жағдайларды шешу процедураларын көздеген жоқ. Бұл 1993–1994 жылдар межесінде орын алған биліктің өкілетті органдарының дағдарысын алдын ала анықтап берді, оның ізінше

заңнамалық функцияларды ел Президентіне беру мен 1995 жылғы наурыздағы конституциялық дағдарыс та келді.
Заңнамалық тармақтың болмауы жағдайында референдум конституциялық дағдарыстан шығудың барынша тиімді жолы болды және Қазақстанның саяси жүйесін реформалаудың құралына айналды.
1995 жылғы 25 наурызда Қазақстан халықтарының Ассамблеясы қоғам бірлігін сақтау мен елдегі саяси және әлеуметтік жағдайдың шиеленісуіне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзарту жөніндегі республикалық референдум өткізу қажеттігі туралы қарар қабылдады.
Референдум қорытындысы қазақстандықтар елдің одан әрі жаңаруына қарай бағытты қолдайтынын сенімді түрде паш етті: дауыс беруге қатысқан азаматтардың 7 932 834-і өкілеттікті ұзартуды жақтады, бұл дауыс беруге қатысқандардың жалпы санынан 95,46% құрады. Жалпыхалықтық қолдау мен сенімге ие болған Н.Ә. Назарбаев билік тармақтарының бөлінуі, өзара тежеу мен қарамақайшылық жүйелерін құру, жеке меншік, білім саласын дамыту, аграрлық және құқықтық реформаларды іске асыру және т.б. шешімін таппаған мәселелер шешілуі қажет болған жаңа Конституцияның жобасын жасауды тездете алды.
Одан басқа, жоғарғы заңнамалық органның болмауы уақытында заңшығармашылық қызметтің ауыртпашылығын өз мойнына алуына тура келді. Осы кезең ішінде оның заң күшіне ие жарлықтарымен құқықтық реттеудегі ақауларды жамап, экономиканы ауқымды жаңғырту мен мемлекеттік құрылысты одан әрі жалғастыру үшін шынайы негіз қалаған сенімді заңнамалық базаны қалыптастыру мүмкін болды.

МАМЫР

1995

Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	31
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	

ЗАКСТАН

2 мамыр

Мемлекет басшысы «Жоғары офицерлер құрамы Ә.Х. Қасымовқа, А.Ш. Васимовқа, М. Орынбековке, Ж.Қ. Рыспаевқа, В.В. Тузиковке, В.А. Шацковқа, Г.В. Носоновскийге әскери атақтар беру туралы» №2250, «Т.Ы. Бұзыбаевқа, М.Ю. Әуеновке, М.М. Жанділдиновке, А.М. Дружининге, С.А. Имандосовқа генерал-майор әскери атағын беру туралы» №2251, «Т.Ә. Әшляевқа, Д.Ы. Байтұқбаевқа, Ә.К. Мәмбетовке, Р. Тілеухановқа 3 сыныпты мемлекеттік юстиция кеңесшісі сыныптық шенін беру туралы» №2252, Заң күші бар «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкерлерін материалдық жағынан және зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заң құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің 1994 жылғы 14 шілдедегі қаулысына өзгеріс енгізу туралы» №2253, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2254, Заң күші бар «Шаруашылық серіктестіктері туралы» №2255, Заң күші бар «Шаруашылық серіктестіктері және акционерлік қоғамдар, компаниялар туралы» Қазақ КСР Заңының күші жойылған деп тану туралы» №2257 жарлықтарына қол қойды.

3 мамыр

Мемлекет басшысы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына орай ресей халқы мен Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинге баспасөз бетінде үндеуін жариялады.

«...Біз бүгін Жеңіс тұғырына өз өмірлерін салған ондаған миллион қаһармандар, біздің республикалардың өкілдерін еске ала отырып, басымызды иеміз және майдан шебі мен тылда жеңісті жақындата түскен ардагерлерге құрмет көрсетеміз.

Ерлердің қаны төгілген екінші дүниежүзілік соғыстың қасиетті ұрыс даласында қарулас халықтар бауырластығының антигитлерлік одағы шыңдалып қалыптасты, олардың бірлесіп күш-жұмсауы XX ғасырдың адамды жеккөрушілік мәнінің қара обасына қарсы парасаттылық пен гуманизмнің салтанат құруын қамтамасыз етті.

Ата бабаларымыз бен болашақ ұрпақтың алдындағы біздің парызымыз — бұдан кейін де Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы халықтарының жасаған саналы тарихи таңдауына, бір-бірінің мәдениеті мен дәстүрлеріне терең түсіністік пен өзара құрмет көрсетудің берік іргетасы негізіндегі халықтарымыз арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту, реформаларға, демократия мен бостандықтың негізгі құндылықтарына ортақ қолдау көрсету...», — делінген жолдауда.

Мемлекет басшысы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына орай ардагерлердің үлкен тобын қабылдап, оларға салтанатты түрде Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын табыс етті.

Президент қолынан алтын жұлдыздар мен «Отан» ордендерін «Халық қаһарманы» құрметті атағын иеленген Қ. Қайсенов, А. Құлақов пен М. Тайыпов алды.

«Отан» ордендері Г. Рахметова, К. Ақтанов, Т. Әзімбаев, З. Батталханов, Н. Шкуловқа табыс етілді.

Басқа ардагерлер «Даңқ», «Парасат» және «Құрмет» ордендерімен наградталды.

Одан басқа, барлық ардагерлерге «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы» мерейтойлық медальдары табысталды.

1

2

3

4

5

6

7

8

«Халық қаһарманы» атағы 1993 жылы бекітілген, Қазақстан Республикасының жоғарғы дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады. Атақ Қазақстан Республикасына сіңірген аса көрнекті қызметі үшін, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық және жауынгерлік ерліктері үшін беріледі. «Халық қаһарманы» атағына ие болған тұлғаларға Алтын жұлдыз (1-сурет) және «Отан» ордені (2-сурет) тапсырылады.

«Отан» ордені (2-сурет) 1993 жылы белгіленді. Бұл орденмен азаматтар мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі, экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы; мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы ерекше еңбегі үшін марапатталады.

«Даңқ» ордені 1993 жылы белгіленді. Екі дәрежесі бар. «Даңқ» орденімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының жоғары офицерлік құрамының, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер және басқа органдар басшы құрамының адамдары әскерлерге басшылық ету мен басқарудағы табыстары, әскерлердің жоғары жауынгерлік әзірлігі мен елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз еткені үшін, әскери, шекаралық және ішкі қызметті үздік ұйымдастырғаны үшін, ұлттық

қауіпсіздікті қамтамасыз еткені, заңдылықты және қоғамдық тәртіп күзетін нығайтқаны үшін марапатталады.
I дәрежелі «Даңқ» ордені (3-сурет) жұлдыздан және иыққа асатын лентадағы орден белгісінен (4-сурет) тұрады. II дәрежелі «Даңқ» ордені (5-сурет) тақташасындағы белгіден тұрады.

Парасат» ордені (6-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ және халықтың рухани және ой-өрісін жоғарылатудағы әлеуетін дамытудағы еңбегі үшін, азаматтардың құқығы мен әлеуметтік мүдделерін қорғауда ерен еңбегін сіңірген азаматтар марапатталады.

«Құрмет» ордені (7-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Құрмет» орденімен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі, мемлекеттік қызметтегі үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

«1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы» мерейтойлық медалі (8-сурет) — Ресей, Қазақстан және Беларусь мемлекеттерінің наградасы. Ол 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына орай Ресей Федерациясының 1993 жылғы 7 шілдедегі Заңымен бекітілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің 1993 жылғы 26 қазандағы Қаулысы негізінде Қазақстан Республикасының мерейтойлық медалі және Беларусь Республикасы Президентінің 1995 жылғы 14 наурыздағы Жарлығы негізінде Беларусь Республикасының мерейтойлық медалі болып табылады.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бір топ офицерлерін қабылдап, оларға генералдық ерекшелік белгілерін табыс етті.

4 мамыр

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Литва Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ю. Ашембергастан сенім грамотасын қабылдады.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Корея Халықтық Демократиялық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ким Чан Кынды қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаевтың Оңтүстік Кореяға 1995 жылғы 15–18 мамырға жоспарлаған ресми сапары шешімін табуға ықпал ететін өзара қызығушылық тудыратын мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына арналған ТМД спартакиадасына қатысушыларына құттықтауын жолдады.

«Спорттық алаңдарда жастармен қатар жауынгерлік және еңбек ерліктері жарқын үлгі боларлықтай, биік спорттық нәтижелерге қол жеткізуге шабыттандыратын ардагерлер де бар. Жас спортшылар спартакиадасының жарысына қатысу оларға өздерінің ең үздік жауынгерлік қасиеттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Қазақстанда жоғары бағалайтын және үздіксіз дамытып, нығайтуға тырысатын ТМД халықтарының достығы жеңсін», — делінген жолдауда.

Мемлекет басшысы «Климаттың өзгеруі жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі конвенциясын бекіту туралы» №2260, «Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» №2261 жарлықтарына қол қойды.

5 мамыр

Мемлекет басшысы салтанатты рәсімге қатысып, оның барысында оған Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1995 жылғы 29 сәуірде өткен республикалық референдум қорытындысы бойынша Президенттік өкілеттік мерзімін 2000 жылға дейін ұзарту туралы куәлік табыс етілді.

Президент резиденциясында жиналған Премьер-министр мен Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің мүшелері, Қазақстанның ғылыми және шығармашыл жұртшылығының өкілдері Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Ю.А. Кимнің республикалық референдумның ресми қорытындысы туралы хабарламасын қанағаттанарлықпен қарсы алып, Н.Ә. Назарбаевқа президенттік өкілеттік мерзімін ұзарту туралы куәліктің табыс етілуін жылы шыраймен қабылдады.

Президент құттықтаулар үшін ризашылығын білдіріп. «...Халыққа тікелей үндеу тастау — әсіресе, экономикалық дағдарыс әсері халықтың өмір сүру деңгейінде өткір білінген кезеңінде кез келген саясаткер үшін ауыр сынақ. Алайда референдумның ресми нәтижесі Қазақстанның көпұлтты халқының республика басшылығының жүргізіп отырған нарықтық экономикаға көшу, азаматтық бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты нығайту, қылмысқа қарсы күресті күшейту және республика азаматтарын олардың

өмірі мен жеке меншік мүлкіне қандай да болмасын қастандық жасаудан қорғау бағдарын сөзсіз қолдайтынын паш етті», — деді (Қосымшаны қараңыз).

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1995 жылғы 29 сәуірде өткен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өкілеттігін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзарту жөніндегі республикалық референдумда дауыс беру қорытындысы туралы ресми хабарламасына сәйкес дауыс беру барлық 10 194 учаскеде өтті.

Референдумға қатысу үшін тізімдерге енгізілген 9 110 156 республика азаматтарының ішінде дауыс беруге 8 309 637 адам, немесе 91,21% қатысты.

Дауыс беруге қатысқан азаматтардың 7 932 834-і немесе 95,46% Президент өкілеттігін ұзартуды жақтап дауыс берді. 312 256 азамат, немесе 3,76% қарсы дауыс берді, 64 647 бюллетень жарамсыз деп танылды, бұл оның жалпы санынан 0,8% құрады.

Осылайша, Қазақстан халқы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өкілеттік мерзімін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзартты.

Сол күні Мемлекет басшысы облыстардың және Алматы қаласы әкімшіліктерінің басшыларымен кеңес өткізді.

Болып өткен референдум қорытындысы туралы айта отырып, Президент «референдумда Президентке ғана емес, өңір басшыларына да сенім білдірілді. Сондықтан барлығымыз біріге отырып, саяси және экономикалық реформалар жолында қоғамның нақты ілгерілеуімен сәйкесінше жауап беру керек...

...Ең алдымен, халықтың аз қамсыздандырылған топтары, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, мүгедектер мен зейнеткерлерге үнемі қамқорлық көрсетіп отыру керек. Бюджет саласында зейнетақы мен жалақы бойынша қарызды болдырмау қажет. Инфляцияның, бірінші қажеттілік тауарлар құнының өсуін болдырмау үшін барлық тетіктерді іске қосу керек», — деді.

Кеңесте сондай-ақ басшылардың орталықтағы, сол сияқты жергілікті жердегі жұмыс стилі, олардың тапсырылған учаске үшін жауапкершілігі, бастамашыл адамдарға қолдау көрсету қажеттілігі, олардың батыл алға басуы, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы сөз қозғалды.

6 мамыр

Мемлекет басшысы Ұлыбритания Патшайымы Елизавета II шақыруы бойынша Екінші дүниежүзілік

соғыстағы Жеңістің 50 жылдығына орай Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің астанасы Лондон қаласында өткен салтанатқа қатысты.

Мерекелік шаралар аясында Н.Ә. Назарбаев Әулие Павел соборындағы еске алу жоралғысына және мерекелік шараларға қатысу үшін келген 80-нен астам мемлекет пен үкімет басшыларының құрметіне Патшайым Елизавета II берген ресми қабылдауына қатысты, сондай-ақ патшайым Елизавета II, британдық Королі отбасының мүшелері — Эдинбург және Уэльсс ханзадаларымен, Ұлыбританияның Премьер-министрі Дж. Мейджормен екіжақты кездесулер өткізді.

7 мамыр

Мемлекет басшысы Франция Республикасының Президенті Ж. Ширактың шақыруы бойынша Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 50 жылдығына орай Франция астанасы Париж қаласында өткен салтанатқа қатысты.

Мерекелік шаралар аясында Н.Ә. Назарбаев Салтанат қақпасы алдындағы алаңда өткен рәсімге қатысты, сондай-ақ Ж. Ширакпен екіжақты кездесу өткізді.

8 мамыр

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельциннің шақыруы бойынша Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 50 жылдығына орай Ресей астанасы Мәскеу қаласында өткен салтанатқа қатысты.

Мерекелік шаралар аясында Н.Ә. Назарбаев Кремль қабырғасы жанындағы Белгісіз солдат бейітіне гүл шоқтарын қойды, Кремль съезд сарайында болған салтанатты жиналысқа қатысты, сондай-ақ Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен, Германия Федеративтік Республикасының Федералды канцлері Г. Кольмен, Америка Құрама Штаттарының вице-президенті А. Гормен, Иордания Королі Хусейн бен Талалмен және т.б. екіжақты кездесулер өткізді.

9 мамыр

Мемлекет басшысы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына орай Алматы қаласында өткен мерекелік шараларға қатысты.

Н.Ә. Назарбаев 28 гвардияшыл-панфиловшылар атындағы саябақта Даңқ мемориалының алдындағы Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды және Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен кездесті.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Республика сарайында өткен 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

«Бүгін орасан зор әрі нұрлы мереке күні, ол Қазақстанның, Достастық мемлекеттерінің, бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың жеріне жетіп отыр. Біз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығын ерекше көтеріңкі және салтанатты жағдайда атап жатырмыз.

Табаны күректей 4 жыл бойы ғаламат күш-қайрат көрсеткен және сұрапыл шығындарға ұшыраған біздің еліміз фашистік Германияның қуатты әскери машинасын тас-талқан етті. 4 жыл бойы соғыс қырғыны Отан қорғаушылардың қатарын селдіреткені, ал мұның өзі қалалар мен ауыл-селоларға «қара қағаз» болып жетіп, жесірлердің көз жасына айналып жатқаны да кешегі ақиқат. 4 жыл бойы өз басының қамын ойламаған тылдағы еңбеккерлер майданға әскери өнімдерді эшелондап жіберіп жатты. «Біз фашизмнің омыртқасын опырамыз!» — деп ант берді жауынгерлер 1941-ші жылы. «Фашистік жыртқыштарды өз інінде құртамыз!», — деді олар 1945-ші жылы. Сөйтіп, олар өз сертінен шықты, дәл осындай мамырдың шуақты күніне мерекелі салют адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталғаны туралы адамзатты хабардар етті.

Сіздердің әрқайсыңыздың жүрегіңізде, біздің барлық отандастарымыздың жанында терең із қалдырған осынау ұлы күнмен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар, құрметті жеңіс жауынгерлері мен тыл еңбеккерлері!», — деп шын жүректен құттықтады ардагерлерді Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

Салтанатты жиналыс мыңға жуық кәсіби және көркемөнер әртістері қатысқан елдің өнер жұлдыздарының үлкен концертімен аяқталды.

Кешке Мемлекет басшысы Жеңіс күніне орай Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған қабылдау өткізді.

10 мамыр

Мемлекет басшысы Республикалық «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу шараларын өткізу жөніндегі штабының кезекті отырысына төрағалық етті.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Б.А. Баекеновтің баяндамасын тыңдау қорытындысы бойынша сөз сөйлей келе, Президент референдумға

дайындық кезінде, оны өткізу күні және мамыр мерекелері күндері тиісті қоғамдық тәртіп қамтамасыз етілгенін атап өтті. Алайда, қайткен күнде де ауыр әлеуметтік қасіретпен күресті тоқтатуға болмайтынын жеткізді.

Н.Ә. Назарбаев заңға құрмет көрсету рухында құқықтық насихаттау мен азаматтарды тәрбиелеу өте маңызды екенін атап айтты. Жасаған қылмыс үшін жазаның болмай қоймайтыны басты алдын алу факторы болған және солай болып қала береді.

Отырыста сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің сот жүйесі мен республика судьяларының мәртебесі туралы жарлық жобасының кейбір аспектілері талқыланды.

11 мамыр

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан және Жезқазған облыстық әкімшіліктерінің басшылары Қ.Қ. Жақыпов пен Қ.Ы. Нағмановты қабылдап, оларға сеніп тапсырылған өңірлерде Үкіметтің реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі іс-қимыл бағдарламасының іске асырылу барысы туралы есептерін тыңдады.

Кездесу қорытындысын шығара отырып, Президент «...І тоқсандағы жұмыстың қорытындысы елде инфляцияның төмендеп келе жатқанын, ішкі жалпы өнімнің өсуі көзделіп отырғанын атап айтты. Бұл үрдісті микро- дан макродеңгейге дейін сақтап қалу қажет. Экономикалық қайта құрудың баламасы жоқ, нақты жұмыстың уақыты келді».

12 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Займ беру туралы келісімді бекіту туралы» №2265, Заң күші бар «Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру ерекшеліктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер енгізу туралы» №2266, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы №1135 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2268, Заң күші бар «Жер қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2269, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 21 маусымдағы №1251 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №2270, «Қазақстан

Республикасының 1956 жылғы Халықаралық жүк тасымалдау шарты туралы конвенцияға қосылуы туралы» №2271, «Қазақстан Республикасының 1970 жылғы Халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Еуропа келісіміне қатысуы туралы» №2272, «Қазақстан Республикасының 1970 жылғы Тез бұзылатын тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау және осы тасымалға пайдаланылатын арнаулы көлік құралдары туралы келісімге қосылуы туралы» №2273, «Қазақстан Республикасының 1975 жылғы Халықаралық автоарналар туралы Еуропа келісіміне қосылуы туралы» №2274, «Қазақстан Республикасының 1975 жылғы ХЖТ кітапшасын қолдана отырып халықаралық жүк тасымалдау туралы Кеден конвенциясына (ХЖТ конвенциясы) қосылуы туралы» №2275, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгрия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» №2276, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» №2277, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 21 қаңтардағы №1086 және 1995 жылғы 12 қаңтардағы №2032 жарлықтарының күші жойылған деп тану туралы» №2280, «Корей Республикасында Қазақстан Республикасының елшілігін ашу туралы» №2281, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2282 жарлықтарына қол қойды.

15 мамыр

Мемлекет басшысы Корея Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Сеул қаласында ұлттық мемориал-қорымына барды және корей халқының еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін қаза болғандардың құрметіне Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды.

16 мамыр



Мемлекет басшысы Корея Республикасына ресми сапары барысында Президент Ким Ен Саммен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар Қазақстан және Корея арасындағы ұзақмерзімді өзара тиімді қатынастардың жағдайы мен даму перспективаларын, сондай-ақ өңірлік және халықаралық қауіпсіздік мәселелерін талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасының арасындағы өзара қарым-қатынастар мен ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы декларацияға, сондай-ақ ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы экономикалық байланыстар жөніндегі Оңтүстік Корея қауымдастығының мүшелерімен кездесіп, Қазақстанның аса бай табиғи мүмкіндіктері, онда жасалған қолайлы инвестициялық климат туралы айтты және бизнестің ірі өкілдерін өзара тиімді ынтымақтастыққа шақырды.

Күн соңында Мемлекет басшысы «Daewoo» компаниясының автомобиль зауытында болып, «Gold Star» компаниясы тобының басшылығымен кездесті.

17 мамыр

Мемлекет басшысы Корея Республикасына ресми сапары барысында Кванчжу және Чечжу қалаларында болып, онда «Posco» құрыш құю комбинатына, «Jeju Jungmun» туристік кешеніне барып, «Samsung» компаниясы мен бірқатар басқа да ірі компаниялардың басшыларымен кездесті.

19 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанға келген «Eni S.p.A.» консорциумы дирекциясының басқарушысы Ф. Бернабені, «Agip KCO» компаниясының президенті Г. Москатоны және «Saipem» компаниясының президенті Л. Сгубиниді қабылдады.

Кездесу барысында Қарашығанақ кен орнындағы газ өндіру мен өңдеу перспективалары талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы дүние жүзінің 114 елінің ұлттық валютасын басып шығаратын және әлемдегі банкноттар басатын барлық жабдықтардың 95% шығаратын белгілі британдық «Thomas De La Rue» компаниясының заманауи жабдықтарымен жарақталған Алматы қаласындағы банкнот фабрикасының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер

мен толықтырулар енгізу туралы» №2283, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» №2284, «Өзбекстан Республикасы әдебиет, өнер және ғылым қайраткерлерінің бір тобын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №2285, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» №2286, «Қ. Абдоллаевты Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2287, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 13 сәуірдегі №1655 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2290 жарлықтарына қол қойды.

20 мамыр

Мемлекет басшысы елімізге Қазақстандағы Өзбекстан күндеріне қатысу үшін келген Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен кездесті.

Шағын құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері мен өзекті өңірлік және халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасу болып өтті.

Сол күні Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен бірге «Интеграция-95» өзбек экспозицияларының көрмесі өткен Алматы қаласындағы «Атакент» іскерлік ынтымақтастық орталығында болды.

Көрмені аралап көрген соң, мемлекет басшылары екі елдің өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлерінің бизнес-конференциясына қатысты. Іс-шара барысында Н.Ә. Назарбаев зор құрмет белгісі ретінде И.А. Каримовке қазақстандық шеберлер соққан бабалар қылышын табыс етті, ал оның өзбек әріптесі Өзбекстандағы ең көне құрылыс — Самарқанд қаласындағы Регистан кесенесі бейнеленген суретті табыстады.

Содан соң мемлекет басшылары қазақтың ұлы ақыны, ойшылы және ағартушысы А. Құнанбаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Кешке екі елдің басшылары Алматы қаласындағы Республика сарайында өткен Қазақстандағы Өзбекстан күндерінің ашылуына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

22 мамыр

Мемлекет басшысы «Б.С. Зәкиевті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2291, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау жөніндегі келісімді бекіту туралы» №2294, Заң күші бар «Стандарттау және сертификаттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы» №2297 жарлықтарына қол қойды.

25 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі С.Т. Тұрсыновты Вена қаласындағы (Австрия) Халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №2299, «Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық комитетін құру туралы келісімді бекіту туралы» №2300, «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Төлем одағын құру туралы келісімді бекіту туралы» №2301, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Ресей Федерациясы азаматтарының Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі контракт бойынша әскери қызметі және олардың мәртебесі туралы келісімді бекіту туралы» №2302, «Еңбектегі міндетін атқару кезіндегі қызметкердің жарақаттануына, кәсіптік ауруға ұшырауына немесе денсаулығының өзге де бұзылуына байланысты келтірілген залалды өтеуге деген құқығын өзара тану туралы келісімді бекіту туралы» №2303, «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ұлттық гидрометеорология қызметтерін қамтамасыз ету үшін тауар беру туралы келісімді бекіту туралы» №2304 жарлықтарына қол қойды.

26 мамыр

Мемлекет басшысы Беларусь Республикасының астанасы Минск қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммит барысында Мемлекетаралық валюта одағын құру, Тәжікстандағы бітімгершілік операциялары мен тәжік-ауған шекарасындағы ахуалды реттеу туралы және т.б. мәселелер қаралды.

Отырыс қорытындысы бойынша ТМД Адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы конвенциясы және ТМД қатысушы мемлекеттердің парламентаралық ассамблеясы туралы конвенциясы мақұлданды, сондай-ақ Мемлекетаралық валюта комитетін құру туралы келісімге және ТМД-ға кірмейтін мемлекеттердің шекараларын қорғау туралы шартына қол қойылды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда Ресей, Украина және Беларусьпен бұрынғы КСРО құрамына кірген мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттеу мақсатында құрылған өңірлік халықаралық ұйым.
1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.
1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамына кірген 11 мемлекет ТМД қағидаттары мен мақсаттары жазылған Алматы декларациясына қол қойды.
Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Қорғаныс министрлерінің кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқару комитеті және т.б. ТМД органдары болып табылады.

Мемлекет басшысы бұрынғы Семей ядролық полигонындағы соңғы ядролық зарядтың жойылуына байланысты баспасөз бетінде Қазақстан азаматтарына үндеуін жариялады (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Р.Т. Ыбыраевқа екінші сыныпты Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №2306, «Р.Т. Ыбыраевты Қазақстан Республикасының Үндістан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №2307 жарлықтарына қол қойды.

30 мамыр

Мемлекет басшысы тәжікаралық қақтығысты реттеудегі бітістіруші миссиясын іске асыратын БҰҰ бас хатшысының арнайы елшісі Р.П. Баллонды қабылдады.

Кездесу барысында Алматы қаласында БҰҰ аясында өткен тәжікаралық келіссөздердің кезекті кезеңінің негізгі қорытындысы талқыланды.

Тәжікстандағы азаматтық соғыс — КСРО ыдырауы нәтижесінде (1992–1997 жж.) ел тәуелсіздігін жариялағаннан кейін болған орталық билік жақтаушылары мен Біріккен тәжік оппозициясы тарапындағы әртүрлі топтардың арасындағы руаралық қарулы қақтығыс. 1992 жылғы тамыз айынан 1993 жылғы шілде айына дейін ел

іс-жүзінде екіге бөлінген кезде ең қиян-кескі қақтығыстар өтті. 1993 жылдың жазынан бастап қақтығыс қарқыны бәсеңдей түсті, алайда қарама-қарсы жақтар бітіскен 1997 жылғы 27 маусымға дейін жекелеген қақтығыстар болып тұрды.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында тіркелген Латын Америка елдері елшілерінің делегациясын қабылдады.

Бразилия, Гватемала, Гвинея, Коста-Рика, Куба, Панама, Перу, Уругвай, Чили, Эквадор, Никарагуа және Ямайка дипломаттары Президент Н.Ә. Назарбаевты президенттік өкілеттік мерзімін 2000 жылға дейін ұзартылуымен құттықтады және өз елдерінің Қазақстанмен өзара тиімді ынтымақтастық орнату ниеттерін білдірді.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинге Сахалин аралындағы жер сілкіну нәтижесінде адамдардың қаза болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Осы қайғылы оқиғаға байланысты Б.Н. Ельцинге, үкіметке және Ресейдің барша халқына қайғыларына ортақтасып шын жүректен көңіл айтамын. Өз атымнан және барша Қазақстан халқының атынан қаза болғандардың туған-туыстарына және табиғи апат нәтижесінде зардап шеккендердің барлығына қайғыларына ортақтасып ниеттестігімізді жеткізуіңізді сұраймын. Осы қасіретті сәтте қазақстандықтар сіздермен бірге және көмек көрсетуге әзір», — делінген жеделхатта.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартты бекіту туралы» №2309 Жарлығына қол қойды.

31 мамыр

Мемлекет басшысы «Е.Ж. Дербісовке кеден қызметінің II дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі дербес атағын беру туралы» №2311, «А. Қапсұлтановқа кеден қызметінің III дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі дербес атағын беру туралы» №2312 жарлықтарына қол қойды.

МАУСЫМ 1995

Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	
Жк	4	11	18	25	

1 маусым

Мемлекет басшысы Павлодар облысында жұмыс сапарымен болып, Павлодар алюминий зауыты, «Ертіс» АҚ, «Павлодархимпром» өндірістік бірлестігі және облыс орталығының басқа да өнеркәсіптік бірлестіктеріне барды.

Мемлекет басшысы «Э. Бирердинчті «Парасат» орденімен наградтау туралы» №2313, «Кешірім жасау туралы» №2314 жарлықтарына қол қойды.

2 маусым

Мемлекет басшысы Жезқазған облысында жұмыс сапарымен болды.



Балқаш қаласында Президент «Балқаш» АҚ барып, мыс катанкаларды шығару цехын іске қосу рәсіміне қатысты.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Приозерск қаласында болып, байыту фабрикасының жұмысымен танысты және «Ақбақай» алтын өндіру кен орнын аралап көрді.

5 маусым

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы әскери соттарының құрамындағы өзгерістер туралы» №2322, «Қазақстан Республикасының облыстық, Алматы және Ленинск қалалық соттарының, облыстық соттары төралқаларының құрамындағы өзгерістер туралы» №2323, «Ақмола облыстық төрелік сотының төрағасы Л.В. Чухлиевті қызметінен мерзімінен бұрын босату туралы» №2324 жарлықтарына қол қойды.

6 маусым

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясына сапарында жол-жөнекей Франция Республикасының астанасы Париж қаласына аялдап, Президент Ж. Ширакпен кездесті.

Кездесу барысында тараптар өзара қызығушылық тудыратын кең ауқымды мәселелер бойынша пікір алмасты, әртүрлі салалардағы екіжақты ынтымақтасты одан әрі кеңейтудің перспективаларын талқылады.

Әңгімелесу қорытындысы бойынша Н.Ә. Назарбаев «дүниежүзіндегі ядролық елдердің бірі Франция Қазақстанға өз кепілдіктерін бергендігін» ризашылықпен атап өтті.

8 маусым

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Женева қаласында өткен БҰҰ қарусыздану жөніндегі конференциясының кезекті сессиясына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев сөйлеген сөзінде: «Қазақстанның қарусыздану жөніндегі конференцияға байқаушы ретінде қабылдануы, мерзімі жағынан бұрынғы Семей ядролық полигонындағы соңғы ядролық зарядты жоюмен тұспа-тұс келуінде зор мағына жатыр. ...Дүниежүзілік дамудағы үш жаһандық мәселелер — халықаралық қауіпсіздік жүйесі мен қарусыздану үдерістерінің барысы, XX ғасырдың соңына қарай әлемдік шиеленіс әлеуетінің өзгеру үрдісі және үшінші әлем елдері өкілдерінің қарусыздану бойынша шарттарына қатысуы деген өзінің жеке көзқарастары бойынша Қазақстан Еуразиядағы халықаралық ынтымақтастықтың бүкіл деңгейіндегі қауіпсіздік пен қарусыздану жүйесін құру үдерістерінің барлығына белсенді түрде қатысады», — деп атап айтты (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы БҰҰ қарусыздану жөніндегі конференциясының аясында БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі орталығының басшысы И. Фоллмен және БҰҰ Еуропа бойынша экономикалық комиссиясының атқарушы хатшысы И. Бертеломен кездесті.

Кездесу барысында тараптар ТМД елдерінде бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту мәселелерін және қазақстандық жүктерді теңіз порттарына тасымалдау перспективаларын талқылады.

9 маусым

Мемлекет басшысы БҰҰ қарусыздану жөніндегі конференциясына қатысуына байланысты Швейцария Конфедерациясында болған кезінде Халықаралық Қызыл крестің штаб-пәтерінде болып, оның басшылығымен Тәжікстандағы гуманитарлық саланың ахуалы мен тәжікаралық келіссөздердің барысын талқылады.

Сол күні Мемлекет басшысы барша исмаилиттердің имамы, мұрагер ханзада К. Агаханмен кездесті.

Кездесу барысында тараптар Тәжікстанда бейбітшілік пен келісім орнату жолдары туралы пікір алмасты.

12 маусым

Мемлекет басшысы Франция Республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы, өз жанындағы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын әзірлеу бойынша Консультативтік-сараптау кеңесінің мүшесі Р. Дюманы қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның жаңа Конституциясы жобасының қағидаттары толық және жан-жақты қаралды. Р. Дюма «республикаға барша халықтың мүддесіне, демократия жағынан ең дамыған елдер конституциясына жауап беретіндей Негізгі заң қажет. Онда заңнамалық, атқарушы биліктің өкілеттіктері және сот билігінің нағыз тәуелсіздігі нақты анықталуы керек», — деп атап айтты.

Мемлекет басшысы Жамбыл және Торғай облыстық әкімшіліктері басшыларының Үкіметтің реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын іске асыру барысы туралы есептерін тыңдады.

Қорытындылай келе, Президент: «Құрылымдық макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу керек, тек содан соң ғана нысандарды мемлекет иелігінен алумен айналысқан жөн, осылайша өндірісті басқарудағы мемлекеттің рөлін барынша төмендету қажет», — деп атап айтты.

Н.Ә. Назарбаев Жамбыл облысының Жаңатас және Қаратау қалаларындағы фосфор өнеркәсібі өндірістеріндегі ахуалды зерттеуді тиісті инстанцияларға жүктеді, сондай-ақ Торғай облысындағы индустрияны дамыту, пайдалы қазбаларды игеру бойынша осы секілді бағдарлама құруды тапсырды.

13 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Түркия Республикасының Президенті С. Демирельмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективаларын талқылады, сондай-ақ өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы

ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен тереңдету туралы Декларацияға және Азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартқа қол қойылды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті С. Демирельмен бірге Алматы қаласы бойынша сапарын жасап, «Fintrako» Түркия құрылыс компаниясының салып жатқан «Бөбек» Республикалық қайырымдылық қорының балалар сауықтыру кешенінің іргетасын қалауға қатысты, Алматы мешітіне барып, «Анкара» бесжұлдызды отелі құрылысының барысымен танысты.

Мемлекет басшысы «Қ.С. Сұлтановқа I сыныпты Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №2325, «Қ.С. Сұлтановты Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №2326, «М.М. Әуезов туралы» №2327, Заң күші бар «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер енгізу туралы» №2328 жарлықтарына қол қойды.

14 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстанда жұмыс сапарымен жүрген Түркия Республикасының Президенті С. Демирельмен бірге Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарын жасады.

Түркістан қаласында мемлекет басшылары Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі қалпына келтіру жұмыстарының барысымен танысты, кесене қабірінде намаз оқып, Құрметті меймандар кітабына қол қойды.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев пен С. Демирель Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жаңа ғимараттар кешенінің салтанатты іргетасын қалау рәсіміне қатысып, оқу орнының оқытушы-профессорлық құрамымен кездесу өткізді, оның барысында С. Демирельге университеттің Құрметті профессоры дипломы табыс етілді.

Содан соң мемлекет басшылары Шымкент қаласында болып, жергілікті дендропаркті және Шымкент дене шынықтыру педагогикалық институтының ат спорты кешенін аралап көрді.

15 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде Алматы горнизоны әскери бөлімшелерінің бірінде болды.

Горнизон басшылығымен кездесу барысында Президент Қарулы Күштердің әскери даярлығына қолдау көрсету, оларды қамсыздандыру жүйесі мәселелерін талқылады, әскери қызметке өту шарттарымен таныстыру, тұрмыстық бөлмелер мен жеке құрам казармаларын аралап көрді, ал ерекше қызметімен көзге түскен солдаттар мен офицерлерге Президент грамоталар мен бағалы сыйлықтарды табыс етті.

«Армия өңірдегі тұрақтылық пен бейбітшіліктің, Қазақстанның егемендігі мен тұтастығын сақтаудың кепілдігі болуы керек», — деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы Орталық Азия елдеріндегі БҰҰ (ЮНИСЕФ) Балалар қорының өңірлік өкілі Э. Бирердинчті қабылдап, оған «Парасат» орденін табыс етті.

«Парасат» ордені 1993 жылы бекітілген. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан немесе адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградталады.

Мемлекет басшысы Республикалық «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу шараларын өткізу жөніндегі штабының кезекті отырысына төрағалық етті.

Министрліктер мен ведомстволардың басшылары кедендік одақ бөлімшелерінде қызметтік қиянат жасауға қарсы батыл шара қолдану, республикадағы жеке меншік күзет және детектив қызметі, жазғы уақытта жастар мен оқушыларды жұмыспен қамту және бос уақытын ұйымдастыру шаралары туралы Президент тапсырмаларының орындалуы туралы есеп берді.

Отырысты қорытындылай келе Н.Ә. Назарбаев: «қылмысқа қарсы күрес — әлеуметтік емес, саяси міндет және оны барлығымыз бірге шешуіміз керек. Бұл бағытта жұмыс үнемі жүргізілуі қажет. Осылай ғана мемлекетте тәртіп орнатуға болады», — деп тағы да атап айтты.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы» №2329, «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы келісімді бекіту туралы» №2331, «Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы шартты бекіту туралы» №2332, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2333 жарлықтарына қол қойды.

16 маусым

Мемлекет басшысы оңтүстік кореялық «Lucky Gold Star» компаниясының президенті Су Ван Паркті қабылдады.

Су Ван Парк компанияның қазақстандық серіктестермен біріге отырып, Қазақстан Президентінің 1995 жылғы 15–17 мамырдағы Оңтүстік Кореяға ресми сапары барысында айтылған Қазақстандағы бірқатар ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға кірісу ниеті туралы хабарлады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Индонезия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Р. Витулараны қабылдады.

Кездесу барысында Р. Витулара Индонезия Республикасының Президенті М. Сухартоның тапсырмасы бойынша Н.Ә. Назарбаевты Қазақстан Президентінің 1995 жылғы 22–26 маусымға жоспарлаған Индонезияға ресми сапары шеңберінде дайындалған бірқатар құжаттармен таныстырды.

Мемлекет басшысы Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы Алексий II қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев «Ұлы Әулиенің Қазақстанға сапары православиелік азаматтар үшін де, республиканың басқа конфессия өкілдері үшін де зор маңызға ие» екенін атап өтті.

«Қазақстанда мұсылмандық және христиандық екі басты дін бейбіт өмір сүруде және қоғамдағы тұрақтылық, әлеуметтік-экономикалық реформалардың ілгерілеуі олардың қалай қарым-қатынас жа-

сауына байланысты. Қазақстандықтардың рухани құндылықтарды қолдау арқылы игілікке келіп, ұлты мен діни нанымына қарамастан лайықты өмірге қол жеткізуі үшін республика басшылығы қолдан келгеннің барлығын жасайды», — деп атап айтты Президент.

Мемлекет басшысы Бос қалған жерлер мәселелері бойынша халықаралық конференцияға қатысу үшін Қазақстанға келген БҰҰ бас хатшысының орынбасары Э. Даудсвеллді қабылдады.

Э. Даудсвелл конференцияның негізгі қорытындысы туралы хабардар етіп, өзінің алдағы болатын Арал өңіріне сапарының бағдарламасы туралы хабарлады.

Президент БҰҰ-ның осы мәселені шешудегі жұмсаған күшін құптай отырып: «Аса зор әлеуметтік-экономикалық шығын тек Аралға, осында тұратын халықтың денсаулығына ғана емес, сондай-ақ апат орнынан шалғай жатқан елдерге де келтіріледі. Қазір әлемдік жұртшылықтың назары аударылып отырған Арал мәселесін тек бірлесіп күш жұмсай отырып қана шешуге болады», — деп атап өтті.

17 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің республикалық кеңесіне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің мәселелері мен басым міндеттеріне егжей-тегжейлі тоқталды.

«Қазір біздің экономикамызда реформалар, қиындықтарға қарамастан, толық қарқынымен жүріп жатса да, әлеуметтік салада, атап айтқанда, денсаулық саласында бізде дағдарысты құбылыстар жүйелі сипатқа ие болып отыр. Өкінішке қарай, нарықтық қатынастарды игеру процесіне бұл сала әзірше ене алмай келеді.

Мұның себебі көп. Мұнда бұрынғы көзқарастардың «салқыны» да бар. Өтпелі кезеңнің қиын жағдайында әлеуметтік саланың ауқымдылығы мен маңыздылығы жете бағаланбай, басымдылық принципі бойынша емес, қалдық принципі бойынша қарастырылып келді.

Қазір бір көтерілген даму деңгейі қоғам өмірінің барлық проблемаларына жиынтық көзқарасты талап етеді. Менің ойымша, осы салада қордаланып қалған көптеген мәселелерді шешу жолдарын бірлесе отырып белгілеуге болады. Өз тарапымнан мен олардың

практикада жүзеге асырылуы үшін барлық шараларды қолданамын», — деп атап өтті Президент (Қосымшаны қараңыз).

19 маусым

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 18 желтоқсандағы №1789 қаулысының күші жойылған деп тану туралы» №2334, Заң күші бар «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» №2335, Заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» №2337, «Қазақстан Республикасының облыстық және Алматы қалалық төрелік соттарының құрамындағы өзгерістер туралы» №2339, Заң күші бар «Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №2340, «Балалы отбасыларына әлеуметтік жәрдемақы, өтемақы төлемдері мен алимент төлеу саласындағы азаматтар құқығының кепілдігі туралы келісімді бекіту туралы» №2341, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 26 қазандағы №1952 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №2342, «Достық пен ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының арасындағы шартты бекіту туралы» №2343, «Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік арасындағы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдіктерді қолдану туралы келісімді бекіту жөнінде» №2344 жарлықтарына қол қойды.

20 маусым

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Австралияның Төтенше және Өкілетті Елшісі Д.А. Таунсендтен сенім грамотасын қабылдады.

Әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев «екі мемлекет те шикізат ресурстарына бай және олар пайдалы қазбаларды зерттеу мен өндіруде мол тәжірибе жинақтаған. Республика Қазақстанның табиғат байлықтарын бірлесіп игеруде австралиялық іскер орталармен ынтымақтастықты дамытуға мүдделі», — деп атап өтті.

21 маусым

Мемлекет басшысы «SOS — Қазақстанның балалар қалашықтары» қоры туралы» №2345 Жарлығына қол қойды.

23 маусым

Мемлекет басшысы Индонезия Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Джакарта қаласында Президент М. Сухартомен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың жағдайы мен даму перспективаларын талқылады, сондай-ақ өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты. Бұл ретте, Қазақстан мен Индонезияның әртүрлі салалардағы ынтымақтастығын дамытудың зор әлеуеті атап өтілді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшыларының Біріккен мәлімдемесі қабылданды, сондай-ақ Қазақстан мен Индонезияның сауда және өнеркәсіп министрліктері және екі елдің ұлттық банктері арасындағы келісімдерге қол қойылды.

24–26 маусым

Мемлекет басшысы Индонезия Республикасына ресми сапары барысында Индонезияның іскерлік орта өкілдерімен кездесті, елдің бірқатар жетекші кәсіпорындарының қызметімен танысты, Ява және Бали аралдарына барды.

28 маусым

Мемлекет басшысы ХВҚ миссиясының өкілдері И. Капур мен Д. Донованды қабылдады.

Кездесу барысында макроэкономикалық тұрақтандырудың ортамерзімді бағдарламасы және Қазақстандағы құрылымдық жаңғыртуды қаржыландыру мәселелері талқыланды. Өз жағынан ХВҚ миссиясының өкілдері жекешелендіру мен кәсіпорындардың құрылымдық қайта құрылу үдерістерін жеделдету қажеттігін, өндіріс көлемін ұлғайту, қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу мен әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша шараларды күшейту туралы ұсыныстарын айтты.

Мемлекет басшысы «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» алқасымен наградтау туралы» №2348, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 15 шілдедегі №1805 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» №2349, Заң күші бар «Мұнай туралы» №2350 жарлықтарына қол қойды.

29 маусым

Мемлекет басшысы облыстық әкімшіліктер басшылары мен Қазақстан Республикасының облыстық мәслихаттары хатшыларымен кеңес өткізді.

Кеңесте Президент реформаларды жалғастыру, халықтың аз қамтамасыз етілген топтарына әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі толғақты міндеттерді шешу үшін атқарушы және өкілетті органдардың өзара тығыз қарым-қатынас орнату қажеттігін көрсетті.

30 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан халықтары Ассамблеясының II сессиясына төрағалық етті.

Ассамблея мүшелерінің алдында сөз сөйлей келе, Н.Ә. Назарбаев нақ соның бастамасы бойынша үстіміздегі жылдың сәуірінде республика тарихында алғашқы референдум өткізілгенін атап айтты.

«Өз табиғатымнан реалист бола отырып, Президенттің өкілеттігін 2000 жылғы желтоқсанның 1-іне дейін ұзартуды қолдаған адамдардың тұрақтылық, ұлтаралық және азаматтық келісім үшін дауыс бергенін мен жақсы түсінемін. Тұрақтылық пен келісімді біз Қазақстанда қантөгісті жанжалдарға жол бермей сақтап келеміз. Олар біздің бәрімізге аса қажетті қоғамдық бейбітшілікті сақтауға, демек, саяси-экономикалық және әлеуметтік салалардағы біз жүргізіп жатқан стратегияны жалғастыруға кепілдік беретін саяси бағытымызды қолдап дауыс берді», — деді өз сөзінде Президент (Қосымшаны қараңыз).

Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын талқылауға ұсынды және Ассамблея мүшелеріне «Конституция жобасын Ассамблея және барша халық талқылаған соң, республикалық референдумға шығару ниетін қолдауды» сұрады.

Мемлекет басшысы «Г.В. Кимді Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2353, «Г.В. Ким туралы» №2354 жарлықтарына қол қойды.

ШІЛДЕ

1995



Дс		3	10	17	24	31
Сс		4	11	18	25	
Ср		5	12	19	26	
Бс		6	13	20	27	
Жм		7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29	
Жк	2	9	16	23	30	

3 шілде

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Түркия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі К. Ташкенттен сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Bouygues» франциялық құрылыс фирмасының бас директоры М. Буиг бастаған делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Алматы әуежайын қалпына келтіру жобасын және компанияның Қазақстандағы атом электр стансасының құрылысына қатысу перспективаларын талқылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Венгрия Республикасы арасындағы Достық қатынастар негіздері мен ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы» №2356, «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Кеден заңдарының негіздерін бекіту туралы» №2357, «Н.А. Шәйкеновті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Әділет министрі қызметіне тағайындау туралы» №2358 жарлықтарына қол қойды.

4 шілде

Мемлекет басшысы норвегиялық Лиллехаммер қаласында өткен XVII қысқы Олимпиада ойындарының алтын жүлдегері болып, 1995 жылғы әлем чемпионатында үш алтын медаль жеңіп алған танымал қазақстандық спортшы В.М. Смирновты қабылдады.

Президент В.М. Смирновқа «Даңқ» орденін табыс етті, Отанымыздың жоғары наградасымен құттықтап, жаңа спорттық жетістіктер тіледі.

1

2

3

«Даңқ» ордені 1993 жылы белгіленді. Екі дәрежесі бар. «Даңқ» орденімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының жоғары офицерлік құрамының, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер және басқа органдар басшы құрамының адамдары әскерлерге басшылық ету мен басқару ісіндегі табыстары, әскерлердің жоғары жауынгерлік даярлығы және елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз еткені үшін, әскери, шекаралық және ішкі қызметті үздік ұйымдастырғаны, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз еткені, заңдылықты және қоғамдық тәртіпті сақтауды нығайтқаны үшін наградталады.

I дәрежелі «Даңқ» ордені жұлдыздан (1-сурет) және иыққа асатын лентадағы орден белгісінен (2-сурет) тұрады. II дәрежелі «Даңқ» ордені тақташасындағы белгіден (3-сурет) тұрады.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының жобасын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауына байланысты баспасөз конференциясын өткізді.

Тілшілердің сұрақтарына жауап бере отырып, Президент: «Конституция қатып қалған өзгеріссіз бір зат емес. Уақыт өте келе жаңа шындық пайда болады, жаңа ұрпақ келеді және Негізгі заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет болары сөзсіз. Алайда Негіз қалуы керек. Дәл сол Негіз жалпыхалықтық талқылау барысында қаланатын болады», — деп атап айтты.

Идеологиялық және саяси әралуандық туралы айта келе, Н.Ә. Назарбаев: «ешқандай да идеология мемлекеттік болып қабылдануы мүмкін емес, алайда қазақстандық патриотизм идеясы мемлекеттілік қалыптасуының қозғаушы күшінің бірі болады. Қоғам біріктіруші идеясыз бола алмайды, бірақ оны жуырда ғана тарих қойнауына кеткен коммунизм идеологиясы сияқты жоғарыдан орнату көзделіп отырған жоқ», — деп жауап берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Займ туралы (әлеуметтік қорғау жөніндегі жоба) келісімді бекіту туралы» №2359, «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы құрылымдық өзгерістерді қолдауға арналған займ туралы келісімді бекіту туралы» №2360 жарлықтарына қол қойды.

5 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының валюта нарығын ретке келтіру мен дамыту жөніндегі 1995 жылға арналған шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 9 қаңтардағы №2013 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №2361, Заң күші бар «Қазақ ССР-інің Қылмыстық кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2362 жарлықтарына қол қойды.

18 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық кеңесінің Атқарушы комитеті арасындағы Қазақстан Республикасының, Қырғыз

Республикасының және Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық кеңесі Атқарушы комитетінің Қазақстан Республикасының аумағында болуының шарттары туралы келісімді бекіту туралы» №2363, «Еуразиялық патент конвенциясын бекіту туралы» №2364, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұрған Ресей Федерациясы әскери құрамаларының мәртебесі туралы келісімді бекіту туралы» №2365, Заң күші бар «Қазақстан Республикасында салық қатынастарын реттейтін кейбір заң актілері мен Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар жарлықтарының күші жойылған деп тану туралы» №2367 жарлықтарына қол қойды.

20 шілде

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» №2368, Заң күші бар «Кеден мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заң актілері мен Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2370, Заң күші бар «1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы Заң күші бар №2120 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2371, Заң күші бар «Бағалы металдар мен асыл тастарға байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу туралы» №2372, Заң күші бар, «Қазақстан Республикасы кейбір заң актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №2374, Заң күші бар «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерту енгізу туралы» №2375 жарлықтарына қол қойды.

25 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының басшыларымен қысқы кезеңге дайындық және астық жинау науқанын ұйымдастыру мәселелері бойынша селекторлық кеңес өткізді.

Мемлекет басшысы «Азия дауысы» VI Халықаралық танымал музыка мен әндер конкурсына қатысушыларға, меймандар мен әділ-қазылар алқасына сәлемдеме жолдады.

«...Кез келген адамның өз биіктігі болады, ол сіздердің әрқайсыңызда да бар. Сіздер ол биіктікке

өздеріңізбен бірге осы қиын жолмен жалпы мәдениет те көтеріліп бара жатқанын түсіне отырып, саналы түрде ұмтыласыздар. Ал сіздердің тілдеріңіз — өнер тілі — жетістіктеріңізді барша әлемге түсінікті етеді!», — делінген жолдауда.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Мал дәрігерлігі туралы» №2376 Жарлығына қол қойды.

28 шілде

Мемлекет басшысы өз жанындағы Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының жобасы жөніндегі Сараптық-консультативтік кеңесінің қорытынды отырысына төрағалық етті.

Отырысты аша отырып, Н.Ә. Назарбаев: «жаңа Негізгі заң жобасына республика тұрғындары қызу мүдделестік танытты. Алдын ала мәліметтер бойынша оны талқылауға шамамен 1,5 млн. адам қатысты. Жергілікті жерлердегі еңбек ұжымдарында жиналыстар өтті, кварталішілік және үй жиналыстары, партияның, қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың конференциялары мен пленумдары өтті.

...Жобаға көптеген баптары мен тармақтары бойынша ұсыныстар, ескертулер, түзетулер енгізілді. Бұл ретте, мемлекеттік құрылыстың ең маңызды мәселелері бойынша әдетте ең кереғар пікірлер айтылды. Және бұл өте заңды да», — деді.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №2378, «1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдум өткізу туралы» №2389 жарлықтарына қол қойды.

31 шілде

Мемлекет басшысы «И.И. Рогов туралы» №2390, Заң күші бар «Қорықтар мен ұлттық парктер құруға қатысты мәселелер жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер енгізу туралы» №2392, Заң күші бар «Валюталық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің қаулысына өзгерту енгізу туралы» №2393, Заң күші бар «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі №2247 Заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу және кейбір актілердің күші жойылған деп тану туралы» №2394 жарлықтарына қол қойды.

ТАМЫЗ 1995

Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	

ABAYI · 150 · ABAI
UNESCO

1 тамыз

Мемлекет басшысы жалпыхалықтық талқылауды есепке ала отырып пысықталған Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясы жобасының баспасөзде жариялануына байланысты отандық және шетел журналистері үшін баспасөз мәслихатын өткізді.

Президент құжаттың идеологиясын көрсететін жаңа Негізгі заңның өзекті қағидаттарына тоқтала отырып: «Қазақстандықтардың абсолютті басым көпшілігі Негізгі заңның жобасына енгізілген идеялар мен қағидаттарды негізінен алғанда қолдады. Осы орайда жобаны жетілдіруге жақсы негіз болған біршама оңды идеялар айтылды. Ұсыныстар мен ескертпелердің барлығын да жаңа Конституцияның жобасына енгізілуі мүмкін болуы үшін сараптамалық-консультативтік кеңес мұқият зерделеді. Әрине, барлығын бірдей жобаға енгізудің сәті түспеді. Алайда, ел азаматтарының көпшілігінің пікірін білдіретін және Қазақстан халқының түпкілікті мүдделеріне сәйкес келетін ұсыныстар міндетті түрде ескерілді.

Қазақстандықтардың көптеген тілектерін ескере келгенде, мемлекетіміздің аты — Қазақстан Республикасы — аты сақталып қалды.

Конституцияның кіріспе бөліміне елеулі нақтылаулар енгізілді. «Ежелгі қазақ жерінде» деген сөздердің орнына «байырғы қазақ жерінде» деген ұғым кіргізілді. Мұның өзі тарихи дерекке сай. Өйткені осы жер қазақ ұлтын өркендеткен және Қазақстанда тұратын басқа да халықтардың өкілдерін болашақта дамыту үшін негіз болып табылатын дерекке сай.

...Жалпы аса ауқымды іс атқарылды. Және, тұтасымен алғанда, жобаның идеологиясы мен мазмұны сақталып қалғанына қарамастан, іс жүзінде оның барлық бөлімдері белгілі бір шамада өзгерістерге ұшырады. Жартысынан астамына, атап айтқанда 55 бапқа 1 100 түзетулер мен толықтырулар енгізілді», — деп мәлімдеді (Қосымшаны қараңыз).

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданбас бұрын Негізгі заңның жаңа қағидаттары Қазақстан жұртшылығы мен шетел сарапшылары арасында кеңінен талқыланды.

Қазақстанда 3 млн.-нан астам азаматтар қатысқан барлығы шамамен 33 мың ұжымдық талқылау өтті, 30 мыңға жуық ұсыныстар мен ескертулер енгізілді, оларға сәйкес 55 бапқа 1100-ден астам түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Конституцияның жұртшылық арасында кеңінен талқылануы Қазақстанның қоғамдық-саяси құрылымындағы түбегейлі өзгерістердің орын алғанын білдіру болып табылды. Бұл

Қазақстанның жаңа Конституциясында көрініс тапқан демократия мен халық билігі принциптеріне негізделген мемлекеттің саяси дамуының жаңа кезеңінің басы болды.

2 тамыз

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Кенді Алтай өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін берген жаңа полиметалл кен орнын зерттеу ісі басталған Малеев кен орнына барды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Байқоңыр» кешенінің, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша орналасқан Ресей Федерациясы әскери құрамаларының және олардың құрамына енетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл туралы келісімді бекіту туралы» №2395, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №2396, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №2397 жарлықтарына қол қойды.

3 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына жалпыхалықтық талқылауын есепке ала отырып, толықтырылып, өзгертілген елдің Негізгі заңының жобасын жолдады, сондай-ақ мына сауалды енгізді: «Жобасы 1995 жылғы 1 тамызда баспасөз бетінде жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыздар ма?».

Сол күні Мемлекет басшысы Көкшетау облысына жұмыс сапарымен аттанды.

Көкшетау қаласында Президент Обухов титан-цирконий комбинатына барды, былғары өңдейтін және былғарыдан жасалған бұйымдарды тігетін, заманауи жуу құралдарын шығаратын «Көкше-Стар» бірлескен Қазақстан-Түркия кәсіпорнының ашылуына қатысты, ауысымына 500 келушілерді қабылдайтын консультативтік-диагностикалық орталықты салта-

натты түрде ашты, транспорттық тасымалдау мен Еуропаға ағаш жеткізіп беруді іске асыратын «Синегорье» фирмасында болды.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Келлеров және Щучье аудандарында болып, шағын диірмендер мен наубайханаларды, отандық өндірісте шығарылған шұжық өнімдерін өндіретін шағын зауыттарды пайдалануды жақсы жолға қойған бірқатар фермерлік шаруашылықтардың қызметімен танысты.

7 тамыз

Мемлекет басшысы «1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдум өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 шілдедегі №2389 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №2398 Жарлығына қол қойды.

8 тамыз

Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі А. Велаятиді қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан мен Иран арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады. Әлемде, атап айтқанда, Иранда кеңінен аталып өткен Абайдың 150 жылдығына арналған мерейтойлық шаралар халықтар арасындағы достық пен тату көршілестік қатынастарды жақсы жолға қоюға жәрдемдескені ерекше атап айтылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Татарстан Республикасының Президенті М.Ш. Шаймиевпен кездесті.

Кездесу барысында шаруашылықаралық байланыстарды қалпына келтіру және экономикалық ынтымақтастықты жақсы жолға қою мәселелері талқыланды. Тараптар сондай-ақ Алматы қаласында Татарстанның тұрақты өкілдігін ашу туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының құрамындағы өзгерістер туралы» №2401, «Қазақстан Республикасы облыстық төрелік соттарының құрамдарындағы өзгерістер туралы» №2402, «Қазақстан Республикасының облыстық және Алматы қалалық соттарының, облыстық

соттар төралқаларының құрамындағы өзгерістер туралы» №2403, «Ұйымдасқан нысандағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 17 наурыздағы №684 Жарлығының 4-тармағының күші жойылған деп тану туралы» №2404, Заң күші бар «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 шілдедегі Заң күші бар №2367 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» №2405, «Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы келісімді бекіту туралы» №2406 жарлықтарына қол қойды.

9 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға А. Құнанбаевтың 150 жылдығына орай мерекелік шараларға қатысу үшін келген ЮНЕСКО бас директоры Ф. Майорды қабылдады.

Әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев пен Ф. Майор Қазақстан мен ЮНЕСКО ынтымақтастығының перспективасын талқылады.

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен ЮНЕСКО арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға, сондай-ақ Алматы қаласында ЮНЕСКО Өңірлік бюросын құру туралы келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Республика сарайында өткен қазақтың ұлы ақыны әрі ойшылы А. Құнанбаевтың 150 жылдығына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

Жиналыс басталмас бұрын Н.Ә. Назарбаев ЮНЕСКО, Әзірбайжан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Түрікменстан, Өзбекстан Республикасы, Ресей Федерациясы және таяу және алыс шетелдердің, Қазақстан өңірлерінің делегациялары басшыларымен бірге Республика сарайының алдындағы А. Құнанбаев ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Салтанатты шарада сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Бүгін — ұлы мереке. Халқымыз ең аяулы перзенті мен ең дана ұстазына мәңгі өшпес махаббатын білдіруге жиналып отыр.

Оның дүниеге келгеніне әр 10 жыл толған сайын осылай бас қосып, өткеніміз бен кеткенімізді,

жеткеніміз бен жетпегімізді бір сарапқа салып алу әлдеқашан әдетімізге айналған.

...Күллі қазақстандықтардың атынан ЮНЕСКО ұйымына, оның бас директоры, бүгін ортамызда отырған аса сыйлы мейманымыз, көрнекті қоғам қайраткері, әлемге мәшһүр ақын, аса қадірменді Федерико Майор мырзаға шын жүректен шексіз ризашылығымызды білдіруді айрықша парыз санаймын», — деді (Қосымшаны қараңыз).

Абай Құнанбаев (1845–1904 жж.) — қазақ халқының ақыны, философы, ағартушысы, сазгері, қоғам қайраткері, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, көзі ашық либералды ислам негізіндегі орыс және еуропа мәдениетіне сәйкес мәдениетті реформалаушы.

Қазақ әдебиеті тарихын Абай жаңа өлшемдермен және ұйқастармен байыта отырып, өлең құрылысының жүйесін реформалаушы ретінде танылды. Ол сегізаяқ, алтыаяқ және т.б. жаңа өлең пішіндерін енгізді.

Ол 170-ке жуық өлең, бірқатар дастандар және 56 аудармалар жазды, олардың қатарында А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов, И.В. Гете және Дж. Байрон шығармалары бар.

Абайдың «Қара сөздері» ең танымал шығармасына айналды. Шығарма ғибратты нақыл түріндегі 45 бөлімнен тұрады. Бұл нақыл сөздерінде Абай тарих, педагогика, өнеге және құқық мәселелерін көтереді.

Абай сондай-ақ талантты және біртума сазгер болған. Ол біздің заманымызда да белгілі жиырмадан астам әуеннің авторы. Өзінің кейбір лирикалық өлеңдеріне музыка жазған, ал «Көзімнің қарасы» атты өлеңіне жазылған ән халықтық сипатқа ие болды. Абай Құнанбаев XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында енді ғана қалыптасып жатқан қазақтың ұлттық зиялы қауымына зор әсерін тигізді.

10 тамыз

Мемлекет басшысы Бельгия Корольдігіндегі Қырғыз Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі, танымал жазушы әрі қоғам қайраткері Ш.Т. Айтматовты қабылдады.

Жылы әрі достық қатынаста өткен әңгімелесу барысында кең ауқымды мәселелер бойынша қызу пікір алмасу болып өтті.

Сол күні Мемлекет басшысы Семипалатинск облысына жұмыс сапарымен барып, А. Құнанбаевтың 150 жылдығына арналған мерейтойлық шаралар аясында А. Құнанбаевтың Мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық мұражай-қорығы жаңа кешенінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

11 тамыз

Мемлекет басшысы Семипалатинск облысына жұмыс сапары барысында Жидебай шатқалындағы Абай және Шәкәрім кесенелерінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Мемориалдың естелік кітабында Президент: «Қазақ халқының рухы мен ең жақсы қасиеттерін көрсететін ұлы Абайдың жарқын бейнесі алдында бас иемін» деген жазба қалдырды.

Митингте сөз сөйлей отырып Н.Ә. Назарбаев: «Осыдан кейін Абайдың әулеттік мекеніндегі қасиетті орны оның бейбіт, теңдік пен келісімдегі, бір-бірінің мәдени мұрасымен баюға деген құлшыныстағы халықтар өмірі туралы идеяларын бөлісетіндердің әрқайсысы үшін рухани Меккеге айналады», — деп мәлімдеді (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Қаржы секторы мен кәсіпорындар секторын дамыту займы туралы Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкінің арасындағы келісімді бекіту туралы» №2407 Жарлығына қол қойды.

15 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Түркия Республикасының Премьер-министрі Т. Чиллерді қабылдады.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты қатынастардың жай-күйі мен даму перспективалары туралы пікір алмасу болып өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және тұлғаларды беру, жануарлар денсаулығын сақтау, өсімдіктер карантині саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерге, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Түркия Республикасының Орталық банкі арасындағы келісімге қол қойылды.

16 тамыз

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Петропавл қаласында Президент заманауи автоматты технологиямен, компьютерлік техникамен жабдықталған макарон фабрикасы құрылысының

барысымен танысты, Бескөл ауданының шаруашылықтарында болып, дәнді-дақылдардың сынамалық орағын көрді.



Содан соң Н.Ә. Назарбаев елдің жаңа Конституциясының жобасы бойынша референдум дайындығы мен өткізілуі, астық жинау мен қысқа дайындық мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Мемлекет басшысы «Ресей рублі мен қазақ теңгесінің өзара өтімділігін және бағамдарын тұрақтандыруды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің, Ресей банкі арасындағы келісімді бекіту туралы» №2408 Жарлығына қол қойды.

17 тамыз

Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болды.

Облысқа келе салысымен Президент жергілікті әкімшіліктер басшыларымен кеңес өткізіп: «ауыл еңбеккерлеріне масылдық көңіл-күйден толығымен арылу керек. Ендігіде аграрийлерге дотациялар тек тыңайтқыштар сатып алу, суармалы жер өңдеу, қой, асыл тұқымды мал мен тұқым шаруашылықтарына ғана берілетін болады. Нан бағасын жіберген соң, Ақмола облысында 1 800 наубайханалар пайда болды», — деп атап айтты.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев болашақ жаңа қонақүй құрылысының іргетасын қалау рәсіміне қатысты, «Цилингидромаш» зауытына, жергілікті мешітке, С. Сейфуллин мұражайына барды, Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза болған жауынгерлер мемориалына гүл шоқтарын қойды.

Сапарының соңында Мемлекет басшысы Целиноград және Шортанды аудандарында болып, бидай себетін шаруашылықтардың егістіктерін аралап көрді және орақ науқанына дайындық барысымен танысты.

18 тамыз

Мемлекет басшысы «Chevron Corporation» компаниясы басқармасының төрағасы Д. Кеннетті қабылдады.

Кездесу барысында қазақстандық мұнай нарығындағы «Chevron Corporation» қызметін кеңейту мәселелері талқыланды. Д. Кеннет Президентті

астанадағы автожанармай құю стансасы мен Теңіз маңындағы мұнай өңдеу зауытының құрылысы жобаларымен таныстырды.

Мемлекет басшысы ресейлік «Лукойл» ААҚ президенті В.Ю. Алекперовты қабылдады.

Әңгімелесу барысында ресейлік компанияның Атырау мұнай өңдеу зауытын қалпына келтіруге қатысуы, Құмкөл кен орны мен Каспий теңізінің мұнай қорларын бірлесіп игеру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Италия Республикасында Қазақстан Республикасының елшілігін ашу туралы» №2409, «О.О. Сүлейменовті Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №2410, «Қазақстанның Мемлекеттік даму банкін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 6 қыркүйектегі №1849 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №2411, «Б.І. Ізтілеуовті Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі басқармасының төрағасы қызметінен босату туралы» №2412, «Б.К. Ерішевті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорт-импорт банкі басқармасының төрағасы қызметінен босату туралы» №2413 жарлықтарына қол қойды.

21 тамыз

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Үндістан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Р. Сикриден сенім грамотасын қабылдады.

Әңгімелесу барысында екіжақты қатынастарды одан әрі дамыту мәселелері талқыланды, А. Құнанбаевтың 150 жылдығы мен М. Гандидің 125 жылдығын тойлау кең халықаралық пікір тудырғаны және оның маңызы аталып өтті.

Президент елшіні жоғары қызметімен құттықтады және оның Қазақстандағы жұмысына табыс тіледі.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Пәкстан Ислам Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі С. Ханнан сенім грамотасын қабылдады.

Әңгімелесу барысында Қазақстан мен Пәкстан арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың үдемелі дамуы аталып өтті, мұнай-газ кен орындарын бірлесіп игеру және республикадағы электр стансаларының құрылысы жөніндегі мәселелер талқыланды.

Президент елшіні жоғары қызметімен құттықтады және оның Қазақстандағы жұмысына табыс тіледі.

Сол күні Мемлекет басшысы Қостанай облысына жұмыс сапарымен аттанды.

Рудный қаласында Президент «Соколов-Сарыбай тау кен-байыту өндірістік бірлестігі» АҚ, ұяшықты бетон өндірісімен және Қазақстанда жаңа құрылыс технологияларын енгізумен айналысатын «Күнай» агроөнеркәсіптік компаниясында болды.

Облыс орталығында Н.Ә. Назарбаев қалпына келтірілген облыстық тарихи-өлкетану мұражайының және «Апогей» жаңа сауда орталығының салтанатты ашылу рәсімдеріне қатысты.

Мемлекет басшысы «Б.І. Істілеуовті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік экспорт-импорт банкі басқармасының төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2414, «Қазақстан Республикасы мен Египет Араб Республикасы арасындағы Өзара қарым-қатынас негіздері мен ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы» №2415, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгрия Республикасының Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы» №2416, «О.О. Сүлейменовке I сыныпты Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №2417, «Қазақстан Республикасының 1930 жылғы 7 маусымдағы Женева конвенцияларына қосылуы туралы» №2418, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №2419, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №2420 жарлықтарына қол қойды.

22 тамыз

Мемлекет басшысы Қостанай облысына жұмыс сапары барысында облыс және аудан басшыларымен кеңес өткізді.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Қостанай, Меңдіқара және Ленинск аудандарының егістік алқаптарына

барып, механизаторлармен, мамандармен және шаруашылықтар басшыларымен әңгімелесті.

23 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Пәкстан Ислам Республикасының Премьер-министрі Б. Бхуттомен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар Қазақстан мен Пәкстанның іскерлік серіктестігін ұлғайту үшін жоғары әлеуетін атап өтті, атап айтқанда, мұнай-газ, сауда, туризм, көлік қатынасы, банк ісі, ғылыми-техникалық, кадрлар даярлау салаларындағы ынтымақтастықты белсендіру ниеттері айтылды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшыларының екіжақты қатынастардың даму перспективалары туралы Бірлескен мәлімдемесі, сондай-ақ азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа, қосарланған салық салуды болдырмау, инвестицияларды өзара қорғау, жастар саясаты, еңбек және спорт салаларындағы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды.

24 тамыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 11 қаңтардағы №2019 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» №2421 Жарлығына қол қойды.

25 тамыз

Мемлекет басшысы «Қырғыз Республикасы әдебиет және өнер қайраткерлерінің бір тобын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №2422, «Тұрғылықты мемлекетінен тыс жерлерде жүрген кезде қызметкерлердің өндірістегі жазатайым оқиғаға ұшырауын тергеудің тәртібі туралы келісімді бекіту туралы» №2423 жарлықтарына қол қойды.

27 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасы Президентінің кубогына теннистен IV Халықаралық турнирдің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Президент сөйлеген сөзінде: «Спорт, теннис, осы дәстүрлі турнир — осының барлығы қиын уақытта адамдарды біріктіруге, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің арасындағы байланыстарды нығайтуға, ортақ мәдени кеңістікті сақтауға қызмет етеді», — деп атап айтты.

28 тамыз

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында өткен Түркі тілдес мемлекеттер саммитіне қатысты.

Кездесуге сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Алиев, Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов, Түркия Республикасының Президенті С. Демирель қатысты.

Саммитке қатысушылар халықаралық және өңірлік мәселелер бойынша пікір алмасты, экономикалық ынтымақтастықты кеңейту және түркітілдес елдер арасындағы кооперациялау, мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту, есірткі бизнесі мен қаруды заңсыз сату жөніндегі күресте күштерді біріктіру мүмкіндіктерін талқылады.

Кездесу қорытындысы бойынша Түркітілдес елдер басшыларының Бішкек декларациясы қабылданды.

Сол күні Мемлекет басшысы ЮНЕСКО аясында аталып өткен танымал «Манас» қырғыз эпосының 1000 жылдығын тойлауға арналған салтанатқа қатысты.

Мемлекет басшысы «Кейбір облыстық соттардың және олардың төралқаларының құрамындағы өзгерістер туралы» №2426, «В.Д. Федотов туралы» №2427, Заң күші бар «Қызыл-Орда облысының Ленинск қаласын республикалық бағыныстағы қалалар санатына жатқызу туралы Қазақ ССР Жоғарғы кеңесі Президиумы Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №2428, «Кешірім жасау туралы» №2429 жарлықтарына қол қойды.

30 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциясын қабылдау жөніндегі республикалық

референдумда Алматы қаласындағы №403 сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысты.

Дауыс берген соң Президент «қазақстандықтардың көбі елдің жарқын болашағы үшін, ортақ үйіндегі азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісім үшін дауыс беріп жатқанын түсінеді» деп атап айта отырып, отандық және шетел тілшілерінің сұрақтарына жауап берді.

Қазақстанның жаңа Конституциясының жобасы бойынша дауыс беруге 8 091 715 адам, немесе 90,58% қатысты. Олардың ішінде 7 212 773 азамат немесе 89,14% жаңа Негізгі заңды қабылдау үшін дауыс берді.

29 сәуірдегі Президент өкілеттігі мерзімін ұзарту бойынша және 30 тамыздағы елдің жаңа Конституциясын қабылдау бойынша екі референдумның қорытындысы — Н.Ә. Назарбаевтың реформаторлық бағдарын жалпыхалықтық қолдаудың жарқын дәлелі.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасының білім беру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2441 Жарлықтарына қол қойды.

31 тамыз

Мемлекет басшысы «Әуе қатынасты туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Австрия Федералды Үкіметінің арасындағы келісімді бекіту туралы» №2442, Заң күші бар Қазақ КСР-інің әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2443, Заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы банкілер және банк қызметі туралы» №2444, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының кейбір заң құжаттарының күші жойылды деп тану туралы» №2446, Заң күші бар «Кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2447, «Бір топ қызметкерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №2448 жарлықтарына қол қойды.

ҚЫРКҮЙЕК 1995

Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	

ҚАЗАҚСТАН

1 қыркүйек

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасы Президентінің кубогына теннистен IV Халықаралық турнирі аяқталғаннан кейін, оның қатысушыларын салтанатты түрде марапаттау рәсіміне қатысып, кортта Армия орталық спорттық клубының бастығы полковник П.М. Новиковпен көрініс жекпе-жегін өткізді.

4 қыркүйек

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақ КСР-інің әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгертулер енгізу туралы» №2450, «Еңбекті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы» №2451, «Мир» мемлекетаралық телерадиокомпаниясының қызметін кедергісіз және тәуелсіз жүзеге асырудың халықаралық-құқықтық кепілдіктері туралы келісімді бекіту туралы» №2452 жарлықтарына қол қойды.

5 қыркүйек

Мемлекет басшысы дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасындағы Германия Федеративтік Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі А. Браклоны қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев «ГФР Еуропадағы Қазақстанның басымдықты серіктесі болып табылады. Сауда-экономикалық ынтымақтастықта, саяси алмасу саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді», — деп атап көрсетті.

Президент А. Браклоға Қазақстан-Германия ынтымақтастығының игілігі жолындағы жемісті жұмысына алғыс білдірді.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Моңғолия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ш. Гунгаадорждан сенім грамотасын қабылдады.

Әңгімелесу барысында елші өз елінің Қазақстанмен саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды жан-жақты дамытуға ниетін білдірді.

Өз кезегінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстан мен Моңғолия арасында берік достық қатынастар бұрыннан бері бар екенін және қазіргі кезде оларды жаңа мазмұнмен толықтыру қажеттігін атап көрсетті. «Біздің

бірқатар облыстарымыз Моңғолияның аймақтарымен сауда, тау-кен өнеркәсібі, автомобиль және әуе қатынастарын дамыту, моңғолиялық мамандарды даярлау салаларында белсенді ынтымақтастық жасайды. Алайда өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту үшін қызмет аясы аса зор және бұл мүмкіндіктерді барынша пайдалану қажет», — деп атап айтты Президент.

6 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын ресми таныстыру салтанатты рәсіміне қатысты.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Ю.А. Ким «1995 жылғы 30 тамызда өткен республикалық референдумда Қазақстан Республикасы Конституциясын қабылдау бойынша дауыс беру қорытындысы туралы» қаулысын оқып, Н.Ә. Назарбаевқа елдің жаңа Негізгі заңы мәтінінің түпнұсқасын табыс етті.

«Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы» Жарлығына және оның мәтінінің түпнұсқасына қол қойған соң, Президент 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған ел Конституциясы мәтінінің түпнұсқасын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық мұрағатының директорына сақтауға берді.

Жиналғандардың алдында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы: «Бүгін біз сіздермен бірге шын мәніндегі тарихи оқиғаны бастан кешіріп отырмыз — біздің еліміздің халқы мен бүкіл адамзатқа енді ғана күшіне еніп, жұмыс істей бастаған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын ұсынып отырмыз.

...Қазақстан басынан кешіріп отырған серпінді өзгерістер жаңа конституциялық бағдарламаларды талап етті.

Сондықтан елдің Президенті ретінде, оның болашағы жолындағы, әрбір қазақстандықтың, біздің бабаларымыз бен немерелеріміздің болашағы жолындағы жауапкершілікті сезіне отырып, мен осынау аса қиын қадам — елде ауқымды саяси процестерді, бүгінгі күннің ақиқат шындықтары мен келешегімізді айқындайтын жаңа Конституцияны жасауға кірісу қадамына бардым.

...Біздің Конституциямыз көптеген демократиялық мемлекеттер Конституцияларының өнегесі бойынша мұның бәрін жариялап қана қоймай, керісінше, өзінің бүкіл құрылымдық және техникалық-заңдық

негізі, қатаң мемлекеттану, саяси және құқықтық категорияларының жүйесі арқылы нарықтық экономикаға әлеуметтік бағдарланған мемлекетті құру және дамыту үшін жасалған.

...Сонымен бірге жаңа Конституция мемлекеттік биліктің тиімділігін оның барлық салаларының өкілеттіктерін нақты ажырату есебінен күрт нығайтуға және арттыруға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, барлық билікті кеңестердің қолына шоғырландыру идеясы өткенге кетеді. Енді кеңестік мемлекеттік жүйенің элементтерін жоюдың және қазіргі заманғы парламентаризмге көшудің нақты мүмкіндігі жасалып отыр», — деп мәлімдеді.

Президент республика басшылығы елдегі әлеуметтік тұрақтылықты сақтай отырып, қоғамды реформалаудың тарихи мүмкіндігін жіберіп алмағанын ерекше атап айтты (Қосымшаны қараңыз).

1995 жылғы Конституция іс жүзінде тәуелсіз Қазақстан қалыптасуының алғашқы кезеңінің аяқталуын белгілеп беріп, қоғам өмірінің барлық салаларының жүйелік реформаларына бастау сала отырып, біздің мемлекет дамуының жаңа бетін ашты.

Бірінші кезекте, мемлекеттік билік кескіні түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Конституцияда республиканың мемлекеттік билігі біртұтас, ол заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы идея мықтап бекітілді.

Президент институты билік тармақтары құрылымында өзіндік төреші функцияларын ала отырып, принципті түрде жаңа мәртебеге ие болды. Бұл ереже биліктің барлық үш тармағына тиімді ықпал ету тетіктері есебінен қамтамасыз етілді, оларға негізінен Парламентті тарату құқығы мен Үкіметтің Президент алдындағы жауапкершілігі жатады. Сот жүйесінің реформасы өткізілді, Конституциялық кеңес құрылды. Бұрынғы кеңес өкілеттік органдар жүйесінің орнына қоспалаталы Парламент жұмыс істей бастады.

Мемлекет басшысы «1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметін қамтамасыз ету және Республика қабылдаған халықаралық шарттық міндеттемелерді орындау жөніндегі шаралар туралы» №2453, «Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы» №2454 жарлықтарына қол қойды.

7 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде Әскери-әуе күштерінің 149-шы авиациялық полкі орналасқан жерде болды.

Президент ұшқыш құраммен кездесті, әскери техниканы қарап шығып, «Қазақстан» полигонында көріністік атыс пен бомба лақтыруға қатысты. Н.Ә. Назарбаев ұшқыштардың жоғары дайындығы мен шеберліктерін ризашылықпен атап өтіп, авиаполк басшылығына алғыс білдірді.

Мемлекет басшысы «Техножүйелер» Ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 8 шілдедегі №1787 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №2455 Жарлығына қол қойды.

8 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Itochu Corporation» жапониялық корпорациясының президенті М. Мурофусиді қабылдады.

Әңгімелесу барысында өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытудың перспективалары мен жетекші жапониялық корпорацияның инвестицияларын Қазақстанға тарту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы баспасөз бетінде Үндеуін жариялап, Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының референдумда қабылдануына байланысты өз құттықтауларын жолдаған барлық еңбек ұжымдарына, қоғамдық бірлестіктерге, партиялар мен қозғалыстарға, ел азаматтарына, сондай-ақ халықаралық ұйымдарға, шетел мемлекеттерінің саяси көшбасшыларына ризашылығын білдірді.

Президент «бұл құттықтауларды республикада жүргізіліп жатқан қоғам өмірінің барлық салаларын жаңарту бағытын қолдау ретінде бағалайтынын» атап өтті.

11 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Бейжің қаласында ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминьмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады, сондай-ақ өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы достық қарым-қатынасты одан әрі дамыту мен тереңдету туралы декларацияға, Қазақстандық жүктерді өңдеу мен тасымалдау үшін Ляньюньган теңіз портын пайдалану туралы үкіметаралық келісімге, Қорғаныс министрліктері арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға, Метеорология саласындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісімге, Қазақстан мен Қытай арасындағы Қазақстан-Қытай шекарасы туралы келісімді ратификациялау туралы грамоталармен алмасу хаттамасына қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №2456 Жарлығына қол қойды.

12 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасына ресми сапары барысында Қытайдың іскерлік орта өкілдерімен кездесу өткізді.

Қазақстан Президенті сөйлеген сөзінде: «ел экономикасына шетелдік инвестициялау тікелей әскери мақсаттағы өнімдерді өндіруден басқа, шаруашылық және басқа да қызметтердің кез келген салаларына рұқсат етіледі. Толығымен шетелдік капиталға негізделген кәсіпорындар құрылысы да болуы мүмкін, бұл ретте, шетелдік инвесторлардың мүлкін мемлекет меншігіне айналдыруға жол берілмейді», — деп мәлімдеді.

Мемлекет басшысы ҚХР-дағы Қазақстан Республикасының Елшілігінде болып, қытайлық журналистер үшін баспасөз мәслихатын өткізді.

13 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасына ресми сапары барысында Шаньси қытайлық провинциясындағы бірқатар нысандарда болды.

15 қыркүйек

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» №2457, «Қазақстан Республикасы мен Жапонияның Экспорт-импорт банкі арасындағы займ беру туралы келісімдерді бекіту туралы» №2458, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Кеден қызметтерін басқарудың біртұтастығы туралы келісімді бекіту туралы» №2459, «Инвестицияны ынталандыру және өзара қорғау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы келісімді бекіту туралы» №2460, «Кеден одағы туралы Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы Үкіметтерінің арасындағы келісімді бекіту туралы» №2461 жарлықтарына қол қойды.

16 қыркүйек

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында «Приуральный» ет өңдеу кешенінің жұмысымен танысты, «Урал-Арма» АҚ болды, Орал қаласында Даңқ мемориалы алдындағы Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды, Орал өзені арқылы салынып жатқан автомобиль көпірінің құрылысын қарап шықты.

17 қыркүйек

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Орал қаласында Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинмен кездесті.

Келіссөздер барысында Каспий теңізінің ерекше мәртебесін анықтауға және бірегей Ақсу мұнай-газ конденсатты кен орнын бірлесіп игеруге байланысты мәселелер талқыланды.

18 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Украина Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі В.В. Богатырьді қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

19 қыркүйек

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Ташкент қаласында Президент И.А. Каримовпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Аралды құтқару, орталықазиялық мемлекеттердің бұл саладағы іс-қимылдарын үйлестіруді күшейту, сондай-ақ Тәжікстандағы жағдайдың шиеленісуіне байланысты өңірлік қауіпсіздік мәселелері талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы Өзбекстан Президенті И.А. Каримовпен бірге В.П. Чкалов атындағы Ташкент авиациялық өндірістік бірлестігінде болып, оның өндірістік қуатын көрді, шығаратын өнімімен танысты және қазақстандық кәсіпорындармен интеграциялану мүмкіндіктерін талқылады.

Мемлекет басшысы «А.Ю. Чехмалинді КСРО мемлекеттік наградасынан айыру туралы» №2462, «Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен шекарасында кедендік бақылауды жою туралы» №2463 жарлықтарына қол қойды.

20 қыркүйек

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасына жұмыс сапары барысында Нүкіс қаласында Орталық Азия мемлекеттері басшыларының және БҰҰ аясындағы халықаралық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен өткен Арал теңізі бассейнінің тұрақты дамуы мәселелері бойынша халықаралық конференцияға қатысты.

Конференция жұмысына сондай-ақ Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонов, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов және Түрікменстанның Премьер-министрінің орынбасары М.Р. Раджапов қатысты.

Конференцияда сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «өңірдегі экологиялық және әлеуметтік ахуалды қалпына келтіру ұзақ уақыт пен барша әлемнің күш біріктіруін қажет етеді, себебі Арал теңізі секілді ірі су қоймасының жер бетінен жойылып кетуі өңірлік емес, ғаламдық ауқымдағы апатқа айналады», — деп атап айтты.

Конференция жұмысының қорытындысы бойынша тараптардың Арал маңының экологиялық міндеттерін шешудегі міндеттемелері нақты белгіленген Нүкіс декларациясы қабылданды.

21 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Украинаның Президенті Л.Д. Кучмамен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады, сондай-ақ өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Бірлескен коммюнике қабылданды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы келісімге және ғылым мен технология, әскери білім беру мен зейнеткерлік қамсыздандыру салаларындағы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Одан басқа, тараптар 1994 жылғы 24 қаңтарда Киев қаласында екі мемлекеттің сыртқы істер министрлері арасында қол қойылған консулдық конвенцияның күшіне енуі бойынша ратификациялық грамоталармен алмасты.

22 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанда ресми сапармен жүрген Украинаның Президенті Л.Д. Кучмамен бірге Қазақстан Республикасындағы Украина Елшілігінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы облыстар мен Алматы қаласы әкімшіліктері басшыларының, республикалық ведомстволар басшыларының қатысуымен болған Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің кеңейтілген отырысына төрағалық етіп, онда Үкіметтің реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі іс-қимыл бағдарламасының іске асырылу барысы туралы есебі тыңдалды, сондай-ақ Реформаларды тереңдету жөніндегі 1996–1998 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасының жобасы қаралды.

Отырыста сөз сөйлей отырып, Президент: «Баға мен сыртқы сауданы либералдау бойынша шаралар негізінен аяқталды, жекешелендіру үдерістері жеделдетілді. Осылайша, ескі жүйенің барлық басты кедергілері жойылды. Алайда қол жеткізілген

нәтижелер өндірістік, қаржы және әлеуметтік салалардағы оң ілгерілеушіліктермен бекітілген жоқ. Макроэкономикалық саясаттың салалық және өңірлік деңгейдегі іс-қимылмен келісіп жұмыс істемеуі, барлық министрліктер мен ведомстволардың жұмысында үйлесімділіктің болмауы оның басты себептері болып табылады», — деп атап көрсетті.

Отырыстың соңында Н.Ә. Назарбаев бірқатар бірінші кезектегі міндеттерді қойып, үкіметке оларды ең қысқа мерзім ішінде шешуді тапсырды.

Сол күні Мемлекет басшысы Республикалық «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу шараларын өткізу жөніндегі штабының кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында іс-шара барысы және оның тиімділігі, ішкі істер органдарындағы заңдылықты сақтау жағдайы, экономика саласындағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің ахуалы талқыланды.

25 қыркүйек

Мемлекет басшысы оңтүстік кореялық «Samsung» корпорациясының басшысы С. Шинді қабылдады.

С. Шин Н.Ә. Назарбаевқа компанияның басшылығына үш ай бұрын берілген «Жезқазған түстіметалл» АҚ істің ахуалы туралы, атап айтқанда, жалақы және банктік кредиттер бойынша қарызды өтеу, сондай-ақ мыс өндірісін 1996 жылы 200 мың тоннаға дейін жеткізу туралы хабардар етті.

28 қыркүйек

Мемлекет басшысы Конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» №2464 Жарлығына қол қойды.

29 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ақтөбе облысында жұмыс сапарымен болып, облыс активіне жаңа әкімі А.Е. Мусинді таныстырды.

Кеңесте сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Қазір экономика мен қоғам өмірін реформалауды жан-жақты жеделдету талап етіліп отыр. Жергілікті атқарушы органдар алдында реформаларды белсендіру үшін өңірлерде пайдаланылмаған мүмкіндіктерді

барынша жұмылдыру мақсаты қойылды. Осыған байланысты белгілі бір кадрлық ауыстыруларды іске асыру жөніндегі жаңа міндеттер көзделуде», — деп атап айтты.

Мемлекет басшысы «А.Е. Мусинді Ақтөбе облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2465, «С.Т. Пачин туралы» 1995 жылғы 29 қыркүйектегі №2466, «Б.М. Сапарбаевты Қызылорда облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2467, «С. Шаухаманов туралы» №2468, «Т. Қадамбаевты Қостанай облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2469, «Б.М. Тұрсынбаев туралы» №2470, «В.Л. Левитинді Маңғыстау облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2471, «Л.К. Киінов туралы» №2472 жарлықтарына қол қойды.

30 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қостанай облысында жұмыс сапарымен болып, облыс активіне жаңа әкімі Т.Қ. Қадамбаевты таныстырды.

ҚАЗАН 1995

Дс		2	9	16	23	30
Сс		3	10	17	24	31
Ср		4	11	18	25	
Бс		5	12	19	26	
Жм		6	13	20	27	
Сн		7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29	

2 қазан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Парламентінің сайлауын тағайындау туралы» №2473, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1995 жылдың қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» №2474 жарлықтарына қол қойды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Парламентіне сайлауды тағайындау туралы» №2473 Жарлығына сәйкес Сенат пен Мәжіліске сайлау сәйкесінше 1995 жылғы 5 және 9 желтоқсанға тағайындалды.

3 қазан

Мемлекет басшысы «Еуразия» Халықаралық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Н.И. Рыжковты қабылдады.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Сақтандыру туралы» №2475, Заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы мен «Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамыту жөніндегі ұйымдық-құқықтық шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №2476, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2477, «Н.А. Шайкеновті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №2478, «Н.И. Баевты Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрі қызметіне тағайындау туралы» №2479, «К.А. Колпаковты Қазақстан Республикасының Әділет министрі қызметіне тағайындау туралы» №2480, «С.А. Медведев туралы» №2481, Заң күші бар «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы» №2483 жарлықтарына қол қойды.

4 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында әлемнің 30 мемлекетінің көмірсутегі шикізатын барлау, өндіру және өңдеумен айналысатын 150-ден астам

дүниежүзілік мұнай бизнесінің көшбасшылары «Chevron Corporation», «Exxon», «Mobil», «Лукойл», «Қазақстан-Каспийшельф» секілді компанияларының қатысуымен өткен «Мұнай және газ- 1995» көрмесінде болды.

Мемлекет басшысы Алматы қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, «Philip Morris» компаниясының Алматы темекі фабрикасында болды, онда өндірістің негізгі цехтерін аралап көріп, өндірілетін өніммен танысты.

Н.Ә. Назарбаев «екі жыл ішінде шетел компаниясы сатып алған Қазақстанның мемлекеттік меншігінің бірінші нысаны ел қазынасына мол кіріс әкелетін және өзінің қызметкерлеріне лайықты еңбекақысы мен жоғары әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін тұрақты кәсіпорынға айналды», — деп ризашылықпен атап айтты.

Мемлекет басшысы «1961 жылғы Сыртқы сауда төрелігі туралы Еуропа конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №2484, «1958 жылғы Шетелдік төрелік шешімдерін тану және іске асыру туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №2485 жарлықтарына қол қойды.

5 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанның жетекші банктерінің басшыларын қабылдады.

Кездесу барысында «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы» және «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» заңдарының қабылдануына байланысты банк ісі мен қаржы-кредиттік жүйенің даму перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Өндірістік кооператив туралы» №2486, Заң күші бар «Салық заңдары мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына Президентінің Заң күші

бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2488, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2489, «Б.М. Тұрсынбаевты Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы қызметіне тағайындау туралы» №2490, «Т.Т. Жүкеев туралы» №2491, «Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі туралы ережеге өзгерту енгізу туралы» №2492 жарлықтарына қол қойды.

6 қазан

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында жұмыс сапарымен болып, облыс активіне жаңа әкімі А.Қ. Тшановты таныстырды.

Мемлекет басшысы «А.Г. Браунды Ақмола облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2493, «Ө. Өзбековті Алматы облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2494, «Р.Т. Шырдабаевты Атырау облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2495, «Ю.И. Лавриненконы Шығыс Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2496, «А.Қ. Тшановты Жамбыл облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2497, «Қ.Ы. Нағмановты Жезқазған облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2498, «Қ.Қ. Жақыповты Батыс Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2499, «П.П. Нефедовті Қарағанды облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2500, «Қ.Ы. Жұмабаевты Көкшетау облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2501, «Д.К. Ахметовті Павлодар облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2502, «В.К. Гартманды Солтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2503, «Ғ.Б. Жақияновты Семипалатинск облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2504, «С.Ш. Ақымбековті Талдықорған облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2505, «В.А. Брынкинді Торғай облысының әкімі қызметіне

тағайындау туралы» №2506, «З.Қ. Тұрысбековті Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2507, «Ш. Құлмахановты Алматы қаласының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2508, «Ө. Байгелдиев туралы» 1995 жылғы 6 қазандағы №2509, «Ж. Қосабаев туралы» №2510, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдары туралы» №2512, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетін құру туралы» №2513, «Ж.А. Тұяқбаевты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2514, «М.С. Нәрікбаевты Қазақстан Республикасының Бас прокуроры қызметіне тағайындау туралы» №2515 жарлықтарына қол қойды.

7 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан кәрістері III съезінің делегаттарына сәлемдеме жолдады.

«Жер аудару мен қуғын-сүргін көрген кәрістерді екінші отанына айналған Қазақстан жылы шыраймен қабылдады. Осы жерді қабылдап, сүйіп, олар республиканың экономикалық және рухани әлеуетінің дамуына лайықты үлес қоса отырып, онымен өз тағдырын мәңгілікке байланыстырды. Бұдан біз, көпұлтты Қазақстанның барлық халқы бай бола түсеміз», — делінген жолдауда.

13 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға классикалық бидің халықаралық фестиваліне қатысу үшін келген танымал ресейлік балет шеберлері Г.С. Уланова, Ю.Н. Григорович, Ю.К. Владимиров және М.Л. Лавровскиді қабылдады.

Президент меймандарды жылы шыраймен қабылдап, Алматы қаласында өткен классикалық бидің халықаралық фестивалі республиканың мәдени өміріндегі ірі оқиға болғанын және Г.С. Уланованың Қазақстан жерінде көрсеткен өнері көптеген қазақстандықтардың есінде екенін атап өтті.

Кездесудің соңында Н.Ә. Назарбаев Г.С. Уланованың «Парасат» орденімен марапаттауы және Ю.Н. Григоровичке «Қазақстанның еңбек

сіңірген қайраткері» құрметті атағының берілуі туралы жариялады және оларға Қазақстанның мемлекеттік наградаларын табыс етті.

«Парасат» ордені 1993 жылы бекітілген. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан немесе адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградталады.

Мемлекет басшысы «Ресей Федерациясының өнер қайраткерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №2517 Жарлығына қол қойды.

14 қазан

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы» Қазақ ССР Заңына толықтыру енгізу туралы» №2518, «Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігін тарату мен Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігін құру туралы» №2519, «Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары істері жөніндегі Байқаушы кеңес құру туралы» №2520, «А.С. Сәрсенбаевты Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2521 жарлықтарына қол қойды.

16 қазан

Мемлекет басшысы «Е.Ә. Өтембаевты Қазақстан Республикасы үкіметі аппаратының басшысы қызметіне тағайындау туралы» №2522, «Ә.Х. Қасымовты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі қызметіне тағайындау туралы» №2523, «С.Қ. Нұрмағамбетов туралы» №2524, «С.С. Әйімбетовті Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №2526, «Б.В. Төтенов туралы» №2527, Конституциялық заң күші бар

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» №2529, «А.А. Құлыбаевты Қазақстан Республикасының Құрылыс,тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі қызметіне тағайындау туралы» №2531 жарлықтарына қол қойды.

18 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан халықтары Ассамблеясы кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Отырыста Президенттік бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығына үш кандидатура — ЮНЕСКО бас директоры Ф. Майор, Алматы және Семипалатинск архиепископы Алексий, халық жазушысы Ә.К. Кекілбаев ұсынылып, қолдау тапты.

Отырыс барысында сондай-ақ алдағы уақытта болатын Парламент сайлауына байланысты Ассамблеяның ел азаматтарына және қоғамдық бірлестіктерге қаратылған үндеуі қабылданды, республика жоларына оқуға түсу үшін ҚХА квотасын бөлу туралы Президент бастамасын іске асыру, сондай-ақ Қазақстан халықтары Ассамблеясының республикалық қорын құру туралы мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі Э. Джоунстан сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы мереке күндері туралы» №2534, Заң күші бар «Қазақ КСР-інің Еңбек туралы заңдар кодексіне өзгертулер енгізу және кейбір заң актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №2535, «Президенттің 1995 жылғы Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын беру туралы» №2536, «Энергетикалық хартияға шартты және Энергетикалық тиімділік мәселелері мен тиісті экологиялық аспектілер жөніндегі Энергетикалық хартияға хаттаманы бекіту туралы» №2537, «Қ.Ш. Сүлейменовті Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі — Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің қолбасшысы қызметіне тағайындау туралы» №2538, «Б.Ә. Баеке-

нов туралы» №2539, «Б.Б. Жанасаев туралы» №2540 жарлықтарына қол қойды.

19 қазан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы» №2541, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» №2542, «Н.М. Макиевскийді Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2543, «М.Ғ. Әубәкіровке, Д.И. Пивеньге, М.Қ. Сиқымовқа, Т.С. Нұрмағамбетовке әскери атақтар беру туралы» №2544, «Б.М. Ашықбаевқа, Б.Н. Мешенбаевқа генерал-мойор әскери атағын беру туралы» №2545, «А.Е. Жаманбаевқа, В.В. Симачевқа милиция генерал-майоры арнайы әскери атағын беру туралы» №2546, «Дипломатиялық дәрежелер беру туралы» №2547, «Б.С. Зәкиевке генерал-лейтенант әскери атағын беру туралы» №2548, «М.С. Нәрікбаевқа, М.Қ. Қалиевке, А.Н. Левкинге, С.И. Шуткинге сыныптық шендер беру туралы» №2549, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №2550, «М.Т. Баймаханов туралы» №2551, «Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының судьялары туралы» №2552, «Қазақстан Республикасы Президентінің жекешелендіру мәселелері жөніндегі кейбір жарлықтарына өзгертулер енгізу туралы» №2553, «Кешірім жасау туралы» №2554, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№2555–2563, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №2564 жарлықтарына қол қойды.

20 қазан

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Республика күні қарсаңында бір топ қазақстандық азаматтарды қабылдап, оларға республика алдындағы қызметі мен қоғамдық саладағы жемісті қызметі үшін мемлекеттік наградаларды табыстады.

Президент қолынан «Құрмет» орденін «Соколов-Сарыбай тау кен-байыту өндірістік бірлестігі» АҚ бас директоры М.В. Баженов, Қарағанды облыстық

клиникалық ауруханасы бөлімшесінің меңгерушісі В. Бекк және Алматы қаласындағы «Алатау» санаторийінің бас дәрігері О.Б. Түктібаев алды.

«Ерен еңбегі үшін» медалі Павлодар қаласындағы «Медполимер» АҚ бас директоры С.Е. Сұлтановқа табыс етілді.

«Қазақстан халық жазушысы» құрметті атағын — Қазақ ПЕН-клубының вице-президенті, жазушы М.Д. Симашко, «Қазақстанның халық әртісі» атағын Талдықорған облыстық филармониясының солист-әншісі М. Қазтұрғанова, Кәріс мәдениетін дамыту қоры «Чинсон» ансамблінің бас балетмейстері Р. Ким, Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының солист-аспапшысы Г. Мырзабекова иеленді.

1

2

«Құрмет» ордені (1-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Құрмет» орденімен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі, мемлекеттік қызметтегі үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

«Ерен еңбегі үшін» медалі (2-сурет) 1993 жылы белгіленді. Медальмен азаматтар экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі және мемлекеттік қызметтегі жеткен табыстары үшін марапатталады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы» №2565, «С.Т. Тұрсыновты Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы қызметіне тағайындау туралы» №2566, «С.Т. Тұрсынов туралы» №2567, «Н.Ә. Әбіқаев туралы» №2568, «Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінде Қазақстан Республикасының елшілігін ашу туралы» №2569, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының соттары туралы» №2581, «Қазақстан Республикасының Конституциясы 98-ші бабының 1-ші тармағын және «Қазақстан Республикасының соттары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» №2582, «Қазақстан Республикасының кейбір судьяларын қызметінен босату туралы» №2583, «Қазақстан Республикасы судьяларының міндеттерін атқаруды жүктеу туралы» №2584, «Қазақстан

Республикасының астанасын көшіру жөніндегі дайындық шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 15 шілдедегі №1801 Қаулысының күші жойылған деп тану туралы» №2585 жарлықтарына қол қойды.

21 қазан

Мемлекет басшысы «Россия» газетінің тілшілеріне сұхбат берді.

22 қазан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 50-ші мерейтойлық сессиясына қатысты.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мінберінен Қазақстан Президенті БҰҰ-ның таяу онжылдыққа арналған міндеттері мен перспективалары туралы бағдарламалық сөзін сөйледі.

«Осы тарихи мәжілісте Қазақстан Республикасын өкілеттік ету зор құрмет. Барлық қатысушыларды осы айтулы дата — БҰҰ-ның 50 жылдығымен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Біз бүгін аласапыран өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп отырмыз. Бүгінгі таңдағы халықаралық құрылымдар әрқашанда жаңа шындықтарға үйлесе бермейді. Бұл да орынды шығар.

1914 жылғы Дүниежүзілік соғыс Ұлттар лигасын туғызды. Ал екінші Дүниежүзілік соғыс БҰҰ-ны өмірге әкелді. Дүниежүзіндегі қарсыластықтың жойылуы және геосаяси экономикалық шындықтардың өзі халықаралық органдардың жаңғыруын талап еткені рас. Бұған бізді тарихтың өзі үйретіп отыр», — деп мәлімдеді ол (Қосымшаны қараңыз).

23 қазан

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының 50-ші мерейтойлық сессиясына қатысуына байланысты Америка Құрама Штаттарында болған кезінде АҚШ Президенті Б. Клинтонмен, Франция Республикасының Президенті Ж. Ширакпен, Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Алиевпен, Түркменстанның Президенті С.А. Ниязовпен, Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен, Беларусь Республикасының Президенті

А.Г. Лукашенкомен, Австралия генерал-губернаторы У. Хейденмен, Пәкстан Ислам Республикасының Премьер-министрі Б. Бхуттомен, Сауд Арабиясы Корольдігінің Сыртқы істер министрі ханзада Сұлтан әл-Фейсалмен, Палестинаны азат ету ұйымы Атқарушы комитетінің төрағасы Я. Арафатпен, Польша Республикасының Премьер-министрі Ю. Олексамен екіжақты кездесулер өткізді.

24 қазан

Мемлекет басшысы АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 50-ші мерейтойлық сессиясына қатысуын жалғастырды.

Сол күні Мемлекет басшысы Республика күніне орай Қазақстан азаматтарына бұқаралық ақпарат құралдарының бетінен құттықтауын жариялады.

«Өміріміздегі көрнекті оқиға — Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Бұл мереке барша қазақстандықтардың жүрегінде ерекше орын алады. 5 жыл бұрын халқымыздың тәуелсіздік туралы ғасырлар бойғы арманы шындыққа айналды: еліміз жетекшілерден бас тартып, прогресске өз жолын бастады. Тарихи тұйықталудан басталған бұл жол барша адамзаттың даму торабымен жарасымдылық тапты. Алайда, сонымен бірге, бұл қазақстандықтар саналы түрде таңдап алған біздің өзіміздің жеке жолымыз және оны халқымыз батыл түрде аяғына дейін жүріп өтуге дайын», — делінген үндеуде.

25 қазан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарына ресми сапарын бастап, осы елдің астанасы Вашингтон қаласында АҚШ вице-президенті А. Гормен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Қазақстан мен АҚШ арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытудың жолы мен перспективалары туралы пікір алмасты. Атап айтқанда, мұнай мен газ тасымалдау мәселелерін қоса ала отырып, энергетика саласындағы өзара қарымқатынас, сондай-ақ қорғаныс және әскери конверсиялау саласындағы байланыстар туралы сөз болды.

Сол күні Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Вашингтон қаласындағы Қазақстан Республикасының Елшілігінде болып, оның қызметкерлерімен кездесті.

Елшілік ұжымын Республика күнімен құттықтай отырып, Президент Қазақстанның американдық бағыттағы сыртқы саясатының ерекше маңыздылығын атап өтті және бұл саладағы жұмысқа табыс тіледі.

26 қазан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарына ресми сапары барысында Иордания Хашимиттік Корольдігінің Королі Хусейн бен Талалмен, Корея Халықтық Демократиялық Республикасының Сыртқы істер министрі Ро Мен Гомен, АҚШ-тың бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Г. Киссинджермен және «Chevron Corporation» корпорациясының президенті К. Деррмен екіжақты кездесулер өткізді.

27 қазан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарына ресми сапары барысында Бірлескен Қазақстан-Америка комиссиясының отырысына қатысты.

Отырыста сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев демократия мен қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың барысы туралы, макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуді мақсат еткен іс-шаралар туралы айтты. Президент соңғы уақытта республикада қабылданған 70-ке жуық заңнамалық актілер шетелдік инвестицияларға үшін қолайлы жағдайлар жасағанын атап айтты. Н.Ә. Назарбаевтың пікірі бойынша, Кеңес «екі ел арасындағы берік көпір болуға, экономикалық, ғылыми және мәдени ынтымақтастыққа жәрдемдесуге міндетті».

30 қазан

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2588 Жарлығына қол қойды.

31 қазан

Мемлекет басшысы алда болатын парламенттік сайлауға дайындықтың ұйымдастыру мәселелері бойынша жұмыс кеңесін өткізіп, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Ю.А. Кимнің әртүрлі деңгейдегі сайлау комиссияларының құрылу барысы, Қазақстан Республикасының Парламенті Сенаты мен Мәжілісіне депутаттыққа кандидаттарды ұсыну және тіркеу туралы ақпаратын тыңдады.

ҚАРАША 1995

Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	

1 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімді бекіту туралы» №2591 Жарлығына қол қойды.

2 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласына Тау-металлургиялық кешендегі ынтымақтастық мәселелері бойынша Халықаралық семинар-кеңеске қатысу үшін келген Металлургтер халықаралық одағының және Халықаралық тау конгресінің президенттері С.В. Колпаков пен М.И. Щадовты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанды транспорттық металмен қамтамасыз ету жобасы талқыланды.

Мемлекет басшысы Конституциялық заң күші бар «Республикалық референдум туралы» №2592, Конституциялық заң күші бар «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 наурыздағы №2151 Конституциялық заң күші бар Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №2593 жарлықтарына қол қойды.

4 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті туралы ережені бекіту туралы» №2594, «М.Ә. Оспановты Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №2595 жарлықтарына қол қойды.

6 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Израиль Мемлекетінің Елшілігіне барып, Қазақстандағы Израильдің дипломатиялық миссиясының басшысы Б. Кармельмен кездесті және Премьер-министр И. Рабиннің қайғылы қазасына байланысты көңіл айтты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы туралы» №2600 Жарлығына қол қойды.

7 қараша

Мемлекет басшысы Э.А. Шеварднадзеге оның Грузияның Президенті болып сайлануына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2606 Жарлығына қол қойды.

8 қараша

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Германия Федеративтік Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Х. фон Вистингхаузеннен сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің төрағасы Ж.А. Тұяқбай бастаған басшылығымен кеңес өткізді.

Президент комитеттің негізгі міндеті қылмысты анықтау, ашу және тергеу бойынша жұмысты белсендіру болып табылатынын атап айтты және «тергеу органын құру ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ісінің жақсы жаққа қарай бұрылысын қамтамасыз ететініне, криминогенді жағдайды жақсартып, құқықтық тәртіпті нығайтатынына» сенім білдірді.

Мемлекет басшысы «Ж.М. Жұманбековті Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2610, «С.Б. Тоқпақбаевты Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің бастығы қызметіне тағайындау туралы» №2611 жарлықтарына қол қойды.

9 қараша

Мемлекет басшысы «Н.Ә. Әбіқаевқа I сыныпты Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №2615, «Н.Ә. Әбіқаевты Қазақстан Республикасының Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №2616, «Т.Ә. Үмбетбаев туралы» №2617 жарлықтарына қол қойды.

10 қараша



Мемлекет басшысы Алматы қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның барысында «Реиз» АҚ салып жатқан тұрғын үйлері құрылысының барысымен танысты, «Daewoo Electronics» Қазақстан-Оңтүстік корея бірлескен кәсіпорнының электротехникалық зауытын аралап көрді, кондитер фабрикасына барып, қалпына келтірілген «Медеу» қонақ үйінің ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы «С.Ә. Құрманғожин туралы» №2622 Жарлығына қол қойды.

13 қараша

Мемлекет басшысы өзіне Алматы қалалық мәслихатымен Алматы қаласының Құрметті азаматы атағы берілуіне арналған салатанатты рәсімге қатысты.

Алматы қалалық мәслихатының Президент Н.Ә. Назарбаевқа қаланың Құрметті азаматы атағын беру туралы шешімінде «марапаттау Қазақстан халқының алдындағы ұлтаралық келісімді сақтау мен нығайту ісіндегі айрықша қызметін, сондай-ақ республикада үдемелі экономикалық жаңғыртуларды, елді әлемдік қоғамдастыққа интеграциялау, Алматы қаласының дамуына қосқан ерекше үлесін мойындау болып табылатыны» атап көрсетілді.

Президент оған көрсетілген құрмет үшін алғыс білдіріп, «алдағы уақытта да елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсарту міндеттерін шешу, ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылықты нығайту, басқа қалалар сияқты Алматы тұрғындарының тұрмыс деңгейін арттыру үшін барлығын жасайтынын» мәлімдеді.

Мемлекет басшысы «Ө.Е. Шөкеевті Қазақстан Республикасының Экономика министрі қызметіне тағайындау туралы» №2625, «А.А. Тілеубердин туралы» №2626, «Г.Ж. Қарағұсованы Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2627, «С.Ғ. Темірболатов туралы» №2628, «К.Қ. Туашевты және Т.М. Трофимованы облыстық сот мүшесі міндеттерінен босату туралы» №2629, «Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына ақшалай үлес

төлеуді реттеу мен олардың әлеуметтік қорғалуын күшейту туралы» №2630 жарлықтарына қол қойды.

14 қараша

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Мәскеу қаласында Президент Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты қатынастардың жай-күйі мен перспективалары, сондай-ақ ТМД-дағы интеграциялық үдерістердің дамуы туралы пікір алмасты.

Кездесудің соңында Н.Ә. Назарбаев Б.Н. Ельцинді Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинмен, Ресей Федерациясының Федералдық қауіпсіздік қызметінің директоры М.И. Барсуковпен, сондай-ақ «Лукойл», «Онэксимбанк», «Менатеп» және «Альфа-Банк» ресейлік компанияларының басшыларымен екіжақты кездесулер өткізді.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасының соттары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 қазандағы №2581 заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2634, Заң күші бар «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2635, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2636, «Қазақстан Республикасы соттарының құрамындағы өзгерістер туралы» №2637 жарлықтарына қол қойды.

15 қараша

Мемлекет басшысы Франция Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Париж қаласында ЮНЕСКО штаб-пәтеріне барды және ЮНЕСКО бас директоры Ф. Майормен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстан мен ЮНЕСКО Семипалатинск өңірі мен Арал маңының экологиялық проблемалары бойынша бірлескен бағдарламаларды іске

асырудағы ынтымақтастығының жай-күйі мен перспективалары туралы қызу пікір алмасу болып өтті.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ Ф. Майорды ЮНЕСКО-ның 50 жылдығымен құттықтады, А. Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойын өткізуге көмек көрсеткені үшін алғыс айтты және «ЮНЕСКО Түркістан қаласының 1500 жылдығын және М.О. Әуезовтің 100 жылдығын халықаралық даталар санатына қосатынына» сенім білдірді.

Мемлекет басшысы ЮНЕСКО-ның 50 жылдығына арналған бас конференциясының XXVIII сессиясына қатысты.

«Сіздерді ЮНЕСКО Бас конференциясының осынау сессиясы мінбесінен құттықтау мен үшін үлкен мәртебе. Бұл жыл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмірінде адамгершілік, рухани биіктік идеяларының, адам құқықтары мен еркіндігінің орнығуы аясында өтіп жатыр. Осыдан 50 жыл бұрын білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөнінде Біріккен Ұлттар Ұйымын құру туралы тарихи шешім қабылданды. Бұл проблема бұрынғысынша Жер шарының жүздеген миллион адамдарының назарын аударып келеді.

Жарты ғасыр ішінде ЮНЕСКО дүниежүзілік даму процесіне пәрменді ықпал етіп отырған беделді халықаралық ұйымға айналды», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

Баяндамасының соңында Н.Ә. Назарбаев ЮНЕСКО бас директоры Ф. Майорға 1995 жылғы Президенттік бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығын табыс етті.

Сол күні Мемлекет басшысы Франция Республикасының Президенті Ж. Ширакпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында алтын, мұнай мен газ өндіру, металлургия және ауыл шаруашылығы салаларындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Өзара түсіністік және екіжақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдету мен дамыту туралы келісімді дайындауды жеделдету туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Кешке қарай Мемлекет басшысы Франция кәсіпкерлері ұлттық кеңесінің отырысына қатысты.

16 қараша

Мемлекет басшысы Франция Республикасына ресми сапары барысында ЮНЕСКО Толеранттық туралы декларациясына қол қою рәсіміне қатысты.

18 қараша

Мемлекет басшысы ресейлік «Независимая газета» басылымының тілшілеріне сұхбат берді.

21 қараша

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №2638, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №2639–2648 жарлықтарына қол қойды.

22 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстанға реми сапармен келген Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмоновпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында экономикалық саладағы екіжақты ынтымақтастықты тереңдетудің жолдары мен нақты тетіктерін талқылауға басты назар аударылды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекеттер басшыларының Бірлескен коммюникесі қабылданды, сондай-ақ экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен тереңдету, еркін сауда, Тәжікстанның қарыздық міндеттерін қайта құрылымдау шарттары туралы келісімдерге қол қойылды.

23 қараша

Мемлекет басшысы «С.Б. Тоқпақбаевқа Республикалық ұлан қолбасшысы міндеттерін атқаруды жүктеу туралы» №2650, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 маусымдағы №1287 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №2654, Заң күші бар «Дәрілік заттар туралы» №2655 жарлықтарына қол қойды.

24 қараша

Мемлекет басшысы түркі тілдес әлемнің танымал қоғам және діни қайраткері Х. Алтайды қабылдады.

Әңгімелесу барысында қазақ халқының руханияты мен мәдениетін жандандыру мәселелері, сондай-ақ Қазақстандағы әртүрлі конфессиялар қызметі сөз болды.

Кездесудің соңында Х. Алтай Президентке өзі қазақ тіліне аударып, басып шығарған мұсылмандардың қасиетті кітабы Құранның бір данасын сыйға тартты.

Сол күні Мемлекет басшысы оның «Әділеттің ақ жолы» («Без правых и левых») атты кітабын қытай тілінде шығарған Қытай Халық Республикасының кітап баспагерлерінің делегациясын қабылдады.



Н.Ә. Назарбаев баспагерлерге оның кітабына назар аударғаны үшін алғыс айтып: «ол екі ел мен халықтар арасындағы жақсы көршілестік қатынастарды орнату ісіне қызмет етеді» деген сенім білдірді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы» №2656 Жарлығына қол қойды.

28 қараша

Мемлекет басшысы облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің, министрліктер мен ведомстволар басшыларының қатысуымен болған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысына қатысты.

Отырыста Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Ә.М. Қажыгелдиннің «1996–1998 жылдарға арналған Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасы туралы» және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С. Павловтың «1996 жылға арналған бюджет жобасы туралы» баяндамаларын тыңдады.

Кеңес қорытындысын шығара отырып, Президент «Үкіметтің жаңа бағдарламасы біздің экономиканы реформалаудың екінші кезеңіне көшу болып табылады деп атап өтті және төлем жасамау, реформалаудың басты назарын жергілікті жерлерге ауыстыру, тиімсіз және шығынды кәсіпорындарды жеке меншік қолдарға беруді жан-жақты қолдау мәселелерін жедел түрде шешу қажеттігін атап айтты».

Сол күні Мемлекет басшысы облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен парламенттік сайлауға дайындық мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Сайлаудың айрықша маңызын атап өте отырып, Президент оны демократиялық, бәсекелестік негізде, Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасына қатаң сәйкестікте және кез келген бұзушылықтарға жол бермей өткізуді талап етті.

Мемлекет басшысы Қарағанды облысы әкіміне адам шығындарына әкелген В.И. Ленин атындағы шахтада болған апатқа байланысты көңіл айту жедел-хатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Пәкстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді бекіту туралы» №2658, «Л.В. Десятник туралы» №2659, «Ю.И. Лавриненко туралы» №2660 жарлықтарына қол қойды.

29 қараша

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Сан-Диего қаласында ашылған «Қазақстан-95: Өзара түсіністіктен серіктестікке» атты көрме-конференциясының қатысушыларына құттықтау жолдады.

«Әлемдік экономикаға жеделдетіп кіру үшін республикада барлық мүмкіндіктер бар. Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде, Ресей, Қытай және Орталық Азиямен шекаралас орналасқан оның зор экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени әлеуеті бар. Тұрақты саяси ахуалмен, халқының жоғары білім деңгейімен және мол табиғат ресурстарымен үйлесе отырып, ол Қазақстан-Америка іскерлік ынтымақтастығының көптеген жобалары үшін ауқымды кеңістік ашады...», — делінген құттықтауда.

Сан-Диего қаласындағы көрме-конференцияның қатысушыларына АҚШ Президенті Б. Клинтон да құттықтауын жолдады: «Құрама Штаттар Қазақстанмен кеңейтілген сауда мен инвестицияларға негізделген тиімді экономикалық ынтымақтастық орнатуда. Бұл республикаға американдық бизнесті тарту екі ел үшін де өте маңызды болып табылады. Бұл экспортқа жәрдемдесіп, еңбеккерлерге жұмыс орындарын ашып береді, біздің экономикаларды нығайтып, жақсы қатынастарды одан әрі дамытуға жәрдемдеседі».

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру мен өзгертулер енгізу туралы» №2662 Жарлығына қол қойды.

ЖЕЛТОҚСАН 1995

Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	31

4 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Женевадағы (Швейцария Конфедерациясы) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бөлімшесі мен басқа халықаралық ұйымдар жанында Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігін ашу туралы» №2664, «Қазақстан Республикасының Швейцария Конфедерациясындағы елшілігін ашу туралы» №2665, «Б.Ж. Өтемұратовқа II сыныпты Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №2666, «Ю.И. Лавриненконы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі қызметіне тағайындау туралы» №2667, «С.Қ. Әлиғожанов туралы» №2668, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2670 жарлықтарына қол қойды.

5 желтоқсан

Мемлекет басшысы Сауд Арабиясынан «Dabbah» компаниясының президенті шейх Аллах әл-Даббахты қабылдады.

Кездесу барысында компанияның Қазақстанның болашақ астанасы — Ақмола қаласында нысандар салуға қатысуы туралы мәселелер талқыланды.

Н.Ә. Назарбаев «Dabbah» компаниясының әлемдік стандарттарға жауап беретін республикадағы қонақүйлер құрылысы бойынша табысты қызметін ризашылықпен атап өтті.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Республикалық ұлан туралы» №2671, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» және «Құнды қағаздар және қор биржасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2672 жарлықтарына қол қойды.

6 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Ю.А. Кимді қабылдады. Ол 1995 жылғы 5 желтоқсанда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына сайлау қорытындысы және 1995 жылғы 9 желтоқсанда болатын Парламент Мәжілісіне сайлауға дайындық барысы туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы парламенттік сайлауға Еуропарламент, ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясы, Сайлау жүйелерінің қоры делегат етіп жіберген шетел байқаушыларын, сондай-ақ дипломатиялық өкілеттіктер басшыларын қабылдады.

Мемлекет басшысы Шешенстан Республикасы Үкіметінің төрағасы Д.Г. Завгаевты қабылдады.

Кездесу барысында Шешенстанның өнеркәсіптік әлеуеті мен әлеуметтік инфрақұрылымын қалпына келтіруге, оның мұнай өңдеу кешенін дамыту мен көлік коммуникацияларын қалпына келтіруге Қазақстанның қатысу мәселелері талқыланды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Алматы облысына жұмыс сапарымен аттанды.

Сапар бағдарламасы Талдықорған қаласындағы «Ақсу» АҚ барумен басталды, содан соң Н.Ә. Назарбаев аудан әкімдерімен кеңес өткізіп, онда облыста шаруа және фермерлік шаруашылықтарды жеделдетіп құру мен оларға қолдау көрсету, Конституция, республика заңдарын насихаттау мен зерттеу бойынша белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізу, қылмысқа қарсы күресті күшейту қажеттігін атап көрсетті.

7 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы облысына жұмыс сапары барысында «Нұр-Ибн Сина» емдеу-диагностикалық орталығы мен Талдықорған қаласындағы «Қамбар» сауда үйін аралап көрді, содан соң Н. Алдабергенов атындағы ұжымшарда болды.

8 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы №1152 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №2673, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2674 жарлықтарына қол қойды.

9 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің сайлауында Алматы қаласындағы №14 Медеу сайлау округінің сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысты.

Дауыс беруден кейін Президент тілшілердің сауалдарына жауап бере отырып: «Парламент депутаттығына кандидаттар демократиялық негіздегі қатаң бәсекелестік күресте ұсынылды», — деп атап көрсетті және «жаңадан сайланған Парламент қатаң түрде Конституция аясында әрекет ететіндігіне, оған жүктелген жауапты міндеттерді өнімді орындайтындығына» сенім білдірді.

Қазақстан Республикасының Сенаты мен Мәжілісінің бірінші шақырылымын сайлау 1995 жылғы желтоқсан айында өтті. Ел Парламентінің жоғарғы палатасына сайлау жаңа Конституция бойынша 1995 жылғы 5 желтоқсан мен 23 желтоқсанда (екінші тур) өтті, ал 9 желтоқсанда Парламенттің төменгі палатасы — Мәжіліске депутаттарды сайлау бойынша дауыс беру өткізілді. 1995 жылғы желтоқсан айындағы сайлауда Парламент Сенатына 40 депутат сайланды — республиканың 19 облысы мен астанасынан екі-екі адамнан, Сенаттың 7 депутаты Қазақстан Республикасының Президентімен тағайындалды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 37 депутаты сайланды.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен шахматтан бірінші чемпионаттың қатысушылары А.Е. Карпов, Ю. Полгар, В.Б. Салов, Б.К. Асанов пен В.И. Ткачевты қабылдады.

Кездесу барысында Президент «Қазақстанда халықты дене тәрбиесі мен спортқа, оның ішінде шахмат ойынына баулуға баса назар аударылатынын» атап айтты.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев А.Е. Карповпен шахмат партиясын ойнады.

11 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Ю.А. Кимді қабылдады. Ол 1995 жылғы 9 желтоқсанда өткен Парламент Мәжілісіне сайлаудың қорытындылары туралы хабардар етті.

12 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен кеңес өткізіп, Қаржы министрі

А.С. Павловтың 1996 жылға арналған республикалық бюджет жобасы туралы есебін тыңдады.

Кеңес қорытындысын шығара отырып, Президент Үкімет алдына «жаңа жылдық бюджетті бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің жалақысы мен зейнеткерлердің зейнетақысын 2 еседен кем емес етіп ұлғайтуға болатындай есеппен құруды тапсырды».

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» №2676, «Бір топ қызметкерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №2677, «Қазақстан Республикасы мемлекеттік нышандары авторларының бір тобын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №2678, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы» №2679 жарлықтарына қол қойды.

13 желтоқсан

Мемлекет басшысы «1996–1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасы туралы» №2680, «Сауд Арабиясы Корольдігінде Қазақстан Республикасының елшілігін ашу туралы» №2681 жарлықтарына қол қойды.

14 желтоқсан

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында жұмыс сапарымен болып, өңірдегі әлеуметтік-экономикалық реформалардың барысы және алдағы міндеттер туралы облыс активімен кеңес өткізді.

Мемлекет басшысы «Е.М. Асанбаевты «Отан» орденімен наградтау туралы» №2682, «Т.Т. Жүкеевке I сыныпты Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №2683, «Т.Т. Жүкеевті Қазақстан Республикасының Корея Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №2684, «Қазақстан Республикасы мен Азия даму банкі арасындағы келісімді бекіту туралы» №2685, «Қазақстан Республикасы Президентінің кеден мәселелері жөніндегі

жарлықтарының күші жойылған деп тану туралы» №2686 жарлықтарына қол қойды.

15 желтоқсан

Мемлекет басшысы Жамбыл облысының Тараз қаласында өткен Қазақстан, Қырғыз және Өзбекстан республикалары Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты.

Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы үшжақты шартқа сәйкес құрылған Мемлекетаралық кеңестің отырысына сондай-ақ Қырғызстанның Президенті А.А. Ақаев және Өзбекстанның Президенті И.А. Каримов қатысты.

Саммитке қатысушылар 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру барысы туралы пікір алмасты, үш елдің Қорғаныс министрлері кеңесін және БҰҰ аясындағы бірлескен бітімгерлік батальонын құру мәселелерін талқылады және тиісті құжаттарға қол қойды.

Мемлекет басшылары сондай-ақ БҰҰ бас хатшысы Б. Бутрос-Галиге үндеу қабылдап, үш республиканың БҰҰ резервтегі бітімгерлік күштері жүйесіне қосылуға әзірлігін білдірді.

16 желтоқсан

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында бір топ қазақстандық азаматтарды қабылдап, оларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын табыс етті.

Президенттің қолынан «Отан» орденін — Е.М. Асанбаев, «Парасат» орденін — академиктер Б.О. Жарбосынов және Т.Ш. Шарманов, суретші М.С. Лизогуб, Қазақстан Республикасы Ардагерлер қозғалысының төрағасы М.Р. Сағдиев, «Құрмет» орденін — Президенттің кеңесшісі Ө. Байгелдиев, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі В.К. Гарт-ман және «Тұранбанк» АҚ басқармасының төрағасы Т. Қожағапанов алды.

«Қазақстанның халық әртісі» Құрметті атағын беру туралы куәлік пен төсбелгісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестрдің бас дирижері және көркемдік жетекшісі Т.А. Әбдірәшевке табыс етілді.

«Отан» ордені (1-сурет) 1993 жылы тағайындалған. «Отан» орденімен азаматтар мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі, экономиканы, әлеуметтік сала-

1

2

3

ны, ғылым мен мәдениетті дамытудағы, мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы айрықша еңбегі үшін наградталады.

«Парасат» ордені (2-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан немесе адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградталады.

«Құрмет» ордені (3-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Құрмет» орденімен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі, мемлекеттік қызметтегі үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

«Тәуелсіздік күні біздің күнтізбемізде «қызыл күн» болып белгіленген. Алайда бұл дата — Қазақстанның 1991 жылы жариялаған тәуелсіздігін еске салатын күн ғана емес. Осы заманғы әлемдік тәртіптің көптеген құбылыстарында тарихтың нақты ізі қалған. Жаңа елдердің тәуелсіздік алуы солардың қатарына жататыны сөзсіз. Олардың әрқайсысы өзінің бостандығына қарай ұзақ және соқпақты жолмен келді. Жақында ғана әлемдік қоғамдастыққа кірген бізді былай қойғанда, олардың ешқайсысы да осы жолды аяғына дейін жүріп өттік деп айта алмайтын шығар.

Біз ұмытшақ емеспіз, бәрі де есімізде — қазіргі тәуелсіздігіміз қазақ ұлтының өз тағдырын өзі шешуге деген сан ғасырлар бойғы ұмтылысының жемісі екенін жақсы білеміз. Бұл ұмтылыс қоғамдық ой-пікірдің қалыптасуымен, халықтың жан-жүрегімен қалаған қажырлы іс-әрекетімен нығайтылып отырды. Біз 1986 жылдың желтоқсанында Қазақстан жастарының тоталитарлық тәртіпке жүрек жұтқан әрі теңдесі жоқ ерлікпен қасқайып қарсы шыққанын ұмытпаймыз. Оның үстіне, біз бостандық көп ұлтты республикамыздың азаматтары жасап жатқан қазіргі тарихтың мазмұнына сай келгенде ғана нақты шындыққа айналатынын айқын сезінеміз.

...Биыл еліміздің жаңа Конституциясы іске қосылып, жұмыс істей бастады. Ол қазақстандықтардың басым көпшілігінің қолдауымен қабылданған болатын.

Халықтың ерік-жігер білдіруінің ең қуатты күшімен мемлекет өкімет билігінің тарихи тұрғыдан қажетті жүйесі бекітілді.

...Егер біздің шынында да іс жүзінде мемлекеттілігімізді нығайтуға, экономикадағы, қоғамдық-саяси өмірдегі тұрақтылыққа қол жеткізуге тезірек ұмтылғымыз келсе, онда республикамыздың болашағы үшін, оның тұрақты дамуы үшін қоғамымыздағы барлық әлеуметтік топтардың күш-жігерін бір арнаға бағыттаудың ерекше зор маңызы бар екенін білуіміз тиіс», — деді Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

Салтанатты шара аясында Президент Қазақстанның бір топ қоғам қайраткерлеріне мемлекеттік наградалар табыс етті, атап айтқанда, «Құрмет» орденін — Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі қазақ қоғамы Орталық кеңесінің төрағасы Ш.-А. Уәлихановқа, ақын Ж. Дәрібаеваға, сәулетші Ж. Мәлібековке, Алматы қаласының бас суретшісі Ш. Ниязбековке, сондай-ақ «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атағын беру куәлігі мен төсбелгілерді ақындар Т. Молдағалиев пен Қ. Мырзалиевке табыс етті.

«Құрмет» ордені 1993 жылы бекітілген. «Құрмет» орденімен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі, мемлекеттік қызметтегі үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

«Казахстанская правда» газетінде Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнін мерекелеуге орай «Тұрақты даму арқылы тәуелсіздікті нығайту» атты мақаласы жарияланды.

«Бүгін егеменді Қазақстан, оның барлық көпұлтты халқы қазір толық негізде үміт уақыты деп айтуға болатындай уақытты бастан кешіп отыр. Әрине, жақсылыққа деген үміт — жеке бастың, отбасылық өмірдің оң өзгерістері және қоғамдық өмірдегі ілгері басушылық.

...Дегенмен, біз уақыттың сын-қатерлеріне лайықты жауап беріп, өмірімізді түбегейлі қайта құра аламыз ба, тұрақты прогресс деңгейіне жете аламыз ба? Әп-сәттегі және ауыспалы құндылықтардың ізіне түсіп, өз мүмкіндігімізді жіберіп алмаймыз ба? Барлық қазақстандықтар немерелері олардың соңынан кезінде философ Альберт Камюдің «Олар

соншалықты көп жасай алушы еді, бірақ батылдары азға ғана жетті» деген сөзін айтқанын қаламаса, осы маңызды мәселелерді ойланғанын қалаймын», — делінген мақалада.

18 желтоқсан

Мемлекет басшысы Конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» №2688, «Республикалық ұлан туралы ережені бекіту туралы, Республикалық ұланның ұйымдық құрылымын анықтау және санын белгілеу туралы» №2689 жарлықтарына қол қойды.

19 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етіп, онда осы орган туралы Ереже мен оның жұмыс жоспары, мемлекеттік шекараны қорғау тұжырымдамасы, шекара әскерлерін дамыту мәселелері, елдің сыртқы шекарасының орналасу бағдарламасы қаралды.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2691, «Қазақстан Республикасы халқы тұрмысының әлеуметтік жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар туралы» №2692 жарлықтарына қол қойды.

20 желтоқсан

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті С. Демирельге Еуропарламенттің Бас ассамблеясының Түркия мен Еуропалық Одақ арасындағы кедендік одақ туралы келісімді ратификациялауына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы ұжымының құрылғанына 60 жыл толуына орай құттықтауын жолдады.

Мемлекет басшысы «Елдегі селоны және агроөнеркәсіп кешенін 1996–1997 жылдары мемлекеттік қолдану жөніндегі қосымша шара-

лар туралы» №2693, Конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» №2694, «Қызыл-Орда облысындағы Ленинск қаласының атын өзгерту туралы» №2695, «Жамбыл облысындағы Свердлов ауданының атын өзгерту туралы» №2696, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» №2697, «Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі туралы ережені бекіту туралы» №2698 жарлықтарына қол қойды.

21 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери алқа отырысына және Қарулы Күштері басшылық құрамының жиынына қатысушыларды қабылдап, онда ел армиясы мен флотының 1995 жылғы қызметінің қорытындысы мен 1996 жылға міндеттері қаралды.

Елдің Қарулы Күштері басшыларының алдында сөз сөйлей отырып, Президент: «Мен сіздермен бүгінгі кездесуімді республиканың Қарулы Күштері құрылысының барысы туралы әңгімелесу мүмкіндігі ретінде қарастырып отырмын. Осы аудиторияда бұл саладағы біздің басымдықтарымызға жекелей тоқталу артық болар. Алайда біз қазір стратегиялық ойлаудың қалыптасуы, ұлттық мүдделерді сезіну кезеңінде тұрғанымызды атап өту керек. Олар әрбір елде бар және Қазақстан ешқандай да артықшылық құрамайды. Біз өз қауіпсіздігімізді қамтамасыз етуді ойламауымыз мүмкін емес, онсыз мемлекеттің өмір сүруінің өзі кездейсоқтыққа байланысты болып, қандай да бір сыртқы және ішкі бүлдіргіш күштер тарапынан ұшырауы мүмкін», — деп атап айтты (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Израиль Мемлекетінде Қазақстан Республикасының елшілігін ашу туралы» №2699, Заң күші бар «1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы» №2700, Заң күші бар «Жол қоры туралы» №2701, «Жаңа тұрғын үй саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі №1344 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» №2702, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне және Қазақстан Республикасы

Президентінің Заң күші бар жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2703, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары туралы» №2706, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» №2707, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының ішкі әскерлері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2708, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» 1995 жылғы №2709, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» №2710, Заң күші бар «Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерту енгізу туралы» №2713, «Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын немесе оның келісуімен тағайындалатын, ол сайлауға ұсынатын мемлекеттік органдардың басшы лауазымды адамдардың лауазымдар тізбесі туралы» №2715 жарлықтарына қол қойды.

22 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстанның шығармашыл жастар өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында қазақстандық мәдениеттің ахуалы мен даму жолдары және егеменді Қазақстанның шығармашыл зиялы қауымының алдында тұрған міндеттер туралы қызу пікір алмасу болып өтті.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Жер туралы» №2717 Жарлығына қол қойды.

23 желтоқсан

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің қатардағы және басшы құрамының арнаулы атақтары туралы» №2719, Заң күші бар «Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар кейбір жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2720; Заң күші бар «Жекешелендіру туралы» №2721, Заң күші бар «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2722, Заң күші бар «Жылжымайтын мүлік ипотекасы тура-

лы» №2723, Заң күші бар «Электр энергетикасы туралы» №2724 жарлықтарына қол қойды.

25 желтоқсан

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша республикалық кеңеске қатысты.

Кеңесте агроөнеркәсіптік кешеннің 1995 жылғы жұмысының қорытындысы жасалып, мемлекеттің 1996 жылға арналған аграрлық саясатының негізгі бағыттары белгіленді.

Президент сөйлеген сөзінде: «Қазақстан қандай болмақ деген сауалдың жауабы, көп ретте, аграрлық сектордың жаңа экономикалық жағдайға қаншалықты тиімді бейімделе алуына, ауыл адамдарының өмірін қаншалықты тез арада өзгерте алуымызға және уақыттың өзі ұсынып отырған тарихи таңдауды біздің шаруашылықтардың қабылдауына байланысты болады», — деп атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақ КСР-і мен Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2725, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Пәкстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Қосарланған салықты жою және табысқа салынатын салықтарды төлеуден жалтаруды болдырмау туралы конвенцияны бекіту туралы» №2726, Заң күші бар «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» №2727, «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі туралы» жарлықтарына қол қойды.

26 желтоқсан

Мемлекет басшысы Израиль Мемлекетінде бірінші ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Тель-Авив қаласында Президент Э. Вейцманмен, Кнессет төрағасы Ш. Вайспен және Сыртқы істер министрі Э. Баракпен кездесті.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Мемлекеттік қызмет туралы» №2730, Заң күші бар «Бухгалтерлік есепке алу туралы» №2732, Конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» №2733 жарлықтарына қол қойды.

27 желтоқсан

Мемлекет басшысы Израиль Мемлекетіне ресми сапары барысында Премьер-министр Ш. Переспен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады, сондай-ақ өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты. Таяу Шығыстағы ахуалды тез арада реттеу мәселелеріне айрықша назар аударылды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Израиль Мемлекеті арасындағы өзара қарым-қатынастың негізі туралы декларацияға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестицияларды қолдау мен өзара қорғау, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау мен медицина салаларындағы ынтымақтастық туралы және т.б. үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Сол күні Мемлекет басшысы «Ликуд» саяси партиясының көшбасшысы Б. Нетаньяхумен және Израильдің іскерлік орта өкілдерімен кездесулер өткізді.

28 желтоқсан

Мемлекет басшысы Палестинаны азат ету ұйымы Атқарушы комитетінің төрағасы Я. Арафаттың шақыруы бойынша Палестина Мемлекетінде ресми сапармен болды.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты қатынастардың жай-күйі мен перспективалары талқыланып, сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссияны құру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Тараптар сондай-ақ Таяу Шығыстағы бітімгершілік үдерістің барысы туралы пікір алмасты, өңірде әділ және тегіс қамтитын бейбітшілікке бағытталған Араб елдері мен Израиль арасындағы диалогты жалғастыру туралы пікірлерін білдірді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша тілшілер алдында сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев «оның Газаға алғашқы сапары бірқатар аумақтарды осы елдің ұлттық әкімшілігінің басқаруына берумен байланысты Палестина халқының өміріндегі маңызды

оқиғалар қарсаңында өтіп жатқанын атап өтті. Ол көпжылғы қақтығыстың шешіміне оңтайлы жол тапқан Палестина мен Израиль басшылығының сындарлығы мен ерлігін жоғары бағалады».

29 желтоқсан

Мемлекет басшысы Ақтөбе облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Ақтөбе қаласының Спорт сарайында өткен жаңа жылдық бал-маскарадқа барды, содан соң «Asea Brown Boveri» трансұлттық компаниясының қатысуымен салынған қуаттылығы 100 мегаватт газ-турбиналық стансасының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы А.А. Ақаевқа жалпыхалықтық сайлау қорытындысы бойынша Қырғыз Республикасының Президенті болып сайлануына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «М.Ә. Әлиевке жоғары ерекшелік белгісі — «Халық қаһарманы» атағын беру туралы» №2734, «А.И. Атмачидиге жоғары ерекшелік белгісі — «Халық қаһарманы» атағын беру туралы» №2735, «Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы және оның айырым белгілерінің ресми пайдаланылу тәртібі туралы» №2736, Конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі туралы» №2737 жарлықтарына қол қойды.

30 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Халық қаһарманы» атағының берілуіне орай А.Н. Сызганов атындағы Хирургия ғылыми орталығының директоры, академик М.Ә. Әлиевті және «Семей» қаржы-өнеркәсіптік тобының президенті А. Атмачидиді қабылдап, оларға алтын жұлдыздар мен «Отан» ордендерін табыс етті.

1

2

«Халық қаһарманы» атағы Қазақстан Республикасының жоғарғы дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады. 1993 жылы бекітілген. Атақ Қазақстан Республикасына сіңірген аса көрнекті қызметі үшін, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық және жауынгерлік ерліктері үшін беріледі. «Халық қаһарманы» атағына ие болған тұлғаларға Алтын жұлдыз (1-сурет) және «Отан» ордені (2-сурет) тапсырылады.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін» (жалпы бөлім) күшіне енгізу туралы» 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2738 Жарлығына қол қойды.

31 желтоқсан

Мемлекет басшысы қазақстандықтарды келе жатқан Жаңа 1996 жылмен құттықтады.

«Біз ескі жылмен қоштасқалы тұрмыз. Енді бірнеше сағаттан кейін табалдырығымызды жаңа — 1996 жыл аттайды. Қалыптасқан дәстүр бойынша біз оны отбасында, жақын-жуықтарымыздың арасында қарсы аламыз. Ескі жылда есте қалған оқиғалар мен өзгерістерді ой елегінен өткіземіз.

Өткен жыл әрқайсымыз үшін несімен ерекшеленді? Дегенмен, 17 млн. тағдырды тоғыстырып отырған халқымыз үшін өтіп бара жатқан жыл несімен қымбат?

Тарих еншісінде қалар оқиғалар мен атаулы кезеңдерді екшей отырып, мен айтар едім: 1995 жыл кең байтақ еліміз үшін халықтың еркін білдірген ерекше жыл болды.

Шын мәнінде солай, сіздер республика үшін үлкен өзгерістер жылы болған 1995 жылы экономикалық реформалар бағытын, Достастық елдерімен интеграцияны және еліміздің дүниежүзілік қауымдастыққа кіруін мақұлдай келіп, өз Президенттеріңізді қолдадыңыздар. Сіздер қоғамымызда рухани, ұлтаралық татулық пен азаматтық келісімді, қалап алған жолымызды баянды етуге негізделген Жаңа Конституцияны қабылдадыңыздар. Ал жақында ғана сіздердің мақсат-мүдделеріңізді, еріктеріңізді заң жүзінде іске асыратын Парламентті сайладыңыздар.

Бүгінгі қиын жағдайларға қарамастан, аянбай еңбек етіп, жігерлілік танытып келе жатқан сіздерге мемлекет басшысы ретінде мен дән ризамын. Мұның бәрі қазақстандықтардың болашаққа, өзіміз таңдап алған жолымызға деген зор сенімінен туындап отырғаны сөзсіз», — деді Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

ҚОСЫМШАЛАР

Дүниежүзілік экономикалық форумның арнайы пленарлық отырысында сөйлеген сөзі

Швейцария Конфедерациясы, Давос қаласы, 1994 жылдың 1 ақпаны

Уважаемые дамы и господа!

Я с большим удовлетворением принимаю участие в данном форуме и хочу выразить слова благодарности его организаторам.

С распадом бывшего Советского Союза, социалистического лагеря на карте мира появились новые независимые государства. Последствия этого отражаются не только на судьбах стран, входивших в коммунистическую систему, но и на ходе всего мирового развития.

В мире нарушился прежний баланс, меняются государственные ориентации, пересматриваются приоритеты, появляются новые экономические интересы. В совокупности всё это оказывает несомненное влияние на мировое развитие.

Не являются исключением и страны центральноазиатского региона, состав которых пополнился сразу пятью независимыми государствами. В прошлом году их президенты встретились в Ташкенте. Под Центральной Азией мы подразумеваем регион Средней Азии и Казахстана.

Несмотря на процессы дезинтеграции, в которую мы оказались вовлеченными по воле истории, мне думается, что Центральная Азия в перспективе будет иметь, как и Западная Европа, сильную интеграцию.

Недавно Казахстан совместно с Узбекистаном и Кыргызстаном подписал Договор о создании единого экономического пространства. Убираем все барьеры на пути движения товаров и людей. Сегодня уже закладываются предпосылки для интеграции и в целом на Азиатском континенте.

Более 20 государств Азиатского континента, в том числе Китай, Россия, Индия, Иран поддержали нашу инициативу, высказанную на 47-ой сессии Генеральной Ассамблеи ООН, о создании постоянно действующего Совещания по взаимодействию и мерам доверия на Азиатском континенте. Его идею одобрила Организация Объединенных Наций, ее Генеральный секретарь. В этом году в нашей столице г. Алматы в рамках этого Совещания готовится первая встреча, на которой в числе других намечено обсудить и проблемы общеазиатского экономического взаимодействия. Я полагаю, что это дальний прицел, но заглядывать на него надо уже сегодня. Уверен, что благодарные потомки скажут нам за это только спасибо.

Если говорить о ближайших планах, то активное развитие получило сотрудничество наших стран с Организацией экономического сотрудничества, о чем подробно говорила Премьер-министр Пакистана г-жа Бхутто.

Принятая в июле прошлого года Стамбульская декларация с участием новых членов этого относительно молодого сообщества открыла широкие горизонты для развития межгосударственных взаимоотношений на новой экономической основе.

Эта организация привлекает Казахстан своей открытостью, экономическим характером действий, вполне соответствует нашим естественным стремлениям к тес-

ному сотрудничеству со всеми соседями в Азии, с которыми казахи имели общие культурные корни, общую историю и общие традиции.

Мы прилагаем усилия, чтобы это сотрудничество обрело конкретные практические контуры. В октябре прошлого года в Алматы было проведено совещание министров транспорта стран-участниц Организации экономического сотрудничества. По его итогам был принят основной план развития, прежде всего транспортного комплекса в регионе ОЭС.

В Центральной Азии, как известно, проживает 50 млн. человек. Природные ресурсы центральноазиатского региона обеспечивают полностью нас продовольствием, энергоносителями. То, что мы можем экспортировать, дает предпосылки для того, чтобы успешно развиваться по пути строительства демократического государства и рыночной экономики.

Главный вопрос сейчас для нас — вопрос транспорта, вопрос альтернативного выхода. Кроме традиционного через Россию, Украину мы ищем пути этого выхода в Европу. Нам это крайне необходимо. Поэтому в первую очередь мы пытаемся решить наши транспортные проблемы.

Это ключевой документ, подписанный ОЭС, позволяющий совместно реализовать поистине историческую возможность создания экономически развитого пространства. В качестве первоочередных подписаны двусторонние соглашения о принципах сотрудничества в условиях взаимоотношений и в целом по каждому виду транспорта. Указанные документы направлены на то, чтобы:

- связать столицы государств ОЭС и их крупные города воздушным сообщением, что уже наполовину осуществлено;

- разработать проекты развития сети международных автомобильных дорог. Мои переговоры с Китайской Народной Республикой, с пакистанской стороной привели к тому, что в июне этого года первый грузовой транспортный автомобильный караван двинется из Казахстана через Кыргызстан, часть Китая, Каракорумское шоссе на Исламабад и Карачи. Это выход для всего центральноазиатского региона к югу;

- разработать проекты развития национальных железных дорог, уделив главное внимание формированию трансазиатской магистрали, дающей всем странам выход в Юго-Восточную Азию и на Ближний Восток.

Хочу отметить, что мы соединили железную дорогу с Китайской Народной Республикой, правда, в однопутном варианте. Со стороны Китая активно строятся вторые электрифицированные пути, и вся Центральная Азия через короткое время будет иметь выход на Тихий океан путем, который короче традиционного — дальневосточного — на 3,5 тысячи километров. Эта дорога пройдет через Иран, Турцию и в европейскую часть. Это для всех нас очень важно для интеграции.

Весьма перспективно развитие коммуникационных сетей наших государств, совместное проектирование и строительство нефтегазопроводов, сотрудничество в области промышленности, сельского хозяйства. Все эти и другие направления уже были предметом обсуждения и сейчас находятся в стадии экспертизы. У нас проработано много вопросов для того, чтобы активно развить транспорт через Каспийское море на северный Иран. И вместе с Туркменистаном и другими государствами мы сейчас рассматриваем несколько проектов прокладки нефтегазопроводов на юг в сторону Индийского океана.

Экономическая интеграция в рамках ОЭС отнюдь не противоречит совместным усилиям новых независимых государств наладить аналогичные межгосударственные взаимоотношения в масштабах СНГ. Каждая из наших стран входит в то или иное сотрудничество, сообщество, и это не создает каких-либо серьезных препятствий для развития как национальных экономик, так и для международного сотрудничества.

Цивилизованное сотрудничество стран Центральной Азии с Россией, Украиной, другими государствами СНГ и Закавказья выгодно политически всем нам, потому что это служит интересам наших народов, сближает их, создает реальную надежную почву для установления добрососедских отношений.

В этой связи выражаю надежду, что интеграционные процессы в Азии будут нарастать при активном участии и помощи Европейского Союза, опираясь на богатейший европейский опыт и его лучшие традиции, с тем, чтобы в отдаленной перспективе было легче объединить две системы в единое евроазиатское экономическое пространство ради мира на Земле, ради общего процветания, во благо всех государств и народов.

Благодарю за внимание.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының сессиясында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1994 жылдың 2 ақпаны

Құрметті сессияға қатысушылар!

Қазақстанның болашағы, қоғамның тұрақтылығы, көптеген жағдайда ғалымдардың ауқымды әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси міндеттерді шешуге әзірлігі мен қабілетіне байланысты. Бүгінгі таңда республикада жүргізіліп жатқан қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы реформаларға ғылыми қолдау айрықша қажет.

Біздің тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасу процесі академиялық ғылымды ұйымдастыруда принципті жаңа тәсілдерді әзірлеуді талап етеді. Біз үшін нарықтық экономиканың ғылыми-техникалық базасын құру ең шетін буын болып табылады. Егер экономиканы реформалауда, нарық тұтқаларын игеруде кейбір ілгерілеулер болса, онда ол зиялы күштердің сіңірген еңбегі емес. Әзірше, біз реформаны ғылыми қолдауды сезінбей отырмыз.

Әрине, республикада шынайы дербес ғылыми базаны қалыптастырудың қиындықтарын түсіндіретін орынды дәлелдерді келтіруге болады. Оның әлеуетінің едәуір бөлігі бұрынғы жүйеге бағынды, бірақ сол жағдай тек келеңсіз зардаптарын ғана тигізді деп санау шындыққа жанаспайды. Интеграцияның нәтижесінде біз көптеген жағдайда өзімізді байыттық, өз әлеуетімізді нығайттық. Ал қазір Ресейдің, Орталық Азия республикаларының, ТМД және бүкіл әлем мемлекеттерінің ғылыми ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, академия іргетас қалауға, болашақта ғылыми орталыққа айналуға қабілетті.

Республиканың ғылыми өміріндегі дағдарыс жалпыға белгілі факті болып отыр. Біз ең басты нәрсені — өзіміздің білікті мамандарымызды жоғалтып отырмыз. Соңғы жылдар ішінде мыңдаған мамандардың, жүздеген ғылым кандидаттарының ғылымнан кеткені қатты алаңдатады. Республикамыз үшін тек тиімді қайтарым беріп қана қоймай, сонымен бірге әлемдік ғылыми нарыққа шыға алатын көптеген маңызды бағыттар құлдырап кетті. Жобалау конструкторлық бюроларды қоса алғанда, ғылыми мекемелердегі мамандардың саны 40%-дан астамға қысқарды. Әсіресе, талантты және болашағы бар жастардың кетіп жатқандығы алаңдатады.

Институттарда жүздеген тақырыптар талдап жасалып жатқанымен, академияның ғылыми бөлімшелерінің ғылыми зерттеулері үшін алған патенттер саны апатты жағдайға дейін төмендеп кетті. Алайда, олардың көпшілігі өздерінің проблематикасы жағынан баяғыда-ақ ескіргені өкінішті. Соңғы ғылыми көрмелерде академиялық жұмыстар небәрі үш дипломмен атап өтілді. Мұның өзі ғылыми ортадағы сылбырлықтың, нарықтық бағдарларды және маркетингтің дағдыларын білмегендіктің айқын дәлелі.

Нарықтық экономикаға көшу жағдайында ғылыми мекемелердің құрылымы мен оларды басқару жүйесінің дәрменсіз болғаны жөнінде бір мәнді қорытынды жасауға болады. Өндірісті интеллектуалдық жағынан қамтамасыз ету, өндіргіш күштерді

дамыту, ғылымды интеграциялау тәрізді түйінді мәселелері назардан мүлдем тыс қалған. Ғылымның республиканың әлеуметтік-экономикалық өміріндегі оқиғалар серпінінен айқын артта қалып отырғандығы нақты көрініп отыр.

Мәселен, іргелі зерттеулер айрықша маңызды. Бірақ, бізде көп ретте олар туралы тек сөз болады да, мұның ту сыртында ашықтан ашық қаракетсіздік, шығармашылық өресіздік және бүгінгі күннің ақиқат шындықтарын түсінбеушілік бүркемеленіп жатады. Ғылым академиясы соңғы кезде, қаншама оғаш көрінсе де, бірде-бір жаңа іргелі зерттеулерді ұсынған жоқ.

Осыған байланысты ол ғылыми саланы басқаруды қайта құру, оның жасанды түрде бөлінуін, академиялық, жоғары оқу орны және салалық ғылымға бөлшектенуін жою үшін шұғыл да соны шаралар қолдану қажеттігіне нық сенімдімін. Осы заманғы Қазақстан ғылымы өзінің дербес бет-бейнесіне ие болуға тиіс.

Ең алдымен республиканың даму ерекшеліктері — егемендік алуы, оның геосаяси жағдайы, көршілес мемлекеттермен дәстүрлі байланыстары мен аймақтық ерекшелігі, халқының көп ұлттық құрамы ескерілуі керек. Экономикада өндірістің технологиялық сатыларын аяқтауды қалыптастыру есебінен оның құрылымдық тұрғыдан қайта құрылуына, ғылымды көп қажетсінетін өндірістерді құрып, дамытуға ғылыми тәсілдерді табу керек. Жаңа қаржы жүйесінің, ұлттық валютаның қалыптастырылуына, мақсатты жобалардың жүзеге асырылуына байланысты проблемаларды ой елегінен өткізу талап етіледі. Аталған жобалардың қатарында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру бағдарламасы маңызды орын алады. Ғылыми мекемелерге, әскери-өнеркәсіп кешенінің жұмыс бағдарламаларды талдап жасауды істеуі сияқты ірі мемлекеттік проблемамен қазір жан-жақты айналысу керек. Оның конверсиялануы ойластырылмастан басталып, стихияның ықпалымен кетті, Қазақстан бұдан орасан зорын көріп отыр. Бұл бізде бірегей полигондар мен қорғаныс кәсіпорындарын тиімділікпен пайдалану жөніндегі және экономикалық бағдарламалардың болмауына байланысты туып отыр.

Академия қызметінің бұдан былайғы бағыттары бойынша, ғалымдардың назарын қоғамдық ақыл-ойды дамытудың қажеттігіне аударамын. Құндылық бағдарлардың ғылыми тұрғыдан пысықталған жүйесін құру, жаңа қоғамдық қатынастардың, ұлт саясатының тұжырымдамалық негіздерін жасау — бұл қоғамтанушылардың, құқықтанушылардың, гуманитар ғалымдардың тікелей міндеті.

Тәуелсіз мемлекеттің жағдайында «ұлт» және «ұлыс» ұғымдарының ғылыми тұрғыдан талдау жасалмағанын қалыпты деп есептеуге болмас. Мұны біздің көп ұлтты еліміздің болашағы мүддесі тұрғысынан істеуіміз қажет. Сірә, Қазақстанның жағдайында «ұлт» ұғымын талдап жасауға басымдық бергеніміз жөн, өйткені, бұл арқылы бүкіл Қазақстан халқы ескерілетінін басшылыққа алуымыз керек. Осының негізінде заң шығару базасын да құрған жөн. Егемен Қазақстан барлық қазақстандықтардың мемлекеті болып табылады және бірде-бір заң белгілі бір ұлттарға басымдық бермеуге тиіс. Бұл әрбір азаматтың мақтаныш сезімін арттырып, мемлекеттің дүниежүзіндегі беделін нығайтады, адамдардың алаңдаушылығын азайтып, өздерінің болашағына деген сенімін күшейте түседі.

Біздің мемлекетіміз өміріндегі кез келген басқа бір сала секілді мәдениеттің, білім берудің одан әрі дамуы ғылымның соншалықты жан-жақты қолдауын қажет етеді. Қоғамдық прогресс, халқымыздың болашағы жөнінде қамқорлық жасай отырып, өзіміздің, Қазақстанның осы заманғы тарихын жасау қажет.

Жаңарған Ұлттық академияның шеңберінде жетекші ғылыми бағыттарды — инженерлік-техникалық, педогогикалық, медициналық бағыттарды шоғырландырған жөн. Ұлттық ғылыми орталықтарды құру жөніндегі әңгімелерден нақты іске көшетін кез жетті. Олар Академияның қызметін толықтыруға және қорғаныс кешенін қоса алғанда, экономиканы барлық салалар бойынша сапалы ғылыми-техникалық бағдарламаларды талдап жасауды қамтамасыз етуге қабілетті. Жұртшылық ғалымдардан атом энергетикасында, радиациялық экологияда, минералды шикізаттарды кешенді пайдалануда, сирек кездесетін тазалығы жоғары металдар мен жерде сирек кездесетін элементтерді өндіруде, биотехнологияда, радиоэлектроника және байланыс саласында, жаңа ғарыш технологияларында, есептеу техникаларында, экологиялық мониторингте және басқа да салаларда зор қайтарым күтеді.

Жоғары оқу орны, академиялық, салалық ғылымды интеграциялауды және осыған байланысты кадрлар даярлау мәселесі — аса маңызды проблемалардың бірі деп санаймын. Атап айтқанда ұлттық университеттерді ірілендіру және аймақтық университеттер жүйесін құру туралы көптеген ұсыныстар түсіп жатыр.

Біліктілігі жоғары ғылыми-педагог кадрларын даярлаудың ұлттық тұжырымдамасын жасау қажеттігі де пісіп жетілді. Біздің кадрлар даярлау жүйемізді дүниежүзілік білім беру жүйесіне интеграциялау үшін барлық жағдайларды жасау біздің дипломдарымыздың толық құндылығы халықаралық тұрғыдан мойындалуын қамтамасыз ету керек.

Мемлекеттің ғылым саласындағы саясаты аса айқын. Қазақстанда ғылым бұдан былай да қолдау табатын және оның дамуы, елдің интеллектілік әлеуетін нығайту барынша көтермеленетін болады. Оның құрылымын және басқару жүйесін жетілдіру қажеттігі ең алдымен осы тұрғыдан түсіндіріледі.

Қазіргі күрделі жағдайларда мемлекет өзгерістерге, көкейкесті зерттеулерді дамытуға қажетті қаржылай қолдау көрсете беретін болады. Алайда, ғылымға қолдауды күшейте отырып, қоғам одан жаңалық, өнертабыс, іргелі тұжырымдамалар, сондай-ақ жоғары технологиялар, жаңа материалдар түрінде мейлінше мол қайтарым күтуге хақылы.

Ғалымдардың әлеуметтік жағынан қорғалуы да біздің назарымызда. Қазір үкіметте академия мүшелерінің құрметті атақтары үшін ақы төлеуді ұлғайту, сондай-ақ ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін ғылым докторлары мен кандидаттарының жалақысына үстеме қосу туралы мәселе қаралып жатыр. Әлбетте, ол үшін бұл атақтар мен дәрежелер олардың ғылымға қосқан үлесіне толық дәрежеде сәйкес келуі керек.

Осынау жауапты кезеңде ғалымдар ғылыми интеллигенцияға жүктеліп отырған жоғары міндетті лайықты орындайды деп берік сенім білдіремін.

Колумбия университетінде «Бейбітшілік, даму, демократия» тақырыбында сөйлеген сөзі

Америка Құрама Штаттары, Нью-Йорк қаласы, 1994 жылдың 16 ақпаны

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Саяси сөздік қорымызда әр тарихи кезеңнің өзіне сай ақиқаты болған, олар бүгінгі күні жиі-жиі қолданылғандықтан, жаттанды сөздердей естіледі. Екіұдай дүниенің ыдырауы, «қырғи қабақ» соғыс дәуірінің аяқталуы әрі адамзаттың идеологиялық өштесуден арылуы баршаға қолайлы әлемдік тәртіп орнатуға қолымызды жеткізе қойған жоқ дейтін тұжырымды да мен осылардың қатарына жатқызамын. Белгілі бір дәрежеде шындығында да солай болып тұр. Расында да, бүгінгі күні адамзат баласының алдында тұрған саяси, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық және экологиялық проблемалардың тізімі тым үлкен. Алайда менің кәміл сеніміме саятын болсақ, осы алған бетіміздің кері бұрылу дегеніміз ауыр қателік болар еді. Өйткен күнде біз тоталитаризмге қайтып оралар едік. Бұлайша кешегіге кері кету біздің неғұрлым тұрлаулы әрі болжамдауға болатын әлемдік тәртіп орнату жолында жұмсаған бірлескен күш-жігерімізде қолымыз жеткен ілгерілік атаулыны жоққа шығарар еді. Сөйтіп, жаппай жауығу аяқталғаннан кейінгі жерде қолымызға айрықша мүмкіндік тиіп отыр, ал оны пайдаланып қалмау дүниені қайтадан зорлық-зомбылық түнегіне қамау деген сөз.

Қазақтар өзінің табиғаты, өмірлік пайымы жағынан үмітшіл, тәубешіл прагматиктер, олар сондықтан да әлемде парасаттың, адам баласына тән өзін-өзі сақтап қалуға деген ұмтылыстың үстем түсеріне сенуге бейіл.

Ендігі жерде мәселе қалайда қазіргі процестің өміршеңдігін сақтап қалуға, бұрынғы коммунистік елдердің демократиялық мемлекеттер қауымдастығына кірігуін қамтамасыз ету ісіне жәрдемдесуге тіреліп отыр. Бұл міндеттің күрделілігі сонымен қатар бұрынғы КСРО кеңістігінде пайда болған республикалардың басым көпшілігінің кеңестен кейінгі кезеңде елеулі экономикалық қиыншылықтарды, этностар аралық шиеленісті бастан кешіріп отырғанына, олардың демократиялық институттар тәжірибесіне қанық еместігіне саяды.

Осы заманғы әлемдік тәртіпті таразылай келгенде, қоғамның үш деңгейі: жеке адам, мемлекет және ғаламдық қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастардың сатылы екенін ескермеу қиын. Осы деңгейлердің кез-келгенінің біріндегі тұралаудың, олардың өзара байланысындағы ала-құлалықтың астарында қақтығысқа ұрындыратын қопарғыш күш жатыр.

Айталық, адамның жеке басының деңгейінде оның өз бойындағы барын, өзінің шығармашылық қуатын жүзеге асыру мүмкіндігінің жоқтығы нені білдіреді. Егер азаматтардың саяси, әлеуметтік, мәдени және басқа сұраныстары мемлекеттік институттардың, тұтас алғанда қоғамның тарапынан қолдау таппайтын болса, соның салдарынан көңіл толмаушылықтың өсуі, экстремизмнің, жалған, тұйыққа тірейтін идеялармен әуестенушіліктің орын алары анық. Мемлекеттік мүддені бірден-бір құндылықтың дәрежесіне көтерудің, бұрынғы Кеңес Одағының келеңсіз тәжірибесі көрсеткендей, қоғамдық және экономикалық дамудың тоқырауына ғана әкеліп тіркейтіні айғақталған жоқ па?

Осы сатылыққа мемлекетаралық қатынастар да кіреді. Бәлкім, мен баршаларыңызға мәлім ақиқатты айтып кеткен шығармын, алайда заманымыздың қайшылығының өзі де, сайып келгенде, өткеннің қателіктерінің қайта-қайта қайталануында, халықаралық өмірдің, бір қарағанда, даусыз әрі жалпы жұрт таныған нормаларының сақталмауында болып отыр ғой. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына көз салсаңыз, оның бірінші тарауынан ұлттар арасындағы достық қатынастар халықтардың тең құқығы принциптерін құрметтеу негізінде дамуға тиіс деген пікір түйесіз. Мұнсыз экономикалық, демографиялық, аумақтық немесе әскери әлеуеттері жағынан тең емес мемлекеттердің өзара қарым-қатынастары деңгейінде ұлттық егемендікті қамтамасыз ету мүмкін емес. Мемлекеттерді тең құқықты әріптестерге айналдырудың аумағының үлкен-кішілігіне, халқының, санына немесе табиғат байлығына қарамастан, кез-келген елдің егемендігін құрметтеуден басқа амалы жоқ. Іс жүзінде осы принципті нақ сол әлемдік қауымдастыққа енді-енді ене бастаған мемлекеттердің қорғауына тура келетін кездері сирек емес.

Мұның Қазақстанға да қатысы бар. Өзінің сыртқы саяси қызметінде кез-келген басқа да жас мемлекет сияқты ол да өз егемендігінің, тәуелсіздігінің және аумақтық тұтастығының қорғалуын қамтамасыз етуге, нарықтық экономиканы қалыптастыру, демократиялық институттарды нығайту, ұлтаралық үйлесімді қатынастарды орнықтыру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар туғызуға ұмтылып отыр. Осы мақсатта біз Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының тұжырымдамасын әзірледік. Мен осы тұжырымдамада бейнеленген кейбір өзекті тақырыптарға тоқталмақпын, оған сіздердің де ден қоюларыңыз мүмкін.

Кеңес Одағы ыдырап, 15 егемен мемлекет құрылғаннан бері де 2 жылдан аса уақыт өтті. Күллі әлемнің назары бұрын-соңды болып көрмеген оқиғаға ауған еді: бір кездегі астам державадан мұра болып қалған бірсыпыра күрделі проблемаларды, сайып келгенде, әлі де аяғын тік басып кете қоймаған елдердің шешуіне тура келді, әрі халықаралық тұрақтылыққа залал келместей етіп шешуге тиіс болды. Бұл проблемалардың ең түйіндісі осы елдердің бірнешеуінде орналастырылған шамамен 30 мың дана ядролық қарудың тағдыры болғаны күмәнсіз. Әлгінде айтқанымдай, бұл алабөтен оқиға болды, оның даму бағытын бірде-бір мемлекеттік ведомствода немесе Батыстың саясаттану орталығында болжап білу мүмкін емес еді. Сан алуан күрделі сауалдар бірінен кейін бірі туындап жатты: егер ядролық қаруға орталықтандырылған бақылау жойылса немесе жауапсыз әскерилер әлде принципсіз саясаткерлер іштей ядролық бопсалау құралын қолына түсіруді көксеген мемлекеттердің біріне бірнеше ядролық оқтамауларды сатып жіберсе, не болмақ? «Пиғылы бөтен елдерге» технологиялар ауысса немесе өз отанында керексіз болып қалған атомшы мамандар көшіп барса, не болмақ? Мемлекеттік немесе әскери органдардың атом объектілерін күзетуге салақсуының салдарынан ядролық қару террористердің қолына түссе, не болмақ?

Мұндай қауіпті ойлау негізсіз де емес еді. Осы аталған қарекеттің қайсысының болсын орын алуы күллі халықаралық қауымдастықтың мүддесіне қатысты болары анық еді. Оған қоса, 1990-шы жылдардың бедерінде халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіндегі басым міндет ретінде ядролық қарудың таралуына жол бермеу проблемасын тану төңірегінде мәмілелесу біліне бастады.

Шыншылдықпен ойлайтын болсақ, бұрынғы КСРО-ның бірқатар республикаларының аумағында ядролық қарудың болу факторының өзі жаңа мемлекеттердегі қарусыздану, демократияландыру және экономикалық өзгерістер процесстерін белсенді қолдауға деген бағытты Құрама Штаттар мен басқа да батыс мемлекеттерінің таңдап алуына басты себепші болғанын мойындауымыз керек. АҚШ-тың Беларусьте, Қазақстанда, Ресей мен Украинада ядролық қаруды қауіпсіз бөлшектеуге жәрдемдесуге және жаппай-қырып жоятын қаруды таратуға жол бермеу жүйесін құруға 1 млрд. доллардан астам қаржы бөлу жөніндегі шешімінен кейін осы заманғы ахуалдың өзгеруіне байланысты стратегиялық шабуыл қару-жарағын қысқарту және шектеу туралы шартты іске асыру тәртібі жөнінде екі жақты, сондай-ақ көп жақты қызу келіссөздердің тұтас бір дүрмегі өткізілді.

Беларусьтің, Қазақстанның, Ресей мен Украинаның басшылары 1991 жылғы желтоқсанда қабылданған Алматы декларациясында ядролық жарақтың қызметіне бірлесіп бақылау жасау, ядролық стратегиялық күштердің құрамаларында ядролық қауіпсіздіктің қажетті деңгейін ұстауда қандай да бір ақауға жол бермеу тетігін айқындады, сондай-ақ КСРО-ның стратегиялық шабуыл қару-жарағын қысқарту саласындағы халықаралық міндеттемелеріне өздерінің ықыласты екенін қуаттады.

СШҚ-1, немесе осында аталып жүргеніндей, СТАРТ-1 шартын, сонымен бірге Лиссабон хаттамасын Қазақстан парламенті 1992 жылғы шілдеде, ал Ядролық қаруды таратпау туралы шартты 1993 жылғы желтоқсанда бекітті. Сөйтіп, Қазақстан өзінің маңызы жағынан тарихи қадам жасап, өз ықтиярымен өзінің аумағында орналасқан ядролық қару-жарақ, атаулыны, бұл аз да емес, көп те емес, мыңнан аса ядролық оқтығы бар тұп-тура 104 құрлықаралық баллистикалық ракетаны құртуды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемені мойнына алды.

Американдық әріптестерімізбен мейлінше ширақ та серпінді жүргізілген бірлескен келіссөздердің әріптестік қатынастар орнату үшін негіз болғанын атап айтуым керек. Өйткені ядролық қару, өз еркімен ядролық жарақтан бас тартып отырған мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жол ашу проблемалары талқыланды. Бұл проблемалардың ерекшелігінің өзі өзара сенім деңгейінің барынша биік болуын және екі жақтың да ой-ниетінің таза болуын көздейтін еді. Біз АҚШ пен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастарда осындай өзара түсіністік деңгейіне көтерілуге қол жеткіздік деп санаймын.

Оның мәні алдыңғы күні Вашингтонда Президент Б. Клинтон және мен қол қойған «Демократиялық әріптестік туралы хартияда» бейнеленген.

Егер тұтас Қазақстан-Америка қатынастары жайында сөз қозғайтын болсақ, онда біздің Қазақстан аумағындағы ядролық жарақтың тағдыры туралы мәселені талқылаудан бастап, әр қадам сайын ұзақ мерзімді достық, өзара сенім мен құрмет қатынастарына негізделген кең ауқымды, өзара әрі жемісті ынтымақтастыққа қарай ілгерілей бердік деу керек. Қазірдің өзінде саясат, экономика, мәдениет, білім беру, экология, ғылым мен технология, денсаулық сақтау және басқа салалардағы байланысты күшейту жөніндегі уағдаластыққа қол жетті. Қазақстанның қауіпсіздігін, тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығы мен демократиялық дамуын қамтамасыз ету мәселелерінің де маңызы мейлінше зор. Бұл салалардағы ынтымақтастық екі жақты негізде де, сондай-ақ жұмыс істеп жатқан халықаралық және аймақтық қауіпсіздік құрылымдарының: БҰҰ-ның, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің, Солтүстік Атлантикалық ынтымақтастық кеңесінің шеңберінде де жүзеге

асырылатын болады. Біз «он алтының» НАТО-ны кеңейту жөніндегі бастамасына да Еуропадағы және оған іргелес аудандардағы қауіпсіздік жүйесін нығайтуға қызмет ететін уақтылы әрі келешегі біршама кемел шара ретінде қараймыз. Біз үшін НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасының шеңберінде ашылатын аймақтық қауіпсіздік пен оған қатысушы елдердің қорғаныс әлеуетін нығайту мүмкіндігінің де айрықша маңызы бар.

Қазақстан ендігі жерде ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде оны таратпау режимін нығайтудағы өз рөлін күшейтуге, ядролық қаруды таратпау жөніндегі шарт бойынша халықаралық кеңес әзірлеуге белсене қатысуға әзір. Біздің ғаламдағы ортақ қауіпсіздікті нығайтуға мүдделі екеніміз күмәнсіз. Сөз жоқ, Азия аймағының болашағына біздің айрықша көзқарасымыздың бар екені де түсінікті. Сөз орайы келгенде айту керек, Орталық Азияның басқа мемлекеттері сияқты, Қазақстанның ерекшелігінің өзі де оның бір мезгілде еуропалық әрі азиялық аймақтық халықаралық ұйымдар мен қаржы құрылымдарына мүше болуында жатыр. Азия құрлығындағы қауіпсіздік — орасан зор маңызы бар проблема, көптеген қарулы қақтығыстар дәл осында етек алып отыр, қарулы күштер мен ядролық қарудың шоғырлануы жағынан бұл Еуропадан кейінгі ең үлкен аймақ. Сонымен қатар көптеген себептерге байланысты мұнда көптеген мемлекеттердің басы бірікпей отыр. Дәл сол себептен де БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясының мінберінен сөйлеген кезде мен ұжымдық қауіпсіздіктің біртұтас азиялық құрылымын құрудың кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын жоспарын ұсынған едім. Алғашқы қадам ретінде мен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыруды ұсындым, мұның өзі көптеген елдерде сындарлы пікір туғызды. Қазірдің өзінде Алматыда Азия мемлекеттері сарапшыларының, халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысқан кездесулер өткізілді.

Қазақстанның сыртқы саясатының басым мақсаты — мемлекетіміздің шекарасының өн бойында өзіндік бір сенім мен тату көршілік белдеуін құру. Біздің саяси сөз саптауымызда «таяу шетел» аталып жүрген кеңістіктегі ахуалды да оңай деуге келмейді, сондықтан оның халықаралық істерге ден қойып отырған барша жұрттың айрықша ынтасын туғызатыны да түсінікті.

Мен тарихи қалыптасқан достық, ынтымақтастық және өзара түсіністік қарым-қатынастарды, біздің халықтарымызды жүздеген жылдарға созылатын ортақ тарих біріктіретін ізгілік атаулыны сақтап қалуды жақтап келдім және жақтай беремін. Қазақстан ТМД-ға мүше елдердің экономикалық интеграциясы идеясын дәйекті түрде жақтап келеді, бұл ретте егемендік мүдделеріне қысым жасамай, ішкі істерге қол сұқпау принциптерін және әр халықтың өзінің қоғамдық құрылысының тәртібін өздігінен айқындауына деген құқығын толық құрметтей отырып, ынтымақтастығымыздың негізін сақтап қалуымыз керек. Достастыққа қатысу демократияны дамытуға қажетті саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды қамтамасыз етуге, ұлтшылдық, шовинизм және жатсынушылық туғызып отырған, ТМД-ның біресе ана, біресе мына нүктесінде тұтанып жататын қақтығыстарға қарсы шаралар әзірлеп, жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сөз жоқ, интеграциялық процестер біздің қарым-қатынастарымызды жоққа шығармайды, қайта жаңа тарихи және саяси болмыс шындығын ескере отырып, оларды жаңғыртуды, дамудың, өзара байланыстар мен ынтымақтастықтың оларға сайма-сай келетін жолдарын іздестіруді көздейді.

Бұрынғы кеңестік республикалардың әрқайсысы осы кезеңнің сипаты мен ұлттық ерекшелік жайындағы өз пайымына сүйеніп, саяси және экономикалық укладтың белгілі бір нұсқасына орайластыра отырып, өз таңдауын жасады. Мұндай таңдау сөзсіз құрметтелуге тиіс және оның дұрыстығына күмән келтіруге ешкімнің де хақысы жоқ. Егемен мемлекеттердің ісіне қарулы араласу туралы тіпті сөз қозғауға болмайды. Қандай да бір ел өзінің өмірлік мүдделері келесі бір мемлекеттің аумағында жатқанын, баз біреулердің оның ықпал жүргізетін аймағынан шығып бара жатқанын айтып байбалам салатын уақыт өтті деп үміттенемін.

Империялық пайымның мұндай жаңы сірі сарқыншағының мүлде келешегі жоқ. Тарихты кері бұру мүмкін емес. Ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ортақ қорғаныс кеңістігін ұстауға, кезең-кезеңімен экономикалық одақ құру мен бітімгершілік әлеуетті нығайтуға бағытталған күш-жігердің өткенді қалпына келтіру пиғылына ешқандай қатысы жоқ. Осы бағыттардағы іс-қимылды қолдай отырып, жаңа тәуелсіз мемлекеттер адамдардың қалыпты тіршілігін қамтамасыз ету мүддесі, олардың әлеуметтік қорғалуына кепілдіктер беру, шарасыздан қоныс аударуға жол бермеу, экономикалық тұрақтандыру мен дамудың ауқымды бағдарламаларын жүзеге асыруға жағдай туғызу үшін Достастық керек екеніне сүйенеді.

ТМД — мемлекет емес, жоғары тұрған ұлттық құрылым емес, тегі, Еуропалық Одақпен салыстыруға келетін, қалыптасқан жағдайдағы аймақтық өзара іс-қимылдың қалыпты тетігі ғана. Екеуінің арасындағы айырмашылық сол: Батыс Еуропада интеграция идеясына кемелді мемлекеттер келген болса, ТМД — әрқайсысы империялық мемлекеттің бөлігі болып келген елдер таңдап алған соның баламасы. Әрі бұл балама саналы түрде таңдап алынды, өйткені бір мемлекетте тұрып келген, күнбе-күнгі қам-қарекеті мен мұң-мүддесі бірдей жандардың адамшылық қарым-қатынасының ортақ дәнекерлерін бір сәтте қиып тастау мүмкін емес. Тәжікстан төңірегіндегі ахуалды мысалға алайықшы. Осы елге көршілес Ауғанстаннан экстремизмнің нақты ену қатерін туғызған қантөгісті қақтығыс бізді тәжік-ауған шекарасын қорғап тұру үшін ұжымдық бітімгершілік күштер жасақтауға жұмылдырды. Сонымен қатар Тәжікстанда іс-әрекет жасап жүрген саяси бағдары әртүрлі күштердің келіссөздердің «дөңгелек үстелінің» айналасына отырып, бауырын бауыры өлтіретін қарулы қақтығыстарды тоқтату жөніндегі келісімге жетуі үшін белсенді шаралар қолданылып жатыр. Біз ТМД-ның Таулы Қарабахтағы жанжалды реттеу жолындағы толассыз жүргізіліп жатқан іс-қимылы ерте ме, кеш пе табысты тиянақталатынына сенеміз. Ең бастысы — кез-келген жанжалдың халықаралық деңгейде араласуды, соның ішінде қарсыласқан тараптарды келіссөз жүргізуге күш қолдану арқылы мәжбүр етуді талап еткен югославиялық қанды сценарий бойынша өршуіне жол бермеу.

Сөзімнің арқауы болған — «бейбітшілік, даму, демократия» дейтін үш әліпке орала келіп, менің бірде-бір саяси немесе экономикалық бастаманы халықтың кеңінен қолдауына ие болмайынша, іске мүмкін еместігін атап көрсеткім келер еді. Ал мұның өзі прогресс пен демократиялық жаңғыруларға қол жеткізген қоғамда ғана іске асырылуы мүмкін.

Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игерудің 40 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі

Ақмола қаласы, 1994 жылдың 25 ақпаны

Қымбатты отандастар!

Құрметті тың игерушілер мен тың ардагерлері!

Әр елдің жылнамасында дәуірлік сипаттағы оқиғалары бар. Олардың мәнін, ауқымдылығы мен қоғамдық-саяси дамудың бүкіл барысына әсерін тек қазіргі заманмен тығыз бірлестікте алынған тарихи талдау айқындамасы тұрғысынан ғана объективті түрде бағалауға болады. Басқа да тәуелсіз мемлекеттер тәрізді, бұрын орасан зор біртұтас елдің құрамына кірген Қазақстан үшін мұндай оқиға тыңды игеру болғаны сөзсіз. Қалыптасқан түсінік бойынша 40 жылдық мерейтойлар қатарына жатпағанымен, бұл салтанатты өткізуге шешім қабылданды, өйткені тың дастаны республиканың келбетіне ғана емес, сонымен қатар қазақстандықтардың, бұрынғы Кеңес Одағының барлық халықтары өкілдерінің бірнеше ұрпағының тағдырына да әсері тұрғысынан алғанда шын мәнінде ерекше құбылыс.

Мұндай даталар айқын белгіленген идеологиялық міндеттер мен құлашты кеңге сілтеу арқылы өткізіліп келген бұрынғы жылдарға қарағандағы айырмашылығы, біз бүгін мүлдем басқа шындықпен өмір сүре отырып, істің мәнісіне принципті тұрғыдан жаңаша қарауға тиіспіз.

Прогресшіл және шын мәніндегі ерлік өнегелерінің бәрін ешқандай төмендетпестен, тыңның қазіргі мәселелеріне сындарлы тұрғыдан қарау қажет, олардың көпшілігі бізге мұра боп қалған және төтенше күрделі сипатқа ие болып отыр. Олар экономикалық қана емес, сонымен қатар саяси, әлеуметтік және, тіпті, психологиялық салаларда да жатыр. Тың ардагерлері, олардың қазіргі ұрпақтары мұны басқалардан жақсы түсінеді. Ұлы еңбек, бүкілхалықтық ерлік арқылы қол жеткен табыстардан айырылып қалмауға біздің бәріміз де мүдделіміз.

Қазіргі ғарыштық өлшемдермен алғанда да аса зор бұл жоба басталған кезде, осының бәрі соның атымен және соның игілігіне істеліп жатқан КСРО тәрізді аса зор держава өз мойнына түскен қиындықтарды көтере алмай, ыдырап кетеді деп ешкім болжай да алмаған болатын. Экономикалық тұрғыдан өте ауыр болатын тәуелділікке түсіп қалмай, өз халқын тойындыру, индустрияның дамуына қолдау көрсету үшін елге мол астық, азық-түлік қажет болды.

Аса зор күш жұмсау арқылы астық пен азық-түлік алуға қол жеткізілді. Мұның бәрі үшін басты қиындықты осы идея мен жарқын болашағына әулиедей сенген осы ел үшін жан аямай еңбек еткен адамдар көтерді, олар өмірден алған аз ғана игілікке шын жүректен қуана отырып, толып жатқан қиындықтарды жеңіп шықты. Қазір жас еліміз — Қазақстан Республикасы, оның халқы, тың — өздерінің тағдырына айналған оны көтерушілердің бәрі пайда болып отырған мәселелерді дербес шешуге, оған жаңа өмір беру үшін бәрін істеуге мәжбүр болып отыр. Алғашқы тың игерушілер деген ардақты атқа ие болған адамдар да оқиғалардың мұндай бетбұрысын болжай алмаған болатын және олар тарих алдында да, өз арұяты алдында кінәлі емес.

Егер тарихқа тіке қарасақ, мұның көрінісі біршама басқаша болып шығады. Тың дастаны Қазақстанда 1920-шы жылдардың аяғында-ақ басталған болатын. 1928 жылғы сәуір және мамыр айларында БКП (б) Орталық комитетінің Саяси бюросы елдегі азық-түлік мәселесін шешу үшін Қазақстан мен Украина аумағында ірі астық және мал өсіру шаруашылықтарын құру туралы шешімдер қабылдады. Жаңа совхоздар ұйымдастыруға қолдау көрсету жөніндегі комиссия құрылды.

Қазақстанның егіншілік халық комиссары Ғ.К.Тоқтабаев олардың құрылысы жөніндегі арнайы өкіл болды. Комиссия КСРО-дағы барлық жаңа астық шаруашылықтарының тең жартысы Қазақстанда құрылады деп белгіледі. Бұдан кейінгі 2 жыл ішінде 1,5 млн. гектарға жуық жер жыртылып, 19 жаңа совхоз құрылды. Осы бағдарлама бойынша тиісті қаржы ресурстары бөлініп, техниканы көптеп әкелу ұйымдастырылды. Еңбек ресурстары ретінде негізінен жергілікті тұрғындар, соның ішінде қазақтар тартылды. Тек 1929 жылы ғана 60 мыңға жуық қазақ астық шаруашылықтарында жұмыс істеуге кірісті. Қазақ жастары үшін жер-жерлерде трактористер курсы ұйымдастырылды. Жаңа жерлерді игерумен сол кезде жұмыс істеп тұрған колхоздар да айналысты.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің жаңа кезеңі 1940 жылы, КСРО халық комиссарлары кеңесі мен БКП (б) Орталық комитетінің «КСРО-ның шығыс аудандарындағы, Алтай және Красноярск өлкелеріндегі, Новосибирск, Омбы, Челябинск облыстарындағы, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Семей және Шығыс Қазақстан облыстарындағы совхоздар мен колхоздарда астық шаруашылығын одан әрі көтеру туралы» Қаулысы шыққаннан кейін басталды. Онда Қазақстандағы егіс алқабы тағы 1 млн. гектарға ұлғайтылуға тиіс екендігі белгіленіп, мұнда Ресей мен Украинаның орталық аудандарынан 25 мың адамды көшіріп әкелу көзделді. Ұлы Отан соғысының басына қарай жаңа жерлердің 760 мың гектарға жуығы игерілді. Бұл жұмыс соғыс кезінде де жалғастырылды. Елдің сол кезде жау басып алған Украинаның астықты алқабынан және Ресейдің кейбір облыстарынан уақытша айырылып қалғандығын еске алсақ, мұның маңыздылығы көзге көрініп-ақ тұр. Майданды азық-түлікпен қамтамасыз етіп, аса зор тыл аумағындағы адамдарды аштық өлімнен құтқарған соғыстың сұрқай жылдарындағы Қазақстан диқандарының еңбегі баға жеткізгісіз. Бұл диқандардың негізінен әйелдер, балалар мен қарттар болғандығын да есте ұстауымыз керек.

Соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда басқа да республикалар сияқты Қазақстанның алдында халық шаруашылығын, оның ішінде ауыл шаруашылығын қалпына келтіру міндеті тұрды. Оның үстіне, Қазақстан қолда барының бәрін барлығымен туысқандарша бөлісті. Ресейдің, Украинаның, Беларуссияның және басқа да республикалардың талқандалған аудандарына азық-түлік өнімдері, мал басын қалпына келтіру үшін мал, көптеген басқа да заттар жөнелтілді. Елге қайтып жатқан майдангерлермен өз совхоздарымыз бен колхоздарымыздың кадрлар құрамы нығайтылды, олардың мәшине парктері әр алуан техникамен толықтырылды, селоны электрлендіру жұмысы жүргізілді. Тек 1953 жылы ғана Қазақстан қалаларынан шаруашылықтарға, мәшине-трактор стансаларына 9 мыңнан астам мамандар жіберілді. Бұл орайда республика алдында азық-түлікпен тек өзін ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар бүкіл елге көмектесу міндеті тұрды.

Әрине, ол жылдарда ірі қателіктер болмай қойған жоқ, бұл әкімшіл науқаншылдықтың салдары болатын. Және де бұл қателіктер, өкінішке қарай,

бұдан кейінгі жылдарда да қайталанды. Мысалы, астық шаруашылығын көтерудің айқайшыл ұранын көтеріп, кезекті «жорық» жариялай отырып өмірлік маңызы бар басқа салалар мүлде ұмыт қалдырылды. Сөйтіп, күштеп мобилизация жасаудың, тар өрісті міндеттерге күш-жігерді шоғырландырудың жиілеп кетудің салдарынан Қазақстан мал шаруашылығынан орасан зор зардапқа ұшырады.

1928 жылдан 1954 жылға дейінгі кезеңде ірі қара мен жылқы саны тең жартысына жуық қысқарды. 1930-шы жылдардың орта тұсындағы 20 млн. қой мен ешкінің 2,5 млн. сәл ғана астамы қалды. Тек 1954 жылға таман олардың санын 18 млн.ға жеткізудің сәті түсті. Түйе шаруашылығы іс жүзінде толық жойылып кетті, ол, айтқандайын, күні бүгінге дейін тіпті аз мөлшерінде де қалпына келтірілмеген.

1960-шы жылдардың бас кезінде соғыс әлсіреткен ауыл шаруашылығы және, атап айтқанда, елдегі астықтың жағдайы елеулі алаңдаушылық туғыза бастады. Шұғыл шараларсыз қиындықтан шығу мүмкін болмады, оның үстіне одақ экономикасының бүкіл дамуына қатер төнді, өнеркәсіп және ауылшаруашылық өндірісінің даму қарқыны арасында орасан зор сәйкессіздік пайда болды. Міне, сол кезде КОКП Орталық комитетінің 1954 жылғы ақпан-наурыз пленумы тың және тыңайған жерлердің орасан зор алқабын қысқа мерзімде игеру міндетін бірінші орынға қойды.

Негізгі үміт Қазақстан даласына артылды.

Дүниежүзілік практикада теңдесі жоқ осынау эксперименттің ауқымы мен қарқыны туралы мына бір деректерге қарап та бағамдауға болады: 1954 жылдың өзінде-ақ Қазақстанда 8,5 млн. гектар, келесі жылы 9,4 млн. гектар жер жыртылды.

1956 жылы 20 млн. гектар жер жалпы айналымға енгізілді, мұның өзі жоспардан үш есе асып түсті. 1960-шы жылдардың басына қарай жыртылған егіс алқабы 32 млн. гектардан асты, оның ішінде астықты алқап — 22 млн. гектарға жетті. Осы жылдар ішінде республикада 600-ге жуық совхоздар пайда болды, ауылшаруашылық техникасы мен автокөліктің саны талай есе өсті. Осы мақсаттарға орталықтан да, сондай-ақ республика бюджетінен де орасан мол мөлшерде күрделі қаржы жұмсалды. Жалпы алғанда, меншіктің түрлі формасындағы 23 мың кәсіпорын — Қазақстанның қазіргі кездегі агроөнеркәсіп кешені осындай.

Алға қойылған міндетті шешудің сәті түскен тәрізді. Астық өндірісі республика бойынша жалпы алғанда 3,5 есе, ал солтүстік аймақта 4,5 есе өсті. Бұл ретте астық сатып алу көлемі іс жүзінде 5 есе артты. Қазақстан 1956 жылы тұңғыш рет елімізге 1 млрд. пұт астық берді, ал бұған дейін, тіпті жақсы жылдар дегеннің өзінде 100–110 млн. пұт астық беретін. Сонда оны өткізуден түскен табыс 1 млрд. сомға жуық болды. Бұл елдің астық балансындағы сан және сапа тұрғысындағы секіріс болатын.

Нақ сол жылдарда астықтың жалпы түсімінде бидайдың үлес салмағы күрт өсті: Қазақстан бидайдың күшті және қатты сорттарын өндіруде алдыңғы орынға ие болды, бүгін таңда да ТМД елдерінің арасында осы орынды ұстап келеді.

Тың еліміз үшін тек мол астық қана емес. Оның индустриялық дамуына да қуатты серпін берілді. Тек 1953 жылға таман одақтың өнеркәсіп орындарында трактор шығару 17 есеге жуық, ал астық комбайнын шығару — 140 есе өсті. Бұл арада басқа ауылшаруашылық техникасы мен жүк автокөлігін айтып та тұрғанымыз жоқ. Мыңдаған заводтар мен фабрикалар Қазақстанның астықты алқабы үшін тапсырыстар алды. Өз ресурстары мен табиғи байлықтарына негізделген Қазақстанның өзінің де өнеркәсіптік әлеуеті күрт ұлғайды. Тың секілді ол да бүкіл біртұтас мемлекетке

жұмыс істеуде. Тек ауылшаруашылық техникасын шығаруға 18 ірі өндірістік бірлестік мамандандырылды. Сервистік қызмет көрсету жөніндегі «Казагрореммаш-холдинг» компаниясы бүгінгі қатаң жағдайдың өзінде де ойдағыдай жұмыс істеуде, оған машиналар мен жабдықтарды жасап, жөндейтін 52 кәсіпорын кіреді. Жаңа индустриялық кәсіпорындар бой көтерді, өнеркәсіп орталықтары қалыптасты, темір жол магистралдары мен автомобиль жолдары төселді, жаңа қалалар мен селолар пайда болды, ескілер осы заманғы келбетке ие болды.

Селода мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру, сауда мен қызмет көрсету салалары дамыды.

Ауылшаруашылық ғылымы да қолданыс тауып, дами түсті, ол бұған дейін ондаған қауқарсыз ғылыми-зерттеу мекемелерінен тұратын. Бүгін таңда біздің Ауыл шаруашылығы ғылымы академиясы 32 ірі мамандандырылған институт пен 7 ғылыми-өндірістік бірлестікті біріктіреді. Олар іс жүзінде саланың барлық бағыттары бойынша зерттеу жүргізуде. Алғашқы тың игерушілердің бірі — академик А.И. Бараев атындағы ғылыми-зерттеу институтының талдамалары дүниежүзінің көптеген елдеріне мәлім болып, танылып отыр. Республикада агроөнеркәсіп кешенінің жоғары және орта буын мамандарын даярлау үшін жеткілікті дәрежеде берік материалдық-техникалық база құрылды.

Бұл көтерілген тыңның бізге берген нәрселерінің қысқаша тізбесі ғана. Бірақ осындай істердің сыртында қарапайым адамдардың орасан зор еңбегі, көптеген қайталанбас тұлғалардың — әртүрлі деңгейдегі ұйымдастырушылар мен басшылардың жарқын таланты жатыр.

Олардың көпшілігі қазір де біздің арамызда жұмыс істеп жүр, мен олардың көпшілігін біздің экономикамыз бен бүкіл Қазақстан қоғамын реформалау жөніндегі өз серіктерім мен қызметтестерім деп санаймын. Кем дегенде 250 мың тың игеруші мемлекеттік жоғары наградаларға ие болды, олардың 650-інің Еңбек Ері атағы бар. Олар бұрынғы елдің наградаларын тағып жүрсе де, бұл олардың еңбектегі ерлігін ешқандай да кеміте алмайды. Олардың барлығы өз парызын биік қойып, жүрек қалауымен, кіршіксіз ізгі ниеттің жетелеуімен Кеңес Одағының әртүрлі түкпірлерінен Қазақстан жеріне келген алғашқы жол бастаушы адамдардың тамаша шоғыры болып табылады. Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, Молдавадан, Балтық өңірі және Закавказье республикаларынан, Орталық Азия аймағынан алғашқы 2 жылдың ішінде 600 мыңнан астам адам келді. Қазақстан комсомолецтерінің үндеуіне тек Украинаның ғана 68 мың еріктілері үн қатты. Олардың тең жартысы Қостанай және Ақмола облыстарына келді. Сол кезде Қазақстанға 28 мыңнан астам отбасы толық құрамымен қоныс аударды.

Ақмола облысындағы «Мариновский» совхозы қыздарының еліміздегі құрбылары мен әйелдерді тың төсіндегі аудандарына келуге шақырған хаты қаншалықты жаппай пікір туғызғанын біздің бәріміз де білеміз.

Алғашқылардың арасында жастары мен мамандықтары әр түрлі адамдар — механизаторлар, құрылысшылар, дайындаушылар, медицина қызметкерлері, мұғалімдер, мәдениет және сауда қызметкерлері болды. Армиядан босаған жауынгерлер эшелон-эшелон болып келіп жатты. Сол уақытқа дейін белгілі бір мамандығы жоқ, тек осында тыңда ғана өмірлік мамандыққа ие болған адамдар да аз емес. Бұдан кейінгі жылдарда да тыңға адамдар толассыз келіп жатты. Осы уақыт ішінде барлығы 2 млн. жуық адам келді.

Оларды небір қиырдан жастық романтикасы мен беймәлім жәйттерді іздеу ғана емес, сондай-ақ, талай ұрпақ бойында тәрбиеленген отаншылдық сезімі, өз еліне көмекке деген шынайы ұмтылыс алып келді. Газет бетінен мындай мысал келтірейін «1954 жылдың боранды наурыз күндерінде алғашқы қоныстанушылар мінген трактор поезы қарға көмілген алақандай разъезден 90 шақырым жердегі әлі картада белгіленбеген нысаналы жерді бағытқа алып жолға шықты. Бұрыштарына мұз қатқан жасыл вагондарда осынау беймәлім қиырға Мәскеу мен Ярославльден, Сочи мен Краснодардан шыққан жігіттер мен қыздар келе жатты. Олардың ең жасы он алтыда, ал ең үлкені 20-дан жаңа ғана асқан».

Олардың кейбіреулері, негізінен романтика қуып келгендері ауыр сынға төтеп бере алмай, кетіп қалды. Басқа дәлелдерді, былайша айтқанда, партия немесе комсомол комитеттерінің «ерікті мәжбүр ету» әдісін басшылыққа алғандар немесе көп ақша табуды аңсап келгендер де табандарын жалтыратты. Мұндай адамдарды қандай жағдайда да кінәлауға болмайды. Олардың көпшілігі адал жұмыс істеді, беделмен құрметке бөленді, ал уақыты келгенде өздерінің туған ошақ басына қайтып оралды. Олардың басым көпшілігі барлық сынақтарға абыроймен төтеп берді және нақ осы адамдардан байырғы тың игерушілер ұрпағы жарқырап өсіп-жетілді, сөйтіп, олар Қазақстан жерінде қалып, осы жерден өз отанын тапты. Бұл күндері қаһарман алғашқы тың игерушілердің балалары мен немерелері диқан еңбегінің эстафетасын қабылдап, оны лайықты жалғастыруда.

Тыңды басқалармен бірге қазақстандықтар да игерді. Қоғамдық шақыру бойынша алғашқы жылдары колхоздар мен совхоздарға, МТС-терге республикадан тыс жерлерден қанша адам келсе, соншама дерлік жергілікті тұрғындар да келді. 1956 жылға дейін тек Қазақстан қалаларынан ғана 10 мыңға жуық мамандар жолдамамен жіберілді. Сол жылдары қазақтар мен қазақстандықтардың үлесіне ерекше миссия тиді. Көшіп келушілердің ғаламат толқыны өмірдің қалыптасқан салтына, халықтың тағдырына әсер етпеуі мүмкін емес болатын. Бұдан өзге түбірлі өзгерістер процесіне өздерінің де қосылуы керек болды, жаңа адамдарды лайықты қарсы алып, олардың орналасуына, дағдыдан тыс және қатал жағдайларға үйреніп кетуіне көмектесудің маңызы зор болды. Президент қазақ халқының бұл миссияны табысты атқарып шыққандығын қанағаттанғандықпен атап өтті.

Біз қазір құрып жатқан азаматтық қоғамның алғашқы үлгісі тыңда қалыптасты. Дәл сол кезде мүдделері мен тағдырларының ортақтығымен, мақсат тұтастығымен, бірлескен еңбекпен, өмірлік тәжірибемен бекітілген қазақстандық тыңгерлердің ерекше туысқандығы дүниеге келді. Адамдар бұл туысқандықтағы өз қатынастарын белгілі бір ұлтқа жататындығына қарап емес, әр адамның жеке беделін мойындауға құрды және құра береді, мұнда әркімнің еңбегіне, кәсіпқойлық шеберлігіне, арұяты мен айналасындағы адамдарға деген көзқарасына қарай құрмет көрсетіледі.

Қазақтар, орыстар, украиндар, молдавандар — осы жерді өз терімен суарған адамдардың бәрі тыңгер атын мақтан тұтқандығын, қазір де мақтан ететіндігін еске түсірді. Өзінің мәні жағынан ұлы сезім мен түсінік — қазақстандық патриотизм кейіннен емес, дәл сол кезде дүниеге келді.

Тыңның 25 жылдығы қарсаңында республиканың астанасында тыңгерлерге арналған монумент тұрғызу туралы шешім қабылданды, тіпті осыған орай тас белгі де орнатылды. Бізде жиі болатынындай ол кейіннен ұмытылып кетті. Осы идеяға қайта оралып, Тыңдағы туысқандықтың жалпы қазақстандық монументін тұрғызған

жөн болар деп ойлаймын. Алғашқы тың игерушілердің ерлігіне деген барлық ұрпақтардың құрметінің белгісі ретінде тым болмаса Тыңның 50 жылдығына орнату керек.

Республикада тұрақтылық пен ұлтаралық келісім сақталып отырғандығы рас, тағдырдың еркімен бұрынғы кеңестік державада емес, принципті жаңа мемлекетте тұрып жатқан, психологиялық жағынан әлі өзгере қоймаған және өз таңдауын жаңа ғана қолға алған адамдардың табиғи қобалжуына әсер ете отырып, бұл тепе-теңдікті түрлі формада бұзуға ұмтылатын күштер де табылады. Иә, Қазақстаннан адамдар көшіп кетіп жатыр, соның ішінде тың аймақтарынан орыстар, немістер, украиндар, басқа да ұлттардың өкілдері кетуде. Олардың әрқайсысының өз себебі мен бұл мәселені ешқандай қысым жасаусыз-ақ жеке өзі шешуіне ешкім де қол сұға алмайтын құқығы бар. Бұл табиғи құбылыс және кейбіреулердің осылай деп көрсетуге тырысып жүргеніндей, бұл процесс жаппай сипатқа ие болып отырған жоқ.

Адам қай жерде өмір сүрсе де, ол өзінің ұлттық қажеттерін — өз халқының тілін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін пайдалана алуы үшін мүмкіндіктермен қамтамасыз етілуге тиіс.

Бұл өздерінің тарихи отанынан тыс жерлерде тұратын қазақтарға да тең дәрежеде қатысты деп есептеймін.

Адамдардың етене сезімдерін саудаға салып, әлдебір «ұлттық картаны» ойнамақ болып жүрген жекелеген саясатшысымақ қайраткерлер отпен ойнап жүр. Олар мемлекетті әлсіретіп, адамдардың арасын ушықтырып, қазір өзіміз бақылап отырған Таулы Қарабах пен Югославиядағыға ұқсас қантөгіс туғызуы мүмкін. Сондықтан мұндай авантюристер міндетті түрде заң жүзінде жауапқа тартылып, тиісінше жазалануға тиіс. Мұндай заңдар бізде бар және мемлекет өз азаматтарын біздің Конституциямызда көзделген олардың құқықтары мен бостандықтарына жаппай қол сұғу ықтималдығынан сақтауға міндетті.

Біздің бәріміз бірлесе отырып біртұтас экономикалық, саяси және мемлекеттік мүдде үшін бірлескен Қазақстан азаматтарының саяси тұтастығын нығайтуға тиіспіз. Мұндағы басты негіз кімнің қай ұлтқа жататындығы емес, «Мен — Қазақстан азаматымын, қазақстандықпын» деген азаматтық сезім болып табылады.

Және бұл біздің әрқайсымыз үшін өзіміздің кім екенімізді айқындаудың негізі болуға тиіс. Кейде біз өзіміздің ұлттық «менімізді» бадырайта көрсету арқылы өз Конституциямызға қайшы келетінімізді ұмытып кетеміз. Ол «Біз, Қазақстан халқы...» деген сөздермен басталады. Мұндағы басты принцип ұлттық және әлеуметтік тегіне, дініне, жынысына қарамастан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі болып табылады.

Қазақстан тыңының өз жұлдызды сәттері болды, бірақ ащы жеңілістер де болмай қалған жоқ. Бұл — аса маңызды осы науқанды жоспарлау мен жүзеге асыру кезінде жіберілген қателер мен кемшіліктердің салдары.

Қазақстанның баға жеткісіз жер байлығын игеру қандай да бір терең ойластырылған жоспарсыз және ғылыми негіздеусіз басталды. Жан-жақтан келген маман-практиктер көбінесе Қазақстанның топырақ-климаттық жағдайларына сәйкес келе бермейтін өз диқаншылық жүйелерін әкеліп, үйреншікті аграрлық тәсілдерді пайдаланды. Жүздеген мың жастар жер өңдеумен алғаш рет айналысты. Бастапқыда осы аса зор жобаға Қазақстанның әртүрлі аудандарындағы жағдайлардың барлық ерекшеліктерін таңдамастан және оларды ескерме-

стен, өндіріс ресурстарын экстенсивті пайдалану есебінен жалпы астық өнімін арттырудың зиянды идеясы негізге алынған болатын.

Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды облыстарында көп ретте жайылымдық ретінде жарамды болған құрғақ далалы және шөлейт жерлер еш ойланбастан жыртылды. Оның нәтижесіде белгілі — жалпы алғанда түсімнің өсімі де болмашы, жекелеген аймақтарда күні бүгінге дейін гектарынан 7 центнерден 3 центнерге дейін өнім алынып жүр.

Мұндай көзқарас одан кейінгі кезеңге де тән болды. 1961–1986 жылдарда тағы да 11,3 млн. гектар өнімсіз деп аталатын жер қосымша жыртылды. Сөйтіп, өңделетін егістік алқабы республикада 41 млн. гектарға жетті. Кеңестік алыпқұмарлық бұл арада да өзінің айқын көрінген келеңсіз рөлін атқарды.

1960-шы жылдардың басында тың төсіндегі аудандарда 126 астық совхозы құрылды. Олардың әрқайсысының орта есеппен 50 мың гектардан астам жері, оның ішінде 40 мың гектарға дейін егістік жері болды. Наурызым ауданындағы Козлов атындағы совхоз шын мәнінде рекордшыға айналды, оның жер көлемі 388 мың гектар, ал егістік жері 67 мың гектар. Мұндай алып шаруашылықтар Қостанай, Ақмола, Көкшетау, Ақтөбе және басқа облыстарда әлі күнге дейін бар. Мұндай совхоздардың, әдетте, қормен жабдықталуы және энергиямен жабдықталуы төмен. Бұл жер өңдеу сапасына да салқынын тигізуде.

Орта есеппен 1 қызметкер Ресейде — 11,6 гектар, Украинада — 5,6, Беларусьте — 4,7, Молдавияда — 3,5, ал Қазақстанда — 21,1, тың төсіндегі облыстарда — 50–60 гектар жер өңдейді. Бұл арада шаруашылықты тиімді жүргізу туралы айтуға болар ма?

Әлеуметтік және сонымен қатар психологиялық сипаттағы, бұрынғы саяси жүйе мен оның идеологиясы туғызған келеңсіз жәйттар бар. Мұндай жәйт, өкінішке қарай, республиканың бүкіл аграрлық секторында күні бүгінге дейін сақталып отыр.

Бұл орасан зор сылбырлық, қанға сіңген масылдық. Және ол ең алдымен шаруашылықтардың, аудандардың, облыстардың, агроөнеркәсіп орындарының басшыларына қатысты. Ондаған жылдар бойы енгізіліп келген жарамсыз практика әлі де қалмай келеді, ол кезде қазақстандықтар жоғарыдан берілген тапсырысқа сәйкес астықты одаққа сутегін беретін, тіпті кейіннен оны кімнің алып жатқанын да білмейтін. Оған айырбас ретінде Қазақстан техника, тыңайтқыштар, жанар-жағармай материалдарын, тағы басқаларын алатын. Ал осының бәрі іс жүзінде қанша тұрады және осының бәрі үшін түбінде бір есеп айырысуға тура келмей ме? — деп ешкім де ойланған емес. Қиындықтың негізі барлық қарыздар үшін есеп айырысатын кездің жеткенінде болып отыр. Және мұны қазір өзіміз істеуіміз керек. Осы қиындықтарды туғызған мемлекет қазір жоқ.

Тың игерудің 40 жылдық тарихының 10 жылы аса қуаңшылықты болды. Тіпті Қазақстанның өзі де көп ретте астық пен жемді басқа жақтан сатып алуға мәжбүр болды. Жекелеген жылдарда сатып алынған мұндай астықтың көлемі 2 млн. тоннаға дейін жетіп жүрді. Селоның қарызын мемлекет осы 40 жыл бойына өтеп келді. Соңғы бесжылдықтарда 350-ге жуық шаруашылық, яғни әрбір бесінші шаруашылық ұдайы шығында болып келді.

Бірден-бір принцип — қайтсең де астық бер және кез келген сападағы астық бер деген принцип күшінде болды. Тек 1992 жылы ғана барынша мол орташа түсім әр гектарынан 14,8 центнерден айналды. Тек 13 жылда ғана осы көрсеткіш

10 центнерге жетіп жүрді. Дүниежүзінде бірде-бір ел өзінің ауылшаруашылығын осыншама шығынмен жүргізбейді. Ғалымдардың есептеп шығарғанындай, қазір, нарықтық қатынастарға көшу жағдайында, астықты әлемдік баға бойынша сату гектарынан 10 центнерден кем түспейтін өнімділік жағдайында ғана тиімді болмақ. Тек алынған 1 тонна астық 80–100 долларға түскенде ғана тиімді болмақ. Ал осындай түсім беретін танаптар Қазақстанда тек 16 млн. гектар, яғни жалпы көлемнің 65% ғана.

Қазір тыңда жағдай неліктен соншалықты нашар да қиын болып отыр? Айтқандайын, қазір бұрынғы КСРО-ның бүкіл аумағында қай жерде тұрмыс жақсы? Еш жерде де жақсы емес!

Мұның себебі біріншіден, мемлекеттің және оның бірыңғай экономикалық организмінің ыдырауында.

Екіншіден, тың бүкіл елдің мұқтажы үшін көтерілді және тыңды бүкіл ел қамтамасыз етті.

Тыңға арнап тракторлар, мәшинелер, жабдықтар, тыңайтқыштар шығаратын зауыттар жер-жердің бәрінде тұрғызылды, бұл зауыттардың көпшілігі қазір банкрот болып отыр. Қажет нәрсенің бәрін сатып алуға селоның да ақшасы жоқ. Үшіншіден, енді бәрін де нарық таңып отырған баға бойынша сатып алып, бәрін де солай сату керек. Бірақ, шығыны кірісінен асып кетіп отырғанда астық өндірушілер өз бетінше өмір сүре алмайды.

Қалыптасқан жағдай үшін тың ардагерлерінің де, бүгінгі дақандардың да кінәсі жоқ. Олар аса қиын жағдайларда өз парызын адал орындап, миллиондаған адамдарды тойындырды және қазір де өзінің игілікті ісін одан әрі жалғастыруда.

Біз астық өндірісінің көлемін сақтап және оны сол бұрынғы тұтынушыларына сатқымыз келер еді. Олар ТМД-ның барлық дерлік елдері. Бірақ енді олар тапсырысты күні бұрын беріп, шарттар жасауға және тұқым себу және өсімдікті баптап күту жұмысын жүргізу үшін аванс ретінде ақы төлеуге тиіс. Алайда, олардың да ақшасы жоқ. Ол ақшаны Қазақстан қайдан алмақ? Тегінде, сатып алушыны тек алыс шетелден ғана іздеуге тура келетін шығар.

Өткен кезге қайтып оралуға үміт артудың керегі жоқ. Бірақ, қалыпты достастықты, ортақ экономикалық және кедендік кеңістікті құру, экономиканы жандандыру, бір-біріне көмектесу үшін бәрін де істеу керек. Бірақ бұл жағдайда да тегін өнім беруге қарай шегінуге болмайды.

Нарық механизмдері жұмыс істейтін болады. Бір нәрсе сатып алу үшін өзің де бірдеңе сатуың керек және шамаңа қарап өмір сүруге тура келеді.

Егер біз бұрынғы психологияның қайталануын жеңе алмасақ, онда реформаларды алға бастыра алмаймыз, үңірейген тесіктерді жамау да қолымыздан келмейді, ешқандай нарықты да құра алмаймыз. Бүгін біздің әрқайсымыздан бастама, жігер, күшті барынша жұмылдыру, талмай іздену талап етіледі. Қолда бардың бәріне ұқыптылықпен және аялай қарап, бәрін де үнемдеу керек. Әлі де іске асатын мыңдаған тракторларды, комбайндар мен автомашиналарды жарамсыз деп тауып, астықты қайда сатарымызды білмей қоймада шірітіп, тыңайтқыштарды қар мен жаңбырдың астында қалдыру тәжірибесі мүлдем төзгісіз.

Үкімет те, банкілер де, Ауыл шаруашылығы министрлігі де ешкімге ешқандай сыйлық тарту етпейді. Бәріміз түпкілікті түсінетін уақыт жетті. Кім рентабельді түрде жұмыс істеп, мемлекет берген қаржыны қайтара алатын болса, соған көмек беріледі.

Әзірше күн сайын көптеген аудандардан түрлі жалынышты өтініштерге толы жүздеген петициялар келіп жатыр. Өз міндетін үкіметтен үнемі әлдебір нәрсені «жұлып алу» деп түсінетін басшылардың тұтас бір тобы айқындалды. Мысалы, тек бір ғана, Агробанктің кредиттері бойынша шағын талдау оның клиенттерінің арасында негізгі және айналымдағы қаржысы өз қаражаттарын жаба алмайтын 350 шаруашылық бар. Мұндай клиенттердің саны Көкшетау облысында өте көп. Бұл кездейсоқ болмаса керек. Онда тек шаруашылықтар ғана емес, сонымен қатар тұтас аудандар да берілетін кредиттерді қағып кетіп, сенім қағаздарын жазумен мықтап айналысады.

«Ауыл шаруашылығына байланысты ойластырылмаған саясат, — деп жазады авторлар, — ауыл еңбеккерлерінің үкіметке деген сенімін бұзып, ауылдықтардың мемлекеттік құрылымдарға наразылығын туғызады». Ойластырылған саясат деп олар не нәрсені есептейді екен? Сөйтсек, қаражаттарды есептен шығару, жәрдемақы, баға тепе-теңдігін белгілеу, өндірілетін және сатып алынатын өнімдердің барлық түрлерінің қосымша құнына салынатын салықты азайту, төменгі пайыздық ставкамен ұзақ мерзімді несиелер беру болып шықты. Мұның бәрі не үшін керек екендігі, өндірістің қалай жүргізілетіндігі туралы бір ауыз сөз жоқ. Хат авторлары ауданның әлеуметтік-экономикалық қызметінің мүлдем нашар нәтижесін сыпайы ғана жылы жауып қойыпты. Бірақ олардың жаңа жағдайларда экономиканы реформамен айналысуға өздерінің қабілетсіз екендіктері туралы мәлімдеуге батылы жетпеген. Есесіне еңбек ұжымдарында қалыпты еңбек ырғағын, келісім мен төзімділікті қамтамасыз ететіндіктері туралы құлшына уәде берген.

Мұндай хаттар басқа да облыстардан, шаруалар одағынан, колхозшылар кеңесінен, шаруалар қауымдастығынан келіп жатыр. Шамасы, біреулер 1991 жылы 4 млрд. сомға жуық кредит қарызы есептен шығарылғандығын ұмытып кетсе керек.

Содан бері 2 жыл өтті, ал агроөнеркәсіп кешенінің кредиттік қарызы тағы да 4 млрд. жетті, бірақ бұл жолы ол теңгемен.

Мұндай шарасыздықты қиындықтан шығар жол тауып, өнім шығаруды арттырып, несие берушілермен есеп айырысып, өз еңбеккерлеріне қолдау көрсетіп отырған шаруашылықтар аясында көру ерекше өкінішті. Ал, мұндай шаруашылықтар республикада аз емес — 400-ге жуық. «Алматы» колхозы — ірі шаруашылық — 57 мың гектар жері бар, олардың 18 мыңы — егістік жер, 2 мыңға жуық сиыр, 30 мыңға жуық қой, 550 бас жылқы өсіреді. Шаруашылықтың табысы жыл бойынша 4,4 млн. теңгеге жетті, барлық несиелер төленді. Табыстың 60%-дан астамы жинақ қорына жіберілді.

Қазіргі кезде, «Халыққа арнап жұмыс істей отырып», әртүрлі мінберлерден сөйлеу, жазу, талап ету, сынау үрдіске айналды. Бүгін кімдікі дұрыс? Кім болсын — кінәлілерді іздеп, үкіметті, реформалар барысы мен реформалардың өзін және т.б. сынайтын адамдікі дұрыс.

Салтанат қарсаңында 2 Жарлыққа қол қойдым. Біріншісі — ведомствоаралық есеп өткізу туралы. Екіншісі — ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер үшін ең көкейкесті мәселеге қатысты — қаржы қарыздарын төлеуді 2000 жылға дейін кейінге қалдыру туралы.

Бұл аграрлық секторға аса зор қолдау.

Біз кең ауқымды жекешелендіруді жүргізу мақсатымен барлығына бірдей бастапқы жағдайды үстіміздегі жылы жасау үшін осындай қадамға соңғы рет

барып отырмыз. Әрбір қызметкер, жерге және қорларға ие болу үшін құжат алуға тиіс. Және ұжымдық шаруашылықта қалғысы келе ме немесе өз ісін бастағысы келе ме — оны өзі дербес шешуге тиіс деп есептеймін. Дұрыс түсініңіздер, мен қуатты шаруашылықтарды күйретуді жақтап отырған жоқпын. Керісінше, жауапкершіліктің әрбір адамға нақты жүктелгенін, өндірістік қызметтің нәтижелері үшін, еңбек ұжымындағы жағдай үшін өзі жеке жауап беретін нақты қожайынның болуын жақтаймын. Мемлекеттік шаруашылықтың әрбір басшысы үкіметпен шартқа қол қоюы тиіс. Ол 2 тармақтан тұрады: біріншісі — банкроттыққа жол бермейтіні жөніндегі кепілдік, екіншісі — басқарудың нысанын өзгертуге және шаруашылықты нақты жекешелендіруге дайындауға міндеттенуі. Әйтпесе басқа басшы тағайындалуы тиіс.

Бірақ алға қарай жылжу үшін принципті жаңа тәсілдер іздеу керек. Егер бұрынғы жолмен жүре берсек, онда толық банкротқа ұшыраудан құтыла алмаймыз. Басты міндет — таяудағы 23 жыл ішінде меншік түрін өзгерту мен жаңа технологияларды енгізу негізінде экстенсивті ауылшаруашылық өндірісін жігерлі түрде реформалау болып табылады. Дәнді және жем-шөп дақылдарының аса зор алқаптарын, миллиондаған мал басы өсірілетін отарлар мен табындарды бұрынғы өнімділігі мен өсімі төмен күйінде сақтап қалу Қазақстанның қолынан келмейді. Республиканың экономикасына аса зиянды бұл жағдайды батыл өзгертіп, кәдімгі тәртіпті орнату қажет. Бұл жұмыстың негізіне екі принцип — өндірісті жеделдету және рыноктағы сұраныс алынуға тиіс.

Сондай-ақ, қазір сабан мен сүрлем басым болып отырған жемшөп өндірісін жетілдіру жөнінде де түбегейлі шаралар керек деп есептеймін.

Жұғымдылығы жөнінен теңдестірілген, малдың өнімділігін арттыру есебінен қайтарым беретін және өзін-өзі ақтайтын жемшөпті ғана өсірген дұрыс. Қазақстан жағдайында мұндай жем пішен мен пішендеме бола алады, олар қазір жемшөп балансында тек қана үштен бір үлесіне ғана ие болып отыр. Бұл жерде жол біреу-ақ — пішен мен пішендеме өндіруді мал басын қысқарта отырып, еселей түсу керек. Бұл үшін егіс алқаптарының бүкіл құрылымын өзгертуге батыл түрде бару керек. Бұл орайда жемшөп базасы тек қоғамдық секторға ғана емес, сондай-ақ кооперативтік және жекеменшік шаруашылықтарға да жұмыс істеуге тиіс. Соңғы бесжылдықта ғана жекеменшік сектордағы ірі қараның саны 1 млн. астам, ал қой мен ешкі — 5 млн. басқа ұлғайды. Селолық елді мекендер айналасында жайылым аймағын құру туралы әңгіменің басталғанына талай жыл болды, бірақ жекеменшіктің малы әлі күнге дейін өлшеусіз учаскелерде жайылып жүр. Мұндай көзқарас мүлдем жарамсыз.

Ең қысқа мерзімде, тұтынушылар кооперациясы, совхоздар мен колхоздар арқылы әрбір орталық елді мекенде ет пен сүт ұқсататын, мал соятын пункттер құру керек.

Меншікті аулаларда өндірілетін сүт пен ет Қазақстанның бүкіл халқын тамақтандыру үшін әбден жеткілікті. Жекеменшіктің өнімі мен сауда жасау жүйесін жолға қою — жергілікті өкімет органдары басшыларының тікелей міндеті.

Аграрлық секторды 2000 жылға дейін дамыту бағдарламасында дәнді дақылдар егістігінің аумағын, мал басын қысқарту көзделген. Бұл дұрыс жол. Бізге көлем емес, өнім қажет. Оппоненттер: жұмыстан босаған жұмысшыларды қайда орналастырамыз? — деседі. Егер осы қысқа фермалар 4 мың шопан жетпеген жағдайда

түскен болса, онда қандай жұмыссыздық туралы айтуға болады? Сондай-ақ 10 мың сауыншы, бұзаушы және малшы орны бос тұр.

Егін орағын толық қамтамасыз ету үшін республикаға 35 мың механизатор жетіспеді.

Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің оқушыларын шақыруға, қалалар мен аудан орталықтарының кәсіпорындарынан адамдар тартуға, таяу шет елден әкелуге тура келді. Ал, айталық, астанадан Қостанай шаруашылықтарына дейін КамАЗ автомобилін әкелу, жүргізушінің тұрақты жұмыс орнындағы жалақысының 75% сақталуын ескергенде, шаруашылық үшін 50 тонна бидай құнына түседі. Егер Қостанай облысы бұрынғысынша егін орағына шеттен 6–8 мың автомобиль, ТМД-дан 2–3 мың механизатор тартатын болса, онда астықты алқаптың үштің бірінің өнімімен есептесуге тура келеді. Бұл кімге керек?

Қоғамдық секторда картоп, көкөніс, жеміс-жидек дақылдарын өсіру алаңын қысқарту қажет. Осы «қысқартуды» жекеменшік сектор өтеуге тиіс. Өйткені бүгін таңда 100 мың гектар жер саяжай учаскелеріне берілген, бұған ұжымдық бау-бақшаларға арналған 70 мың гектар жерді қосыңыз. Бірақ бұл жағдайда өнім өндірушілерге сервистік қызмет көрсетілуін, оны сатып алу мен ұқсатудың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету керек.

Қазіргі күрделі жағдайдан біріге отырып шығу керек. Үкімет өзінің мәселелерін, әкімшілік өзінің мәселелерін шешуге, ал жергілікті жерлердегі басшылар проблемалардың бүкіл кешенін бақылауда ұстап отыруға міндетті. Селодағы өзгерістерді тежеп отырған еңбекшілер емес. Басшы мамандардың, есепшілердің, бригадирлердің, қойма меңгерушілерінің және басқа да кеңсе қызметкерлерінің алып армиясы — реформалар жолындағы басты кедергі, міне, осы. Сондықтан бригада мен фермадан бастап Ауыл шаруашылығы министрлігіне дейінгі штат кестесін жөнге келтіретін уақыт жетті.

Біздің проблемаларымызды біз үшін ешкім де шешіп бермейді. Біз тыңды көтере білдік, жаңа жағдайдағы қиыншылықтарды да жеңе аламыз. Тек көзқарастарда көбірек мақсаткерлік, табандылық және байсалдылық таныту қажет. Тың көтергендерге, тегінде, бұдан да қиын соққан шығар. Бүгінгі дақандар олардың табандылығы мен шаруагерлік тапқырлығын үйренсе, артық болмас еді. Сары уайымға салынудың керегі жоқ, аспаннан құймақ жауады деп күтіп отырудың да қажеті жоқ, керісінше, жұмысқа білек сыбана кірісіп, тығырықтан шығар жолды ойластырып, іздеп табу керек. Бүгін таңда бәрі де адамдарға, шаруашылық басшыларына байланысты, олар артына қарап жалтақтамай, істі батыл да қаймықпай жүргізуі керек. Селолықтар осындай адамдарды өз ортасынан тауып, шығаруға және өз шаруашылықтары мен кәсіпорындарын реформалауды нақ соларға сеніп тапсыруға тиіс.

Тың игерушілерді, агроөнеркәсіп кешенінің қызметкерлерін, барлық қазақстандықтарды тыңның мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Баршаңызға игілік, табыс, тыныштық пен бейбіт ашық аспан астында өмір сүрулеріңізге тілектеспін!

Қазақ теледидары арқылы сайлаушыларға үндеуі

Алматы қаласы, 1994 жылдың 1 наурызы

Құрметті ағайын!

Енді бірнеше күннен кейін, наурыздың 7-сінде, бәріміз сайлау учаскелеріне келіп өз таңдауымызды жасаймыз. Оның оңай шаруа емес екенін түсінемін. Жұртшылықпен кездесулерде маған: реформаны жеделдетуге, мемлекет пен халықтың игілігін арттыруға қызмет ететін шын мәніндегі кәсіби парламент болу үшін кімге дауыс беруіміз керек деген сауал жиі қойылады. Бұл көкейкесті мәселе, бұған жауап бермес бұрын әрқайсымыздың бірқатар жәйттерді айқындап алғанымыз жөн.

Алдымен, орын алып отырған жағдайға жан-жақты баға бере кетейік. Қазір біз қиын жағдайды бастан кешудеміз. Өндірістің құлдырауы мен инфляция қысымы тежелмей отыр. Халықтың табысынан гөрі баға жылдамырақ өсуде. Бірақ мұндай жағдай бізде ғана орын алып отырған жоқ. Айтыңыздаршы, қай жерде жағдай жақсарып, қай елдің ісі оңға басып отыр? Ондай жерді Достастық елдерінің ешқайсысынан таппайсыз. Мұны бәріміз түсіне білуіміз керек.

Жаппай дағдарыстың басты себебі — бір кездегі біртұтас мемлекеттің күйреуі. Нәтижесінде бірімен бірі тығыз байланысқан экономикалық кеңістік бөлшектеніп кетті. Мұның бәрі Қазақстанның қатысынсыз жасалды, бұл арада біздің кінәміз жоқ.

Дегенмен, қалыптасып отырған қазіргі жағдайда Қазақстанның Достастыққа кіретін басқа елдерге қарағанда уақытша қиындық қыспағынан тезірек шығып кетуіне мүмкіндігі бар деп есептеймін.

Біздің талантты әрі еңбексүйгіш халқымыз бар. Бізде қазба байлықтарының мол қоры бар. Менің ойым осыған негізделіп отыр. Қазақстан — экспорттық мүмкіндіктері мол, аса бай елдердің қатарында. Қазірдің өзінде экономиканы реформалауда аз да болса алға жылжығандық байқалады. Сонымен бірге біз өз алтынымызды еселеп келеміз, 1996 жылы оның қоры, шет ел валютасын көп қатыстырмай-ақ, ұлттық валютамыздың бағамын ұстап тұруға мүмкіндік береді деп отырмыз.

Әлемдік бизнестің жетекші лидерлері Қазақстанға сенім артады және жан-жақты қолдайды. Менің АҚШ-қа жуырдағы ресми сапарымның барысында бұған тағы көз жеткіздік. Тұтастай алғанда, біздің шетелдік әріптестеріміздің Қазақстан экономикасы үшін бөлген несиелері 2,5 млрд. доллардан асады. Бұл қаржыны нақты істерге, өндірісті дамытуға, экономикалық терең өзгерістерге жұмсау керек.

Әрбір отбасындағы игілікке бәсекелі нарық экономикасы мен демократиялық қоғам құру арқылы ғана жетуге болатынына сенімдімін және бұл туралы талай рет айттым. Біз осыған келе жатырмыз. Тек сонда ғана әрбір халықтың ерекшелігін сақтап, дамыта аламыз, қоғамдық дамудың тұрақтылығына негіз болып келе жатқан ұлтаралық келісім саясатын жүргізе аламыз. Бұл менің Қазақстан Президенті ретіндегі мақсатым және оның дәйекті түрде жүзеге асырылуына бар күшімді саламын. Болашақ парламент те осы биік мақсатқа қол жеткізу үшін жұмыс істейді деп ойлаймын.

Күн тәртібінде тұрған аса маңызды мәселе — полиэтникалық мемлекетіміздегі саяси тұрақтылықты барынша қолдау және оны нығайту. Қазақстанға деген жоғары көзқарастың, оның халықаралық аренадағы беделінің еліміздің табиғи байлықтарымен, стратегиялық жағдайымен ғана емес, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығымен де қалыптасып отырғаны бәрімізге түсінікті болса керек.

Сондықтан Парламент және атқарушы өкімет дәстүрлі азаматтық бітім мен ұлтаралық келісімді аялай білуі тиіс, осының арқсында біз ағайын арасындағы қантөгіске, аймақтық қақтығыстарға толы мына аласұрған дүниеде қоғам тыныштығын сақтап отырмыз. Мемлекеттік биліктің барлық тармақтары ұлтаралық араздықты қоздырушыларға және адам құқығына қысым жасаушыларға қатаң тосқауыл қоюға міндетті. Мұндай қоғамдық қауіпті әрекеттерге заң барынша қатал болуға, ұлттық немесе шовинистік пиғылдағы саяси ұйымдардың құрылуына жол бермеуге, сепаратизмнің кез келген түрінің жолын кесуге тиіс. Бұл ұлттардың бір-біріне қарсы келуіне ұластырады, мемлекеттің территориялық тұтастығына және ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен келісімге қауіп төндіреді. Өздеріңіз сайлайтын парламент осы миссияны өзіне алуға, толыққанды шымыр заңдарды жасауға және қабылдауға тиіс.

Сонымен бірге қазіргі көші-қон, тіл және азаматтық проблемаларға түсінистікпен қарау керек. Көп ұлтты Кеңес Одағының тұрғындары аяқ астынан 15 мемлекетке бөлініп шыға келгенде басқа нәрсе күтудің өзі қиын еді. Бұл проблемалардың бәрі, меніңше, өз шешімін табады, әрине, тек біздің бірден-бір заң шығарушы органымыз — парламент және мемлекетаралық келісімдер мен адамдардың ізгілікті еркі арқылы ғана. Осымен қатар, Қазақстан халықтары Ассамблеясының идеяларын нақты түрде жүзеге асырып, оны көпұлтты қоғамның келелі мәселелері талқыланатын және салиқалы ұсыныстар тұжырымдалатын іс жүзіндегі жалпыға ортақ форумға айналдыру керек.

Бізге топтасу мен қоғамдық келісім, реформа саясатын халықтың қолдауы, әсіресе дәл қазір үстіміздегі және келесі жылы керек. Осы кезеңде дағдарыстың шарықтау шегінің негізгі сатыларынан өтетінімізге және жаңару жолымен діттеген жерімізге жететінімізге сенімдімін. Бұған жаңа парламентіміздің де атсалысуы парыз.

Экономикалық және әлеуметтік саясат, сөз жоқ, біздің басты назарымызда болады. Осы саясатқа ықпал ететін екі мәселені бірден атап өтейін.

Бірінші — республиканың сом аймағынан шығуға мәжбүр болуы бізді, өз валютамыздың енгізілуін ескере отырып, экономикалық саясатымызға жүре түзету енгізуге, шын мәнінде оны қайта жасауға итермеледі.

Екінші — біз экономиканы ырықтандырудың неғұрлым қиын кезеңін бастан кешіп отырмыз және принципінде, кез келген отбасы басшылыққа алатын: табысың мен жиған-тергеніңнен артық шығынға барғызбайтын қарапайым тұрмыстық қағиданы мемлекеттік саясат дәрежесіне көтердік.

Сондықтан біз қатаң үнемдеу, экономиканың аса қажетті деген толыққанды өзегін ғана қолдап отыру бағытын ұстандық. Үкімет мемлекеттің мұқтажына, бәсекеге қабілетті және тиімді кәсіпорындарға, өндіріспен айналысатын, әсіресе халыққа қажетті өнімдер шығаратын кәсіпкерлерге көмектесетін болады. Еңбекке орналастыру қызметі уақытша жұмыссыз қалғандарға қол ұшын беруі тиіс. Олардың бір бөлігі жаппай жекешелендіруден өткен кәсіпорындарға орналасады. Қосымша жұмыс орындарын құратын қызмет көрсету, жеке шағын және орта бизнес салаларының дамуына жағдай жасалады. Селода жұмыс істегісі келетіндерге фермерлік, шаруа қожалықтарын құру үшін жер бөлініп беріледі.

Ауыл шаруашылығында осы саланың негізгі өнімін беретін, тұрақты жұмыс істейтін рентабельді шаруашылықтарға ғана қолдау көрсетіледі. Артта қалғандар мен шығынға батқандар өз тағдырлары туралы өздері ойлануы тиіс. Бұдан былай қайтарымы жоқ болса несие берілмейді. Ешқандай баламасы жоқ нарыққа бет алған мемлекет нарық қағидаларынан ауытқымайды. Ол шығынға батқан шаруашылықтардың ауыртпалықтарын салық төлеуші баршамыздың есебіміздің көтеруге тиісті емес және оған мүмкіндігі де келмейді. Осыны түсініп, қабылдау керек, ренжудің еш жөні жоқ. Жекешелендіре ме, басқа шараларын жасай ма, өздері шешсін. Ендігі жердегі талап осындай.

Мемлекеттік кәсіпорындардың жауапкершілігін арттыру керек. Үкімет ол кәсіпорындардың директорларымен белгілі бір міндеттемелерді көздейтін мынадай келісім-шартқа отыруы тиіс: біріншіден — банкроттың алдын алады, екіншіден — кәсіпорынды сауықтырып, оны нақты жекешелендіруге дайындық шараларын жүргізеді. Егер келісілген уақыт ішінде бұл шарттар орындалмайтын болса, онда басқа басшы тағайындалады.

Бұл шаралар экономикадағы, әлеуметтік саладағы дағдарыстан шығу үшін қажет. Кәсіпорындар шығынын жабуға кететін қыруар қаржы, көмек беру деп аталатын жеңілдетілген несиелер, дотациялар, тағы басқалар мемлекеттің қалтасынан, сіздер мен біздердің қалтамыздан шығып жатыр. Инфляцияны үдететін де осылар, айналып келгенде тауар бағасы қымбаттайды. Сөйтіп, сиқырлы айналымға түсеміз: баға өседі — жалақы да өседі — тағы баға өседі, осылайша бас көтертпей, тоқтаусыз кете береді.

Егер шыдамдылық сақтасақ, көзқарасымызды түбірімен өзгертсек, бос банкноттарды басып шығара бермей, ақша айналымын реттесек, теңгеміз бен экономикамыздың тұрақтылығын сақтай аламыз, бағаның өсуі тоқтайды, несие алу жеңілдейді, тұрмыс деңгейі шындап көтеріле бастайды. Міне, мұның бәрі осы үшін қажет.

Тағы да атап айтамын: реформа жай бір мақсат үшін емес, адамдардың игілігі үшін жасалады. Қазір қанша жерден ауыр болса да, тарихи тұйықтан шығу үшін, белгілі бір уақыттан кейін жағдайды түбірімен өзгертіп, егемен еліміздің, қоғамымыздың гүлденуіне қол жеткізу үшін осы қиын өткелдердің бәрінен өту керек. Ол үшін бізде барлық жағдай бар.

Әлеуметтік мәселелерге келетін болсақ, бюджет еңбекке жарамсыздарға, табысы аздар мен жұмыссыздарға ғана әлеуметтік сүйеніш бола алады. Әрине, денсаулық сақтау және рухани салаларға — ғылымға, мәдениетке, білімге, бұқаралық ақпарат құралдарына қолдау көрсетіледі.

Біз жаңа тұрғын үй саясатына көштік. Мемлекет отбасыларына жер учаскесі бар жеке үй тұрғызуына көмектеседі. Отбасыларына 30 жылға дейінгі мерзімге құрылыс құнының 80%-на жылына 5%-дан жеңілдетілген несие береді. Табысы төмен отбасыларына тұрғын үй-коммуналдық қызметтің бір бөлігіне ақы төлеу үшін мақсатты жәрдемақы беру қарастырылды. Осы мақсатқа жұмсалатын қаржы мен несие ресурстары табылып отыр.

Дағдарысты экономика жағдайында күшті бюджеттің болмайтынын бәріміз де білуіміз керек. Сондықтан өте қымбатқа түсетін әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруды тоқтата тұруға мәжбүр болып отырмыз. Бірақ табысы аздарға, зейнеткерлерге, мүгедектерге, көп балалы отбасылары мен оқушы жастарға қолдау көрсету нысаналы сипатқа ие болады. Осы әлеуметтік топтағы нақты адамдарға жәрдемақы

беру олар үшін төлемнің жалпы көлемін кебейту көзделген. Жалғыз басты еңбекке жарамсыз азаматтарды азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі менің жарлығым осыған бағытталған.

Бұдан басқа атап айтатын мәселе — жинақ банкілерінің жүйесін қайта құру жөніндегі қабылданған шаралар есепшотында ақшасы бар әр отбасының кірісін арттыруға мүмкіндік жасайды. Мемлекет жақында азаматтардың банкілердегі ақшаларын индексациялады. Біз алдағы уақытта да табысы аз, еңбекке жарамсыз азаматтарға барлық жағынан қамқорлық жасап отырамыз. Ал еңбекке жарамды топ өз қамдарын өздері жасауы керек.

Тұрақты жұмыс істейтін парламент, әкімдер мен жергілікті өкілетті өкіметтің жаңа органдары осы проблемалармен тереңірек әрі нақты шұғылдануға, әлеуметтік қолдау саясатын іске асыру жауапкершілігін толық мойындарына алуға тиіс деп санаймын.

Қылмыспен күрес секілді проблеманы назардан тыс қалдыра алмаймын. Ұйымдасқан қылмыстың, жемқорлық пен бюрократтық озбырлықтың өсуі біздің адамдарымыз үшін ең қатерлі дерттердің біріне айналып отыр. Бүгінде өкімет, оның құқық қорғау органдары әлсіз және адам құқығын аяқасты етушілерден өз дәрежесінде қорғай алмайтыны ащы да болса шындық екенін айтуға тиіспін. Тек өткен жылы ғана зорлау мен қасақана өлтіру деңгейі, қастандықты қоскқанда, тиісінше 17% және 24%-ға өсті, пәтерге түсу мен тонау көбейді. Бұдан былай оған жол беруге болмайды.

Мен жаңа парламент алдына қылмысқа қарсы тегеурінді шабуыл жасау туралы мәселе қоюды көздеп отырмын. Бүгінде экономикалық қылмыс пен рэкеттің қаулап өсуі кәсіпкерліктің қалыпты қызметіне едәуір кедергі келтіретін құбылыс болуда. Кісі өлтірген, зорлаған адамдар, ұйымдасқан қылмыс топтарының жетекшілері қылмыстары үшін ең ауыр жазаға дейін тартылатын болып белгіленуі тиіс деп ойлаймын. Бұған қоса, Қазақстан жерінде осындай қылмыстар жасаған басқа мемлекеттің азаматтары өз елдеріне берілмей, осында, біздің заңымыз бойынша жазасын тартуы тиіс.

Оның үстіне, Конституцияда жазылған азаматтардың жеке меншігіне, тұрғын жайына, ар-ожданына қол сұғылмайтынын мойындай отырып, өз өмірін, тұрғын үйі мен мүлкін, тіпті қарумен де қорғауына ерік беру керек. Әйтпесе адамдар қылмыскерлер алдында дәрменсіз болып барады. Әлбетте, мұндай құқықты жүйке ауруына шалдықпаған адамдар және төнген қауіпті дәлелдеуге болатын жағдайда ғана пайдалану керек.

Көлікті қуып алып кету, пәтерге түсу, адам тонау мен оның өміріне қастандық жасау секілді қылмыстар үшін де жазаны күшейте түсу қажет. Жаңа парламент мемлекеттік қызмет туралы, Министрлер кабинеті туралы заңдар қабылдағанда және салық салынатын табыстар туралы декларациялар енгізгенде лауазым иелерінің бюрократтық озбырлығы, парақорлығы секілді, жаны сірі құбылыстар түбірімен жойылатын болады.

Жаңадан сайланатын парламентарийлер осындай батыл қадамдарға бара алатын, жігерлілік таныта отырып, қоғамдық дертпен күресте үкіметпен бірге өзінің халық алдындағы жауапкершілігін сезіне білетін болуы тиіс.

Күнделікті қиындықтар мен кедергілерге қарамастан, Қазақстан алдағы уақытта да таяу шет елдермен қарым-қатынасты нығайту, Достастық елдерімен интеграцияны күшейту саясатын жалғастыра береді.

Ресей мен Қазақстандағы сайлау қарсаңында жол берілген жекелеген айтыс-тартыстарға қарамастан, екі мемлекет арасында халықтарымыздың сан ғасырлық тарихи байланыстарымен суарылған, сан алуан этникалық құрамымен сабақтасқан ерекше қарым-қатынас орын алуы тиіс. Біздің өзара қарым-қатынасымыздың ахуалы саяси жел сөздер мен тұрмыстық жанжалдарға тәуелді болмауы керек.

Иә, келеңсіз тарихи шындықтың — қазақтарды ұлт ретінде шеттетуге бағытталған отаршылдықтың, большевиктік қысым мен тоталитаризмнің болғаны рас. Бірақ бұл арада Ресей мен орыс халқының кінәсі жоқ. Кінә патшалық бұғау мен кеңестік жүйенің үстемшілдігінде. Бұдан ресейліктердің өздері де аз зардап шеккен жоқ.

Бірақ ешқашан ұмытылмайтын кездер де болды. Қазақ халқының жер бетінен толық жойылып кету қаупі туған шақта біздің бабаларымыз Ресейді пана тұтып, өз қорғаушысын тапты. Бізге Ресейдің өз оқу орындары мен ғылыми мекемелерінің есігін айқара ашқаны, экономикалық база жасауға көмектескені әрқашан жадымызда сақталуы тиіс. Ресейдің көптеген жаны жайсаң адамдары қазақ мәдениетінің қаз тұрып кетуіне, ұлттық кадрларымыздың қалыптасуына күш-жігерлерін аяған жоқ.

Екінші жағынан, халықтар арасындағы келісім мен достықтың алтын тамыры қазақтарға тән асыл қасиеттерде жатыр деп есептеймін. Бұл қасиет — кез келген ұлттар мен ұлыстардың өкілдерімен ізгі қарым-қатынаста бола білетіндігіне, табиғат берген инабаттылық пен көрші хақысын барынша құрметтей алатынына келіп саяды.

Фашизмге қарсы күресте Қазақстанның жүздеген мың ұлдарының ортақ жеңіс жолында құрбан болғанын ресейліктер де ұмытпайды деп ойлаймын. Ондаған жылдар бойы және бүгін де біздің жеріміз өз қойнауының байлығы мен мол астығының едәуір бөлігін Ресеймен бөлісіп келгені және бөлісе беретіні белгілі. Яғни Ресей потенциалының айтарлықтай бөлігі Қазақстан шикізатымен өмір сүріп тұр деп айта аламыз. Мұндай өміршең байланыстар екі мемлекет үшін де пайдалы. Сондықтан осы игілікті сақтап, оны одан әрі дамыту біздің парызымыз болмақ.

Біздің халқымыз Ресейдің, Орта Азияның, Достастыққа кіретін басқа да елдердің барлық халықтарына деген туысқандық сезімін ешқашан жоғалтпайды, олармен достықта, жарастықта өмір сүргісі келеді, өзара байланыстар мен экономикамыздың интеграциясын, адамдар арасындағы еркін қарым-қатынас пен тауарлар алмасуды жақтайды.

Меніңше, біздің ішкі және сыртқы саясатымыздың өзекті мәселелері осылар болса керек.

Енді «Кімге дауыс береміз!» деген мәселеге оралайын. Егер сайлау науқаны барысында осы айтылған проблемаларға тереңдей алатынын байқатса, оларды шешудің және дағдарыстан шығудың бірден бір дұрыс жолын көрсете алса, соларға дауыс беру керек деп ойлаймын. Ұсынған кандидаттарыңыз осы идеяларды ұстана ма және парламентте немесе жергілікті мәслихатта соларды өмірде жүзеге асыруға атсалыса ма — ой жүгіртіп қараңыздар. Сіз бен біздің болашағымыз көп жағдайда осыған байланысты болады.

Сонымен қатар ешқандай сындарлы ойы жоқ жалаң сыншылардың, тар өрісті ұлтшылдық пен жеке басының күйін күйттеп жүрген, бәрін біліп, бәрін қатырамын деп жүрген пысықайлардың қармағына түсіп қалып жүрмеңіздер. Бәрін білетін, бәрін шешетін адамдар жоқ, сыпайылап айтқанда, олар сіздерді алдап жүр.

Қабылданған заңдарды барлық адамдарға орындата алуға қабілетті президенттік биліктің жанындағы күшті атқарушы өкіметтің қажеттігін көре білетін кандидаттарға

дауыс беру керек: онсыз қоғамда реттілік, тәртіп пен нақты демократиялық бостандықтар болмақ емес.

Өкіметтің әрбір тармағы өз ісімен шұғылдануын, бірақ олардың арасында шамшылдық емес, қалыпты жұмыс бабындағы қарым-қатынас болуын, өкімет жүйесінде келеңсіздіктер мен кереғарлықтарға қарсы нақты тетіктердің болуын көздейтін кандидаттарды, заң шығару жұмысын сапалы орындауды қамтамасыз ете алатын, шатасқан, қайшылыққа толы немесе орындалуы мүмкін емес актілерді қабылдамайтын кандидаттарды қолдау қажет.

Мұның бәрі экономикалық және басқа да заңдарды жетілдіруді, қазіргі Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

Парламент, белгілі бір жағдайда, Президенттің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға, ал Президент, өз кезегінде, парламентті таратуға құқық алуға тиіс. Президенттің соттарды өмір бойына тағайындауын енгізу қажет. Әңгіме, сондай-ақ жоғары дәрежеде пысықтауға, қабылданатын заңдардың ұстамдылығы мен жан-жақты жарасымдылығына, аймақтар мен олардың халқының мүддесін толық ескеруге мүмкіндік беретін парламенттің екі палаталық құрылымы жайында болып отыр.

Осы сайлаудың өз ерекшеліктері бар. Олар өкілетті өкіметтің барлық деңгейінде өтеді. Саяси партиялар мен қозғалыстар оларға тұңғыш рет қатысуда. Мемлекеттік тізім бойынша кандидаттардың сіздердің назарларыңызға ұсынылуы да бұрын болмаған. Мұндағы мақсат — парламентке балама негізде түрлі ұлттық топтардың кәсіби, зерделі адамдарын тарту.

Мемлекеттік тұрғыдан ойлайтындарды, реформаны жақтайтындарды және халық мұқтажын жеке мүддесінен жоғары қоятындарды, жағдайды объективті бағалап, ойластырылған шешім қабылдай білетіндерді жоғары қоя білу керек.

Бір мемлекеттің азаматтары ретінде барлық қазақстандықтардың өмірдің кез келген саласында ортақ зор мүддесі бар екенін және сондықтан олар бұртұтас этносаяси қауымдастықты құрайтынын есте сақтау керек. Әрбір адам, ең алдымен, Отан азаматы, одан кейін барып қазақ, орыс, украин немесе неміс болып келеді.

Ардақты ағайын! Қымбатты отандастар!

Тағы да қайталаймын, республикамыздың прогресс және демократия жолымен дамуы көп жағдайда сіздердің белсенділіктеріңізге, жан-жақты сараланған, салмақты таңдауларыңызға байланысты.

Биылғы қатал қыс республиканың көптеген аймақтарында жағдайды күрделендіріп жіберді. Жылу, электр энергиясы жетпеді, азық-түлік пен тауарлар уақытында жеткізілмеді, жолаушылар тасымалында да қиындықтар болып жатыр. Сайлау науқанына шенеуніктердің жөнсіз араласу фактілері кездесті, бұл жұртшылық тарапынан ашу-ыза туғызуда. Бұл туралы біз білеміз және тиісті шаралар қолданып жатырмыз. Бірақ мұның бәрі басты мәселені тасада қалдырмауы тиіс, біз Қазақстан тарихындағы тұңғыш демократиялық сайлауға бара жатырмыз. Асырып айтқандық емес, бізге бүкіл әлем көз тігіп отыр, көптеген елдерден байқаушылар келді. Бірақ таңдау құқы өз қолымызда, мемлекетіміздің болашағына деген жауапкершілік әр қайсымызды ойландыруы тиіс. Сондықтан баршаңызды сайлауға қатынасуға шақырамын. Бұл біздің азаматтық борышымыз.

Сіздер сайлайтын жаңа парламенттің, жергілікті жаңа өкілдік органдардың депутаттары ортақ Отанымыз болып табылатын Қазақстанның заңдылық және қоғамдық өміріне жаңа леп, оң өзгерістер енгізудің авторлары болатынына үміттенемін.

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде сөйлеген сөзі

Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы, 1994 жылдың 29 наурызы

Уважаемые участники встречи!

В последнее время мне довольно часто приходится встречаться с представителями научной общественности, преподавателями и сотрудниками высших учебных заведений и студенческой молодежью. И всегда эти встречи приносят мне огромное удовольствие. В этих аудиториях, о каких бы странах ни шла речь, особо ощущается стремление к обновлению жизни, к благотворным переменам, незашоренность в мышлении. Недавно мне довелось побывать и выступить в Нью-Йорке в Колумбийском университете, в Лондоне в Королевском институте международных отношений, а также в Алматы, в нашем национальном государственном университете имени аль-Фараби. И сегодня я искренне рад возможности побывать в Московском государственном университете.

Эта встреча для меня особенная — и не только потому, что МГУ — одно из самых авторитетных и старейших в нашей бывшей общей стране и в мире учебных заведений, но потому, что оно стало альма-матер для многих поколений казахстанцев. Они всегда с благодарностью вспоминают годы, проведенные в этих стенах, преподавателей и сотрудников, сам дух единого сообщества, братства и бескорыстной помощи, который здесь царит уже не одно столетие. И сейчас здесь обучаются мои молодые земляки, которые завтра вольются в интеллектуальную элиту республики, будут носителями прогрессивных идей, продолжателями дела реформирования общества. Мы хотим сохранить эти традиции.

В настоящее время все мы с вами живем в очень не простое, но интересное динамичное время. На нашу долю выпало быть участниками и действующими лицами огромных исторических перемен, в ходе которых меняются судьбы людей, стран и в целом весь существовавший миропорядок. Велика и степень ответственности за сегодняшний день, за наше будущее не только политиков, а каждого гражданина.

Казахстан взял и не намерен менять курс на осуществление кардинальных перемен в экономике, формирование социально ориентированного рынка. Несмотря на множество трудностей, сбоев и ошибок, реформы идут и дают вполне осязаемые результаты. Самое главное — «на марше» перестраивается структура нашей экономики. В прошлом году, при общем падении промышленного производства, три четверти всех предприятий все же нашли дорогу из кризисной ситуации и даже обеспечили прирост физических объемов. И в большинстве случаев — за счет освоения выпуска новых видов товаров: электросварных труб, конструкционных материалов, холодильников, видеотехники, десятков других. Начато производство, правда, пока малыми партиями, казахстанских автомобилей.

Что касается сельского хозяйства, то за счет развития личного подворья и крестьянских хозяйств мы сегодня обеспечиваем 57% всего производства молока, 46% — мяса, 39% — яиц и 37% — шерсти. Всего же в негосударственном секторе экономики в Казахстане действует более 40 тысяч предприятий, в том числе

13 тысяч — частных. Здесь работают почти 500 тысяч человек и выпускается около 20% всей продукции.

Безусловно, рано еще говорить о многоукладности экономики республики, но для Казахстана, где даже люди старшего поколения не знали, что такое частная собственность, сделать за два года такой шаг вперед — несомненное достижение.

Что касается реформы в политической сфере, то основным ориентиром здесь мы определили построение демократичного гражданского и плюралистичного общества. Вы, наверное, знаете, что недавно в Казахстане впервые состоялись демократические выборы в первый профессиональный парламент на многопартийной основе. В итоге избраны представители 37 самых различных партий и общественно-политических движений. Приняты необходимые законодательные акты и начала осуществляться в республике правовая реформа. Особенность в том, что 42 депутата избраны по государственному списку, то есть люди, рекомендованные Президентом. Но за них на альтернативной основе голосовала вся область. Там — представители многих народов, видные писатели, экономисты, ученые.

Я стараюсь везде подчеркивать: мы ничего не создадим и не построим, не будет у нас прогресса, если не сумеем добиться идейной консолидации казахстанского общества, укрепления межнационального согласия и гражданского мира в республике. Заслугой всего народа Казахстана является то, что даже в самые критические моменты — периоды исторических катаклизмов, как, к примеру, развал Союза и последовавшие затем кровопролитные конфликты в ряде регионов, в республике сохранялись стабильность, мир и спокойствие...

Вы знакомы с историей Казахстана и знаете о крупных миграционных волнах в республику, связанных с петровскими и столыпинскими реформами, сталинскими депортациями целых народов, освоением целины, индустриальными стройками — всех принимала и кормила эта древняя земля. Веками, словно в огромном тигле, из сотен драгоценных компонентов варился здесь сплав, что ныне мы зовем казахстанское общество. Как бывший металлург и как сегодняшний Президент скажу, что этот сплав надежный, крепкий, он выдержал и выдержит любые испытания.

Основания для такой уверенности есть, поскольку консолидация общества происходит не вокруг какой-то выдуманной, высосанной из «направляющего» пальца идеи. В генах казахстанцев — память и выпестованный многими поколениями постулат межнационального согласия, дружбы и мира. Это первое и базисное условие для объединения людей, для построения ими гражданского общества. Поэтому главенствующим в нашей Конституции является принцип равенства прав и свобод граждан независимо от национальной, профессиональной или социальной принадлежности. Это необходимое условие и для интеграции Казахстана в международное сообщество. Поэтому наша Конституция начинается со слов: «Мы народ Казахстана». Из-за подавления всего национального наш народ начал терять свой язык. Наших писателей, другую творческую интеллигенцию, весь народ беспокоил этот вопрос. Поэтому наш многонациональный народ признал законное желание казахского народа и признал казахский язык государственным. Но русскому языку признан статус языка межнационального, действующего наравне с государственным. Конституция запрещает ущемление прав кого-либо по признаку незнания государственного языка или языка межнационального общения. Эти годы не было ни одного обращения по поводу дискриминации на практике по этому вопросу. Учеба

в школах ведется на 18 языках. 65% школ ведут преподавание на русском языке. Более 70% студентов обучается в русских отделениях вузов. На 7 языках — СМИ, на 6 языках — театры. Мир сейчас настолько связан и взаимозависим, начиная от экологии, кончая безопасностью, что интересы одной нации становятся интересами другой, то есть интересами всех народов.

И уж, как говорится, сам Бог велел доверять друг другу нам — государствам бывшего СССР. Доверять, беречь и укреплять наше сообщество. Мы видим, что есть силы, которые хотят развести нас «до конца», ослабить всех, посеять недоверие и вражду. Но ведь народам от этого будет только плохо.

Нельзя не видеть обеспокоенность людей, оказавшихся за пределами 15 государств, составлявших одну страну. К ним относятся и этнические русские, и украинцы, и казахи и другие представители народов.

Это объясняется стремительным распадом СССР, наступившим потом периодом эйфории независимости, а затем осознанием большинством стран необходимости коллективной ответственности за выживание в новых экономических и геополитических условиях. Особенно усилил обеспокоенность, например, у нас — это развал единой рублевой зоны. Вы знаете, что я всегда выступал за интеграцию, прежде всего учитывая человеческие связи, которые у нас есть.

Можно, по-видимому, сказать так: развитие постсоветского пространства сейчас определяется двумя тенденциями. Во-первых, — становлением национальной государственности, и, во-вторых, интеграцией стран СНГ. Все это закономерно. Когда идет бурный научно-технический прогресс, жесткая борьба за рынки сбыта, выжить можно только в объединении. Посмотрите: страны Западной Европы с многовековой государственностью идут на объединение. Они отлично понимают, что мировой рынок жестко поляризуется: Северная Америка, Япония, наконец, азиатские «молодые тигры».

Мы же, республики бывшего Союза, историей и судьбой подготовлены к единому сообществу. Нам присущи одни формы и механизмы связей и управления, общий менталитет, многое другое.

Вопрос в том, что у некоторых политических лидеров, да и не только у них, существует паническая боязнь возрождения империи. Но на это уже никто не пойдет! Речь может идти о новом, равноправном сотрудничестве. Однако от страха закрываются глаза на объективные экономические законы, не зависящие ни от политической конъюнктуры, ни от государственных границ.

Я привожу такие примеры. Скажем, Экибастуз, поставляющий большую часть своего угла электростанциям России. Предположим, что Российская Федерация не будет вкладывать в его развитие деньги. Кто от этого пострадает? Безусловно, в России есть, и в достаточном количестве, месторождения углей. Но сколько туда надо вложить средств на их освоение? Меньше, чем в уже действующий Экибастуз? Навряд ли. То же самое и с Соколовско-Сарбайским комбинатом, снабжающим рудой Магнитку. И наоборот — если мы потеряем поставки из России, то будем вынуждены строить машиностроительные заводы. Сколько на это нужно будет затратить?

Большое видится на расстоянии. И последние встречи глав государств-членов Содружества подтверждают это. Мы довольно далеко отошли друг от друга, и довольно остро ощутили необходимость объединения.

Я давно предлагал снять все таможенные барьеры, открыть границы. И не только предлагал — мы это сделали, например, с Узбекистаном: выгода ощутимая! Почему это не сделать всем?

Хочу поделиться с вами мыслями о дальнейшем развитии нашего Содружества.

К сожалению, на сегодня СНГ не отвечает в полной мере объективным требованиям времени и не обеспечивает интеграцию стран-участниц, в которой наши народы так остро нуждаются. С момента создания Содружества его члены не сближаются, а все больше отдаляются друг от друга. Принято и подписано более 400 документов о сотрудничестве, но почти все они пока еще не действуют.

Назрела необходимость в переходе на качественно новый уровень взаимоотношений наших стран на основе нового межгосударственного объединения, сформированного на принципах добровольности и равноправия. Таким объединением мог бы стать Евразийский Союз (ЕАС). Он должен строиться на иных, чем СНГ, принципах, ибо основу нового объединения должны составить наднациональные органы, призванные решать две ключевых задачи: формирование единого экономического пространства и обеспечение совместной оборонной политики. При этом важно подчеркнуть, что все остальные вопросы, касающиеся интересов суверенитета, внутреннего государственно-политического устройства, внешнеполитической деятельности каждого участника, остаются неприкосновенными и предполагают невмешательство во внутренние дела друг друга.

И здесь слово «Союз» не должно пугать, ведь успешно существуют же Европейский Союз, другие объединения подобного рода.

Парадокс заключается в том, что в Западной Европе политики идут впереди в объединении, а народы отстают. А у нас в СНГ наоборот: народы хотят объединения, а политики отстают. Поэтому на первом этапе мы могли бы начать объединение в ЕАС с Казахстана и России.

Казахстан с Россией связывают прочные узы. Наши народы веками жили вместе, и укрепление добрососедства отвечает кровным интересам миллионов людей, оно неподвластно никаким конъюнктурным соображениям. Хотя поссорить нас охотников в достатке. Я уж не буду упоминать «перекройщиков границ», здесь, как говорится, комментарии излишни.

Конечно, вполне естественно, что, исходя из своего геополитического положения и осуществляя многополюсную ориентацию во внешнеполитической сфере, Казахстан имеет свои приоритеты как внутри СНГ, так и в отношениях со странами дальнего зарубежья. Однако важнейшее значение мы придаем все-таки сотрудничеству с Россией.

С желанием заложить основу, чтобы и в XXI веке наши народы и государства шли вместе, укрепляя доверие, дружбу, я прибыл с первым официальным визитом в Москву.

В эти дни в Москве у нас состоялся ряд исторических, важных встреч на самом высоком уровне, проведены переговоры и подписаны документы, необходимость в которых уже давно назрела. Полагаю, что они послужат основой нового этапа укрепления не только партнерских взаимоотношений между нашими государствами, но и, в какой-то мере, восстановления и развития добрых братских отношений между нашими народами.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымы Үйлестіру кеңесінің отырысында Еуразиялық Одақты қалыптастыру жобасы туралы сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1994 жылдың 3 маусымы

Құрметті депутаттар!

Қазіргі кезде ТМД-ның барлық елдері қоғамдық өмірдің барлық салаларында — экономикада, саясатта, идеологияда, ұлтаралық қатынастарда терең дағдарысты бастан кешіріп отыр, әлеуметтік-экономикалық шиеленіс үдей түсуде. Мұның өзі Мемлекеттер Достастығының дамуы екі тенденция бойынша айқындалып отырған жағдайда өтіп жатыр. Бір жағынан, ұлттық мемлекеттіктің одан әрі қалыптасуы жүріп жатыр. Ал, екінші жағынан, Достастық елдерінің бірігуге деген тенденциясы байқалып отыр.

ТМД мемлекетаралық бірлестік ретінде өзіне енетін елдердің мемлекетаралық қатынастарын құқықтық тұрғыдан хаттауда оң рөл атқарып отыр. ТМД-ның іс-қимыл әлеуеті әлі таусылған жоқ. Бірақ бұған қарамастан қазіргі кезде жұмыс жасап отырған ТМД органдарының құрылымы қолда бар бірігу әлеуетін толық көлемде іске асыруға мүмкіндік бермей отыр. Бұған Достастық елдерінің басшылары ғана емес, сонымен бірге осы мемлекеттер халықтарының басым көпшілігі де назар аударып отыр. ТМД-ның өмір сүрген өткен жылдардағы тәжірибесі бірлесудің жаңа деңгейіне көшудің қажеттігін көрсетіп отыр. Мұның өзі барлық қатысушы мемлекеттердің бірлесе отырып қабылдаған міндеттемелерін қадағалауға кепілдік беретін болады.

Халықаралық тәжірибе кез-келген мемлекетаралық бірлестік өзінің дамуында әртүрлі кезеңдерден өтетінін, ынтымақтастықтың жаңа нысандарымен толыға түсетінін көрсетіп отыр. ТМД-ның елеулі артықшылығы бар — экономиканың бірлесуінің жоғары дәрежесі, әлеуметтік саяси құрылымдарының бірдейлігі және халықтарының қадір-қасиеті, сондай-ақ, көптеген республикалардың сан ұлтты құрамы, жалпы тарихи дәстүрлері бар.

Осының бәрі ұлттық-мемлекеттік құрылыс процесін осы негізде мемлекетаралық бірігу процестерін сақтауды және дамытуды үйлестірудің қажеттігін көрсетеді. Тарихтың тағылымы мынадай: ондаған жылдар бойы қуатты бірігу әлеуетін пайдаланып келген Достастықтың барлық елдерінің бірлескен күш-жігерінің арқасында ғана бүкіл дүниежүзілік қоғамдастыққа бірігуге болатынын дәлелдеп отыр.

Қалыптасқан жағдай ТМД-дағы тұтқаларды жетілдірумен қатар, мұны бірлесудің жалғыз ғана нысанасы ретінде қарауға болмайтынын айқындап отыр. Өмірдің өзі көрсеткеніндей, ТМД елдерінің арғы дамуын ол елдердің әрқайсысындағы ішкі әлеуеттің жеткіліксіздігі тежеп отырғанын байқатты. Бұлардың дамуы советтік ғасырдан кейін кеңістікте жаңа, нарықтық негізде экономикалық бірігу кезінде ғана мүмкін болатынын көрсетіп отыр.

Біртұтас халық шаруашылық кешені құрылымының бізге қалған мұрасы әлі де бүлінуде. Экономикалық байланыстардың күні өткен нысандары қазір өзінен өзі

жойылуда. Сонымен қатар, елдердің таяудағы және алдағы келешектегі экономикалық мүдделеріне сай келетін технологиялық пысықталған байланыстар үзіліп отыр.

Нарықтық өзгерістердің бесаспап заңдылығы бар. Бұл орайда кез-келген ел экономикалық романтизмге бой ұрмауы мүмкін. Бұрынғы одақ елдерінің ондаған жылдардың ішінде қалыптасқан тығыз шаруашылық қарым-қатынастарының негізінде олардың экономикаларын нарықтық реформалау бойынша күш-жігерлерін біріктірген жөн.

Дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, ұжымдық күш-жігер кезінде ғана өтпелі қоғамдар табысты жаңғыртуды жүзеге асыруға қабілетті екенін көрсетіп отыр. Сонымен бірге бұл мәселені ТМД елдерінің жекелеп шешу жөніндегі іс-қимылдарының табыссыз екендігін біз көріп отырмыз. Мұның бәрі экономикалық бірігуді жаңа жағдайда жүзеге асырғанға дейін қала бермек. Басқа жағынан алғанда ол алыс шетелдердегі әлдебір аймақтық экономикалық бірлестіктерге қайта құру жөніндегі әрекеттердің қисынсыз екендігін көрсетіп отыр.

Мемлекеттер үшін сыртқа шығарылатын шикізат жөніндегі баға саясатының келіспеушілігі елеулі проблема болып отыр. Мұның өзі олардың экономикалық жағдайына теріс әсер етуде. Екінші жағынан алғанда, мұның өзі қалыптасқан дүниежүзілік шаруашылық байланыстарына тұрақсыздық элементін енгізіп, үшінші елдерді қатаң санкциялар қолдануға мәжбүр етеді. Біздің мемлекеттеріміз үшін шикізат пен энергия ресурстарын сыртқа шығаруы неғұрлым маңызды табыс баптары болып табылады. Осыған байланысты ТМД елдерінің сыртқа шығару саясатының біртұтас жүйесін құру қажеттігі келіп туады. Осыған орай қатысушы мемлекеттердің барлығының мүддесіне сай келісілген квоталар мен бағаларды сақтамаған жағдайда елеулі шараларды қабылдауды қажет етеді.

ТМД елдеріндегі ұлттық заң шығаруды жетілдіру нарықтық реформаларды табысты түрде жүзеге асыруды қамтамасыз етудің маңызды бөлігі болып табылады. Бұдан арғы жаңғырту шаруашылық қызметінің заң шығару негізін жақындатпайынша мүмкін емес. Өйткені олардың арасындағы орын алып отырған алшақтықтар экономикадағы бірігу процестерінде елеулі бөгет болып отыр.

Нарықтық экономиканы дамытудағы елдердің арасындағы айырмашылықтарды, саяси процестерді демократияландырудағы айырмашылықтарды ескере отырып, біз бірігудің қосымша құрылымын құруды — ТМД-ның қызметімен үйлесетін Еуразиялық Одақты құруды ұсынамыз. Бұл орайда бірігудің түрлі нұсқалары, түрлі қарқындары, ТМД елдерінің дамуындағы әртүрлілігі және қалыптылығы ескерілмек. Мұның өзі ТМД-дағы жаңа экономикалық нысанды құрудың қажеттігін табанды түрде талап етуіне негіз береді. Біздің мақсатымыз — қатысушы мемлекеттердің экономикалық саясатты келісуі және экономикалық реформаларды жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерін қабылдауы.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыс шын мәнінде ТМД-ның барлық мемлекеттерінің көп ұлтты құрамының аясында өтіп жатыр. Осының нәтижесінде ішкі мемлекетаралық шиеленіске емес, сонымен қатар бірқатар жағдайларда мемлекетаралық жанжалдарға ұласып жатқан этникааралық шиеленістерге ұласуда. Мұндай жағдай Тәуелсіз Мемлекеттер одақтастығы институтының өзіне абырой әпермей отыр. Демек, бірлескен күш-жігердің арқасында алуан түрдегі жанжалдарды тежеу, оқшаулау және жою тұтқаларын талдап жасау жөніндегі бірлескен күш-жігерлерін қажет етеді.

Қазіргі кезде ТМД-ның барлық елдері мемлекеттік құрылыстың нысандарын, ішкі жағдайларға барабар келетін нысандарды іздестіруде. Бірақ, тәжірибе көрсетіп отырғанындай, ТМД мемлекеттерінің бірегей де, федеративті де нысандары толық дәрежесінде тұрақты деп мойындалмай отырғанын көрсетуде.

Экономикалық бірігудің мәселелерін шешу өкілеттіктердің жеткілікті көлемінде негізі бар саяси институттарды құрудың қажеттігін талап етіп отыр. Бұлар, сайып келгенде, мемлекеттердің экономикалық саяси, құқықтық, экологиялық, мәдени, білім беру өзара қарым-қатынастарын реттеудің қызметтерін біріктіреді.

Сонымен, неғұрлым жоғары деңгейдегі өзара қарым-қатынастардың кедергілерін жою және бір мезгілде олардың құралдарын жасау жөніндегі уақыт келіп жетті.

Қазіргі сәтте ғылым, мәдениет, білім беру саласында оқшаулану үдерісі жүріп жатыр. Бір кездегі мәдени-білім беру кеңістігі қазір үзіліп жатыр. Осындай жағдайда «ғылымда жоқ шекара» деген пайымдаудың өзі орынсыз болып отыр. Шиеленісіп отырған экономикалық қиындықтардың аясында ғылым, мәдениет білім беру салаларынан мамандардың шеттеп кетуі белең алып, зиялылық әлеуетінің кемуі, білім берудің деңгейі мен сапасының төмендеуі байқалып отыр. Бұл үдерістер бір кездегі біртұтас жүйенің үзілуіне әкеліп қана қоймай сонымен бірге дүниежүзілік өркениеттің мәдени-ғылыми жетістіктерінен оқшаулануға әкеліп отыр.

Сонымен бірге экономика мен саясаттағы бірігу үдерістерін жеделдетуге деген ұмтылыс мәдениет, білім беру және ғылым саласындағы келіскен саясатты сақтау мен дамытуға сүйенуі тиіс. Жаңа білімді алу мен іске асыру жөніндегі үдерістерді интернационалдандыруды сақтау және нығайту қажет. Ғылыми-техникалық саладағы зерттеулер мен талдамаларды біріктіру жалпы алғанда ғаламдық дәрежеде өнеркәсіп қызметінің ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Кеңестік заманнан кейінгі кеңістікті дүниежүзілік мәдени және ғылыми қауымдастықтан оқшаулау технологиялық саладағы артта қалудың жаңа кезеңінде апарып соғуы мүмкін.

Жаңа мемлекеттер үшін аумақтық біртұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету түйінді міндеттердің бірі болып табылады. Қазіргі кезде кеңестік заманнан кейінгі кеңістік тұрақсыздықтың аймағы, алуан түрдегі жанжалдардың үйлесу аймағы, сондай-ақ, ТМД-дан сырт жердегілердің ықпал ету ошағы болып отыр. Сыртқы шекараларды қорғау және жанжалды аймақтардағы жағдайды тұрақтандыру барлық мүдделі мемлекеттердің бірлескен күш-жігерлерінің арқасында ғана жүзеге асырылуы мүмкін және қатысушылардың қорғаныс сипатындағы мәселелерге қатысты келісілген көзқарастарын талап етеді.

Экологиялық қауіпсіздік проблемасы ТМД елдеріндегі толғағы жеткен және шешілмеген мәселелердің бірі болып қалып отыр. Экологиялық шиеленіс бірқатар себептерге байланысты. Бұған ядролық қаруларды сынауды, атом электростансаларының қызметін қоршаған ортаны өнеркәсіп қалдықтарымен ластауды, адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде табиғи ортаны аздыруды (су бассейндерінің тартылуын, ормандарды отауды, топырақ эрозиясын және т.б.) қосуға болады.

Бұл проблемалар ТМД-ның барлық елдері үшін шын мәнінде көкейкесті, өйткені, экологиялық апаттың негізгі аймақтары, әдетте, шекаралық аудандарға орналасқан. Бұл проблемалар қалыптасқан технологиялық базалардың

шаруашылық қызметін жүргізу тәсілдерінің ортақтығынан туындаған. Ал, бұлардың негізіне шаруашылықты экстенсивтік түрде жүргізу бағыты алынған болатын. Бүгін таңда осы проблемалардың бірде-бірін бір ғана, тіпті, ең ірі мемлекеттің дербес күш-жігері арқасында шешу мүмкін емес. Қоршаған ортаны сақтау ірі қаржы жұмсауды, барлық мемлекеттердің бірлескен күш-жігерін талап ететін ғаламдық тұрғыдағы міндет.

Талқылау үшін «Еуразиялық Одақ» (ЕАО) деген шартты атпен жаңа интеграциялық бірлесуді құру жөніндегі жоба ұсынылып отыр.

Еуразиялық Одақ (ЕАО)

ЕАО — тең құқылы Тәуелсіз Мемлекеттердің одағы. Ол ортақ бірлескен әлеуеті бар әрбір қатысушы елдің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған. ЕАО егемен мемлекеттердің кеңестік заманнан кейінгі кеңістікте тұрақтылық пен қауіпсіздікті, әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуды нығайту мақсатымен бірлесу нысаны болып табылады.

Экономикалық мүдделер Тәуелсіз Мемлекеттердің жақындасу жөніндегі негіздерін айқындайды. ЕАО-ның саяси институттары осы мүдделерді барабар бейнелеуге және экономикалық бірігуге жәрдемдесуге тиіс.

I. Бірлесу принциптері

Еуразиялық Одақты құрудың төмендегідей принциптері мен механизмдері ұсынылады:

- мемлекеттердің ЕАО-ға кіруі туралы ұлттық референдумдар өткізу немесе парламенттердің шешімдерін шығару;

- шартқа қатысушы мемлекеттердің ЕАО-ны теңдік, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау, егемендікті, аумақтық тұтастықты және мемлекеттік шекаралардың бұлжымастығын құрметтеу негізінде құру туралы шартқа қол қою. Шарт экономикалық, валюталық және саяси одақты құру бағытындағы бірлесу істе тереңдету жөніндегі заңдық және ұйымдық алғы шарттарының негізін қалауға тиіс;

- ЕАО-ға қауымдастық мүшелігіне жол берілмейді;

- ЕАО-ға қабылдау жөніндегі шешім қатысушы елдердің жалпы санының білікті көпшілігі — 4/5 дауыс беру принципі негізінде жүзеге асырылады.

ЕАО-ға Тәуелсіз мемлекеттер төмендегідей алғышарттарды орындаған жағдайда ғана ене алады:

- мемлекетаралық қабылданған келісімдерді міндетті түрде орындау;

- ЕАО-ға қатысушы елдердің қалыптасқан мемлекеттік-саяси институттарын өзара мойындау;

- шекаралардың аумақтық біртұтастығы мен мызғымастығын мойындау;

- мемлекетаралық қарым-қатынастарда экономикалық, саяси және басқа нысандағы қысым көрсетуден бас тарту;

- өздерінің арасындағы соғыс іс-қимылдарын тоқтату.

ЕАО-ның құрамына жаңа елдердің кіруі олардың ЕАО-ға кіру жөніндегі әзірлігі туралы сараптық қорытындылар жасалғаннан кейін, ЕАО-ның барлық мүшелерінің бірауыздан дауыс бергенінен кейін жүзеге асырылады. Сараптық қорытынды ЕАО-ға мүше болуға ниетін білдірген мемлекеттермен паритет негізінде құрылған органдарға беріледі.

ЕАО мемлекеттері басқа да бірлескен бірлестіктерде, соның ішінде ТМД-да да, қауымдастық немесе тұрақты мүшелік негізінде қатыса алады немесе бақылаушы мәртебесіне ие бола алады.

Әрбір қатысушы басқа мемлекеттерді кем дегенде шешім қабылданғанға дейін 6 айдан қалдырмай алдын-ала хабардар еткеннен кейін ЕАО-дан шыға алады.

Ұлттан тыс төмендегідей органдарды қалыптастыру ұсынылады:

- ЕАО мемлекеттер басшыларының және үкімет басшыларының кеңесі — ЕАО саяси басшылығының жоғары органы болып табылады. Әрбір қатысушы мемлекет ЕАО-да орыс әліппесіне сәйкес 6 ай бойынша төрағалық етеді.

- Жоғары консультациялық-кеңестік орган ЕАО-ның Парламенті болып табылады. Парламент әрбір қатысушы елдің тең өкілділігі немесе тікелей сайлау негізінде қатысушы мемлекеттер парламенттерінің депутаттарын ұсыну жолымен құрылады. ЕАО Парламентінің шешімі ЕАО мемлекеттері парламенттерінің мұны бекіткеннен кейін күшіне енеді. Бекіту жөніндегі мәселе 1 айдың ішінде қаралуға тиіс.

ЕАО Парламенті қызметінің негізгі бағыттары бірыңғай экономикалық кеңістікті дамытуды қамтамасыз ететін қатысушы елдердің заң шығару қызметін үйлестіру, адамның әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді шешу, мемлекеттік егемендікті және ЕАО мемлекеттеріндегі азаматтардың құқықтарын өзара құрметтеу болып табылады.

- ЕАО Парламенті арқылы қатысушы мемлекеттердің шаруашылық жүргізуін субъектілерінің өзара қарым-қатынастарын реттейтін ортақ құқықтық базаны;

- сыртқы саяси қызметті үйлестіру мақсатымен ЕАО Сыртқы істер министрлерінің кеңесін;

- тұрақты жұмыс істейтін атқару-бақылаушы орган — ЕАО-ның мемлекетаралық атқару комитетін (атком) құрады.

Аткомның басшысы қатысушы елдер өкілдерінің ішінен ЕАО мемлекеттері басшыларының ұсынуымен белгілі мерзімге кезектесіп тағайындалады. Аткомның құрылымы барлық қатысушы елдер өкілдерінің ішінен құрылады.

ЕАО өзінің Аткомы арқылы бірқатар ірі халықаралық ұйымдарда бақылау мәртебесіне ие бола алады.

ЕАО Атқару комитетін Ақпарат бюросы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа нұқсан келтіруі мүмкін осы елдер атына қаскөй пікірлердің орын алынуына жол бермеу туралы қатысушы елдердің арнайы міндеттемелерін немесе заңдарын қабылдау.

- Білім беру, мәдениет, ғылым мәселелері бойынша кеңес. Келісілген білім беру саясатын, мәдени, ғылыми ынтымақтастық пен алмасу саясатын қалыптастыру, оқулықтар, құралдар жасау жөніндегі бірлескен қызмет;

- ЕАО елдері қызметінің неғұрлым терең үйлесу және тиімді ісі мақсатында осы елдерде ЕАО-ның істері жөніндегі мемлекеттік комитетті (министрлікті) құру;

- ЕАО елдері министрлерінің деңгейінде денсаулық сақтау білім беру, еңбек және жұмыспен қамтамасыз ету, экология, мәдениет, қылмыспен күресу және т.б. мәселелері бойынша тұрақты кездесулер мен консультациялар өткізу;

- ЕАО-ға қатысушы елдердің ұлттық заңдарына сәйкес ынтымақтастықтың түрлі салаларындағы үкіметтік емес ұйымдардың қызметін ынталандыру. Тіл жөніндегі ұлттық заңдардың қызмет атқаруымен бірге ЕАО-ның ресми тілі орыс тілі болып табылады.

Азаматтық, ЕАО-ның шекарасында азаматтардың еркін барыс-келісі үшінші елдерге қатысты ішкі үйлестіруді, виза саясатын талап етеді. ЕАО аймағында тұру жөніндегі елді ауыстыру кезінде әрбір адам өзінің қалауынша басқа елдің азаматтығын бірден ала алады.

ЕАО-ның астанасы ретінде Еуропа мен Азияның түйіскен жердегі қалалардың бірін, мәселен, Қазан, Самара қалаларын ұсынуға болады.

II. Экономика

ЕАО ауқымында Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру мақсатымен ұлттан тыс бірқатар үйлестіруші құрылымдарды құру ұсынылады:

- ЕАО мемлекеттері басшыларының кеңесі жанындағы экономика жөніндегі комиссия. Ол ЕАО ауқымында экономикалық реформалардың негізгі бағыттарын ұлттық мемлекеттердің мүдделерін ескере отырып талдап жасайды және оларды ЕАО мемлекеттері басшылары кеңесінің бекітуіне ұсынады;
- ЕАО-ның сыртқа шығарушы шикізат ресурстары жөніндегі елдерінің комиссиясы. Бұл сыртқа шығарылатын шикізат тауарлары мен энергия көздеріне деген бағалар мен квоталарды келісу және бекіту, тиісті мемлекетаралық келісімдерге қол қою мақсатында құрылады. Алтын және басқа да бағалы металдарды қазып алу, сату саласындағы саясатты үйлестіру;
- экономикалық және техникалық ынтымақтастық істері жөніндегі қор. Бұл ЕАО елдерінің үлестері есебінен құрылады. Қор ғылымды көп қажет ететін келешегі зор экономикалық және ғылыми-техникалық бағдарламаларды қаржыландырады. міндеттердің кең тобын, соның ішінде құқықтық, салықтық, қаржылық, экология және т.б. мәселелерді шешуге көмек көрсетеді;
- мемлекетаралық қаржы-өнеркәсіптік топтар және бірлескен кәсіпорындар бойынша комиссия;
- ЕАО-ның халықаралық инвестициялық банкісі;
- ЕАО-ның экономикалық мәселелер жөніндегі мемлекетаралық арбитражы; ол даулы мәселелерді құқықтық жолмен шешеді және айыптық санкцияларды салады;
- Есеп айырысу жөніндегі ақшалай бірлікті (аудармалы рубль) енгізу жөніндегі комиссия.

III. Ғылым, мәдениет, білім беру

Осының алдындағы ондаған жылдар ішінде қол жеткізілген әлеуетті сақтау және осы саладағы бірлесуді күшейту жөніндегі бірқатар шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

- қазіргі заманғы білім саласындағы іргелі зерттеулер жөніндегі ЕАО-ның ортақ зерттеу орталықтарын құру;
- түрлі елдердің ғылыми ұжымдарын біріктіретін ЕАО-ның ғылыми-зерттеулерді дамыту жөніндегі қорын құру;
- ЕАО үкімет басшыларының кеңесі жанындағы мәдениет, ғылым, білім беру саласындағы байланыстар мәселелері жөніндегі комитетті құру;
- мәдени-білім беру және ғылыми саладағы үкіметтік емес қауымдастықтар мен бірлестіктерді құруға жәрдемдесу;
- ЕАО аткомы жанындағы стипендиялық қорды тағайындау.

IV. Қорғаныс

ЕАО ауқымында төмендегідей келісімдерді жасау ұсынылады:

- ЕАО-ға мүше елдердің, ұлттық қарулы күштерін нығайту және ЕАО-ның сыртқы шекараларын қорғау жөніндегі бірлескен іс-қимылдары туралы шарт;

- ЕАО қорғаныс қызметін үйлестіру мақсатымен бірыңғай қорғаныс кеңістігін құруды көздейді;

- ЕАО-ның ұжымдық бітімгер күштерін оған қатысушы елдер мен олардың арасындағы тұрақтылықты қолдау және жанжалдарды тыю. ЕАО-ға қатысушы мемлекеттердің, келісімімен халықаралық құқықтық нормаларға сәйкес ЕАО ауқымында жанжалды аймақтарға бітімгер күштерді жіберу;

- ЕАО-ға қатысушы мемлекеттердің халықаралық ұйымдарға, соның ішінде БҰҰ-ның қауіпсіздік кеңесіне, бітімгершіл күштердің бірлескен контингенті мәртебесін беру туралы ұжымдық өтінішпен енгізу;

- халықаралық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен ядролық қарусыздану проблемалары жөніндегі мемлекетаралық орталықты құру;

- ЕАО-ның барлық мемлекеттері, Ресейден басқа, ядролық, қарусыз мәртебесін сақтайды.

V. Экология

Таяудағы уақыттың ішінде төмендегі тұтқаларды құру қажет:

- ЕАО мемлекеттері басшылары кеңесінің жанындағы экология жөніндегі қор. Ол ЕАО ауқымында экологиялық бағдарламаларды және қатысушы мемлекеттердің барлығы қаржыландыратын экологиялық бағдарламаны жүзеге асырады;

- Экологиялық ластану деңгейін төмендету жөніндегі халықаралық ұйымдар мен іс-қимылдарды үйлестіру;

- Қоршаған ортаны қалпына келтірудің ірі проблемалары және экологиялық апаттардың салдарын жою жөніндегі (Арал, Чернобыль, Семей ядролық полигоны) қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламаларын қабылдау;

- ЕАО-ның ядролық қалдықтарды көму жөніндегі мемлекетаралық шартты қабылдау.

Тарих бізге XXI ғасырға өркениетті жолмен енуге мүмкіндік беріп отыр. Кеңестік заманнан кейінгі дамудың қисынын және бұрынғы КСРО халықтарының бірігуге деген ниетін білдіретін Еуразиялық қоғамды құру жөніндегі бастаманың біріктіруші әлеуетін жүзеге асыру — біздің ойымызша осындай мүмкіндіктің бірі болмақ.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымының I сессиясындағы «Реформаларды тереңдету мен жалпыұлттық келісім арқылы — жаңартылған Қазақстанға» атты Жолдауы

Алматы қаласы, 1994 жылдың 9 маусымы

Құрметті Жоғарғы кеңестің депутаттары!
Құрметті төраға!

Еліміздің жаңа кәсіби парламентінің жұмысы басталғаннан бері бүгінгі күнге дейін, егер біздің өмірімізде болып жатқан үдерістер қарқынының ұшқырлығын ескеретін болсақ, біраз мезгіл өтіпті. Парламенттік құрылымдар мен жұмыс органдарын қалыптастыру, барлық әзірлік істерін аяқтау және белсенді заң шығарушылық жұмысты бастау үшін бұл жеткілікті мерзім деп санаймын. Сондықтан да менің, бұған дейін келісілгеніндей, сіздерге Президенттік жолдау сөз арнауымның барлық негізі бар.

Конституцияның маған берген құқықтарына сүйене отырып, қазіргі жағдайға жасалған талдауды басшылыққа ала отырып, мен Қазақстанның мемлекеттігін нығайтудың, біздің ішкі және сыртқы саясатымыздың таяу болашаққа, одан да алыс перспективаға арналған өзекті бағыттарына өз көзқарасымды баяндап өтпекпін. Мұның өзі, бұрын болып келгеніндей, жаппай «мақұлдауға» немесе дауысқа салуға мұқтаж емес, қайта керісінше, ой елегінен өткізуге және Жоғарғы Кеңестің ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік үкімет пен басқарудың барлық институттарының практикалық қызметінде жүзеге асыруға жататын саяси құжат екенін атап көрсеткім келеді.

Жолдауда да, оның белгілі бір дәрежеде құрамды бөлігі болып табылатын менің осы сөзімде де, мен аймақтар мен экономика салаларының ағымдағы барлық мәселелері немесе нақты проблемалары бойынша пікір айтуды мақсат етіп тұрғаным жоқ.

Өзімнің міндетімді біршама кең тұрғыда көріп тұрмын — мемлекетті өкіметтің жоғары буындарының өкілдері болып табылатын, халық өзінің тағдырын, өзінің болашағын сеніп тапсырған адамдарды, сондай-ақ саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстарды дүниеге нақты қарауға, қалыптасқан жағдайға бұра тартпастан баға беруге, дұрыс қорытынды жасауға және, сайып келгенде, ұйымшыл да сындарлы жұмыс істеуге шақырамын.

Республикадағы жағдайға баға беруде бізде принципті алшақтық жоқ деп ойлаймын. Ол негізінен келеңсіз үдерістермен және тұрақсыз құбылыстармен сипатталып отыр. Дағдарыс және оның құлдырау, инфляцияның өршуі түрінде көрініп отыратын ең шетін көріністері экономиканы тұрақтандыру жөніндегі біздің көптеген күш-жігерімізді жоққа шығарып, азаматтардың иығына ауыр жүк болып түсуде. Бұл шындығында да солай және ешкім де осы фактіні теріске шығара алмайды.

Алайда, анықталып отырғанындай, бізде көптеген адамдар себеп пен салдарды, мақсаттар мен оларға қол жеткізудің құралдарын әлі күнге дейін шатыстырумен келеді. Айтыс қызуына беріліп, дағдарыстың себептері реформалардың өзінде жатыр, бағытты таңдауда қателік жіберілді деп дәлелдеуге тырысатын күштер де табылуда. Бағытты, сонымен бірге ақылға келетін де, келмейтін де қасіреттерге

кінәлі-міс деп есептеп, үкіметті ауыстыруды ұсынуда. Президент те, Жоғарғы Кеңес те, бұрынғысы да, қазіргісі де назардан тыс қалмай отыр.

Өзекті өртеген өкінішімізге қарай, дағдарыстар себептерінің бүкіл қыр-сырына және бастан кешіріліп отырған кезеңіміздің бірегейлігіне талдау жасауға тәуекел ететін біздің саясатшыларымыз, мемлекеттік қайраткерлеріміз немесе жайбарақат қалғып-мүлгіп отырған экономика ғылымы саласындағы ғалымдарымыз тіптен аз.

Бастапқыда өзіміз үшін бірнеше мәселені дұрыс тұжырымдап алайықшы. Қазіргі дағдарыстың қайнар-бастаулары қайда жатыр, оның бастапқы себептері неде? Ол үкімет жүргізіп отырған реформалардан және басқа факторлардан туындаған ба? Және, ақыр аяғында біз бүгін тап болып отырған жағдайдан шығатын жол бар ма?

Әп дегеннен-ақ бір мәнді айтайын: дағдарысқа киліктірген реформалар емес, қайта , керісінше, бізге ыдыраған одақтан мұраға қалған дағдарыс одан шығудың жолдарын іздестіруге итермелеп, реформалар жолына түсуге мәжбүр етті. Біз егемендікке ие болған кезде экономикамыздың іріп-шіру дертіне душар болғанын бір сәт еске түсірейікші. 1986 жылдан бастап КСРО-ның және барлық республикалардың экономикасы барлық өзекті көрсеткіштер бойынша күрт нашарлай бастады. Бірақ біздің санамыз ол кезде осы жәйттің өткірлігін бүкіл болмысымен қабылдай алмады. Біз ел астанасында бәрін де біледі, бәрін де істейді және қажет нәрсенің бәрін де береді деген біртұтас мемлекеттің ауқымдарымен өмір сүрдік. Ол шынында да беретін, бірақ ойсыратып та алатын. Ал соңғы жылдары берген нәрселерінің басым бөлігін сыртқы қарыз ретінде есептей бастады. Қазақстанда жалпыұлттық өнімнің құлдырауы ол кезде 7% болды. Бірақ бұл тек алғашқы дабыл қоңырауы еді.

Жария етілген қайта құру іс жүзінде басталмастан қалды, өйткені, Кремльде қай жаққа қарап қайта құрылу, қандай түрде және қандай мерзімде қайта құрылу керек екенін білмеді. Бүкіл халық белгісіздік жағдайына душар болды, мұның шектен шыққан келеңсіз зардаптары болатын. Экономика мен саясатта басталған эксперименттер іріп-шіріген жүйенің күйреуін тездетті, қоғамдық-саяси құрылысты өзгерту және экономиканы реформалау қажеттігін түсінуге жеткізді.

Астам держава ыдырағаннан кейін, жаппай дағдарыстың сығымдалған серіппесі одан әрі шиырылып, ақыр аяғында өзегінен шығып кетті де, бізді, бұрынғы одақтас республикалардың бәрін қардай бораған өткір проблемалардың астына көміп салды. Тек қазір ғана, тәуелсіздіктің үшінші жылында, біз, былайша айтқанда, бұрынғы империяның шикізат отары ретіндегі сыңаржақ дамуымыздың бүкіл салдарының салмағын енді ғана өз жан-тәнімізбен сезудеміз.

Оқиғалардың өрбуінің ықтимал нұсқаларын есептеу келіп, әсіресе соңғы жылдары Қазақстан басшылығы Мәскеудің алдына, мәселен, біздің металлургия өнеркәсібімізде үшінші және төртінші өлшемдер құру туралы, жалпы одақтық қорларға ауыл шаруашылық өні мін беруді кеміту туралы, басқа салалар мен аяларда дербестікті кеңейту туралы мәселелерді талай рет қойғанын еске сала кеткім келеді. Бірақ олардың бірде-бірі оң шешімін таппады. Табуы да мүмкін емес еді: бізді бұрынғы сапада ұстап тұру тиімді болатын, ал мұның зардаптары ешкімді толғандырған емес.

Тоталитарлық партиялық-саяси құрылыс күйреді, держава ыдырады, бүкіл құрылымды уысында ұстап келген «жұдырық» ашылды. Бірақ сонымен бірге біз аса қуатты материалдық, қаржылық және инвестициялық тасқындар ретінде келіп жатқан қорек көзінен де айырылдық. Одақ үшін қажет өндірісті қоректендіріп келген күретамырлар тірілей қиып тасталды, бұған айырбас ретінде біз өзімізге қажетті кейбір тауар түрлерін алып келгенбіз.

Бірақ осыған басқаша, енді бүгінгі күннің биігінен қарайықшы. Ал бұл қандай да болсын бастаманы тұншықтырудың және шектен шыққан масылдықты тәрбиелеудің аса қуатты аспабы болатын, осы масылдық көріністерінен біздің бүгінгі өмірімізде де аяқ алып жүре алмайсыз.

Осыған байланысты Өскемендегі 1-ші мамыр митингісінің қарарын еске түсіріп тұрмын. Онда социализмнің идеологиясы мен практикасына қайтып оралу, КСРО-ны қалпына келтіру сияқты талаптар баяндалған болатын. Алайда, егер мәселенің мән-жайына мұқият бойлар болсақ, проблеманың астары мынада жатыр. Соңғы жылдардың бәрінде қала Орта мәшине жасау министрлігі және Түсті металлургия өнеркәсібі министрлігі сияқты одақтық алпауыттардың қажетіне жұмыс істеген өнеркәсіп алыптарының есебінен дамып келеді. Олар адамдарға жұмыс және далаға тыныс-тіршілік беріп отырды. Енді олар жоқ, сонымен қатар, оларға қажет өнімге тапсырыстар жоқ. Республикада ондай өнімді сол көлемде өндіруге қазір қажеттілік те жоқ. Үлбі металлургия зауытында бериллий өндірісі оның экологиялық қауіптілігінің жоғары болуы себепті азаматтардың талабы бойынша жабылғанын еске түсіруге болады.

Бірақ мұндай митингілердің негізгі бастамашылары көп ретте көлеңкеде қалуды артық санайтын басқа күштер болып табылады. Көбінесе осы бұрынғы және қазіргі басшылар, қоғамдық көшбасшылар, өздерінің қарекетсіздігін бүркемелей отырып және күрделі жағдайды пайдалана отырып, көкірегінде өз өндірістерін қайта бағдарлау жөнінде ешқандай идеялары жоқ басшылар көптеген адамдардың басын айналдырып бітті. Рас, осындай, онша үлкен болмаса да, бірақ арандату әрекеттерінің дәні әзірше сол аялап өсірген масылдықтың нәрлі топырағына түсуде. Ештеңе өндірместен немесе сұраным таппайтын өнім шығара отырып тұрақты жалақы алу дағдысы бізде әлі де басым.

Өзімізге мынадай сұрақ қояйықшы: осынау «халық қамын жеушілер» бізді қандай социализмге — И.В. Сталиннің казармалық немесе болашақ ұрпақтардан бәрін де қарызға алып, шынын айтқанда елді және республикаларды тонаған Л.И. Брежневтің жалпыға бірдей теңгермешілік социализміне қайтарғысы келе ме? Немесе тонайтын түк қалмаған тек құр уәде ғана берілген М.С. Горбачевтің «адам бейнелі» социализміне қайтарғысы келе ме?

Бірақ өткенге қайтып оралудың жоқ екені баршаға аян ғой. Оның үстіне бізде бұл социализм тіпті өткен кездің өзінде де атымен болған емес. Тарихтың қайталануы да мүмкін емес. Егер мұндай кездесетін болса, онда бірінші ретте ол қасірет түрінде, екіншісінде дабыра түрінде болатыны белгілі. Бізге мұның екеуі де жарамайды. Біз нарықтық экономика және демократиялық қоғам құру жолын жете түсініп және бүкіл халық болып таңдап алдық. Бұл жол адамзат өркениет дамуының барлық барысымен талап етілген және оны айқын түсінген сезімімен жүріп отыру керек. Бұл — біздің болашағымыз.

Сонымен қатар осы қорға түскеннен кейін біз оның объективті заңдылықтары, сөзсіз қиыншылықтары арқылы жүріп өту үшін және дүниежүзілік дамудың ережелерімен әрекет ету үшін осылардың бәрін біліп, соған дайын болуға тиіспіз. Мұндайларға шетін атрибуттары тән дағдарыстық құбылыстар да жатады. Бұлардан дүниежүзінің бірде-бір елі айналып өтіп кете алмады. Америка, Франция, Англия, Түркия, Германия, Үндістан және басқа елдер ұлы күйзеліс пен құлдырауды бастан кешірді. Тек сілкіністер күші ғана әртүрлі болды. Нарықтың қалыптасуының барлық «кедергілерін», мәселен Оңтүстік Шығыс Азияның «жолбарыстары» атанған кейбір

елдер ғана жеңілдеу өтті. Жекелеген елдер әскери төңкерістер мен азамат соғысына килікті, Латын Америкасында нақ осылай болды және планетаның басқа да кейбір аймақтарында қазір осылай болып жатыр.

Өз дағдарысымызды жеңе отырып, біз басқалардың тәжірибесін шебер пайдалануға тиіспіз. Бірақ бұл орайда өзгенің практикасын сол күйінде кешіре салу туралы әңгіме болмайтынын да ескеру керек. Біздің өтпелі кезеңіміздің өз ерекшеліктері бар екені айдан анық, олар ең алдымен экономиканың сыртқы факторларға барынша тәуелді және оның дамуы деңгейінің тым әлсіздігіне байланысты, мұның өзі бұрынғы одақтың барлық республикалары үшін сипатты жәйт. Алайда дүниежүзілік экономикада болып жатқан үдерістерді жақсы біліп, талдау жасау міндетті түрде қажет.

Нақты жағдайды басшылыққа ала отырып ілгерілеу бағытын дұрыс таңдау, кезеңдерді шеберлікпен айқындау, тактиканы белгілеу ғана емес, сонымен қатар қажетті тетіктерді кезінде іске қоса білу де маңызды. Жолдауда әңгіме де осы жайында. Оларды сан алуандығы мен күрделілігін айқын да жете түсіну үшін мен, өз көзқарасым бойынша, дамудың оңтайлы нұсқасының аса маңызды бағыттарын атап өтсем деймін.

Бұл жұмыстың өзегінде мыналар болады: егеменді мемлекет пен нарықтық экономика талаптарын формальды түрде емес, нақты ескеретін ақша-несие және банк реформаларын жүргізу. Оның өзекті міндеті — жүгенсіз кеткен инфляцияны ауыздықтау және ұлттық валютаны нығайту. Өткен жылдың аяғында біз ұлттық валютаны енгізіп, өз дамуымызда елеулі тарихи бетбұрыс жасадық, сөйтіп біз реформаларды жүргізудің өзіндік және нақты тұтқаларына ие болу құқығына қол жеткіздік. Және жарты жыл ішінде бұл бағытта біраз нәрсе істелді. Жанжақты қамтитын жекешелендіру бағдарламасын қабылдадық, саудада кеңінен ырықтандыру жүргіздік, экономикаға мемлекет тарапынан араласуды қысқарттық, қаржы-несие саясаты барынша батыл жүргізілетін болады. Қысқасы, қиын жолдан өттік. Әу бастан-ақ бұл шаралар оң нәтижелерін бере бастады.

Бірақ келесі, шешуші қадам жасайтын уақыт туды. Ол теңгені нығайтып, оның нарқын тұрақтандыруға және инфляцияны ауыздықтауға жай ғана бағдарланбауға тиіс. Ол осы міндетке шын мәнінде қол жеткізілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Қаржы тәртібін нығайтуға батыл түрде бару керек. Бюджет саласындағы сияқты банктер мен кәсіпорындардың қызметі саласында да осылай ету керек.

Өйтпейінше біз экономиканы сауықтыра алмаймыз, инфляцияның өсуін тоқтата алмаймыз, инвестициялар үшін қаражат болмайды, кредит ресурстары да болмайды. Сонда ауыр дағдарыс пен әлеуметтік күйзеліс кезеңінде онсыз да қатты шайқалған адамгершілік санатымызға дейін бәрі де құнсыздана бастайды. Адамдар өмірі одан бетер нашарлайды. Өрекпіген гиперинфляция — кез келген экономикалық жүйенің өмір сүруінің соңғы табалдырығы, үмітіміздің толық күйреуі басталады.

Қаншалықты ауыр болғанымен, бізде қаржы тұрақтандырудың бірден-бір жолы қалғанын — айлықақы, зейнетақы және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі жәрдемақы төлеуге жұмсалатын өмірлік аса қажетті қаражатты қоспағанда, мемлекеттің барлық шығынын қысқарту екенін бүкіл қазақстандықтарға барлық жауапкершілікпен айтатын уақыт жетті.

Бұл кәсіпорындарға тікелей де, жабық түрде де берілетін дотациялардың кез келгенін тоқтату деген сөз. Олардың бюджеттен қаражат алуы доғарылып, ал кредит нақты әрі тиімді бағдарламалар мен жобаларға шектеулі мөлшерде берілуге тиіс.

Зиян шегіп отырған кәіпорындарды ең таяу уақытта банкроттыққа ұшырату керек. Салықтар мен бажға қатысты жеңілдіктің бәрін жою қажет. Мемлекет кәсіпорындар мен банктердің күмәнді берешектері немесе өтелмеген төлемдерін жабу жөнінде үкімет атынан ешқандай жауапкершілік алмауға тиіс. Өкілді, сот және атқарушы өкіметтің мемлекеттік органдарын ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту керек.

Екінші жағынан, телекоммуникация мен көлік, энергетика және басқалары сияқты өзекті салаларды реформалау ісіне қатыстыру үшін ірі-ірі шетелдік инвесторларды тарту жөнінде қабылданған шешімдердің жүзеге асырылуын тездету керек. Солар бойынша халықаралық тендерлер өткізу керек. Мұның өзі істі біліп, түсінікті әрі аса тиімді болып жүргізілетін болсын.

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтің барлық түрінің бағасын босату қажет. Нанның бағасын босата отырып, табысы аз адамдарға оның айырмасын төлеу қажет. Сөйтіп, мұның өзі адамдарымыздың осынау тетікті түсініп, қабыл алу үшін оны «сірестірмей», қайта сауатты да мінсіз атқару қажет. Жалпы алғанда, үкіметтен бюджеттің шығысы мен кірісіне қатаң бақылау жасауды талап етемін. Ал біздің Қаржымині кірісті қалыптастыруда тым әлсіз, шығыс туралы әңгіме болған кезде тым көңілшек. Ахуал өзгергенімен, бюджет атқаруға келгенде қатаң болуға тиіс. Жеке салалардың немесе экономика аясының пайдасына қандай да болсын қысым көрсетуді немесе қолпаштауды батыл тоқтату керек. Бюджет мемлекеттік саясат тұтқасы, сондықтан оны корпоративтік, аймақтық және басқа мүдделердің ыңғайына көніп, талан-таражға түсіруді тоқтату қажет.

Ұлттық банк жөніндегі жағдайды батыл түрде өзгерту қажет. Біз түрлі мақсаттар үшін онымен жеткілікті уақыт бойы айла-шарғы жасадық. Тек басты мақсат үшін емес. Әуел баста оны Жоғары Кеңеске бағындырдық. Бұдан не шықты? Ол тікелей парламент сессиясына бағынышты болды емес пе? Оған Экономикалық реформа жөніндегі комитет басшылық жасады, ал онда бірде-бір банк маманы болған жоқ. Тек жаңа бюрократия үшін әбден қисынды өзгеріс жасалды — «телефон құқығы» партаппараттан парламент аппаратына көшті.

Қазір Ұлттық банктің басқармасына үкімет басшыларын енгіздік. Бірақ бұл да тиімді бола қойған жоқ. Оны қандай да болсын бағыныштылықтан және өкілді де сондай-ақ атқарушы органдардың қамқорлық жасауынан шығару қажет, сөйтіп, теңгені тұрақтандыру жөнінде шындап жұмыс істеуін қатаң талап ету қажет.

Мұндай шешімдер қабылдау және нақ осындай бюджетті бекіту маған да, сіздерге де ауыр екенін білемін. Баршамызға қиын соғатынын да білемін. Кәсіпорындар тоқтайды, көптеген жұмыссыздар пайда болады, наразылық білдірушілер болады, тағы да митингіге және басқаларына шақырушылар да табылады, күнәһарлардың бәріне, ең алдымен мені, әрине, сіздерді айыптайтындар болады. Осының бәріне де төтеп беру керек.

Егер біз өз Отанымыздың нағыз патриоты болатын болсақ, дағдарыстан шығуды шындап қалайтын болсақ және сол арқылы халқымызға лайықты өмір әперуді қалайтын болсақ, біз осы қиындықтардан өтіп, оларға төтеп беруге тиістіміз. Осыдан 50 жыл бұрын, ұлтшыл Германияға қарсы соғыс кезеңінде Ұлыбританияның Премьер-министрі Уинстон Черчилль өзінің халқына арнаған сөзінде былай деген: «Бұл бәрімізден құрбандықты талап ететін ауыр да қиын соғыс болмақ, бірақ бізде басқа таңдау жоқ». Ол бұл соғыста жеңіске жетіп, оның жемісін көру үшін ауыртпалық пен қайғы-қасірет шегуге төтеп беру қажеттігін өз халқынан жасырғысы келмейтінін атап көрсеткен. Қазақстан саяси тәуелсіздік алды. Бірақ біз енді

өзіміздің экономикалық дербестігіміз жолында күрес жүргізудеміз. Сондықтан мен Казақстанның әрбір азаматынан, бірінші кезекте бізден едәуір күш-жігер жұмсау талап етілетінін сіздерге ашық айтамын.

Бүкіл экономикалық реформаны ұтымды етудің осындай аса маңызды да ең бірінші бағытымен жекешелендіру мен жеке секторды қарышты түрде дамыту, бәсекені өрістету және өндіріс пен еңбектің қуатты тұтқаларын, әлеуметтік қорғаудың тиімді тетігін жасау саласындағы жаңа міндеттер табиғи түрде етене келіп жанасады.

Құқықтық реформа жүргізу міндеті аса ірі жиынтығымен алда тұр. Ол былайша айтқанда реформалардың экономикалық жиынтығына «тірек» болып қана қоймай, сонымен бірге оны серпінді түрде жүргізу үшін өзіндік бір локомотив рөлін де атқаруға тиіс.

Осы міндеттердің бәрін шешу стратегиялық бағыттың сабақтастығын сақтайды. Сонымен бірге ұсынылып отырған саясаттың әрбір жиынтығы, әрбір қыры сапалық жаңа мазмұнмен байытылған. Мақсаттарды алға қою, сондай-ақ оларға қол жеткізу әдістері бойынша да осылай. Бұларды жүзеге асыру жеңіл болмайтыны және белгілі бір шығын жасау мен ұштастыру мүмкін болатыны даусыз.

Қолданылатын шараларды терең пысықтаудың аса маңыздылығы және олардың орындалуы үшін жоғары жауапкершілік осыдан туындайды. Барлық іс-әрекет және ықтимал нәтижелер мұқият пысықталып, олардың зардабына алдын-ала талдау жасалуы тиіс.

Халықтың реформаларға қатысу ісіне арта түскен ұмтылысы да біз үшін маңызды фактор болып табылады. Адамдардың психологиясында бірте-бірте болса да, әйтеуір сапалы бетбұрыс болып жатыр. Олар нарықтық қатынастарға барған сайын көп дәрежеде бейімделіп келеді. Соңғы сұрау салудың деректеріне қарағанда халықтың 70%-ға жуығы нарықтық өзгерістерге қарай ұсталған бағытты қолдауда. Ал Қазақстан реформалау жолына түскен бастапқы кезеңде бізде оны жақтаушылардың саны 20% қана болған еді.

Адамдарымыздың санасындағы мұндай бетбұрыс таңдап алған бағытпен мақсаткерлікпен әрі жүйелі түрде ілгері қадам басуымыз үшін негіз береді.

Менің пікірімше, бүгін таңда алдымызға қойып отырған міндеттерді шешуде өзекті маңызы бар мәселелердің біріне неғұрлым егжей-тегжейлі тоқталғым келеді. Бұл — қоғамның рухани жай-күйі, республикадағы тұрақтылық атмосферасы, ұлттық және азаматтық татулық. Осыдан 1 жыл бұрын Қазақстан қоғамының прогресі мен гүлденіп, көркеюге қарай ілгері басуы негізінде оны топтастырудың жалпы ұлттық идеясын ұсынған кезімде осыны алған едім. Уақыт көрсеткеніндей осы идеяны Қазақстанның бүкіл халқы қолдап отыр.

Ашығын айтайын: Қазақстанның әрбір саясатшысы, әрбір партиясы, қоғамдық қозғалысы, әрбір азаматы, егер де біз өзіміздегі қазіргі татулықты, әсіресе ұлттық татулықты сақтап, орнықтырмасақ, онда алдымызда шыңырау тұрғанын айқын сезінуге тиіс. Егемендікпен, реформалар ісімен және өзіміз бен балаларымыздың болашағы жайындағы нендей бір армандаумен біржолата қоштасуға тура келеді. Сондықтан біз істі азаматтық бейбітшілік пен ұлттық татулықты бүлдіруге әуестікті қоздыруға тырысатындар еліміз заңдарының бүкіл қаталдығы бойынша қатаң жауапкершілікте болатындай етіп қоюға тиіспіз.

Бұрынғы КСРО тарихы мен біздің қазіргі тарихымыз мұндай іс-әрекеттер тұтас халықтың қайғысымен аяқталатынына бәр-бәрімізді үйретуге тиісті болды. Рефор-

малар бағытын жүргізуші басшылардың жікке бөлінген қоғамда белгіленген істі жүзеге асырудың іс жүзінде ешқашан да сәті түспегенін есте сақтауы қажет.

Өтпелі кезеңнің қиындықтары, қайшылықтардың шиеленісуі дағдарысты құбылыстармен қосыла келіп күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайды ықтимал түрде жарылыс қатері бар іске айналдырады. Адамдар арасындағы кез-келген қақтығыс дәрі толтырылған бөшкені жағып жіберетін сіріңкеге айнала алады. Әсіресе ол ұлтаралық негізде жасалатын болса. Ал шындығында ұлтаралық қатынастар тек себеп қана болса. Осынау қақтығыстың бәрінің негізінде қылмыстық әрекеттер жатыр. Қарабах қақтығысы нақ осыдан басталған.

Ол кезде Агдамда 2 әзірбайжан өлтірілді. Бұған кек алу ретінде Сумгаитте жазалаушылар 32 армянның өмірін қиды. Бұдан кейін қақтығысқа екі тараптан да саясатшылар араласты. Шын мәнінде олар ондаған, оған дейін жүздеген, ал бұдан соң тіпті мыңдаған адамдардың тағдыры мен өміріне түкірмейтін де еді. Енді олар өзінің қара ісін тындырып, саяси аренадан кетті. Ал Армения мен Әзірбайжан арасында азамат соғысы жүріп жатыр. Өз мемлекеттерінің экономикасын көтеріп, өздері мен балаларына қалыпты тұрмыс жағдайын жасау орнына адамдар бірін-бірі өлтіріп жатыр.

Өткен жылы бізде бірнеше қазақты өлтіру қоздырған тобыр чешен халқы тұратын поселкені талқандауға тұра ұмтылған Өскемендегі қақтығысты еске алыңызшы. Сол кезде біз оларды иландыра алдық, қырғын жасауға жол бермедік және ахуалды сақтап қала алдық. Ал бүгін таңда және ертең қалай болмақ? ОМОН-ды және әскерлерді дап-дайын етіп ұстап тұрмақпыз ба?

Бізге күнделікті тер төгіп жұмыс істеу арқылы еліміздегі тепе-тендікті, тыныштықты және тұрақтылықты сақтаудың сәті түсуде. Бұл үшін зор күш-жігер жұмсап, іс жүзінде жағдайға күнделікті бақылау жасау керектігін жасырмаймын. Бірақ бұл біздің ілгері қадам басуымызға көмектесіп, шет елдегі біздің әріптестеріміздің назарын аударуда, сөйтіп ең бастысы ішкі өмірімізге тыныштық әкелуде.

Бірақ мына мәселеге өз-өзіміз адал жауап берейікші: адамдарымызды барынша тыныштандырып, олардан да, өзімізден де болашақ үшін алаңдаушылықты қалай да алып тастау үшін бәрін де ескеріп, бәрін де істей алып отырмыз ба? Мен бұл сұраққа мақұлдап жауап бере алмаймын. Ол ол ма, бұл істе жай ағаттықтар ғана емес, сонымен бірге асыра сілтеушілер, қателіктер де аз емес деп санаймын.

Мен үшін өте қиын және республика үшін төтенше маңызды көші-қон мәселесін алайық. Бұл процесс табиғи ғой деп өзді-өзіңізді жұбатып осы проблемаға біршама жеңіл қарап жүрген жоқсыздар ма. Әрине, адамдарда әрқашан да өзінің елінде болсын, сондай-ақ одан тысқары жерлерге кетумен болсын, тұрғылықты жерін таңдау құқығын жүзеге асыру мүмкіндігі болған. Бірақ осы проблеманың төңірегінде бояуды қалыңырақ жағуға ұмтылу да, сондай-ақ шындықты боямалап көрсетуге тырысушылық та, сөйте тұра еш нәрсе болмағандай сыңай таныту да менің зығырданымды қайнатады.

Статистикаға көз салайық. Ғасырымыздың соңғы ширегі бойында Қазақстан одан кетушілердің саны келушілердің санынан артатын аймақтар қатарына жатқан еді. 1960-шы жылдардың аяғынан бастап мұндай басымдық шамамен 20 мың адамдай болды. Ал 1980-ші жылдары 80 мың адамға жетті. Алайда, соңғы уақытта халықтың көшіп-қонының азаюы күрт ұлғайды, сөйтіп, өткен жылы 222,1 мың адамға жетті. Егер бұрын халық тұрақты түрде өсіп келген болса, өткен жылы оның тұңғыш рет азаюы тіркелді. Бірақ мұның себебі неде екені әлі күнге дейін ешкімді толғандырып, не ойландырып көрген емес.

Оның себебі әртүрлі. Отбасының жағдайы, жұмыс орнын ауыстыру, оқуға түсу, тарихи отанына қоныс аударуға тілек білдіру және тағы басқалары екені түсінікті. Көшіп-қонушылардың құрылымында әскерилердің үлес салмағы едәуір. «Ғасыр құрылыстарына» ұйымдасқан түрде жұмысшы күшін тарту деп аталатынмен бізге жай ғана жұмыс істеу үшін келгендердің арасына кетушілер де аз емес.

Дегенмен, әуелі бұл жөнінде ойына да келмеген көптеген адамдардың белгілі бір сәтте психологиялық қолайсыздық сезінетін болғандықтан кетіп жатқанына көз жұмуға болмайды. Ол бәрінен бұрын асыра сілтеушілікке, күрделі әлеуметтік-мәдени бағдарламаларды жүзеге асырудағы асығыстыққа байланысты көптеген факторлардың жиынтығынан құрылады. Және менің айтқандарымның бәрін әлдекімнің қысымына көну деп қабылдауға болмайды. Бұл жіберілген қателіктерді түзету, қалыптасқан жағдайларға ақыл-таразысына салып, өркениеттілікпен қарау болады.

Бірінші кезекте бұл тіл саясаты мен мемлекеттік тілге қатысты. Бұдан бірнеше жыл бұрын орталық комитеттің идеологиялық басшылығы мен үкіметтің бұрынғы құрамы қазақ және басқа тілдерді дамытудың қабылдаған мемлекеттік бағдарламасы қазақ тілін енгізу тәртібі мен мерзіміне қатысты жіберілген асыра сілтеушілікке орай қоғамды бірден дүрліктіріп жіберді. Оның үстіне бұл көптеген қазақтарды да тұйыққа тіреді. Ол шапшаң қайта қарауды қажет етеді деп ойлаймын. Кешіктірмей тіл туралы жаңа заң қабылдау және орыс тіліне деген кемсітушілікті алып тастау қажет, ол орыс тілді халықтардың өзінен гөрі қазақтарға және басқа халықтарға дамуы үшін аса қажет. Сонда қазақ тілін дамыту мен оны барлық халықтың үйренуі жөнінде нақты шаралар белгілеу қажет.

Ал жергілікті, сондай-ақ астаналық шенеуніктердің талпынуымен кадр саясатында ол жағы мен бұл жағына қарай қиғаштықтар жіберілгені құпия нәрсе ме? Мысалы, Тіл жөніндегі комитетте 30 қазақтан басқа барлығы 3 ғана орыс, 2 ұйғыр, 1 әзірбайжан істейді. Ал бұл барлық тілді дамытумен және олардың проблемаларымен айналысатын ведомство емес пе. Оның есесіне агроөнеркесіптік кешенді басқару жөніндегі жоғары ареопагта 15 басшының үшеуі ғана қазақ. Мұндай қиғаштықтар орталықта да және жергілікті жерлерде де орын алған. Сөз жоқ, мұны түзету керек.

Айтпақшы шенеуніктер туралы. Ұқыпсыздықты болдырмау, қабілетсіздердің үкімет басына келуіне тосқауыл қою үшін, барлық шендегі басшылардың жауапкершілігін арттыру үшін мемлекеттік қызметшілер туралы заңда олардың, соңдай-ақ үкімет мүшелерінің отанға және оның мүддесіне адал болуға ант беруін көздеуін ұсынамын. Онда сонымен қатар антты бұзғаны үшін тиісті әкімшілік және қылмыстық шаралар мен санкцияларын қолданылуын қарастыру қажет.

Талапкерлерді жоғары және орта арнаулы оқу орындарына қабылдауда үйлесімсіздікке жол берілді. Бірақ мұнда да кейбіреулер барынша сәтті етіп көрсетуге тырысты. Ономастикалық комиссияның ойластырылмаған, «атқа мінерлік» жұмысы да бүлдіргіштік үлесін қосты. Көшелердің, елді мекендер мен, тіпті, ірі қалалардың да жаппай аттарын өзгерту біржақты сипат алды, қоғамдық пікір, халықтың этнографиялық құрамы, ал кейде ғасырлар бойғы дәстүрлері және ең бастысы — бұқаралық сананың психологиясы ескерілмей қалды.

Біздің аса көрнекті ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың есімін мәңгі есте қалдыру үшін астананың тарихынан Луи Пастердің есімін өшіріп тастаудың міндетті болмағанымен келісетін шығарсыздар деп ойлаймын. «Қайта өзгертушілер» 1920-

шы жылдары Қазақстанға тырысқақ індетімен күресу үшін француз медиктерінің бір тобы келгенін, олар өздерінің ұлы отандасының ашқан жаңалығы мен вакцинасын пайдалана отырып, осынау зор кесапаттан біздің құтылуымызға көмектескенін білгені жөн еді. Сөйтіп, біздің қаламыздың риза болған тұрғындары Пастердің құрметіне осы көшені атаған болатын. Және бұл игілікті миссия осы көшеге орналасқан болатын. Ал суретші Николай Хлудов, этнограф Александр Затаевич, композитор Евгений Брусиловский тәрізді жарқын тұлғалардың және басқа да көптеген көрнекті адамдардың есімін лайықты сақтау үшін біз қолдан келгеннің бәрін жасадық па?

Тұрмыс деңгейінде ұдайы кездесетін ұлтшылдық тұрғыдағы кикілжіңдерге біз әлі күнге дейін қалай да мән бермей келеміз. Ал нақ осында бәлки көп залал жатқан шығар. Ұшқыннан өрт шығатын нақ орта да осы болар.

Мұның өзі біздің қарым-қатынастардың қарапайым мәдениетіне, адамға деген қарапайым құрмет көрсетуге тәрбиелеумен шын мәнісінде шұғылданбайтындығымыздың айғағы. Бұл белгілі бір ұлтқа ғана тән емес, бұған бәрі де кінәлі. Өз қызметінде әрқилы мәселелер қойғанда көп ретте әдептілік пен ұстамдылық жасай алмайтын орыс қоғамдастықтарының өкілдеріне де кінә қоюға тиіспін. Қазір «ағалы» да, «інілі» де туысқандар жоқ екенін, бәрі заң мен өз ожданы алдында бірдей екенін мен талай рет айтқанмын.

Сол «тұрмыс деңгейіне» назар аударатын уақыт жетті деп есептеймін. Ұлттық белгісі бойынша қорлағаны үшін қатаң жазалау керек. Ең бастысы ақыр соңында тәрбие жұмысын жолға қою бала бақшасынан бастап, оны өндіріске дейін тоқтатпау керек. Бұған білім берудің барлық құрылымдары, депутаттар және әсіресе, әкімшіліктер қосылуға тиіс. Үкіметке келсек, ол тиісті арнайы бағдарламаны әзірлеуге тиіс.

Бір жақтың да, екінші жақтың да ойластырылмаған іс-қимылдарының шынайы патриотизмнен шалғай жатқанын батыл айтқым келеді. Бір кезде Лев Толстой кейбір жағдайда патриотизм дегеніміз есте ізгі сезім бола алмай қалады деген болатын. Бұл кімде кім бір халықтың екінші халықтан артықшылығын ершелене жариялаған мүмкін болады, деп көрсетті ұлы гуманист.

Қандай да бір ұлттың құқығын қорғауға идеялық ұмтылыстан, оны қалай кемсітілуін көрсетуге тырысу әрекетінен көп ретте ұлтшылдық лебі еседі. Осы негізде туған патриотизм тез арада патриоттық айғайға, ал содан кейін ұлтшыл-патротизмге көшеді, одан фашизмге жарты қадам ғана қалады. Мұның бәрі дұшпанды ең алдымен басқа ұлт өкілдерінен іздестірумен ушығады. Ұлтаралық жанжалдың шығуы үшін негіз табылды деген міне осы. Енді істің ең азы ғана қалады, сылтау керек, оны әрдайым немесе қылмысты элемент, немесе люмпен-пролетариат «ұйымдастыра» алады.

Көші-қон проблемаларына қайта орала отырып, көптеген млн. адамдар үшін Қазақстан шын мәнісінде отанына айналғанын атап көрсеткім келеді. Мұның өзі бағалы адами капитал. Одан айырылу — еліміз үшін үлкен шығын. Республика дамуының экономикалық перспективасына келсек, көші-қонның күшеюі оған елеулі түрде әсер етпек: өйткені негізінен инженерлер, техниктер, мұғалімдер, дәрігерлер, білікті мамандар әдетте, белсенді еңбек қабілеті жасындағы адамдар көшіп кетіп жатыр.

Бізде мемлекет деңгейіндегі көші-қон проблемалары жөніндегі жұмыс бытыраңқы, оны тиісінше үйлестіру болмай отырғанын айтайын. Қазіргі жағдайдың өзі салмақты көзқарасты, ойластырған іс-қимылды, көші-қон департаментінің, Ішкі және сыртқы министрліктердің, қоғамдық ұйымдардың білікті де тыңғылықты

жұмыс атқаруын талап етіп отыр. Көші-қонның әлеуметтік-саяси экономикалық зардаптарын ескере отырып, олардың стихиялық түрде ұлғаюын болғызбау үшін көші-қон тасқынын басқарудың пәрменді бағдарламасын жасаған жөн. Біріншіден, көші-қонды тұрақтандырудың халықты жұмысқа қамтумен байланысты бөлігінің заң жүзінде ынталандыруды жүзеге асырып, еңбек пен жұмысқа қамту бөлімдерінің жауапкершілігін арттыру керек. Өйткені, олардың көмегімен жұмыссыздық проблемалары, демек, еңбек ресурстарын бөлу ісі шешілетін болады. Қазақстанға қайтып оралған зейнеткерлерге зейнетақыны қайтарасың деуден артық әуре-сарсаңға жол бермеу үшін зейнеткерлік заңдарына тиісті түзетулер енгізіп, бұл мәселелерді ТМД-ның басқа мемлекеттерінің парламенттерімен келіскен жөн.

Бүгінде азаматтық туралы мәселе де өзінің көкейкестілігін жойған жоқ. Ескі парламентке бұл проблемалармен егжей-тегжейлі шұғылдануға уақыт жетпей қалды. Олқылықтарды тез арада түзетуге тура келді. Осы жылғы ақпанда Азаматтық туралы заңға елеулі өзгерістер енгізу туралы Президенттің Жарлығы шықты. Онда азаматтықты қабылдау рәсімі едәуір жеңілдетілді, азаматтық алу мерзімі қысқартылды, азаматтарды тіркеуге қатысты қағидалар баяндалды. Бұған қоса, Мәскеудегі наурыз сапарының барысында азаматтыққа қатысты Қазақстан мен Ресей арасындағы меморандумға қол қойылды. Осы мәселелерді одан әрі түзетудің барысы Қазақстан мен Ресей парламенттеріне байланысты болды.

Не искажая истины, сегодня мы можем говорить о том, что даже за столь короткий срок после обнародования проекта образования Евразийского Союза заметно оживились интеграционные процессы, усилилась действенность институтов Содружества. Возьму на себя смелость сказать, что в какой-то мере он послужил катализатором. Назову хотя бы соглашение о создании Межгосударственного экономического комитета, который предлагался Казахстаном почти с первых дней образования СНГ. А это ведь и одно из опорных положений ЕАС, который нацелен, в первую очередь, на решение экономических проблем в пространстве Содружества, в том числе через создание наднациональных органов, способствующих реализации достигнутых соглашений и договоров. Это продиктовано необходимостью согласования экономической политики и принятия обязательных для исполнения совместных программ экономических реформ.

У каждого государства суверенитет незыблем. Им сегодня не поступится никто. Когда Европа объединялась, было выдвинуто требование: «Идите так далеко, как

это возможно в механизмах союза. Но никогда не трогайте основ суверенитета государств». Что мешает нам следовать этому принципу? Давайте заложим эту норму в основу Евразийского Союза, будем воспринимать друг друга равноправными субъектами международного общения.

Как один из этапов практического воплощения проекта ЕАС можно рассматривать и оформление Центральноазиатского союза. Например, приняты соглашения, обеспечивающие беспрепятственное решение вопросов гражданства, продажи недвижимости и ее приобретения на территории другой страны, что снимает проблемы и психологический дискомфорт у людей при переезде. Решаются вопросы социально-экономического, научно-технического и культурного сотрудничества. Особо замечу, что документы, подписанные между Узбекистаном, Кыргызстаном и Казахстаном, приняты в рамках СНГ и никоим образом не противоречат его принципам. Поэтому двери открыты для других государств. Словом, региональная интеграция становится еще одним фактором укрепления СНГ и шагом к интеграции более высокого порядка.

Более того, проект ЕАС нацелен именно на развитие существенных преимуществ СНГ: высокую степень интегрированности экономик, социально-политических структур и ментальность населения, общие историко-культурные традиции. И даже с учетом всего этого считаю, что данный проект — не истина в последней инстанции и не догма. Он открыт для обсуждения и новых предложений, замечаний и дополнений. Само время вносит свои коррективы. Уже сейчас реализуется первый пласт ЕАС, направленный на решение экономических вопросов.

Второй — гуманитарный, связанный с защитой прав человека, культурного, научного обмена, координации образовательной политики, также начинает воплощаться в уже принятых и подготавливаемых решениях. Здесь я предложил бы обдумать идею Евразийского университета, который бы решал не только общие образовательные, но методологические и даже некоторые организационные задачи.

Третий, наиболее сложный аспект, — политический. Но объективная логика развития СНГ и необходимость усиления координации политических шагов требуют задействования имеющихся у нас потенциальных возможностей. В первую очередь, я имею в виду обеспечение безопасности пространства СНГ, находящегося под давлением «горячих» конфликтных зон. Предпринимаемые в настоящее время странами СНГ шаги показывают правильность выбранного вектора сотрудничества в укреплении стабильности и мира в постсоветском пространстве.

Мы сегодня ведь не только жители своих стран по территориальной и национальной принадлежности, но и евразийцы по корням, по истории, по притяжению. И каждого из нас не может не волновать то, что происходит в соседних государствах. Не только потому, что там живут родственники, друзья, знакомые, но и в силу сохранившегося в каждом из нас чувства душевной близости. Это не может не вызывать общей боли, общей озабоченности за судьбы людей некогда проживавших на едином пространстве. И нам надо сделать все, чтобы наполнить нашу политику гуманитарным содержанием. По сути дела у нас, политиков постсоветского времени, есть свой специфический долг перед прошлыми и будущими поколениями и перед собой — осуществить трансформацию недавнего тоталитарного общества в цивилизованное демократическое. Если мы не решим ее сейчас, то она превратится в еще более тяжкое бремя для грядущих поколений. Можем ли мы оставлять им такое наследство? Уверен, что каждый из нас понимает и разделяет мою озабоченность, вносит и будет вносить свой посильный вклад в реализацию идей интеграции.

Республика күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1994 жылдың 24 қазаны

Ардақты ағайын!
Қымбатты достар, отандастар!
Ханымдар мен мырзалар!

Сіздерді және тәуелсіз Қазақстанның барлық азаматтарын, отандастарымыз бен шетелдік достарымызды ең үлкен мемлекеттік мереке — Республика күнімен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Бұл күн тәуелсіз еліміздің тарихында тұңғыш рет күз айында мерекеленіп отыр. Оның басты себебі — осыдан 4 жыл бұрын дәл осы күні Егемендік туралы декларациямыз қабылданған еді. Біздің өз алдымызға мемлекет болып, шаңырақ көтеруімізге және Ата заңымыздың қабылдануына берік негіз қалаған, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық саяси дамуымыздың келешегіне айқын жол ашқан осы Декларация екені баршаға белгілі.

Сол кездің өзінде Декларация Қазақстан аумағының тұтастығы және қол сұғылмайтындығы, билік бөлінісі, меншік түрлерінің алуан салалылығы мен теңдігі және оны қорғаудың кепілдігі, барлық ұлттар мен ұлыстардың құқылық жағынан теңдігі және қоғамдық өмірдің барлық салаларында олардың кең мүмкіндіктері сияқты маңызды принциптерін жариялады. Бұл принциптер бүгін де біз үшін негіз болып табылады.

Менің Декларацияға айрықша тоқталып отыруымда ерекше мән бар. Бұл мемлекет ретінде өз алдына отау тіккен, республикамыздың мәртебесін асқақтатқан, бүкіл әлем алдында Қазақстан деген ел бар екенін паш еткен туған тарихымыздағы тұңғыш құжат. Мұнда егемендіктің басты ерекшеліктері болып табылатын белгілер — өз аумағымыз бен азаматтығымыз, дербестігіміз бен ел ішіндегі мемлекеттік биліктің өз қолымызда екені, Конституция мен заңдардың үстемділігі, өз бюджетіміз бен қаржы-несие жүйесі, пәрменді құрылымдарымыз, халықаралық қатынастардағы еріктілігіміз көрініс тауып, баршамыз үшін ең қымбаттысы — мемлекеттік егемендігіміздің классикалық нысандары — Елтаңбамыз, Туымыз, Әнұранымыз бекітілді.

1991 жылдың 16 желтоқсанында жарияланған Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінеде осы Декларация негіз етіп алынды. Ондаған жылдар, ғасырлар өтер, бірақ бұл күн қиындыққа толы алғашқы жылдар халықтың санасынан ешқашан өшпейді. Қазақстандықтардың келер ұрпақтары оны әрқашан дәріптеп жүретін болады. Өйткені, бұл жылдар қазақ ұлтының тарихында, еліміздің ұлан-ғайыр жерінде бұрын-соңды болмаған шынайы мемлекеттігіміздің бастауына айналды.

Талай ұрпақ ғасырлар бойы аңсап келген арман жүзеге асып, ол бүгінде жалпыазаматтық жетістіктерге айналып отыр. Азаттық пен тәуелсіздік жолында ата-бабаларымыз жоңғарлармен, басқа да шапқыншылармен кескілескен соғыстарда қан төкті, өмірлерін қиды. Есімдері ел жадында аңыз болып қалған көптеген даңқты қолбасшыларымызбен батырларымыздың жаужүрек сарбаздары ел мен жер үшін ешқандай жаудан ыққан жоқ. Олардың ерліктері бізге бүгінгідей қиын жылдарда жігер береді, күш-қуатымызды арттырады. Біз, сол батырлардың ұрпақтары, қазір

ұлттық мақтанышымызды сақтап, еселей түсу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаудамыз. Қазақстандықтардың бүгінгі ұрпағы сол ұлттық мақтаныштарын сақтау үшін де бүгін, ешқандай қиындықтарға қарамастан, табандылықпен еңбек етіп жатыр. Мен ел басшысы ретінде Қазақстанның көп ұлтты халқына күрделі жағдайда асқан шыдамдылық танытып, қалап алған бағыттарынан ауытқымай келе жатқандары үшін, қажырлы еңбектері үшін, тыныштық пен ұлтаралық жарасымдылықтың үлгісін көрсетіп келе жатқандары үшін шын жүректен алғыс сезімімді білдіргім келеді. Тек осындай биік парасаттылық пен көрегендіктің нәтижесінде ғана республикада қантөгістер мен жанжалдарға жол берілмеді, нарық экономикасына нақты қадамдар жасалды, дағдарысты жоюға, өндірісті, өрге бастыруға сыртқы елдермен ынтымақтастық орнатуға, сөйтіп, туған еліміздің әлем алдындағы абыройын көтеруге кең жол ашылды.

Таяуға дейін болып келгеніндей, айтулы датаны жеңісті дабыраларды алға тарту мақсатында пайдаланудан өз басым аулақпын. Бірақ мен өткеніміз бен қол жеткен жетістіктерді жоққа шығаруды «ағаштардың арғы жағынан орманды көруге» мүмкіндік бермейтін саяси «ақшам соқырлықтан» да аулақпын. Бұл менің сеніміме сай келмейді. Неғұрлым лайықты өмір сүру мүмкіндігіне сенетін және реформалар бағытын қолдайтын барша қазақстандықтар да менің көзқарасыма ортақтасады ғой деп ойлаймын. Сондықтан өздерінің жанұшырған ыңқылымен істің шын мәнісінен әлдеқайда аулақ жатқан көріністерді бейнелемек болып жүрген біздің кейбір оппоненттеріміздің айқындамаларын мен түсіне де, қабылдай да алмаймын. Егер ойланып көрсек, бұл нақты экономикалық жағдайсыздықтарға қарағанда, қоғамдық прогресс үшін неғұрлым көбірек нақты қауіп төндіреді.

Елімізде тарихи бетбұрыс басталып та кеткендігі кейбіреулер шынымен-ақ әлі күнге дейін көре алмай отыр ма? Қазақстан қазіргі жағдайда бірден-бір дұрыс болып табылатын қоғамдық даму, өркениетті рынок құру жолына түсе отырып, күмәндану мен қозғалыс бағдарларын таңдаудың жол айрығынан өтіп кетті және елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Бүгінгі таңда істелген істерді қорытындылай келіп, бірқатар күмәнсіз сындарлы сәттерді атап өтуге болады. Ең алдымен ауқымды саяси есеңгіреулерді айналып өтіп, бұрынғы Одақтың халық шаруашылығы базасынан өз экономикамызды бөліп алудың сәті түсті. Экономикамыздың ресурстық әлеуетіне объективті тұрғыдан жеткілікті түрде баға берілді. Құрылымдық, инвестициялық және қаржы-несие саясатындағы басымдықтар анықталды, мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру процестері қанат жайып келеді.

Біз өз экономикалық саясатымыз бен ел экономикасын реформалауды шын мәнінде осыдан 1 жылдай бұрын, өз ұлттық валютамызды енгізгеннен кейін ғана бастадық. Бұл өте күрделі қадам болды. Үкімет пен Президентке іштен де, сырттан да қысым көрсетілгендігіне қарамастан, рубль аймағынан шығу, мемлекеттің де, әрбір қазақстандық отбасының да шығынын мейлінше азайту жөніндегі қажетті дайындық жұмыстарын жүргізу үшін уақыт ұтудың сәті түсті. Әрине, келеңсіз зардаптар да болмай қалған жоқ. Бірақ өзіміздің валюта, қаржы, несие жүйелерімізді және оларды реттеу тетіктерін құру арқылы олардың орны толтырылды. Осының нәтижесінде соңғы жарты жыл ішінде теңге нарқының өзгеруі елеусіз болып отыр. Инфляцияның төмендеуінің едәуір тұрақты үрдісі байқалады. Егер оның деңгейі жыл басында 46%-ға жеткен болса, шілде айында ол — 24%, тамыз бен қыркүйек айларында тиісінше 13,3% және 9,7% болды.

Кәсіпкерлікті, орта және шағын бизнесті дамыту жөнінде шаралар қолданылуда. Қазірдің өзінде республикада 12 мың кәсіпорын жұмыс істейді, оларда 170 мыңнан астам адам еңбек етуде. Мемлекеттік емес кәсіпорындарда барлығы 0,5 млн. жуық

адам еңбек етеді. Өнімдердің, соның ішінде бұрын Қазақстанда шығарылмаған өнімдердің түр-түрі бірден бірге көбейіп келеді. Агроөнеркәсіп кешенінде оң өзгерістер болып жатыр. Мұнда жекеменшік секторда да, мемлекеттік секторда да прогрестік технологиялар кеңінен қолданылуда. Мысалы, республика осымен екінші жыл қатарынан көкөніс пен картопты сырттан әкелмейтін болды. Тіптен оны елеулі мөлшерде экспортқа шығару мүмкіндігіне де қол жетті. Мұның өзі бақша өсіргісі, саяжай салғысы келгендердің барлығына да жер берілгендігінің нәтижесі.

Қазақстан биыл селоны ауылшаруашылық техникасымен, қосалқы бөлшектермен, жанар-жағармай жабдықтарымен қамтамасыз етуде ғаламат қиыншылықтарды бастан кешірді. Алайда, бірқатар шұғыл шараларды қолдану арқасында жағдайды түзетудің сәті түсті. Менің өзім де шаруашылықтарда талай рет болдым, дәнді дақылдарды өсіріп, жақсы өнім алудың қандай күшке түскендігін жақсы білемін. Оның үстіне, биылғы егін орағы сырттан көмек шақырмастан атқарылды. Қырқыншы рет өсірілген тың астығын ору бізге 18 млн. тонна өнім әкеліп отыр. Және мұның өзі жаздың орта шенінде 1 млн. гектарға жуық егіннің ыстыққа шыдамай, күйіп кеткен, ал одан кейін 70 күннен астам толассыз жаңбыр жауған жағдайда мүмкін болды. Бүгінгі мереке үстінде мен қазақстандық диқандарды осы зор жеңісімен шын жүректен құттықтаймын. Тіпті астықтың осы мөлшерінің өзі елімізді толық қамтамасыз етуге және сыртқа астық сатуға әбден жеткілікті.

Өкінішке қарай, қазір біздің де адамдарымыздың өмірінде мейрам атаулы тым аз. Экономикалық дағдарыстың өткірлігі салқынын тигізіп отыр. Оның салмағы адамдардың иығына түсуде. Мемлекет өз азаматтары алдында қарыздар болып қалды: көптеген кәсіпорындардың бюджеттік ұйымдарда жалақы дер кезінде берілмеді, зейнетақы, жәрдемақы және стипендия беруде де кідіріс болып жүрді. Бұл ретте қазіргі жағдайда сөзсіз болуға тиіс нанның бағасы да босатылды. Өйткені, бұл шараны көршілеріміздің бәрі де әлдеқашан жүзеге асырды да, біздің пісірген нанымыз әлдекімдердің алыпсатарлық сауда жасауы арқылы баюына жол беретін нәрсеге айналды.

Осыны сезіне отырып, біз халықты, әсіресе оның тұрмысы нашар топтарын әлеуметтік жағынан қорғау жөнінде нақты қадамдар жасадық. Менің тікелей тапсыруым бойынша, үкімет республикалық бюджеттен бағаның өсуіне байланысты қамтамасыз етілуі нашар азаматтарға барлық қарыздар мен өтемдерді төлеуге қаражат бөлді. Бұдан басқа ең төменгі жалақы 150 теңгеден 200 теңгеге дейін көтерілді. Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне ерекше қамқорлық жасалды.

Денсаулық сақтау және білім беру сияқты маңызды әлеуметтік салаларға көмек көрсетілуде. Биыл медицинаның мұқтажы үшін 10 млрд. астам теңге бөлінді. Бұл жоспарланғандағыдан үштің біріндей көп. Дәрі-дәрмек пен медицина жабдығын сатып алу үшін бірнеше шетелдік несие желілерінің қаржысы жұмсалды. Халыққа білім беру саласында да осындай шаралар қолданылуда. Ерекше қабілетті жастарды шетелде оқыту үшін Президенттің 250 стипендиясы тағайындалды. Әлемнің көптеген елдерінің таңдаулы оқу орындарында 5 мың адам білім алуда. Мен мұны еліміздің болашағы үшін жұмсалып отырған ең тиімді қаржы деп санаймын. Ғылым мен мәдениетке мемлекеттік қолдау жүзеге асырылуда. Әдебиет пен өнердің ерекше мұқтаж ардагерлері үшін, сондай-ақ талантты жастар үшін арнайы стипендиялар тағайындалатын болады.

Алайда, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатында жіберілген ағаттықтар да аз емес. Олар реформаларды іске асыруды және республиканы

дағдарыстан шығаруды баяулатты. Өндірістің құлдырау қарқыны төмендемей отыр. Практикада қолданылып жатқан шаруашылықты басқару жаңалықтарынан, құрылымдық өзгерістерден, жаңа нарықтық институттардан айтарлықтай қайтарым жоқ. Мемлекеттік сектордағы кәсіпорындардың тұралауы мен төлем қабілетсіздігі жойылмай келеді. Осы және басқа да көптеген себептерден аса маңызды әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға арналған қаржының бюджетке түсуі кешеуілдеді.

Міне, нақ осы жәйт республика тарихында болып көрмеген шешімнің — Министрлер кабинетінің толық құрамында орнынан түсуінің басты себебіне айналды. Оның бұрынғы құрамы тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдарда ауқымды да ауыр жұмыс атқарды. Алайда ол пікірлестердің командасына айнала алмады. Өз әлеуетін толық пайдалана алмады. Экономикалық дамудың стратегиялық міндеттерін шешуге жұмыла алмады. Қазір Үкіметтің жаңа құрамы құрылды. Ол біздің жас мемлекетіміздің тарихында тұңғыш рет Отанға адал қызмет ететіндігі жөнінде халыққа және Президентке ант беріп, өзінің барлық күшін, білімі мен тәжірибесін республиканың экономикалық және рухани дамуына жұмсайтынына серт етті.

Бізге жаңа нысаналы экономикалық саясат қажет. Осыған байланысты мен Министрлер кабинетінің алдына бірінші кезектегі бірнеше міндет қойдым. Олардың арасында – экономикалық реформаның ұлттық бағдарларын және мемлекеттің жекеменшік кәсіпкерліктің банктердің шетелдік инвесторлардың оны жүзеге асыру тетіктерін жасау бар. Сондай-ақ несие-ақша және қаржы салаларында нақты саясат белгіленіп, қатаң салық реформасын жүзеге асыруға тура келеді. Сайып келгенде, жемқорлыққа қарсы нағыз күрес бастайтын кез келді. Сондай-ақ сыртқы саясатпен сыртқы экономикалық қызметтің асыру маңызды болып табылады.

Сыртқы саясаттағы біздің басым бағыттарымыз бұған дейін-ақ талай рет атап көрсетілген болатын. Дегенмен осы салаға байланысты кейбір мәселелерге айрықша назар аударғым келеді. Өйткені бұл мәселелерді жұрттың бәрі барлық уақытта бірдей дұрыс түсіне бермейді. Үстіміздегі өтіп бара жатқан жыл Қазақстан үшін де, сондай-ақ оның серіктестері үшін де мейлінше тиімді сыртқы саяси әрекеттердің тұтас бір жүйесімен есте қалатын болады.

Аяқталып келе жатқан жыл Қазақстан үшін де, айтқандайын, оның серіктестері үшін де аса тиімді бірқатар сыртқы саяси қадамдармен айтулы болды. Қазір Қазақстан халықаралық аренаға шығудың алғашқы проблемаларын шешті, бұл кезде біз үшін маңыздысы — дипломатиялық қатынастар орнату, мемлекет қауіпсіздігін нығайту болды. Қазір біз жаңа деңгейге көтерілдік, мұнда бастысы — барлық елдермен демократиялық және сындарлы серіктестікті, пәрменді ынтымақтастықты кең ауқымда дамытып, ғаламдық және аймақтық деңгейлерде өз айқындамаларымыз бен беделімізді нығайту болды. Біздің АҚШ, Түркия, Ұлыбритания, Испания, Ресей, Италия, Жапония және Сауд Арабиясы сияқты елдерге ресми сапарларымыз, бірқатар мемлекет басшыларының Қазақстанға келуі айқын көрінетін нәтижелермен аяқталды. Шетелдермен үкіметтік дәрежедегі байланыстардың да осындай маңызы бар. Республиканың мемлекеттілігін нығайту ісінде, реформаларды алға бастыруда олардың мән-мағынасы кейбіреулер үшін толық сипатында айқын болмауы да мүмкін. Алайда, бүгін де, болашақта да олардың халқымыздың қоғамдық-саяси, экономикалық, рухани өмір салаларына ізгілікті ықпал ететініне де күмәнданбаймын. Құрама Штаттарда, сондай-ақ біздің республикамызда кәсіпкерлікті қолдау үшін 100 млн. долларлық қор ұйымдастырылып жатыр. Біздің ұлы көршіміз — Қытаймен тарихи келісімге қол жетті. Ол Қазақстан — Қытай шекарасын заң жүзінде бекітеді. Ал, осы проблеманы бұрынғы держава талай жылдар бойы шеше алмай келген болатын.

Қазақстан — Қытай декларациясы біздің елімізге қарсы ядролық қаруды қолданбау туралы ережені бекітті. Бұл бүкіл әлемде біздің сыртқы саясат саласындағы, қауіпсіздігімізді нығайтудағы зор табысымыз ретінде бағалануда.

Былайша айтқанда, әрбір шетелдік сапар тек қызмет арнасында өтуде. Мәселен, Жапонияда ірі инвестициялық жобалар, халықаралық салада өзара іс-қимыл туралы қауырт та нәтижелі диалог болды. Қазірдің өзінде жапондықтар Екібастұз электр станцияларын дамытуға, «Дружба» станциясын кеңейтуге, Павлодар химия зауытын, басқа да бірқатар объектілерді қайта құруға кірісті.

Қазақстанның ішінде мұнай құбырын төсеу жобалануда. Францияда болған сапардан соң Қазақстанда мемлекетті басқарудың Ұлттық жоғары мектебі құрылды. Париждегі үлгі бойынша бірнеше бірлескен кәсіпорын пайда болды, өзара ынтымақтастық жөніндегі бірлескен қазақ-француз комиссиясы құрылды. Жуырда Түркияда болған түркі тілдес мемлекеттер басшыларының кездесуінде осы ресурстарын игеруде өзара тиімді негіздегі ынтымақтасу жөнінде берік шешім жасалды. Азия құрлығында біз бірлесе отырып, көлік және коммуникация проблемаларын батыл жүзеге асыра бастадық. Қысқасы, басқа бір елге барып қайтқан әрбір сапардың қайтарымы — әрқашан да айқын және Қазақстан халқының игілігіне бағышталған. Ол біздің серіктестерімізге де пайдалы.

Соңғы 1,5 жылдың өзінде ғана Қазақстан экономикасына 1 млрд. доллардан астам инвестиция тартылды. Олардың 0,5 млрд. долларға жуығы игерілді. 19 несиелік желі ашылды, солар арқылы келіп жатқан қаржының бір бөлігіне, біз, айтқандайын, дәрі-дәрмектік препараттар сатып алудамыз. Ал, олар Одақ ыдырағаннан кейін бізге берілмейтін болғаны белгілі. Республикада біржарым мыңнан астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Көптеген ірі шетелдік фирмалармен, атап айтқанда, Теңіз, Қарашығанақ, Ақтөбе мұнай-газ кен орындарын игеру жөнінде ірі-ірі келісім-шарттар жасалды. Оларда біздің еліміздің болашағы үшін қажетті орасан зор перспективалық негіздер қаланған. Байланыс пен коммуникациялар саласындағы ынтымақтастық жедел дамып келеді. Аса ірі Ай-Ти компаниясы келешекте бүкіл республиканы ұялы телефон байланысымен қамтамасыз етеді. Азық-түлік өнімдері саласында АҚШ-тың аса ірі «Филип Моррис» компаниясы жұмыс істейді. Агроөнеркәсіп кешенінде де серіктестік күшейіп келеді. Бізде ауылшаруашылық өнімдерін ұқсататын қуаттар кәсіпорындар салынып жатыр. Менің Түркияға барған соңғы сапарымның нәтижесі бойынша Талдықорғанда қағаз жасау және тоқыма фабрикаларын, Павлодарда тері илейтін зауыт, Петропавлда макарон фабрикасын салу туралы мәселелер түпкілікті шешілді. Өнімі аз мұнай скважиналарын игеруге қаржы бөлінді. Ірі өнеркәсіпті жекешелендіруге Батыс елдерінің компаниялары да қатысатын болады.

Біз достас та, өзімізге тарихи тұрғыдан және рухани жақын таяу шетел мемлекеттерімен ынтымақтастықта тату көршілік қарым-қатынастарды дамыта беруді әрқашан ұстанып келгенбіз және ұстана бермекпіз. Біз Өзбекстанмен және Қырғызстанмен өз халықтарымыздың мүдделеріне сай шекарасыз, кеденсіз және басқа да кедергілерсіз Орталық Азия экономикалық кеңістігін құру туралы шарт жасастық. Мемлекетаралық кеңестің Атқару комитеті мен біздің елдеріміздің Ынтымақтастық және даму банкі жұмыс істейді. ТМД мемлекеттері басшыларының кездесулерінде Мемлекетаралық экономикалық одақ, Төлем одағын құру туралы перспективалық келісімдерге қол жеткізілді. Ал күні кеше ғана Достастықтың интеграциялық дамуының негізгі бағыттары туралы мемлекеттер басшылары кеңесінің меморандумы мен тиісті іс-қимыл жоспары қабылданды.

Қазақстан осы құжаттардың бәрінің қабылдануына барынша белсенді түрде араласты. Интеграцияға ұмтылыс — біздің сыртқы саяси және экономикалық қызметіміздің басты желісі. Мәскеуде қабылданған шешімдердің рухы мен әрпін сезінер болсақ, онда олардың бәрі Еуразиялық Одақ құру жобасына алынған идеялардың жүзеге асырылуы болып табылатындығы көрініп тұр. Бұл, кейбіреулердің пікірінше, Алматыда туған кабинеттік ұсыныс емес, бұл — халықтың терең орта-сынан, экономикалық, мәдени ынтымақтастық, адамдық қарым-қатынас деңгейін көтеру міндетін шеше алатын егемен мемлекеттердің жұмыс істеуге шын мәнісінде қабілетті бірлестігін құру қажеттігінен туындап отыр.

Бірігу принциптерінің өзі саяси және экономикалық іргетасын әміршіл режим мен жоспарлы шаруашылық жүйесі құраған бұрынғы мемлекетті қалпына келтіру мүмкіндігін мүлдем жоққа шығарады. Сондықтан да мен ондай қауіп-қатер туралы ойдан шығарылған әңгімелерді есті бастасам-ақ, соны айтушылар Еуразиялық Одақ құру жөніндегі жобаны ең болмаса бір рет қолдарына ұстап, оқып көрді ме екен деген күмәнім күшейе түседі. Кейбір саясатшылардың Еуразиялық Одақты құру туралы идеяға көзқарасы қандай бола тұрса да, Қазақстан интеграциялық күш-жігерін үдетуін жалғастыра түседі. Өйткені, олардың негізінде — ізгі мақсаттар жатыр. Мен оларды Қазақстанның көп ұлтты халқы да қолдайды деп үміттенемін. Өйткені, біз интеграцияның, қақтығыстарды болдырмаудың, туысқан халықтармен тату-тәтті көршілік қарым-қатынастарды нығайтудың тарихи мүмкіндігінен айрылып қалуды қаламаймыз.

Енді мен сіздердің назарларыңызды қазіргі уақытта елді еленделтіп отырған бірнеше қоғамдық-саяси проблемаларға аудара кетейін. Өйткені, бұл тақырып әбден пісіп-жетілді. Бүгінгі мерекеміздің өзі бәрімізді толғандырып жүрген осы мәселелер жайында ашық айтуға, ой талқысына салуға толық мүмкіндік беріп отыр.

Бәріңізге жақсы белгілі, қазақ халқының бағзы заманнан бері келе жатқан асыл арманы — азаттық пен өз алдына жеке мемлекет болу еді. Тарих сахнасында біз есеп беруші, орындаушылық рөлмен шектеліп қалғымыз келмеді. Біз әлемдегі дамыған елдермен қатар тұрғымыз келді, солармен тереземіз тең болса дедік.

Ордабасы естеріңізде болар? Біздің үш ұлы бабамыз — Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би — өздерінің даналығымен бүкіл елді ұйыстыра білді, жоңғар шапқыншылығының бетін қайтару үшін батырларымызға дем бере білді. Мұның ар жағында халқымыздың бірлікке, ынтымаққа деген ұмтылысы, барлық қазақтардың ұлттық тәуелсіздікке деген асыл арманы жатыр еді. Шындап келгенде, бұл өз алдына мемлекет құру жолындағы ата-бабаларымыздың алғашқы қадамдары болатын. Қазақ халқы сол бір тарихи сәтте әлем алдында тұңғыш рет біртұтас ұлт екенін танытты, аса маңызды деген тарихи мәселелерді шеше алатындығын дәлелдеді. Біз, бәлкім, сол кезде өзіміздің бірегей халық екенімізді алғаш рет сезінген болуымыз керек.

Біздің халқымыз сонау ерте заманнан бері оңы мен солы екі ұлы державамен шектесіп жатқан ұлан-ғайыр жерге ие болып қалған. Тұтас бір ұлтты сақтап қалу үшін ел басқарған дана бабаларымыз сындарлы да парасатты саясат ұстанды, ұлы көршілерінен қолдау іздеді. Өз Отанының тағдыры мен тарихи болашағын тереңнен ойлай білген Әбілқайыр хан мен Абылай ханның дипломатиясы кемеңгерлік пен көрегендіктің тамаша үлгісі болды. Осы ұлы бабаларымыз Ресеймен ынтымақта өмір сүруді бізге өсиет етіп кетті. Егер бүкпесіз шындықты айтар болсақ, осы саясат біздің ұлт ретінде құрып кетуімізден талай рет сақтап қалды. Қазір біз терезесі тең егеменді елміз, өз салт-дәстүріміз, ана тіліміз, мәдениетіміз, жан-жақты байланысымыз дамыған ұлтпыз.

Сөз реті келген соң елдің астанасы жөніндегі әңгімеге тоқтала кетейін. Сонау Асанқайғы бабамыздан бері қарай астананды елдің, жердің ортасында ұста деген өсиет бар. Бұл ұсынысқа көрші мемлекеттердің кейбір шовинистері «астана көшсе, төңірегінде қазақтар көбейеді» деп қарсы болды. Ол түсінікті. Ал біздің азаматтардың, қазақ бауырларымыздың соларға қосыла шабаланғаны қалай? Қазақ өз елінде, өз жерінде қай жерде тұрамын десе де еркі бар емес пе? Ол кімнен рұқсат сұрауы керек? Арал өңірінен, немесе басқа жерлерден Сарыарқаға қазақ барса, біздің жеріміз, еліміз неден ұтылмақ? Торғай, Көкшетау, Ерейментау, Баянауыл кімнің жері? Бұл — болашаққа керек күрделі мәселе. Оны біз көп ұзатпай шешуіміз қажет. Ресей халқы Қиыр Шығысқа, Сібірге қарай шоғырланғанды қалады делік. Тіпті сондай бағдарламалары да бар. Сонда біз де қарсы болуымыз керек пе? «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» деген осы болса керек. «Болмас елдің жанжалы бітпес, болар елдің арманы бітпес» деген аталы сөз бар. Мен астананы көшіру туралы мәселені қозғасам, Алматы ұнамағандықтан емес, халықтың ертеңін, болашағын ойладым, ой таразысына салдым. Көп елдің екі астанасы бар. Біздің де үмітіміз сол. «Елінен безген ер оңбас, көлінен безген қаз оңбас» дегеннің кері болмасын.

Бір кездері жазушымыз Әбдіжәміл Нұрпейісов дәл тауып айтқанындай, сенгіштік, ашықтық, жомарттық, аңғалдық — қазақты ерекшелендіріп тұратын қасиеттер. Бірақ адамға тән осы тамаша қасиеттер бізді талай рет өкінішке ұрындырды. 1917 жылы осындай болған еді. Бостандық, теңдік туысқандық деген сияқты жалаң сөздерден тұратын ұрандармен көмкерілген революция қазақтарға зорлап таңылды. Олар бұл ұрандарды имандай сеніп қабылдады. Ал, ол кезде революция үміт атаулының, арман-мүдделердің тамырына балта шабады деген кімнің ойында болған?

Әділін айту керек, 1936 жылы Қазақстан КСРО-ның құрамында одақтас республика атанып, жеке мемлекеттік нысандарға ие болған. Бірақ бұл «бостандықтың» да көп ұзамай көзбояушылық екені белгілі бола бастады. Ал мемлекеттік» нысандар билік басындағылар үшін тек тоталитаризмнің шынайы бет-бейнесін бүркеу үшін ғана қажет еді. Республика И.В. Сталин мен Л.П. Берия құрған ГУЛАГ-тың бір аралына айналды, қазақтар да Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге сол концлагердің тұтқындарына айналды.

Ардақты ағайын, мұның бәрін айтып отырғандағы мақсатым біздің халқымыздың мемлекеттік тәуелсіздікке жету жолында қандай азаптарды бастан кешкенін тағы бір рет еске сала кету еді.

Бүгінгі Қазақстан — өз алдына тәуелсіз мемлекет. Өркениетті елге тән демократиялық Конституциямыз, заң шығарушы құрылымдарымыз, атқарушы, сот биліктері, мемлекеттік тіліміз, ұлттық валютамыз, қарулы күштеріміз, қысқасы, егемен мемлекетке не қажеттің бәрі бар. Қазір біз қазақ халқы ғасырлар бойы ұмтылып келген тарихи мақсаттар толығымен жүзеге асырылды деп зор мақтаныш сезіммен айта аламыз. Менің ойымша, алдағы уақытта да осы жолмен алға баса беруіміз керек. Олай болса, өткенді көксеуді тоқтатайық. Қиындықтарды жеңеміз, мемлекеттілігімізді нығайтамыз, Қазақстанды еркін адамдардың еліне, экономикасы гүлденген елге айналдыру үшін аянбай еңбек етейік, ағайын! «Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар» деген қазақ.

Тәуелсіздіктің Қазақстанға бейбіт жолмен, қантөгіссіз келгенін ұлы бақыт, біздің зор жетістігіміз, ырысымыз деп санаймын. Ал жер бетіндегі көптеген елдердің азаттыққа халықты аздырып-тоздырған, қырғынға ұшыратқан соғыспен жеткенін жақсы білесіздер. Сондықтан да республикада ұлтаралық келісімді, іс жүзінде тыныштықты қамтамасыз еткен мемлекеттік егемендігімізді мақтаныш тұтуға

біздің толық хақымыз бар! Ал осы жарасымды шат күлкімізді, бейбіт өмірімізді көп көретін кейбір топтардың шолақ ойлы жымысқы іс-әрекеттерімен қалай келісуге болады?! Осындай қиын-қыстауда елді ереуілге шақырып, мемлекетті әлсіретіп, істеліп жатқан істі тоқтатқанда сол азаматтар біздің ел болуымызды әлі де қаламай отырғандардың диірменіне су құйып жүргенін біле ме екен?!

Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері, оның баға жетпес рухани мұралары сақталып, дами түсуі керек. Бұл ешқандай дау тудырмайтын басы ашық қағида. Біз бұрынғы империялық пиғылмен қазақтарға шірене қарайтындармен күресіп келдік, бұдан былай да күресе береміз. Бірақ өз кезегінде, қазақтарымыз да басқа халықтар алдында қанға сіңген қасиеттерге тән сабырлылық пен парасаттылықтарын танытуға тиіс. Егемен мемлекет ретінде Қазақстанды барлық дерлік дүниежүзілік қоғамдастықтың мойындап отырғанын тағы да еске түсіре кеткен артық болмас. Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылдандық, Дүниежүзіне әйгілі Қайта құру және даму банкісімен, ЮНЕСКО, ЮНЕП, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңес, Халықаралық валюта қоры секілді беделі зор халықаралық және аймақаралық ұйымдармен байланысымыз нығайып келеді. Біз демократиялық қоғам құру жолындамыз, ал демократияның басты принципі, бүкіл дүниежүзі мойындап отырғанындай, азаматтық құндылықтардың бірінші қатарға шығарлуы. Сондықтан «Қазақстан — барлық қазақстандықтардың Отаны» деген тезиспен біздің ішкі саясатымызда үнемі басшылыққа алынып отырады. Мен халық сайлаған Елбасы ретінде, Конституциялық өкілеттікке сәйкес, саяси тұрақтылыққа қастандық жасағандардың, кімнің болса да азаматтық құқығын аяққа басушылардың кез-келген іс-әрекеттерімен аяусыз күресетін боламын. Бұл арада, ардақты ағайын, өздеріңіздің көмектеріңіз бен қолдауларыңызға арқа сүйеймін.

Біздің республиканың саяси сахнасында бір шектен екіншісі бір шекке шығушылық кездесіп қалады. Бұл — өткен кезеңнің «баға жетпес» мұраларына деген сағыныш. Таңқаларлық құбылыс, аңсап кері кеткісі келетіндер жоқ емес. Олар: бұрын бәрі арзан еді дегенді алға тартқан болады.

Жасыратыны жоқ, біз қиын кезеңді бастан кешіп отырмыз. Экономикалық дағдарыс, өндірістің құлдырауы, етектен тартқан инфлиция, мұның бәрі халыққа оңай тиіп жатқан жоқ. Мұның бәрін жоққа шығару — шындыққа көз жұмып қарау деген сөз. Бірақ егемендікпен бірге еркіндік, аста-төк молшылық, кең сарайды боз үйлер өзінен-өзі келе қалады деп кім айтты? Ешнәрсе де еңбексіз, ізденіссіз келмейді. Бүгінгі дағдарыс кешегі экономикалық даму моделінің дәрменсіздігінен болып отыр. Оны қалыпты жағдайда қайта жандандру үшін біршама уақыт, ең бастысы, шыдамдылық пен түсінушілік керек.

Қазір жұрт арасында қайыршылық күй кешіп жүр деген сөзді саудаға салушылар бар. Ал, кемелденген социализм тұсында осы сөздер айтылушы ма еді? Мұндай жабайы тіркестер Батыс елдерінде кеңінен таралған. Әлемдегі ең бай ел болып саналатын АҚШ-та үйсіздердің, жұмыссыздардың, нашақорлардың қанша екені жасырылмайды, ашық жарияланады. Біздің елде мұндай құбылыс жоқ секілді. Бірақ кедейлер жайлаған біздің қоғамда сол бір кездері бәрі бірдей мамыражай күй кешті деп кім айта алады? Мыңдаған адамдар болар-болмас жалақы алды, зейнетақылары 40–50 сомнан аспады, бастарында баспанасы болмады, көше кезіп, қайыр сұраушылар көбейді. Бірақ социализм ала келген бұл кеселдерге тірі жан пендесі тіл тигізе алмайтын.

Енді осы жауаптан бір сұрақ туындайды: біз қандай қоғам құрып жатырмыз? Халықтық капитализм бе, әлде, айталық, швед соцализмі ме? Меніңше,

терминологиялық таптаурыннан қашу керек секілді. Бір нәрсе айқын: қорқытып үркітіп, «революциялық күш-жігеріме» ешнәрсе тындыра алмайсың. Егер біз өмірге бейімді экономикалық модель алғымыз келсе, оның тірі организм секілді табиғи толысуын қамтамасыз етуіміз керек.

Әйтседе, казармалық соцализмді көксеушілер жылт еткен жаңалықтар мен бетбұрыстарды көргісі келмейді. Ал қазір инфляция қиындықпен болса да ауыздықталып, теңгенің нарқы бірте-бірте тұрақталып келеді, бұрынғыдай тауарларға деген зәрулік, жабайы базар жоқ. Ең бастысы, біздің тарихымызда тұңғыш рет Қазақстанның шаруашылық механизмінде реттелудің баяу түрдегі процесі басталды. Бұл — ауыр науқасқа шалдыққан экономикамызды көп ұзамай қаз тұрғызатын бірден-бір тура жол. Егер шаруашылықты жүргізудің жоспарлы жүйесіне оралып, ескі әнімізге қайта баспасақ, нәтижесі жемісті болуы тиіс.

Енді басқа мәселеге ауысайық: рухани жағынан құлдыраушылық және айқын бағыт-бағдар мен жарқын мұраттардың көзден бұл-бұл ұшуы жайында. Үйқылы-ояу Ресейдің өміріне пәрменді өзгерістер алып келген Петр I реформасының тұсында да, шамамен осындай әңгімелер өріс алған болатын. Осы арада бір сұрақ туындайды. Өткенді көксеп, көз жасын көлдететіндер қандай мұраттарды жоқтайды? Шынымен-ақ олар Кремльдегі шал-шауқандардың ертегілері мен «Біз комминизм жеңісіне жетеміз» деген сияқты ұрандарына ұйып сенді ме? Олар үшін «Өлтірме», «Ұрлама» деген ешқашан мәнін жоймайтын сөздер коммунизм құрылысшыларының моральдық өсиеттерімен сыйыспайтын ислам мен христиан діндерінің уағыздары болып табылды.

Біздің халқымыз өз тарихында қай кезеңде қатты қырғынға ұшырады? Еске түсірейікші. Ұжымдастыру, жаппай етек алған аштық, қазақтардың кіндік қаны тамған жерлерінен аластатылуы, тағы басқалар. Сәкен Сейфулин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, қазақ халықының барлығы 65 мыңнан астам алдыңғы қатарлы ұлдары мен қыздары сталиндік жаппай жазалау жылдарында жазықсыз атылып кетті. Кеңестік жүйе өзінің адал ұлдары мен қыздарын солардың қолдарымен опат қылып отырды. Кеңестік жүйенің өз жаулары деп танығандарды қалайша қуғындағаны бір адамның мысалынан-ақ айқын көрінеді. Кезінде жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырап, кейіннен атылып кеткен көрнекті қазақ жазушысы және қоғам қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың ұлы жуырда ғана табылды. Оның бар кінәсі өз әкесінің ұлы болғандығында және одан бас тартпағанында ғана. Елуінші жылдарға дейін ол жазалаушы органдардың қатаң бақылауында болды, түрмеге жабылды, нәтижесінде өзінің туған Отанын ғана емес, есімін де жоғалтты. Бектұрдан Викторға айналған қарт кісі қазір Алтай өлкесінде тұрып жатыр. Ал, жарылыстан көз ашпаған Семейді, күннен-күнге көз алдымызда семіп бара жатқан Аралды, Қазақстан жерін жайлап кеткен өндіріс ошақтарын қайда қоясың? Неге екені белгісіз, бұл туралы соңғы кездері айтпайтын болдық. Ал мұның бәрі осы ғасырдың зұлматы емес пе?

Құдайға шүкіршілік, енді қайтып ол социализмге оралу жоқ. Карл Маркс басқа социализмді көздеген деседі. Бірақ ол социализмде өмір сүрген жоқ. Сондықтан оның нені көздегені белгісіз. Экономикалық бостандықсыз саяси бостандық та болмайды. Біздің халқымыз осы тәуелсіздікке жету жолында аса қымбатты жандары мен аса қымбатты қасиеттерінен айрылды, олар енді тоталитарлық режимнің оқпанына қайта барып бас сауғаламақ емес.

Оның үстіне, шаруашылықты жүргізудің әміршілдік-әкімшілдік жүйесіне қайта оралар болсақ, біз түпсіз тұңғиыққа қайта құлдырар едік. Кеңес Одағының эко-

номикасы дүниежүзілік шаруашылық кеңістігіне шыға алмады, система өзінің дәрменсіздігін көрсетті, өйткені, социалистік саяси экономия теріс принциптерге құрылған еді.

Қымбатты жерлестер! Қазақстан — көп ұлтты мемлекет. Еліміздің мәртебесін биіктетіп тұрған да осы ерекшелігі дер едім. Көпұлтты ел болуымыз — біздің байлығымыз. Қазақ халқының кейбір «жанашыр» топтары бықсытып жүретініндей, көпұлттық елге келген кесел емес. Сонау бір қуғын-сүргін жылдары әр ұлттың жүздеген мың өкілдері Қазақстан жеріне еріксіз айдалды, Біз бәрінің басына баспана бердік, бір үзім нанымызды бөлістік, ыстық ықыласымызды сыйладық. Содан бері бұл ағайындар өздерін зор мақтаныш сезім мен қазақстандықтармыз дейді. Олар қала салды, болат балқытты, балаларын тәрбиеледі, сөйтіп, республикамыздың экономикалық және рухани жағынан кемелденуіне өз үлестерін қосты.

Ал ондаған жылдардан кейін сол адамдардың көпшілігі, олардың балалары мен немерелері өздері өсіп-өркендеген жерлерінен жырақ кетіп, жылы орын іздейді деп кім ойлаған? Тереңірек ой жүгіртер болсақ, кейбір пысықай саясаткерлердің айтып жүргеніндей, тілі бөлектер кетіп жатқан жоқ. Кетіп жатқандар — біздің ағайындарымыз, кеше ғана бірге тұрып, бірге жұмыс істеген, қиындықтарды бірге бөліскен, жақсымызға қуанып, жаманымызға бірге күйінген шебер қолды жұмысшылар мен білгір мамандар.

Адамдар Қазақстаннан неге көшіп жатыр? Мен бұл мәселені де зерттеп көрдім. Тиісті органдарда «азаматтық құқығыма қарсы қысым жасалды» деген бірде-бір арыз жоқ. Басты себеп — балаларының болашағына алаңдаушылық, жандүниесіндегі сәйкессіздіктер. Бұған, ең алдымен, ұлттық оқшауланууды көксейтін қозғалыстар мен ұйымдардың көпірме сөзді жетекшілері кінәлі. Олар қазақ халқының қамын жеген болып, өздеріне саяси капитал жинауды ғана мақсат етеді, ақылға сыймайтын осы іс-әрекеттерімен республика өміріне қаншалықты кесел-кесапаттарын тигізетіндеріне есеп бере бермейді.

Қазақстаннан орыс тілді халықтың үдере көшуі республика экономикасының толық тұралауымен, мәдениеттер жарасымдылығының бұзылуымен пара-пар екені кімге де болса түсінікті екеніне дау жоқ. Егер біздің жерімізді орыстар, украиндықтар, немістер, басқа да туысқан халықтардың өкілдері тастап кетер болса, сол сағатта өз ішімізде жанжалдардың бұрқ ете қалатыны сөзсіз. Ал ол кімге керек? Кім түсіндіріп береді? Оқшаулану қазақ халқының бірте-бірте жойылуына алып барып соғады. Осыны түсінетін уақыт жетті ғой, ағайын! «Ырыс алды — ынтымақ» дегенді ұмытпайық!

Ресей мамандарының есептеуіне қарағанда, егемен елдердің арасына шекара тарту 300 млрд. долларды қажет етеді екен. Ал Ресейден тысқары жерде тұратын 25 млн. орысты көшіру ақылға сыймайтын сомаға — 4 трлн. долларға түсетін көрінеді. Ондай байлық ешқандай елден табылмайды. Ендеше Ресей де басқа елдерден өз отандастарының жаппай көшіп келуіне мүдделі емес. Содан соң бұрынғы КСРО бірыңғай славяндар мен түркі-мұсылмандар принципі бойынша бөлініске түсер еді де, арты адам айтып болмайтын қырғынға әкеліп соғар еді. Ал бұл Ресейдің де, орыс халқының да мүддесіне мүлдем қайшы.

Әрине, көші-қон XX ғасырға тән құбылыс деп өзімізді-өзіміз жұбатуымызға болады. Балтық жағалауындағы елдердің азаматтары Скандинавияға, Түркиядан — Германияға, Алжирден — Францияға, Үндістаннан — Парсы шығанағына кетіп жатыр. Бірақ біз бұдан ешнәрсе ұтпаймыз. Ел басшылығының, Жоғарғы кеңестің және әрқайсымыздың парызымыз — жұртты мазасыз күйге түсіретін мәселелердің

бәрін түпкілікті шешу, олардың ертеңгі күнге деген сенімін орнықтыру. Тек осы ғана болашақта барлық проблемаларды шешуге жол ашпақ.

Сөз реті келгенде айта кетейін, көшіп барғандардың көпшілігіне өз Отанында оң көздерімен қарай бермейді. Мысалдар жеткілікті. Жыл басынан бері қарай Алматы облысы 4 мыңнан астам, Маңғыстау облысы 2,5 мыңға жуық қайта көшіп келушілерді қабылдады. Қайта оралушылар саны Көкшетау, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола, тағы басқа облыстарда да өсіп келеді. Ресей оларға жұмыс, үй береміз деп уәде берген, бірақ онда да реформа процесі туғызып отырған қиындықтар жетіп артылады, сондықтан бұл проблеманы шешу Ресейге оңай емес. Содан олар не істесін, барар жер, басар тауы қалмағаннан кейін үйлеріне кері қайтқан.

Құрметті ағайын! Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған қонақжайлылық, мейірімділік сияқты дәстүрлерімізді жаңа бір қырынан қайта жаңғыртып, туыстарымыз бен бауырларымызға ыстық ықыласымызды білдірейік. «Кең болсаң, кем болмайсың» деген ұлағатты сөз бар емес пе? Жеріміздің кеңдігіндей, дастарқанымыз бен көңіліміз де сондай кең болса, ешқашан да кем болмасымыз анық.

Жаңа мен республиканың қоғамдық-саяси өмірінің кейбір проблемаларына тоқталып өттім. Оларды неғұрлым қысқаша тұжырымдау үшін орыс ақыны Константин Бальмонттың сөзін мысалға келтірейін. Ол кезінде 1917 жылғы Қазан төңкерісін қабылдамай, әлемнің революция жасау жолымен емес, эволюциялық даму арқылы өмір сүретінін ашық та батыл айтқан болатын. Сындарлылық пен тәртіп, ішкі және сыртқы тәртіптілік — бізге керегі, міне, осы. Сондай-ақ қазір барлық күш-жігерімізді салып қорғауымыз тиіс түсінік қандай да болсын жеке адамдар мен таптардан және қандай да болсын жеке міндеттерден жоғары тұратын Отан түсінігі екенін зердемізде ұстауымыз қажет. Бұл ұғымға бәрі де сияды. Онда ешқандай айырмашылық жоқ. сен көпессің бе немесе шаруасың ба, жұмысшысың ба немесе ақынсың ба, солдатсың ба немесе генералсың ба — бәрі бір.

Достар!

Бүгінгі кездесуіміздің қорытынды бөлігіне әрі ең бір жан тебірентерлік бөлігіне көшуге рұқсат етіңіздер. Менің мейлінше жауапты міндет атқаруыма — Алтын Жұлдыздар тапсыруыма және біздің Отанымыз — Қазақстан Республикасының ең жоғарғы дәрежелі «Халық қаһарманы» атағының айырым белгілерін аса көрнекті үш азаматымызға — республиканың қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовке, «Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты» акционерлік қоғамының президенті Ахат Сәлемхатұлы Күленовке және Қарағанды облысының Тельман ауданындағы кеңшар-институттың бас директоры Александр Федорович Христенкоға табыс етуіме тура келіп тұр. С.Қ. Нұрмағамбетов бұл құрметке Ұлы Отан соғысы жылдарында көрсеткен ерлігі үшін, еліміздің Қарулы Күштерін жасақтап құруға және оның қорғаныс қабілетін нығайтуға сіңірген еңбегі үшін және жастарға отансүйгіштік тәрбие беруге белсене қатысқаны үшін ие болды. Ал, А.С. Күленов пен А.Ф. Христенко өндіріске басшылық жасаудағы сіңірген ерекше еңбектері үшін, әлеуметтік мәселелерді шешуге өздерінің қосқан зор жеке үлестері үшін наградталып отыр. Бұлардың есімдері біздің республикамызға кеңінен танымал. Бұлар өз істерінің шын мәніндегі жаңашырлары, жаңа формацияның нағыз жаңа тұрпатты азаматтары болып табылады. Бұлар жаңа өзгерістер идеяларын шын ниеттерімен қабылдап, оларды жүзеге асыруға белсене қатысып жүр. Бүгінгі таңдағы нағыз қажетті қасиетті істер осындай адамдардың қолымен жасалуда, республиканың болашағына негіз қалаушылар да, міне, осылар. Бұлардың

әскери бөлімшелердегі, көпұлтты ұжымдардағы беделі орасан зор. Бұлардың соңынан еретін қолдаушылары мен шәкірттері мол. Сағадат Қожахметұлының, Ахат Сәлемхатұлының және Александр Федоровичтің есімдері Қазақстанның тарихына мәңгілік енетін болады. Өйткені, бұлар республиканың «Халық қаһарманы» деген жоғары атаққа бірінші ие болды.

Кеше мен сондай-ақ экономиканың, мәдениеттің, денсаулық сақтаудың, білім берудің, әскери қызметшілердің алуан салаларының өкілдері болып табылатын үлкен бір топқа Қазақстанның алғашқы ордендері мен медальдарын табыс еттім. Соңғы кезде бізде мұндай оқиғалардың жиі болып жүрмегені белгілі. Солай бола тұрса да, мен бізде мұндай ең жоғарғы құрметке лайықты сан мыңдаған тамаша қызметкерлердің, өз борыштарына шын мәнінде адал адамдардың қай салада да көп екендігіне жиі-жиі көз жеткізіп жүрмін. Мысалы, таяуда ғана қазақстандық спортшылардың Хиросимадағы Азия ойындарында тамаша табыстарға жеткенін зор қанағаттанғандық сезіммен естіп білдім. Оларға деген құрмет пен мақтаныш арта берсін!

Мен сіздердің барлығыңызды да республика үшін даңқты бүгінгі тамаша күнде шын жүректен құттықтаймын, Отанымыздың гүлденуі мен беделінің нығая түсуі үшін тап осындай мақсаткерлік шығармашылық жұмыстар атқаруларыңызға, жоғарғы жанқиярлықпен еңбек етіп, жаңа табыстарға жете берулеріңізге тілектестік білдіремін.

Бүгін менің және бір жоғары да құрметті міндет атқаруыма — Республика күніне орай дәстүрлі түрде беріліп жүрген «Президенттік бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын» табыс етуіме де тура келіп тұр. Бұл сыйлықтың иелері өздерінің ізгі ниетті жасампаздық істерімен біздің қоғамымыздағы рухани бірлікті, ұлтаралық татулық пен халықтар арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға ықпал етіп жүрген азаматтар. Бұл сыйлықтың лауреаттары – халқымыздың аса көрнекті перзенттері. Академик, Қазақ мәдениет қорының төрағасы Жабайхан Мүбарақұлы Әбділдин осы сыйлыққа ие болды. Қазақстанда оның белсенді қоғамдық-саяси қызметі кеңінен белгілі. Бұл қызмет республикамызда азаматтық бейбіт өмірді, рухани татулықты, тұрақтылықты қолдауға бағытталған. Есімі дүниежүзіне мәлім философ-ғалым Қазақстанда диалектикалық логика мен таным теориясының бірегей мектебін құрды. Ол азаматтық ақыл-парасат иесі ретінде өзінің гуманистік көзқарасын әрқашан адал әрі батыл қорғай біледі. Аса ірі жазушы Морис Давидович Симашко да лауреат атанды. Оның есімі ерекше таныстыруды қажет ете қоймайды. Оның кітаптары терең тарихи шындыққа толы, ол Шығыс халықтарының мәдениеті мен дәстүрлерін терең біледі және қатты құрметтейді. Оның шығармашылық қызметте жоғары эпикалық құлаш сермегенін бүкіл әлем біледі. Біз сонымен қатар өзіміздің өзбекстандық досымызды да, жазушы, әдебиеттанушы, аудармашы Насыр Юлдашұлы Фазыловты да құттықтаймыз. Ол өзінің рухы жағынан қазақ әдебиетінің Кіндік Азиядағы өкілетті өкілі болып табылады. Аса көрнекті қазақ жазушыларының 33 кітабы оның аудармасымен туысқан елдердегі оқырмандардың игілігіне айналды. Біз оның Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойына әзірлікке қосқан үлесін де жоғары бағалаймыз. Ол бұл күнді Абай өлеңдерінің аудармасы жинағымен қарсы алмақ. Мұндай азаматтар ел мен елдің, халық пен халықтың бір-бірімен жақындаса түсуіне, олардың мәдениеттері мен адамгершілік жан дүниелерін байытуға көмектеседі.

Сіздерге сол үшін де зор рахмет!

Бәріңізді де бүгінгі мерекемен тағы да құттықтаймын. Бақытқа бөленіп, табысқа жете беріңіздер, дендеріңіз сау болып, өмірлеріңіз гүлдене берсін!

ЕҚЫК қатысушы елдердің мемлекет және үкімет басшылары кездесуінде сөйлеген сөзі

Венгрия Республикасы, Будапешт қаласы, 1994 жылдың 5 желтоқсаны

Уважаемый господин председатель!
Дамы и господа!

Прежде всего позвольте выразить искреннюю благодарность правительству Венгрии и Секретариату СБСЕ за теплый и радушный прием, отличную организацию работы.

Вне всякого сомнения, СБСЕ является уникальным международным институтом, располагающим большими возможностями не только для обсуждения, но и принятия конструктивных решений по актуальным вопросам поддержания стабильности и безопасности на Европейском континенте. Именно этими соображениями руководствовался Казахстан, принимая решение о вступлении в СБСЕ.

Широкий состав участников и диапазон полномочий и сейчас позволяют Совещанию целенаправленно выполнять свою миссию, энергичнее реализовать свой потенциал, задействованный, к сожалению, не в полной мере. Впрочем, такая ситуация характерна и для других региональных организаций, большинство из которых были созданы в эпоху конфронтации и переживают в настоящее время период нелегкой адаптации к явлениям обновляющегося мира. Этим, вероятно, и объясняется незавершенность ряда попыток СБСЕ решить задачи по предупреждению и урегулированию кризисов в Европе.

Известно, что Совещание пока не имеет ни мандата, ни источников финансирования, ни собственных миротворческих сил для того, чтобы успешно заниматься разрешением существующих конфликтов, особенно вооруженных. СБСЕ в нынешнем виде трудно обеспечить выполнение своих 10 основополагающих принципов, поскольку пока еще нет надлежащих механизмов их реализации.

В то же время ООН, имеющая и мандат, и финансирование, и контингент миротворческих сил, вовлечена в 17 миротворческих операций в различных регионах планеты и испытывает серьезные трудности в их расширении, а главное — в их эффективном обеспечении. В этой связи становится очевидным, что в деле урегулирования конфликтов на обширном евразийском материке трудно рассчитывать только на ООН. Возникает насущная необходимость создания инструментов, позволяющих создать комплексную систему безопасности, которая объединила бы усилия всех существующих международных и региональных организаций.

Поэтому вполне логичным видится то обстоятельство, что на будапештский саммит вынесено обсуждение столь актуальных документов, как Политическая декларация, а также Кодекс поведения в политической и военной областях, которые будут способствовать совершенствованию и активизации деятельности СБСЕ.

В этом же русле я считаю заслуживающей поддержки инициативу Европейского Союза о механизмах развития отношений СБСЕ с ООН, НАТО, ССАС, ЕС, ЗЕС, Советом Европы. Мы исходим из того, что чрезвычайно важно договориться об основах эффективного взаимодействия указанных структур.

Полагаю, что дальнейшее параллельное развитие европейского процесса с нашей инициативой относительно созыва Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА) явится предпосылкой к созданию всеобъемлющей системы безопасности.

Поскольку укрепление безопасности и сотрудничества основная миссия СБСЕ, мы вправе надеяться на практическое участие этого форума и в делах региона Центральной Азии, прежде всего в Таджикистане. Это, безусловно, будет способствовать успеху этой миссии СБСЕ, повышению его эффективности и авторитета.

С другой стороны, активное участие государств Центральной Азии в деятельности СБСЕ укрепит их безопасность, суверенитет и территориальную целостность, будет содействовать экономическому и социальному прогрессу, соблюдению прав человека и национальных меньшинств.

Мы, также как и многие здесь присутствующие, разделяем фундаментальный вывод о том, что мир и безопасность неделимы. Это общее достояние всех участников СБСЕ, независимо от их региональной, этнической и религиозной принадлежности.

Стремясь к созданию структуры безопасности на Азиатском континенте. Казахстан опирается на опыт СБСЕ, включая его сотрудничество с государствами Средиземноморья.

Очевидно, что для укрепления стабильности на евразийском континенте важное значение имеет ситуация не только в самой Центральной Азии, но и в сопредельных регионах Азии. В частности можно привести в порядке примера влияние длительного внутреннего конфликта в Афганистане.

Тот факт, что после распада СССР государства Центральной Азии стали полноправными участниками общеевропейского процесса, свидетельствует о понимании в среде СБСЕ, сто европейская безопасность и стабильность зависят не только от развития обстановки на европейском континенте, но и от ситуации вокруг Европы, в том числе на Кавказе и в Центральной Азии. В этом контексте важное значение, на наш взгляд, имеет состоявшаяся в октябре этого года в Алматы очередная встреча старших должностных лиц из азиатских стран, на которой принято решение о создании рабочей группы. Она займется подготовкой Совещания министров иностранных дел стран Азии.

Активность Казахстана в продвижении идеи СВМДА вовсе не следует расценивать как снижение нашего интереса к общеевропейскому процессу. Участие Казахстана в деятельности СБСЕ дает нам дополнительную возможность выработки новых подходов к формированию основных направлений внутренней и внешней политики, нацеленных на поддержание мира и безопасности в регионе. В связи с этим важным считаем соглашение между Казахстаном, Узбекистаном, Кыргызстаном о создании общеэкономического пространства. Мы уверены в том, что в вопросах урегулирования существующих конфликтов следует опираться на такие основополагающие принципы СБСЕ, как территориальная целостность и соблюдение прав человека. При этом должны использоваться действующие и вырабатываемые в СБСЕ механизмы миротворческой деятельности.

Хотел бы с удовлетворением подчеркнуть, что в последнее время большое внимание со стороны СБСЕ стало уделяться проблемам человеческого измерения. Для Казахстана эти вопросы имеют собственную ценность. Заметный резонанс имел состоявшейся в апреле нынешнего года в Алматы семинар по человеческому

измерению, в котором принял участие Верховный комиссар СБСЕ по делам национальных меньшинств Макс Ван дер Стул.

Мы высоко оцениваем объективные выводы о ситуации, сделанные Верховным комиссаром по итогам его встреч в Казахстане, в том числе и с представителями многочисленных неправительственных организаций. Нам представляется весьма важным утверждение принципа приоритетности прав человека. Поэтому мы уделяем большое внимание вопросам сохранения политического консенсуса и межэтнической гармонии. Все государства, постсоветского пространства, являются многонациональными. Прежде всего это касается Казахстана. Задача поддержания и укрепления межэтнического согласия на основе соблюдения прав национальных меньшинств — должна стать насущной необходимостью и существенным элементом внутренней политики всех государств СНГ. Поэтому Казахстан выступил с предложением о заключении на предстоящем Совещании глав государств СНГ Пакта о поддержпнии мира и спокойствия в пространстве Содружества Независимых Государств. Надеюсь на то, что этот документ получит поддержку глав государств СНГ, будет положительно оценен СБСЕ.

Для Казахстана вчера состоялось событие поистине исторического значения. Подписан Меморандум о гарантиях безопасности нашей стране со стороны депозитариев Договора о нераспространении ядерного оружия — Российской Федерации, США и Великобритании, которые в соответствии с принципами СБСЕ подтвердили свое уважение к независимости, суверенетету и незыблемости существующих границ Казахстана. В Меморандуме содержатся важные обязательства о неприменении силы против территориальной целостности и политической независимости Казахстана, об отказе от экономического принуждения.

Мы считаем эти гарантии адекватным ответом на ответственную политику Казахстана в области разоружения. Вступив в Договор о нераспространении ядерного оружия, Казахстан подтвердил свою твердую приверженность режиму нераспространения. Будучи стороной Договора СНВ-1, Казахстан взял на себя обязательство ликвидировать смертоносное содержание 104 межконтинентальных баллистических ракет СС-18.

В заключение хотел бы подтвердить, что Республика Казахстан стремится к тесному взаимодействию в рамках СБСЕ, рассматривая его как необходимый вклад в дело сохранения мира и безопасности на Евразийском континенте.

Мы расцениваем идею о переименовании СБСЕ в Организацию по безопасности и сотрудничеству в Европе как важную предпосылку к усилению эффективности нашего форума, прежде всего в области предупреждения конфликтов и урегулирования кризисов, что крайне важно, принимая во внимание нынешнюю ситуацию в пространстве СБСЕ.

Т. Рысқұлов, С. Қожанов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлинді еске алуға арналған тарихи зерде кешінде сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1994 жылдың 14 желтоқсаны

Құрметті достар!

Бүгін міне, 5 арыстың — Тұрар Рысқұловтың, Сұлтанбек Қожановтың, Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің туғанына 100 жыл толуына орай ерекше жағдайда тағы да бас қосып отырмыз.

Сөз жоқ, жоғарыда аттары аталған аса көрнекті ел ардақтыларының әрқайсысының 100 жылдығы — бүгінгі қоғам үшін жеке-жеке рухани оқиға, тарихтың орны бөлек қайталанбас беттері екендігі қазіргі кезеңде ешқандай да күмән туғызбаса керек. Сондықтан да бүкіл халық болып оларды еске алу — әрі рухани зерделілігіміз, әрі ұрпақтық парызымыз.

Үстіміздегі жылы республикамыздың алуан өңірінде, олардың кіндік қандары тамған, өскен, оқыған, қызмет еткен мекендерінде арыстарымыздың мерейтойлары кеңінен аталып, жаңа ескерткіштер, мемориалдық тақталар ашылды. Ақпарат құралдарында сол тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметіне, тағдырына байланысты тың деректер жарияланып, жұртшылық игілігіне ұсынылды. Жер-жерде өткізілген осынау шаралардың қорытындысы ретінде мемлекет дәрежесінде бас қосып, қасиетті ағалар аруағы алдында еліміздің бірлігі, іргетасымыздың беріктігі жайлы тағы да бір көңіл аша сырласу, дидарласу бүгінгі өміріміздің қажеті.

Әрқайсысы қайталанбас, жеке-жеке шоқтығы биік заман тұлғалары бола тұра, олар өмірлерін бір мүдде, бір мақсатқа арнағандықтан, тағдырлары да бір болып шықты. Бір жылда туған төл құрдастар — мемлекет, қоғам ісіне бірге араласып, бір мақсаттың туын көтеріп, амал қанша, бір кезеңде құрбандыққа шалынды.

Екіншіден, олардың тағдыры — елдің тағдыры. Ендеше 5 арыстың өмір жолын тұтас айту, халықтың тағдырын сөз қылу — тарихи шындықты тұтас көру деген сөз.

Өткенді зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату — қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, айта беретін тәуелсіздігіміз, егемендігіміз осы тарихты тануға тікелей байланысты: өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін емес. Ал, болашағы анық емес елді егемен деп айтуға әсте болмайды. Сол себепті, тарихқа, тарихи тұлғаларға көзқарас аса жауапкершілікті, байсалды пайымдауды қажет етеді.

«Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы» деген біздің халқымыз қай ғасырда да бас бостандығын, рух екендігін ерекше қадірлеген, қастерлеген. Ел басына күн туып, ат ауыздықпен су ішкен, ер етікпен су кешкен замандарда қасиетті туған жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған талай-талай батырлар өткен.

Бірақ тарих заңы қатал. Еліңді, жеріңді найзаның ұшымен де, білектің күшімен де қорғай алмайтын кездер болады. 2,5 ғасырдай отарлау саясатының құрбаны болған қазақ халқы жерінің құнарынан, елінің еті тірі ұланынан айырылып, бодандықтың қасіретін шекті. Осы қажеттілікті сезгендей, халқымыз талантты ерлерді дүниеге топ-тобымен әкелді. Жүрек десең жүрегі, білім десең білімі, білек

десең білегі бар, ел үшін, жер үшін ештеңеден де тайынбайтын, табанды да талантты интеллигенция, жаңа тұрпатты саяси күрескерлер дүниеге келді.

Сол тұста жаңа өмірді құрысқан азаматтардың арасындағы аса ірі тұлғалардың бірі — Тұрар Рысқұлов. Оның Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне белсене қатысқаны, сол үшін түрмеге жабылғаны бәріңізге белгілі. Тұрар Рысқұлов 1919–1920 жылдар аралығында Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Орталық Атқару комитетінің төрағасы болып істеді. 1926 жылдан 1937 жылға дейін, яғни нақақ жазаға ұшырағанға дейін, 11 жыл бойы РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары болды. Тұрар Рысқұловқа дейін қазақ баласы дәл мұндай лауазымды қызмет атқарып көрмеген болатын.

РКФСР-дай алып елдің ауқымында күрделі мәселелер шеше білген Тұрар Рысқұлов қазақ халқын өзгелерге танытуға үлкен үлес қосты.

Әрине, Тұрар Рысқұловтың асыл аруағына тағзым етіп, атын ардақтағанда біздің ойымызға оның ел үшін еткен ең ересен, ең ірі, ең қасиетті еңбегі алдымен оралады. Қазақ даласына айдың-күннің аманында, қазан ұрмай, қар жаумай-ақ келген нағыз нәубет — алапат ашаршылық тұсында Рысқұлов тұлғасының шын мәнінде ұлы екені айқын көрінді. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған, қырына алғанның қабырғасын қақыратып, көлденең тұрғанның бәрін көрде шірітіп жатқан Сталиндей тиранға қарсы шабу, қазақ даласындағы қолдан жасалған қырғынды тоқтаттыруды талап ету, өлімге бас тігіп, ажал аузына өзі барумен бірдей ерлік болатын. Кейіннен Рысқұловтың үш хаты бойынша республикадағы жағдай тексерілгені, Ф.И. Голощекин басқа қызметке ауыстырылып, орнына халық «Мырзажан» атап кеткен Л.И. Мирзоян келгені, сөйтіп айналасы 2 жылдың ішінде тұтас бір ұлттың тең жартысына жуығын жусатып салған XX ғасырдың сұмдық трагедиясы тоқтатылғаны бәріңізге белгілі. Ал, осы іске қозғау салып берген Тұрар Рысқұлов еді. Осы ұлы еңбегі үшін қазақ елі Тұрар Рысқұловтың атын мәңгі-бақи ардақтап өтетін болады!

Біз бүгінгі кеште қазақтың біртуар перзенті, аса көрнекті ақын және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллинді халық жадында мәңгі сақталар жан, асылдардың асылы, аяулылардың аяулысы деп еске аламыз. Сәкен — біздің ұлттық мақтанышымыз, ел үшін еңіреген ер, қайтпас қайсар күрескер. Сәкен — өлеңнен өрнек өрген ақын, қара сөздің сиқырын игерген прозашы. Сәкен — тыңдаған жанның жүрегін тербемей қоймайтын сырлы да сазды әндер шығарған талантты композитор.

Рас, Сәкен өз заманының саясатына қызмет етті, сол кездегі жаңа құрылған қоғамның болашағына сенім артты. Бірақ ол — өз халқының болашағына деген сенім еді. Егер ол тірі болса, бүгін, сөз жоқ, өзіне тән өткірлікпен, от пен судан қорықпайтын батырлықпен тек халық мүддесі жағында ғана тұрар еді.

Бүгінгі салтанатты кешке біз Сәкеннің азаттық рухынан тағылым алу үшін, ел деп соққан жүрегіне құлақ түріп, нақты ісінен үйрену үшін жиналдық. Өйткені, егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тіккен Қазақ еліне Сәкеннің үздік үлгісі, өрелі өнегесі өте керек.

Халқының елдігіне, рухына қажет мәдени қазынаны жаратқан алып тұлға, арыстарымыз бен асылдарымыздың қатарында біз бүгін Ілияс Жансүгіров есімін айрықша атаймыз. Оның ұланғайыр шығармашылығы «өнер алды — қызыл тіл» деп, сөз өнерін қадірлеп, өнерпазын қастерлеген текті жұрттың поэтикалық дәстүрінен қуат, серпін алған аса бір арынды, терең де нұрлы ағыс болып көрініс

береді. Бұл ағыста замана дауылы көтерген шуда жал бұрқақ толқындар да, шымырлап сыр бүккен тылсым иірімдер де, тегеуіріні тұңғиықта тепсінген жұмбақ қуат та бар. Адам баласының санасын сан соқпаққа бұрып, жандүниесін жапырып, қалыпқа құйған XX ғасырдың бұрқасын өткелектері, саяси жүйенің алдамшы идеологиясы, империялық өкімнің қаншеңгел құрсауы Ілиястың тау бұзып, тас жарған алапат дарынын да өз арнасына икемдеп, өз танабына тартып-ақ бақты.

Бірақ, Ілияс поэзиясының бастау-бұлақ, құнарлы көзі — ең алдымен, халықтың бай фольклорлық мұрасы мен Абай поэзиясы болды. Әсіресе, «Күй», «Құлагер», «Күйші» поэмалары қазақ поэзиясында сол кездегі айшықты жаңалық, теңдесі жоқ шығармалар болғаны белгілі. Ілиястың қазақ поэзиясындағы тағдыр-талайын Құлагер тұлпардың бейнесімен ұқсатуымыз да тегіннен-тегін емес.

Таңғажайып талантымен таңдандырмай, тамсандырмай қоймайтын ұлы тұлғаларымыздың тағы бірі — Бейімбет Майлин.

Бейімбет шығармашылығы қазақ тарихындағы аса бір күрделі кезең болған 1920–1930 жылдардың кескін-келбетін қаз-қалпында бейнелеп беруімен айырықша құнды. Би-ағаңның әңгімелерін, повестерін ой көзімен оқыған адам Октябрь революциясынан кейін қазақ санасында, қазақ мінезінде, қазақ психологиясында қандайлық катаклизм болғанын анық көреді. Бейімбет жаңа өмірді ұйымдастырудағы солақайлықтарды, коллективтендірудің келеңсіздігін өзінің жанр түрлеріне бай шығармаларында жеңіл әжуа, сезімтал әзілмен де, өткір сарказмға толы уытты тілімен де сынаған.

Бейімбет те, Сәкен мен Ілияс сияқты, жаңа өмір әкелер жақсылыққа үміт артты, әділетсіздікті жоямыз, ел мен елді теңейміз деген большевиктік деген саясатқа шын сенді. Өзінің Жалбыр, Таңсық, Айша, Рауан, Азамат Азаматыч сияқты кейіпкерлері арқылы, есімі мәтел болып кеткен атақты Мырқымбайы арқылы оқырманын сол жаңа өмірді бірге құрысуға шақырды. Бірақ Бейімбеттей ұлы реалист жазушы шырқыраған шындықты айтпай тұра алмады. Ал, сталинизм, тоталитаризм басқаны кешірсе де мұндайды еш кешірмейтін. НКВД идеологтарының қанды құрығынан рухани бостандықты айтқандардың құтылғаны сирек екенін жақсы білесіздер.

Міне, осы үшін, басын бәйгеге тіге жүріп, замана сырын ашып бергені үшін, бүтін бір дәуірдің ғажап картинасын, сол кезеңдегі қазақы мінездердің қайталанбас, ғажап галереясын жасап бергені үшін біз Би-ағаңның ұлы таланты алдында басымызды иеміз.

Дүниеге бірге келіп, бірге кеткен 5 арысымыздың енді бірі — көрнекті мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожанов. Сонау оңтүстіктің бір қиырындағы Ақсүмбе ауылынан түлеп ұшқан тастүлектің қандай заңғар көкке көтерілгенін, елі үшін қандай еңбек еткенін бәріңіз де жақсы білесіздер. Алдымен Түркістанда, онан кейін Ташкентте білім алған дарынды жастың бар қайрат-қабілетін, ақыл-ойын халық үшін жұмсап өткенін айтып жатудың өзі артық сияқты. Сұлтанбек Қожановтың Түркістан Республикасының басшылығында аса жауапты жұмыстар атқарғаны, атап айтқанда, Ішкі істер, Халық ағарту, Жер мәселесі халық комиссариаттарында жетекшілік еткен кездегі еңбегі зор.

Сұлтанбек Қожановтың өмірінен біз алар өнегенің бірі — кең ауқымды ойлау, өз халқыңа шындап жан ауырту, оның мінін де айта білу, сөйтіп, олардан арылуға көмектесу. Бір мысал келтірейік.

Сұлтанбек Қожанов сонау 1924 жылы Ташкенттегі қырғыз-қазақ институтын бітіріп шыққан жастарға арнап, «Ақ жол» газетіне «Жас буын, жаңа жұрт жолға

түссін» деген мақала жазған. Онда қырғыз-қазақ тұрмысының ең үлкен кемшілігі — шаруа түрінің орнықсыздығы, олардың еркіндікте бола алмай, табиғи жолмен ілгері баса алмағандығы екенін атап айтқан. Қазақ-қырғыз үдесінен шығып, бірте-бірте мәдениеттендіріліп, не мал шаруасын өркендете алған жоқ, не орныгып отырып, алаңсыз егіншілікпен айналысқан жоқ, не қолөнерін дамытпады, не сауда үдесінен шықпады, деп жазған.

Ал, ақиқатын айтайықшы; азамат ағамыз көрсеткен осы міндеріміздің арылып болдық дей аламыз ба?! Әрине, олай дей алмаймыз. Мұның негізгі себебін де автор тамаша ашып көрсеткен. Негізгі себебі халықтың «еркіндікте бола алмай, табиғи жолмен ілгері баса алмағандығы» дейді автор. Демек, өз билігі өз қолына тиген тұста халқымыз мұндай міндерден неғұрлым тезірек арылудың қамына кірісуі керек.

Бүгін біз сталиндік қуғын-сүргін кезінде қаза тапқан аса көрнекті 5 қайраткерді ғана емес, сонымен бірге сол жылдарда нақақтан өмірін қиған басқа да көптеген адамдарды еске аламыз. Олардың арасында Қазақстанның тамаша перзенттері — Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Халел Досмұхамедов, Санжар Аспандияров, Ораз Жандосов, тағы басқа көптеген аяулы азаматтарымыз болды. Бірақ заңсыздықтар мен белден басушылық тек сол жылдармен ғана шектеліп қалған жоқ. 1986 жылы желтоқсанда қазақ жастары тоталитаризмге қарсылық білдіріп, алаңға шыққанда да сол сталиншілдіктің жаңғырығы естіліп жатты.

Біздің республикада сол жылдарда еріксіз жер аударылған сан мыңдаған «халық жаулары» — көптеген ұлттардың өкілдері: орыстар мен украиндар, қазақтар мен шешендер, белорустар мен немістер ажал тырнағына ілінді.

Жазықсыз қаза болғандар әрқашан халық жадында қала бермек!

5 арысымыздың өнегелі өмірінен үйренеріміз көп. Ең алдымен, ел үшін, туып-өскен жер үшін жан-тәнімен, ынта-ықыласымен беріле қызмет ететін азаматтық жүрегін үлгі тұтуымыз керек. Олардың қай-қайсысы да қазақ елінің өзгелермен терезесі тең болуын арман етіп өтті, жалындап жанған жүрегімен бүгінгі азаттық таңын жақындатып кетті.

Сонан кейінгі ерекше атап айтатын қасиеті — ауызбіршілігі. Замандастарының естеліктеріне, көзкөргендердің дерегіне қарағанда, осы асыл ағаларымыз қашанда бір-бірін бөлекше қадірлеген, өзара достығын көздің қарашығындай сақтай білген. Асыл ағаларымызға «алыптар тобы» деген ғажап ат берген көркем сөз зергері Ғабит Мүсірепов: «алыптар дәстүрінде ортақ жанашырлық бар еді. Ортақ істе ақылдасып отыратын дәстүрлері берік болатын», деп еске алады.

Өкінішке қарай, зиялы қауымның бойында бағы заманнан бар бәсекелестік сезімін тоталитарлық қоғам әбден әккілікпен пайдаланды. Оның мысалын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Кешегі Колбиннің тұсында қанша азамат сұқ саусақтың ұшында кетті! Халықтың ауызбіршілігі, оның ішінде интеллигенцияның ұйымшылдығы болса, ел басына келген зұлматтың зардабы мұнан біршама аздау болар ма еді деп те ойлайсың.

Ел бірлігі — зиялылар бірлігі. Қай заманда да елдің басын зиялылар қосқан. Біздің қазақ ежелден орынды сөзге тоқтаған. Ақылы асқан адамның уәжіне жығыла білген халық. Әсіресе, ақынның, шешеннің данагөй сөзі халық үшін қашан да қастерлі, қасиетті саналған. Мұнымен қатар, елдің бірлігін кетіретін, берекесін

қашыратын сөз де кей-кейде зиялы қауымның аузымен айтылып қалатыны өкініштіақ. Сондықтан, қазіргідей күрделі кезеңде елдің бірлігі, ел аузына қарап отырған интеллигенцияның тарихи жауапкершілік жүгін сезінуі өте-мөте маңызды. Тағы да айтамын: тағдырдың өзі, тарихтың өзі қазаққа берген осы бақытымызды бағалай білмесек, ұсақ-түйек әңгіме төңірегінде, ауыл-аймақтың айналасында өнбейтін дау қусақ, өзімізді-өзіміз төменшектетіп, елдің еңсесін езетін сөзді айта берсек, онда біз болашақ, ұрпақтар алдында аса айыпты боламыз.

Өткеннің өнегесі — бүгінгінің баға жетпес байлығы. Алайда төл тарихы тағылымының уызына жарымаған ұрпақ ол байлықты еншілеп, игілігін еркін көре алмайды. Кешегі бабасы жіберген қатені енді өзі қайталап, тәуелділік тозағына түседі. Мынау ұлы далада әр дәуірде өмірге келген атақты мемлекеттер осындай тағдырды бастан кешті. Мысалы, шаңырағын Жошы хан көтеріп, ұстынын Бату хан бекіткен Алтын орда елдің есті азаматтары ел басының төңірегіне тоқталып, ынтымақ-бірлік танытқан кезде сыртқа айбар, ішке береке ұйытқан іргелі мемлекетке айналды. Алайда бұл ұзаққа бармады. Тарихынан тағылым алмаған ұрпақ өздерінен бұрынғы Ғұн империясының, Түрік қағанатының қателігін қайталап, елдің ұйығын бірлігін ірітіп, тақ таласына түсіпті. Ханына қарсы тұрып, халқына қайғы жұттырды. Ақырында іргелі мемлекет елдіктен қалды, ұсақ хандықтарға бөлініп, биқұмарлар мен таққұмарлардың еншісіне тиді. Осылайша тұтастықтан бөлініп шыққан Қырым, Ноғай, Қазан, Астрахан, Өзбек, Қазақ, Сібір хандықтарының тағдыры өздеріңізге белгілі, бөтен елдің боданы болып, тәуелділік қамытын киіп тынды.

Алайда шенқұмарлар мен шекпенқұмарлар бұдан да қорытынды шығармады. Ел азаттығы үшін алысқан ерлердің жолын кесті. Өсер елдің баласы арманшыл болса, өшер елдің баласы жанжалшыл болатынын танытты. Көрші ел жауын жеңген өз батырлары Невский мен Донскойларын ардақтап, алақанына салып аялап жатса, біз сондай ерлік көрсеткен бас сардар Әбілқайырды өз қолымызбен өлтіріп тындық. Отан қорғау мәні жөнінен Аңырақай соғысы Нева соғысынан бір де кем емес еді ғой!

Бұдан кейін де алауыздылық дерті өршімесе өшкен жоқ. Соның салдарынан бодандықтың бұғауын үзуге қайрат қылған қазақтың соңғы ханы — Кенесары да алты алаштың толық қолдауына ие бола алмады. Ақыры арманына жете алмай, ағайын қолынан қаза тапты.

Көріп отырсыздар, тұтас алмай, теріп айтқанның өзінде осылай жалғаса беретін тарихтың ащы сабақтары аз емес. Бұл сабақтар бізден ел қамын ойлар естілікті тілейді. Ол бізге бірлік бар жерде береке бар екенін, алауыздық орын алған жерде азып-тозу болатынын ескертеді. Бақ та, тақ та таласқанға бұйырмайды, халықтық істе жарасқанға бұйырады. Айқайшыл күшпен емес, игілікті ісіңмен көрін. Халық кемеңгер ғой, кімнің кім екенін өзі-ақ танып алады. Тарихтың осы тағылымын әрдайым есте ұстайық. Бірлік — біздің қасиетті туымыз.

Бірлігіміз болса ғана тірлігіміз болатынын ұмытпайық, ағайын!

Бүгінгі мемлекетіміздің жағдайы туралы әңгімеде, біз көп ретте тек басымызға түсіп отырған уақытша қиындықтарды, әсіресе тұрмыс қиындықтарын желеу етіп, екілене сөйлеп, жүйке қоздыруға тырысатын топтар мен саясаткерлердің жетегінде кететініміз бар. Адамзаттың арманы — рухани бостандық пен сөз еркіндігінің құнын ескере бермейміз. Ойлап қараңыздаршы — 1930-шы жылдарда ашаршылықтан миллиондаған адамдар қырылып жатқанда, арыстарымыз жазықсыздан айыпта-

лып, атылып жатқанда, соның бәрін жүргізіп отырған партия мен үкіметтің ұжданын көтеріп: «Жасасын, Коммунистік партия!» демедік пе? Неліктен солай болды? Ең бастысы — адамның рухани бостандығы болмады. Осы ең биік категориялар болмаған жерде басқа игіліктердің барлығының неге тұратындығын — 70 жылдан астам өткен өміріміз көрсетті емес пе? Бүгінгі біздің мемлекеттің азаматы — ойындағысын анық айтуға мүмкіндігі бар еркін азамат. Бірақ осы бостандықты әр азамат мемлекеттің бірлігін, тұтастығын, қоғамның шырқын бұзуға және өзіндей басқа азаматтардың бостандығына зиян келтіруіне біздің Конституциямыз бен заңдарымыз тыйым салады. Олай болмаса біз өркениетті ел бола алмаймыз.

Егер біздің қоғам, әсіресе саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері, зиялылар осы ең қымбат мүддені тиісінше бағалай білмесе, бәрінен де ең асылымыз, қымбаттымыз — рухымыздан айырылуымыз ғажап емес. Кез-келген халыққа бәрінен бұрын асқақ рух керек. Қай уақытта, қай елде болмасын, ұлттың ұлы перзенттері мен ойшылдары, қайраткерлері ең алдымен өз ұлтының, халқының рухын көтеруді ойлаған. Сол үшін күрескен, ой толғаған, қамыққан, тіпті өз өмірлерін құрбан еткен. Оған бүгін еске алып отырған 5 арыстың өмірі айқын дәлел. Осы орайда менің есіме үндінің ұлы перзенті Махатма Гандидің: «Біздің халық ұзақ жылғы отарлық езгіде небір асылы мен қымбатынан айрылды. Солардың арасында біз бір ғана қасиетті дүниемізді таяу арада қайыра алмаймыз ба деп қорқамын. Ол — халықтың рухы. Одан үлкен байлығымыз жоқ еді...» деген сөзі есіме түсіп отыр. Бұл сөздің терең мағынасын ең әуелі сіздер білуге тиіссіздер. Біз отаршылдықтың езгісін, ескі системаның зорлығын көп көрген халықпыз. Күні кешегіге дейін бар дауысымызбен өзіміздің біртұтас халық екендігімізді тарихымыз, ұлы тұлғаларымыз, ғасырлар тереңінен сусындаған төл мәдениетіміз бен өнеріміз бар екенін ауыз толтырып айта алмай келдік. Нағыз шындықты айтқызбай, адамның мысын басып тұратын бір дүлей күш бар еді. Ол күш — империялық саясаттың идеологиясы болатын.

1953 жылы ұлы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолының», бертін келе Ілияс Есенберлиннің тарихи тақырыпқа жазған романдарының орынсыз сындарға ұшырағаны да белгілі, осы тақырыпқа қалам тартқан бірқатар жазушылардың шығармалары қатал цензураның қайшысына түсті. Өйткені, бұл туындылар тарихы таяз, мәдениеті төмен, 1917 жылы Қазан революциясының арқасында ғана қатарға қосылды деп келген қазақ халқының тарихын, елдігі мен ерлігін, асқақ рухын көрсете білген еді. Ал, халықтың рухын асқақтатпас үшін ат төбеліндей билеуші топ оларға ойдан шығарылған «ұлтшыл», «арандатушы» деген аттар тақты.

100 жылдығы аталып отырған 5 арыстың, 1930-шы жылдарда зорлықшыл режимнің нақақ құрбаны болған басқа да асылдарымыздың тағдырына ой жіберіп қарағанда билік басындағылар мен суреткер қауымның ара қатынасы ежелден келе жатқан күрделі мәселе екеніне көз жеткіземіз. Билік иелерінің ой-ниеті, ұстанған саясаты халықтың арман-мақсатымен қарама-қайшы болған кезеңдерде қашанда бұқараның сөзін сөйлейтін ақын-жазушы қауымы өкіметпен келісе алмай жүреді. Бұл заңды жай. Біз бұл мәселеге де жаңаша көзбен қарай бастадық. Менің ойымша, қатер өкімет пен суреткердің қарым-қатынасында өзара бірлесе әрекет етушілік басым. Оған бізде толық жағдай бар. Өйткені, бүгінгі таңда ел қамынан басқа қандай мүдде болуы мүмкін? Сондықтан елдің ақыны да, өкімі де бір мақсатты көздеуі керек. Өз тарапымыздан біз осындай қиын тақта шығармашылық интеллигенцияның

ең талантты бөлігінің алаңсыз жұмыс істеуі үшін қолдан келгеннің бәрін де жасап жатырмыз. Кеше ғана 170-тен астам әдебиет пен өнер қайраткерлеріне Президент стипендиясы тағайындалды. Шығармашылық одақтар мен мәдени мекемелерді сақтап қалу мақсатымен оларға ортақ қор немесе банк ашып беру мәселесін де ойластырып жатырмыз. Әрине, көмек екі жақты болғанда көрікті болмақ. Халықтың бірлігіне, тыныштығына бағытталған мемлекеттік саясаттың, іске асуына, ел мүддесіне негізделген қоғамдық ой-пікірлердің қалыптасуына әдебиет пен өнер қайраткерлерінің азаматтық көмегі ауадай қажет екенін баса айтқым келеді. Осы құрметті миссияға адал болып, биіктен көріне берсеңіздер, біз рухы мұқалмас ел боламыз.

Қазір қоғамымызды өте-мөте алаңдатып отырған мәселелер аз емес. Осы мәселелерді мен республикамыздағы барлық ұлт өкілдерінің зиялыларына бағыттап айтамын. Өйткені, бір ғана өз ұлтының мұң-мұқтажын көздеушілік — саяси соқырлық. Бүкіл халықтық мәселелерді шешудің амалдарын қарастыру, бүгінгі басқа түскен қиындықтан алып шығатын жолдарды іздеу — барша республика зиялыларының ортақ парызы. Ал, бұл үлкен сын, алдымызда тұрған, бәрімізге оңай тимес емтихан. Одан біз сүрінбей, абыроймен өте алсақ, бүгінгі және болашақ ұрпақтың алдындағы парызымызды ойдағыдай орындап шықтық деп айта аламыз.

Осы тұста болашаққа қатысты тағы бір оймен бөліскім келеді. Біз бұрын үлкен бір мемлекеттің бөлшегі ғана болдық. Ол кезде дүниежүзінде барлық жағынан біз ең мықты, ең жақсы, ең озықпыз деген уағызнамамен өмір сүрдік. Енді көзіміз ашылды. Әлемге басқа көзбен қарай бастадық. Құр кеудемсоқтықпен жүріп, көп мәселеде артта, мешеу қалғанымызды енді сезіндік. Сондықтан дүниежүзілік қоғамдастықпен мейлінше араласу, олардан жақсысын үйрену, еліміздің пайдасына асыру бірден-бір үлкен шаруа. Шүкір, қазір тәуелсіздігіміздің арқасында еліміздің мәртебесі биіктеп, дүниежүзілік қоғамдастықтағы орнымыз айқындалып келеді. Будапеште өткен Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық кеңесіне қатысушы елдердің мемлекет және үкімет басшыларының кездесуінде біздің еліміздің тәуелсіздігі, ауқымдық тұтастығы, экономикалық қысым жасамау, жәй және ядролық қарумен шабуыл жасамау кепілдіктері туралы меморандумға қол қойылды. Егер, бетін аулақ қылсын, әрине, Қазақстан шапқыншылыққа ұшырайтын болса, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі дереу шешім қабылдайтын болады. Соңғы 2 жыл бойына біз осы үшін күресіп келдік. Тек осындай жағдайда ғана біз өз елімізді ядролық қарусыз мемлекет ретінде танып, ол қаруды тарату жөніндегі шартқа қосыла аламыз. Осыған байланысты АҚШ-тың, Ресей мен Ұлыбританияның міндеттемесі Қазақстан үшін де, оның Президенті үшін де зор тарихи шешім болып табылады.

Айта кететін маңызды бір мәселе — талантты жастарымызды дүниежүзінің озық оқу орындарында оқытудан қаржыны аямау керек. Өздеріңізге белгілі, мен осы мақсатпен үстіміздегі жылы шет елдерде оқыту үшін Президенттің 250 стипендиясын белгіледім. Жалпы, біздің мемлекет есебінен шетелдерде 2 мыңға жуық жас оқып жатыр. Біздің экономикасы бір жүйеге түсе бастаған кәсіпорындар, мекемелер, қоғамдық ұйымдар, бизнес фирмалары осы игілікті іске жіті кіріскені абзал болар еді.

Екінші бағыт — мемлекетімізді нығайту, жетілдіру ісіне жаңа ойлармен, ұсыныстармен үлес қосу. Бұл тұрғыдан олар халықты рухтандыратын, адамгершілік

ой-санасын арттыратын, қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыратын жаңа, тың шығармалар жазып оны көпшілікке жеткізуі керек. Қысқасы, бүгінгі зиялыларымыз алдында жауапты міндеттер тұр. Қоғамдағы әрбір оқиғаны, әрбір құбылысты пайымдау, тіпті, тек бір ғана қайраткерді бағалаудың өзі аса ұқыптылықты, парасаттылықты қажет етеді.

Жас мемлекетіміздің қуаттылығы, оның әлемге танылуы мемлекеттің өзіндік дербес жүргізіп жатқан ұлт саясаты мен халқының бірлігіне, ұйымшылдығына, ынтымақшылдығына және отаншылдығына байланысты болмақ. Шынайы тәуелсіздікке жетуіміз барлығымызға бұрынғыдан да гөрі салмақтырақ жауапкершілік артты. Олардың ішінде әсіресе ұлтаралық жарасымдылықты айрықша атап өтер едім. Ұлтаралық жарасымдылық республикамыздағы қалыптасқан онды жағдайды орнықтыра түсу үшін де, өзімізбен көршілес, жері іргелес елдермен өзара достық, өзара тиімді экономикалық, мәдени, рухани байланысты нығайту үшін де аса маңызды алғышарт болып табылады.

Бірақ қазақ ұлтының, көбіне оның ауылдағы бөлігінің нарық жағдайына бейімделу мәселесінде қиыншылықтар баршылық. Қазақтардың қазіргі заманғы ұлт ретінде өзін-өзі жетілдіру тұрғысында шешімін күткен түйінді мәселелер жоқ емес. Ұлтымыздың өз тамырынан қол үзбей, оған балта шаппай, әрі қарай өсіп-өркендеуге жағдай жасау — ең үлкен міндеттердің бірі. Нарық қазақтардың ұлттық болмысын бұзбайды, керісінше, оны жаңаша жетілдіре түседі. Қазақ этносын осы заманға бейімдеу әбден мүмкін нәрсе. өйткені, қазақ халқының орташа арифметикалық жасы 25, ал бұл ұлттың нағыз гүлдену шағы ғой.

Егер біз өркениетті елдер қатарына қосыламыз десек, сөз жоқ, адамзат баласы қалыптастырған баршаға ортақ қағидаларға бой ұсынып, соларға қарай бірте-бірте аяқ басуымыз керек. Ол үшін өзімізге өзіміз сын көзбен қарап, бойымызда бар, ұлтымызға тән қасиеттерді әрі қарай дамытып, жетілдіре түсуіміз қажет.

Өздеріңіз байқаған боларсыздар, мен еліміздегі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық қатынастардың деңгейін қазақ халқының ішкі проблемаларымен тікелей байланыстырып отырмын. Естеріңізде болса, кезінде мен қазақ халқы біздің қоғамның, қоғамдық қатынастардың ұйтқысы болуы керек деген пікір айтқан болатынмын. Ендеше өзімізге жүктеліп отырған осы тарихи миссияны абыроймен атқару үшін алдымен оған өзіміз сай және дайын болуымыз керек. Яғни, ол үшін бізге өткенімізге, бүгінгі болып жатқан оқиғаларға тарихи тұрғыдан қарай, дүние үнемі даму үстінде екендігін түсініп, тарихымыздың тағылымынан дұрыс қорытынды шығарып, болашаққа сеніммен қарауға үйрене берген жөн. Егер өз ішімізде ауызбіршілік, береке болмай, ішкі бақастықтарымыз бен ошақ басындағы мәнсіз де дәмсіз сөздерден арыла алмасақ, ең алдымен өзіміздің көсегеміз көгермейді және өзгелердің де көсегесін көгерте алмаймыз.

Мемлекеттің қалыптасу кезеңінде бүкіл қоғамды топтастыру, Отанымызды нығайту жолында ықтимал қателіктер мен кемшіліктерге жол бермеу үшін зиялылар атқаратын жұмыстың ұланғайыр әрі сан қырлы екені бәрімізге белгілі. Бүгінде қазақ зиялылары саны жағынан кенен әрі барынша кемел, ал сапасы жағынан жоғары ғылыми, саяси және мәдени деңгейде, мол тәжірибе жинақтаған қуатты парасатты күш десек, ешбір асырып айтқандық емес. Бүкіл ұлт, күллі қоғам ауыр дағдарыстар қыспағында қалған кезеңдерде де, тіпті, арманымыз іске асып, мерейіміз тасыған сәттерде де керуенбасының ауыр міндетін арқалаған, барлық ауыртпалықты абы-

роймен көтерген де осы зиялылар. Біле білсек, дамудың даңғылына бастай алатын, ұлт мүддесін білдіріп, халықтың ой-ниетінің шынайы парқын бағамдай білетін күш те осы. Олай болса, қазақ зиялыларының баршамызға мәлім ұлттық мектебінің іргесін өткен ғасырда біздің ұлы бабаларымыз — ғалым Шоқан, ұстаз Ыбырай, ойшыл Абай қалағанын естен шығармайық.

Ұлтымыздың зиялылары — халқымыздың қиядағыны шалатын қырағы жанары, қоғамымыздың әділ қазысы. Мемлекет, қоғам, ұлт деңгейінде пайымдайтын зиялыларымыз — біздің баға жетпес байлығымыз, сарқылмас қазынамыз. Араздық дәнін себушілерге қарсы тұрып, көрегендік танытқан зиялыларымызды бүгінгі бейбіт тірлігіміз бен жарқын болашағымызды қорғап тұрған алынбас қамалға балар едім. Сөз реті келгенде, Александр Александрович Князгинин, Герольд Карлович Бельгер, Иван Павлович Щеголихин, Зия Сәмәди, Александр Николаевич Гаркавец, Дмитрий Федорович Снегин сынды Қазақстанның абыройлы азаматтарын айрықша атау керек, олар қазақтардың мүддесін қазақтардың өздерінен артық қорғамаса, кем қорғап жүрген жоқ. Мұндай тұлғалы туыстарымызды арқа тұтып та, ардақтай да білгеніміз жөн.

Уақыт бізді тағы да сын тезіне салмақ. Біз әлемдік тәжірибеде тексерілген даңғылға бет алдық. Басқа жол жоқ. Біз әлемдегі өз орнымызды жіті түсініп, әлемнің барлық мемлекеттерімен жаңа қарым-қатынастар орнатудамыз. Біз жаңа ахуалды парықтауға және барша өркениетті елдер жүріп келе жатқан жолмен жүруге әзірміз. Ал, бізді көп қиындықтар тосып тұр, оларды еңсеруге даяр тұруымыз керек. Қиындықты еңсеруге қолымызда барлық мүмкіндіктер бар. Алайда жарқын болашаққа арна тарту үшін баршамыз ортақ күш-қайратымызды жұмылдыруымыз қажет.

Қазақта «кемедегінің жаны бір» деген нақыл бар. Бәріміз бірлессек қана, біз өз проблемаларымызды шеше аламыз, келер ұрпақ үшін берік ірге қалаймыз.

Егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тіккелі бері қазақ жерінде талай-талай той өтті. Олардың ел еңсесін көтерудегі, ұлттық сананы оятудағы орны үлкен. Сол тойлардың тұсында мың-мыңдаған адамдар халқымыздың маңдайына біткен асыл азаматтар көп екеніне көз жеткізді. Сол тойлар осындай перзенттері бар, осындай өнегелі өткені бар Қазақ елі өз тізгіні өз қолына тигенде тәуелсіз мемлекет болып кете алады деген сенім ұялатты.

Жақсы тойдың аяғы жақсы ойға, жақсы іске жалғасса деп тілеймін. Ал, ойланар жай баршылық. Ең бастысы — тәуелсіздіктің тағдыры. Өзін азамат санаған әрбір адам күнбе-күнгі ісінде қайткенде осы тәуелсіздігімізді нығайтуға септігімізді тигіземін деген оймен жүрсе ғана біз тарих сынынан сыр бермей өте аламыз.

Тұрар, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Сұлтанбек ағаларымыз ғұмыр бойы тәуелсіздікті арман еткен еді. Сол жолда күрескен еді. Сол жолда халқы үшін шырылдап, шыбын жанын құрбан еткен еді. Міне, тәуелсіздік таңы атты. Азат ел атандық. Дегенмен, атымыз да азат, затымыз да азат болуы үшін әлі де талай шаруа атқаруға, Сәкен ағамыз айтқан «тар жол, тайғақ кешуден» өтуге тура келеді. Бұл — қайырлы сапар, қасиетті жол. Ол жолдан біз таймаймыз!

Осы сапарымызда бізді халқымыздың ұлы перзенттерінің ұлы рухы желеп-жебеп жүрсін!

Тәуелсіз еліміздің мәртебесі биіктей берсін!

Жаңажылдық құттықтауы

Алматы қаласы, 1994 жылдың 31 желтоқсаны

Ардақты ағайын!
Қымбатты қазақстандықтар!

Міне, 1994 жыл да аяқталып келеді. Бұл жыл біз үшін несімен есте қалды? Сөздің ашығын айтсақ, бұл жыл баршамыз үшін оңай болған жоқ. Дегенмен, барды бар, жоқты жоқ деген дұрыс болар. Өтіп бара жатқан жылда қуаныш та мол болды, өкінішті сәттер де болмай қалған жоқ. Бірақ, өмірдің өзі көрсетіп отырғандай, жамандық біткеннің бәрі ұмытылады да, адам жанына нұр құяр жақсылықтар мәңгі есте қалады, қиналған сәтте көмекке келеді.

Уақыт өте келе 1994 жылды Республиканың қиындықтан шығып, сенімді жолға түсе бастаған жылы ретінде еске алатынымыз анық. Жағдайды түбірімен өзгерту үшін көптеген күтпеген шаралар қолдануға, атқарушы билікті нығайтуға, өмірлік маңызы бар бірқатар актілер қабылдауға тура келді.

Заң шығарушылар қызметіндегі өзгерістер де өзінің оң нәтижесін беріп келеді деп есептеймін. Бұл арадағы ең басты жетістік — еліміздің алға қарай қадам басуына дем беріп келе жатқан азаматтарымыздың реформа саясатына деген қалтқысыз сенімі дер едім. Сіздердің осы сенімдеріңіз бен қолдауларыңыз, қымбатты отандастар, бізді қандай да болмасын қиындықтардан алып шығады.

Өтіп бара жатқан жыл көпшілігімізге ешнәрсенің де өзінен-өзі бола қалмайтынын, игіліктің үлкен еңбекпен, ізденіспен ғана келетінін ұқтырып отыр, бұл арада республикадағы асып-төгіліп жатқан шикізат байлықтарының да, шет елдерден келіп жатқан түрлі көмектердің де, небір «тамаша» заңдардың да бізді кенеттен молшылыққа кенелтпейтінін түсіндік. Ол үшін әрбір қазақстандық, мейлі ол жұмысшы немесе шаруа, кәсіпкер немесе ғалым, мұғалім немесе басқарушы болсын, бар жан-тәнімен жұмыс істеуі керек.

1994 жыл Қазақстанда азаматтық келісім мен тыныштық жағдайында өтті. Өмір біздің ұзақ жылдар бойы қалыптасқан жарастығымызды талай рет сын тезіне салды. Жарастығымызды шайқағысы келген кейбір топтардың жымысқы әрекеттерінен түк шыққан жоқ. Халық «ырыс алды — ынтымақ» екенін жанымен түсініп, олардың соңынан ермеді. Қайта елдің ең басты байлығы — тыныштығы екенін сезінген халық бір-біріне одан сайын жақындай түсіп, ынтымаққа, бірлікке қарай бет алды.

Біз мемлекетімізді, демократиямызды, экономикалық және әлеуметтік жағдайымызды, қоғамдық бірлігіміз бен ынтымағымызды нығайтуда айтарлықтай алға жылжыдық. Халықаралық қоғамдастық біздің егемендігіміз бен аумақтық тұтастығымызға ешқашан сызат түспейтінін тағы да бүкіл әлемге паш етті. Біздің ұсыныстарымыз бойынша енді еңсе көтеріп келе жатқан егемен мемлекеттердің экономикалық және саяси интеграция процесі нақты мазмұнмен толықтырыла түсті. Біз орын алып отырған экономикалық дағдарыстан шығу үшін достастық елдерінің күш-жігерін біріктіретін бірқатар маңызды шешімдер қабылдадық. Екінші жағынан, ТМД мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықты нығайта түсетін жаңа бір форма — біз ұсынған Еуразиялық Одақты құру идеясы Қазақстанда да, одан

тыс жерлерде де өзінің көптеген жақтастарын тапты. Кейбір саясатшылар бұл идеяға қырын қарап жүр, бірақ түптің түбінде, қандай түрде болса да, бірігу идеясы өзінің өміршеңдігін көрсетері сөзсіз. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» демекші, ынтымақтассақ, түсініссек қана өркениетті елдер қатарынан батыл орын аламыз. Жалғыз жүріп жол тапқан ешкім жоқ.

Осы жыл біздің қазақстандықтар үшін елдігі мен ерлігін танытқан жыл болды. Республика халқы инфляцияның ащы дәмін татып, қиын шақтарды бастан кешірді. Осындай күрделі жағдайға қарамастан біздің адамдардың бойында тамаша қасиеттер қалыптаса бастады: өтпелі кезеңнің болмай қоймайтын ауыртпалықтарына түсіністікпен қарады, ең бастысы — әркімді болашаққа, қалап алған бағытымызға деген сенім ұялады.

Қымбатты отандастар!

Енді, міне, 1995 жыл табалдырығынан аттағалы тұрмыз. Мұндай сәтте бір-бірімізге деген игі тілектер тасқынында толас болмайды. Мен, егемен Қазақстанның Президенті, өз елімнің азаматы ретінде, қандай көзқарасқа пікір ауанына болса да азаматтық парасаттылықпен, шыдамдылықпен қарауларыңызды тілер едім. Басқа біреулердің пікірлерін ақыл-ой мен биік парасат елегінен өткізу — зиялылықтың белгісі. Егер біз бір-бірімізге, терең құрметпен қарасақ, олардың да бізден алыс кетпесі анық.

Бүкіл әлем болып 150 жылдығын тойлағалы отырған ұлы Абай да бізге осыны үйреткен.

Ардақты ағайын!

Өмірді өз бояуымен қабылдайық, күрделі жағдайдан жеңіл жол тауып кетуге тырыспайық. «Революциялық қызыл сөздерден» аулақ болайық. Бұрынғы қатып-семіп қалған ақиқаттар келмеске кетті. Егер біз ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүруге тырыссақ, өз ақыл-ойымызға сүйеніп еңбек етпесек, ізденбесек, ешкім де, ешқандай көш бастаушы да сіз бен бізді тура жолға бастап бара алмайды. Қазіргі өміріміз көрсетіп отырғандай, көшеге шығып шуылдау ешқандай жақсылыққа бастамайды, кез келген қоғам өз заңымен дамып, өркендейді. Дамудың бірден-бір жолы — реформа. Біз бұл жолдан ауытқымаймыз. Тек тұрақтылық, тыныштық, бірлік қана республиканы дағдарыстан алып шығады, қалыпты өмірімізге жол ашады.

Қадірлі ағайын, отандастар!

Жаңа, 1995 жылға аяқ басып келеміз. Осы сәтте менің шын жүректен баршаңызға тілейтінім — зор бақыт, денсаулық, отбасыларыңыздың амандығы. Ұлы Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында соғысқа қатысқан даңқты ағаларымыз бен әкелерімізді, ардагерлерімізді, тылда жанқиярлықпен еңбек еткен аналарымызды аялайық, қамқорлығымызға алайық.

Жаңа жыл бақыт әкелсін! Ортақ үйіміз — Егемен Қазақстанның бағы жана берсін!

Дүниежүзілік экономикалық форумда сөйлеген сөзі

Швейцария Конфедерациясы, Давос қаласы, 1995 жылдың 28 қаңтары

Дамы и господа!
Уважаемые коллеги!

Поскольку нынешняя встреча посвящена проблемам развития нефтяного бизнеса, я, как Президент государства, в котором эта отрасль является приоритетной, хотел бы обозначить основные тенденции ее развития в нашей стране и перспективах взаимодействия на этом направлении с зарубежными партнерами.

При этом, видимо, следует отметить, что после наших прошлогодних встреч в Давосе в Казахстане произошли серьезные изменения. Отныне мы имеем все политические атрибуты государственности — новую Конституцию, собственную национальную валюту, которая последовательно становится стабильной, международное признание границ. В конце прошлого года в Будапеште на Совещании по безопасности и сотрудничеству в Европе заключительным аккордом формирования независимости республики стало подписание между США, Великобританией, Россией и Казахстаном меморандума о ненападении и территориальной целостности Республики Казахстан.

Таким образом, у нас созданы все предпосылки для проведения экономических реформ. Мы понимаем, что это непростой процесс, однако с выбранного пути не сойдем.

В республике активно проводится политика внутренних преобразований. Главное для нас — поддерживать стабильность в государстве, которая никогда у нас не нарушалась, чутко и внимательно проводить национальную политику, создать благоприятные условия как для развития собственного предпринимательства, так и для привлечения иностранных инвестиций.

Казахстан представляет собой аграрно-индустриальную страну с достаточно развитой инфраструктурой, богатым промышленным потенциалом. Топливно-энергетический комплекс является для нас одним из ведущих. Исследования, проведенные экспертами Всемирного банка, определили эту сферу как наиболее привлекательную с точки зрения вложения инвестиций и кредитования.

Разумеется, мы отчетливо осознаем, что наше включение в мирохозяйственные связи будет непростым, тем более, что в мире сейчас, если иметь в виду доступ к энергоресурсам, идет напряженная борьба за экономическое выживание и за расширение сфер влияния на нефтегазовых рынках. Свидетельством тому являются усилия европейских стран создать условия для беспрепятственного ввоза в Европу энергоносителей. Ключевой идеей здесь является создание Европейской энергетической хартии. Участие в ней стран СНГ, прежде всего России и Казахстана, позволяет Европе найти альтернативу странам ОПЕК, тем самым влиять на ценовую политику в энергетическом секторе. Ведь, как известно, в последние годы на развитие нефтяной промышленности стал оказывать влияние и тот факт, что рынок нефти стал рынком потребителя. Потребление значительно уступает уровню предложения. Цены на нефть с начала 1980-х годов упали почти в 3 раза. Ближайшие

годы, по прогнозам различных аналитических институтов, не обещают для производителей нефти ценового бума, хотя специалисты и предсказывают рост спроса и цен на нефтепродукты. Такая же тенденция будет наблюдаться и в области потребления газа.

Словом, оправданность вложений в нашу экономику очевидна.

Что же может предложить в этой сфере сегодня Казахстан как потенциально крупный производитель нефти и газа?

Возможно, не все знают, что наша нефтяная промышленность имеет давнюю историю. Добыча нефти в Казахстане началась еще в 1911 году. С тех пор в стране открыто 160 нефтяных и газовых месторождений, разработка многих из них стимулировала техническое и социальное развитие многих регионов республики. В настоящее время мы обладаем запасами углеводородного сырья, составляющими 2,1 млрд. тонн нефти, 0,7 млрд. тонн газового конденсата, 1,7 трлн. куб. метров природного газа. Кроме того, прогнозные ресурсы как на суше, так и в казахстанском секторе Каспийского моря, оцениваются по нефти — в 4,5 млрд. тонн, газовому конденсату — в 1,6 млрд. тонн, природному газу — 5,9 трлн. куб. метров.

Сегодня уровень добычи нефти в республике составляет около 1% от утвержденных запасов. Для удовлетворения собственных потребностей этот темп вполне достаточен. Но для выхода на внешний рынок мы будем принимать меры по наращиванию объема добычи, прежде всего, привлекая инвесторов.

Вероятно, вам известно соглашение о совместной разработке крупнейшего месторождения Тенгиз в Западном Казахстане, заключенное с корпорацией «Chevron Corporation». Ожидается, что только здесь добыча нефти превысит к 2000 году 30-миллионный рубеж. Готов к подписанию с инофирмами контракт по другому уникальному газоконденсатному месторождению — Карачаганак. Кроме того, в отрасли работает еще 14 совместных предприятий по разработке некоторых средних и мелких месторождений.

Для развития ресурсной базы отрасли в республике ведутся исследования казахстанского сектора Каспийского моря. В этом проекте участвуют такие всемирно известные компании, как «Royal Dutch Shell», «Mobil», «British Petroleum» вместе со «Statoil», «Agip KCO», «Total S.A.», «British Gas». Оператором этого уникального консорциума является государственная компания «Казахстанкаспийшельф».

В целом можно сказать, что из более чем 2,5 млн. квадратных километров территории республики свыше 1,5 млн. богаты нефтью и газом.

Общий объем прямых инвестиций по проектам, связанным с разработкой нефтяных месторождений, оценивается в 32,3 млрд. долларов, по проектам, связанным с разведкой углеводородных ресурсов, — в 8,2 млрд. долларов.

Казахстан располагает достаточным кадровым потенциалом для дальнейшего развития нефтяной отрасли. Опыт работы первых совместных предприятий показывает, что казахстанские инженеры и специалисты быстро осваивают западную технику и технологии и ничем не уступают иностранным коллегам.

Таким образом, Казахстан может и должен рассматриваться мировым сообществом, прежде всего европейским, как будущий крупный производитель и экспортер нефти и газа.

Теперь о наших действиях по интеграции в мировой нефтяной и газовый бизнес. Наш регион, безусловно, привлекателен для потребителей энергоресурсов, нефтя-

ных компаний и других инвесторов, желающих расширять свои сферы бизнеса. Мы провозгласили принципы открытости экономики, государство принимало и будет впредь принимать меры, стимулирующие интерес западных инвесторов.

В республике целенаправленно совершенствуется законодательство в соответствии с международными обязательствами государства и мировой практикой. За последние годы в этом направлении приняты многие законы. Так, претерпел существенную и позитивную эволюцию закон об иностранных инвестициях. Он постоянно дополнялся новыми положениями, затем подкрепился моими указами в отношении инвестиций, получаемых под правительственные гарантии. В конце прошлого года этот закон был переработан с учетом предоставления инвесторам больших гарантий.

Важным событием мы считаем и принятие Закона «О нефти». Его, правда, еще доработает парламент, однако уже сейчас можно сказать, что этот закон установит нормативные отношения при проведении нефтяных операций — от разведки и добычи до сбыта продукции. Он основан на международной практике проведения нефтяных операций и предусматривает как защиту интересов инвесторов, так и интересов государства. В частности, предусматривается неизменность баланса экономических интересов сторон, независимо от возможных изменений законодательства, фискального режима и т.п. Необходимо отметить, что разработка законопроекта сопровождалась консультациями с такими авторитетными международными организациями, как Всемирный банк, Европейский банк реконструкции и развития, а также с крупнейшими нефтяными компаниями.

Второе направление мер, принимаемых государством для поощрения иностранных инвестиций в нефтегазовый сектор, — это создание условий для беспрепятственного экспорта нефти и газа, добытых на территории Казахстана. Транспортировка — это для нас вопрос вопросов. Ключевым подходом к решению проблемы экспорта является реализация проекта Каспийского трубопроводного консорциума, в который входят наряду с Казахстаном Российская Федерация и Султанат Оман. Маршрут трубопровода будет пролегать от месторождения Тенгиз к Черноморскому порту Новороссийск. Соглашение о консорциуме ратифицировано нашими сторонами и предусматривает за Оманом обязательство финансирования проекта.

Не скрою, что у нас возник ряд проблем, однако я, учитывая крайнюю значимость этого проекта для Казахстана, направил послание членам консорциума с изложением основных принципов их участия в этом проекте.

Думаю, что наше решение было своевременным. По крайней мере, «Chevron Corporation» готов взять на себя обязательства по финансированию проекта до 700 млн. долларов. Кроме того, компания выразила готовность организовать получение оставшейся части финансирования от других инвесторов и потенциальных пользователей трубопровода. Мы высоко ценим добрую волю Европейского банка реконструкции и развития и приглашаем его принять участие в кредитовании этого проекта.

Мы считаем, что задержка с реализацией этого проекта может помешать реализации нашей экономической программы и поэтому намерены, при необходимости, пересмотреть условия ранее достигнутых соглашений ради реального продвижения дел.

Большое внимание мы уделяем и осуществлению сооружения внутреннего нефтепровода, способного обеспечить собственной сырой нефтью наши восточные перерабатывающие заводы.

Есть несколько перспективных проектов сооружения газопроводов, которые снизят зависимость республики от поставок газа из других государств, разрешить транспортные проблемы «British Gas» и «Agip KCO» на Карачаганакском месторождении, обеспечить поставку газа для промышленных и энергетических предприятий. Поощряя приток иностранных инвестиций, наша страна, как и любая другая, разумеется, преследует свои внутренние цели. Важной проблемой для нас является структурная перестройка нефтегазового комплекса, более полное и качественное удовлетворение потребностей в нефти и газе, повышение отдачи от каждой единицы добываемого сырья.

Мы остановили выбор на тех проектах, которые способны достичь этих целей. Достаточно сказать, что у нас было более 60 конкретных предложений развития нефтегазового комплекса, мы же остановились на 7 основных.

Критериями отбора были прежде всего экономическая выгода, рост производства, окупаемость проекта, наличие ресурсов для его авансирования и возврата кредитов, макроэкономический эффект, техническая, технологическая, экологическая необходимость, социальная значимость.

Отличительной чертой проектов является то, что для их реализации планируется использовать иностранные инвестиции в виде кредитов под гарантии государства.

К настоящему времени по всем проектам проработаны технико-экономические обоснования — также с учетом западных стандартов и участием зарубежных компаний. Правительство утвердило их в качестве государственных приоритетов. И, к слову сказать, многие компании — производители оборудования и материалов, инжиниринговые и строительные фирмы уже готовы начать работу по реализации этих проектов.

В то же время не могу не заметить, что мы видим и некоторую нерешительность со стороны институтов, способных предоставить республики кредитные ресурсы: будь то экспортно-кредитные агентства развитых стран, или коммерческие банковские структуры. Не думаю, что Казахстан представляет лишь сырьевую базу. У нас есть достаточно крупный потенциал, чтобы превратить страну в индустриально развитую державу.

Надеюсь, что основные тенденции развития нефтегазового комплекса Казахстана, о которых я вам сообщил, — а это лишь часть нашего промышленного потенциала — дают основания для такой уверенности.

Поэтому я хотел бы пожелать нашим потенциальным партнерам большей активности, понимания наших проблем. Мы открыты для взаимовыгодного сотрудничества. Думаю, что в выигрыше от этого останутся все.

Желаю вам, уважаемые дамы и господа, в новом году успехов и счастья, мира и процветания всем странам и народам.

Благодарю за внимание.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының I сессиясында «Ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын» тақырыбында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1995 жылдың 24 наурызы

Ассамблеяның құрметті делегаттары!

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күресіп келді. Өзінің таңдаулы қасиеттерінің, қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілікте, келісім мен тату көршілікте тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарихтың тұңғиығына батып кетпей, ондаған жылдардан кейін өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды. Өз басына түскен барлық қиындықтарға қарамастан, туған халқының болашағын қамтамасыз етіп, тілін, мәдениетін, дәстүрлері мен бостандық сүйгіш қасиеттерін сақтай білген біздің бабаларымыздың көптеген ұрпақтарына құрмет көрсеткеніміз жөн. Осының бәрі сайып келгенде Қазақ мемлекеттігінің қайта қалпына келуіне қол жеткізді.

Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының бай да күрделі тарихы бар. Қазір ол Қазақстанда тұратын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің түп-тамырын жақсырақ түсінуіне көмектесіп, кез-келген тарихи кінә артуларға жол бермеуге тиіс. Өйткені, өткенге көз сала отырып, болашақты көре білген жөн. Біздің ұрпағымызға жауапты міндеттер жүктеліп отыр — балаларымыздың игілігін сақтау, қайта қалпына келген мемлекеттігімізді нығайту және өркениетті дүниежүзілік қоғамдастықтың талаптарына сай келетін сапалық жағынан жаңа деңгейге көшу міндеті тұр. Біздің әрқайсымыз және баршамыз туған еліміздің болашағына деген жауапкершілігімізді сезінуіміз керек.

Ал мұның өзі өткенді есте сақтай отырып, болашаққа көз жүгіртуді, басқа халықтармен тату және жарасты өмір сүруді, олардың мәдениетін, дәстүрлерін, салттарын құрметтеуді білдіреді. Қазақтар «Береке басы бірлікте» деп тегін айтпаса керек.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының делегаттарына, ал оларға 120 ұлттың мүдделерін білдіру жүктеліп отыр, әрбір этностың және бүкіл Қазақстан халқының болашағы үшін орасан зор тарихи жауапкершілік жүктеліп отыр.

Ассамблеяны құру бастамасы біздің қоғамымыздың қойнауынан туындап отыр. Соған сәйкес республикада үлкен дайындық жұмысы жүргізілді. Облыстарда кіші ассамблеялар құрылып, оларға ең лайықты адамдар сайланды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының I сессиясы өткен жолға және болып жатқан қоғамдық-саяси үдерістерге талдау жасау, ұлттық саясатты жүзеге асырудың оңтайлы жолдарын белгілеу үшін шақырылды. Бұл үшін республиканың барлық азаматтарының мүдделерін білдіретін сіздермен кейін сұхбат жасап, кеңесу қажет. Қоғамдық тұрақтылықты қалай сақтап, нығайту, келесі парламент сайлауына дейінгі кезеңде істі қалай жүргізу, қоғамды реформалауды қалай тездету керек екені жөніндегі сұрақтарға жауап беру біздің алдымызда тұр. Халық бұл туралы күмәнді көздерден емес, мемлекеттік саясатты талдап жасаумен және жүзеге асырумен тікелей айналысатын ең білікті көздерден, бүгінгі таңда сіздермен бірге жұмыс істеп отырған өкіметтен білуге тиіс.

Біз қазірдің өзінде жолдың ең қиын кезеңінен өтіп, дағдарысты жағдайды өзгертудің алдында, өрлеудің қарсаңында тұрмыз деп айта аламыз. Алайда,

өткеннің, қазіргі кезеңнің және болашақтың бір-бірімен өзара байланысты және бір-бірінен туындап жататыны соншалықты өзіміздің тарихи тәжірибемізді және басқа мемлекеттердің тәжірибесін ой елегінен өткізбейінше нақты оң өзгерістерге қол жеткізу өте қиын.

Қазіргі әлемнің этникалық проблемалары

Адамзат өркениеті — халықтар мен мемлекеттердің тарихи аренаға келуінің, гүлденуінің және одан кетуінің үздіксіз құбылысы. Көбіне бұл процесс ғаламдық сипатқа ие болады. Тек XX ғасырдың өзінде ғана кем дегенде осындай маңызды оқиғалар 3 рет болып өтті: ең алдымен бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең. Мұнда бірқатар империялардың күйреуінің нәтижесінде егемен мемлекеттер — Австрия, Чехословакия, Югославия, Венгрия, Польша, Финляндия және басқалары құрылды. Жаңа мемлекеттердің пайда болуының екінші толқыны ұлт-азаттық қозғалыспен және колониализмге қарсы күреспен байланысты. Сол кезеңде, 1950–1960-шы жылдардың шегінде кейбір бұрынғы колониялар сол кездегі шекараларды қайта қарауды талап етіп, күштеу тәсілдерін қолдануға әзір екені туралы ашық жариялады. Сөйтіп, Сомали мен Эфиопияның, Гана мен Тогоның, Үндістан мен Пәкстанның, Марокко мен Алжирдің және басқалардың арасында территориялық таластар пайда болды. Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін және 1990-шы жылдарға дейінгі кезеңде елуден астам территориялық жанжалдар болып өтті, сөйтіп, 15 млн. адам соның құрбанына айналды.

Көптеген елдерге тән этникалық сан алуандылық жағдайында этникалық шептерге сәйкес мемлекеттік шекараларды белгілеу жөніндегі әрекеттер жас мемлекеттердің өмір сүруінің өзіне қауіп төндіретінін уақыт пен қасіретті тәжірибе түсінуге мәжбүр етті.

Тәуелсіз мемлекеттердің шекаралары мен территориялық бір тұтастығының мызғымастығы жөніндегі тұжырым біртіндеп белең ала бастады. Мұның өзі территориялық статус-квоны, оның барлық кемшіліктеріне қарамастан, сақтау қантөгісті жанжалдардан гөрі жақсы екендігінен туындап отыр. Осы тәсілдің орнығуына байланысты мемлекеттер өз дамуының көкейкесті проблемаларын шешуге кірісу үшін мүмкіндік алып, алғашқы табыстарға қол жеткізді. Өткен кезеңде өздерінің өзара талаптарын жеңе алмаған басқа елдер осындай жанжалдарда күш-қуатын кемітіп, ұлттық ресурстарын азайтуда және сонымен бірге халықаралық ынтымақтастықтағы өз мүмкіндіктерінің аясын тарылтып отыр. Міне, сондықтан, егемендіктің сабақтастығы принципіне, яғни шекараларды сол күйінде қабылдау және оларды күштеп қайта бөлуден бас тарту принципіне ешқандай балама жоқ.

Қазір әлем социалистік жүйенің күйреуімен байланысты үшінші кезенді бастан кешіріп отыр. Кеңес Одағының тарауы халықаралық тұрақтылықты сақтау туралы мәселені алға қойды. Осыған байланысты дүниежүзілік геосаясатта тепе-теңсіздік пайда болып, ол ТМД-да ғана емес, одан тыс жерлерде де тұрақсыздықтың өсуіне әкеп соқты.

Әр елдің өз болашағын таңдауға деген құқығы даусыз. Алайда, осы құқықты жүзеге асыру басқа этностардың құқықтары мен мүдделерін бұзбауға тиіс. Югославиядағы оқиғалар және кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістіктің кейбір аймақтарындағы қасіретті жанжалдар орасан зор күші бар дүмпулерге әкеліп соғатын, бірліктен айыратын, күйретуші тенденциялардың бар екенін айқын көрсетіп отыр. Мұның ең шетін көрінісі этникалық және территориялық негіздегі

үлкен және шағын соғыстардан байқалуда. Мұның өзі Әзірбайжан мен Арменияда, Босния мен Тәжікстанда, Грузия мен Молдовада орын алып отыр.

Ұлтаралық шиеленіс пен әртүрлі дәрежедегі қақтығыстар адамзат дамуының барлық кезеңдері үшін тән құбылыс. Сондықтан социалистік дүниеден кейінгі қазіргі жанжалдардың өршуі де сөзсіз еді. Мұның өзі көптеген халықтардың өздерін бір-бірінен шеттетудің кезеңінен өтуіне байланысты. Мен осы қақтығыстардың бұл кезеңі де біраз уақыттан кейін тұрақтылықтың жаңа сапасына әкелетініне — бір-бірінен іргесін аулақ салған елдер мен халықтар бөлінудің пайдасыз екенін түсініп, бірігу жолына оралатынына сенемін.

Өкінішке орай, халықаралық қоғамдастық бүгінгі таңда шағын бөлектенуді жеңе алмай отыр. Ол бір сәтте өршіген проблемалардың тасқынын тоқтата алар емес. Бұл проблемалар кейде соғыстарға ұласуда. Барлық «ыстық» нүктелерде, қазір сөнген, сондай-ақ соғыс өрті өршіп жатқан нүктелерде нақ осылай болды. Таулы Карабахтың, Тәжікстанның, Днестр өңірінің, Осетияның, Абхазияның және ақыр соңында Чешенстанның қасіреті бұларды мекендеген халықтардың ғана емес, сонымен бірге біздің де ортақ қасіретіміз. Таудағы Қарабахта босқындар мен еріксіз көшкен адамдардың саны бүкіл Әзірбайжан халқының кем дегенде 10%-на жетіп отыр. Соғысқа дейін 5,6 млн. халқы бар Тәжікстан соғыс қимылдары кезінде 300 мыңнан астам адамынан айрылды. Мұнда да босқындар мен көшіп кеткен адамдардың жалпы саны кейбір бағалауларға қарағанда 1,5 млн. астам адамға жеткен. Олардың жартысы елден еріксіз кеткендер. Абхазиядағы жанжалдың нәтижесінде бірнеше мың адам қаза тауып, 150 мыңға таяуы босқындарға айналды. Биылғы қантардағы деректер бойынша Чешенстаннан қашып шыққан адамдардың саны 130 мың адамнан асып отыр. Ал құрбандардың санын айқындау әзірге қиын.

Бүлдіргіш тенденциялар бұдан бұрын ешқашанда ұлтаралық жанжалдарға байланысты болмаса керек. Африкада апатты ұлтаралық соғыстар болып өтті.

Жүздеген мың адам қаза тапқан Руандадағы қақтығыстарды айтсақ та жеткілікті. Демократиясы тұрақтанған жоғары дамыған елдер үшін де белгілі бір шиеленістер тән, мұнда да шетін жағдайлар жетіп жатыр. Бұл Бельгиядағы Фламанд мәселесі, Ұлыбританиядағы Ольстер, Франциядағы Корсика, Испаниядағы Баск елдері, Канададағы Квебек пробеламлары және тағы да басқалары.

Осының бәрі ұлт мәселесін шешуде әмбебап тәсілдердің жоқ екенін көрсетеді. Сонғы жылдардағы жанжалдар мен ұлтаралық соғыстардың ащы тәжірибесі халықаралық қоғамдастықтың осы саладағы мүмкіндіктерінің шектеулі екенін айқын көрсетіп отыр. Өкінішке орай, біз нәзік те тұрақсыз әлемде өмір сүріп отырмыз. Осы айқын шындықты басшылыққа ала отырып, біз өз елімізде жанжалдардың пайда болуына ешқандай жағдайда да жол бермеуге тиістіміз. Әйтпесе сырттан көрсетілетін қандай да көмектің еш қайраңы болмайды. Сондықтан осындай кайшылықтарды жоюдың тұтқаларын өзіміз талдап жасауымыз қажет.

Д.И. Менделеев өз кезінде жердегі зұлымдыққа жауап беретін космостың, «әлемдік эфирдің» бар екені туралы айтқан болатын. Ұлы ғалымның айтқаны дұрыс. Өйткені, кінәсіз адамдардың қаны төгіліп жатқан мемлекеттерде ең ауыр табиғат апаттары болып жатады.

Қазақстан тарихының тағылымдары

Бұрынғы КСРО-да жүргізіліп келген ұлттық саясатты зерттеу және ой елегінен өткізудің принципті маңызы бар. Егер бүгінгі таңда кеңестік заман біржолата өткенге айналып, біз оны жеткілікті дәрежеде жақсы білеміз деп ойласақ — қателесер едік.

Біздің тарихи түсініктеріміз, әсіресе жаппай сана деңгейіндегі түсініктеріміз объективті емес, үзік-үзік екенін, көптеген тұрпайы социологиялық сүзгілерден өткізілгенін мойындауымыз керек. Міне осыдан барып тұжырымдаудағы ұшқарылықтар — «ақтаңдақтарға» тек қана қара бояу жағудан бастап, таяудағы өткенді мінсіз етіп көрсетуге дейін орын алды. Осының екеуі де жаңарып жатқан қоғам үшін бірдей қауіпті, өйткені, адамдардың наразылығын туғызғаннан басқа ештеңе де бермей, олардың жауапты шешімдер қабылдауына бөгет жасап, неше түрлі саяси жалдаптықтың негізіне айналады. Оның үстіне, демократиялық институттарды енгізудің өзі жағдайды өздігінен түзеп, ұлтаралық қатынастардың проблемаларын шешеді деп есептеу қате болар еді.

Бұрынғы жүйенің басты тарихи кемшілігі неде? Меніңше, оның себебі тоталитарлық мемлекеттің аясына, оның үстіне пролетарлық интернационализм туы астында бүтіндей халықтардың күшпен көшірілуінде жатар. Ал іс жүзінде бұл ұлттық сана-сезімнің серпінін ширықтыруға әкеп соқты. Қоғам капиталистік немесе социалистік даму жолын таңдап алса да, қорғау институттарын нығайту және ұлттық сана-сезімді дамытпайынша мемлекеттік құрылыстың сөзсіз жеңілетінін тарих көрсетіп отыр.

Бүкіл кеңес тарихы халықтардың құқықтары сан рет бұзылғанын және тікелей геноцид фактілерінің орын алғанын көрсетеді. Бұл миллиондаған азаматтар қаза тапқан 1920–1930-шы жылдардың аштығы. Қазақтардың саны жартысына дейін кеміді, орыс және басқа халықтар миллиондаған адал еңбеккерлерінен, білімді де кәсіпқой адамдарынан айрылды. Көптеген ұлттардың гендік қорына нұқсан келтірілді. Бұл мәдениеттің, ғылымның, әдебиет пен қоғамдық ойдың ең таңдаулы өкілдерін жаппай құғынға салу мен ату болды. Бұл халықтарды жаппай күштеп көшіру мен ұлттық құрылымдарды жою болды.

Ойластырылмаған экономикалық саясаттың және «ғасырлар жобаларын» жүзеге асырудың салдарынан шын мәнінде Қазақстанның бүкіл территориясын қамтыған елеулі экологиялық апаттар орын алды. Әскери ведомстволардың қызметі зор зардаптарға әкеліп соқты. Мұның өзі біз үшін Семей полигонының проблемасына, Арал теңізінің, Возрождение аралындағы биополигонның, Батыс және Орталық Қазақстандағы полигондардың қасіретіне айналды. Мұндай саясат кәдімгі қарсылықты туғызды. Ол кей жағдайда қоғамдық игіліктің, ұлттық құндылықтарды қорғау жөніндегі ашық әрекеттерге де ұласты. Бұлардың түпкі мақсаты шынайы ұлттық тәндікке жету болатын.

1980-ші жылдардың соңында елеулі дәрежеде шиеленіскен ұлттық қатынастардағы қарама-қайшылықтар халықтардың сана-сезімін ұзақ жылдар бойы қанаудың нәтижесінен туған болатын. Нақ осы сала қоғамдағы толғағы жеткен проблемалардың бүкіл тереңдігін көрсеткен неғұрлым сезімтал барометр болып шықты. Мұның өзі бірқатар республикалардың тоталитарлық жүйеге ашық қарсы тұруына жағдай туғызды. Осы кезеңде халықтардың ұлттық-мемлекеттік теңсіздігі аса үлкен мемлекеттің саяси бөлінуінің басты негізіне айналды. Ол халықтардың нақты мемлекеттік егемендікке қол жеткізуге деген етене ұмтылысына төтеп бере алмады.

Біз болған оқиғалардан тағылым алуымыз керек. Ұлттық саясатты жүргізе отырып, біз Қазақстан халқының ұлттық құрамын және жеңіл де оңай өте қоймаған оны құрудың процесін ескеруіміз керек. Сарапшылардың бағалауы бойынша, шаруалық отарлау барысында революцияға дейінгі кезекте Қазақстанға Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан 1 млн. 150 мың адам келген. Коллективтендіру

кезінде КСРО-ның орталық аудандарынан Қазақстанға 250 мың конфискелеген шаруалар жер аударылды. Соғыс алдындағы жылдарда өнеркәсіп құрылысы үшін елдің барлық түкпірлерінен, әсіресе еуропалық бөлігінен 1,2 млн. адам көшірілді.

Қазақстанға әр жылдарда 800 мыңға таяу немістер, 18,5 мың корейлердің отбасы, 102 мың поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының 507 мың өкілдері зорлықпен көшірілді. Қырым татарлары, түріктер, гректер, қалмақтар мен басқа да халықтардың өкілдері Қазақстанға өз еркімен келген жоқ.

Халықтарды күштеп көшірудің салдарынан республика халқы 1,5 млн. адамға көбейді. Соғыс кезінде Қазақстанға 350 мың адам көшірілді. Тыңға 1,5 млн. адам келді, ал жабық әскери-объектілер мұның үстіне 150 мың адамды қабылдады. Осының бәрі басқа ведомстволардың жұмыс күшін «ұйымдастырып жинауын» және біздің республикаға өз бетімен көшіп келгендерді есептемегеннің өзінде.

Соның нәтижесінде ғасырдың басынан бері ғана Қазақстанға 5,6 млн. адам көшіріліп қондырылды, соның ішінде жер аударылғандар мен көшірілгендерді есептемегенде, 3,5 млн. адам соңғы 40–50 жылдың ішінде келді.

Екінші жағынан алғанда, сталиндік қылмысты коллективтендірудің қасіретті салдарынан 1,5 млн. таяу қазақтар қаза тапты, 1930–1932 жылдары 1,3 млн. қазақ КСРО-дан шет елдерге оралмастан көшіп кетті. Қазақстан халықтары үшін жаппай жазалау саясатының қасіретті сипатын көрсететін 2 деректі келтірейін. 1930 жылы республикада 5 млн. 873 мың адам тұратын. Сонша адам осында көшірілді.

Ал 1933 жылға карай халықтын саны 2 млн. 493 мың адамға кеміп кетті.

Құрметті делегаттар!

XX ғасыр қазақтарды өзінің Отанында азшылыққа айналдырған қайғылы оқиғалардың ғасырына айналғаны үшін қазақтардың еш кінәсі жоқ. Сондықтан бүгінгі таңда осы халықтың мемлекеттікке деген құқынан күмән келтірушілер оның қасіретінің тереңдігін білмейді немесе білгісі келмейді. Қазір ұлты басқа қай ұлтпен салыстырғанда да мемлекеттікке лайықты екеніне сенімдімін. Мұны ол өзінің бүкіл тарихымен көз жеткізіп отыр.

Біздің республикамызға өз еркінен тыс келгендер де кінәлі емес. Сондықтан қазіргі көшіп-қонудың себебі экономикалық проблемаларда ғана емес, сонымен бірге күштеп көшірілген орыстардың, украиндардың, белорустардың, немістердің және басқа халықтардың ұрпақтарының тарихи отанына оралуды қалайтынында, ұлттық мемлекеттік құрылысына қатысуға деген ынтасында жатыр.

Осындай бірегей сан ұлттығы бар (оның үстіне, мұның негізінде көптеген халықтардың қасіреті жатыр) Қазақстан бірін-бірі қырып жатқан ТМД елдеріндегі біздің жақын көршілеріміздің қайғылы жағдайына жол берген жоқ. Сондықтан мен мемлекетте бейбітшілік пен ұлтаралық тұрақтылықты одан әрі де сақтай алатынымызға сенімдімін. Бұл сенім неге негізделіп отыр?

Ұлттық мәселені шешуде үш тәсіл бар деп есептеймін. Біріншісі — кейбір елдер ұлты басқа халықты «күштеп кеширу» саясатын жүргізуінде. Бұл көшіп келген халықты туысқандықпен қарсы алған қазақ халқына ешқашан тән болған емес. Мен бір халықтың екінші халыққа қоятын кез-келген талаптары еш мағынасыз және өзінің салалары бойынша қауіпті деп ойлаймын. Тайталасу жолы орасан зор сілкініске және сан мыңдаған адам құрбанына әкеліп соғады. Екіншісі — ұлттық мәселеге жалпы мән бермеу, сөйтіп, бұл проблемалар өзінен-өзі шешіледі деп сену. Бұл да оңтайлы жол емес. Біз үшін үшінші, ең сенімді жол қалып отыр. Біз көп еңбекті және тынымсыз жұмысты талап ететін осы жолмен келе жатырмыз. Бұл

түйісу нүктелерін, халықтар арасындағы келісім мен сенім аймақтарын кеңейту жолы. Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқандай міндеттерді шеше алмаймыз.

Біздің басты желіміз мәмілелер мен біріктіруші бастамаларды нығайту жолдарын іздеу арқылы барлық ұлттық топтарды дамытуға негізделуі қажет. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы біздің қоғамды біріктіру тетіктерінің бірі болуы керек.

Мен еліміздің Президенті ретінде қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім деп санаймын. Ол аспаннан өзі келіп түспейді, тек қарқынды жұмыс арқылы ғана келеді. Сіздер сияқты, мені де, кейбір жауапсыз саясатшысы мақтардың экономикалық қиындықтарды пайдалана отырып, қоғамды бөлуге тіпті ашықтан ашық шақыратыны қынжылтады. Кейбіреуі тіпті тұрақтылық пен келісім Назарбаевтың өзіне ғана керек деп көпіреді. Иә, мен біздің жеріміздегі татулық пен тыныштықты жақтаймын. Және ең алдымен мұны миллиондаған қазақстандық отбасыларына керек екенін еске аламын. Мен қайғыдан шашы ағарған аналардың балаларын жоқтамағанын, ал балалардың мүгедек болмауын, қарт адамдардың өзінің күйреген үйінің алдында жыламағанын қалаймын. Осы жасымда талайды көрген адам ретінде билікке ұмтылған саяси сұрқиялардың жауапсыз мәлімдемелерінен қан төгіліп, былық басталатынын айтқанымда маған сеніңіздер. Ал оларды адамның көз жасы да, не құрбандықтар да тоқтата алмайды. Жұртшылықтың оларға үзілді-кесілді баға беретін кезі жетті. Мен Ассамблея мүшелеріне, республикамыздың барлық парасатты азаматтарына ақыр-соңында қоғамды ұлтаралық жанжалдарға саналы түрде итеріп жүрген адамдар туралы пікірлерін ашық айтуға шақырамын. Қолына қару алып, туысқанның туысқанға, көршінің көршісіне қарсы қол көтеретіні үшін халықтар емес, қайта нақ осындай «қайраткерлер» кінәлі.

Біз әрқашанда сақ болып, алуан түрлі саяси жымысқы әрекеттер ұлтаралық қана емес, сонымен қатар ішкі ұлттық жанжалдарды туғызатын нақты қауіптің бар екенін ешқашанда ұмытпауымыз керек. Өйткені, қазіргі қасіреттердің көп жағдайда ұлттардың өз ішіндегі бөлінуіне тікелей байланысты екенін көріп отырмыз.

Бұл халықты бір ұлттық құрамының өзі барлық қырсықтан құтқармайтынын көрсетеді. Түрлі кландардың, аймақтық топтардың арасындағы күрес кейбір ұлттардың өзін-өзі қырып жатқан соғыстарға әкеліп отыр. Байқаушылардың көзқарасы бойынша, бұл қазір Ауғанстанда, Тәжікстанда және басқа кейбір елдерде болып жатыр. Белгілі бір белгілері бойынша біздің халқымызды бөлгісі келетіндерге бүкіл халық сайлаған Президент ретінде мұндай әрекеттерге батыл да сенімді түрде тойтарыс беретінімді мәлімдеуге тиіспін.

Біз тұрмыстағы ұлтшылдықтың чиновниктік мейірімсіздікті, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ойланбай жарияланған мақалаларды назардан тыс қалдырмауға тиіспіз. Бұл жеке-жеке оқиғалар болып көрінуі мүмкін, бірақ ол ауыр зардаптарға әкеліп соғуы мүмкін.

Біз өзіміздің күнделікті жұмысымызда сүйенуге тиісті тарихтың оң тағылымдарының даусыз басымдығын атап көрсеткім келеді. Мен бұдан бұрын өткенді беталды қаралаудың келешегі жоқ екенін айтқан болатынмын. Тоталитарлық режимнің біздің халықтарымызға түзетуге келмейтін зиян келтіргеніне қарамастан, тіпті, сол жылдардың өзінде экономиканың дамуы, мәдениеттің, ғылым мен білімнің бірін-бірі байыту процесі жүріп жатты. Біз халықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін бірлесіп сақтап қалғанын, қираған шаруашылықты тез қалпына келтіргенін, космосқа шыққанымызды әрқашан есте

ұстауымыз керек. Қазақ ғылымы мен мәдениетінің көптеген көрнекті өкілдері Ресейде, Украинада, Өзбекстанда, Прибалтикада білім алды.

Мен сондай-ақ сталиндік жаппай күштеп көшіру жылдарында қазақ халқы құғынға түскен орыстарға, украиндықтарға, немістерге, корейлерге, чешендерге және басқа да көптеген халықтардың өкілдеріне қолдан келген көмегін аямағанын ұмытпайды деп сенемін.

50 жылдығын біз биыл атап өткелі отырған фашизмді тас-талқан еткен Жеңіс халықтардың жанқиярлығы мен адамдар ерлігінің аса жарқын көрінісі болды. Олар өзінің бостандыққа және адами қадыр-қасиетіне деген құқығын және елімізді қорғап қалды. ТМД мемлекеттері басшыларының соңғы кеңесінде осы даңқты датаны бірлесіп мерекелеу туралы, соның ішінде соғыс ардагерлерін — Достастық азаматтарын Жуков орденімен және медалімен наградтау туралы шешім қабылданды. Мен ардагерлерге үкімет тарапынан өткен шайқастардың орындарына, полктастарымен кездесуге тегін барып-қайтуды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс енгіздім. Сондай-ақ ТМД-ға қатысушы елдердің ардагерлер ұйымдары өкілдерінің тобын 1995 жылғы мамырдың 9-ында екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қаза тапқан біздің адамдарымызға құрмет көрсету үшін Германия Федеративтік Республикасына жіберу ұсынылды. Достастық мемлекеттері басшыларының кеңесі бұл идеяны қолдады. Ортақ жеңісті бөлмей, ардагерлерге толығымен құрмет көрсетуді дұрыс әрі әділетті деп есептеймін.

Құрметті делегаттар!

Ішкі мәселелермен, соның ішінде ұлттық мәселелермен Қазақстанның сыртқы саясаты тығыз байланысты. Басқа мәселелермен қатар менің Еуразиялық Одақты құру жөніндегі идеям ұлтаралық, сондай-ақ мемлекетаралық проблемалар мен қайшылықтарды өркениетті жолмен шешуді көздейді. Өрескелдікке жол бермеу керек. Және, меніңше, саясаткердің ең жоғары парызы өз еркінен тыс кенеттен түрлі елдерге шашырап кеткен миллиондаған адамдардың тағдыры үшін өзінің жауапкершілігін түсінуде деп ойлаймын.

Егеменді мемлекеттердің саяси тәуелсіздігін және этникалық бірегейлігін сақтау арқылы халықтардың бірлесу — Еуразиялық кеңістікте бейбіт дамудың бірден-бір парасатты және өркениетті жолы.

Еуразиялық Одақ жобасының арқасында ТМД-да бірігу процесі жандана түсті. Өткен жылдың аяғында Ресей мен Қазақстан арасында ізгі ниетті көршілік қатынастарды нығайту жөнінде бірқатар маңызды шешімдер қабылданғанын өздеріңіз білесіздер. Азаматтық, әскери ынтымақтастық, бірыңғай кеден кеңістігін құру және басқа да көптеген көкейкесті проблемаларды шешудің жолдары белгіленді. Екі елде тұрақты тұратын біздің азаматтарымыздың құқықтық мәртебесі туралы, азаматтықты қабылдауды жеңілдету туралы келісімдер халықаралық қоғамдастықтың принциптеріне сай келетін маңызды қадам болып табылады және қарапайым адамдардың алдында тұрған проблемаларды өркениетті жолмен шешеді. Енді қазір әрбір ресейлік немесе қазақстандық жаңа жерге көшіп келгенде өз қалауы бойынша күрделі заңдық бұлталақсыз осы мемлекеттің азаматы бола алады.

Аймақ бойынша өзіміздің ең жақын көршілеріміз — Өзбекстанмен және Қырғызстанмен бірігуді дамытудың республикамыз үшін зор маңызы бар. Біз олармен Бірыңғай экономикалық кеңістік құрып жатырмыз. Оның үстіне Орталық Азиядағы барлық мемлекеттер Арал өңіріндегі экологиялық апаттың салдарын жою жөнінде бірлесіп жұмыс істеуде.

Алматыда ТМД мемлекеттері басшыларының ақпандағы кездесуі барысында міндеттердің бүтіндей кешені шешілді. Біздің республика ұсынған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау туралы меморандумның» қабылдануын ерекше атап өткім келеді. Біз Достастық ішіндегі орын алып отырған проблемалардан, әсіресе қантөгіспен, адамдардың қаза табуымен, шаруашылықтың күйреуімен, бейбіт халықтың қасіретімен байланысты проблемалардан бойды аулаққа салмауға тиіспіз деп есептейміз. Меморандум қазіргі жанжалдар мен ықтимал жанжалдардың аддын алуға бағытталған. Осы құжаттың қабылдануы ТМД-ға қатысушы елдердің территориялық бір тұтастықты және шекаралардың бұлжымас тығын, қазіргі қоғамдық-саяси құрылымды құрметтеуге, сепаратизмнің, ұлтшылдықтың, шовинизм мен фашизмнің кез-келген көріністерінің жолын кесу жөніндегі шаралар қабылдауға деген ұмтылысын тағы да бір дәлелдеп отыр.

Біз бірігуге батыл барып отырмыз. Біздің мемлекеттігіміздің бұлжымас тығына қатер төнеді деп қорқатындар үшін Қазақстан бүгінгі таңда кез келген экспансияға, тіпті ол әскери араласу, саяси немесе экономикалық қысым жасау, сепаратизм немесе ұлтшыл-шовинизм болсын қарсы тұруға қабілетті екенін тағы да еске салғым келеді. АҚШ-тан, Ұлыбританиядан, Ресейден, Қытайдан қауіпсіздік кепілдігін алғанымыз маңызды фактор болып табылады. Сөйтіп, Қазақстанның тәуелсіздігі тарихи фактіге айналып, халықаралық саяси, экономикалық және дипломатиялық құқық актілермен сенімді қорғалған. Біз өз тәуелсіздігімізді, территориялық бір тұтастығымызды құрметтеп, оны қорғай аламыз.

Қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді нығайту жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан мемлекеттік егемендігін жариялап, тәуелсіздік алғаннан кейін өткен уақыттың ішінде талай өзгерістер болып өтті. Ол реформаны ілгерілетуге, экономикалық дағдарысты жоюдың шебіне шығуға, дүниежүзілік қоғамдастықтың тануына қол жеткізуге мүмкіндік берген көптеген нақты істерге және оқиғаларға толы болды. Әрине, кейбір олқылықтардың да орын алғаны рас.

Бірақ ең бастысы біз стратегияда қате жіберген жоқпыз. Әуел бастан-ақ ішкі және сыртқы саясаттың басым бағыттарын белгілей отырып, біз тұрақтылықты, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді нығайтуды ерекше бөліп алдық. Бұл идеология саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың принциптерін тұжырымдаған «қоғамның идеялық бірлігі — Қазақстан прогресінің шарты» концепциясында бекітілген.

Сол кезде менің баяндамамда осы концепция бойынша қоғамның белсенді саяси, біріктіруші күші болуға қабілетті Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру идеясы ұсынылған болатын. Бүгін міне ассамблея құрылды, сөйтіп ол барлық мәселелерді шешуге, біздің ұлттық саясатымызды одан әрі жетілдіруге, соның ішінде мемлекеттік басқару мен реттеу деңгейінде де барынша белсенді қатысуға тиіс. Осыған байланысты ассамблеяға Президенттің жанындағы, ал облыстық бөлімшелерінде әкімдердің жанындағы ұжымдық орган мәртебесі берілді. Сіздердің алдарыңызда орасан зор жұмыс тұр, бірақ сол үшін бүкіл жауапкершіліктің тереңдігін де сезіне білу керек.

Осыдан бастап қоғамдық проблемалардың барлық қырлары бойынша, әсіресе ұлттық саясатта мемлекеттік актілер ассамблеяның пікірлерін ескере отырып және оның тікелей қатысуымен қабылдануға тиіс. Ол актілердің әрқайсысы еліміздегі барлық халықтардың мүдделерін ескере отырып сараптан өткізілуі керек. Бұл

орайда біздің республикамыздағы бай тәжірибеге сүйену қажет. Бұл тұста осы құрылымның ұйытқысына айналған ұлттық-мәдени орталықтар мен ардагерлер кеңестері ерекше рөл атқаруға тиіс. Менің тарапымнан әкімдерге жергілікті жерлерде сіздердің қызметтеріңіздің проблемаларына жіті зер салу және осы қызметке тікелей қатысу жөнінде нақты тапсырма берілді.

Біздің жұмысымызды жетілдіруге жағдай туғызатын шаралардың арасында Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің жанындағы Тіл жөніндегі комитетті Ұлт және тіл саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетке айналдырған жөн болар деп есептеймін.

Ұлтаралық қатынас саласындағы кейбір нақты проблемалар және оларды шешуге сіздердің қатысуларыңыз туралы әңгіме қозғамастан бұрын, меніңше, маңызды екі жағдайды атап өтсем деп едім.

Біріншіден, көбіне екі ұлтты — қазақтар мен орыстардың, өзара қарым-қатынасы туралы айтып та, жазып та жатады. Бірақ осы орайда 20%-ға таяу қалған қазақстандықтардың мүдделері ұмыт қалады. Ал олардың да осы жағдайда өз мүдделеріне қысым жасалды деп сезінуге барлық негіздері бар емес пе? Қазақстанның, осы сөздің толық мағынасында, көп ұлтты мемлекет екенін ұмытуға болмайды. Бұл жария етіліп қана қойылатын тұжырым емес, шындықтың өзі. Міне сондықтан Қазақстанда тұрып жатқан — «кіші» немесе олар «үлкен» болсын — барлық халықтардың ұлттық-мәдени құндылықтарын сақтау біз үшін өте маңызды міндет. Олардың әрқайсысының өз түп-тамырлары, біз бағалауға тиісті өткеннің бай тарихы, ұлы бабалары бар.

Біз Ұлы Абайдың 150 жылдығы құрметіне арналған салтанаттар қазақ жерінде ғана емес, сонымен бірге ЮНЕСКО-ның аясында бүкіл дүние жүзінде өтетінін зор шабытпен қабылдадық. Сонымен бірге біз пірәдарлар Кирилл мен Мефодидің еңбегінен туған, славян жазуының 1 100 жылдығын да атап өтеміз.

Осыған орай әрбір ұлттың дүниежүзілік өркениеттің қазынасына өзінің үлесін, оның рухани әлеуеті үшін ұлы үлесін қосқанын және мұны халықтың санымен ғана бағалауға болмайтынын атап өтпекпін. Біз алдағы уақытта да осы әлеуетті сақтау және көбейту жөніндегі республика халықтарының ұмтылысын қолдайтын боламыз.

Екіншіден, Қазақстанның тек көп ұлтты ғана емес, сонымен бірге көп дінді мемлекет екенінің де елеулі маңызы бар. Мұсылмандармен қатар, ал еліміздегі халықтардың 60% өздерін соған қосады, мұнда православиеліктер, протестанттар, буддашылар, католиктер, дүниежүзілік басқа да діндердің өкілдері өмір сүреді.

Бұл қоғамдық-саяси тұрақты жағдайды сақтауға көмектесетін елеулі фактор. Өйткені барлық діндердің негізінде шын мәнінде бірдей имандылық принциптері — адамдарға деген сүйіспеншілік, теріс қылықтарды айыптап, жолдан тайғандарға кешірім жасау, басқа ой-пікірлерге шыдамдылықпен қарау жатыр. Басқаша айтқанда, ұстанған дініне қарамастан республикадағы барлық дінге сенушілер бірдей тең, иманды және бейбітшілік сүйгіш жандар.

Жауыққан атеизмнің өктем билігі кезінде барлық діндер бірдей жағдайда мемлекеттің қатаң қысымында болып келді. Сондықтан өз дінінің қағидаларына көз жеткізе, өз уағыздарын басшылыққа ала отырып, адамдар басқа діндердің құқықтарының кемсітуіне және қудалануына соншалықты ішкі түсініспікпен қарап келді. Міне, өзіне жақын адамды қолдау, оның қиындықтарды жеңе білуіне көмектесу жөніндегі ұмтылыс осыдан туындап отыр.

Қазақстан басшылығының конфессиялардың жоғары басшыларымен ізгі өзара құрметке толы қатынасы қалыптасты. Олардың ешқайсысына да артықшылық

берместен, біз барлық дінге сенушілердің қажеттері мен талаптарына жауап беруге тырысамыз. Осындай жақсы қарым-қатынас аймақтық деңгейге де орнатылса жақсы болар еді.

Осының бәрін өз жұмысымызда ескеруіміз керек. Бұл жағдайларды Қазақстан халықтарының ассамблеясы да ескеріп, қазіргі кезеңде аса маңызды міндеттерді шешуге барынша пәрменді қатысуға тиіс.

Мәдени-ағарту қоғамдардың, ұлттық-мәдени орталықтардың білім беру жүйесімен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, баспа индустриясымен кеңінен ынтымақтастық орнатуы қажет. Мұның өзі көптеген мақсаттарға жетуге:

- Қазақстандағы барлық халықтардың тілдерін дамытуға;
- ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруге;
- бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін жақсартуға;
- ұлттық мәдениетті қорғаудың құқықтық тұтқаларын нығайтуға көмектеседі.

Егер бұдан гөрі егжей-тегжейлі айтатын болсақ, онда таяудағы уақыттың ішінде тілдерді дамытудың бағдарламасын қабылдамақпыз. Бұл бағдарлама оқитындардың қабілеті мен ықтимал мүмкіндіктерін толық ескеруге, ойдан туған емес, қайта нақты мақсаттарды алға қоюға, қомақты материалдық-техникалық базаға сүйенуге тиіс. Бұл орайда азаматтардың екі немесе бұдан көп тілді білуін мемлекет барынша ынталандыратын болады.

Сондай-ақ, білім беру мен денсаулық сақтаулы дамыту бағдарламасын әзірлеу қажет. Бұл салалар аса шетін бюджеттік тапшылық жағдайына тап болып, өздерінің өмір сүруі үшін күресуге мәжбүр болып отыр. Өйткені, бұл экономика салалары емес, қайта азаматтардың тұрмысын қамтамасыз ету саласы болып табылады. Ал ол қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға тікелей әсер етеді. Білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің қызметін реттейтін қазіргі заңдарға өмірдің өзі талап етіп отырған өзгерістерді енгізетін кез жеткен сияқты.

Ұлттық мәдениет саясатының нысандарын елеулі түрде жаңарту жұмысы алда тұр. Сіздер өз ұлттық мәдениеттеріңізді, дәстүрлеріңіз бен салттарыңызды насихаттай отырып жүргізіп жатқан жұмыстарыңыз біріктіруші бастау қызметін атқаратыны сөзсіз. Алайда, қазір тек қана эстетикалық тәрбие берумен, мәдени-бұқаралық шаралармен ғана шектеліп қалуға болмайды. Мәдениетті дамыту проблемаларымен кешенді түрде айналысу керек деп ойлаймын, бұл орайда ұлттық білім беруді, ұлттық бұқаралық, ақпарат құралдарын да, ұлттың жалпы интелектілік әлеуетін де түсіну керек.

Егер ассамблея өздері үшін және өздерінің облыстық бөлімшелері үшін жоғары оқу орындарына түсу үшін квотаны қайта қарау керек деп ойлайтын болса, Министрлер кабинетіне және облыс әкімдеріне тиісті тапсырмалар берілетін болады.

Бізде Қазақстанда газеттер 8 тілде шығатын, телерадио хабарлары 7 тілде жүргізілетін, Қазақстан халықтарының бірнеше тілдерінде мектептер істейтін, оларға арналған педагогикалық кадрлар Қазақстанның жоғары оқу орындары мен шетелдерде дайындалатын болса да, соған қарамастан бұл жұмысқа жаңа сапа беруіміз керек. Кезі келгенде Ассамблея жанынан біздің еліміздің барлық халықтарының өмірін көрсететін жалпы республикалық газет ашу жөн болар деп есептеймін. Республикалық теледидар ассамблеямен бірлесе отырып Қазақстан халықтарының тілдерінде хабар таратуды жақсарту жөнінде шараларды ойластыруы тиіс.

Айтқандайын, дүние жүзінде Қазақстандағыдай өнеге жоқ. Мысалы, біздің «Україньскі новини» — Украинадан шет жердегі украиндық емес үкімет қаржыландырып отырған осы тілдегі жалғыз газет. Сондай-ақ, біздің байырғы ба-

сылымымыз «Коре ильбо» туралы да осыны айтуға болады. Алматыдағы корей театры — корейлердің тарихи отанынан тысқары жерлерде орналасқан дүние жүзіндегі жалғыз театр. Біз ассамблеядан, ұлттық-мәдени орталықтардан, ардагерлер кеңестерінен тарап жататын кез келген ізгі бастаманың мемлекеттік деңгейінде қолдау табатынына кепілдік береміз. Осыған байланысты үкімет Қазақстан халықтары Ассамблеясына қызметін мемлекеттік қаржыландыру жүйесін ойластыруы қажет.

Көші-қон проблемалары туралы аз айтылып жүрген жоқ. Өкінішке орай, біздің отандастарымыздың республикадан сыртқа кетіп жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Алайда, шет жерлерге көшудің себептерін, меніңше, бізде орын алып отырмаған ұлттық белгілері бойынша кемсітуден іздеу ақылға қонымсыз. Ашығын айтсақ, Ресей, оның үстіне ТМД-ның басқа да елдері бүгінгі таңда барлық көшіп барғандарды қабылдауға экономикалық тұрғыдан әзір емес. Сөйтіп, көшіп кеткендер ол жақта қиындықтарға тап болады. Ал бұл қиыншылықтарды олардың елеулі мемлекеттік қолдаусыз жеңуге жағдайлары келмейді.

Міне, нақ осындай қолдаудың жоқтығынан біз үшін жаңа құбылыс — қайтадан көшіп келу пайда болып отыр. Бұл орайда көптеген адамдар мен бүтіндей отбасылар республикадан тысқары жерде өмір сүруге үйрене алмай, Қазақстанға қайта оралуда. Демографтардың деректері бойынша, тек өткен жылдың өзінде ғана қайтадан көшіп келушілердің саны 50 мыңға жетті. Бұған таңдануға болмайды: біз ішкі азаматтық соғысқа жол берген жоқпыз, бізде адамдарды бірінші және екінші сортты азаматтарға бөлетін қатаң заңдар, оппозицияны тұтқынға алу, цензура жасау жоқ. Парламенттік дағдарыспен байланысты соңғы оқиғалар біздің заңға адал екендігімізді тағы да бір дәлелдеп берді.

Біз тоталитарлық мұраны және оның жаппай жазалау идеологиясын жеңе отырып, демократиялық жолға түстік. Тәуелсіздіктің қысқа кезеңі ішінде Қазақстанда бірде-бір газет жабылмағанын, ешкім де саяси қызметі үшін қамауға алынбағанын айтсақ та жеткілікті. Бірақ демократия мен бостандық қылмыскерлер үшін тасаға айналмауға тиіс.

Ал таяудағы уақыттың өзінде-ақ бәрі де басқаша болатын. Көптеген белгілі ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлері өз кінәсін сіз емес республиканы тастап шығып, одан тысқары жерлерде бағын сынауға мәжбүр болған еді. Жүйенің идеологиялық қарсы әрекеттерін бастан кеше отырып, олардың мұнда өздерін толық көрсетуге мүмкіндігі болмаған еді. Бірақ еріксіз көшкендердің аузынан Қазақстанның атына бірде-бір шайпау сөз шыққан емес. Қайта керісінше, жылы лебізбен және алғыс сезімімен республиканы еске ала отырып, олар өздерінің қазақстандық түп-тамырларын әрқашан атап отырады. Ал сонымен бірге біздің кейбір саудашысымақтарымыз, қолда өскен саясатшыларымыз кез келген шетелдік ұсынған бір шыны аяқ кофе үшін өзінің туған анасын, бұл орайда біз Отанымызды да анамыз деп есептейтінімізді еске алсақ, сатып кетуге әзір.

Ал кең ауқымда айтатын болсақ, Қазақстан Ресейдегі, Орталық Азиядағы, Түркиядағы, Ирандағы, Қытайдағы, жақын және алыс басқа да шетелдердегі қазақ диаспорасымен неғұрлым берік және тұрақты қатынастарды қолдауы тиіс. Өйткені 12 млн. қазақтың 4 млн. астамы сол жақтарда өмір сүріп жатыр. Олардың кейбіреулері саясатқа ықпал жасай алмаса да, адами қызметтің ең сан алуан салаларында қолайлы табыстарға қол жеткізген адамдар. Сөйтіп, Қазақстанда оларға қалай қарайтын болса, республиканың дүниежүзілік жұртшылықтың алдындағы беделі де көп ретте соған байланысты болады.

Айтқандайын, өздерінің тарихи отанына көшіп кеткен біздің көптеген жерлестеріміз Қазақстанмен байланысын үзбеуге, бұрынғы отандастарымен ақпарат және мәдени алмасуға ұмтылуда. Мұның өзі қуатты, бейнелеп айтқанда, тұрақтылықтың күшті белдеуін құрады. Біздің ұлттық-мәдени орталықтарымыз осы ізгі ұмтылысты барынша қолдауға тиіс деп санаймын, өйткені, біздің еліміз туралы шындықтың таяу және алыс шетелдерге тарауы Қазақстанның достарының, біз жүргізіп отырған саясатты қолдаушылардың қатарын объективті түрде көбейте бермек.

Бұл жұмысқа Сыртқы істер министрлігі, біздің бүкіл дипломатиялық корпусымыз белсенді ат салысуға тиіс.

Қазір «Халықтық дипломатия» туралы да көп айтылып жүр.

Ассамблея мүшелерін ұлттық саясатты жүзеге асыру тәжірибесін зерттеу үшін шетелдерге шығуын Ұйымдастыруды, сондай-ақ, оларды Қазақстанның ресми делегацияларының құрамына қосуды өте пайдалы деп есептеймін.

Мен біздің саясат зерттеуші мамандарға, қоғамдық ғылымдар саласының ғалымдарына сөзімді ерекше арнағым келеді. Меніңше, ұлтаралық қатынастар проблемалары сіздердің бүгінгі таңдағы зерттеулеріңіздің өзегіне айнала алады және айналуға тиіс. Осы салада болып жатқан процестерге, оның үстіне, Қазақстанда ғана емес, бүкіл дүние жүзінде болып жатқан процестерге айқын сипаттама беруді, этникааралық қатынастардың қалыптасуының ықтимал келешегі туралы білімді қоғам аса қажет етіп отыр. Сайып келгенде, қоғамдық институттарға, басқару органдарына социологиялық сауалдарға сүйенетін және ұлттық саясатты жүргізудің аймақтық ерекшеліктерін ескеретін нақты ұсыныстар қажет. Әзірге мұндай зерттеулер өте аз, ғылыми ой өткеннің таптаурындарынан, бізді өміріміздің күрделі құбылыстарына үстіртін және жай ғана атап өтетін тәсілдерден әлі де арыла алмай отыр. Ал өмірдің өзі осындай ой-пікірлерге көптеген негіздер беріп отыр.

Ұлттық саясат проблемаларын қорытындылай келіп, ол алдағы уақытта да айқын және әділетті принциптерге құрылатынын айтпақпын. Олардың ішінде ең бастылары:

- мәмілеге келу жолын іздестіру;
- ұлттық мәселені әділетті шешудің базасы ретінде қоғамдық тұрақтылық;
- заңның үстемдігі;
- мемлекеттік тәуелсіздікті нығайту және белсенді бірігу саясаты.

Біздің қазіргі өмірімізде, бүгін жетіп отырған қоғамды реформалаудың қазіргі кезеңінде еліміздің әрбір азаматына қатысты емес проблемалар жоқ болар. Сондықтан Қазақстан халықтарының Ассамблеясы тәрізді өкілетті орган біздің қоғамымыз үшін аса көкейкесті міндеттерді шешуге қатыса алады және қатысуға тиіс деп санаймын.

Реформаларды ілгерілету — ортақ міндет

Парламенттің жаңа құрамы сайланғанға дейін маған сондай-ақ облыс әкімдеріне заң қосымша өкілеттіктерді бергені белгілі. Мен бұл өкілеттікті ең алдымен экономикалық проблемаларды шешу үшін, реформаларды ілгерілету және елді дағдарыстан шығару үшін пайдаланбақпын.

Қазақстанның барлық аймақтарынан өкіл бола отырып, сіздер басқалардан гөрі жергілікті жерлердегі жағдайды, ал ең бастысы әлеуметтік-экономикалық ахуалды, адамдардың ой-пікірлерін жақсы білесіздер. Оның үстіне сіздер мемлекеттің жоғары өкімет құрылымдары мен халықтың арасындағы екіжақты байланыстың

қазір өзіндік бір арнасына айналып отырсыздар. Сондықтан мен экономикалық саясатты жүзеге асыруға сіздердің тікелей атсалысатындарыңызға сенемін.

Біздің таяудағы міндетіміз — әрбір отбасына, республиканың барлық азаматтарына қалыпты тұрмысты қамтамасыз ету. Әрбір қазақстандық өз еңбегінің жемісін жеп, өзін толық көрсете білу үшін барлық жағдайларды туғызу керек. Біз осы жұмыспен айналыса отырып, отандастарымызға еңбек жолын таңдауға ерік береміз. Мұның өзі әлеуметтік тұрғыдан жікке бөлінбеген қоғамда, кедейлер мен байлардың арасында тұңғиық болмайтын, ал адамдардың басым көпшілігінің орташа игілігі бір-бірімен салыстыруға келетіндей қоғамда ғана мүмкін.

Біз реформалар жолын саналы түрде таңдап алдық. Мұның өзі біздің тұрмысымызды жақсартудың міндетті шарты болып табылады. Бүкіл дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, нарық әлеуметтік қиял емес, қайта нақты әрі пәрменді жүйе. Ол көптеген халықтарды, соның ішінде біздің табиғи ресурстарымыздың тіпті шағын бөлігі де жоқ халықтарды өркендеуге жеткізді.

Бұл таңдауды өмірдің өзі талап етті: экономикалық қатынастар жүйесін өзгертпеудің өзі біздің қоғамымызды тұралау мен құлдырауға әкеліп соғар еді. Ортағасырлық философ Фома Аквинский дәл атап көрсеткеніндей: «Теңіз капитанының ең биік мақсаты кемені сақтап қалу болса, онда ол кемені айлақта мәңгі ұстар еді».

Ал мемлекетті басқару менің маңдайыма жазған болса, мен сенімді жолды басшылыққа аламын. Ал бұл жол кез келген аялдау мен кідіру еліміз бен қоғам үшін қауіпті екенін көрсетіп отыр.

Бұл орайда көшбасшысының жүгі сырттан қарағандағыдай жеңіл емес екенін айтпақпын. Тарихтың бетбұрысты кезеңдерінде мемлекеттің кез келген басшысы біліксіздікке, әсіресе экономикалық және саяси дамудың үлгілерін талдау мәселесіндегі біліксіздікке қатаң қарсы тұруы, бәріне бірдей жаға бермейтін, бірақ өміршең маңызы бар шешімдерді қабылдауға тиіс. Кейде адамдарды еркінен тыс қазір барғысы келмейтін, бірақ объективті түрде баруға тиіс жаққа жетелеуге тура келеді. Және әңгіме біздің еліміздің болашағы туралы болып отырғандықтан мен де батыл, тіпті қатаң шаралар қолданбақпын.

Мұндай айқындама өзін ақтап, қазірдің өзінде жемісін беріп жатыр: жоғарыда айтып өткенімдей, Қазақстан түбегейлі реформалардың ең күрделі кезеңінен өтті, сөйтіп, экономикада жандану алғашқы белгілері аңғарылып отыр.

Әділетті түрде прагматиктердің үкіметі деп аталып жүрген жаңа Министрлер кабинеті істі сауатты жүргізе, оқиғалардың алдын ала жұмыс істеп отыр деп есептеймін. Мұны берілген өнім үшін селомен есеп айырысу, өнеркәсіп өндірісінің біраз өсімі, инфляция қарқынының төмендеуі көрсетіп отыр.

Үкімет өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы кешенді саясаттың негіздерін талдап жасап, халық шаруашылығының осы аса маңызды салаларын басқарудың экономикалық тұтқаларын дәйекті түрде іске қосуда.

Таяу күндерде мен барлық тұтынушылар үшін энергия шығынының тарифтерін едәуір төмендету туралы тиісті құжатқа қол қоймақпын. Мұның өзі инфляцияны тежеп, экономиканың өрлеуіне жағдай жасайтын болады.

Біз салық жүйесін жетілдіруге тиіспіз. Ол әзірге тауар өндірушілерді ешқандай да ынталандыра алмай отыр. Салық қысымын таяудағы уақыттың ішінде едәуір азайту көзделіп отыр.

Жеңілдіктер беруге аянбай-ақ, Қазақстан экономикасына инвестицияларды тартуды ынталандыру үшін жағдай туып отыр. Оның үстіне күрделі қаржылар

өзінің табиғаты бойынша инфляцияға түспейді. Ал әзірге капитал негізінен сауда-делдалдық салаға жинақталуда.

Иә, көптеген отбасыларының материалдық жағдайын қазір жақсартудың қажеті жоқ. Және бұл қиындықтарды саяси проблемалардың шиеленісуі есебінен қолдан шиеленістірудің қажеті жоқ. Өйткені, экономиканы қалпына келтіріп, адамдарға лайықты өмірді қамтамасыз еткеннен кейін бұл проблемалардың бірқатарын кейін де шешуге болады. Біз бүгінгі таңда айтысып жүрген көптеген мәселелер қазақстандықтар үшін барынша аз шығынмен шешілетін болады. Экономикадағы табыс пен тәртіп қоғамдық тұрақтылықты бұрынғыдан да нығайта түсіп, неғұрлым өткір проблемаларды шешетін болады.

Осы тақырыпты аяқтай келіп, реформалар процесі экономикалық істерден мұндай былық, өндірістің құлдырауы және жоғары инфляция өздеріне тиімді болып отырған пысықайлар мен саясатшыларды сөзсіз шетке шығаруға тиіс екенін атап өтпекпін. Егер олар реформа жасаушылардың маскасын бүркеніп үкімет басына келетін болса, өндірісті дамытуға, оның құрылымдарын қайта құруға келтірілетін зияны айқын жалдаптық тенденцияны күшейте түсетінін айтып түсіну керек. Ал мұның өзі барлық өзгерістерді толық тоқтатуға әкеліп соғумен бірдей.

Сессияға құрметті қатысушылар, мен сіздерді өзімнің одақтастарым деп санайтын болғандықтан барлық осы проблемаларды бірлесіп шешуге шақырамын.

Конституциялық реформа жолында

Экономикалық өзгерістерді, сондай-ақ саяси, әлеуметтік өзгерістерді жүргізуді бізде әлсіз заң шығарушылық база жетілдірілмей, сот жүйесі, аса өткір қылмыстық жағдай тежеп келгені және әлі күнге дейін тежеп отырғаны ешкімнен де құпия емес. Осы салалардың әрқайсысында жеке мәселелерді шешумен қаншалықты айналыссақ та, біз ең басты қадамды жасамасақ — конституциялық реформаны жүзеге асырмасақ — бәрібір қажетті нәтижеге қол жеткізе алмаймыз.

Бұл шынында да біздің мемлекеттігімізді нығайтудың аса маңызды міндеттерінің бірі. Әлбетте, ең алдымен қазір парламенттің тағдыры жұртшылықты толғандырып отыр.

Тек екі палаталы жүйесі бар парламент қана заң шығару қызметімен білікті айналысуға, тыңғылықты сарап жасаудың және мәміле жолдарын іздестіруден кейін бәтуаға келуге қабілетті деп ойлаймын. Өкіметтің әрбір тармағы өз ісімен айналысып, бірін-бірі «қыспаққа» алмауға тиіс. Осының алдында шақырылған Жоғарғы кеңестер туралы мұны айта алмайсың. Олар депутаттардың өзін-өзі көрсетуінің саяси аренасы болған тәрізді. Осы сөздің толық мағынасындағы заң шығарушы орган бола алған жоқ. Парламентшілердің күш-қуаты заң жобаларымен күнделікті, дәйекті жұмысқа бағытталмай, атқарушы өкімет пен қарым-қатынасты айқындаудың ұсақ-түйек мәселелерінен аса алмады. Бұл кикілжіңдерді туғызып, ол үкіметтің парламентке деген қысымы ретінде көрсетілді. Шын мәнінде бәрі керісінше болды: атқару өкіметі заң шығарушы өкіметтің қол сұғуынан өзін қорғауға мәжбүр болды.

Соңғы жылдарда біздің Жоғарғы кеңестерімізде, жұмсартып айтқанның өзінде, елдің мүдделерінен алыс, шамадан тыс шамшыл және аса сөзшең адамдар белең алғаны жұртшылыққа белгілі. Оның үстіне, атқару өкіметіне қарсы тұруда парламенттік көпшілікке бүкіл оппозиция тұрақты түрде қосылып отырды. Ал бұл оппозиция саяси ағымның мүлдем қарама-қарсы жағында болатын. Бұдан оның ерекше қасиеті — бұлардың ұқсастығы және саяси одақты таңдай білмеуі айқын көрінді.

Ұлтшыл-патриоттар, шовинистер мен коммунистер өздерінің топтық немесе жеке мүдделері туралы әңгіме болған кезде бір одаққа бірігуде. Мұның өзі бізде демократизм мен парламенттік мәдениеттің мүлдем жоқтығынан ғана мүмкін болып отыр.

Шын мәнінде парламентарийлер атқару өкіметін таптап, оны өзіне бағындыруға, сөйтіп, осы нақты биік арқылы несиелерді, инвестицияларды, қаржыны, қысқасы, ақшаны бөлуге зор ынтамен кірісіп кетті. Сонымен қатар, сот билігін де бағындыру басталды. Әрине, әңгіме барлық бұрынғы депутаттар туралы болып отырған жоқ. Қайта шағым жасауға жатпайтын Конституциялық соттың шешімімен де келіскісі келмейтін жанжал құмарлар туралы болып отыр.

Егер өкілетті өкіметтің тікелей қызметі туралы айтатын болсақ, онда Францияның тәжірибесіне сілтеме жасаған жөн. Осы елдің Конституциясымен парламенттік заң шығару қызметі айқын белгіленген. Ал бұдан тысқарының бәрі атқару өкіметінің нормативтік ерекше басымдығы болып табылады. Егер Қазақстанда осылай болатын болса, біздің қолымызда өскен сарапшылар бұдан демократиялық нормалардың бұзылуын табар еді. Ал олардан Франция туралы сұрайтын болсаң, осы Еуропа мемлекетіндегі демократияның салтанаты туралы өршелене айтар еді.

Сот реформасы конституциялық өзгерістердің маңызды бөлігі болып табылады. Еріктен тыс мәмілелердің жемісіне айналған біздің Конституциямыз сот билігін, Конституциялық сотты қоса алғанда, қоғам мен өкіметтің мемлекеттік институттарының, соның ішінде Президенттің де бақылауынан тысқары қойды. Әрине, билікті құрылымдардың сот ісіне араласуына жол беруге болмайды.

Конституцияда сондай-ақ, тежеу мен қарсы салмақ жүйесі жоқ, бірақ бұл принцип онда жарияланған. Әңгіме белгілі бір жағдайларда парламент мемлекет басшысының өкілеттігін тоқтатуға және керісінше Президент Жоғарғы кеңесті тарата алатыны туралы болып отыр. Ата Заңды әзірлеу процесінде мен осы принциптерді кіргізуді талап еттім, бірақ XII-ші шақырылған парламент оны қабылдамай тастады. Ал мен қазірдің өзінде мемлекет пен қоғамның мүдделері осындай тежеу мен қарсы салмақты талап етіп отырғанына сенімдімін.

Аймақтарда мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың негізгі құралы әкімдер болып табылады. Бірақ олардың жағдайына толық айқындық енгізу керек. Олардың қазіргі мәртебесі Президент шын мәнінде атқару өкіметін де басқарған кездегі жағдайға сай келеді. Қазір бұл жағдай түбірінен өзгерді. Соның нәтижесінде облыс әкімдері құқықтық бос кеңістікте болып шықты: бір жағынан, олар Президенттік жоғарыдан төмен басқарудың жалғасы бола отырып, екінші жағынан, жергілікті жерлерде жоғары атқару билігінің өкілі емес.

Жергілікті мәслихаттарға деген көзқарасты да қайта қарау талап етіліп отыр. Қазақстан — біртұтас мемлекет, мұның өзі Конституциямен бекітілген. Демек, жергілікті өкілетті органдардың заң шығару өкілеттігі жоқ, сондықтан олар шын мәнінде атқару өкіметінің қызметін орындайды.

Сондықтан белгіленген процедура бойынша халық алдындағы бүкіл жауапкершілікті әкімге тапсырып, сонымен бір мезгілде мәслихат басшысы қызметін соған жүктеу қисынды болар еді.

Осы демократиялық норма қалыптасқан шындыққа сай келер еді. Халық жергілікті жердегі жағдай үшін жеке басымен кімнің жауап беретінін, аймақтық саясатты кімнің талдап жасайтынын және оны жүзеге асыруға кімнің жауап беретінін білуге тиіс. Айтқандайын, мұны азаматтардың өздері де талап етіп отыр.

Қысқасы, жергілікті жерлерде тәртіп орнату керек және оны тездеткен жөн. Өйткені, күшті аймақтық билік болған жағдайда қазіргідегідей түрлі жылпостар

мен қылмыскерлер өздерін еркін сезіне алмас еді. Ал қазір өкімет құрылымдарын бірін-бірі алмастырып, тіпті, кейде бір-бірімен келісе алмай жатады.

Жалпы алғанда Конституциялық реформалар орталықта да, сондай-ақ жергілікті жерлерде де тұрақты әрі теңдестірілген өкіметті құруға әкеліп жеткізуге тиіс. Қоғамның мүддесі үшін, атап айтамын, қазақстандық қоғамның мүддесі үшін жұмыс істеуіміз керек, ал басқа мемлекеттерде қолданылып жүрген бөтен, өздеріне ғана тән ерекше практиканы еш ойланбастан әрі көзсіз көшіріп алмауымыз керек.

Барлық осы проблемаларды ассамблеяның келесі сессиясы талқылайтын болар деп ойлаймын.

Оның үстіне жаңа парламентті сайлауға дейінгі кезеңді мен мемлекетте құқық тәртібін нығайту, қылмыспен күресті күшейту үшін пайдаланбақпын.

Мен осы шараларды бұрынғы парламентке енгізбек болған едім. Ал бірақ оның сіздерге белгілі заң күшін «өнімділігі» кезінде оны қашан қабылдайтыны белгісіз еді. Және де өзінің баяулығымен және сөзбұйдаға салуымен қылмыстық жағдайды одан әрі шиеленістіре түсер еді. Енді құқық тәртібі Президенттің Жарлығымен бекітілетін болады және бұл жұмыс қазірдің өзінде басталып кетті. Таяуда Жарлықтардың бірімен жемқорлықты жоюға бағытталған қазіргі заңға елеулі өзгерістер енгізілді.

Қылмыскерлікті ауыздықтау үшін мен қолымнан келгеннің бәрін жасауға сендіремін. Біз қоғамға қылмыстық дүниеден қорғау жөнінде кепілдік беруге тиіспіз. Ал бүгінгі таңда жағдай шегіне жетіп отыр. Сондықтан жағдайды жедел әрі батыл түрде өзгерту керек.

Кезінде византиялықтар былай деген: мақсатқа жетудің екі жолы бар: бірі — заң жолы, екіншісі — жыртқыштық жолы. Сіздер мен біздер және ең алдымен менің өзім алғашқы жолды — заңның салтанат құрып, басым түсуі жолын орнықтыруымыз керек. Азаматтар заңды құрметтемейінше ешқандай қоғам тұрақты болып, гүлдене алмайды. Заңның жарияланған емес, қайта нақты басымдығы демократиялық қоғамның бұлжымас атрибуты болып табылады.

Митингілік қызбалықтар мен тұрақсыздандырушы саяси ұрандар емес, билігі барлардың жеке еркі емес, қайта азаматтардың қоғам талдап жасаған және қабылдаған ережелерін қадағалау болып табылады.

Конституциялық соттың шешімдеріне байланысты соңғы оқиғаларға орай әртүрлі үндер естілуде: диктатура орнағалы жатыр дейді. Иә, диктатура, бірақ бұл Конституция мен заңның диктатурасы. Ал мұның өздеріне қатерлі салдары болатынын сезгендер байбалам салуда.

Егер жалған демократиялық ұрандармен елде былық басталып, қылмыстық жүгенсіздік белең алатын болса, шынында да диктатураның орнауы мүмкін.

Олар көбіне ұлттық мүдделерді қорғауды тілге тиек етеді. Ұлттық идеяны бұрмалай, адамдардың ширыққан азаматтық сезімдерімен ойнай отырып, кейбір саясатшысымақтар мен кәдімгі қылмыскерлер осы картаны өздерінің жымысқы мақсатында пайдаланғысы келеді. Жаңаөзенде, Өскеменде, Есікте болып өткен нағыз қылмыстық әрекеттерді талдап жатпастан, оған ұлтаралық жанжалдар бояуын жаққысы келген талпыныстар да болды.

Жаңадан пайда болған қазақтардың бірін «ұрлап кетумен» байланысты оқиға да солардың қатарынан. Қысқасы, қылмыстық әлемнің ұлтаралық жанжалдарды қолдан туғызғысы келетін әрекеттерін жоққа шығаруға болмайды.

Құқық қорғау органдарының назарын расизмнің, шовинизмнің, ұлтшылдықтың, антисемитизмнің ең болымсыз деген көріністерінің өзіне бірден және ең қатаң түрде тыйым салу қажеттігіне аудармақпын. Соңғысын ерекше атап өтемін. Өйткені,

бірқатар басылымдар қазірдің өзінде антисемиттік өзара сөз сайысына түскен тәрізді. Қазақстанда ешқашан да мұндай болып көрген жоқ және болмайтынына сендіремін. Конституция мен Баспасөз туралы Заңның тиісті ережелері бар. Ендеше соны мүлтіксіз орындайтын болайық.

Осындай күйкі дүниетаным — тоталитаризмнің мұрасы. Ол өз халқын моральға жат тұрғыдан билеп-төстеп келген және дүниежүзілік тарихта кез келген басқа бір режимнен гөрі өзінің халқын көп қырған система. Ол адамдардың ойын тізгіндеп ұстап, сауда-саттық жасау ұят, ал өз азаматтарын ату ұят емес, ұрлық жасау беделді іс дегенді сендіруге тырысып келді. Ол диссиденттікті қоғамдық құбылысқа айналдырып, өзгеше ойлайтын ерекше жандарды түрме торының ар жағында немесе психикалық ауруханада ұстап келді.

Құрметті делегаттар!

Сіздер Қазақстанның, оның ұлттық сан алуандығының, мәдениеттері байлығының, осы ассамблеяға — мемлекет басшысы жанындағы ресми органға өздеріңізді сайлаған азаматтардың сенімін арқалаған өкілсіздер.

Мен ыңғайы келгенде әрбір қазақстандықты соңғы 10 жылдың ішіндегі жағдайда біздің басты байлығымыз — бұл қоғамдық тұрақтылық, ұлтаралық алауыздықтың және осының негізінде қантөгістің жоқтығы екеніне сендіруге тырысамын.

Менің осы табандылығым үйдің есігін соғыс пен ажал қаққан кезде басқаның бәрі де — игілік пен шағын кикілжіңдер, байлық пен ізгілік, адамның қоғамдағы жағдайы және басқалар өзінің құны мен мағынасынан айырылатынымен түсіндіріледі. Өйткені, соғыс ең басты құндылықты — адамның өмірін үзіп түседі. Ал өмірден артық ештеңе жоқ. Сөйтіп, соғыс адамдарды үйренген жерінен аяусыз қудалап, оларды күнәсіз босқындарға айналдырады.

Құдайдың шапағатымен бұл қырсық бізден аулақ болып отыр. Сол үшін де біздің азаматтарымызға мың алғыс айтамын. Алайда, сонымен бірге бұл өздігінен болып отырған жоқ. Мұның сыртында терең ойлардың, талдау мен салғастырудың, келісім мен өз тағдырын сенің қолыңа тапсырып берген көпұлтты халық үшін орасан зор жеке жауапкершілік сезімнің талай тынымсыз күндері мен ұйқысыз түндері тұр.

Соғыс орны орасан зор қиындықпен толатын материалдық зиян алып келеді. Осы ғасырдың өзінде ғана жер бетіндегі бүкіл халықты 50 жылдан астам тегін тамақтандыруға болатын немесе 500 млн. астам отбасын жайлы тұрғын үймен қамтамасыз етуге болатын қаржыны соғыс жалмап кетті.

Чешенстанда, Тәжікстанда, Әзірбайжанда және ТМД мен әлемнің басқа да «ыстық нүктелерінде» болып жатқан оқиғаларға көз салып көріңіздерші. Сонда сіздер біздің тұрақтылығымызды бағаламайтындар, өзінің жеке шамшылдығы немесе саяси адасуы арқасында біздің тыныштығымызды бұзуға тырысатындар өз халқының мүддесін сатқан ашық жау екенін түсінесіздер. Сондықтан адамдар қырағы болып, жеңіл өмірді тез орнатуға жалған уәде беретіндердің құрығына түспеуге тиіс.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының отырысында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1995 жылдың 22 сәуірі

Ардақты бауырлар!
Алыстан келген ағайын!

Біз сіздерді атамекендеріңізде — тәуелсіз Қазақстанның астанасы Алматыда құшақ жая қарсы алып, «Қош келдіңіздер, бауырлар, төрлетіңіздер!», — дейміз. Дүниенің қай түкпірінде жүрсеңіздер де елім деп, жерім деп лүпілдеп соғатын жүректеріңіз үшін, жер-жаһандағы жалғыз Отанымыз — Қазақстанымыз аман болсын, қазағымыз аман болсын деген перзенттік тілектеріңіз үшін баршаңызға шын көңілден шыққан алғысымызды айтамыз!

Осыдан 3 жылдай бұрын бүкіл дүниеге тарыдай шашырап кеткен қазақтың басын тұңғыш рет қосып, Құрылтай өткізгенбіз. Ол халқымыздың баянды бірлігінің, ұлтымыздың ұйыған татулығының көңіл толқытарлық келісті көрінісі болып еді. Құрылтайға әлемнің 30 жуық елінен 700 таяу адам қатысқан болатын. Құрылтай күндеріндегі алыстан келген ағайынның жүрекжарды тілектері құлағымда жаңғырып тұр, туған жерге табаны тұңғыш тиген жандардың жасқа толы жанарлары көз алдымда.

Осы күнге жеткізгені үшін құдайға тәубе дегеніміз есімізде. Құрылтайда жиналған жұртшылық мені Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы етіп сайлаған болатын. Содан бергі өткен 3 жылдай уақыт ішінде күнделікті жұмысына менің бірінші орынбасарым, белгілі қаламгеріміз Қалдарбек Найманбаев жетекшілік ететін Қауымдастық басқармасы талай игілікті шаруа атқарғанын айтуымыз керек. Ең бастысы, Қазақстаннан тыс жерде тұратын 4 млн. қазақтың мүддесін ұдайы есте ұстап отыратын ұйым құрылды, ол қазақ диаспорасымен байланысты жолға қоя алды. Рас, қазірше ойдағы жоспардың көбі орындала қойған жоқ. Оның себебін де жақсы білесіздер. Еліміз тәуелсіздік жолына жаңа ғана түсіп жатыр. Қиындық көп, қаржы жетіспейді. Соған қарамай, шеттен келген ағайынға төрімізді ұсынып, сығылысып орын бергендей көмек көрсетіп жатырмыз. Соңғы жылдарда Қазақстанға Моңғолиядан, Ираннан, Түркиядан 100 мыңнан астам қазақ көшіп келді. Ресейден, Тәжікстаннан, Түрікменстаннан келіп жатқандар да баршылық. Олардың бәріне үй тауып беру, пәтер салуға несие бөлу мәселелері шешіліп жатыр. Әрине, елмен араласудың жалғыз жолы көшіп келу емес. Осында келіп, оқып жүрген іні-қарындастарымыз да көп. Келіп, кетіп, әртүрлі кәсіппен айналыса бастаған бауырларымыз да бар.

Мен бүгін Қауымдастықтың жұмысына толық тоқталмақшы емеспін. Ол жөнінде шет елдерден келген ағайындар, осындағы іс басында жүрген азаматтар айта жатар. Алыстағы ағайынның алдында біздің Қазақстанымызда, баршамыздың ортақ Отанымызда не істеліп жатқанын әңгімелемекпін. Өйткені, сіздерді бәрінен де қазақ елінің бүгіні мен болашағы көбірек толғандыратынына сенімдімін.

Негізгі мәселелерге ауысқанда алдымен айтарымыз, әрине, тәуелсіздіктің тағдыры болмақ. Соңғы 4 жылда жүріп өткен жолымыздың ең басты нәтижесі не дегенде, мен алдымен тәуелсіздігімізді сақтап қалғанымызды, оны саяси тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да баянды ете алғанымызды айтар едім.

Тәуелсіздік — қазақ халқының сан ғасырлық асыл арманы. Әлем халықтарының арасында дүниенің бір қиырынан бір қиырына өтіп барып ел болғандары да, сан түрлі ұлт пен ұлыстың араласуының нәтижесінде жаңа этнос ретінде қалыптасқандары да жоқ емес. Қазақ халқы — тамырын тереңге жіберген, осынау қасиетті даласынан табан аудармаған халық. Көне дәуірдегі сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, атажұртта қара шаңырақты сақтап қалған халық. Қазақтың көшпелілігі тек өзінің ата-мекенінің аумағында өткен. Сондықтан да біздің ұғымымызда туған жердің қадір-қасиеті белекше. «Туған жерге туың тік», — дейді қазақ.

Әлемдегі талай ел өз тәуелсіздігіне қанқасап соғыспен, қыруар шығынмен жеткен. Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді. Бұл азаттық үшін алысқан мың-мыңдаған азаматтардың қасиетті қанының өтеуі. Бұл — бүкіл тарихында өзгелерге қиянат жасау дегенді білмеген халықтың пейілінің қайтарымы.

Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданғалы бері өткен 5 жылға жуық уақыт ішінде жалпы дүниенің дидарында да, біздің туған жерімізде де орасан өзгерістер болды. Жер шарының 1/6 бөлігін қамтып жатқан КСРО-дай алып мемлекеттің ыдырауы оңайға түскен жоқ. 70 жыл бойғы қалыптасқан шаруашылық байланыстар үзілді, әр республикада бөлініп қалған кәсіпорындар бір-біріне өнімін қаласа беретін, қаламаса бермейтін болды. Өмірдің қай саласында болса да тәртіп босаңсыды, жауапкершілік азайды. Қоғамның өтпелі кезеңіндегі қиындықтарды пайдаланып, еңбек етпей-ақ байлыққа кенеліп шыға келгендер көбейді. Қылмыс етек алды. Талай уақытқа дейін баға ауыздықтауға көнбей, бой бермей қойды. Қымбат киім, сәнді бұйым тұрмақ, күнделікті қажет заттарын ала алмай, қысылып қалғандар аз емес екенін жақсы білемін.

Иә, жағдай қазірше қиын. Бірақ, бәрін айтқанда біз мынаны да ұмытпауға тиіспіз. Бұл айтылған қиындықты жиып-теріп келгенде «Азат елміз!», — деген бір ауыз сөздің өтеуіне беруге болады.

Осы жылдарда қолымыз жеткен нәрсе аз ба?

Қазір өз тағдырымызды өзіміз шешеміз. Өзіміз өндіргенді езіміз пайдаланамыз. Бір елдің басшысы кім болуы керектігі Мәскеудегі үлкен кабинетте шешіле салып, бұрын-соңды қазақ жеріне аяқ басып көрмеген көлденең көк аттылар ойына келгенін істей алмайды. Қазақ елін бүгінде бүкіл әлем таниды, экономикасының болашағы мол, саяси ахуалы тұрақты, сан түрлі ұлттың баласы тату тұрып жатқан өркениетті ел деп біледі, құрмет тұтады. Ел басшысын дүйім дүниенің президенттері, императорлары, корольдары, монархтары, премьерлері сән-салтанаты жарасқан рәсіммен қабыл алады. Алуан-алуан компаниялар мен концерндер, фирмалар мен қорлар инвестициясын бөліп, сенім көрсетеді. Ең бастысы — қазақ халқы егемен елі бар, тәуелсіз мемлекеті бар, өзгелермен тең тұрып, иық тірестіре алатын ұлтқа айналды.

«Шығасы шықпай, кіресі кірмейді», — дейді халқымыз. Біздің осы өзгерістерден тек қана пайда тауып, ешқандай қиындық көрмеуіміз мүмкін емес еді. Бұл тұрғыдан қарағанда, егемендік алғалы бергі тапқанымыз бен айырылғанымызды таразыға тартар болсақ, безбеннің басын олжамыз жағы бірден-ақ басып кететіні күмәнсіз.

Мен солардың кейбірін ғана тілге тиек етейін.

Шаруашылық реформасы алғашқы оңды нәтижелерін бере бастады. Ең алдымен айтатын жетістік — экономиканы мемлекеттік басқарудың бүгінгі заманға сай, біртұтас жүйесі жасалғандығы. Ұлттық валютамызды енгізіп, қаржы жүйесінің белгілі бір дәрежеде қалыпқа түсуіне қол жеткіздік. Инфляция бірте-бірте ауыздықталып

келеді. Өткен жылдың ортасынан бері оның қарқыны бәсеңдеді. Желтоқсанда 10% еді, өткен наурыз айында 5%-ға төмендеді. Теңге құнының түсуі тоқтағаны валютамен алыпсатарлық жасаушылардың жолын кесіп, қолын байлап отыр.

Қоғамдық-саяси ахуалымыздың тұрақтылығының арқасында республикамызға шетел инвестициялары мен несиелері еркін келе бастады. Бұл көрсеткіш бойынша ТМД елдерінің арасында Қазақстан Ресейден ғана кейін тұр.

Нақты қайтарымы болуы күмәнді деген жобаларға үкімет атынан кепілдік беруді қойдырдық. Бұрынғы үкіметтің 2 млрд. доллардан астам ақшаға берген кепілдігі қайтарылды.

Кейінгі кезде өнеркәсіптегі өндіріс көлемінің құлдырауы тоқтады. Былтырғы қараша айынан бері өнеркәсіп өнімінің көлемі аздап болса да көбейе бастады. Атап айтатын жай — өнеркәсіп кешенінің белді салаларында, мысалы, химия өнеркәсібінде, ағаш дайындауда, машина шығаруда едәуір ілгерілеу бар. Соңғы айларда түрғын үйдің көбірек салына бастағаны да қуантады. Әсіресе, жеке үй салу көлемі арта түсті.

Мұның бәрі тәуелсіздікті баянды ете алғанымыздың арқасы. Олай болса, ағайын, біз осы ұстанған бағытымыздан таймауымыз керек. Осы залдағы шет елдерден келген бауырларымыз жақсы тұрудың нарықтан басқа жолы жоқ екенін әбден біледі. Барлық елдер ауыртпалықты өткеріп барып, не түрлі қиындықты көріп барып тұрмысын түзеген, жағдайын жақсартқан.

Қазақстанның басты байлығы — тыныштығы, ынтымағы.

Әрине, бұл байлық та өзінен-өзі келіп тұрған жоқ. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы бірқатар елдерде ұлт пен ұлт жаға жыртысып, кей жерде тіпті бір халықтың өзінің ішінде іріткі шығып, азамат соғысы жүріп жатқанын естіп, көріп отырсыздар. Тіл-көзден сақтасын дейік.

Мен — көп ұлтты, көп дінді, көп тілді елдің Президентімін. Қазақстанның бұл жағдайы талай заманғы, әсіресе кейінгі 2 ғасырдағы саясаттың салдары. Өз қызметімде республикадағы барлық ұлттар мен ұлыстардың ортақ мүддесін жүзеге асыруды көздеймін. Мұндай мемлекетті ойдағыдай басқарудың мұнан басқа жолы жоқ. Ең маңыздысы — бұл саясаттың осы елдің негізгі этносы болып табылатын қазақ халқының ұлттық мүдделеріне нұқсан келтірмеуі. Бұл міндет ешқашанда есімнен шыққан емес. Шықпайды да.

Қазақ жерінің ұлан-байтақ аумағы, асты мен үстінің байлығы — көздің құрты. Біздің ата-бабаларымыз кіндік кесіп, кір жуған жерді жат жұрттықтардың табанына таптатпау үшін қасық қаны қалғанша айқасып өткен. Ат ауыздықпен су ішіп, ер етікпен су кешіп жүріп, қасиетті туған жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған. Бірақ XX ғасырдың күрделі сипаты елдің іргесін бүтін сақтау үшін білекпен ғана емес, ең алдымен ақыл, білім арқылы да күресу керек екенін көрсетіп отыр.

Өткен 4 жылда тынған жұмыстардың қатарында алдымен аталар шаруаның бірі — қазақ елінің аумақтық тұтастығының заңды негізін қалағанымыз. Ең алдымен Конституцияда Қазақстан бөлінбейтін, біртұтас мемлекет екені басы аша айтылды. Сол арқылы еліміздің құрылымында федерализмге жол берілмейтін болып біржола шешілді. Күні кеше ғана қабылданған референдум туралы Жарлықта да Қазақстан Республикасының мәртебесі, елдің шекарасы, әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы мәселелер референдумға салынбайтындығы қадап көрсетілді.

Қазақстанды бөлшектеуге ешқашанда жол берілмейді!

Содан кейінгі айрықша атап айтатын жетістік — ұлы көршіміз Қытаймен арадағы мемлекеттік шекараның заңды түрде, қазақша айтқанда, шегеленіп

бекітілгені. Сонау Абылай заманынан бері шешімі табылмай келе жатқан, Ресей дипломатиясының шамасы келмеген, ал Кеңес өкіметі жылдарында шешілмек тұрмақ, қайта бұрынғыдан да шиеленісіп кеткен бұл түйінді біз 4 жылда тарқата алдық. Ендігі жерде болашақ ұрпақ 1 млрд. аса халқы бар ұлы елдің достас, сенімді көрші екенін сезініп, еркін емір сүретін болады.

Келешекте көп пайдасы тиетін тағы бір аса үлкен ісіміз — әлемнің ұлы мемлекеттерінен қауіпсіздік кепілдігін алғанымыз. Қазақстанның ядролық қарудан бас тартқанын, ішкі және сыртқы саясатының ұстамдылығын, сенімділігін ескере келіп, Америка Құрама Штаттары бастаған 5 мемлекет еш уақытта Қазақстанға соғыс ашпайтындығына кепілдеме берді. Оның бел ортасында екі ұлы көршіміз — Ресей мен Қытай да бар. Бұл кепілдік арқылы Қазақстанның халықаралық аренадағы қимылы әлдеқайда сенімді бола түсетіні, мұның өзі түптеп келгенде армияға, қаружарақка, шекараға жұмсалатын шығынды шектеуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Ал ол қаржы халықтың әл-ауқатын жақсартуға ауадай қажет.

Бұл шешімдердің аумақтық түрғысынан қарағанда тарихи мәні бар. Замана өте келе тәуелсіз Қазақстанның іргесі оның тұңғыш Президентінің тұсында тұңғыш рет заңды түрде бекітілгенін, бейбіт өмірінің негізі сол жылдарда қаланғанын болашақ ұрпақтар разылықпен еске аларына мен сенемін. Оны мақтаныш ететінімді жасырмаймын.

Біз мемлекет құру барысында идеологиялық жұмыс мәселесін ұдайы есте ұстауымыз керек. Мұның үлкен бір саласы — халықтардың достығын насихаттау.

Бес арысымыз — Тұрар Рысқұловтың, Сұлтанбек Қожановтың, Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің 100 жылдығына арналған Тарихи зерде кешінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көп көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды. Нарықтың қиындығы деп жүріп басқаларды бауырымызға тартатын кең мінезімізден айырылып қалмауды қатты құнттау қажет.

Егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тіккелі бері рухани бостандыққа қол жеткізіп, бұрын жабық қалып келген тақырыптарды еркін талқылай бастағанымыз белгілі. Қазақ ғалымдары мен публицистері еліміздің тарихы туралы талай-талай тағылымды ойға толы еңбектер, мақалалар, хабарлар даярлап үлгерді. Олардың арасында бүгінгі ұрпақтың тарихи зердесін оятуға, ұлттық сана-сезімін ұштауға септігін тигізетін дүниелер қыруар. Арғы-бергідегі атақты батырларымызды, ақын-жырауларымызды, әнші-күйшілерімізді еске алып, ат шаптырып, ас беріп жататынымыз да, түптеп келгенде, жастардың санасына «Бабаларымызға лайықты болып өсейік», — деген ойды ұялатуға, өзінің халқы үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бірақ тек өткенімізді айтып қана қоюмен шектелсек дұрыс болмас еді.

Қазақ баспасөзінде отаршылдық саясаттың зардабы, бүгінгі демографиялық ахуал жайында айтқанда сол үшін нақты адамдарды кінәлап сейлегендей сарын байқалып қалатыны бар. Кей газеттерде Қазақстанда қатар өмір сүріп жатқан өз азаматтарымызды «келімсектер» деу қалыпты нәрсеге айналып барады. Бұлайша кемсітуге ешқандай жол беруге болмайды. Патшалық Ресейдің отаршыл зорлығы үшін, Кеңес екіметі жылдарындағы белден баса жүргізілген ұлт саясаты үшін біздегі орыстардың, украиндардың, немістердің, кәрістердің, қысқасы, ешкімнің де нақты кінәсі жоқ. Олардың ата-бабалары негізінен алғанда, бір кезде Ресей империясының шет аймағына тағдыр айдап келгендер, тың көтеру, елді индустрия-

ландыру науқандарында партияның нұсқауымен осы жаққа жіберілгендер. Отаршыл халық болмайды. Отаршыл саясат болады. Саясатты халық айқындайтын заман, демократия заманы жаңа-жаңа орныпып жатыр.

Өткеннің өкінішін айтқанда, елдің еңсесін езе түсетіндей етіп емес, тарихтан тағылым алатындай етіп айту керек. Қазақтың күллі адамзаттан ала-бөтен тағдыры жоқ, болуы да мүмкін емес. Отар болу тек қазақтың маңдайына жазылмаған. Бізден алып, бізден халқы көп елдер де отаршылдықта болған. Білегі мықты елдің бәрі күші басымдығын жасап, әлі жеткен жерді басып ала берген өткен дәуірлерде, әсіресе, XVIII-XIX ғасырларда бүкіл әлемнің тең жартысына жуығы отарларға бөлініп біткен болатын. Бұл алапаттың дауылы дүниенің бір қиырында емес, Еуразия материгінің қақ ортасында орналасқан қазақ даласын айналып өтуі тіпті де мүмкін емес еді.

Әлем тарихын қарап отырсаңыз, ешқашанда ешкімге бағыныпты болып көрмеген елді табу қиын. Бірақ, тарихи дамудың өзіндік қисыны болатынын ескеретін өркениетті мемлекеттерде өткенді кек тұтып, бүгінгі өмірді қолдан қиындату ойға да келмейді. Өткен — өтті, кеткен — кетті. Ендігі мәселе басқада. Келешекте қандай өмір сүреміз, қайткенде өркениетті әлемдегі өзге елдермен тереземіз тең болады — мәселе, міне, осында.

Өркениетті елдерге тән жолмен дамудың басты бір шарты — өзіміздің ұлттық бірлігімізді нығайту.

Келешегін ойлаған ел тарихтан тағылым алады.

Келесі жылы бір кезде Көк Орданың құрамында болған ру-тайпалар Керей мен Жәнібек сұлтандардың бастауымен Әбілхайыр хандығынан бөлініп шығып, Шу бойына келіп жаңа хандық — Қазақ хандығын құрғанына 540 жыл толады. Кейбір ғалымдар 530 жыл деп жазып жүр. Бірақ қалай болғанда да біз бұл датаны атаусыз қалдырмауымыз керек.

Тарихи зерде кешіндегі мына бір ойымды қайталап айтпақпын. Осы 5,5 ғасыр ішінде қазақ елінің озып, үдеген кезі де аз болмаған. Соның бәрінде де үдеудің сыры — бірлікте, жүдеудің сыры — алауыздықта екен. Қашанда, қай істе болсын ханы мен халқы бір болып, тұтастық құрғанда мемлекет нығайып, ел ырысы тасады екен, ал халқы ханын қолдамай, ханы халқын қорғамай, өзімшілдік өктемдік алып, өзара талас-тартысқа түскенде мемлекет әлсіреп, ел ырысы қашады екен.

Кәрі тарихтың куәлігіне жүгініп, бабалардың өткен жолын бүгінгі ұрпақ мүддесімен пайымдар болсақ, екі мәселе екшеліп алға шығады.

Оның бірі - халықтығына қатер, мемлекеттігіне қауіп төніп, айдарлысы құлға, тұлымдысы күңге айналғалы тұрған сын сағатта біздің бабаларымыздың ағайын арасындағы бұрынғы өкпе-назды сыртқа сырып тастап, намыс туын көтеріп, ардақ тұтқан азаматының төңірегіне топтаса білгендігі. Арғы-бергі тарихымызда оған мысал көп. Әріден тартсақ, сонау көне заманда түп тегіміз түріктер бастарына қатер төнгенде бөрілі байрағын көтеріп, Бумын қағанның төңірегіне топтасып, жұдырық болып түйілген екен. Сонда жауын жеңіп қана қоймай, құдіретті күшке айналып шыға келген екен. Одан беріге келсек, кешегі Керей мен Жәнібек шаңырағын көтерген Қазақ хандығы ұрпақ ауыспай жатып, босағасы босап, қабырғасы қақырап, ханы халқынан қашып, құлауға айналғанда қазақтар «қасқа жолды» Қасымның қасынан табылып, хандығын қайта қалпына келтіріп, заманындағы қуатты елге айналған екен. Одан да беріге түссек, осыдан 2,5 ғасыр бұрын ғана қалмақтар қамсыз жатқан елді қара орманынан айырып, «ақтабан шұбырындыға» ұшыратып, жұртымызды жоқ қылуға айналғанда үш жүздің баласы Абылайдай арысының төңірегіне топтасып, елдігін сақтап қалған.

Аталарымыздың өнеге тұтып, үлгі аларлық осынау тірлігі «Береке басы — бірлік», «Бірлікте болсаң, биікте боласың», — деген өмірлік қағидаларын алға тартады, кісілікке, парасатқа шақырады.

Алайда, атадан қалғанның бәрі бірдей алтын емес. «Бабамыздың шоқ басқан табанымен, бірдей екен жақсысы жаманымен», — деп Қадыр ақын айтқандай, аталарымыздың тар кезеңде табысып, бірлік-берекесін көрсеткен жақсылығымен қатар кеңшілікке шыққанда кесірлік танытып, ала болып ауыздағыларынан айырылып, өзара қырқысып кететін жаманшылығының қабат жүретіндігі де өзекті өртейді. Ақиқатын айтайықшы: алапат бейнет, қымбат құрбандықпен келген тәуелсіздігін барынша баянды етудің орнына, еркіндік еншісіне тиісімен кейде бабаларымыздың билікті бір-біріне қимай, өзара тіресіп шыға келген кездері тарихта аз емес қой. Мысалы, Ақтабан шұбырындының азабынан кейін атойлап ұран шақырып, Алаш туының астына бірікken аталарымыз ата жауымен айқастағы атақты жеңісін аяғына дейін жеткізе алмай, басшылары бас хандыққа таласып, тарасып кетпеп пе еді? Оның аяғы не болғаны баршаңызға белгілі. Ақырында келіп бодандық қамытын мойнымызға іліп, отар елге айналдық. Ең жаман жері сол — бауырына қимаған билігі басқаның қолына көшкенде әлгі ежірейіскендердің ентігі басылып, баяғы ерлігінен түк қалмай, жатқа жағынып, жалпаңдап шыға келген кездері де аз емес.

Жақсысы мен жаманы алма-кезек алмасқан аталар өмірінің бір ащы сабағы осындай.

Адам ата-бабасын жамандап абырой таппайды. Бірақ өткеннің жақсысынан үйреніп, жаманынан жирене алмаған ұрпақтың да көсегесі көгере қоймасы белгілі. Несін жасырамыз, ғасырлар бойы бірде ерлікке, бірде ездікке тартып келген осы екі мінез бүгін де бойымызда бар. Жақсы жағын ойдағыдай сезініп, жалғастырып кете алмадық. Жаман жағынан біржола безініп, мақсатымызға жете алмадық.

Күні кешеге дейін қалай жүріп, қалай тұратынымызға дейін Мәскеу белгілеп келген кезде қазақтың қазақты жамандыққа оп-оңай қия беретінін көзіміз талай көрді ғой. Бір-біріміздің үстімізден арызды қардай боратпасақ, тасада тұрып тас атпасақ, өз сыбағамызды басқаға асатпас едік қой?! Елімізді көрінген біреуге билетіп, 2-3 жылға болса да, ұлттық рухымызды жасытпас едік қой?! Рас емес пе, ағайындар?

Тарих тағы да қазаққа кезекті сынын тосып тұр. Тағдырдың өзі берген осы бақытымызды бағалай білуіміз, осындай ұрымтал тұста бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып қимылдауымыз, сөйтіп елдіктің іргетасын берік қалап алуымыз керек. Бізді әлсіреткісі келетіндер, аңысын аңдып отырғандар табылуы мүмкін. Онсыз да алуан-алуан адамдар: «Бұл өзі ежелден басы бірікпеген ел екен, қазірге дейін жүзге, руға бөлінеді екен» дегендей әңгімені ауық-ауық бықсытып қоятынын естімей жүрген жоқпыз.

Бұл — біздің бірлігімізді қаламайтындардың мысық тілеуі.

Бұл — қазақ тарихынан хабарсыз, қазақ қауымының өзіндік сипатын білмейтін адамдардың жел сөзі.

Кез келген этнос тайпалардан құралады. Басқасын айтпай-ақ өзіміз қоян-қолтық өмір сүріп жатқан орыс халқын алсақ та ұлт ретінде кезінде радимичи, уличи, вятичи, дреговичи, тиверцы, кривичи, древляне, волыняне деген сияқты сан түрлі тайпалардан құралғанын көреміз. Олардың князьдықтарының арасында талай-талай қанды айқастар болғанынан да мектеп оқулығынан хабардармыз. Кейін ортақ мүдде тұрғысынан бір этносқа бірікken. Қазір жаңағы тайпалардың атын тарихшылар болмаса, басқалар онша біле де қоймайды.

Қазақтың да бүкіл тарихы — бірігу тарихы.

Халқымыздың туысқандық негізі бойынша атаға бірігу, өмір салтына, шаруашылық жүргізу талабына орай руға бірігу, жер ыңғайына қарай тайпаға бірігу, шетсіз-шексіз даланың жағдайына, саяси институттарды қалыптастырудың, әкімшілік басқарудың қажеттігіне қарай жүзге бірігу, мемлекеттік мүдде тұрғысынан ұлтқа бірігу үдерісі кезең-кезеңімен, эволюциялық жолмен, әлеуметтік сілкіністіз, қақтығыссыз өтті. Бұл — біздің бақытымыз. Оны бағалай білуіміз керек. Ата-бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтың ұлы үлгісін керсетіп кетті. Ойлап қараңыздаршы, Атырау мен Алтайдың арасындағы алып даланы жайлап жатқанда, мемлекеттің реттеуші тетіктері толық іске қосылмай тұрған кездің өзінде ешқашанда, еш жерде қазақта жүз бен жүз, тайпа мен тайпа тұрмақ, ру мен ру соғысып көрмегені, өмір болған соң кездеспей қоймайтын жер дауы, жесір дауының, барымта мен сырымтаның аяғы ат-тон айыппен, әрі кеткенде билер кеңесінде құн төлетумен бітім тауып отырған. Тек кейінгі 2-3 ғасырдағы отаршылдық қамыты мойнына салынғанда, басқаға күні түсіп, жалтақтап қалған тұста ел азаматтарын шен-шекпенге таластырып, ұлттың ұйыған татулығын қолдан бұзды. Әлі күнге анау ана жүзден, мынау мына рудан деген бықсық әңгіменің бәрі негізінен креслоның немесе лауазым маңайында қозғалатыны да сондықтан.

«Алтау ала болса ауыздағы кететінін, төртеу түгел болса төбедегі келетінін» ұмытпайық.

Мен қазақ елінің Президенті ретінде де, өз халқымның бір перзенті ретінде де ұлтымыздың тұтастығын, ынтымағын, бірлігін көзімнің қарашығындай сақтауды қасиетті парызым санаймын. Президент антын қабылдаған күні маған халқымыздың қадірменді қариясы — Шәкір Әбенов ақсақалдың берген батасы қашанда көңілімнің төрінде тұрады. Ақсақал дүние салғалы бері ол мен үшін әрі бата, әрі аманат. Иманы саламат болсын.

Ал жалпы жұртымыз үшін аманат боларлық сөз бар ма?

Бар. Ол сөз — Абай сөзі. Абайдың сөзі — қазақтың бойтұмары.

Ұлы Абайдың 1,5 ғасырлық тойы біздің елдігімізге үлкен сын болатынын ұмытпауымыз керек. Абай — мерейтойы дүниежүзі көлемінде аталып өтетін тұңғыш қазақ. Оған қол жеткізу де оңайға түскен жоқ. ЮНЕСКО-ның тәртібі бойынша кем дегенде 2 нөлі бар даталар ғана қаралады екен. Мысалы, 100 жыл, 200 жыл, 500 жыл, 1 000 жыл деген сияқты. Әйтеуір, елдің беделін, өзімнің беделімді салып жүріп, Абай атамыздың 150 жылдығын ЮНЕСКО-ның ресми күнтүзбесіне енгізе алдық.

Сол ұлы тойға бүкіл халық болып әзірленуіміз керек. Мен бұл сөзді әдейі ерекше қадап айтып тұрмын. Мәселе тойдың өзін өткізуде ғана емес. Қазір бұл мәселені мен өзім тікелей бақылап отырмын, істі жігерлі жас кадрлар қолға алып жатыр, ойдағыдай өтетініне сенеміз. Жаңағы сөзімнің мәнісі мынада. Осы тойдың алдында әрбір азамат өзіне-өзі іштей есеп беріп, Абай атам шақырған биікке ұмтылдым ба, Абай атам берген насихатты бойыма сіңірдім бе, Абай атам айтқан сыннан қорытынды шығардым ба, қысқасы, қалың еліме — қазағыма иненің жасуындай болса да жақсылық жасай алдым ба, жоқ па деп толғанысқа түссе деймін. Сонда Абай тойы тұсында біздің халқымыз рухани жағынан бір түлеп, жаңа биікке көтеріліп қалар еді.

Иә, ардақты ағайын, жаңадан мемлекет құру дегеннің қандай қиын міндет екеніне бәріміздің де көзіміз жетті. Оның үстіне біздің тәуелсіздігіміздің алғашқы қадамдары дүниенің дидары өзгеріп, қоғам бір сипаттан бір сипатқа ауысып жатқан аласапыран кезеңге тұспа-тұс келді. Бір жағынан, демократия ұстанымдары орнығып, халықтың пікірі ескеріле бастады, екінші жағынан, демократияны ойы-

на келгенді істеу, аузына келгенді айту деп санайтындар шықты. Бір жағынан, нарықтың қатынастар өмірге еніп, экономикалық реформалар жүзеге аса бастады, екінші жағынан, нарықтың алғашқы қадамындағы қиындықтарды пайдаланып, еңбексіз пайда табатындар, қымбатшылық дегенді жамылып, қарапайым халықты сүліктей соратындар шықты.

Өзіміздің де қателіктеріміз аз болған жоқ. Ал бірақ қателік жібермеу мүмкін бе еді? Меніңше, мүмкін емес еді. Ойлап қараңыздаршы, бізге дейін кім жаңа мемлекет құрып көріпті? Алдымызда нақты үлгі болды ма? Мемлекетінің талай ғасырлық тарихы бар, оны айтпағанда КСРО-дай алып елдің негізі болып келген Ресейдің өзі де әлгі күнге аяғын апыл-тапыл басып, кең адымдап кете алмай жатыр. Украина қандай қуатты республика еді, олар да дағдарыстан шыға алмай тұр. Басқалар да солай. Демек, бүгінгі қиындықтардың тереңде жатқан себептері болғаны.

«Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ», — дейді аталарымыз. Дер кезінде алдын алмаудан, артықша сақтанудан біраз кемшілік жіберілгені рас. Ұлттық валютамызды сәл ертерек енгізгенде жақсырақ болатын еді. Аса құпия жағдайда даярлатқанша үлгергеніміз сол болды. Нанның бағасын 1993 жылдың өзінде босату керек еді. «Нанның бағасы босатылса ашаршылық басталады», — деп сол кездегі парламент отырып алды. Жалақы төмен болған соң бұл шешімге тәуекел етпедім. Жаңа үкімет өз жұмысын бірден нанның бағасын босатудан бастады. Дүние төңкеріліп түскен жоқ қой. Соның арқасында үкімет алғаш рет ауылселомен есеп айырыса алды. Егінді сырттан көмек сұратпай, толық өз күшімізбен жинап алатын болдық. Қазақстанның шекаралас облыстарынан Ресейге мәшинемен ұн тасып әкету тоқталды.

Ең негізгі мәселеде — экономикалық реформаның басты бағыттарында, саяси тәуелсіздігімізді нығайтуда, елде демократиялық үрдістерді орнықтыруда, ұлтаралық татулық саясатын жүргізуде жаңылыс басқан жоқпыз деп кәміл сенемін. Басқаша айтқанда, тактикалық тұрғыда кемшіліктеріміз болғанымен, стратегиялық тұрғыда қателік жіберілмеді деп ойлаймын.

Осы қиын да қасиетті істе өздеріңіз сайлаған Президентке үнемі сенім білдіріп, қолдап келгендеріңіз үшін, уақытша ауыртпашылықтарды біздің халқымызға ежелден тән сабырмен, көнбістікпен көтере білгендеріңіз үшін шын жүректен алғысымды айтамын!

Мұндай халық үшін қандай сынға да шыдауға, қандай іске де тәуекел етуге болады! Мен оның бәріне дайынмын.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының бұл жиыны ел өміріндегі аса маңызды оқиғаның қарсаңында өткелі отыр. Өздеріңіз білесіздер, жақында өткен Қазақстан халықтарының ассамблеясына қатысушылар республиканың көп ұлтты халқына Президенттің өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту туралы ұсыныс енгізді. Енді 1 аптадан кейін, сәуірдің 29-ы күні қазақстандықтар бүкілхалықтық референдумға қатысып, елдің болашақ тағдырына қатысты шешім қабылдайтын болады. Бұл оқиға Қазақстан Конституциясы мен заңдарына сәйкес өткізілмек.

Бүгін орайы келіп тұрғанда мен референдумға қатысты ойларымды да ортаға салсам деймін. Туған Отанының тыныс-тіршілігіне құлақ түріп, бұл жақтағы жаңалықтың бәріне елеңдеп отырған отандастарымыздың да талайын бұл мәселелер толғандыратыны талассыз.

Референдум не үшін еткізілмекші? Біреулер бұл референдумның мәні Назарбаевтың өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзартып, билігін күшейту деп ұғатын сияқты.

Мәселе менің жеке өзіме тіреліп тұрған жоқ. Бүкіл әлемде халық өмірінің ең маңызды мәселелері референдум арқылы шешіледі. Қазір еліміздің азаматтарының талқысына мемлекеттің тағдырына тікелей қатысы бар сауал ұсынылып отыр.

Президент сайлауы өткелі 4 жылдай болды. Экономикалық реформаны жүзеге асыру жолында талай шаруа атқарылды. Нарықтық қатынастар орныға бастады. Ең бастысы — Қазақстанның мемлекеттігін қалыптастырудың алғашқы белесінен өттік. Осы тұста «Алған бағытымыз қалай? Осы жасап жатқан ісімізді халық қолдай ма?», — деген мәселенің басын ашып алу керек болып тұр. Егер халық қолдаса, осы қолға алған шаруаны жеріне жеткізу керек десе, мен қазіргіден гөрі сенімді, еркін қимылдаймын. Жалпы, өз басым халықтың бүгінгі саясатты қолдайтынына кәміл сенемін.

Біздің оппозиция өкілдерінің көбі сынап сөйлегені болмаса, нақты жұмысқа қыры жоқтар. Кейбіреулері сайлауда дауыс жинау үшін қазақтың жерін, халқының тілін саудаға салудан да тайынбайтындар. Сондықтан, тағы да айтамын: мәселе Назарбаевта емес. Мәселе — халықтың болашағында. Халықтың болашағымен ойнауға болмайды.

Оның үстіне, жасыратын несі бар, халық саясаткерлердің сайысынан шаршады. Екі рет өткізілген парламент сайлауының өзі-ақ елді әбден дүрліктіріп, әуресарсаңға түсірді. Егер қазір жаяу көкпарды бастап жіберіп, онсыз да жағдайы ауыр елді енді кемі 1,5 жылға созылатын Президент сайлауының дау-дамайына салып қойсақ, бастаған шаруаларымыздың көбі жайына қалады. Айналып келгенде, мұның зардабы халыққа тиеді.

Міне, осының бәрін ескере келіп, мен Қазақстан халықтары ассамблеясының бүкілхалықтық референдум өткізу жөніндегі ұсынысын қабыл алдым. Референдумның қажеттігін еліміздегі саяси күштер, қоғамдық бірлестіктердің бәрі де айтып отыр. Оларына рахмет.

Біз референдум арқылы тәуелсіздігіміздің тағдырын түбегейлі шешуге тағы 5 жыл уақыт қосып алғалы тұрғанымызды ұмытпайық. Қазақстандағы қазіргі тыныш ахуалды сақтай алсақ, енді 5 жылда ойдағы талай шаруамыз реттеліп қалатынына сенімдімін.

Болашақта қолға алынатын ауқымды істерді, кеңінен жоспарлап жүзеге асыратын шаруаларды дәл қазір айтып жатқым келмейді. Дегенмен, таяу арадағы бірқатар жоспарларды ортаға салған орынды сияқты.

Алдымен атқарылар шаруаның бірі — болашақ парламенттің құрылымын, сипатын анықтау. Президенттік республика жағдайында парламент заң шығарушы орган ретінде өз міндетімен шұғылдануы керек.Тегі, болашақ парламент екі палаталы болғаны жөн сияқты. Бұл заңдарды тереңдеу талқылауға, алдын ала сүзгіден өткізуге мүмкіндік береді.

«Парламент керек пе өзі?», — деген сөздерді де естіп қаламыз.

Әрине, парламент керек. Бірақ, ол өзінше тұрған бір билік түрінде емес, биліктің бір тармағы түрінде болуы керек. Парламентті, үкіметті, сотты «үш билік», — деп сөйлейтіндер бар.

Билік — біреу. Тармақтары — бірнешеу.

Осыны есте ұстауымыз шарт. Мемлекетіміз қалыптасып кеткенше біз елдігіміздің негізін, биліктің мүмкіндігін күшейтуіміз керек.

Маған берілген қосымша өкілеттікке байланысты кезек күттірмейтін заңдарды алдымен қабылдау қажет. Бәрінен бұрын Салық кодексін бекітуді ойлап отырмын. Жақында Салық кодексін әзірлеуге байланысты мәселелер бойынша кеңес өткіздім. Бұл құжаттың елдің тыныс-тіршілігі үшін маңызы зор, ол әрбір салық төлеушінің алдында жататын кітабына айналуы керек. Ол табысты адал мәлімдеуге

ынталандыруға, өндіріс көлемін арттыруға, шаруашылықтың ұқыпты жүргізілуіне ынталандыруға тиіс. Біздің бүгінгі қиындықтарымыздың көбі осы салық жүйесінің жете ойластырылмағанынан. Бүкіл әлемде мемлекет саясаты салық арқылы жүргізіледі. Табысын жасырғандар, салықты толық төлемегендер әшкереленіп, жазаланып жатады. Ал бізде қазірше кімнің не тауып жатқанын, қалай тауып жатқанын адам біліп болмайды.

Қазірдің өзінде қолға алынған, референдумнан кейін түпкілікті шешілуге тиіс тағы бір шаруа — жалақыны, зейнетақыны уақытылы төлеу. Ендігі жерде бұл үшін кінәлілерді нақты атап, жеке жауапкершілігі қаралатын болады.

Инфляцияның аяқ астынан шарықтап кетуіне байланысты жұртшылықтың жинақ кассаларына салған ақшасы құнсызданып қалғаны белгілі. Бұған дейін біз бұл проблеманы көріп, біліп отырғанымызбен, оның орнын толтыруға мүмкіндік таба алмаған едік. Жұртшылықтың 1992 жылғы 1 қаңтарға дейінгі ақшасы қайта есептеліп, бүгінгі бағаға байланысты өтеуі берілетін болады. Бұл істі биыл бастауға мүмкіндік жоқ, оны тек келесі жылдан қолға аламыз.

Инфляцияны ауыздықтаудың сәті түскенін айттым. Ендігі міндет — оны тоқтату. Бұл үшін тұтыну бағаларының өсімі алдағы кезде айына 1-1,5%-дан аспауы керек.

Экономикалық қылмысқа, әсіресе сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қоюымыз қажет. Жекешелендіру ісіне де тәртіп керек. Енді ол тек ашық конкурс бойынша, азаматтардың бақылауымен жүргізілетін болады. Жер реформасы жүзеге асырылады. Басқа да жоспарлар бар.

Елде тәртіп орнатуды түбегейлі міндет етіп қою керек. Бұл арада мен қылмысқа қарсы күресті алдымен айтқым келеді. Біздің қоғамдық тәртіп пен заңдылықты нығайтуға бағытталған жұмысымыз бүкіл ел тарапынан толық қолдау тауып отыр. Қазақстанда әрбір адам емін-еркін өмір сүретіндей, қылмыскерлер әділ жазадан құтылмайтындай жағдай жасамайынша, бірде-бір салада табысқа жетуіміз мүмкін емес. Керек десеңіз, бұл істің маңызы экономикалық реформаларды жүзеге асырудан бір де кем болмайды. Өйткені, адамның өміріне ұдайы қауіп төніп тұратын болса, еңбекпен тапқан дәулет кез келген күні қарақшының қолына түсетіндей болса, адамдар заңдылыққа, әділдікке сенбесе басқа шаруаның ешқандай құны қалмайды.

Тәртіп орнату — елдің елдігіне, ұлттың жауапкершілігіне үлкен сын. Қатты алаңдатарлық нәрсе — өзіміздің қазақ жастарының арасында қылмыс жасаушылар көбейіп бара жатқандығы. Мен сіздерге бір ғана нәрсені айтайын. 1980-ші жылдарға дейін сотталғандардың ширек бөлігі ғана қазақ жастарының өкілдері болса, қазір олардың саны 60%-дан асып отыр. Демек, орта есеппен алғанда әрбір сотталған 10 адамның 6-7-і — өзіміздің жастарымыз. Бұл — айрықша дабыл қағатын, бүкіл халыққа естірте айтып, алдын алатын аса қауіпті құбылыс. Әдетте заңды құрмет тұтатын, айтқан тілді алатын, салт-дәстүрді сақтайтын қазақ жастары ауыр қылмысқа бара беретін болды, ал ұйымдасып қылмыс жасауда басқалардың алдына шықты. Қалаларда қаптап кеткен рэкет, үй тонау дегеннің көбі ауылдан келген жастардың қолымен жасалады. Біздің халықта қыз баланы қандай қадірлегенін, аялап ұстағанын білесіздер. Амал не, қыз зорлау деген сұмдық жастарымыздың арасында да көбейіп тұр. Мен Президент ретінде өлім жазасына кесілгендердің материалдарымен танысып, шешім қабылдарда жап-жас жігіттердің соншама қатыгездікке қалай баратынына таң қаламын.

Мен қылмысқа қарсы күресті жеріне жеткізбей тоқтамақ емеспін. Бұл істі халық толық қолдайтынына сенімдімін.

Біздің тікелей өзімізге қатысты жағдайларға қоғамды, елді, мемлекетті кінәлап жататын әдетіміз бар. Жоқ, көп нәрсе адамның тек езіне байланысты. Егер әркім өзін-өзі қамшыламаса, намысын оятпаса, жігерін жанымаса онда тұтастай алғанда халықтың рухы көтерілмек емес. Егер әркім өзінің шаруасын құнттап жүргізбесе, онда елдің де дәулеті таса қоймайды. Ашығын айтайық: біз ғасырлар бойы батпандап сіңген жалқаулықтан арылуға тырыспайынша, ісіміз алға баспайтын болады. Бұл сөзге орынсыз шамданудың керегі жоқ. Қайта намыс көріп, сол мініміздеп құтылуға ұмтылуымыз керек.

Көсегесі көгеріп, дәулеті тасып, сәулеті асып отырған елдердің қайсысына қарасаңыз да еңбектің қадір-қасиеті бөлекше бағаланады. Адамның ең басты қасиеті еңбекқорлығы делінеді. Бүкіл дүниенің халқы адам қалай жұмыс істесе, солай тұратынын баяғыда-ақ пайымдап болған. Расында да, біздегідей жұмыс істеп, Жапониядағыдай тұруға болмайды ғой... Жапониядағыдай тұру үшін жапондардай жұмыс істеуіміз керек.

Қоғамдық өндірісті айтпай-ақ қояйық, бақ өсіру, бақша егу, саяжай салу сияқты әркімнің өзіне қажетті істерде біздің қазекеңнің өзгелерден көп кейін тұратыны рас қой. Баға аспандап өсіп, күнделікті тамаққа керек көкөністің бәрі қымбаттап кеткенін көріп отырсақ та саяжайдан, тіпті есіктің алдындағы бақшадан жөндеп ештеңе ала алмайтын қырсыздардың әсіресе біздің арамызда көп екендігін несіне жасырамыз. Онымен қоймай, сонымызды тап бір қазақтың еркөңілділігінің, дүниенің ұсақ ісіне онша кеңіл бөле қоймайтындығының белгісіндей сөйлейтінімізді қайтесіз!.. Мұның бәрін баяғыда Абай атамыз айтып кеткен. Жанымызды жеп, көзге шұқып тұрып айтқан. Өткен жолы, Тарихи зерде кешіндегі баяндамада Сұлтанбек Қожановтың сонау 1924 жылы жазған «Жас буын, жаңа жұрт жолға түссін», — деген мақаласындағы бір ойды келтірген едім. Шеттегі отандастарымыз үшін тағы қайталай кетейін. Ол кісі мақаласында былай депті: «Қырғыз-қазақ тұрмысының ең үлкен кемшілігі — шаруа түрінің орнықсыздығы, олардың еркіндікте бола алмай, табиғи жолмен ілгері баса алмағандығы. Қазақ-қырғыз үдесінен шығып, бірте-бірте мәдениеттендіріліп, не мал шаруашылығын өркендете алған жоқ, не орнығып отырып, алаңсыз егіншілікпен айналысқан жоқ, не қолөнерін дамытпады, не сауда үдесінен шықпады. Жаз болса сазға аунап, салқынға төсін тосып, жоқ дәулетке мәз болып, құрғақ серілікке, кедейсалдыққа салынып, қыс болса үкідей ысылдап, от басынан шықпай қақталып, жазды жаз деп бейнетсіз өткізу, қысты қиын деп қимылсыз өткізу қазақ-қырғыздың көпшілігіне салт болып кеткен». Бұл міндерімізден әлі де арыла алмай келеміз. «Жоқ дәулетке мәз болу», «кедейсалдыққа салыну» деген сөздердің мағынасына ой жіберіп қарайықшы. Бір жерден алған арағын басқа жерге сатып, сауда маңындағыларды қорқытып-үркітіп жүріп ақша тауып, сонысымен ресторандарда сайрандайтын қазақ жастарына осы сөзді айтуға болар еді.

Бүгінгі экономикалық қиындықтар, тұрмыстың ауырлығы туралы сөз болғанда, осындай күнге жеткізді деп бұрынғы қоғамдық құрылысты сынап сөйлейміз. Ал, немқұрайдылық, еріншектік, іштарлық, мақтаншақтық, пайдакүнемдік, бейқамдық, надандық сияқты толып жатқан міндерді жоюға ең алдымен адамның өзінің жігері керек. Материалдық кедейлік пен рухани жұрдайлықтың жөні бөлек. Кедеймін деп басқаны кінәлауға болар, бірақ жаның жұрдай болса тек өзіңді кінәлауың керек. Қазір еліміз азат, жеріміз азат. Енді бойымыз да, ойымыз да азат болуы тиіс. Солай десек те біздің көптеген азаматтарымызда баяғы енжарлық, баяғы немқұрайдылық әлі бар. Заман өзгергенін, қоғам өзгергенін, адам өзгергенін ескере бермейміз. Енді «Мен осы неменеге жанымды саламын?», — дейтін кез емес. «Коммунизм

өзі орнайтын нәрсе ме, орнамайтын нәрсе ме, мына социализмнің өзін дұрыстап алмай жатырмыз, текке арамтер болып қайтемін», — дейтін кез келмеске кетті. Енді не істесең де ізгіліктің ізі туған жеріңде қалады, не жасасаң да ырыздығы ең алдымен туған халқыңа — қазағыңа бұйырады. Айналып келгенде өзіңе бұйырады.

Қазір өмір сүрудің мәні нақтылана түсті, мақсаты биіктей түсті.

Осыны ұмытпайықшы, ағайындар!

Алдағы XXI ғасыр қазақ халқының жұлдызы жанатын ғасыры болатынына сенемін. Құдай қазаққа қырын қарамаған: пейіліне сай етіп ұлан-ғайыр жер берген, астын-үстін толтырып кен берген, мейірбан, ақкөңіл, адал ел берген, жаны үшін малын, ары үшін жанын садаға ететін ер берген. Қазақтың жерінде дәулетті де сәулетті өмір орнауына қажетті жағдайдың барлығы бізде бар. Бұл үшін біз ең алдымен елдегі тыныштықты сақтай алуымыз керек, ерінбей-талмай еңбек етіп, экономикалық қуатымызды арттыру арқылы мемлекетімізді ешкімге тәуелсіз етуіміз керек, халқымызды жаңа заманға сай қайрап, шыңдап, ширатып шығаруымыз керек. Мұның барлығының басты шарты — әрбір қазақ баласы тағдыр сыйлаған, тарих сыйлаған осы бақыттың бағасын білуге тиіс. Бақыт — бағасын білгеннің ғана басында тұрады. Қастерленбеген нәрсенің қасиеті кеми береді.

Әрбір қазақ азаматы өз маңдайына тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құру бақыты бұйырғанын ұмытпауы шарт. Мен де қазақтың бір баласымын. Менің маңдайыма осы қасиетті істің басында тұру бақыты бұйырыпты. Бұл үшін тағдырыма мың-мың мәрте разымын. Осы істің жолында бар күш-қайратымды да, білімімді де, білігімді де, тәжірибемді де, ақылымды да, қажет болса жанымды да аямаймын.

Сөзімнің соңында сіздерге, сіздер арқылы туған халқыма мына жайды айтпақшымын.

Мен бұл референдумды өткізуге халық осы саясатты қолдайтын-қолдамайтынын анықтау мақсатымен келісім бердім. Осы саясатты қолдасаңыздар, Қазақстанды — демократияны ардақ тұтатын, заңды құрметтейтін, ұлттары мен ұлыстары бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай тату тұратын, азаматтары ертеңгі күніне сеніммен өмір сүретін, қазақ халқы өзін ел иесі, жер иесі сезінетін мемлекетке айналдыруға батыл бет бұрамын.

Біздің алдымызда тәуелсіздік тағдыры таразыға тартылар сын сағат тұр. Референдум бізге елдігімізді нығайта түсу үшін керек.

Екінің бірі: біз не таяу жылдарда шын мәнінде тәуелсіз мемлекет құру ісін аяқтаймыз, немесе тағдырдың өзі қолға әкеп берген мүмкіндіктен айырылып, болашақ ұрпақтың обалына қаламыз.

Мұны әрбір азамат айқын ұғынуға тиіс.

Ардақты бауырлар!

Құрылтайдағы сөзімді түйіндерде былай дегенім бар еді: «Орнында бар оңалар», — дейтін еді халқымыз. Шүкір, ел орнында, жер орнында. Жерге жетер ештеңе жоқ, жерден өтер байлық жоқ. Жер болса — ел болады. Ел болса — ер болады. Осындай жеріміз барда, осындай еліміз барда, өздеріңіздей еріміз барда біз ешкімнен кем болмаймыз».

Сол сөзімді бүгін де қайталаймын.

Атамекенімізде тек жақсылықпен жолығуға жазсын!

Қиын-қыстау заманнан аман-есен шығып, келер ұрпақтың қолына бақыт жұлдызын ұстатуға жаратқан жар болсын!

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту жөніндегі республикалық референдумның қорытындысы бойынша отандастарына үндеуі

Алматы қаласы, 1995 жылдың 30 сәуірі

Құрметті отандастар!

Республика референдумы Орталық сайлау комиссиясының алдын-ала деректеріне сәйкес, қазақстандықтардың басым көпшілігі дауыс беруге қатыса келіп, біздің Қазақстан жерінде өз азаматтарымыздың түбегейлі мүдделерін басшылыққа алатын күшті, гүлденген, тәуелсіз, демократиялық және еркін мемлекетті құруды өзінің стратегиялық мақсаты етіп алған саясатымызға қолдау білдірді.

Әрбір саясаткер үшін оның өмірінің «шырқау сәті» болады. Мен үшін ол сәуірдің 29-шы күні. Мен өзінің байсалды таңдауы арқылы біздің ортақ Отанымызға тәуелсіздігіміздің 5 жылдың ішінде тұрақтылық пен жасампаздыққа мүмкіндік туғызған миллиондаған қазақстандықтарға өзімнің шынайы алғысымды білдіргім келеді. Олар қажетсіз дүрбелең мен ауыр қиындықтарға батыл тойтарыс берді. Сіздердің сенімдеріңіз — мен үшін үлкен сыйлық және де мемлекет басшысы үшін одан жоғары ештеңе де жоқ. Әсіресе белгілі себептер бойынша Қазақстанды ғана емес, сонымен бірге ТМД-ның басқа да елдерін қамтыған дағдарыстың біз өткізіп отырған қиын кезеңде мені қолдағандарыңыз өте маңызды. Халық даналығына сай сіздер өткінші, бір сәттік және уақытша олқылықтардан туындайтын себептерден биік бола білдіңіздер.

Референдум алдында сіздерге сөзімді арнай келіп, мен қиындықтарды жасырмайтынымды және алдағы уақытта да жасырмайтынымды айтқанмын. Біздің алдымызда әлі де саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды жүзеге асыруға, реттілік пен тәртіпті орнатуға байланысты орасан зор жұмыс тұр. Міне, нақ сондықтан да осынау шешуші қадам — бүкілхалықтық референдум жүргізілді. Ол біздің мемлекетіміздің заңдарына толық сәйкес өткізілді және біздің ортақ жеңісіміз болып табылады.

Біздің жайқалып жатуға уақытымыз жоқ. Мерзімді ұзарту жөніндегі референдум дегеніміз — артта қалуды жою мақсатындағы саяси ілгерілеу болып табылады. Бұл дәстүрден тыс, бірақ өзгерістерге жаңа серпін беретін, әбден қолдануға тұратын шара. Сондықтан да оның кейбіреулерді алаңдатқаны да рас. Бірақ мұның өзі осындай шараның қажеттілігін тағы да айқындап берді.

Диктатура туралы көпірме сөздердің мүлдем негізі жоқ және ол жауапсыз мәлімдемелер. Онымен қорқытудың еш қажеті жоқ. Біз азаматтардың экономикалық бостандығын жүзеге асыру үшін неғұрлым қолайлы жағдай туғызатын толық еркіндік бағытымен нық ілгерілеп келеміз. Осы жылдың өзінде-ақ парламент сайлауы өтеді. Демократиялық өзгерістер жолынан біз таймақ емеспіз. Бұл біздің саналы таңдауымыз. Айтқандайын, демократия біздің есігімізден әлі сығалап қана тұрғанын ұмытпағанымыз жөн.

Сайлаушылар еркі білдірілгенге дейін және одан кейін саясаткерлер көбіне өзінің іс-қимылы мен мәлімдемелерінен көп алшақ түсіп жатады. Мен бұлай істемеймін. Өйткені сіздер мені білесіздер. Референдумға дейін айтқанымдай, мен үшін ең негізгі құндылықтар ұлтаралық татулық, бірлесу, республиканың тәуелсіздігі және

реформалар болып қала беретінін мәлімдеймін. Қазақстандағы ұлтаралық келісімді бүлдіру үшін ешкімге де жол бермеймін.

Біз өзіміздің жаңа тарихымызда шын мәнінде тек алғашқы қадамдар жасап отырмыз. Мен біздің үйімізде соғыс оты тұтанбауы үшін, Қазақстанның тәуелсіздігін сақтап, нығайту үшін өзіме байланыстының бәрін жасауға уәде беремін. ТМД елдерімен, әсіресе Ресеймен және Кіндік Азия мемлекеттерімен біздің ғасырлар бойғы байланыстарымыз нығая беруі үшін бәрін де жасаймын. Осы бағытта менің күш-жігерімді сіздер белсенді қолдайды деп сенемін. Бұл біздің барлық азаматтарымыздың мүдделеріне сай келмек.

Мен үшін, Қазақстан Республикасының алғашқы және бүкіл халық болып сайлаған Президенті үшін, мемлекеттің тәуелсіздігі жай сылдыр сөз емес, қайта нақты әрі аса ұлы тарихи жеңіс болып табылады. Еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығына кез келген көз аларту мен қол сұғуға батыл түрде тойтарыс берілетін болады.

Менің мақсаттарым айқын да ашық және референдум көрсеткеніндей, оны халық қолдайды. Ғажайыптар қияли адамдардың қиялында және саяси көпірмелердің тілінде ғана өмір сүреді, ал қалыпты өмірде бұлай болмайды. Бүгінгі таңда біз бастан өткізіп жатқан экономикалық дағдарыстан елді шығарудан асқан биік міндет жоқ.

Мен кереметтерге уәде беріп, халықты алдаған емеспін. Сондықтан, мен кез келген үкіметті экономикадағы және әлеуметтік саладағы нақты нәтижелері бойынша қолдап, бағалайтын боламын. Ал маңдай терін төгіп енбек істеуге әзір адамдар үшін таяудағы жылдар ішінде тұрмыс жеңілдене түседі. Ал жалқаулар үшін жеңіл өмір болмақ емес. Өйткені, еңбекпен жасалғаннан артық тұтына алмайсың. Сонымен бірге зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларына мемлекет бұрынғыдан да нақты көмектесіп, бүкіл ықтимал ресурстардың бәрін соған бағыттайтын болады.

Сіздердің сенімдеріңіз реформаларды тереңдету, өндірісті жандандыру және көтеру жөніндегі шараларға біздің нақты көңіл аударуымызға мүмкіндік беретінін тағы да қайталап айтамын. Ал мұның өзі сайып келгенде, тұрмыстың деңгейін арттыруға, бәріміз үшін ауыр болып отырған өтпелі кезеңнің салдарын тезірек жоюға әкеліп жеткізеді.

Отандастар! Тәртіп пен құқық тәртібін нығайту, қылмыскерлік пен жемқорлыққа қарсы батыл күрес жүргізу жөніндегі күш-жігерді мемлекеттің әлсіретпейтінін мәлімдеймін. Бұның өзі демократиялық процестердің орнығуы және тереңдеуі үшін қажетті шарт болып табылады.

Референдум қорытындылары біздің көпұлтты халқымыздың тығыз топтасқандығын көрсетеді. Мен өзіміздің ұйымшыл халқымыздың өкілі екенімді мақтан етемін.

Референдумның негізгі идеяларын қолдаған саяси партияларға, қоғамдық комитеттерге, бұқаралық ақпарат құралдарына, соның ішінде жетекші ресейлік басылымдарға, еңбек ұжымдарына және олардың басшыларына, барлық деңгейдегі әкімдерге алғыс айтамын.

Маған қолдау білдірген Өзбекстанның, Ресейдің, Украинаның, Қырғызстанның және басқа елдердің мемлекет басшыларына, сондай-ақ Қазақстанмен шекаралас Ресей облыстарының басшыларына да терең алғыс білдіремін.

Маған қарсы дауыс берген отандастарыма да зор құрметпен қараймын. Сөйтіп, олар референдумның демократиялық сипатын өз өнегесімен қолдап, өздерінің конституциялық құқықтарын жүзеге асырды. Олар таяудағы болашақта өз пікірлерін өзгертулеріне толық негіз болуы үшін мен қолдан келгеннің бәрін жасауға тырысамын.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту жөніндегі республикалық референдумның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының куәлігін тапсыру рәсімінде сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1995 жылдың 5 мамыры

Қымбатты отандастар!

Бұл мен үшін өте толқулы сәт. Себебі, мен қолыма Президент ретіндегі өкілеттіктерімді 2000 жылға дейін ұзартуды куәландыратын жәй ғана құжатты емес, өркендеген мемлекетті құруға бағытталған менің күш-жігерімді қазақстандықтардың толық қолдауының куәлігін алып тұрмын ғой. Мен бұл құжатты менің барлық істерім мен ой-ниетім ең бастыға — адамдардың игілігі мен тәуелсіз Қазақстанның мүдделеріне қызмет ететіндігіне қызмет ететіндігіне үлкен аванс ретінде қабылдаймын.

Референдумға келгендердің баршасына: маған сенім артқандарға да, қарсы дауыс бергендерге де — істің нақты нәтижелері арқылы олардың пікірлерін өзгеруге тырысамын, тағы да шын жүректен алғыс айтамын.

Халыққа тікелей үн тастау — кез келген саясатшы үшін оңай сынақ емес. Әсіресе экономикалық дағдарыс халықтың тұрмыс жағдайына қатты әсер етіп отырған кезде бұл тіптен киын. Алайда, дауыс берудің ресми қорытындылары Қазақстанның көп ұлтты халқының республика басшылығы жүргізіп отырған нарықтық экономикаға көшу, азаматтық тыныштық пен саяси тұрақтылықты нығайту, қылмысқа қарсы күресті күшейту бағытын сөзсіз қолдап отырғандығын паш етті.

Алайда, тіпті осындай киын жағдайдың өзінде біздің адамдар, тыныштық пен келісім болмайынша гүлденген мемлекет құру мүмкін емес екендігін жақсы сезінеді, нарықтық экономикаға, дүниежүзілік қоғамдастыққа кеңінен интеграциялануға балама жоқ екендігін түсінеді. Референдумның қорытындылары осыны жарқын қуаттап берді.

Енді маған бұрынғыдан да зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Реформаларды тереңдету жөніндегі жұмысты еселей түсуге ғана емес, заң актілеріндегі бұрын жіберілген толып жатқан бұрмалаулар мен қателіктерді кәдімгідей жол-жөнекей түзетуге тура келеді. Және мұның бәрінің басты мақсаты — ең асқақ мұраты адам мүдделері, оның құқығы мен бостандығы болып табылатын күшті де өркениетті, нарықтық және демократиялық мемлекет құруды есте ұстай отырып істеу керек.

Қазақстандықтарға қазір қиын: экономикалық дағдарыс халықтың тұрмыс деңгейіне, әсіресе оның жеткілікті қамтамасыз етілмеген топтарына, көпбалалы отбасыларына, ардагерлерге, мүгедектерге ауыр соғуда. Оларға бағдарлы көмекті күшейту үшін қолдан келгеннің бәрін де жасайтын боламыз.

Тіпті, осындай күрделі жағдайда да адамдар татулық пен келісімсіз, нарықтық экономикаға баламаның жоқ екендігін, Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа интеграциялауын түсінбейінше, гүлденген мемлекетті құрудың мүмкін емес екендігін жақсы ұғынып отыр. Референдумның қорытындылары мұны айқын дәлелдеді.

Маған қандай ауқымды жауапкершілік жүктеліп отырғанын түсінемін. Бұл жай ғана қызыл сөз емес: тек қана реформаларды тереңдету бойынша жұмыс істеп қана қоймай, өткен кезде жол берілген көптеген заңшығарушылық қолбайлаулар мен олқылықтар дейтіндерді іс барысында түзетуге тура келеді. Мұның бәрін де басты мақсатты — басты басымдығы адамның мүддесі, оның құқығы мен бостандығы болатын күшті, нарықтық, демократиялық, зайырлы мемлекетті құруды көзден таса етпей жасауға тура келеді.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1995 жылдың 9 мамыры

Қымбатты отандастар!

Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагерлері!

Бүгін орасан зор әрі нұрлы мереке күні, ол Қазақстанның, Достастық мемлекеттерінің, бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың жеріне жетіп отыр. Біз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығын ерекше көтеріңкі және салтанатты жағдайда атап жатырмыз.

Табаны күректей 4 жыл бойы ғаламат күш-қайрат көрсеткен және сұрапыл шығындарға ұшыраған біздің еліміз фашистік Германияның қуатты әскери машинасын тас-талқан етті. 4 жыл бойы соғыс қырғыны Отан қорғаушылардың қатарын селдіреткені, ал мұның өзі қалалар мен ауыл-селоларға «қара қағаз» болып жетіп, жесірлердің көз жасына айналып жатқаны да кешегі ақиқат. 4 жыл бойы өз басының қамын ойламаған тылдағы еңбеккерлер майданға әскери өнімдерді эшелондап жіберіп жатты. «Біз фашизмнің омыртқасын опырамыз!» — деп ант берді жауынгерлер 1941-ші жылы. «Фашистік жыртқыштарды өз інінде құртамыз!», — деді олар 1945-ші жылы. Сөйтіп, олар өз сертінен шықты, дәл осындай мамырдың шуақты күнінде мерекелі салют адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталғаны туралы адамзатты хабардар етті.

Жеңімпаз жауынгерлер, тыл еңбеккерлері, біздің әрқайсымыздың жанымызда, барлық отандастарымыздың жан дүниесінде терең із қалдырған осы ұлы күнге байланысты жүректен шыққан ең шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Біз осы залда майдангерлердің дидарын, жауынгерлік және еңбек наградаларының жарқылы мен ұшқындарын толқу үстінде көріп, сіздермен бірге орасан зор бақыт пен тебіреніс сезіміндеміз. Сіздер ұрыстарда көптеген майдангер достарыңыздан айырылып, соғыстың тар жол, тайғақ кешуінен ақырына дейін жүріп өттіңіздер. Сіздердің жарақаттарыңыз әлі күнге дейін сырқырап, жандарыңызға батады, «соғыс» деген сөзден жүректеріңіз сыздап қоя береді. Сіздердің мәңгі жасайтын ерліктеріңіздің алдында басымызды иеміз. Бүгін біз осынау даңқты мерейтойға жете алмай, ұрыс майдандарында шейіт болғандарды, барлық соғысқа қатысушыларды есімізге аламыз. Біз олардың ерік-жігері, қаһармандығы мен ерліктерінің атынан олар өз өмірлерін бағыштаған мұраттарды әрқашан да қорғаймыз деп ант етеміз.

Қазақстаннан 1,2 млн. адам майданға аттанды, ал олардың 600 мыңы қайтып оралған жоқ. Олар дүниедегі ең қастерлі — өз өмірлерін болашақ үшін, Отан үшін қиды. Ал, нақтыланған деректер бойынша өткен соғыста 26,6 млн. Кеңес Одағының азаматтары қаза тапқан. Сол боздақтардың асыл бейнелерін бір минут үнсіздікпен еске түсіруді ұсынамын.

Тірі қалғандар да Отан алдындағы өз борыштарын адал және толық атқарып келеді. Қараңыздаршы, бүгінгі салтанатқа майдангерлердің қандай шоқжұлдызы қатысып отыр! Мұнда Кеңес Одағының Батырлары, «Даңқ» орденінің толық иелері, Социалистік Еңбек Ерлері, Қызыл алаңдағы Жеңіс парадына қатысушылар отыр. Осы залдағы әрбір майдангердің орта есеппен оннан астам жауынгерлік наградалары бар.

Сіздердің самайларыңызды күміс қырау шалғалы қашан. Бірақ жастарыңыздың келгеніне және ескі жарақаттарыңызға қарамастан сіздердің барлықтарыңыз үлкен қоғамдық жұмыстарды атқара отырып, бізге жастарды тәрбиелеуде баға жетпес көмек көрсетіп отырғандарыңыз қандай ғанибет. Табысты еңбек жолын әлі де жалғастырып жатқан қарияларға алғысымыз ерекше.

Қымбатты майдангерлер мен тыл еңбеккерлері, сіздердің барлықтарыңызға денсаулық пен бақыт тілейміз.

Қазақстан шайқас майдандарында

Қазақстанға Ұлы Отан соғысы майданының отты шарпуы тиген жоқ, соған қарамастан соғыстың барлық кезеңдерінде болған оқиғалар республикамен мейлінше тығыз қабысып жатты. Қас дұшпанды талқандауға біздің миллиондаған отандастарымыз да өзінің жауынгерлік және еңбек үлесін қосты.

Қазақстандықтар 1941 жылғы 22 маусымның таңында басталған соғыстың алғашқы сағаттарында-ақ ерліктерін көрсетті. Гитлершілер әскерлерінің алғашқы сұрапыл соққысы Брест қамалына шүйілгені, ал оны қорғаушылар арасында біздің жерлестеріміз де болғаны белгілі.

Тіпті жер бауырлай ұшқан ұшақтардың зәрені ұшыратын ащы үні, фугас бомбалары мен миналардың үздіксіз жарылысы, пулеметтің толассыз оқ нөсері, фашистердің жаяу әскерлері мен техникасының бітпейтін шабуылы, ұйықтамай әрі нәр татпай өткізген ұзақ сағаттар мен күндер — Брест батырларын мойыта алған емес. Қазақстандық ерлеріміз К. Семенченко, Р. Хабибуллин, И. Ледовских, А. Байжігітов, Ғ. Жұматов, В. Фурсовтың көрсеткен ерлігі мен теңдесі жоқ табандылығы олардың әскери достарының мәңгі есінде екені, бұл туралы талай әдеби шығармалар дүниеге келгені де белгілі.

Сол күндерде біздің елімізде жерлестеріміздің ерлігі аңызға айналып жататын. Олардың есімдері ауыздан түспейтін. Жүздеген мың қазақстандықтар майданға өздерін жіберуді талап етіп, әскери комиссариаттарға күнде келетін.

Сол кезде республика бүкіл елдің әскерге шақыру орталығына айналды десек, артық айтқандық болмас. Қазақстанда ондаған дивизиялар мен бригадалар, жекелеген бөлімдер құрылғаны белгілі. Олар барлық майдандарда шайқасып, жеңілістің ащы дәмін де, жеңіс қуанышын да татты.

Әскери даңққа бөленген 8-ші, 27-ші, 73-ші гвардиялық, 151-ші, 387-ші атқыштар дивизиялары, 100-ші атқыштар бригадасы деген атаулар астарында ардагерлер үшін талай сырлар жатқанын да білемін...

Әрине, 28 панфиловшы-гвардияшылардың аңызға айналған ерлігінің жөні мүлдем белек. Олардың батырлығы туралы көп айтылды да, жазылды да, сондықтан мен бұған өзгеше жаңалық қоса қоймаспын. Дегенмен, мына бір сәтті атап өткім келеді.

Жерлесіміз Василий Клочков айтқан «Россия кең байтақ, бірақ шегінетін жер жоқ: артымызда — Москва!» деген сөзі бүкіл дүниежүзіне тарап кетті. Бірақ жұрттың бәрі, әсіресе жастар саяси жетекшінің әскери адам болмағанын біле бере ме екен?.. Соғысқа дейін ол Алматының қоғамдық тамақтандыру саласында жұмыс істеген. Бұдан мен біздің майдангер ұрпақтың ерекшелігін көремін. Колхозшылар, жұмысшылар, есепшілер, журналистер – сан алуан бейбіт мамандық өкілдері ержүрек те табанды жауынгерге айналып, адам рухы ұлылығының, әскери талант пен жауынгер ерлігінің жарқын үлгісін көрсетті. Мұны түсіндіру әрі оңай, әрі қиын:

олар жеңілмейтіндей көрінген жауға қарсы Отанға деген сүйіспеншілікті, ол үшін өмір сүруге және қасық қаны қалғанша шайқасуға әзір екендіктерін көрсете білді.

Ал майданда біздің әйелдер талай қиындықтарды бастан кешті! Қазір қолдан келместей көрінгенімен, бірақ сол кездері нәзік жанды әйелдер кез келген батырдың өзін қайыстыратын жүк көтерді. Олар өздеріне ешқандай жеңілдікті талап етпестен, қашанда жауынгерлермен бір сапта тұрды. Тіптен, дәл осы әйелдердің бірге болуы жауынгерлерді рухтандырып, оларға күш-қуат бергені де анық. Осы ержүрек әйелдердің көпшілігі қазір біздің арамызда. Мен оларға өзімнің құттықтау сөзім мен ең ізгі тілектерімді арнаймын.

Біз тек майданда ғана емес, сонымен қатар жау тылында да ерлікпен соғысқандарды ризашылықпен еске аламыз. 3 мыңнан астам жерлесіміз Ресейде, Украинада, Белоруссияда, Югославияда партизан бола жүріп, фашистерді талқандауға қатысты, қарсыласу қозғалысы сапында батырлықпен шайқасты.

Біздің бүгінгі жастарымыз Отанға адалдық пен оны қорғауға әзір болуы жөнінен бабаларынан және аталарынан өнеге алса игі. Мен біздің жас Қарулы Күштеріміздің жауынгерлері сіздердің, қымбатты ардагерлер, лайықты ізбасарларыңыз болуын, олардың неміс басқыншыларымен шайқаста өздерін мәңгі даңққа бөлеген батырларымыздың әрқайсысын да танып-білгенін қалар едім. Олар үшін аты аңызға айналған адамдар — екі мәрте Кеңес Одағының Батырлары Т. Бигелдинов, Л. Беда, С. Луганский, И. Павлов және Кеңес Одағының Батырлары Н. Әбдіров, М. Мәметова, Ә. Молдағұлова, И. Янов, А. Сухамбаев, Б. Момышұлы және көптеген басқа да адамдар тек тарихи бейне ғана емес, ерліктің жанды үлгісі болсын.

Олар антқа адалдықты жуырда республиканың жоғары айырым белгілері — «Халық қаһарманы» атағына ие болып, Алтын Жұлдыз белгісін алған қазір көзі тірі және осы залда отырған жауынгерлер Қ. Қайсеновтен, А. Кулаковтан, М. Тайыповтан және басқа соғысқа қатысқан қазақстандықтардан үйренсін.

Бізде басылып шыққан Қазақстанның Зерде кітабы майдангерлерге, соғысқа қатысушыларға деген өз құрметімізді сақтайтындығымыздың жарқын дәлелі. Онда жинақталған құжаттарды оқып отырғанда өзіңе мынадай ой келеді: біздің жерлестеріміздің сүйектері қандай қалалар мен елді мекендерде, әсіресе кәдімгі далаларда қалмады десеңізші. Сталинград пен Псков, Харьков пен Мәскеу облысы, Балтық жағалауы мен Польша, Словакия мен Югославия, Германия мен Франция... Иә, соғыс Қазақстан арқылы гитлершіл танкілердің шынжыр табандарымен өткен жоқ, бірақ мұнда да бұл соғыс өзіндік қайғылы іздерін қалдырмаған қала, поселке немесе ауыл жоқ.

Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!

Біз сол сұрапыл жылдардағы тылдағы жағдайды да ұмытпауымыз керек. Қазақстаннан талай мыңдаған жұмысшылар мен шаруалар майданға кетті. Олардың орнына шексіз қиын, ұйқы-күлкісіз, ас-сусыз еңбек вахтасына әйелдер мен балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер тұрды. Кейіннен оларға елдің жау басып алған жерлерінен қоныс аударғандар көмекке келді. Көшірілген кәсіпорындар іске қосылды. Бірақ олардың өздері де кадр тапшылығынан қиындық керген болатын. Оның үстіне ауылда мүлдем қиын жағдай қалыптасты: әр отбасының басшысы майданда болатын. Техника да, сенімді серік – жылқы да болған жоқ. Алайда, сол жылдардың шежіресімен танысқанда, тіптен оларды өз естеліктеріңмен салыстырып көргенде талай ғажайып істерге кез жеткізесің!

Ол кезде адамдар 12–14 сағаттан жұмыс істейтін. «Бір минут ішінде сен соғысқа дейін бір сағатта істегеніңді істеуге тиістісің!», — деген ұран болды және ол бұлжытпай орындалатын. Әрине, тәртіп те қатал болды, еріксіз жұмыс істету де кездесетін. Бірақ адамдар ешқандай қысым көрсетусіз-ақ ұйымшылдықтың асқақ үлгісін көрсетті.

Осындай қысқа мерзім ішінде Қазақстанның түсті металлургия саласында да ондаған рудниктер, шахталар мен байыту фабрикалары, Өскемен және Текелі қорғасын-мырыш комбинаттарының бірінші кезектері ашылды. Содан кейін Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, Теміртаудағы металлургия зауыты, Гурьев мұнай айдау зауыты іске қосылды. Кенді Алтай өнімдері, Шымкент пен Лениногор қорғасыны, Балқаш мысы, Ақтөбе ферроқорытпалары мен хромиттері, Қарағанды көмірі, Ембі мұнайы — осылардың бәрі майдан қажеті үшін тоқтаусыз жөнелтіліп жатты.

Ауыл шаруашылық өндірісінен мысал келтірейін. Қазақстанда жұмыс қолының жетіспеушілігі аса қиын болып тұрған қаһарлы 41-ші жылы соғыс алдындағы 1940 жылғыдан бір млн. гектардан астам артық егіс алаңынан егін жиналды. Бұған республика соғыс жылдары мемлекетке 5 млн. тоннаға жуық тауарлы астықты, 200 мың тоннадан астам картоп, 2 млн. тоннаға жуық қант қызылшасын, басқа да көптеген аса маңызды өнімдер бергенін қоса кетейін. Егер соғыс кезіндегі және бүгінгі әлеуетті салыстырсақ, сондай-ақ, адамдардың іс жүзінде тыңды игергенін ескерсек, тіпті таң қаласың: бұл қалай мүмкін болған? Мұның өзі ақиқат деректер ғой.

Қазақстандықтар бастан кешкен сол жылдардағы оқиғалардың аса зор изгілікті сипаты бар. Біздің республика Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан басқа да республикалардан келген, баспаналары өртеп жіберілген немесе қиратылған, туған ошағының күлінен аулақ жерден баспана іздеуге мәжбүр болған миллиондаған адамдардың туған үйіне айналды. Сұрапыл соғыс жылдарындағы қазақ халқы оларды қалай қарсы алып, шын жүректен қонақжайлылық көрсеткенін, тек қарсы алып қана қоймай, босқындармен өз баспанасын да, қолындағы нанын да бөліскенін олардың ұмытпағанына мен талай рет көз жеткіздім.

Әсіресе көшірілген балаларға деген қамқорлық ерекше жан тебірентеді. Тек соғыстың алғашқы жылы ғана көптеген қазақ отбасылары бір жарым мыңнан астам жетімді бауырына басты. Олардың көпшілігі қазір біздің отандастарымыз, бізбен бірге еңбек етіп жүр және өздерінің Отанына айналған Қазақстанның ертеңін де бізбен бірге құрып жатыр.

Тарих шындығы Қазақстанға күштеп жер аударылған халықтардың өкілдері туралы, айдалып келгендер мен еңбек армиясында болғандар туралы айтуды да талап етеді. Аса ауыр қиындықтарға қарамастан, Қазақстан тұрғындарының жылы шырай танытуы мен меймандостығы арқасында олар осында тамыр жайып, өздерінің ерен еңбегі арқылы Жеңіске көп үлес қосты.

Ұлы Отан соғысы жылдары одақтас республикалардың ғылым және мәдениет саласындағы төтенше жемісті байланыстарымен ерекшеленеді. Ол кезде еліміздің зиялы қауымы Жеңіс үшін қазақстандықтармен бірге жемісті де өнімді түрде қоянқолтық еңбек етіп жүрген аса ірі қайраткерлермен толықтырылған болатын.

Ең алдымен, сол кезде біздің отандық ғылым да өзі туралы бар дауыспен мәлімдегенін атап өткім келеді. Қаныш Сәтбаев нағыз ғалымның ерлігін жасады, мүмкін ол сіздердің де көпшілігіңіздің өміріңізді құтқарып қалған шығар. Ол Орталық Қазақстанда марганец рудалары кенішін ашуға және оларды өндірістік тұрғыдан өңдеуге қатысты.

Мұның майдан үшін баға жеткісіз маңызы болды, өйткені, ол кезде бірден-бір жұмыс істеп тұрған Украинадағы марганец кен орнын жау басып алған еді.

Жалпы айтқанда, армия жауды техникамен және 4/5 Қазақстан қорғасыны, 2/5 — мысы, 2/3 — молибдені құрағаң оқ-дәрімен қиратып жатты.

Соғыс жылдары Қазақстан ғылымы өкілдерінің қатарына академиктер Н. Цицин, А. Григорьев, М. Заводовский сияқты Ресейдің ірі ғалымдары қосылды. Сол кездері Алматыда аса көрнекті ғалым, КСРО Ғылым академиясының президенті В. Комаров еңбек етті. Ол ез қызметін әскери проблемаларға арнады. Айтқандай, ол бір кездері қазақстандық ғалымдармен бірге жүргізілген республика ресурстарын қорғаныс қажетіне жұмылдыру жөніндегі жұмыс таяудағы уақыт ішінде-ақ жақсы нәтижелер беретіндігін және тек жауды талқандауға ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениетінің бұрынғыдан да дами түсуіне жағдай жасайтындығын айтқан еді. Бұл көрегендік сөз болды.

Жеңіске мәдениет және біздің барлық республикаларға ортақ рухани құндылықтарымыз да зор үлес қосты. Оның үстіне, бұл өзара байыту процесіне айналды. Жамбыл атамыздың дауысы мен оның аңызға айналған «Ленинградтық өрендерім» атты толғауы бүкіл елге тарады, Алматыда орталық біріккен киностудияның күшімен «Екі жауынгер», «Майдан», «Ол Отанын қорғайды», «Күт мені», «Ауа тасушы», тағы басқа тамаша фильмдер түсірілді. Олар миллиондаған адамдардың азаматтық қалыптасуына, керек десеңіз, Жеңіске жетуге үлкен ықпалын тигізді.

Біздің астанамызда С. Эйзенштейн, В. Пудовкин, А. Толстой, С. Маршак, К. Паустовский, Л. Орлова, С. Прокофьев, В. Луговской, тағы басқа әдебиет және өнер қайраткерлері жұмыс істеп, шығармашылықпен айналысты. Олар ұлттық кадрларды даярлауда көп еңбек сіңірді, біздің мәдениетімізді жоғары бағалап, қазақ халқының дәстүрлері мен тіліне зор құрметпен қарады.

Қазақстанның Ұлы Отан соғысына қатысуының көп қырлылығы, ал қазақстандықтардың жеңіске қосқан үлесінің молдығы соншалық, бұл тақырыптың барлық қыр-сырын бір баяндамада қамтып айту мүлде мүмкін емес екенін атап көрсеткім келеді.

Жаудың әскери жоспарларын біздің барлық халықтарымыздың достығы күйретті деп толық сеніммен айтуға болады. Өзі Жеңіске жетемін деп ойлағанда, Гитлер соғыс басталысымен біздің елімізде ұлтаралық жанжалдар басталады деп есептеген болатын. Фашистердің нақ осы мақсатпен Қазақстанның батысына десант тастап, оның масқаралықпен жер құшқанын да екінің бірі біле бермейді. Ал сол жердің тұрғыны Байтуған Бектұралиев Иван Сусанниннің ерлігін қайталады. Диверсанттар өздерінің тобын алдап, басқа жаққа бұрып әкеткенін білгеннен кейін батырды өлтірді.

Халықтар достығы, олардың өзара көмегі қиындықты жеңудің ең сенімді құралы, бұл мәңгілік ақиқат!

Өткенді естен шығармай, болашақтың қамын ойлайық

Тарихтың тағылымы біздерге өткен жолымызды бағалау үшін ғана емес, сонымен бірге болашаққа қарай ілгері басатын сенімді бағыт-бағдарды таңдап алу үшін де қажет.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс адамдардың орасан зор рухани өрлеуін туғызып, республика халық шаруашылығының, ғылымының, мәдениетінің сипатын өзгертті. Осы жарты ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси да-

муына кең ауқымды түрде үңіліп қарайтын болсақ, онда біз орасан зор қайғы-қасірет әкелген соғыстың, сонымен бірге одақтас республикалар үшін мүлде жаңа процестер туғызып, көптеген халықтардың тағдырын күрт өзгерткенін де көреміз.

Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстан бүкіл елімізбен бірге, баршамен ортақ тіршілік кешті: соғыстан қираған шаруашылықты қалпына келтіріп, тұрғын үйлер, мектептер мен ауруханалар салды, тың көтерді. Сейтіп, өмір енді қалпына келіп, көп күттірген жаппай өркендеудің дәуірі басталатын сияқты көрінген-ді. Бірақ, біздің көшбасшыларымыз өздерінің саяси және экономикалық дүниетанымына ешкімді қарсы келтірмейтін, өз білгенінен жазбайтын қайраткерлеріміз мемлекетімізді тарихи тұйыққа әкеліп тірейді деп ол кезде ешкім де ойламапты. Олар бүкіл әлем ғылыми-техникалық прогрестің жаңа деңгейіне көшіп жатқанын дер кезінде аңғармады, өзгеріп жатқан дүниеге де ермеді, керісінше, елді темір шымылдықтың тасасында ұстады. Мұнда біздің талантты халқымыздың ешқандай кінәсі жоқ.

Соның салдарынан біз өзімізге лайықтыға ие болып қалдық: жеке басқа табынушылық жүгенсіздіктің дәуірімен алмасты, ал мұның өзі бірте-бірте тұралап қалу мен тоқырауға ұласты. Өз кезегінде мұның орнына қайта құру келді. Ол қолына билік ұстағандардың әкімшіл-әміршіл жүйе ғимаратының шытынаған маңдайшасын ақтап-сырлаумен шектелген дәрменсіз әрекет жасауымен адамдардың есінде калды. 1985 жылғы сәуір самалы әкелген өзгерістер 90-шы жылдардың басында басқарып болмайтын боранға айналды. Ол тозығы жеткен саяси және экономикалық жүйені жолдан ысырып тастап, бір кездегі ұлы мемлекетті де таратып тынды, мыңдаған, миллиондаған адамдардың тағдырын тас-талқан етті.

Бір кездері жабық болып келген құжаттардан мысал келтірейін. Жайма-шуақ статистика жайсыз фактілерді жасырып келген: бізде елуінші жылдардан бастап жалпыұлттық өнімнің өсу қарқыны бұрынғы Кеңес Одағында үздіксіз төмендей бастады. Халқының бестен бірі ауыл шаруашылығымен айналысатын ел өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ете алмады.

Серіппе бойынша айнала қозғалып, біз іс жүзінде жоғары емес, төмен қарай жылжи бергенбіз. Ал біздің көсемдеріміздің «адамдардың қазіргі ұрпағы коммунизмде өмір сүреді» деген жалынды уәделері өзін-өзі алдарқату, тәтті ертегіге тамсанудан басқа ештеңе емес болатын. Біздің көсемдеріміз құлдыраудың басталуы мен тоқырауға бет алуымызды дер кезінде байқағанда, біздің бүгінгі ортақ тағдырымыз басқаша болар ма еді. Бірақ мұндай оқиға болған жоқ — билік жүргізіп тұрған, бірақ тарихи тұрғыдан құрып бітуге тиісті жүйе, сол кездегі басшылардың өздерінің жеке ерекшеліктері бұған мүмкіндік берген жоқ. Бұл туралы есту сіздерге жайлы тимейтіндігін білемін. Маған да бұл туралы айту ауыр соғып тұр. Бірақ реформалардың қажеттігіне, біздің еліміз үшін осынау ауыр болса да керекті қажеттілікке адамдарды сендіру үшін шындықты айтуға міндеттімін. Бұл жолдың ақырына дейін баршаға түсініксіз екенін білемін. Қазақстанды дағдарыстан алып шығатынымызға мен сенемін.

Мен мұны тарихтан тағылым алып, тиісті қорытындылар жасау үшін айтып тұрмын. Басқаша жағдайда қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық берекесіздіктің шырмауында мәңгі титықтап қала бермекпіз.

Қазір бізде айқын бағыт қалыптасты, қазақстандықтар оған адалдығын осыдан 10 күн бұрын еткен референдумның барысында білдірді. Өз атыма мыңдаған жеделхаттар қабылдаған мен бұл бағытта аға ұрпақтардың да қолдайтындығын түсіндім. Сіздерге осы ұлы сенімдеріңіз үшін рахмет!

Референдум адамдарды жақындата түсті. Әңгіме басты қазыналар: татулық, достық, бейбітшілік пен гүлдену туралы болған кезде — олардың бірауыздылығын көрсетті. Бүкілхалықтық қолдау барлық қазақстандықтардың тағдырына жауапкершіліктің ауыр жүгін маған тапсырды. Қазақстанның барлық халқына рахмет, қолдағандарыңыз үшін ардагерлер — сіздерге де рахмет. Қадірлі отандастар, сіздердің үміттеріңізді өшірмеу үшін қолымнан келгеннің бәрін істеймін.

Экономикалық реформалар жолында

Қадірлі жиналысқа қатысушылар, ең алдымен біздің экономиканы реформалау жөніндегі жұмысты жалғастыруымыз қажет. Соңғы жылдары сіздердің иықтарыңызға қандай ауыр салмақ түскенін жақсы білемін. Экономикалық дағдарыстың тегеуріні қазақстандық отбасыларына ауыр тиіп, олардың бюджеттері мен көп жылдан бері еңбекпен жинағандарынан айырды.

Дағдарыстың сіздерге, майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне тигізер келеңсіз әсерін бәсеңдетуге тырысқанымызды айтуға тиістімін. Қазақстандағыдай ардагерлерге берілген жеңілдіктер бұрынғы одақтың бірде-бір республикасында жасалмағанын жауапкершілікпен мәлімдеймін.

Сондай-ақ елдегі экономикалық ахуал тұрақтаған сайын, біз бұдан былай да ең алдымен соғыс ардагерлерінің жағдайын түзету үшін бәрін істейтін боламыз. Халықтың барлық әлеуметтік әлсіз жіктерін нақты қолдауды күшейтеміз, нарықтық процестердің барысына белсене атсалыса алмайтындарға көмек береміз.

Экономика проблемаларына қайта орала келіп, бірқалыпты қатаң қаржы саясатын жүргізу нәтижесінде жаппай басып кеткен инфляциялық процестерді ауыздықтауға, ұлттық валютаның салыстырмалы тұрақты нарқына қол жеткенін атап өтпекпін. Іс жүзінде өтімді валютаға айналған теңге отандық және шетелдік тауар өндірушілер арасындағы ескі шаруашылық байланыстарды нығайтуға көмектесті. Үстіміздегі жылдың басы индустрияда өндірістің құлдырауының баяулауымен атап өтілді, республикада құрылып жатқан шаруа, фермер қожалықтарына немесе ұжымдық шаруашылықтарға жер барған сайын көптеп бөлінуде.

Сіздерді, соғысқа қатысқандар мен тыл еңбеккерлерін, бүкіл қазақстандықтар сияқты, бәрінен бұрын, ең таяу болашақта — бүгін, ертең және осы жылдың өзінде қандай өзгерістер күтіп тұрғаны толғандыратынын білемін.

Үкіметтің алдына осы жылдың соңына қарай өндірістің құлдырауын тоқтатып, экономикалық өсуге жағдай жасау міндеті қойылды. Бұл макроэкономикалық тұрақтылықты ұстаудың, өтем сұранысын арттырудың, инвестициялық қызметті жандандырудың есебінен мүмкін болмақ.

Үкімет қаржы-бюджет және ақша-несие жөнінде біркелкі қатаң саясат жүргізуді жалғастырып, сыртқы экономикалық қызметті ырықсыздандыру, меншікке көзқарас пен оның формаларын реформалау және нарықтық инфрақұрылымды қалыптастыру, қаржы және валюта бақылауын күшейту бағытын жүзеге асыратын болады.

Үстіміздегі жылы инвестициялық саясаттың басты мақсаты тіршілікті қамтамасыз етудің — электр энергетикасын, көлік пен байланысты, ауыл- шаруашылық өнімдерін ұқсатуды, сондай-ақ құрылысы тұрғысынан дайындылығы 80–85%-дан кем емес, басымдық берілетін объектілерді аяқтау болатынын атап өткім келеді.

Кәсіпорындарды реформалаудың белгіленіп отырған бағдарламасы тиімділігі аз және шығынмен жұмыс істейтін өндірістерді сауықтыруға және олардың банкрот

болуының сөзсіз шараларына байланысты. Олар, өздеріңіз де түсінесіздер, бюджеттен орасан зор қаржыны жалмап жатыр.

Қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайтайық

«Армия дегеніміз — қоғамның тірегі» деген белгілі мәтелді еске ала тұрып, бүгінде біздің қоғамымыз бұдан 50 жыл бұрын Еуропаны фашизмнен азат өткен көп ұлтты армиямен біте қайнасқан қорытпа деуге болады.

Шынында да, Қазақстанда қазақтардан басқа алапат індетті тоқтатқан бұрынғы одақтың барлық халықтарының дерлік өкілдері өмір сүріп, еңбек етуде. Біздің жиналыстың өзін алайықшы: осы залда самайын қырау шалған ардагерлердің арасында қазақтар мен орыстар, украиндар мен татарлар, ұйғырлар мен поляктар, беларусьтар мен немістер, басқа да көптеген ұлттардың адамдары отыр.

Осының бәрі біздің көпұлтты елде тұратындығымызды тағы да еске салады дегім келеді. Ал халқының құрамы осындай мемлекеттің шешуге тиісті негізгі проблемасы азаматтық тыныштық пен көпұлтты татулықты сақтау проблемасы болып табылатынын әлемдік даму тәжірибесі тағылым етуде.

Өткен соғыстың қорытындылары туралы айтқанда оған кінәлі фашизм болғанын еске салып өтуге тиіспіз. Германияда саяси авантюристер тобыры өкімет басына келіп, халыққа жер бетіндегі жұмаққа дереу кенелтеміз деп уәде берді. Билік басына келгеннен соң олар өз халқын соғыстың от-жалынына тастап, басқа халықтарды қисапсыз азапқа ұшыратты. Бұл авантюра күйреумен тынды. Адамға қас саясат қашанда осылай аяқталады.

Фашизм шовинизмнен, ұлтшылдықтан басталады. «Өз халқымды сүйемін, басқа халықтар ұнамайды» деген жалған патриотизмнен басталады. Бүгінгі таңда осындай саясат жүргізіп отырғандарға қатаң бағасын беріп келеміз бе? Ондай баға жеткіліксіз беріліп отыр деп ойлаймын. Ұлтаралық араздықты қоздырушыларға, ол қандай түрде көрінсе де, біз «жоқ» деуге тиіспіз.

Әйтсе де ұлтаралық тұрақтылықтың айқындаушы шарты — әртүрлі ұлыстардың шыдамдылық танытуға, бірін-бірі тыңдауға, осынау ұлы мақсат жолында өзара ымыраластыққа деген ниеті және соған әзір болуы. Кез келген, тіпті ең керемет деген идеялардың өзі, егер оларды жүзеге асыру үшін адам қанын, көз жасы мен тақсіретін талап етсе, көк тиындық құны болмайтынына сеніңіздер.

Біз адамдардың өз ұлттық мәдени қайнарларынан сусындауына, балалары мен немерелерін өз халықтарының сан ғасырлық дәстүрлері рухында тәрбиелеуіне ұмтылысын барынша қолдаймыз. Бірақ біз қандай бүркеншікке оранса да, жікшілдік пен ұлтшыл-шовинизмнің кез келген көріністеріне тойтарыс беріп келдік және тойтарыс береміз. Қазақстан ұлтаралық араздықтың майданына ешқашан да айналмауға тиіс. Біз бұған жол бермейміз.

Құрметті ардагерлер — майдангерлер мен тыл еңбеккерлері! Бізде жүргізіліп жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды, бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді сақтау бағытын сіздердің қолдап отырғандарыңызды мен қалтқысыз ризалықпен қабылдаймын. Майдангерлер өсиет еткен және Қазақстанның Зерде кітабында айтылған мына сөздер маған сенімді тірек бола алады: «Біздің халықтарымыздың достығы дегеніміз — тарихи тағдыр. Бұл туралы біздің жиі ойланып, оған үңіліп сонымен өмір сүруіміз керек. Ал қандай да бір жалған сылтау бойынша жанып тұрған отқа шыдамсыздық пен дұшпандықтың тамызығын тастамауға тиіспіз. Біз, бұрынғы майдангерлер, бұдан жарты ғасыр

бұрын Рейхстаг төбесіне Жеңіс туын тігіп, Отанды фашистік құлдықтан құтқарғанда мұндай өмірді мақсат еткен емеспіз».

Дұрыс сөз, сондықтан да мен осы үшін зор алғыс айтамын.

Соғыссыз және зорлықсыз дүние үшін

Жуырда бұдан жарты ғасыр бұрын дәл осындай мамыр күндерінде түсірілген кинохроника кадрларын — Мәскеудегі Қызыл алаңды, Вашингтондағы Ақ үй жанындағы көшелер мен Нью-Йорктегі Таймс-сквердi, Париждегі Салтанат қақпасы мен саябақтарды, Лондондағы Уайтхоллдың алдындағы алаң мен Букингем сарайын қайтадан қарап шығуыма тура келді. Киноархивтер Еуропаның, біздің одақтас республикаларымыздың басқа астаналары мен қалаларында, оның ішінде Алматыда түсірілген кадрларды да бізге дейін жеткізді. Тіпті ақ-қара кинолентаның өзі де қуаныштың, баршаға ортақ шаттықтың көрінісін байқатады. Ерiксiзден мынадай ойға келдім: осынау алуан түрлі адамдар біріне-бірі қалай ұқсайды десеңізші! Шынында да солай болды ғой: олар біріне-бірі өте ұқсайды, себебі, оларды бастарынан бірге кешкен қасіреттер мен қуаныштар біріктіріп, Жеңістен соң зорлықсыз және дұшпандықсыз жаңа дүние құру мұраты жүздерін жайнатып тұр. Бірақ жеңімпаздардың армандары мен көңіл-күйлеріне қайшы олар ойлағандай болмады.

Кешегі одақтастар тағы да жаңа сипаттағы — «қырғи-қабақ» соғыстағы дұшпандарға айналды. Жүгенсіз кеткен жанталаса қарулану, өзара қаралап, кінә тағу және жала жабу науқаны басталды, «Социалистік және капиталистік лагерьлер» дейтіндер арасындағы ықпал ету аумақтары жолындағы зорлық-зомбылық толқындары тұтас құрлықтарды шарпыды. Жинақталған ядролық қару-жарақ адамзатты жойып жіберудің сұмдық қатерін туғызды.

Тарихтың талқысы бойынша біз қазір ғана, жарты ғасыр өткеннен кейін бастан кешкен тақсіреттен тағылым алып, 1945 жылы алға қойылған — дүние қандай болуға тиіс? — деген сұраққа жауап беруге бір мезгілде мүмкіндік алдық. Сөйтіп біз жеңімпаздардың арманын енді ғана нақты жүзеге асырып, жаңа қауіпсіз және демократиялық әлемдік тәртіп орната аламыз.

Біз бүгінгі ақиқат шындықпен де байланыстымыз. Ащы шындық мынада, «қырғи-қабақ соғыстан» кейін де бұрынғы Кеңес империясының аумағында, Шығыс Еуропада, планетаның басқа да түкпірлерінде жанжалдар жалғаса түсуде. Шағын соғыстардың алыста немесе жақында болғанына қарамастан, қазіргі ешқандай мемлекет одан тысқары қала алмайды. Соғыс атаулының бәрі қаза тапқандар үшін, күйзелістер үшін, аналардың қайғысы үшін біздің жүрегімізді қатты ауыртады. Біз осыдан дәл бірнеше апта бұрын тәжік-ауған шекарасында ерлікпен қаза тапқан еліміздің ұлдарын жерледік, XX ғасырдың аяғында мұндай болуға тиіс емес.

Сондықтан өзара қатынастардың жан-жақты қамтитын жаңа құрылымдарын дүниеге әкелудің ортақ міндеті аса көкейтесті. Халықаралық қауіпсіздік пен прогрестің ғимараты осы іргетасқа орнатылуға тиіс.

Қазақстанның қазір өзінің ізгі ниетін білдіріп отырғанының терең бейнелік мәні бар: 1991 жылы Президенттің алғашқы Жарлықтарының бірімен біржақты тұрғыда жабылған Семей ядролық полигонының үні өшкен. Бұрынғы ядролық қаруды жою жөніндегі жұмыстар барынша қарқынды жүргізілуде. Мен ядролық сынақпен өткен алғашқы жарты ғасырды әлем тарихында соңғы етіп қалдыруға әбден болады деп есептеймін.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде біздің бастамамыз бойынша қабылданған барлық шешімдер бейбітшілік пен ымыраға жетуге бағытталған. Атап айтқанда, мемлекеттер басшыларының соңғы — Алматы кездесуінде біз ұсынған ТМД-дағы Бейбітшілік пен тұрақтылық туралы меморандум қабылданған болатын.

Еуропадағы соғыс бұдан 50 жыл бұрын күркіреп өтті. Бірақ, қаттырақ айтсақ, ол Шығыс Еуропадан соңғы кеңес солдаты әкетілгеннен кейін де, «социалистік лагерьдің» елдері мен Балтық жағалауы мемлекеттері нағыз тәуелсіздік алғаннан кейін де, аяқталған жоқ. Өйткені, ол жақтан да, бұл жақтан да, «қырғи-қабақ» соғысты өршіткені үшін кінәсін мойнына алған жауапкершілік сөздері естілген жоқ.

Біз құғын-сүргінге ұшыраған және қоныс аударылған кеңес халықтарының, ГУЛАГ-тың жүз мыңдаған тұтқындарының алдында да қарыздармыз. Иә, Кеңес одағы ыдырады және бұл үшін ешкімнен жауап талап етуге келмейтін сияқты. Алайда, Кеңес одағынан кейінгі мемлекеттер - бұрынғы кеңестік республикалар қалды ғой. Әлем олардан күнәдан арылу сөздерін күтуде.

Осы мінберден мен, болары болған, мүмкін, әлемдік дамуды тежеген тақсіретке, көптеген адамдардың тағдырын тәлкек еткен озбырлыққа Қазақстанның қатты өкінетінін, сондықтан ашық та адал диалогқа әзір мемлекеттердің бәріне достық қолын ұсынатынын ресми түрде мәлімдеймін. Біздің еліміздің өткендегі тоталитарлық кезеңге оралудың болмашы мүмкіндіктерінің өзін жою үшін, бұдан былай Жер шары «қырғи-қабақ» немесе «алаулаған» соғыстарды білмеуі үшін өзіне байланыстының бәрін істеуге ұмтылатынына уәде етемін.

Мен жаңа ғана Англия, Франция және Ресей сапарынан оралдым, онда Жеңісті мерекелеуге шақырылған болатынмын. Лондондағы, Париждегі, Мәскеудегі мерекелік шараларға шамамен 80 мемлекеттің басшылары және әлемдегі көптеген елдердің ардагерлер делегациялары қатысты. Англияның Премьер-министрі Дж. Мейджормен, Францияның Президенті Ф. Миттеранмен, Ж. Ширакпен, АҚШ-тың вице-президенті А. Гормен, ГФР канцлері Г. Кольмен, Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен және басқалармен арадағы кездесулерім мен әңгімелерім осы басшылардың Қазақстанға деген ізгілікті көзқарастары мен сенімдерін тағы да қуаттап берді. Қазақстандағы өкімет билігінің тұрақтылығы біздің елімізге батыл түрде капитал қосу ниетін тудыруда. Құрметті майдангерлер — сіздерге, Қазақстанның барлық азаматтарына біздің халықтарымыздың гүлденіп дамуы жолындағы жемісті де бейбіт ынтымақтастыққа деген құттықтаулар мен шын жүректен жолдаған тілектерді мен зор қанағатпен жеткізіп тұрмын.

Сөзімді аяқтай келе, қазақстандық жас ұрпаққа тілек бідіргім келеді. Сайып келгенде, жігіттер мен қыздар, дәл сіздердің бақыттарыңыз үшін, осынау жер бетінде өмір сүрудің мүмкіндігі үшін әкелер мен аталарымыз өлім мен өмірдің белдесуінде жауды талқандады. Ұрыстар арасындағы дамылдау сәттерінде оларға елестеген арманның бәрі соғыстан соңғы өмірде орындала қойған жоқ.

Бірақ қазір бір кезде ардагерлер бастаған істі жалғастыру, бейнелеп айтқанда, қуаныш пен бақыт мұнарасын тұрғызу мүмкіндігі бізде бар. Сондықтан мен оның Вавилон мұнарасы сияқты жалған емес, кез келген дауылға төтеп беріп, сан ғасырлар бойы сыр бермеуін өте-мөте қалаймын, ал мұның өзі көп ретте сіздерге, жастарға, сіздердің қоғамымызды қайта жаңғырту ісіне деген ниеттеріңіз бен қабілеттеріңізге байланысты. Сіздер маған одақтас болады деп, сіздердің күш-қайраттарыңызға, бастамаларыңыз бен оптимизміңізге сүйене аламын деп сенемін.

Қымбатты біздің ардагерлер, біздің әкелеріміз бен аталарымыз!

Уақыт қайырылмайды, ал сіздердің қатарларыңыз сиреп барады. Тарих алдында ұлы еңбек сіңірген адамдар, өз мұраттарына деген қастерлі сенімін өмір бойы сақтап өткен — бір жағынан бақытты, бір жағынан тақсіретті, тағдырлы адамдар кетіп жатыр. Бақытты дейтінім — олар рухани кіршіксіз, мақсаткер адамдар болды. Қажыр-қайраты мен жігерін, өмірге деген сенімін мұқалтпады. Сіздердің ұрпағыңыз — фашизм мен сұмдық шаруашылық күйреуін жеңіп шыққан қайсарлар ұрпағы. Бірақ ол қасіретті де ұрпақ, өйткені, олар өздерінің бұрынғы мұраттары мен бұрынғы өмір символдарының күйреуін басынан өткізген ұрпақ.

Бірақ, бәлкім, күдіктерді лақтырып тастап, алға қараудың жөні бар шығар? Иә, сіздердің өмірлеріңіз бұрынғы жүйеге сарп етілді. Алайда ол, қару-жарақ ісі мен ғарышта аса жоғары техникалық жетістіктерді паш еткенімен, адамдардың ең қарапайым және күнделікті мұқтаждарын қанағаттандыруға қабілетсіз болып шықты. Соның өзінде адамзатқа белгілі барлық табиғат байлықтары мен жерасты қазыналары жинақталған құрлықтың алтыдан бір бөлігін алып жатты.

Біз өз халқының жұмыскер қолынан басқа ештеңесі — жерасты қазбалары да, үлкен аумағы да жоқ елдерден де кейін қала бердік. Рас, тұрмыс кедей болғанымен, тұрақтылықты, алдағы өмірді болжауға болушы еді. Сондықтан да ол көпшілікті қанағаттандырды. Бірақ әлемдегі ең бай әлеуетті мемлекет үшін мұның өзі масқаралық болатын, сондықтан ұзақ өмір сүре алмады.

Ұлы Отан соғысы миллиондаған адамдардың өмірімен және қанымен жеңіп алынды. Бірақ бұдан кейін социалистік жүйе экономикалық жарыста біржола және қайырылмастай жеңіліске ұшырады, сөйтіп, кешегі жеңімпаздарды қалған әлемнің — жеңілгендердің және мұның алдындағы қарулас әріптестердің көз алдында қорлыққа душар етті. Тоталитарлық тәртіп өз азаматтарын лайықты өмірмен қамтамасыз ете алмады. Сондықтан да жай ғана алғашқы сылтаудан оп-оңай күйреп қалды. Сайып келгенде, шартты түрде айтсақ, үшінші дүниежүзілік соғыс зеңбіректер мен танкілерісіз-ақ жеңіп шықты.

Мұнда сіздердің ешқандай кінәларыңыз жоқ. Бұл ескі жүйенің тарихи дәрменсіздігінен болды. Бұл уақыттың, келмеске кетіп бара жатқан дәуірдің қателіктері еді. Социализм қоғамдық формация ретінде әлем алдына шыға алмады. Қазір біз жаңа мемлекет және жаңа демократиялық қоғам құрып жатырмыз. Оның экономикалық негізі XX ғасырда әлемнің көптеген елдерінде өзінің тиімділігін дәлелдеген әлеуметтік нарықтық шаруашылық болып табылады.

Уақыттың байланысын үзбестен, сіздердің қалауларыңыз бен бастан кешкендеріңізді құрметтей отырып, артта қалған ортақ өткен уақытымыздан пайдалы атаулының бәрін болашақ өмірге жалғастыру арқылы біздің ұрпақ таяу уақытта өзінің тарихи дұрыстығын дәлелдейді деп сенеміз және мұны кәміл дәлелдейміз.

«Жеңіс күні — көзге жас алдырған мереке» деген қанатты сөз тарап жүр. Бірақ мен өз баяндамамды оптимистік үнмен аяқтағым келеді.

Құрметті ардагерлер, мен гүлденген егеменді Қазақстанды өз көздеріңізбен көріп, ұлы соғыстағы өздеріңіздің ұлы Жеңістеріңіздің 60 жылдық мерейтойын атап өтулеріңізді қалаймын!

Сіздердің баршаңызға, сіздердің жақындарыңызға берік денсаулық, бақыт пен игілік тілеймін!

Семей ядролық полигонындағы соңғы ядролық зарядтың жойылуына байланысты Қазақстан азаматтарына үндеуі

Алматы қаласы, 1995 жылдың 26 мамыры

Қымбатты отандастар!

Біздің жерімізде атом қаруын сынау және орналастырумен байланысты Қазақстан тарихындағы ұзақ кезеңге түпкілікті нүкте қойылатын болады: бұрынғы Семей полигонының аумағында соңғы ядролық заряд жойылады.

Ұзақ жылдар бойы көп қасірет шеккен Қазақстан халқы халықаралық атом безгегінің бүкіл ауыртпалығын көтеріп келді. 45 жыл бойына дерлік Семей даласында 459 ядролық жарылыс, соның ішінде ауада 113 жарылыс жасалды. Радиоактивтік сәуле алған жарты миллионнан астам қазақстандықтардың денсаулығы ядролық жанталаса қаруланудың құрбандығына шалынды. Біздің халқымызға келтірілген орасан зор материалдық және моральдық зиянды есептеп шығу мүмкін емес.

Әлбетте, істің мұндай жайы республиканың тұрғындарын да, оның Президентін де қатты толғандырғаны ақиқат. Зардап шеккендердің тән және жан азабы, біздің басымызға төнген өткір семсер қаупі осының бәрін мені ақылға жеңдіруге, өз жүрегімнің үніне құлақ салуға ден қойғызды: 1991 жылы тамызда өз Жарлығыммен Семей ядролық полигонын жапқыздым.

Алайда, «қырғи-қабақ» соғыстың аса қатерлі мұрасы – біздің жерімізде бұрынғы әскери ведомстволары полигон жабылғанға дейін орнатқан соңғы ядролық заряд сақталып келді. Осы қауіптің бар екенін сол кезде Қазақстан және Ресей мамандарының шағын ғана тобы білді. Бірақ соған қарамастан, мен, мемлекет басшысы ретінде оны жоюдың жолдарын үнемі ойластырып келдім. Тіпті, ең соңғы болса да ядролық жарылыс жасаудың қажет емес екендігі тұрғысынан менің тапсырмам бойынша адамдардың және қоршаған ортаның қауіпсіздігі үшін зарядты жоюдың нұсқалары әзірленді. Осының нәтижесінде мамандар оңтайлы шешім қабылдады – зарядты кәдімгі қопарғыш құрылғысының көмегімен жару ұйғарылды. Бұл орайда, ядролық жарылыс болмайды, радиацияның және рентген сәулесінің пайда болу мүмкіндігі толық жойылады. Ядролық заряд мамырдың аяғы — маусымның алғашқы онкүндігінде жойылмақ.

Зарядты бөлшектеу жөнінде жұмыстың бүкіл барысын, мен қатаң қадағалап отырдым. Сөйтіп, бұл күндері осынау бірегей операцияны аяқтау туралы ақпарат үнемі маған келіп түсіп жатты. Ал, Қазақстан әскерилердің және мамандардың іс-қимылдарына қатаң бақылау жасауды қамтамасыз етті.

Құрметті қазақстандықтар!

Бірнеше күндерден кейін ресейлік және қазақстандық мамандардың күш-жігерімен біздің мемлекетіміздің ядролық тарихына соңғы нүкте қойылады. Шынайы тәуелсіздік алғаннан бері біз осы мақсатқа табанды да дәйекті түрде жүріп келдік. 1991 жылғы желтоқсанда қабылданған Алматы декларациясын еске алайықшы. Бұл кезде ядролық қаруы бар республикалар осы қаруға бірлескен бақылау жасау тұтқасын бірден айқындаған болатын. Содан кейін біз Лиссабондағы бес жақты

хаттамаға қол қойдық. Мұнда біз стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын қысқарту және шектеу туралы шартты орындау жөніндегі өзімізге жауапкершілік алдық. 1993 жылы тағы да бір тарихи оқиға болып өтті — Қазақстан ядролық қару-жарақты таратпау жөніндегі шартқа қосылды, міне, сол кезден бастап біз ядролық қаруы жоқ мемлекетке айналдық. Қарусыздану жөніндегі біздің принципті айқындамамызды дүниежүзілік қоғамдастықтың қолдап отырғаны туралы біздің ядролық державалардан алған қауіпсіздік кепілдігі көрсетіп отыр.

Қазақстан өзінің халықаралық міндеттемелеріне әрдайым адал. Биыл сәуірдің аяғында ажал сепкіш соңғы оқтұмсықтар республика аумағынан әкетілді. Енді қазір қазақстандықтар атом жарылысы қаупінен қорықпауына болады.

Ядролық қаруды жоюмен байланысты біздің еліміз бұрынғыдан да едәуір күшті бола түсетініне еш күмән жоқ. Өзіміздің бейбітшілік пен ынтымақтастық саясатына адалдығымызды көрсете келіп, біз туған үйімізге тыныштық пен тұрақтылықтың рухын орнатып қана қоймай, сонымен бірге барлық елдермен тең құқықтық және жемісті сұхбат жүргізу үшін есігімізді айқара аштық, қоғамды реформалауды, демократиялық, өркендеген мемлекет құрудың жолына нық аяқ бастық.

Соғыс өртінің түтіні шалмаған мөлдір таза аспан өздері үшін қасиеті болып табылатын барлық қазақстандықтар мені қолдайтынына берік сенемін. Өйткені, ертеңгі күнге сенімді болудан, тыныш жұмыс істеп, балаларды өсіріп, үйдің шырағын сөндірмеуден асқан бақыт жоқ.

Қымбатты қазақстандықтар!

Біздің еліміз өзімізге берілген тарихи мүмкіндікті барынша толық пайдаланатынына және өркениетті дамудың даңғыл жолына шыға алатынына сенемін. Сіздерге бейбітшілік, игілік, бақыт, жақсылық пен тыныштық тілеймін.

БҰҰ қарусыздану жөніндегі конференциясында сөйлеген сөзі

Швейцария Конфедерациясы, Женева қаласы, 1995 жылдың 8 маусымы

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Қазақстанның қарусыздану жөніндегі конференцияға байқаушы ретінде қабылдануы, мерзімі жағынан бұрынғы Семей ядролық полигонындағы соңғы ядролық зарядты жоюмен тұспа-тұс келуінде зор мағына жатыр. Қазақстанның қарусыздану саласындағы қадамдары дүниежүзілік жетекші мемлекетердің және халықаралық ұйымдардың жоғары бағасына ие болды және ол баршаға белгілі. Оған АҚШ, Ресей Федерациясы, Англия, Қытай және Франция тарапынан қауіпсіздік пен аумақтық біртұтастығы жөнінде кепілдік берілгені де кездейсоқ емес.

Ал менің сессиядағы сөзімнің мақсаты — «қарусыздану және дүниежүзілік қауіпсіздік үдерістерінің жаңа үндеулерін және көзқарасын білу». Немесе, басқаша айтқанда, дүниежүзілік қарусыздану және ғаламдық қауіпсіздік үдерісі бүгінгі таңда, 1990-шы жылдардың ортасында қандай деңгейде екенін аңғару. Және де ғасыр соңына қарай жаңа үндеулерге қандай жауап іздеу керек екенін біліп отыру.

Қарусыздану мақсатының қарусыздану үдерісінен сырт жатқаны да даусыз. Бақшашы тек қана гүл өсірумен айналысса, бұл әлі де жеткілікті емес. Егер ол аспанға қарап отырмаса, дауыл мен бұршақ оны қапы қалдырары сөзсіз.

Сондай-ақ, қарусыздану процесі тиімділігінің өлшемін қоғам мен адамзат осы процестен тысқары саладан — жасампаздық саласы мен даму саласынан енгізген кезде ғана жөн болмақ. Қарусыздану процесінің табысты өтуі біздердің оқтұмсықтар мен ракета ұшырғыштарды, танкілер мен зеңбіректерді қанша пайызға қысқартқанымызбен емес, қайта қарапайым адамдарға арналған игіліктерді өндірудің қаншалықты өскенімен өлшенеді.

Шынайы қауіпсіздік қару-жарақ мөлшері азайған жерде емес, қайта балалар дүниеге көп келетін, оларды аналар көп табатын және олар өз ұрпағының болашағы үшін алаңдамайтын жерде орнамақ. Қарусыздану процесінің табысты болуы ең алдымен халықаралық қауіпсіздік жүйелерімен байланысты және сол жүйелердің тиімділігімен айқындалады. Осыдан 7 жыл бұрын 1988 жылғы мамырда өткен қарусыздану жөніндегі үшінші арнайы сессияда қарусыздану бірнеше қуатты елдердің жеке ерекше жауапкершілігі ғана емес, қайта барлық мемлекеттердің бірлескен ісі деп атап көрсетілген болатын.

Осы идеяны бұдан да кең мағынада таратып айтқан жөн: халықаралық қауіпсіздіктің тиімді ғаламдық жүйесін құру барлық мемлекеттердің бірлескен ісі, ал қарусыздану осындай «бүкіл дүниежүзілік бірлескен істің» түпкілікті нәтижесі болып табылады. Егер қарусызданға осындай көзқарас арқылы келетін болсақ, онда біз бүгінгі таңда бірнеше өте елеулі проблемалардың толғағы жеткенін аңғарамыз.

Бірінші проблема — халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі жүйесі мен қарусыздану процесі қаншалықты тиімді?

Егер халықаралық қауіпсіздіктің сапасы туралы бейбіт халықтың алаңсыздануының объективті көрсеткіші ретінде — босқындардың санына қарай

бағалайтын болсақ, онда дүние жүзінде соңғы 10 жылдың ішінде олардың саны талай жүздеген есе көбейіп кетті.

Егер 1983 жылы дүние жүзінде тұрғындары өз аумағынан қашып шыққан 9 ел, ал босқындар саны 50 мың болса, қазір мұндай мемлекет 31-ге, ал босқындар саны талай миллионға жетіп отыр.

Сонымен, қарусыздану және халықаралық қауіпсіздік процестерінің тиімділігіне баға берген кезде, соңғы ондаған жылдардың ішінде дүниежүзілік жанжал әлеуеті едәуір өсіп, ол бұрынғыдан гөрі шиеленісті болып отырғанын мойындамасқа амал жоқ. Және бүгінгі таңда осы әлеует тек қана ядролық қарулар мен жаппай қырып-жою құралдарының дәстүрлі көрсеткішіне ғана келіп тіреліп отырған жоқ. Ал соңғы ширек ғасырдың ішінде тек соған ғана басты назар аударылып келген болатын.

Шиеленістің өскелең процесін тоқтата алмай отырғанда қазіргі халықаралық қауіпсіздік жүйесін тиімді деп есептеу қиын екені де даусыз.

Қарусыздану және халықаралық қауіпсіздік жүйесін құру процестері соғыстан кейінгі 40 жылдың ішінде өзінің табысы елеулі болғанын көрсетіп отыр. Алайда 1980-ші жылдардың ортасынан бастап біз мүлдем жаңа дүниежүзілік процестерге — ҚСРО-ның ыдырауына, Варшава шарты ұйымының таратылуына және басқа да тенденцияларға куәгер болып отырмыз. Ал мұның орын алуы халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі жүйелерін құру кезінде еске алынбаған болатын.

Сөйтіп, қазіргі халықаралық қауіпсіздік жүйесі мен оның ауқымында жүргізіліп жатқан қарусыздану ісі қайта ой елегінен өткізуді және елеулі түрде жетілдіруді талап ететіні барған сайын айқын болып отыр.

Мұның соңғысына Балқандағы барған сайын өрши түсіп отырған жанжал куә бола алады. Бұл шиеленіс ошағы жалындап жатыр, халықаралық қауіпсіздік ұйымдарының барлық күш-жігеріне қарамастан ол біздің көз алдымызда баяғыда-ақ оқшау шиеленістен аймақтық жанжалға айналды. Оның үстіне таяудағы уақыттың ішінде оның құрлықтық ауқымдағы жанжалға айналып кететін қаупі бар.

Ал осындай жанжал ошағын ең бастапқы кезеңде аймақтық деңгейде басу керек екені әбден айқын болып отыр. Және мұны аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйелерінің күшімен жасау керек. Сонда біз қазір бұрынғы Югославиядан көріп отырғанымыздай, аймақтық шиеленістің құрылықтық және ғаламдық жанжалға ұштасып кетуінің ықтималдылығы едәуір кемитін болады.

Бұдан 1980-1990-шы жылдарда бізге белгілі болып отырған үндеулерге жауап ретінде халықаралық қауіпсіздік және қарусыздану процестерінің жүйесін құру бізден жаңа көзқарасты қажет ететіні көрініп отыр.

Екінші проблема — осы ғасырдың аяғына қарай дүниежүзілік жанжал әлеуетін өзгертудің қандай тенденциялары бар?

Егер аймақтық, құрлықтық және ғаламдық халықаралық қауіпсіздік жүйелері мен осының ауқымында қарусыздану процесі негізінен алғанда оған кіретін елдер мен мемлекеттер тобының экономикалық және стратегиялық мүдделерінен туындайтынын мойындасақ қана бұған жауап табуға болады.

Тарих бізге халықаралық қауіпсіздік жүйесі әрқашан да оған қатысушы елдердің бірлескен мүдделерін және ең алдымен — экономикалық, сондай-ақ, геоэкономикалық, геоқаржылық және геостратегиялық мүдделерін түсінуге негізделіп құрылғанын көрсетеді.

Сондықтан ғасырдың аяғына қарай дүниежүзілік шиеленіс әлеуетінің өзгеру тенденциясы, 1990-шы жылдардың аяғындағы дүниежүзілік геоэкономикалық тенденциялармен айқындалатын болады.

Соңғы ондаған жылдардың ішінде ғаламдық геоэкономикалық тенденция үш ірі жаңа әлемдік шаруашылық орталықтарының — Солтүстік Американдағы, Батыс Еуропадағы және Онтүстік-Шығыс Азиядағы орталықтардың құрылуымен байланысты екені айқын болып отыр. Келесі ғасырда, сірә, Африка құрлығы да «оянатын шығар». Дүниежүзілік ықпал жасаудың осы үш орталығының негізгі тіректерін нақтылай түсу осы ғасырдың аяғында — келесі ғасырдың басында аяқталатын болады.

Сондықтан дүниежүзілік шаруашылық-экономикалық күштердің жаңа тепе-теңдігін іздестіру дүниежүзілік жаңа стратегиялық тепе-теңдікті, соның ішінде қауіпсіздік жүйелері саласындағы және оның аясында жүріп жатқан қарулану және қарусыздану процестеріндегі тепе-теңдікті іздестіруге әкеліп соғатыны әбден айқын. Егер осы тенденциялар өрши түсетін болса, онда дүниежүзілік шиеленіс ғасырдың аяғына қарай бізге жаңа үндеулер тастап өрістей түсетіні туралы ойлауға барлық негіздер бар.

Бұдан халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану жүйелерін құру жөніндегі «дүниежүзілік бірлескен іс» 1990-шы жылдардың соңындағы жаңа үндеулерді соны тұрғыдан көру үшін талдамалар жасауға арналған барлық күштердің басын қазірдің өзінде біріктіруге тиіс.

Үшінші проблема — үшінші әлем өкілдерінің қарусыздану жөніндегі келіссөздерге қатысуы.

Қарусыздану жөніндегі барлық басты келіссөздер әзірге үшінші әлемнің өкілдерінің қатысуынсыз, Шығыс пен Батыстың аса ірі мемлекеттерінің арасында өткізіліп келгені баршаға аян. Ал осыңдай көзқарас 1990-шы жылдардың аяғында қаншалықты тиімді болмақ?

Бізге Еуразияның кіндігінен, Батыста Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымға және НАТО-ның ресурстары мен құрылымдарына сүйенген халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйелерін құру процесі өтіп жатқаны жақсы көрініп отыр.

Ал Шығыста және Онтүстік-Шығыста Азия елдері — Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығының форумына қатысушылар, сірә, саяси және әскери өзара қимыл жасауды өздерінің жеке құрылымдарының аясынан іздейтін болса керек.

Еуразиядағы бірқатар елдердің — Солтүстікте Ресейден бастап, Оңтүстікте Үндістанға дейін, бұған бұрынғы КСРО-ның Орталық Азия республикаларын, Иран мен Пәкстанды қоса алғанда, олардың әзірге не Шығысқа, не Батысқа қосылмайтынын аңғару қиын емес.

Еуразия орталығының бойлық меридианы бойынша орналасқан біртұтас геосаяси елдер белдеуі «айқынсыздық белдеуі» немесе «күту белдеуі» деп атауға болады.

Осы «айқынсыздық белдеуіне» енетін елдердің ішкі алуан текгілігіне қарамастан, олар Азиядағы немесе Еуразиядағы күштердің тепе-теңдігіне ғана емес, сонымен қатар дүниежүзілік геосаяси тепе-теңдікке ықпал ете алатын ықтимал ресурстар тұрғысынан алғанда, өзінше біртұтас топты құрайды.

Еуропадағы, әсіресе Азиядағы қауіпсіздік проблемалары, Батыс Еуропадағы және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы дүниежүзілік шаруашылық орталықтарының арасындағы

өзара іс-қимыл проблемалары осы геосаяси «айқынсыздық белдеуі» елдерінің өз айқындамасына және бағдарына қарай елеулі түрде айқындалатын болады.

Осы елдердің ішінде Ресей ең аса ірісі және ең қуаттысы екені сөзсіз. Сондықтан да оның таңдауы Еуразиядағы тұрақтылық пен өзгерістерді елеулі түрде айқындайтын болады. Жалпы алғанда Ресейдің таңдауының үш нұсқасы бар. Біріншісі — Батыс Еуропа құрылымдарына қосылу, бірақ оны әзірге мұнда жібермей отыр. Екіншісі — Шығыс Азия ұйымдарына қосылу, бірақ онда да оны тосып отырған жоқ. Және үшіншісі — «айқынсыздық белдеуіндегі» барлық елдерді жинап алып, олардың теңдігі негізінде ерекше топты — Еуразия құрылығындағы қауіпсіздіктің үшінші жүйесін құру.

«Айқынсыздық белдеуіндегі» басқа Азия елдерінің екі ғана таңдауы бар — Шығыс тобына қосылу немесе өзінің қауіпсіздік жөніндегі үшінші жүйесін құрып, соның аясында қарусыздану мәселесін шешу.

Еуразиядағы қауіпсіздік және қарусыздану жүйесінің өзгеру проблемасы КСРО ыдырағаннан кейін және Варшава шарты ұйымы таратылғаннан кейін тағы да бір жаңа қырға ие болды. Ол бұдан бұрын бой көрсетпеген еді. Бұрынғы социалистік лагерьдің жаңа тәуелсіз мемлекеттерінің көпшілігі бүгінгі таңда ең алдымен ұлттық қауіпсіздіктің өзіндік жеке ресурстарын құру туралы ойластыруда.

Осы жаңа фактор «жаңа дербес қауіпсіздік» ретінде айқындалады. Ол, осы елдердегі қарулардың өсуімен бірге жүретіні сөзсіз. Әлбетте, өзіңе және өзіңнің Қарулы Күштеріңе ең алдымен сеніп барып, содан кейін ғана әлдебір қауіпсіздік жүйесіне және қарусыздану процесіне қатысуға сенуге болады. Бұл орайда, қарусыздану процесін кейбір елдер өз қаруларын жаңғыртудың құралы ретінде пайдалануы да мүмкін екенін естен шығармаған жөн.

«Жаңа дербес қауіпсіздіктің» осындай жағдайы халықаралық қауіпсіздік жүйесі құрылысының мүлдем басқа схемасын көздейді. Бұл тұста енді осындай жүйелерді жоғарыдан құру жолы жұмыс істемейді. Осыған орай өзінің Қарулы Күштерін біртіндеп құру, содан кейін қауіпсіздіктің аймақтық жүйесін құру, ал бұдан соң халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі құрылықтық және ғаламдық жүйелеріне және қарусыздану жөніндегі тиісті процестерге ену оңтайлы болмақ.

Бұдан келіп жаңа геосаяси жағдайдың халықаралық қауіпсіздік жүйелерін құру және қарусыздану процесінде дамушы елдерге, немесе үшінші әлем елдеріне жаңа рөл атқаруды жүктейтіні туындайды.

Уақыттың өзі Біріккен Ұлттар Ұйымынан және қарусыздану мен халықаралық қауіпсіздіктің басқа да дүниежүзілік құрылымдарынан қамқорлық жасауға және аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйелерін ең алдымен құруға, ал соның негізінде қазіргі бар құрылымдарды өзгертуге немесе халықаралық қауіпсіздіктің жаңа құрылықтық құрылымдарын құруға басты назар аударуды талап етіп отыр.

Еуразия құрлығындағы қауіпсіздік проблемаларына талдау жасау үшінші әлем елдерінің немесе дамушы елдердің қарусыздану жөніндегі барлық келіссөздер процесіне тең дәрежеде қосылуға тиіс екенін көрсетіп отыр. Мұның өзі үлкен мемлекеттерге тән осындай процестерді басы артық әсіре дәріптеуіне жол бермейді. Сөйтіп, ол қауіпсіздік пен қарусызданудың халықаралық жүйесі арқылы жаңа үндеулерге соны көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Халықаралық қауіпсіздік пен қарусызданудың жоғарыда аталған үш проблемаларына деген өз көзқарасымызды басшылыққа ала отырып, Қазақстан қауіпсіздік

пен қарусыздану жүйесін құрудың барлық процестеріне Еуразиядағы халықаралық ынтымақтастықтың барлық деңгейінде мақсатты түрде және белсене қатысып келеді.

Біріншіден, бұл үш Орталық Азия мемлекеттерінің — Қазақстанның, Өзбекстанның, Қырғызстанның Кіндік Азияда бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау жөніндегі күш-жігерін біріктіру саясаты.

Екіншіден, халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану саласындағы ТМД шеңберіндегі Қазақстанның белсенді бірігу саясаты.

Үшіншіден, бұл Қазақстанның Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру жөніндегі бастамасы. Бұл қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың қазіргі заманғы құрылымдарын құру жөніндегі ұзақ мерзімді жұмыс. Оның аясында кезі келгенде Азия құрылығында қарусыздану жөніндегі келіссөздер бастауға болады.

Төртіншіден, бұл Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның жұмысына, «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасына, Ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа, Стратегиялық шабуыл құралдары — 1 келісіміне, сондай-ақ, қарусыздану жөніндегі комиссиялары аясындағы жұмыстарға қатысуы.

Қазақстан өзінің халықаралық қауіпсіздік және қарусыздану мәселелері жөніндегі барлық сыртқы саяси қадамдарында жаңа көзқарастың жоғарыда аталған принциптерін басшылыққа алады.

Алғашқысы — «Қазіргі халықаралық қауіпсіздіктің жүйелерін жетілдіру және жаңаларын құру арқылы соны геоэкономикалық тенденцияларды түсінуден — қарусызданудағы жаңа тәсілдерді іздестіру».

Екіншісі — «Құрылықтық қауіпсіздік жүйелерін жақсарту және өзгерту арқылы құрылықтық-қауіпсіздік жүйелерін құрудан — ғаламдық қауіпсіздік жүйелерін жетілдірудің тиімді процестерін іздестіру».

Халықаралық қауіпсіздік пен қарусызданудың жаңа көзқарасын әзірлеуге деген осындай тәсіл 1990-шы жылдардың соңындағы — келесі ғасырдың басындағы соны мүдделерге балама жауап табуға мүмкіндік береді.

Осы жалпы мәселелерді шешіп алмайынша, біз әрқашанда қарусызданудың жеке практикалық мәселелері аясында кедергілерге, күтпеген жайларға және шешілмейтін түйіндерге кездесе беретін боламыз.

Қарусыздану жөніндегі конференция осы мәселелерді шешуден ешқайда кете алмайды. Өйткені, оны өмірдің өзі алға қойып отыр. Сөйтіп, кезі келгенде оған лайықты жауап табылады.

Ол Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік және қарусыздану саласындағы практикалық іс-қимылы ең алдымен осы саладағы барлық халықаралық шарттар мен келісімдерді сөзсіз және толық орындауға бағытталғанын ерекше атап көрсетті. Оларға республика қол қойған болатын және оларға қатысып келеді.

Еліміздің осы орайдағы істері өзін оң қырынан көрсетуде.

Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып осыдан 5 жылдай бұрын өз аумағынан барлық тактикалық ядролық қаруды алып шықты. Ол Лиссабон хаттамасына қатысушы елдердің алғашқысы болып ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа ядросыз мемлекет мәртебесімен қосылып, Семей ядролық полигонын жапты.

Биылғы сәуір айында республика ауқымынан 1 200-ден астам ядролық құрылықаралық баллистикалық ракеталардың оқтұмсықтары шығарылды. Мамырдың 31-інде Семей полигонындағы жер астында қалған соңғы ядролық заряд жойылды.

Сөйтіп, Қазақстан жері ядролық қарудан толық тазартылды. Менің елімнің нақ осы практикалық қадамдары және біздің барлық қол қойылған халықаралық келісімдерге деген бекем адалдығымыз бізге халықаралық қауіпсіздік және қарусыздану проблемалары қандай болмақ және оның жаңа тәсілдері қандай негізде іздестірілмек? — деген сұрақ қоюымызға мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан біздің осындай берік айқындамамыз менің өзіме де, өзгелерге де жоғары айтылған сұрақты қоюыма негіз береді.

Әрине, осы 3 проблеманы шешу осы сессияға қатысушылардың және жалпы алғанда қарусыздану жөніндегі конференцияның құзыры шеңберінен шығып жатуы да мүмкін. Осыны айқын сезіне білу маған, сессияға қатысушыларға өтініш жасауға мүмкіндік беріп отыр. Өйткені, мен қарусыздану процестеріндегі нақты табыстар ең алдымен осы залда отырғандардың барлығының жеке күш-жігеріне, бай тәжірибесіне және дарынына байланысты екеніне сенімдімін. Бейнелеп айтсақ, «қарусыздану және қауіпсіздік жөніндегі дүниежүзілік бірлескен іске тынымсыз қызмет ететіндердің барлығының» күш-жігеріне байланысты.

Нақ осы үш проблеманы алға қоюдың өзі, кей тұстарда қарусызданудың қазіргі заманғы процестерін дәстүрлі түрде түсіну шеңберінен шығып жататыны да рас. Бірақ қарусыздану проблемаларын жаңа үндеулерге сәйкес көре білуді кеңейту, қарусыздану түсінігінің дәстүрлі шеңберінен шыға білу, жаңа көзқарастың негіздерін іздестіру мен үшін өз сөзімнің міндеттерін айқындап берді.

1980–1990-шы жылдардағы терең дүниежүзілік өзгерістермен байланысты жаңа жағдай қарусыздану жөніндегі конференцияның алдына жаңа үндеулерді алға тартып отыр. Осы жаңа үндеулердің алдында құрқол, қарусыз болмас үшін, оны дұрыс түсіну үшін біз халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану проблемаларына деген жаңа көзқарасты табуға тиіспіз.

Сонымен, жаңа жағдайдағы қарусыздану — бұл жаңа үндеулерге деген жаңа көзқараспен қаруланууды көздейді. Бұған лайықты жауап біріккен күш-жігер арқылы табылатынына сенім білдіремін.

Конференция аясында ядролық сынауларға тыйым салу жөніндегі арнайы комитеттің қайта құрылуын құптап, осы саладағы көпжақты келіссөздердің басталуын қанағаттанғандықпен атап өтемін.

Қазақстанда талай мыңдаған километр қашықтықтағы жерасты құбылыстарын тіркеуге қабілетті қазіргі заманғы үш сейсмикалық станса орналасқан. Осы станса-ларды мониторингтің ғаламдық желісіне қосуды ұсынамын. Мұның өзі бақылаудың тиімді құралына айналар еді.

Ядролық сынауларға мораторийді тиісті шартқа қол қойғанға дейін ұзарту жөнінде ядролық мемлекеттерге үндеу жасауға, ал сынауды жалғастырып отырғандарды мораторийге қосылуға шақырамын.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің республикалық кеңесінде сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1995 жылдың 17 маусымы

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Қазір біздің экономикамызда реформалар, қиындықтарға қарамастан, толық қарқынымен жүріп жатса да, әлеуметтік салада, атап айтқанда, денсаулық саласында бізде дағдарысты құбылыстар жүйелі сипатқа ие болып отыр. Өкінішке қарай, нарықтық қатынастарды игеру процесіне бұл сала әзірше ене алмай келеді.

Мұның себебі көп. Мұнда бұрынғы көзқарастардың «салқыны» да бар. Өтпелі кезеңнің қиын жағдайында әлеуметтік саланың ауқымдылығы мен маңыздылығы жете бағаланбай, басымдылық принципі бойынша емес, қалдық принципі бойынша қарастырылып келді.

Қазір бір көтерілген даму деңгейі қоғам өмірінің барлық проблемаларына жиынтық көзқарасты талап етеді. Менің ойымша, осы салада қордаланып қалған көптеген мәселелерді шешу жолдарын бірлесе отырып белгілеуге болады. Өз тарапымнан мен олардың практикада жүзеге асырылуы үшін барлық шараларды қолданамын.

Кеңеске қатысушылар, алдағы кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, сіздерге және басқа да барлық медицина қызметкерлеріне қиын, қоғамға соншалықты қажет қызметте жаңа табыстарға жете беруге тілектестік білдіремін.

Баяндама мен сөйленген сөздерде, саладағы істердің жайына жеткілікті дәрежеде терең талдау жасалды. Көптеген пікірлермен келісуге болады. Бүкіл жүйенің жұмысын жоспарлау мүлдем қасаң түрде жүргізіліп отыр. Мұның бюджет қаржысын жөнсіз шашыратуға әкеп соқтыруы кәдік. Медиктердің шаруашылықты ұтымды түрде жүргізіп, науқастарға сапалы қызмет көрсетуге деген экономикалық мүдделері жоқ тәрізді көрінеді. Ал 1989 жылы ғана денсаулық сақтау саласына шаруашылықты жүргізудің жаңа тетігін енгізу басталған болатын. Әрине, ол кезде бұл іске деген көзқарас көнерген айқындама тұрғысынан жүзеге асырылып жатты. Бірақ қазір, жаңа ақиқат шындықтарды ескере отырып, жаңғырту бағдарламасына түзетулер енгізуге болатын еді ғой. Алайда Қаржы министрлігі бұл бағдарламаның күшін жоюмен шектеліп, астаудағы сәбиді суымен қоса төге салыпты. Бұл жылдар ішінде денсаулық сақтау саласының ұйымдастырушылары саланы басқарудың экономикалық әдістерінің негізін үйреніп, нарыққа дайындықпен келе алатын шамалары болды.

Басқа да көптеген оң элементтер практикада қолданыс таппай отыр. Бір кездері Денсаулық сақтау министрлігі денсаулық сақтау саласын дамыту мен жетілдірудің ұлттық бағдарламасын жасаған болатын. Оған прогресшіл реформаторлық идеялар — меншік формасының көп укладтылығын дамыту, басым бағыттардың сан алуандығы және оларды мақсатты-бағдарламалы тұрғыдан қаржыландыру, еңбекке ақы төлеуді қайта құру және басқалар енгізілген болатын. Ал бұл идеялардың бәрі қазір қайда?

Немесе кадрларды даярлауға байланысты мәселе. Республикада қанша және қай бағдарда мамандар даярлау қажеттігін әлі күнге дейін білмейді.

Денсаулық сақтау саласының даму келешегі туралы сөз еткенде халықтың денсаулығын сақтау үшін, жүйенің жұмыс істеуі үшін жауапкершіліктің бүкіл салмағын кімнің арқалайтынын нақты айқындау керек. Осы заманғы қоғамда ұлттық генофондты сақтау үшін жауапкершілікті тек мемлекет қана көтеруге тиіс емес. Әлбетте, халықтың денсаулығын қалпына келтіру және нығайту үшін жағдайлар жасалуда, ең алдымен әлеуметтік әлсіз топтарды қорғауда, ұлттық денсаулық сақтау саласын дамыту саясатын қалыптастыруда оған маңызды рөл жүктеледі.

Мемлекет шет елден дәрі-дәрмектерді сатып алуда, сондай-ақ медициналық техника мен дәрі-дәрмектерді өндіретін кәсіпорындар салушыларды қаржыландыруда және оларға үкіметтік кепілдіктер беруде.

Ал еңбекке жарамды халыққа медициналық қызмет көрсетуді қаржыландыруға келетін болсақ, онда бұл жауапкершілік жұмыс берушілерге жүктелуге тиіс. Бұдан аз емес, тіпті, көп жағдайларда жеке адамның денсаулығы оның өзіне де байланысты. Егер осы үш бірдей міндет нақты өмірде жүзеге асатын болса, онда біз халықтың денсаулығын сақтау ісінде, денсаулық сақтау саласын нарықтық қатынастарға көшіруде оң нәтижелер күте аламыз. Бұл міндеттерді шешудің көзқарастары мен принциптерін біз тұтастай алғанда сараптап қойдық. Міне, бұл заң күші бар «Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы» Жарлықты шығаруға мүмкіндік берді. Егер істі сауатты да жігерлі түрде қолға алса, онда біз тағы бір рынокты — медициналық қызмет рыногын өркендетіп, сайып келгенде, бұл саланы нарықтық өзгерістер процесіне қоса аламыз.

Қаржы құрылып жатқан міндетті медициналық сақтандыру қорына және оның жергілікті жерлердегі бөлімшелеріне мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ жеке құрылымдар ретінде жұмыс берушілерден келіп түсетін болады. Бюджет саласындағы қызметкерлерге келетін болсақ, қордың есебіне әлеуметтік сақтандыру органдарының арнаулы қаржы аударылуы көзделген. Аймақтың әлеуетіне байланысты медициналық сақтандырудың енгізілуі мемлекеттік бюджетті қаржыландыруға қосымша қаржының 30%-нан 50%-на дейін бөлуге қол жеткізеді. Алдын ала есептеулер мынаны көрсетіп отыр, бұл сома тіпті жұмыстың алғашқы жылының өзінде жоспарланған бюджеттен тыс 6 млрд. теңгеден асып түсетінін көрсетті.

Әңгіме, ең алдымен міндеттерді шектеу және бюджетке түсетін салмақты қайта бөлу туралы болып отыр. Бұдан былай ол толықтай балаларға, мүгедектерге, зейнеткерлерге, созылмалы науқасқа шалдыққан, яғни жұмыс істемейтін және еңбекке жарамсыз адамдарға медициналық қызмет көрсетуге жұмсалатын болады. Саланың технологиялық және дәрі-дәрмекке деген мұқтажын өтеу, адамдар тұратын мекендердің санитарлық және эпидемиологиялық тұрғыдан талапқа сай болуын қамтамасыз ету де соның үлесіне тиеді.

Медициналық сақтандыру қоры мен оның жергілікті жерлердегі құрылымдарын ұйымдастыруға да асқан жауапкершілікпен қарау керек. Бұл тек есеп айырысу қызметін орындап қана қоймай, сондай-ақ жаңа, нарықтық сапа тұрғысындағы денсаулық сақтау саласын қалыптастыруға тікелей әсер ететін ірі қаржы-банк жүйесі болуға тиіс. Ол медицина ұйымдарының жұмыс көлемі мен медициналық қызмет көрсету сапасын бақылап отыруға, қызметкерлердің кәсіби дайындығы мен біліктілігін көтеруді қамтамасыз етуге тиіс.

Мұның үстіне медициналық сақтандыру кезең-кезеңмен енгізілуге тиіс, мұнда ешқандай науқаншылдыққа жол беруге болмайды. Бірқатар облыстар, әсіресе

сақтандыруды енгізу жөніндегі эксперимент жүргізілген Жезқазған, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары, ірі өнеркәсіптік әлеуеті бар облыстар жаңа жағдайда жұмыс істеуге қазірдің өзінде әзір отыр.

Медициналық сақтандыру әлеуметтік әділеттілікке кепілдік береді және отбасы бюджетіне салмақ түсірмейді. Әр адамның толық көлемінде медициналық көмекке қол жеткізуі қамтамасыз етіледі, дәрігерді және Қазақстанның бүкіл аумағына емдеу-алдын алу мекемелерін таңдап алу құқығына кепілдік беріледі. Бұл жұмыста міндетті сақтандыру қоры шешуші рөл ойнауға тиіс.

Үкіметке осы жаңа кезеңде медицина мекемелерінің өз бетімен шешім қабылдауына, ресурстарды тиімділікпен пайдалануына, заңды ұйым ретінде әрекет етуіне мүмкіндік беретіндей шаруашылық қызметін жүргізуіне жағдайларды талдап жасауды тапсырдым. Ол денсаулық сақтау аясын өндірістік емес салаға жатқызу мүлдем қате деп ойлайды.

Енді, сақтандыру енгізілгеннен кейін, өмірдің өзі қажетті түзетулер енгізетін болады. «Жұмыс беруші — жұмыскер — медицина» байланысы әр буынның да мүддесін ескереді, сонымен қатар уағдаластықтарды жүзеге асыру, келісуші жақтардың өз міндеттерін орындауы үшін қатаң талап қояды, ақыр аяғында, жете бағаланбай отырғандығы баршаға мәлім медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудегі теңгермешілікті жоюға көмектеседі.

Жарлыққа сәйкес саланы басқарудың экономикалық тұтқалары жұмыс істеп, еңбекке ақы төлеуге сараланған көзқарастың баянды етілуі, медициналық қызметтер бойынша жаңа тарифтік индекстер мен нормативтік кестелер күшіне енгізілуі керек. Еңбек пен біліктілікті бағалауды нақты ұйымдастырған жағдайда медиктердің жалақысы 1–2 есе емес, 5–10 есе өседі, деп айтуға барлық негіз бар. Мұны сақтандыру енгізілген бірқатар облыстардағы эксперименттер қазірдің өзінде қуаттап берді.

Белгілі бір өндірістік емес сала ведомствосының өтініші бойынша қызмет оклады мен тарифтік ставкаларды көбейту туралы мәселелерді үкіметтің әркез қарап отыруына қарсымын. Менің пікірімше, бюджетшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесінің өзін толықтай қайта қарап, ақырында, жұмыс орнында болуды үйреншікті сағатпен өлшеуден құтылатын уақыт жетті. Мұның өзі өндірістік емес сала қызметкерлерінің игілігі үшін ғана емес, мемлекеттік бюджетке де пайдалы, мемлекеттің мүдделеріне сай келелі.

Әзірше денсаулық сақтау жүйесінің өзі де осы және басқа қиғаштықтарды жоюдың көптеген мүмкіндіктерін уысынан шығарып алып отыр. Тіпті жекешелендіру процесінің өзін алайықшы. Мұнда кейбір қатаң шектеулерден басқа, былайша айтқанда, әркім өзінше билеуде. Бірақ, неге екені белгісіз, медиктер осы еркіндікті сирек пайдаланады. Ал сол жекешелендірілген дәріханалар көп ретте дәріні қалай қолдануды да білмейтін адамдардың қолында кетіп жүр.

Әрине, жекешелендіру тетігінде көп нәрсе әлі жетілдірілмеген. Сондықтан денсаулық сақтау саласы үшін айрықша тұтқалар белгілеуді үкіметке тапсырамын. Біріншіден, тиісті бюджеттің қарамағына берілетін республикалық және жергілікті маңызы бар мекемелер нақты айқындалуы керек. Олар міндетті медициналық сақтандыру бағдарламасын жүзеге асыратын базаға айналуға тиіс. Мұнда ақылы қызмет көрсетуге тыйым салынады. Қалған мекемелерді медицина қызметкерлерінің өздері жекешелендіргені жөн. Мұның өзі ақылы қызмет жүйесін де, сондай-ақ жекеменшік медициналық практиканы да дамытуға көмектеседі.

Сондай-ақ Халықтың денсаулығын сақтау туралы Заңға, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс пен Қылмыстық кодексте өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Бұл өзгерістер мен қосымшалардың бәрі медициналық қызмет көрсету мен осы жүйенің жұмысын жетілдірумен, ең алдымен, ақылы медициналық қызмет көрсетуді кеңейтумен, жекеменшік медициналық практиканы енгізумен байланысты. Осы арқылы мемлекет жекеменшік практикамен шұғылданатын адамдарға көптеген құқықтар бере отырып, медициналық қызмет рыногын елеулі түрде кеңейтеді. Бірақ, сонымен қатар бұл істі өз бетімен жіберуге де болмайды. Жарлықта жекеменшік дәрігерлердің міндеттері, олардың қызметі сөзсіз лицензияланатын айқын көрсетілген. Бұдан былай республикада жаппай емдеу сеанстарына тыйым салынады. Заңсыз фармацевтикалық қызмет, емдік препараттар өндіру, сатып алу және сату ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік қылмыстық жазаға тартылуға дейін қатайтылды.

Тағы бір өткір проблемаға назар аудармай кете алмаймын. Денсаулық сақтау органдары, жергілікті әкімшіліктер осы саланы реформалай отырып, ауыл-село медиктерінің мүдделерін ерекше мұқият түрде ескергенін қалар едім. Мәселе ауыл-селодағы еңбектің онсыз да ауыр екендігіне емес, ауыл-село дәрігері жұмыс істейтін жағдайдың төтенше қиындығында болып отыр. Балалардың, олардың аналарының науқасқа шалдығуы мен өлімінің ең жоғары деңгейі нақ осы жерлерде, психикалық тұрғыдан науқасқа шалдығу оқиғасы да көп. Бұл ең алдымен республиканың оңтүстік облыстарына қатысты.

Қазір біз ондаған жылдар бойы Қазақстан жерінде жүргізіліп келген сұмдық эксперименттердің — мейлі Семей немесе Арал өңірі болсын — ащы жемісін жинап отырмыз. Қазір бұған тыйым салынды. Бірақ XXI ғасырдың бас кезіндегі негізгі экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешетін ұрпақтың денсаулығы өткен кезеңнің келеңсіз мұрасы арқылы бұзылғандығын есте ұстау керек. Осынау қасіретті мұраны жеңіп, жас ұрпақтың өмірлік күш-қуатын нығайту — бүкіл қоғамның, бірінші кезекте, денсаулық сақтау жүйесінің міндеті.

Әңгіме біздің қоғамымыздың көптеген мүшелерінің, қарапайым мәдениетінің, өз денсаулығына деген құрмет сезімі мен ол үшін жауапкершілігінің жетіспеуі жайында болып отыр. Батыста ауру-сырқау мен өзін-өзі емдеу өте қымбат тұратындығын әр адам біледі. Көпшілік үшін бұл — жол беруге болмайтын шашпалық. Сондықтан ол жақта өз денсаулығына қамқорлық жасау басты өмірлік құндылықтардың бірі дәрежесіне көтерілген. Маскүнемдік, шылым шегу тек жаман әдет ғана емес, сонымен қатар қоғамдық пікірге қыр көрсету болып табылады. Ал әзірше біздің қоғамда, әр адамның санасында оның өз денсаулығы — өз қолында деген түсінік баянды етілмейінше, бізде «нашар дәрігерлер» мен «нашар мемлекет» туралы бітіп таусылмайтын даттау сөздер жалғаса бермек.

Ғалымдардың ең осы заманғы зерттеулерінің нәтижелері мынаны дәлелдейді: әр адамның денсаулығы оның жеке өмір салтына — 55%, генетикалық тұқымына — 20%, сондай-ақ экологиялық ахуалдың жай-күйіне — 20%, ал денсаулық. сақтау жүйесінің қызметіне небәрі — 5–8% ғана байланысты.

Шынында да, біз балалардың дені сау болуы, өзіміздің зейнеткерлікке ерте шықпауымыз, денсаулығымыздың мықты болуы үшін әрқашан ойланамыз ба? Әлбетте, бүгінде көптеген адамдар, былайша айтқанда, шаршап жығылғанынша жұмыс істейді. Бірақ дегенмен де, сергек өмір салты қоғамда ұлттық белгі ретінде орнығуға тиіс.

Біздегілер «жаппай дене шынықтыру және спортпен айналысу» ұғымынан бекерге бас тарта бастады. Спорт ұйымдарына барынша қатаң талап қойылуы керек: олардың пайдалы коммерциялық қызметі дейтіннің өзі мың-мыңдаған балаларды дене шынықтырудан және спорттан алшақтатып жіберетінін қалай түсінуге болады? Өйткені, бүгінде баланы жай ғана суда жүзуге үйрету жөніндегі айлық төлем ғана мың теңгеден асып кеткен, ал бұрын іс жүзінде бұл тегін болатын. Сонда коммерция балалардың есебінен өсіп жатқаны ғой.

«Салауатты өмір салтын насихаттау» деген сияқты ұғымды да еске түсірген жөн. Денсаулық сақтау қызметкерлері, ұстаздар осы жұмыстағы бір кездегі күшті позициясынан айрылып қалып отыр. Оның есесіне баспасөзде және әсіресе, теледидарда темекінің, арақ-шарап өнімдерінің арзан жарнамасы қаптап кетті. Мен өз жарлықтарымның бірінде, жарнамаға тыйым салғанмын және оны мүлтіксіз орындау керек. Ал денсаулық сақтау органдары салауатты өмір салтының шынайы ережелерін орнықтыруда неғұрлым батылдық пен белсенділік танытуы керек. Сондай-ақ халықтың арасында дене шынықтырудың қарапайым әдістерін енгізу қажет, өйткені, бұл денсаулықты нығайтудың іс жүзінде тегін, бірақ баға жетпес құралы.

Медицина ғылымын дамыту проблемаларын да аттап кетуге болмайды. Ол өзінің табиғаты бойынша басқа ғылымдардың бәрінен де интернационалды да бейбітшіл, ол барлық елдер мен халықтардың білімі мен дүниетанымының ауқымын кеңейтіп келеді. Орта Азияның орасан бай медициналық тәжірибесін бойына сіңірген Ибн-Синаның «Қағидалары» ғасырлар бойы Шығыс пен Батыстағы барлық дәрігерлердің қолынан түспейтін кітапқа айналды. Батыс ғалымдарының трактаттары да бізде осындай ықыласпен қабылданды.

Біз таңдап алған дамудың көпқырлы жолын, барлық елдермен арадағы сансалалы ынтымақтастықты кеңейту ісін қазір бүкіл әлем танып отыр. Медицина ғылымы үшін бұл баға жетпес игілік деп ойлаймын. Бірлесу дегеніміз уақыт талабы және мәңгіліктің заңы. Сондықтан да Ресейдің, Орталық Азиядағы біздің бауырлас көршілеріміздің ғылыми және оқу орындарымен байланысымызды қалпына келтіру үшін көп іс тындыру керек. Алыс шетелдердегі біздің әріптестерімізбен байланыс жасаудың да келешегі зор.

Оның үстіне, бізде отандық медицина мен фармакологиялық өндірісті қалыптастыру сияқты шұғыл проблема алдымызда тұр. Біздің база мен шикізатымыз бар, бірақ әзірше қажетті технологиялық дәрежеміз жоқ. Әлбетте, дәрілер мен медициналық техниканың барлық түрлерін бірдей біз шығара алмаймыз, сондықтан бұл салада нақты талғампаздық саясат, басқа елдермен арадағы қабаттасқан ынтымақтастық керек.

Көрініп тұрған қиыншылықтарды былай қойғанда, қазақстандық медицина ғылымы мен практикасының әлеуеті әрқашан ауқымды болды және солай бола бермек. Қазір, біздің мемлекетіміздің тәуелсіз дамуы жағдайында, оның бұрынғы қай кездегіден де кеңейтіп, тереңдете түсу керек. Республиканың болашағы туралы, «Халықтың денсаулығы» сияқты салмақты бағдарламаны қалыптастыру және жүзеге асыру туралы толғанатын болсақ, онда өзіміздің келешектегі ұлттық денсаулық орталығымызды құру туралы мықтап ойланғанымыз жөн. Сірә, мамандандырылған медициналық баспа ұйымдастырып, осы проблема бойынша танымал газеттер мен журналдар шығару ісін жолға қойған дұрыс болар.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының II сессиясында «Өткенді саралау және қоғамды одан әрі демократиялық жолмен реформалау» тақырыбында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1995 жылдың 30 маусымы

Құрметті Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессиясына қатысушылар!

Сіздердің бастамаларыңыз бойынша биылғы сәуір айында республика тарихында бірінші рет референдум өткізілді. Мен Қазақстанның барлық көп ұлтты халқына және ассамблея мүшелеріне біздің түбегейлі түрде реформаланып жатқан қоғамның аса маңызды проблемаларын терең түсінгендеріңіз үшін шын көңілден алғысымды білдіремін.

Өз табиғатымнан реалист бола отырып, Президенттің өкілеттігін 2000 жылғы желтоқсанның 1-іне дейін ұзартуды қолдаған адамдардың тұрақтылық, ұлтаралық және азаматтық келісім үшін дауыс бергенін мен жақсы түсінемін. Тұрақтылық пен келісімді біз Қазақстанда қантөгісті жанжалдарға жол бермей сақтап келеміз. Олар біздің бәрімізге аса қажетті қоғамдық бейбітшілікті сақтауға, демек, саяси-экономикалық және әлеуметтік салалардағы біз жүргізіп жатқан стратегияны жалғастыруға кепілдік беретін саяси бағытымызды қолдап дауыс берді.

Қайта құру ұранымен басталған өзгерістер бүкіл бір ұрпақтың мұраты мен тағдырын күйретіп, олардың өмір ырғағын біржола бұлдірді, экономиканы құлдыратты, соның салдарынан жүздеген мың адамдардың әл-ауқаты төмендеп кетті. Қысқасы, шығын аз болған жоқ, бірақ соған қарамастан референдумға қатысушылардың басым көпшілігі бюллетеньде қойылған сұраққа «иә» деп жауап берді. Таңғаларлық жай ма? Жоқ, дауыс берудің нәтижелерін шешкен қазақстандықтар біздің егемен республикамыздың болашағына деген сенімін танытты.

Сондықтан мен референдум өткізуге бастамашы болған ассамблеяға ризамын. Айтқандайын, іс жүзінде мәслихатты кеңесу органынан белсенді әрекет етуші қоғамдық институтқа айналып, ассамблеяның жоғары беделін көрсетті. Ол адамдардың шынайы мақсат-мұратын білдіретін, көпұлтты Қазақстан халқын бірлікке жұмылдыратын ұйым. Сондықтан ол туралы жаңа Конституцияда айта кеткен жөн болар.

Азаматтардың референдумға жаппай қатысуы, олардың көзқарастары мен пікірлерінің үйлесуі жаңа ғасыр басталғанға дейін елдегі саяси тұрақтылық үшін негіз жасап, мемлекет басшысының алдынан тактикалық қана емес, сонымен бірге белгілі дәрежеде стратегиялық кеңістік ашты, жүріп өткен жолымызды ой елегінен өткізуге және бұдан былайғы ілгерілеуіміздің бағдарларын айқындауға мүмкіндік берді.

1992 жылы «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясында», сондай-ақ 1993 жылғы «Қоғамның идеялық бірігуі — Қазақстан дамуының кепілі» деген еңбегімде жариялаған басты мақсаттарым өзгеріссіз қала бермек. Осы басым бағыттарды еске түсіре кетейін. Олар:

- реформаларды ойдағыдай жүзеге асырудың сөзсіз саяси шарты ретінде тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты қамтамасыз ету;

- меншіктің мемлекеттік емес нысандарын қамтитын әлеуметтік рыноктық экономиканы қалыптастыру;
- адамның экономикалық еркіндігінің принципін жүзеге асыруға қажетті құқықтық шарттар мен практикалық база жасау;
- өзінің барлық азаматтарының жеткілікті әл-ауқат дәрежесін қамтамасыз ететін қоғам құру;
- Қазақстанның этникалық ерекшелігін дамыту мен ұлттық-мәдени сан алуандығын сақтау;
- демократиялық өзгерістерді тереңдету, саясатта алуан пікірлікті қамтамасыз ету;
- адамның еркіндігі мен құқықтарын сақтау, дүниежүзілік экономикада бекем шептерге ие болу негізінде Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастықтағы лайықты беделін қалыптастыру;
- Қазақстанның мемлекеттік құрылымын президенттік сипаттағы демократиялық республикаға айналдыру.

Біз осы бағытта жоспарлы түрде ілгерілеп келеміз. Мен осы жиында жағдайды өзімнің қалай көріп отырғанымды баяндап, қоғамдық өмірдің басты салаларында референдумның қорытындыларынан туындайтын саясатты дәлелдеп, республикада демократиялық құқықтық мемлекеттің берік іргетасын ең жақын арада қалап шығу үшін жүзеге асырылуға тиісті жоспарлармен таныстырып өтпекпін. Әңгіме, ең алдымен, нарықтық даму мен мемлекеттік құрылыстың стратегиясы туралы болып отыр.

Мемлекеттілік: қалыптасу проблемалары

Қазақстан қазір ТМД-ның барлық елдеріне тән күрделі, өтпелі кезеңді бастан кешіп отыр. Бұл халықтардың біртұтас мемлекетте бірлесіп өмір сүруінің дәстүрлеріне, ортақ қасиет пен саяси мәдениетке, әлеуметтік-экономикалық міндеттерді біртұтас халықшаруашылық кешені шеңберінде шешу дағдысына, еңбекті бөлу мен өндірісті мамандандырудың жаңа деңгейінің жоқтығына байланысты.

1991–1992 жылдарда, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде Қазақстанда, сондай-ақ, Достастықтың басқа да елдерінде жаңа жағдайға оп-оңай әрі тез өте қою жөніндегі қияли түсініктер басым түсті. Алда тұрған жұмыстың бүкіл күрделілігін және оның нәтижелері жөніндегі жауапкершіліктің шараларын айқын жете бағаламау орын алды. Баспасөз еркіндігі, халықтың демократиялық жолмен еркін білдіруі, ар-ождан мен жиналыстар бостандығы, сондай-ақ демократиялық қоғамның басқа да атрибуттары тәрізді құбылыстармен алғаш кездесіп, адамдардың көпшілігі адасып қалды.

Сол кездегі кейбір саяси лидерлер, ашығын айтсам, жағдайды өз мүддесіне әдейі пайдаланып қалуға тырысты. Сол кезде Қазақстанды реформалаудың қаншалықты идеялары, бағдарламалары мен үлгілері ұсынылмады десеңізші! Бұларға ойша ғана теориялық болжамдар және негізінен арзан бедел алу сипатындағы қағидалар тән болатын.

Осының бәрі сол кездегі өкіметті көбіне әдепсіз сынаумен және тез арада игілікке жеткізетіні жөніндегі оңды-солды берілген уәделермен ұштасып, адамдардың санасына құйылып жатты. Әрине мұның бәрі осы лидерлер мемлекеттегі түйінді қызметтерге орналасқанда ғана орындалмақ болатын. Бұл жерде Лев Троцкийдің Коминтерннің алтыншы конгресіндегі — социалистердің кейбір сөйлеген сөздеріне орай жазылған хатының бірнеше жолдарын еске түсірген де орынды. Ол конгрестің жұмысын Алматыда айдауда жүргенінде қадағалаған болатын. Ол достарына: «Көкжиектегі бұлтты түйеге немесе тіпті балыққа, ал ханзадаға (яғни кезекші көсемге) қажет болса оны жеке алынған бір елдегі социализмге және кез келген өзіндік бір құймақұлақ ұқсатып,

теориялық дәлелдемелер ұсынуға болады» деп жазған. Бізде де шамамен нақ осылай болды, бірақ ол басқа бір тарихи жағдайда өтті.

Оппозициялықты адамдардың көпшілігі сол кезде елдің басшылығы мен саяси партиялар арасындағы қатаң егестің көрінісі ретінде, сөз бостандығын нені болса соны айтуға және жазуға болатын мүмкіндік ретінде түсінді, тіпті, бұл ұлтаралық және әлеуметтік қайшылықтардың отын өршітуге қауіп төндірсе де солай түсінді. Оппоненттің ар-намысы мен қадір-қасиетін аяққа басудан да тайынған жоқ. Сайламалылықты шағын топтық мүдделер үшін «өз» кандидатурасын өткізуге деген құқық ретінде бағалады. Демократиялық принциптердің мұндай бұрмалануы қоғамның оларды қабылдауға дайын болмағандығынан, сондай-ақ демократияның маңдай тұсын ғана асығыс тұрғызудан туындады. Мұның өзі халықтың демократиялық еркіндіктер мен олардың келеңсіз жүзеге асырылуы туралы түсініктерінің алшақтығына әкеліп соқтырды. Бұл адамдардың терең түңілісін туғызды. Олар дәстүрлі мемлекеттік қамқорлықтан айырылудан, құқықтар мен міндеттердің қатаң қыспаққа түскенінен, өзінің тағдырын өзі пішу қажеттігінен қорқа бастады.

Осы кезеңде бәрі де іс жүзінде ескі қоғамды бүлдіруге тырысқан якобиншілерге айналды. Кең қоғамдық бірлік, қордаланып қалған проблемаларды бір ақ сілтеп шеше алатын демократиялық басшылар туралы қиял басым болатын. Толыққанды нарықты қиындықсыз-ақ қалыптастыру, халықтың тұрмыстық дәрежесін шапшаң көтеру, өте қысқа мерзім ішінде саяси бостандықтары дамыған құқықтық қоғам құру жөніндегі желікпе үміт көпшіліктің ойында басым түсті. Қаласаң болғаны бәрі де оң шешілетін сияқты көрінген.

Алайда, бұрынғы режим күйретілгеннен кейін азаматтық қоғам мен Батыстағы демократиялар тәрізді демократиялық мемлекет көп ұзамай орнайды деген барлық ТМД елдерінің үміті елес болып шықты.

Бүгінгі таңда бұған тоталитарлық қоғамның шығатын төте және қысқа жолдың жоқ екені белгілі болды, «Революциялық» шырқауда тарихтың объективті заңдары ұмыт қалдырылды. Батыс өркениетінің ғасырлар бойы құрылғаны ескерілген жоқ: онда ұлттық рынок талай ондаған жылдар ішінде қалыптасқаны, демократиялық құқықтар жолында аса ауыр күрестер жүргізілгені, парламенттік жүйенің де оңай қалыптаса қоймағаны белгілі.

Нарыққа тез арада көшу дәмесі де елес болып шықты. Нарық көбіне алғашқы қауымдық жайма базарға айналып; меншікті жекешелендіру оның иесі болмағандықтан пәрменді қызмет атқара алмады; мемлекеттік бюджет несиелік алаяқтықтың көзіне айналды. Халық билігі ретіндегі демократия көбінесе әртүрлі ықпалды топтардың билік жолындағы күресімен, жершілдіктің күшеюімен алмасты.

Бостандықтың жемістерін көп ретте қатардағы азаматтар емес, неше түрлі қылмысты және бүлікшіл элементтер пайдаланып кетті. Бірақ «қысылтаяң» кезеңдегі арсыздықпен баюдың мүмкіндігі мемлекеттік аппараттың, құқық қорғау органдарының, қаржы-банк, коммерциялық құрылымдардың жылпос өкілдері мен қылмыскер алпауыттарды біріктіріп жібергенін қиналсақ та, мойындауға тура келеді. Қазір нақ солармен ең қатал күрес жүргізіліп жатқаны сіздерге белгілі.

Бастан кешіп отырған әлеуметтік дағдарыстың себептері әзірше әлсіз саяси күштердің тайталасынан ғана емес, сонымен қатар, бір жағынан, прогресшіл демократиялық процесс пен, екінші жағынан, ескі сананың көрінісі болып табылатын консервативтік күштер арасындағы қайшылықтардан да туындап отыр.

Ахуалдың шиеленісуінің мәні мынада: адамдардың реформалар мен еркіндікке деген бастапқы ынта-ықыласы нақты экономикалық, әлеуметтік және саяси тірек та-

уып, табандай алмауында. Біз әлі толық айқын емес қоғамда өмір сүріп жатырмыз, онда ескі мемлекеттік социализм жүйесінің қуатты блоктары мен демократиялық өмір салтының шашыранды элементтері әбден араласып кеткен.

Бұл проблемалар қайдан туындап отыр? Ең алдымен, қайта құрудың якобиндік кезеңі халықтың реформаларға, тіпті, демократиялық ұғымға деген сенімін біржола үзді. Біздің бұрынғы жүйемізді көрегендікпен саралай білген шетелдік білгірлердің бірі сол кездегі ахуалды былайша дәл сипаттайды: «Бәрін де істеуге болады, бірақ жасалып жатқан ештеңе жоқ. Бәріне де рұқсат берілген, бірақ еш нәрсені де жүзеге асыруға болмайды».

Гәп мынада: ол кезде Кеңес Одағы басшыларының сындарлы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің ешқандай бағдарламасы болған емес. Кеңестік жүйенің іргелі негіздерінің бірде-біріне — КОКП-ның жетекші рөліне, мемлекеттік меншік монополиясына, идеологиялық өктемдікке — күдік келтірілген жоқ. Ал дәл осы ұстындар қайта құрудың басты объектілері болуға тиіс еді. Нәтижесінде жүйені реформалау жүзеге асырылмай, қайта ол күйреп тынды.

1991 жылғы тамыз айындағы белгілі оқиғалардан кейін жаңа Тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасу және қазіргі таңдағы әрі болашақтағы проблемалардың бәрінен құтқаратын құдіретті күш ретінде жаппай егеменділік идеясына еліктеу кезеңі басталды. Ашық айтылмағанымен, тәуелсіздік туралы жариялап, демократия мен нарық бағытын белгілесе болғаны, барлық қиыншылықтар артта қалады деп түсіндіріліп келді. Қазақстанда да осындай пікірлер орын алды.

Ал шындық бұдан әлдеқайда қатал болып шықты. Ол жарияланған тәуелсіздікпен нақты егемендікке қол жеткізудің арасында ұзақ жол жатқанын көрсетіп берді. Демократия мен нарықты жариялаудан оларды нақты қалыптастыруға дейін дамудың күрделі кезеңінен өту керек. Бұл әсіресе 1993–1994 жылдары ерекше түсінікті болды. Бұл кезге дейін әлеуметтік топтардың арасы күрт ажырап кетті. Қоғам біртұтас емес, қайта онда оның болашақ құрылымы туралы өз мүдделері мен түсініктері басым мүлдем бөлек топтар бар болып шықты.

Осы кезең ішінде өздерін партия және қозғалыс деп дабырайта атап жүрген, шектен тыс өзімшіл және қоғамдық мүдделерді көздемейтін лидерлер бастаған толып жатқан ұсақ топтар пайда болды. Мемлекеттіліктің қалыптасуындағы осындай ауру екі бірдей парламенттік дағдарыстан, ал мұның немен біткені белгілі және үкіметтің екі рет отставкаға кетуінен көрініс тапты.

Иә, бұл адамдардың реформалардан көңілі қалған, терең қоғамдық саяси күйзелістің кезі болды. Бірақ бұл сауығу және реформаторлық жолдың барлық қиындықтарын біртіндеп сезіну кезеңі де болды.

Мұның бәрін мен тек атап өту үшін ғана емес, өзімнің де қателіктерімді сезіне отырып айтып тұрмын. Бұл жерде тек байқап көру және қателіктерден тағылым алу тәсілін пайдалана отырып, бұрын-соңды көріп-білмеген жолмен жүретініміз арқылы ғана ақталуға болады.

Осыны бәрі түсіне білгенін биылғы 29 сәуірдегі референдумда білдірген халыққа рахмет.

Сонымен қатар, 1991–1994 жылдары өмірдің барлық салаларында елеусіз болғанмен, іргелі сипат алған маңызды ілгерілеулер де болып жатты. Экономиканы алайық. Біздің өмірімізге әлі толыққанды болмағанымен, өз ережелерін әкелген, республика ішіндегі және мемлекетаралық шаруашылық қатынастарына өз түзетулерін енгізген нарық келіп енді. Мысалы, біз ТМД-ның экономикалық кеңістігіндегі бұрынғы шаруашылық байланыстарын қалпына келтіру туралы жиі айтамыз, олардың үзіліп

қалуы өндіріс дағдарысының тереңдей түсуінің елеулі факторы болып отыр. Бұрын бұл байланыстарды мемлекет жоғарыдан реттеп отыратын, ал қазір олар нарықтық жүйе арқылы төменнен реттеле бастады. Тағы бір жайт: бәсекелестік пен оның салдары ретіндегі тауарлардың сапалылығы және олардың нақты бағасы тәрізді нарықтық атрибуттар пайда болды. Мен мұның игі іс екендігін атап өтпекпін. Сонымен қатар, нарықтық инфрақұрылымның жекелеген элементтері қалыптаса бастады, отандық кәсіпкерлер пайда болды. Меншік режимі белсенді түрде алмаса бастады, сыртқы сауда ырықсыздандырылып, ұлттық валюта нығая түсті.

Тек 1993 жылғы қараша айында теңге алғаш енгізілген сәттен бастап біз елдегі қаржы-экономикалық процестерін және реформалар барысын нақты басқара бастағанымызды естен шығармау қажет. Мемлекеттігіміздің нақты қалыптасуы да сол кезде басталды. Қазақстан дүниежүзіне танылды, оның бейбітшіл мемлекет ретіндегі беделі арта түсті. Шетелдік инвесторлар үшін біздегі саяси тұрақтылық басты кепіл болды: сондықтан да олар бізге сенім білдіріп, елімізге келе бастады.

Одан кейінгі бүкіл кезеңде қоғамдық шырғаландардың бәрінен Конституция мен заңдардың негізінде өттік. Таяуда өткенмен салыстырғанда мұның маңызы аз емес: өзгеше ойлайтындар мен жеке адамды тұншықтырудың бұрынғы практикасының орнын проблемаларды шешудің саяси тәсілдерінен және өзгерістердің бейбіт, табиғи ағымына деген адалдық басты. Мен мұны жаңа мемлекеттілікті қалыптастырудағы қазақстандық нұсқаның айрықша белгісі деп бағалар едім. Біз саяси тайталастың қантөгісті қақтығыстарға ұласуын болдырғанымыз жоқ, біздегі парламенттік дағдарыстар қалалардың көшелеріне танктерді шығарудан аулақ болды, біз азаматсоғысына кіріскеніміз жоқ, жікшілдік пиғылдармен байланысты шиеленістің ушығуына жол бермедік.

Біздің үлесімізге тиген қиындықтар аз емес, бірақ басқа елдердің басынан кешіргенімен салыстырғанда өтпелі кезеңнің көптеген сұмдығынан біз аман қалдық және сол үшін мақтана аламыз. Сондықтан да мемлекетіміздегі татулық пен тұрақтылықты бағалап, көзіміздің қарашығындай сақтауға тиіспіз. Бүгінгі таңда бұрынғы режимге қайтып оралудың мүмкін еместігі баршаға аян деп ойлаймын — экономикалық жүйеде, адамдардың санасында және қоғамның әлеуметтік құрылымында өте көп нәрселер өзгеріп кетті. Міне сондықтан, 3–4 жылда жүріп өткен жолымызға көз жүгірте отырып, мынаны ашып айтуға болады: ол халық пен мемлекет үшін тарихи жағынан ондаған жылдарға барабар.

Шынайы демократия, тұрақтылық, рухани жаңғыру жолында

Біздің қоғамымыз жаңа, шынайы демократиялық өзгерістердің табалдырығында тұр. Алайда, егер біз құқықтық мемлекет болуды шынымен қаласақ, онда Конституцияны мүлтіксіз сақтауға тиіспіз, өйткені, ешқандай жағдай заңнан жоғары болуға тиіс емес. Өкінішке орай, біздің идеологиямыз мемлекеттің қоғам мен жеке адамға қатысты құқықтық жүгенсіздігін олардың мүдделерін қорғаудың қажеттігімен өте ұзақ әрі жиі бүркемелеп келді. Ал сонау қайта өрлеу дәуірінің заңгері Гуго Гроций былай деп сақтандырған болатын: «қажеттілік дегеніміз адамның әлсіздігін кереметтей қорғап, кез келген заңды бүлдіреді».

Қазір біз ұзақ мерзімге арналған іргелі құжатты қабылдау алдында тұрған кезде біз жағдайдың салдарларынан, күнделікті кездесетін қиындықтардан және неше түрлі «өтпелі кезеңнің қажеттіліктерінен» жоғары тұруға тиіспіз.

Біздің басты мақсатымыз күшті мемлекет құру болып табылады, бірақ ол бәрін жаныштайтын күш емес, барша жұрт мойындаған демократиялық бостандықтар

мен мұраттардың негізінде азаматтарды қорғайтын құрал болуға тиіс. Бұл орайда жол біреу ғана — мемлекеттің меншікке деген монополиясын белгілі деңгейге дейін шектеу, оның басқа түрлерін дамыту және әрбір азаматқа кәсіпкерлік еркіндігін беру.

Осыған байланысты әлі күнге дейін «кеңестік күпіден» шыға алмай, мемлекеттік сектордың мүдделерін қорғайтын адвокаттар сияқты болып отырған үкіметке, министрліктер мен ведомстволарға сын айтқан жөн. Олар меншіктің басқа түрлерімен тығыз айналысып, жеке бизнеске көмектесуі қажет. Заңдар бұған мүмкіндік беріп қоймай, соған ынталандырып та отыр.

Экономикадағы пайда болған жақсарудың жемістерін халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерінің, ең алдымен — табысы аз, еңбекте жарамсыз азаматтардың, зейнеткерлер мен оқушылардың көкейкесті мұқтаждарын қанағаттандыруға жұмсаған жөн. Ал басқаларына келетін болсақ, мұнда мемлекет еңбекке және шығармашылықта өзін-өзі көрсетуі үшін олардың экономикалық дербестігін қамтамасыз етуге міндетті.

Осының бәрін жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджетті жүйелі және сенімді түрде толықтырып отыру керек. Бұл тұста барынша реттелген салық жүйесі шешуші рөл атқаруға тиіс. Біз салық қыспағының салмағы халықтың экономикалық белсенділігін тұншықтырып, қазынаның кірісін қысқартатындай шектен асып кетпеуге тиіспіз. Мынадай асыл мәтел бар: салық төлеуші — ертең ауланатын аң емес, мемлекеттің серігі.

Экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету және осының негізінде — халықтың жақсы тұрмысқа қол жеткізуі үшін мен үкіметке биылғы жылы қараша айына дейін 1996–2000 жылдарға арналған экономикалық және әлеуметтік дамудың индикативті жоспарының жобасын жасауды тапсырған едім. Көптеген егжей-тегжейлі жайттарды қозғап жатпай-ақ, ең бастысын айтайын: бұл құжат Қазақстан халқының тұрмыс деңгейін кемінде 2 есе көтеру, 1998 жылға қарай инфляцияның жыл сайынғы өсу қарқынын 10%-ға дейін азайту, 1996 жылға дейін өндірістің өрлеуін қалпына келтіру үшін қажетті шараларды айқындауға тиіс.

Жасалып жатқан осы бағдарламада шағын және орта бизнестің тиімділікпен жұмыс істеуі, жеке меншік кәсіпкерлікті дамыту үшін қажетті жағдайлар мен инфрақұрылымды қалыптастыру белгіленді. Сондай-ақ, бұл жерде халықты әлеуметтік қорғау жүйесін оңтайлы етуге, оған неғұрлым нақтылық беруге, соның ішінде мемлекеттік басқару органдары арасында міндеттемелерді айқын бөлуге және жергілікті органдарға халыққа қызмет көрсету міндеттерін беруге баса назар аударылатын болады, бұрын бұл кәсіпорындар мен шаруашылықтардың құзырына жатқызылып келген болатын.

Кеңірек айтсақ, жарияланған демократиямыз, еркін экономика болмаса, диктатура туындайтын негізге айналады. Бұл арада жеке тұлғаның, адамдар тобының немесе партияның диктатурасы болса да — бәрібір. Қоғамның құрылымы қалыптаспаған және тұрақтылығы жеткілікті болмаған жағдайда кез келген кездейсоқтық, оқиғалардың кез келген әрбірі орын алуы мүмкін.

Жақында біз Жеңістің 50 жылдығын мерекеледік. Әлем қазіргі өмір үшін кеңес халқының мәңгілік ерлігіне борыштар. Ал дүниежүзілік қырғынды өршіткен Гитлер де өкімет басына демократиялық сайлау арқылы келген жоқ па? Және де адамдардың мүдделерін бүркене отырып, қазір де алуан түрлі өрекпіген элементтер әр жерде билікке ұмтылып жүрген жоқ па? Біз өткеннен және осы бүгініміздің тағылым алуға тиістіміз.

Қазақстанда демократияның қажетті саяси кепілдіктері бар. Мен өзіміздің дұрыс даму жолын таңдап алғанымызға сенімдімін. Біздегі көппартиялылыққа кепілдік жасалғанының, баспасөз еркіндігі қамтамасыз етілгенінің өзі осыны дәлелдейді ғой. Мемлекеттік өкіметтің саяси бағыты азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімге бағдарланған.

Өкінішке қарай, біздің адамдардың бәрі бірдей болып жатқан өзгерістердің қайта айналып соқпайтынын сезіне бермейді. Республикада қоғамда жеткілікті дәрежеде жаппай қолдауға ие болып отырған партиялар әлі қалыптаса қойған жоқ, ал бұл мемлекеттік өкіметтің қоғамдық көңіл-күйді объективті түрде біліп отыру мүмкіндігінен айыруда. Бірақ белгілі бір уақыт өткеннен кейін өркениетті саяси құрылым қалыптасып, қоғамға ықпал ете алатын, бағдарламалары мазмұнды және елеулі кадрлар әлеуеті бар партиялар нығая түседі. Олардың өкімет басына келуі нормаға айналып, ең бастысы — бұл қоғам үшін пайдалы болмақ!

Демократиялық қоғам құрудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі туралы бірер сөз айта кетейін. Бұдан бұрын да айтқанымдай, Қазақстанда еркін де тәуелсіз баспасөздің болуы — біздің баға жеткісіз демократиялық табысымыз. Көп адамға бұл жайсыз да. Көбіне осыған байланысты мен түрлі топтардан қысымды да аңғарып жүрмін. Дегенмен, мына жайтты батыл түрде мәлімдеймін — біз алдағы уақытта да Қазақстанда еркін журналистика әрқашан орнығуы үшін жағдай жасай бермекпіз.

Ендеше мына жағдаймен де келісу керек: мемлекет баспасөз үшін қалыпты жұмыс жағдайын туғызатын болса, онда ол да заң мен журналистік этика шеңберінен шықпауға тиіс.

Өйткені, абайсыз айтылған бір сөз болжап білуге болмайтын оқиғаларға себеп болуы мүмкін. Кейбір басылымдар өз таралымын ұлғайту үшін ұлттық немесе діни наным-сенімдерді ашық немесе астыртын түрде пайдалануға әрекет жасауда. Өмірдің қиыншылықтарын құлшына жазып, оның тек көлеңкелі жақтарын көрсету жаппай орын алып отыр. Мұның өзі қоғамда тұйықтан шығар жол жоқ деген сезім мен әлеуметтік күйзеліс туғызатынын және адамның жаңа жағдайда өз орнын тауып, оған бейімделе білуіне зиянын тигізетінін журналистердің түсінбеуі мүмкін емес.

Құрметті Ассамблеяға қатысушылар!

Мен түрлі аудиторияларда және сан алуан адамдармен әңгімелескен кезде жүргізіліп жатқан реформалар рухани азғындауға әкеледі, қаласақ та, қаламасақ та нарық психологиясы қара күшті, қандай жолмен болса да баюды, өзімшілдікті құрметтеу сезімін туғызады деген пікірді жиі естимін. Сіздер де жастарымыз адамгершілік бағдардан айырылып қалды, өз халқының мәдениеті мен салт-дәстүрінің бастауын құрметтемейді, үлкенді сыйлауды мүлдем қойды-мыс, олар мәңгүрттер, жоғалған ұрпақ, бұдан басқа ештеңе емес, деген күңкілді талай естіген боларсыздар.

Үзілді-кесілді мұндай тұжырым жасау — ежелден келе жатқан «әкелер мен балалар» дау-таласында ең жақсы дәлел болмаса керек. Бұл проблемаға бұра тартпай қарайықшы: қазір жастардың басым көпшілігі шет тілдерін баса үйреніп, басқа елдердің мәдениетіне, салт-дәстүріне ықылас қойып жүр, өз халқының рухани тамырын зерттеп, маркетинг пен менеджменттің негіздерін, басқа да ілім-білімді үйренуде. Және мұның бәрін әбден саналы түрде, жаңа білім алдағы уақытта өздеріне міндетті түрде керек болатынын толық түсіне отырып істеуде. Мұның өзі шынайы рухани байлыққа, дүниежүзілік, яғни ұлттық мәдениеттің де бастауына жеткізер жол осы емес пе?

Екінші жағынан, меніңше, жас ұрпақтың рухани және адамгершілік саласындағы мұралардан толық қол үзіп қалуының қаупін де мүлдем жоққа шығару елеулі қате болар еді. Иә, ақпарат ағынына жол ашқаннан кейін біз шынайы адамгершілік қасиеттерді әсем де жылтыр қағазға оралған арзан да жасанды құндылықтармен алмастырып жүрген бұқаралық мәдениет деп аталатын қоқыспен де кездесіп отырмыз. Әрине, жылдар өте келе жастар шынайы құндылықтарды жасандысынан ажырата білуді үйренетін болады. Ал оның күрделі әлемде бағдарын тауып, рухани бағытын анықтауына біз, аға ұрпақ өкілдері, көмектесуге тиіспіз.

Біздің көпұлтты қоғамымыздың адамгершілік негіздерін қалау мемлекеттік саясат дәрежесіне дейін көтерілуге тиіс деп ойлаймын. Анығырақ айтқанда — бұл бағытта мемлекеттік саясат қажет, таяу және алыс болашақтағы іс-қимылдардың мұқият әзірленген бағдарламасы қажет. Дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, өміріміздің қайтарымы ең көп «салалары» — білімнің, мәдениеттің, өнердің басым дамуы үшін Қазақстанда қажетті жағдайлар жасалуға тиіс екеніне барша жұрт келіседі деп ойлаймын. Адам, оның білімімен мәдениеті үшін жұмсалған қаржы мемлекеттің болашағына жұмсалғаны. Сондықтан жаңа Конституцияның жобасы адамға барынша бағытталған, оның рухани және адамгершілік мұқтаждарының қанағаттандырылуына кепілдік береді.

Негізгі принциптер

Қазіргі уақыт өткенді өзгерте алмайды, бірақ одан тағылым ала алады. 1993 жылғы Конституциядағы ағаттықтар мен шалағайлықтар, еріксіз жол берілген мәмілелер кейіннен бірқатар жағдайларда елді құқықтық және саяси тұйыққа әкеліп соқтырды.

Қысқа мерзім ішінде парламенттің екі рет тарағанын еске алайықшы. Мұның әрқайсысында ол белгілі бір дағдарысты жағдайда өтті. Ал мұндай жағдай Конституцияда көзделмеген. Оның үстіне өкіметті тежейтін және оған қарсы салмақ бола алатын жүйесін сөз жүзінде жариялағанымен, іс жүзінде Конституцияда бұлар жоқ болып шықты. Социалистік өткеніміз бен нарықтық болашақ арасындағы қыспақта қалған әр алуан түрлі және өзара үйлеспейтін ережелердің берекесіз жиынтығына айналды да бұл оны дәйектілік пен біртұтастықтан айырды.

Алғашында қолданылып келген Конституцияға мейлі көп болса да, тек түзетулер енгізумен шектелу керек деген нұсқаның ұсынылғанын көпшілік біледі. Бірақ одан соң Негізгі заңның құрылымын ауыстыру, аса принципті ережелерді өзгерту қажеттігі айқын болды, ал бұл ережелер көптеген басқа баптардың түзетілуін керек ететін, ал бәрін бірдей біртұтас және өзара байланысты құжатқа жинақтаудың мүмкін еместігі анықталды.

Соның нәтижесінде сапасы өзгеше Конституцияның жобасы сіздердің қолдарыңызда, онымен соңғы жарты жыл бойы белсене жұмыс істедім. Маған отандық заң ғылымының үздік өкілдері көмектесті. Жоба отандық және шетелдік сарапшылардың тәуелсіз талдауынан өтті.

Жекелеген ережелер қоғамдық пікірді зерттеу жолымен тексерілді. Менің ойымша, барлық бұлтарыстар мүмкіндігінше ескерілді. Ұсынылып отырған тұжырымдардағы ең өткір мәселелердің құқықтық реттелуі — аса қиын толғаныстардың нәтижесі және оның мақсаты — баршаны біріктіру, біздің қоғамымызда белгілі бір жақтардың тайталасын тудырмау. Жаңа Конституция «халықтың өкіметпен» біртұтас, анық әрі нақты шарты ретінде ойластырылып, ұсынылуы арқылы ерекше болып отыр. Ол адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің, қоғамды ұйымдастырудың,

мемлекеттік жүйе құрудың және оның жұмыс істеуінің әркімге аян іргелі жүйе түзетін басым элементтерін тағайындайды. Және бұдан басқа ештеңе де емес. Қалған жекеше сипаттағы жайттар кәдімгі немесе Конституциялық заңдарда өз алдына реттелуге тиіс.

Бұл Конституцияны халық қолдайды деп сенемін. Онда тәуелсіз мемлекеттің өзіндік сипаты бар, «халық еркіндігінің ұлы хартиясына» айналады деп сенемін. Онда тәуелсіз мемлекет ретінде, дүниежүзілік қоғамдастыққа толық құқығы бар мүше болып енген Қазақстанның өмір сүруі мен дамуының 5 негізгі принципі тұжырымдалған деп есептеймін.

Сонымен, біздің конституциялық басым бағыттарымыз мыналар болып табылады:

1. Мемлекетте оның барлық азаматтарының құқық теңдігі негізіндегі ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылық.

2. Республиканың бүкіл халқының игілігі үшін экономикалық даму.

3. Елдің тұтастығы мен оның көпұлтты халқының бірлігі.

4. Мемлекеттің бірінші кезекте Қазақстан азаматтары туралы жан-жақты қамқорлығына негізделген қазақстандық патриотизм.

5. Мемлекеттік маңызды мәселелердің бәрін референдумда немесе парламентте дауыс беру жолымен бейбіт әрі демократиялық жолмен шешу.

Жобада бұл принциптер келтірілмеген. Бірақ мен олар Конституцияның I-ші бабында жазылуға тиіс деп есептеймін.

Сіздер жаңа Конституция жобасымен танысқан болар деп пайымдай отырып, оның тек өзекті ережелеріне ғана тоқталмақпын. Қазақстан мемлекеттігінің табиғаты, оның мәні туралы мәселеден бастайын. Бұл орайда Қазақстан халқының бірлігі мен тұтастығы идеясы басым болып табылады, ол елдің жаңа Конституциясында көрініс табуға тиіс.

Өзінің қай ұлтқа жататынына қарамастан әрбір қазақстандық азамат Қазақстан — өзінің жан-тәнімен біте қайнасқан туған мемлекеті екенін, жер шарының қай түкпірінде жүрсе де ол әрқалай өзіне көмекке келуге, оның құқықтары мен бостандығын қорғауға дайын екенін сезінуге тиіс. Тек осы жағдайда ғана қазақстандық патриотизм сезімін өркендету және тәрбиелеу үшін түбірлі негіз пайда болады. Тек осы жағдайда ғана біздің азаматтарымыз қазір бүкіл дүниежүзі Қазақстан ретінде біліп отырған мемлекеттің азаматы болғаны үшін мақтаныш сезіміне бөленетін болады.

Дәл осыған байланысты жобада бұл мәселені шешудің тұтас екі жолы көзделген. Бір жағынан, біздің елімізді Қазақ республикасы деп атау ұсынылып отыр. Ол ондаған жылдар бойы Қазақ КСР-і деп аталып келді және бұл ешкімді шамдандыра қоймаған болатын. Бұл орайда екінші бапта «Қазақ Республикасы» және «Қазақстан» деген түсініктердің тең дәрежелі екендігі көзделген.

Сонымен бірге, қазір күшіндегі Конституциядағы Қазақстанның өзін-өзі билейтін қазақ ұлтының мемлекеті болып табылатыны туралы жазба біздің кейбір отандастарымыздың алаңдаушылығын туғызды.

Менің өзім үшін Қазақстан — бір ғана қазақтардың емес, елімізді мекендейтін барлық ұлттар өкілдерінің мемлекеттік өзін-өзі билеуінің нәтижесі.

Жобада Президенттік басқару нысанындағы республика ұсынылады. Мұндай мемлекеттік құрылым бүгінгі мемлекет басшысының әлдебір мүдделері мен жеке ниетінен емес, қайта объективті факторлардан туындап отыр. Және де бұл біздің еліміз үшін айтарлықтай ұзақ келешекке қажет.

Парламенттік республика кезінде үкімет басшысы мен үкімет құрамын парламент белгілейді және олар парламенттің алдында саяси жауапты болады. Оның үстіне үкімет құрамы парламентте көпшілік орынға ие болып партияның лидерлерінен құрылады. Парламент сайлаған Президенттің мемлекеттік өкіметтің жұмысына ықпалы аз болады және оның шешімдері тек парламент пен үкімет мақұлдағаннан кейін ғана күшіне енеді.

Бұл жолмен жүру үшін елде парламентаризмнің жетілген дәстүрі мен мәдениеті, көппартиялылықтың дамыған жүйесі және ең бастысы — осының бәрін ой елегінен өткізе алатын халықтың сан алуан жіктерінің түсінігі болуға тиіс. Қазір бізде бұл жоқ.

Президенттік республика түріндегі мемлекеттік құрылыс барынша икемді нысан. Ол Президенттің, парламент пен үкіметтің өкілеттіктерін нақты үйлестіруді көздейді, іс жүзінде билікті заң шығарушы, атқарушы және сот салаларына бөлетін классикалық қағиданы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл орайда бүкіл халық сайлаған Президент Конституцияны сақтаудың кепілі бола отырып, сондай-ақ биліктің барлық салаларының және халық алдындағы олардың жауапкершілігінің ұйымдастырушысы әрі төрешісі бола алады. Ол мемлекет саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, мемлекет басшысының рөлін және Конституцияны, адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндігін сақтаудың кепілді рөлін атқаруына, биліктің барлық салаларының және бүкіл мемлекеттік организмнің үйлесімді және жемісті міндет атқаруын қамтамасыз етуге көмектесетін органдар құрады. Демократиялық елде «бәрін бірдей шешетін» адам да, орган да болмауға тиіс.

Әрине, президенттік республиканың нысаны өкімет билігін дербестендіруге бейім келеді, бірақ демократиялық тежеулер бар болған кезде мұның өзі белгілі жағдайда тіпті қажет те. Мұндай басқару реформалар кезеңінде және ахуал тұрақсыз жағдайда басқа қоғамдық жүйеге көшу кезінде, сондай-ақ аумағы кең-байтақ елдер мен көпұлтты мемлекеттерде ерекше тиімді. Қазақстанда және бұрынғы одақтың басқа республикаларында болып жатқан саясаттағы түбегейлі бетбұрыстар мемлекет басшысының басқаруы арқылы мемлекеттің бақылауымен жүргізілуге тиіс, өйтпесе бәрін түгелдей сыбайласқан жемқор әрі қылмысты топтар билеп алады.

Бұрынғы одақтың аумағында мұндай тенденцияның сорақы мысалдары толып жатыр. Демек, бүкіл реформалар процесінің түпкілікті табысы үшін мұндай бақылаудың маңызы айрықша.

Президенттік республикадағы Президент қалай көрінбек? Оны бүкіл халық сайлайды, ал ол Премьер-министрді және оның ұсынысымен үкіметтің мүшелерін тағайындайды. Оларды қызметтен Президенттің өзі ала алады немесе үкіметке парламенттік сенім көрсетілмеген жағдайда осылай істейді. Парламент белгілі жағдайда президенттік өкілеттікті мерзімнен бұрын тоқтата алады, бірақ Президент те Конституцияда көрсетілген жағдайда парламентті де таратуға құқықты. Конституциялық сот Президенттің қол қойған заңдарын немесе оның жарлықтарын, егер бұлар Конституцияға қайшы келетін болса, заң күшінен айыруға құқықты.

Көріп отырғандарыңыздай, президенттік биліктің арбитрлық билікке айналуына жол бермейтін тежеулер мен жақсы салмақтар жүйесі бар. Мен жеке-дара билікті жақтамаймын. Бірақ, сонымен бірге мен Қазақстанда биліктің және мемлекеттік институттардың барлық салаларынан — жас мемлекетті дағдарыстан алып шығуға, оның аяғынан нық тұруына, шынайы демократиялық қоғам құруға қабілетті күшті өкімет құруды жақтаймын. Мұндай қоғамда азаматтар демократиялық елдің заңдарына қатаң бағынудың өзін бостандық ретінде бағалауға тиіс. Және, ең бастысы, барлық азаматтардың құқықтарының теңдігі негізінде саяси және ұлысаралық

тұрақтылықты сақтау. Күшті Президенттік өкімет билігі әрбір жеке азамат пен, тұтас алғанда, бүкіл қоғамды қорғау мүддесі жолында барлық деңгейдегі мемлекеттік құрылымдардың өктемдігін шектеуге және оның жолын кесуге тиіс.

Оркестрде бір дирижер болуға тиіс, сонымен бірге ол әрбір сазгердің абыройы мен міндетін төмендетпеуі керек. Өткен жылдардың тәжірибесін талдай келіп, басқаша жолды көре алмай отырмын. Өзіміздің жаңа тарихымызда біз алғашқы қадамдар жасаудамыз және олардың былықтың күшеюіне немесе жаңа қоғамдық тығырыққа тірелмеуі өте-мөте қажет. Дүниежүзілік ахуал, сайып келгенде, бүкіл әлем тек демократия тілімен сөйлейтіндей кезеңге карай ілгерілеп барады дегенге сенетін ел басшыларына қосыламын. Біздің де осы бағытта жүруге тиіс екеніміз даусыз.

Мен демократияға терең берілгенмін, сондықтан осынау биік мінберден өзімнің жүрекжарды сөзімді мынадай тұжырыммен аяқтағым келеді: «Демократияға байыпты қарайтын адамға алынбайтын бөгет қойылады, ал оны жек көретіндерге — шексіз мүмкіндіктер беріледі».

Әлем алуан қырлы, оның тартымдылығы да осында: ішкі мәні бірдей бола тұрғанымен демократияның бірдей нысандары жоқ, әр ел міндетті түрде өзіне тән бір ерекшелік қосады.

Бұрын айтылғанындай, біз үшін демократияны құрудың басты шарты бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау, реформаларды тереңдете түсу, жемқорлық пен ұйымдасқан қылмысты жою болып табылады. Әлсіз өкімет елде ең қарапайым тәртіптің өзін орната алмайды, тіпті, соншалықты қымбатқа түскен реформаларды орға жығады. Бұл менің ойымнан шығарғаным емес, объективті шындық. Шешуші сөзді Қазақстан халқы айтады.

Жұртшылықты толғандырған жерге жеке меншік енгізу және азаматтық проблемалары, менің пікірімше, Конституция жобасында оңтайлы шешімін тапқан. Жердің мемлекеттің меншігінде де, жеке меншікте де бола алатыны Конституциялық жолмен түңғыш рет айқындалып отыр.

Нарықтық экономика жағдайында жер сату — сатып алу объектісі болуға тиіс. Бірақ, біздің шындыққа келейікші. Қазір ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді осында жұмыс істеп жүрген біздің азаматтарымыздың қолында қаражаты болмай тұрған кезде сату мен қайтадан сатудың жаппай процесін енгізу бұл адамдарды тонап алуды, олардың еріксіз жатақ болуына әкеліп соғар еді.

Біздің қоғамымыз жерге жаппай жеке меншік енгізуте әлі дайын емес. Жер — кез келген мемлекеттің басты байлығы болып табылады. Конституцияны жасау жұмысы процесінде көптеген елдердің жер қатынасы саласындағы практикасы зерттелді. Барлық елдерде де өз ерекшеліктері ескеріле отырып, бұл мәселе көптеген түсініксіз ескертпелерді алға тарту арқылы аса мұқият та сақтықпен шешілген. Иә, оларда жер сатылады және қайта сатылады, бірақ бұл процестер өмірлік маңызды ұлттық мүдделерге қысым жасауға мүмкіндік бермейтіндей шеңберде және тиісті процедуралар арқылы жүргізіледі. Біздің қоғамымыз оның басқарушы органдарымен шаруашылық субъектілері осы проблеманы білу мен түсінудің мұндай деңгейіне әлі жете қойған жоқ. Сондықтан біз тек өзімізге ғана емес, еліміз азаматтарының келесі ұрпақтарының да меншігі болып табылатын өзіміздің басты байлығымыздан бір-ақ сәтте айрылып қалу қаупіне душар болуымыз мүмкін.

Сондықтан біздің Конституциямыз «жай жүріп жалпақ бас» принципі бойынша «жүріп келеді» және бұл мәселелердің болашақта шешілуін көздейді. Ал қазір жердің жеке меншікке тек заң бойынша белгіленген негізде, шартта және шекте бо-

луы ықтималдығы қарастырылған. Осы ережеге сүйене отырып, бау-бақшаға және үй жанындағы учаскеге, сондай-ақ кәсіпорынның технологиялық жұмысы үшін қажетті жерге ғана жеке меншік енгізілетін болады.

Бұлардың соңғысы отандық және шетелдік инвестордың біздің елімізде өз кәсіпорнын батыл ашуына мүмкіндік береді. Өндірістік аумаққа жеке меншік құқығының болуы оны жергілікті өкімет орындарының өктемдігі мен неше түрлі қоқан-лоққы жасаушылардан қорғайды. Жерге жеке меншік енгізу туралы мәселеге тым саяси мән беріліп жүргенін ескерте кетейін. Қазір күшіндегі жерді 99 жылға мұрагерлікпен пайдалануға болатындай етіп, ұзақ мерзімге жалға берудің «толық» жеке меншікке беруден айырмашылығы аз. Тек бұл құқықты жалға берушінің өз бетімен мерзімін қысқарта алмайтындай және әлдебір ойдан шығарылған талаптар қоя алмайтындай нысанға енгізу керек.

Азаматтыққа келер болсақ, Конституция ешкімді де шет қалдырмай тек Қазақстан азаматтығын ғана бекітеді. Бізде Ресеймен азаматтық берудің өзара жеңілдетілген нысаны туралы келісімге қол қойылғанын білесіздер. Таяуда мен бұл тәртіпті бүкіл ТМД кеңістігіне тарату туралы мәселе қойдым. Қазір біз азаматтық берудің жеңілдетілген нысаны жөніндегі концепцияның жобасын дайындап жатырмыз және оның ТМД мемлекеттері басшыларының келесі кездесуіне қарауға ұсынбақпыз.

Реформалау процесін бастан кешіп жатқан және ішінара өзара сенімсіздікке ұшыраған қоғам жағдайында тек біртұтас азаматтық қана айқындық енгізіп, адамдардың санасындағы екіұдайлықты жояды. Екі тұғырға сүйену ешқашан да жемісті болып, абырой әперген емес. Негізгі принциптерде айтылғанындай, біз тек Қазақстан азаматының жағдайы басқаның бәрінен басым болатынын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Тіл жөнінде айқындалу бәрінен қиын болды. Түрлі ықтимал нұсқалар қаралды. Талай рет жүргізілген әлеуметтік сауалнамалар мен ұзақ айтыстардан соң қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қалдырылсын деген бір тұжырымға келдік. Оған мемлекеттік органдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілмен қатар орыс тілі ресми түрде қолданылады деген мазмұндағы маңызды ереже қосылды. Бүгінгі таңда бұл проблеманың ең оңтайлы шешімі деп ойлаймын. Бұған қоса белгілі бір тілді білмегендігі үшін азаматтардың құқығын кемсітуге тыйым салатын арнайы ереже енгізілді. Тиісті баптың орындалуына қатаң мемлекеттік бақылау жасалды.

Бірден айтайын, қос мемлекеттік тіл енгізу туралы ұсыныстар болды, олар барынша мұқият және жан-жақты талқыланды.

Халықтың әр түрлі топтарында қоғамдық пікірді зерттеу жүргізілді. Ақырында көптеген себептер бойынша мұның жарамсыздығы туралы пікір басым түсті. Мұндай жағдайда азаматтардың барлығы үшін екі мемлекеттік тілді білу міндетке айналатыны — маңызды дәлелдердің бірі бола алады. Қазір бұл мүмкін емес, сонымен қатар осының салдарынан шиеленістер мен қақтығыстардың туып кетуі ықтимал екені өздеріңізге де түсінікті.

Қазақ тілінің мемлекеттілігі ең алдымен оны қазақтардың өздері меңгеруі үшін қажет. Бұрын оның әдейі аз талап етілуі салдарынан, көптеген қазақтар қазір ана тілін нашар біледі, бірталайы мүлдем білмейді. Бұған олар кінәлі емес. Ал тағы да екінші мемлекеттік тілді енгізу қазақ тілін тұйықтап, іс жүзінде теңсіз жағдайын тереңдете түсер еді. Мұның өзі қазақтарға жасалған тарихи қылмыс болар еді және бұрынғы империялық саясаттың салдарын жоюдағы біздің дәрменсіздігімізді көрсетер еді.

Біздің тағы бір маңызды нәрсені ескермеуімізге болмайды. Кейбіреулердің ұсынғанындай, мемлекеттік қазақ тілін сақтамау қазақтарды мемлекеттік тілі сақталған Орта Азиядағы көршілерінің алдында ғана емес, сонымен бірге ТМД-ның басқа да елдерінің алдында кемшін жағдайға қояр еді. Бұл әсіре ұлтшыл топтардың пайдаланып кетуі мүмкін ұдайы тұрақсыздандыру факторына айналар еді.

Тіпті, Кеңес өкіметінің кезінде де бізде казақ тілі мемлекеттік тіл болды. Егер Қазақстан егемен ел болмаса да, қазақ тілін қайта өркендету мәселесі көтерілетінін түсінген абзал. Өзіне тән мәдениеті бар, әлемдегі 1113 халық пен ұлттың арасында саны жағынан 80-ші орын алатын, миллиондаған өкілі бар өмір сүріп отырған халық тапа-тал түсте өзінің тарихи Отанында ана тілінен айырылып, басқа бір ұлысқа сіңіп кетуіне ешкім де бұдан былай төзбес еді. Ал бұрынғы Кеңес Одағының бүкіл аумағында осындай, шын мәніндегі арсыздық әрекет белсенді түрде жүргізіліп келді және ол барлық халықтарға қатысты болды.

Егер орыс тілі туралы айтар болсақ, оның қазіргі бекем жағдайы сол қалпында сақталады, өйткені ол қоғамда мемлекеттік тілмен қатар ресми түрде қолданылады деп көзделген. Басқаша айтқанда, Қазақстанда орыс тілінде алынған оқу мен білімнің қажеттілігі, аттестаттар мен дипломдардың басқалармен тең бағаланатындығы сақталады. Бұл біздің ұлты орыс азаматтарымыздың өз келешегі және өз балалары мен немерелерінің тағдыры үшін алаңдауын тыюға тиіс.

Орыс тіліне нақты мәртебе беруге қарсы шығып жүргендерге ашық айтқым келеді: оның ресми тіл ретіндегі мәртебесі елдің орысша сөйлейтін азаматтарының тең құқығын қамтамасыз етеді. Тек бұл ғана емес. Мұның өзі біздің білім алуымызға, дамуымызға қажетті ақпараттарды алып жүрген тілге деген құрметіміз. Бұл — қазақтарға жан дүниесі жақын орыс халқына және бұдан былай да бауырластық сенімді қатынастарды сақтап, дамыта бергіміз келетін Ресейге деген сөз жүзіндегі емес, іс жүзіндегі құрметіміздің көрінісі.

Орыс тілі бұрынғысынша білім берудегі басты тіл және алуан түрлі ақпараттар алудың негізгі көзі екендігі аян. Көптеген қазақтар осы тілде жоғары білім алуда. Ұлы Абайдың өсиетін еске түсіріп көрейікші: «Орыс тілін білсең, көкірек-көзің ашылады... орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті...» Республиканың барлық тұрғындары дерлік орыс тілінде сөйлейді. Сондықтан орыс тілі төмендетіліп отыр деуге еш негізі жоқ.

Мәселе мынада, бұрынғы абсолютті түрдегі этникалық жайлы жағдай мен орыс тілінің бәрін де қамтитын монополиясында кейбір өзгерістер болды.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы — орыс тілінің қолданылу аясын тарылту мақсатымен оған ор қазу емес, қайта қазақ тілінің жоғалып кетуін болдырмауға және оны Қазақстандағы орыс тілінің деңгейіне дейін көтеруге деген ұмтылыс екендігін баршаның түсінуі және қабылдауы қажет. Тіл төңірегіндегі айтыстар кезінде орыс тілінің шектес жатқан Ресей тәрізді қуатты да мәңгілік бесігі тұрғаны тәрізді маңызды жайт назардан сырт қала береді.

Осылардың бәрін қоса алғанда, «таяу болашақ ішінде осы ұлы тілге төніп тұрған қауіп бар ма?» деген сұрақ туады.

Ал сонымен қатар лингвист-ғалымдардың пайымдауы бойынша, қазақ тіліне төнген қауіп қазірдің өзінде аса зор болып отыр. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілгеніне 5 жыл өтсе де, оның қоғамдағы жағдайының өзгере қоймағанына өкінемін. Сондықтан басқа тілдердің кемсітілуіне жол берместен қазақ тілін сауықтыру жөніндегі арнаулы Заң мен әбден ойластырылған, салмақты шаралар қабылдау талап етіледі. Бұл Конституцияның өтпелі кезең ережелерінде жазылған.

Жобада құқықтар мен бостандықтар туралы нормалар жаңаша ұсынылған. Олар өкіметтің қоғамға «барқыт қолғап киген темір қолын» көтеруі мүмкіндігінің жолын кеседі.

Бұл бөлімге тек азаматтың ғана емес, сонымен қатар адамның да құқықтарына қатысты нормалар алғаш рет енгізілген. Онда адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын өктемдікпен шектеудің кез келген түріне қатаң Конституциялық кедергілер қойылған.

Өзінің социалистік мазмұны бойынша сан алуан, әсем сөзбен өрнектелген және шексіз құқықтар мен бостандықтардың орнына Конституциялық жаңартылған бөлімінде күнделікті өмірде нақты қажет және іс жүзінде асырылатындары ғана келтірілген. Әңгіме әр адамның қажетті қорғанысты қоса алғанда заңға қайшы келмейтін барлық әдістер арқылы өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау және сот арқылы қорғамау, заңмен сот алдында барша адамның теңдігі, кез келген белгілері бойынша цензура мен құқықтарын кемсітуді болдырмау құқығы, сондай-ақ, басқа да нормалар туралы болып отыр.

Жобаға адам мен азаматтың жеке бостандығының классикалық элементтерін құрайтын төмендегідей қосымша конституциялық құқықтары: жеке басының бостандығы, құқығы және оған ешкімнің қол сұға алмауы; жеке басының және отбасылық құпиясы, өзінің абыройы мен жақсы атын қорғауы; жеке салымдары мен жинақтарының, жазған хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөзінің, пошта, телеграф арқылы жолдаған және басқа хабарларының құпиялығы; өзінің қай ұлтқа жататынын көрсетуді немесе көрсетпеуді таңдай алу құқы; өз ана тілі мен мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас тілін, тәрбиесін, оқуын және шығармашылығын еркін таңдау құқығы енгізілген.

Жобада адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін көбірек айтылып қана қоймай, сонымен қатар белгілі бір конституциялық шектеулер де қойылғанын ескерте кетуге тиіспін. Бірақ бұл конституциялық құрылысты, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен адамгершілік мұраттарын қорғау мақсатында қаншалықты қажет болса, соншалықты деңгейде ғана болмақ. Біздің еліміздегі ұлтаралық келісімді бұза алатындай кез келген әрекет Конституцияға жатпайды деп танылатыны айрықша атап көрсетілген.

Азаматтардың бірлестіктеріне келетін болсақ, мұнда мақсаттар мен іс-әрекеттері конституциялық құрылысты өзгертуге, мемлекетіміздің тұтастығы мен оның қауіпсіздігіне қатер төндіруіне, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, сословиелік және рулық араздықты қоздыруға, сондай-ақ заңда көрсетілмеген әскерилендірілген құрамалар құруға бағытталған бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынады. Демократияның үлгісі ретінде саналатын көптеген елдерде мұндай шектеулердің бар екенін ашық көрсеткім келеді. Біз енгізіп отырған құқықтар мен бостандыққа қатысты конституциялық нормаларда, сондай-ақ шектеулерде Франция, Германия сияқты, басқа да елдер конституцияларының тәжірибесі толық ескерілген.

Азаматтардың конституциялық міндеттерін қайта қарау барысында біз бұл міндеттерді қабаттастыра беру олардың орындалуына кепілдік бермейді деген тұжырымды ескердік. Қайта керісінше — жүзеге аспайтын қағидалардың көптігі кереғар пікір туғызады. Сондықтан азаматтық міндеттердің тізімі ішінара ғана жаңартылды, ол тарих пен мәдениетті сақтау, табиғатқа, табиғи байлық пен қоршаған ортаға жаңашырлықпен қарау туралы қамқорлықты қамтиды. Бұл дұрыс істелді деп ойлаймын.

Парламент туралы конституциялық ережелер неғұрлым түпкілікті өзгерістерге ұшырады. Біздің әлемдік тәжірибеге қарай, оны реформалау жөніндегі бұрынғы әрекетіміз жартыкеш шаралар болып шықты.

Президенттік республика жағдайындағы парламент дегеніміз — құзыры айқын белгіленген, халықтың қамын шынымен ойлайтын және оның мүдделерін қорғаушы демократияшыл және баршаға түсінікті заңдарды қабылдайтын, таза заң шығарушы орган.

Сондықтан біз көптеген елдерде тексерілген, екі палаталы парламент құру жолына түстік. Бұрын бұл идеяны депутаттар қабылдамаған болатын.

Қазір елде байыпты да жемісті түрде заңдарды әзірлеумен айналысатын, сан жағынан ықшам, екі палаталы заң шығарушы орган құру көзделіп отыр. Биліктің басқа салаларына парламенттің бұрынғыдай, көбінесе негізсіз қысым жасауына жол бермес үшін, оның заң шығару қызметінің ауқымы Конституцияда егжей-тегжейлі белгілеп берілген. Өкімет билігінің әрқайсысы басқасы таласпайтын өз шаңырағына ие болады.

Біріншіден, бұл орган баршаға түсінікті «парламент» деген сөзбен аталады. Жоғарғы палата — сенат (аудармасыз) — әрбір облыс пен астанадан екі адам қатысатын барлық облыстың мәслихаттар депутаттарының жиналысында жанама түрде сайланады. Төменгі палата тікелей сайлау жолымен 55 депутаттан құрылады. Ол мәжіліс (бұл да аудармасыз) деп аталады.

Ал Президенттің сенатқа 7 депутатты тағайындауы белгілі бір күдік туғызуы мүмкін. Мұндай практика Азия мен Латын Америкасы елдері үшін әбден үйреншікті. Ал оның мәнісі заң шығарушы органда әлде бір «президенттік қосын» құру ниетінде емес. Бұл депутаттардың кәсіпкерлік, тіпті, ұлттық десек те болатын құрамын нығайту құралдарының бірі. Қиялға берілмей-ақ қояйық — депутаттар корпусының тиімді жұмысын қалыптастыру ісі ұзаққа созылады, сондықтан оны мемлекеттік тұрғыдан ойлайтын жігерлі, лайықты адамдармен ұдайы толықтырып отыру әбден орынды.

Мұнымен қоса 7 адам сенаттың шешімдерін қабылдауда басым ықпал жасай алмайды.

Сіздердің назарларыңызды тағы бір елеулі екі нәрсеге аударғым келеді.

Біріншіден, екі палаталы парламент жұмысының конституциялық тұтқасы палаталардың бірлескен мәжілістері едәуір сирек құбылыс болатындай етіп жобаланған. Ал негізгі тынымсыз заң шығарушылық жұмысы палаталарда тікелей жүргізілетін болады.

Екіншіден, жинақталған келеңсіз тәжірибені ескере отырып, депутаттың конституциялық мәртебесі айтарлықтай өзгертілді. Ол өзін-өзі айрықша тұлға ретінде сезінетіндей емес, қайта халықтың шын мәніндегі қызметшісі дәрежесіне қойылады. Ол өзінің жұмысы үшін нақты жауап беруге тиіс және салақсып өз міндеттеріне немқұрайды қараған жағдайда парламент палаталарының өзінде жазалау шараларына ұшырауы мүмкін. «Депутаттық мерзімін өтегендер» үшін бұрынғыдай қамқоршылық болмайды: олардың бұрынғы қызметіне ешкім кепілдік бермейді. Айтқандайын барлық өркениетті елдерде осылай қабылданған. Өйткені, бұл кәсіптік парламент қой. Ал оны парламенттің мүшесі рөліндегі қызметті өзінің өмірлік жолына айналдыруды көздеген адамдар баруға тиіс.

Оның үстіне мемлекет басшысының өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату тетігіне қарсы парламенттің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатудың негіздері мен тәртібі тұжырымдалған. Бұл әдепті түрде, елді сайлаудың әуресінен сақтай отырып, парламенттің тұрақтылығына нұқсан келтірмейтіндей етіп жасалды.

Үкіметтің мәртебесі де жаңартылады. Министрлер кабинеті туралы конституциялық заңның жоқтығы оның практикалық жұмысында, оның Президентпен, парламентпен, жергілікті органдармен өзара іс-қимылында көптеген проблемалар туғызып отыр. Сондықтан осының бәрін айқын конституциялық негізге қою қажет екені түсінікті.

Жаңа Конституция жоғары мемлекеттік органдардың жүйесінде үкіметтің тиісті орнын нақты айқындайды. Сөйтіп, Министрлер кабинетінің мүшелері бірде Президентке, бірде парламентке ұдайы жалтақтап, іс жүзінде екі әміршінің қызметшісі болып келген екіұдайлықты жояды.

Қазіргі Конституциядан айырмашылығы, мұнда үкіметтің негізгі функциялары нақты тұжырымдалған, ел Президентінің жаңа мәртебесін ескере отырып, үкімет қызметінің негізгі бағыттарын айқындайтын және оның нәтижелері үшін жеке жауап беретін Премьер-министрдің өкілеттігі кеңейтілген.

Парламент пен үкіметтің өзара қарым-қатынасында ұстамдылық пен қарсы салмақтың аса елеулі тетігі енгізіледі.

Біріншіден, Президент Премьер-министрді парламенттің келісімінен тағайындайды. Бұл болашақта парламент сайлауында жеңіп шыққан партияның пікірін ескеруге мүмкіндік береді. Бұл Президенттің үкімет мүшелерін тағайындауы кезінде де ескерілетін болады. Екіншіден, Министрлер кабинеті өзінің заң жобаларының парламентте өтуіне белсенді түрде ықпал етуге және, айталық, елдің қаржы жағдайы көтермейтін заңдардың қабылдануына кедергі жасауға мүмкіндік алады. Парламент үкіметтің қызметіне бақылау жасау мүмкіндігіне және үкіметтің бүкіл құрамына немесе оның кез келген мүшесіне сенімсіздік білдіру құқығына ие, сенім білдірілмеген адамдар осыдан кейін қызметінен кететіні туралы Президентке арыз беруге тиіс.

Ақыр аяғында, үкімет мүшесінің конституциялық мәртебесі, оның жауапкершілігінің негіздері мен процедурасы алғаш рет белгіленіп отыр.

Конституцияны жасау процесінде өкімет билігін оның тармақтары арасында бөлу ғана емес, сонымен қатар оның ақылға сыйымды дәрежеде тепе-тең болуын қамтамасыз ету міндеті де тұрды. Атап айтқанда, Конституцияның үкіметшіл болып шығуынан іргені аулақ салу керек болды. Өкімет билігі де сынаптай сусыма болып келеді. Оның бір тармағының әлсіреуі екіншісінің күшеюіне әкеліп соқтырады және бұл міндетті түрде елеулі проблемаларды алға тартады. Үкіметтің бір жақты түрде күшеюі парламентті ғана әлсіретіп қоймай, сонымен қатар белгілі бір жағдайда Президентті де бейнелі тұлғаға айналдырып жіберуі мүмкін, бұл орайда сырт қарағанда бәрі де бабында тәрізді көрінетін болады. Мұндай сәт те ескерілді.

Енді, сот билігі туралы. Конституцияның сот жүйесін реформалау туралы ережелері асқан қиындықпен және пікірлердің тым алшақтығы жағдайында өтті.

Басқа тармақтардың бір де бірінде адам табиғатында қарсы тұру әу бастан-ақ бар екендігі дәл анық көрінген емес. Бірақ сот құрылысы мен қарау принциптерін бұрынғыдан ұйымдастыруға деген түбегейлі бетбұрыстың мүмкіндігі бұдан кейін болмайтынын және қалмау қажеттігін бәрі де түсінді. Жобада соттардың қызметіне заңда көрсетілген формаларына қадағалауды жүзеге асыратын қылмыстық, әкімшілік және басқа соттарға жөніндегі жоғары сот органы ретінде қалыптастыру көзделген. Оған сот практикасының мәселелері бойынша міндетті түрде түсінік беру құқығы беріледі. Шет елдердегі сот билігін ұйымдастыру тәжірибесін зерттеу мен соттарды біріктіру едәуір нақты іс екендігі және бұдан олардың жұмысындағы тұрақтылықтың бұзылмайтындығы туралы салдарлы қорытынды шығарылуы итермеледі.

Конституция сот жүйесін қалыптастыру тәртібін түбірінен өзгертеді.

Бірінші кезекте әңгіме сот жүйесінің жоғары буынын Президенттің ұсынысы бойынша парламенттің сайлап қоюының принциптері туралы да, сондай-ақ одан төмен тұратын барлық судьяларды мемлекет басшысының тағайындайтыны туралы да болып отыр. Мұндай жағдайда судьяның өз қызметі үшін ешкімнің алдында жауап бермейтін бұрынғы практика тоқтатылып, мемлекет атынан сот жүргізу үшін судья мантиясын кимек болған адамдардың даярлық деңгейін тексеру мүмкіндігі пайда болады.

Әр судья тәуелсіз де білікті әділет алқасындағы аттестациядан өтуге тиіс болады.

Судьяларды тағайындау екі бірдей мүлдем жаңа органның Жоғарғы сот кеңесі мен білікті әділет алқасының барынша белсенді рөлі аясында жүргізілетін болады, бұл органдарға Парламент палаталары өз өкілдерін тағайындайды. Мұның өзі судья өкілеттігін беруді әлдебір құпия әрекетке емес, мөлдір де демократиялық процеске айналдырады. Бұл орайда неше түрлі айла-шарғылардың жүзеге асуы мүмкін емес. Сонымен қатар Конституцияда судьялардың тұрақты түрде жұмыс істейтіні атап көрсетілген, олардың тәуелсіздігі заң арқылы қорғалады.

Жобада Конституциялық сот түрінде Конституцияның дербес сот қорғауы институты сақталып қалады. Сонымен қатар бұрын ол өзінің заңгерлік қызметіне зияны тиетіндей, белгілі бір саяси қызмет міндеттеріне ие болуға ұмтылғанын да ескеру қажет. Бұл осы органның тұтас алғанда құқықтық мәртебесінің пысықталмағанын білдіреді. Бұған қоса тіпті оның үстінен кассациялық шағым жасайтын орган да жоқ. Бір топ адам бәрін өздері шешіп, оларға ешкім қарсылық білдіре алмайтынына жол берілмегені жөн. Бұл жерде ойланарлық себеп бар.

Прокуратура туралы нормаларға жеке тоқталғым келеді. Әділ соттың бұл органына қатысты бастапқы нүкте ретінде біз қоғамды реформалаудың қазір жүргізіліп жатқан процестері табысқа жетуі үшін біртұтас құқық қолдану практикасы мен заң бұзушылықтың жолын шұғыл кесуді қамтамасыз ету және нығайта түсу талап етілетінін ескердік. Сондықтан Конституция прокуратураның жұмыс аясын нақтылап, бақылау қызметі саласында оның міндеттерін кеңейте түседі, прокуратураның өз өкілеттігін жүзеге асыруы басқа мемлекеттік органдарға, лауазымды адамдарға тәуелді еместігі қуатталады және оның Конституцияны, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретіндегі Президент алдында ғана есеп беруін енгізеді.

Жобада прокуратураға қылмыстық қудалау қызметін беру көзделмеген. Мұндай шешімнің пайдасына дәлелдер бар.

Өйткені, қазір прокуратура өзі қылмыстық іс қозғап, оларды өзі тергейді және сотта осы істер бойынша өзі айыптайды, бұл, әрине, дұрыс емес. Бірақ, сонымен қатар, белгілі бір күдіктер де бар. Осы мәселе бойынша сіздердің пікірлеріңізді білген жөн болар еді.

Енді жергілікті өкіметті ұйымдастыру проблемалары туралы. Біріншіден, жергілікті басқару туралы ережелерге айрықша өзгерістер енгізілген жоқ.

Олар мемлекеттік құрылыстың осы саласын реттейтін заңдарда толық дамытылатын болады. Екіншіден, бұл орайда шын мәнісінде көптеген нұсқалар бар, сондықтан тәжірибені жете талдамай тұрып және біздің жағдайымызға сай келетін жаңа тәсілдерді ғылыми тұрғыдан негіздеп алмайынша олардың біреуін таңдап алуға болмайды. Осы заң жобасы өзінің еліміз бен реформалар тағдыры үшін маңызы жағынан Конституциядан кейін екінші орын алуға лайық.

Бұл бөлімде алғаш рет жергілікті өзін-өзі басқару туралы нормалар пайда болғанын атап өтпекпін. Біздің ұлан-ғайыр әрі аймақтарының даму деңгейі жөнінен

алуан түрлі болып келетін елімізде осындай маңызды саяси және қоғамдық институтсыз алға басу мүмкін емес. Бәрін де және барлығын да тек астанадан немесе жергілікті орталықтан реттеп отыруға және проблемаларды шешуге болады деп ойлау шындыққа сай келмейді. Адамдардың өз аумағындағы парасаттылық көрсетіп, өз еркімен бастама көтеруі жемісін молынан береді және бұл бүкіл дүние жүзінде жоғары бағаланады.

Енді жаңа Конституцияны қалай қабылдау керектігі туралы. Қазір күшіндегі Негізгі Заң парламенттік жолмен қабылданғаны, яғни оны республиканың Жоғарғы кеңесі қабылдағаны баршаға белгілі. Бұдан бұрын да айтып өткенімдей, осыдан 2 жылдан астам уақыт бұрын тыныштық пен қоғамдық келісімді сақтау үшін депутаттар корпусымен белгілі бір мәмілеге келуге мәжбүр болдық. Алайда, уақыт көрсеткеніндей, бұл мәміле бізге тым қымбатқа түсті, осының нәтижесінде біз қазір бәрін жан-жақты қамтитын конституциялық реформа алдында тұрмыз.

Салдарына баға беру қиынға түсетін осы жылғы ең маңызды саяси оқиға туралы әңгіме болып отырғанын сезінгендіктен, мен жаңа Конституцияны қабылдау мәселесінде біздің тек бір ғана дауымыз — халыққа, оның өз ерік-жігерін білдіруіне ғана жүгінуіміз қалды деген бір мәнді қорытындыға келдім.

Конституция жобасын референдумға ұсыну табиғи заңды шешім. Мұндай жеңіл жол жоқ.

Мен 1991 жылғы желтоқсанның 1-інде өзіме көрсетілген сенімді есімде сақтап, оны бағалаймын. Сондықтан оны ақтау үшін барлық тайталасқан күштер мен факторларға қарамастан бәрін де істеуге тырысамын. Бұған сіздердің сенулеріңізге болады.

Сіздерді және өзімнің барлық отандастарымды осындай жауапкершілікті түсінуге шақырамын, өйткені, ұлы өзгерістер заманында өмір сүріп, жұмыс істеу біздің үлесімізге тиіп отыр. Біз атқарып жатқан істердің өміршең маңызымен қатар, тарихи да мәні бар. Біздің бүгінгі ісімізге қарап ұрпақтарымыз бізге баға беретін болады. Қазақстанның XXI ғасырға қалай кіретіні біздің балаларымыздың тағдыры қалай қалыптасатыны өзімізге байланысты болмақ, өйткені, тек халық қана мемлекеттік өкімет билігінің бірден-бір қайнар көзі және егемендіктің иесі болып табылады. Енді референдумда Қазақстан Конституциясының қандай болғанын қалайтынын азаматтардың өздері шешсін. Тек осы жағдайда ғана ол шынайы халықтық болмақ, тек осы жағдайда ғана біздің жаңа Конституциямыз — өкімет билігі үшін іс-әрекеттің қоғам белгілеген ережелері деп айтуымызға болады.

Жаңа Конституцияны референдум арқылы қабылдау барлық қазақстандықтарды аса маңызды саяси шешімнің қабылдануына қатысушы етеді. Олар бұдан былай сырт бақылаушы емес, елдің Негізгі Заңының ережелерін сақтауға және оны мүлтіксіз орындауға жауапты және мүдделі адамдар ретінде болады.

Нақ осы бүкілхалықтық дауыс беру оқшауланудың, топшылдық пен жершілдік мүдделердің ықпал етуінің, неше түрлі басқаның сойылын соғудың орын алуына ешқандай мүмкіндік қалдырмайды. Егер біз конституциялық реформаны жүзеге асырудың парламенттік немесе басқа жолымен жүрген болсақ, мұндай келеңсіз құбылыстар сөзсіз ұшырасқан болар еді. Оның үстіне жұрттың бәрі сілтеме жасауды ұнататын әлемдік тәжірибе де Конституцияны референдум арқылы қабылдау — шынайы демократиялық және ең кеңінен таралған жол екендігін көрсетеді.

Сонымен, Қазақстанның жаңа Конституциясын референдумда қабылдау — бірден-бір сенімді де ықтимал жалғыз жол екендігіне өз басымның ешқандай күмәнім жоқ.

Біздің еліміз бүкіл адамзат баласы келе жатқан жолға түпкілікті және біржолата бет бұрды. Сондықтан жаңа Конституция қоғамдық келісімнің аясын кеңейте түсуге жағдай жасап, Қазақстан халқының жалпы адамзат өркениетінің дамуына өзіндік үлесін қосуға деген шешімін нығайта түседі.

Еліміздің Конституциясы мен заңдарын қатаң ұстана отырып, қазіргі және келер ұрпақ үшін талмастан еңбек ету арқылы біз өзіміз гүлденген Қазақстанды мұра етіп қалдыратын болашақ ұрпақтың алғысына лайық болатынымызға сенімдімін.

Жаңа Конституцияның негізгі белгілері осындай. Ол біздің көпұлтты мемлекетіміздің стратегиялық мүдделеріне сәйкес келетін біртұтас та толыққанды құжат ретінде жасалды.

Конституцияның осы жобасының көптеген ережелері қазіргі күрделі де қиын уақытта қоғамға дұрыс бағдар беруге арналған. Бірақ оның негізіне демократиялық құқықтық мемлекеттің мәңгі жасайтын іргелі қазыналары мен өлшемдері алынған. Бұл болашақта өмірге жаңа көзқараспен қарайтын адамдар келетінін, жаңа сипаттағы жағдайлар туатынын және осыған байланысты жаңа заңдар пайда болатынын теріске шығармайды.

Қорытындыда өзім аса маңызды деп санайтын бірнеше тұжырымды бөліп атағым келеді.

Біріншіден, қоғамды реформалаумен айналысып жатқан мемлекет азаматтық тыныштық пен саяси тұрақтылық жағдайында өтпелі кезеңнен өтуге тиіс.

Осы ереже сақталмаған жерде қоғамның өтпелі жағдайы ондаған азапты жылдарға созылып, адамдар реформалар туралы емес, тірі қалудың көкейкесті мәселелерін шешумен айналысатын болады.

Екіншіден, этникалық төзімділікті сақтаудың қоғамдық татулық үшін орасан зор маңызы бар екендігі сөз болғанда, адамдардың әлеуметтік араздық пен өшпенділік сезімінің құлына айналуына жол беруге болмайтынын ескерген жөн. Мұның одан да зор бүлдіруші салдары болуы мүмкін. Міне, осы арада мұның қоғамдық қақтығыстарға айналуына жол бермеуге тиісті партиялар мен қозғалыстардың рөлі аса маңызды болмақ.

Үшіншіден, орташа жіктің қалыптасуы тек адал еңбекке, қабілетке, адамгершілік пен өнегелілікке ғана негізделуі тиіс. Осындай жағдайда ғана ол жүргізілетін реформалардың әлеуметтік ұйтқысы болатындай құқыққа ие болмақ.

Төртіншіден, біздің табысқа жетуіміздің негізгі қайнары — табиғи ресурстар мен геосаяси жағдайымыз ғана емес, шетелдік несиелер немесе реформалардың өзгеше үлгілері ғана емес, сонымен бірге өзіміздің орнықтылығымыз бен өз күшімізге деген сеніміміз болып табылатынын бәріміз түсінуге тиіспіз.

Бесіншіден, Қазақстанда тұлғаландырылған демократияны емес, тұрақты саяси жүйеге шынайы көппартиялылыққа, бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігіне, адам мен азамат құқықтарының сақталуына негізделген демократияны құру керек.

Сіздерге көңіл қойып тыңдағандарыңызға алғыс айтамын және баяндама мен Конституцияның жобасын сындарлы түрде талқылауға шақырамын.

Ассамблея мүшелерінен Конституцияның жобасын ассамблеяда және бүкілхалықтық талқылаудан кейін оны республикалық референдумға жіберу жөніндегі менің ұсынысымды қолдауын өтінемін.

Жалпыхалықтық талқылауды есепке ала отырып пысықталған Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясы жобасының баспасөзде жариялануына байланысты баспасөз мәслихатында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1995 жылдың 1 тамызы

Президенттің қаулысына сәйкес, 30 маусымнан бастап, 30 шілде бойынша Қазақстанда барлық жерде елдің жаңа Конститутциясының жобасы талқыланғаны белгілі. Енді ол аяқталды, сондықтан кейбір қорытындыларын шығаруға болады.

Республиканың көпұлтты халқы Негізгі заңның жобасына шынайы мүдделілік танытып, оны бірден терең әрі жан-жақты зерттеп, талқылауын бастады. Бұл түсінікті де — себебі, бұл құжаттың елдің болашағы толғандыратын миллиондаған адамдардың, демек, біздің барлығымыздың да тағдырымызға қатысы бар.

Өткен айда республикада Конституция жобасын 33 мыңға жуық ұжымдық талқылаулар болып өтті, оларға 3 млн. астам адам қатысты. Онда азаматтар, ұжымдар, жергілікті мекен-жайларда өткен жиындар, мәжілістер, қоғамдық бірлестіктер барлығын қоса алғанда 30 мыңға тарта ұсыныстар мен ескертпелер енгізді.

Қазақстандықтардың абсолютті басым көпшілігі Негізгі Заңның жобасына енгізілген идеялар мен қағидаттарды негізінен алғанда қолдады. Осы орайда жобаны жетілдіруге жақсы негіз болған біршама оңды идеялар айтылды. Ұсыныстар мен ескертпелердің барлығын да жаңа Конституцияның жобасына енгізілуі мүмкін болуы үшін сараптамалық-консультативтік кеңес мұқият зерделеді. Әрине, барлығын бірдей жобаға енгізудің сәті түспеді. Алайда, ел азаматтарының көпшілігінің пікірін білдіретін және Қазақстан халқының түпкілікті мүдделеріне сәйкес келетін ұсыныстар міндетті түрде ескерілді.

Аса ауқымды іс атқарылды. Және, тұтасымен алғанда, жобаның идеологиясы мен мазмұны сақталып қалғанына қарамастан, іс жүзінде оның барлық бөлімдері белгілі бір шамада өзгерістерге ұшырады. Жартысынан астамына, атап айтқанда 55 бапқа 1 100 түзетулер мен толықтырулар енгізілді.

Қазақстандықтардың көптеген тілектерін ескере келгенде, мемлекетіміздің аты — Қазақстан Республикасы — аты сақталып қалды. Бұл орайда біздің еліміз бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың толық құқықты мүшесі болғаны, халықаралық шарттарға қол қойылғаны, осы атымен заңдардың бүкіл жүйесінің қалыптастырылғаны ескерілді. Бұл мәселенің техникалық-экономикалық жағы да бар. Мемлекеттің атын қайта атау елеулі қаржы шығындарын қажет етеді. Оның үстіне мемлекетке өзінің қатыстылығын айқындайтын азаматтарға жаңа паспорттар беріліп жатқанын да ескерген жөн.

Конституцияның кіріспе бөліміне елеулі нақтылаулар енгізілді. «Ежелгі қазақ жерінде» деген сөздердің орнына «байырғы қазақ жерінде» деген ұғым кіргізілді. Мұның өзі тарихи дерекке сай. Өйткені осы жер қазақ ұлтын өркендеткен және Қазақстанда тұратын басқа да халықтардың өкілдерін болашақта дамыту үшін негіз болып табылатын дерекке сай.

Талқылаудың өзі қазақстандықтардың көпшілігі елімізге белгілі бір жағдайда жерге жекеменшік енгізуді жақтағанымен, жер қойнауына, суға өсімдік және жануарлар дүниесіне, басқа бір табиғи ресурстарға деген жекеменшіктің болуына қарсы екенін көрсетіп отыр. Сондықтан талқылауға берілген нұсқадан өзгеше, мұнда жерге ғана жекеменшік институты көзделген. Мемлекеттік құрылыс мәселелерін реттейтін бөлімдер барынша көп өзгертілген. Сондықтан Конституциялық кеңеске арналған жаңа бөлімнің жобасын енгізудің өзі осыған байланысты, бұл бөлім қазіргі Конституциялық соттың орнына тағайындалмақшы. Бұл шешім оңайға түскен жоқ. Бірақ оның объективті негіздері бар осы органның 3 жылғы тәжірибесіне сүйене отырып, оның қызметіндегі бірқатар кемшіліктерді ескере және дүниежүзілік тәжірибені басшылыққа ала отырып, Конституциялық соттың, Жоғары соттың судьялары, ғалым-заңгерлер Конституциялық кеңесті көздейтін Конституциялық сот жүргізу жүйесін қайта құруды ұсынды. Бұл кеңесті құруға Президент те, сондай-ақ Парламенттің қос палаталарының төрағалары да тең қатысуды қамтамасыз ететін тәртіп енгізіледі. Мұның өзі Конституциялық кеңес қызметіне риясыз және объективтілік танытуға мүмкіндік береді және бұл орайдағы ең бастысы Конституциялық кеңес саясаттан тыс болмақшы.

Ұзаққа созылған талқылаулардан кейін Парламент мәжілісінің адам санын 67 депутатқа дейін көбейту жөніндегі шешімі қабылданды. Депутаттық корпустың адам санын шектен тыс азайтудың қажеті жоқ, өйткені, мұның өзі Үкіметтің өкілетті органының табиғатына қарсы. Ал Парламент осындай орган болып табылады.

Бүкілхалықтық талқылаудың барысында ұсынылған жобаға және Парламентті босату жөніндегі ұсыныстарға байланысты көптеген сын айтылды, осы ұсыныстарды ескере келіп, түпкілікті нұсқада Парламенттің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде тәртіпті тағайындайды. Осы тәртіп мемлекеттің мүдделерін барынша қорғауға және сонымен бір мезгілде сайлау науқандарының берекесіздікпен қайта-қайта өткізілуінің нәтижесінде елдегі заң шығарушы органның беделін түсіруге мүмкіндік бермеуге тиіс. Қазір енді Парламент шын мәнінде кәсіптік болып табылады. Мұның өзі болашақ депутаттардың біліміне, жасына қарай да байланысты болмақ. Конституция өкімет тармақтарының өзара мәмілеге келіп, келісім жасай алуына бағытталады. Мұның өзі болашақта ұзақ мерзімге Парламентті таратудың ешбір жағдайына жол бермеудің басты кепілі.

Парламенттің денсаулық сақтау және азаматтардың әлеуметтік қамтамасыз етілу саласындағы заң шығарушы құзырлығын кеңейту туралы шешім қабылданды. Мұның өзі осы мәселелерді шешу жөніндегі қалыптасқан практикаға сәйкес адамдардың құқықтары мен бостандықтарын заң жүзінде қамтамасыз ету жөніндегі тұжырымдардан туындап отыр.

Өзін құқықтық және демократиялық мемлекет қатарына қосатын әрбір елде ешқандай адам, әсіресе атқарушы үкімет сыннан және жауапкершіліктен тысқары болмауға тиіс. Мұның өзі жобадан үкімет мүшелеріне қол сұғылмауы, ешкім тиіспейтіндігі туралы нормасын алып тастауға әкеліп соқты.

Азаматтар, ең алдымен қоғамдық бірлестіктер талқылаудың барысында азаматтардың құқықтарының жарияланған теңдігі мен мемлекеттік қызметшілердің кәсіподақтарға кіруі үшін ұсынылып отырған тыйым салыну арасындағы қарама-қайшылықтарға ерекше назар аударды. Енді қазір мемлекеттік қызметшілер барлық басқа азаматтар тәрізді кәсіптік белгісі бойынша бірлестіктер құруға

қақысы бар. Бұл Қазақстан мемлекеттілігінің дамуының демократиялық үрдісіне әбден сай келеді.

Сайып келгенде, еліміздің жаңа Конституциясы сот-құқықтық реформаларды өткізу үшін жол ашады, жоба біртұтас сот жүйесін құруды көздейді. Іс-жүзінде әділ-қазылық көрсету кезінде соттардың тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Соттық-құқытық реформа — бұл кешенді шара. Мұның өзі елдегі бүкіл құқық қорғау жүйесін жетілдіруді талап етеді. Сондықтан бүкіл құқық қорғау органдарын іс жүзінде қайта құру көзделіп отыр. Бірақ ең алдымен прокуратураның мәртебесі жөніндегі дауларға түпкілікті нүкте қойылуға тиіс.

Қазақстан халқы, Президент ретінде, маған біздің мемлекетіміздің басты даму бағыттарын айқындауды сеніп тапсырды. Осыған сәйкес мен Конституцияның жаңа жобасы жөнінде 30 тамызда референдум өткізу жөнінде Жарлық шығардым. Сөйтіп, мен Қазақстанның барлық азаматтарына өздерінің игі тілектерін білдіріп, еліміздің ең басты құжатының жобасын қолдауға шақырамын. Менің тілегім бүкіл қазақстандықтардың мүддесіне сай келеді деп сенемін, ал жаңа Конституция сол үшін жасалғанын сіздерге айтпақпын. Ең бастысы бүкіл қазақстандықтарға, журналистерге, демек, сіздер арқылы оқырмандарға, көрермендерге және тыңдармандарға жаңа Конституция халықаралық татулық және азаматтық келісім жағдайында, саяси және экономикалық реформаларды дәйекті түрде жүзеге асыру жағдайында елімізді тұрақты және дәйекті түрде дамыту үшін мүмкіндік ашатынын жеткізсеңіздер екен деп сұраймын. Халықаралық нормаларға сәйкес Негізгі Заң азаматтарға ұлтына, жынысына, дініне, саяси сеніміне қарамастан бостандықтар мен құқықтарды беріп отыр. Конституция жобасы соңғы жылдары қатты толғандырып келген аса маңызды қоғамдық мәселелерді айқын шешуге де: мемлекеттілік, тіл, меншік, азаматтық мәселелерін шешуге мүмкіндік беріп отыр.

Барлық бұқаралық ақпарат құралдарын референдум өткізуге белсенді дайындалуға шақырамын. Олар бүкілхалықтық талқылауға ұсынылған жобаны талқылау кезінде нысаналы жұмыс істеді. Баспасөз Қазақстанның көпұлтты халқын қоғамымыздың Ата Заңының негізінде бүкіл тірлік-тұрмысын бірлескен күш-жігердің арқасында біріктіре алатынына нық сенім білдіремін.

Абай Құнанбаевтың 150 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1995 жылдың 9 тамызы

Ардақты отандастар!
Қадірлі меймандар!

Бүгін — ұлы мереке. Халқымыз ең аяулы перзенті мен ең дана ұстазына мәңгі өшпес махаббатын білдіруге жиналып отыр.

Оның дүниеге келгеніне әр 10 жыл толған сайын осылай бас қосып, өткеніміз бен кеткенімізді, жеткеніміз бен жетпегімізді бір сарапқа салып алу әлдеқашан әдетімізге айналған.

Соның әрқайсысында Абайдың аты жаңаша асқақтап, халқымыздың мәртебемерейі жаңа биікке көтерілумен келеді. Бір кезде абзал ақынымыздың асыл мұрасының таптық идеология табанында тапталып қалмай, жаңа ұрпақтармен бірге жасайтын мәңгілік құбылысқа айналғанына қуандық. Кейін оның қадір-қасиетінің өз аумағымызбен шектеліп қалмай, іргелес халықтар мен елдерге де кеңінен танымал бола бастағанына масаттанып, марқайдық. Ал бұл жолғы сүйінішіміздің жөні тіпті бөлек. Ол үшін бір-бірімізді қуана құттықтап, бір-бірімізден шүйіліге сүйінші сұрасақ та ешқандай ерсілігі болмас еді.

Абайдың әуелден-ақ әкенің баласы болмай, адамның баласы болуды армандағаны белгілі. Бұл жолғы тойдың төріне сол көксеген мұратына жетіп, барша әлемге аты қадірлі, сөзі өтімді, пікірі қымбат Адамзат Ардағы, Адамзат Ақыны, Адамзат Ақылманы болып көтеріліп отыр. Бұл жолғы салтанаттың Алматы мен Семейден, Қарауыл мен Жидебайдан басталмай, Батыс пен Шығыстың іргелі елдерінен, Еуропа мен Азияның ең беделді мемлекеттерінен, Мәскеу мен Ыстамбұл, Париж бен Пекин сынды әлеуметтік астаналардан басталғаны да — соның айғағы. Бұл — бүкіл планетамыздың мәдени-рухани тынысын жүйелеп отырған аса беделді халықаралық ұйым — ЮНЕСКО-ның біздің жеке өтінішімізді ыстық ықыласпен қабылдап, мұндай шаруаның қалыптасқан жылтізбелік үрдісін алғаш рет бұзып, оны дүниежүзілік деңгейде өткізуді өзінің биік құзырына алуға шешім қабылдағанының арқасы. Біз бұны енді ғана тәуелсіздік алып, адамзат қауымдастығының тең құқылы мүшесі ретінде енді ғана санатқа кіре бастаған ежелгі халқымыз бен жас мемлекетімізге көрсетіліп отырған үлкен ықылас, биік саяси-рухани қолдау деп бағалаймыз.

Күллі қазақстандықтардың атынан ЮНЕСКО ұйымына, оның бас директоры, бүгін ортамызда отырған аса сыйлы мейманымыз, көрнекті қоғам қайраткері, әлемге мәшһүр ақын, аса қадірменді Федерико Майор мырзаға шын жүректен шексіз ризашылығымызды білдіруді айрықша парыз санаймын.

Сондай-ақ, Абай мерекесін атап өткен, атап өтпек, мұрасын насихаттауға белсене үлес қосып жатқан, бүгінгі салтанатқа өздерінің беделді өкілдерін жіберіп отырған барлық мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға шын жүректен алғыс айтамыз. Бұл демократия мен гуманизм мұраттарының әлемдік кеңістікте түбегейлі жеңістерге жетуінің нәтижесінде қалыптаса бастаған жаңа рухани ахуалдың айқын айғағы деп білеміз. Ағайын бір өліде, бір тіріде деген осы. Қуанышы мен қайғысы ортақ рухани бауырмалдықтың әлемдік деңгейде орныға бастауы біздің ертеңге деген сенімімізді нығайта түсері хақ.

«Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан», — дейді қазақ. Ақ пейіліміз бен адал ниетіміздің асыл көрінісіндей Абайымыздың әлемдік татулық пен ынтымаққа өз үлесін қосатын рухани мәмілегерлігіне кіріскеніне ерекше тәнті боп отырғанымызды да жасыра алмаймыз, ері елінің атын шығарады, елі ерінің атын шығарады деген де осы. Біз бүгінгідей тарихи кезеңде, адамзаттық қауымдастыққа енді танылып, сенімді ықпалдас, сертке берік серіктес ретінде алғаш рет бой көрсете бастаған кезімізде беделімізді асырып, рухани бедерімізді айқындай түсетін Абайдай беліміз барлығына шүкірлік етеміз. Сондай беліміздің атын аспандата ұлықтай алатын еліміз барына да шүкірлік етеміз. Құдайдың бізді бұндай күнге жеткізгеніне де тәуба дейміз. Сондай кезеңде өмір сүріп, сондай ел мен сондай қоғамға жан-тәнімізбен қызмет ету маңдайымызға жазылғанына да мың қайтара тәуба дейміз. Оны сезіну біздің үмітімізді нығайтып, жігерімізге жігер қоса түсетіні анық. Өйткені, Абайды Абай қылған қилы тарихтың қырық қатпар шындығы қазіргі біз бастан кешіп жатқан заманалық құбылыстармен тікелей жалғасып жатыр. Оның тағдыры мен рухани ізденістерінің қиыры мен шиырын, тұңғиығы мен тұтқиылын жіті пайымдап, дұрыс қорытынды шығара білсек, басымыздағы дәуренмен талай сабақтастықты танып, бүгінгі ахуалымызды да салихаландыра түсетін талай мән мен нәр таба алар едік. Абайдың сол заманда осылай толғанып, осылай жазбауы қандай мүмкін болмаса, біздің бұл заманда осылай қиналып, осылай әрекет етпеуіміз сондай мүмкін еместігін түсінер едік.

Қадірменді қауым!

Ерекше жағдай ерекше ізденістер мен ерекше әрекеттерге бастайтыны белгілі. Ерен талант пен ерен жігер де сондайда керек. Әрдайым алға ұмтылып, биікке ұмсынған адамзат нәсілі ешқашан толас таппаған және таппайтын рухани күресіне адастырмас нысана, алжастырмас бағдар сілтеп бере алатын көреген көсем тұлғаларды әрдайым сусай аңсаған, әрдайым төбесіне көтере құрметтеген.

Өйткені, ақыл табылмай тұрып, ештеңе табылмайды. Ол жетілмей тұрып, арнамыс шыңдалмайды. Ар-намыссыз азамат өзгелердің көсегесі түгілі өзінің көсегесін көгерте алмайды. Онсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл. Онсыз қоғам дамудың, даңғыл жолына түсе алмай, үйреншікті үрдістің солғын соқпағынан шыға алмай, заманалар шырғалаңында басы айналып, дағдарыс хал кешеді. Ондай дағдарыстан шығар жолды тарих пен табиғаттың айрықша пейілі түскен періште ниет, пайғамбар тектес перзенттері ғана сілтеп бере алады.

Абай да дәл сондай балағат заманда ғаламат тәуекелге бара алған ерекше парасат пен ерекше рух иесі. Соның арқасында ол бүгін күллі адамзаттың абыройы аласармас рухани сардарларының біріне айналып отыр. Оны туғызған дәуірді кеңінен қарастырмайынша, одан қалған мұраның тереңіне бойлай алмаймыз.

Ол — қазақ тарихының айрықша ауыр кезеңі еді. Жер шарының неғұрлым көп бөлігін иемденуге тырысқан империя Орталық Азияны көктей өтіп, шығыс пен күнгейге тереңдей енуді көздегенді. Сондай стратегиялық мақсаттың дәл өтінде тұрған ел Қазақстан болды. Басқадан айырылса да, одан айырылмау саясаты алғаш рет сол кезде бой көрсетті. Ел билеудің тарихи қалыптасқан ұлттық жүйесі біржола мансұқталды. Метрополияның өзіндегі билік түрлері күштеп енгізіле бастады. Әуелі қазақтың әр ұлысынан бірнеше ергежейлі хандықтар құрылып, этнотерриториялық тұтастық бұзылды. Сосын әр хандықтың халқы мен жері ата-атаға, ру-руға бөлінетін жігімен ауыл-ауылға, болыс-болысқа бөлінді. Сөйтіп, сойылған тоқтыдай ұшаланып-мүшеленген хандықтар дербестіктен айырылып, көрші губерниялардың құрамына

күштеп кіргізіліп, кірме күн кешті. Одан хандықтар дуандарға бөлініп, бекзаттардың орнына патша үкіметі тағайындаған «сенімді қазақтарға» басқартылды. Солай дәстүрлі ішкі жымдастық әбден жойылған кезде, ел, ауыл, болыс, уезд, облыстарға бөлінетін түзіліммен қайта құрылды. Ең төменгі ауыл мен болысты жергілікті атқамінерлер, уезд бен облысты патшаның әскери шонжарлары биледі. Осылай қазақтар өз жерінде өзі кірме боп қалды. Ұлттық түгілі рулық-тайпалық тұтастықтан ажырап, ауызбірліктен атымен жұрдай болды. Солай қожырағаң халық пен қоныс жоғарының нұсқауымен 6 облысқа бөлініп, көршілес Сібір, Орынбор, Астрахан, Түркістан губерниясына, ал Маңғыстау әуелі Кавказ сырты, артынан Каспий маңы облыстарына бағындырылды. Сөйтіп, қазақтар бет-бетіне таратылып, бір халық бір ұлт, бір ел екенін атымен ұмытатындай күйге жеткізілді. Жер бетінде отаршылдық көрмеген халық кем де кем болғанмен, бір ғасырда осыншама көп реформаға ілініп, тоз-тоз болатындай тәлкекке ұшыраған халық ешқайда да жоқ шығар.

Бұның бәрі отарлық кеңістіктің тұрғындары тарихи қалыптасқан мемлекеттілігін қайтадан қалпына келтіре алмайтындай қып, оларды жер мен судың байырғы иелік құқынан біржолата ажыратуды көздеп, алдын-ала ойластырылған зұлым саясат еді. Қазір бізге өршелене өшігіп жүрген алтын моншақты саяси қырғилар мен әншейін айтаққа ерген әулекілердің жаңа бағдарламалары қай кездегі «саяси қоқсық» екендігін осыдан-ақ айыра беруге болады. Ондайлар көршілерінің жерін тоз-тоз қып бөліп әкетіп, өзін салпақтатып малға салып, ата қонысынан табылып жатқан байлықтан соқыр тиын да татырмай, талтаңдап қалған дәуренді әлі де көксейді. Сондай кейбір көкімелердің өзі ұлы мәдениет жасаған ұлы елдің атын малданып, өзгелерге өнеге көрсеттім деп, өз абыройын өзі түсіріп жататынын қайтерсің?! Ондай ұрдажықтар ол кезде де аз емес еді. Ел мен жерді ойрандағандарын былай қойып, сананы да уландыра бастады. Тілін, дінін, тұрмыс-салтын менсінбеуге, ата кәсібі мен тарихын ұмытуға, өзінен өзі қорланып, өзгенің зорлығына бауыр басуға ынталандыратын әзәзіл саясат ерекше мүттәйімдікпен жүзеге асырыла бастады.

Бұратаналану деп аталатын жексұрын құбылыс солай өрбіді. Қармаққа ілінген жемге жүгірген шабақтай шошаңдаған бұратана сана өзін өзі отқа түсіретін көзсіз көбелек дәурен орнатты. Тұтастық пен ынтымақ ұмытылды. Санап алып оқытып, санап алып қызметке іліктіру бір жағынан орыстандыруды, екінші жағынан бақастық пен ішкі араздықты күшейтуді көздеді. Басқаны былай қойғанда, ағартушылықтың өзіне арамза сипат берілді. Бір ғасыр бойына жантәсілім жау жағалас пен келген ереуілшіл халыққа енді әлгіндей қамқорсыған айла-шарғының қақпаны құрылды. Кітаптан гөрі зеңбіректі, мектептен гөрі әскери бекіністерді көбейтіп жатқан өкіметтен сескенгендер аяқ жетпес шөлдерге шегінді. Сескенбегендер саяси итаршылыққа жүгініп, есіктегі жалшылыққа пейіл болды. Шұрайлы жерлер, шырайлы кәсіп пен қызмет орталықтан әдейі көшіріліп әкелінгендерге ғана бұйырды. Шет аймақтардың дамуына бөлінетін қаржы тұп-тұтасымен сырттан қоныстанушыларға жұмсалды. Ал бұратаналарды да оқуға тартпақ болғандар, патша сарайы ұлықтарының біреуінің дала губернаторына ашық жазғанындай, «шектен шыққан адам сүйгіштік» деп келеке етілді. Егер осы ғасыр басында қазақтардан да санаулы оқығандар шығып, орысша сауат ашқандар 1%-ға жетсе, оған мансапқор дала дәулеттілері мен оқу-білім аңсаған түздіктердің өз қаражаты жұмсалды.

Жан иесі жарыққа талпынбай тұра алмайды. Өз-өзінен жойылып кетуге пейіл еш мақұлық жоқ. Халық та солай. Қанша зорлық көрсе де, зомбылық көрсе де үмітін үзбейді. Өзіндей жұрттардың қолы жетіп жатқанға өз қолын да жеткізбек боп тырысады. Тап сондай дәме бұдан 8 ғасыр бұрын біздің бір жерлесімізді ғылым іздетіп,

күнгей Азияға сабылтқан еді. Өткен ғасырда да тап сондай талап тұлпарларын ертеп мінгендер шыға бастады. Бір кездегі әл-Фарабидің жанқиярлық талабын араб халифатының әкелік қамқорлығы деп қалай айта алмасақ, өткен ғасыр соңындағы дала азаматтарының білім жолындағы нар тәуекелінде патшалық самодержавиенің әкелік камқорлығына жатқыза алмаймыз. Шет аймақтардағылардың да сауатын ашып, білімге тартудың жүйелі саясаты болды. Бірақ, ол біздің даламызға осы ғасырдың екінші 10 жылдығынан бастап ене бастады. Демек, оған дейінгі оқу-білімге ұмтылу ұлттық болмысымыздың етене зәруліктерінен туындаған рухани жанқиярлық. Бір экономикалық-қоғамдық үрдістің дәурені әбден таусылып, екінші бір экономикалық-қоғамдық үрдістің әбден орныға бастағанын байқаған ұлттық сананың тарихи дамуды өзінше пайымдаған етене көрегендігі. Ондай құбылысты айдалаға апарып телу әбестік болар еді. Ұлттық рухани өміршеңдігіміздің тереңіне бойлай пайымдаудан әдейі жалтару болар еді. Ондай көзқараспен қарасақ, Абай сынды алып тұлғалардың кемеңгерлік болмысына атымен маңайлай алмас едік.

Абайдың адам көрмеген жанқиярлығы мен ерен құбылыс саналардай ерекшелігі — отаршыл кемсітушілік бар жерде болмай қоймайтын тайсалудың орнына тайталасты, жиренудің орнына үйренуді, жарамсақтықтың орнына жарастықты, мансап қуған бақұмарлықтың орнына білім қуған бәсекені сіңістіріп, ұлтымыздың рухани қайсарлығын атымен жаңа қасиеттерімен байытқандығы.

Өйткені, халқына жаны шындап ашитын қайраткер орға жығатын емес, өрге бастайтын жол сілтейді.

Абай да ақыл айтпас бұрын қилы заманның бар қитұрқысын өз басынан өткеріп көрді. Оның сол кездегі еуропалық саяхатшылардың аузынан «дала Цицероны» деген атақ алған, шонжар әкесі ескі мен жаңаға бірдей жорға болды. Ел жақсылары мен патша әкімшілігіне сөзін бірдей өткізе білді. Сондай аса ақылды, көреген әке баулыған ұғымтал жас медреседе мұсылманша, мектепте орысша қатар оқып жүрген жерінен ауылға қайтарылып, билікке араласады. Ру мен ру, ескі үрдіс пен жаңа үрдіс, рулық-тайпалық психология мен самодержавиелік отаршылдық бетпе-бет шарпысқан тартыс пен таластың ортасында жүріп, есесі кетіп жатқан елінің жоғын жоқтауға күш салды. Бірақ, еңбегі зая кетті. Қандастары қызғанышпен, отаршыл ұлықтар сенімсіздікпен қарады. Қапа болған жігерлі азамат билікті тастап, ақындықтың соңына біржола түсті. Қалған 20 жыл ғұмырын тек қана оқып білуге, тек қана шығармашылыққа жұмсады. Ол еңбегі, енді, міне, адамзат ақыл-ойының асқаралы тұлғасына айналдырып отыр. Ақын Абай қазақтың суырып салма поэзиясын шын мәніндегі реалистік жазба поэзияға айналдырды. Бұрын-соңды көтерілмеген тақырыптарды көтерді. Бұрын-соңды үрдіске енбеген жанрларды үрдіске енгізді. Сырт сипаттау, сырт дәріптеуді қойып, адамның ішкі жанына үңілетін, болмыстың түңғиық қалтарыстарын ашатын аса мәнді философиялық-әлеуметтік лирика туғызды. Шығыс поэзиясына тән нәзіктік, әуезділік, ойнақылық батыс әдебиетіне тән жіті зерттеуші зердемен байыды.

Егер Абай болмаса, осы ғасырдың басында-ақ азаматтық кемелділікке, суреткерлік салиқалылыққа, стильдік әр алуандыққа, заманмен бірге аттап, заман-даспен мұндас бола алатындай әлеуметтік пайымға ие болған жазба әдебиет мектебі: шын мәніндегі Абай мектебі қалыптаспас еді. Мағжан Жұмабаев, Бернияз Күлеев, Шәңгерей Бөкеев, Шәкәрім Құдайбердіұлы лирикасында, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Ғұмар Қарашев, Халел Досмұханбетов, Мұхамеджан Сералиндердің саяси-ғылыми көсем сөздерінде, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов шығармаларында бар бітімімен көрінген

бұл мектеп Абай жүйелеген жаңа ұлттық эстетикалық әлемнің қаншалықты сындарлы екендігін айқын танытты.

Түп бастауы осы кәусар бұлақтан басталған көп салалы, көп жанрлы көркем әдебиетіміз XX ғасыр зобаланғдары тұсында өз халқына зор рухани медет болды. Тек өз жұртын ғана емес, бұрынғы кеңестік кеңістіктегі, тіпті әлемдік деңгейде талғампаз қауымның сусынын қандыра алатын рухани нәр тауып бере алды. Біз бұның бәрі үшін де бір жарым ғасыр бұрын эстетикалық ойдың тың жазирасына батыл аттаған Абайдың қайсар талантына қарыздармыз.

Абай Құнанбайұлының әлемдік санадан өз орнын алатындай елеулі құбылыс болуы тек оның әдеби ізденістерімен шектелмейді. Әдебиет - Абайдың күллі дүниелік болмысқа, адами, ұлттық, кісілік, тарихи, заманалық болмыстарға бойлайтын кәусар дариясы, ежелгі дүниеден мәңгілікке дейін көл-көсір көсіліп жатқан рухани әлемге, рухани ғарышқа, универсиум деп аталатын ғалами дүниенің ғажайып қиырларына шегер бір жағынан азапты, бір жағынан ләззатты сапарының бастау қақпасы, әрі тереңге бойлап, кемелге ұмтылар талпыныстарының алтын баспалдағы болды. Абайдың ойшылдық қарымы мен зерттеушілік тегеурінін де өз заманының шымшытырық қайшылыққа толы шындығы белгілеп берді. Сол шытырманнан шығар жол іздеп жүріп, ол өз халқының ұлттық бітімін жан-жақты пайымдады. Оның басындағы тақсіретті егжей-тегжейлі талдады. Сөйтіп, кеселіне дауа, келешегіне бағыт қарастырды. Халқына қамқор, ұлтына жанашыр болам деп жүріп күллі адамзатқа мейірбан гуманистік өреге көтерілді. Кісі мен кісінің де, халық пен халықтың да арасында бола беретін кикілжіңдердің бәрінен жоғары тұра білді. Ұлықтарды ұнатпағанымен, көрші орыс халқына, басқа да халықтарға зор ілтипатпен қарады. Патшалық билікті мансұқтағанмен, ұлы орыс мәдениетінен тәлім алды. Аз халықты да, көп халықты да бауырластыратын рухани ықпалдастық деп түсінді. Адамға адамның баласының бәрін дос санады. Оны батысқа, шығысқа, алысқа, жақынға бөлмей, біртұтас құбылыс ретінде қарастырды. Дала өмірін түзету үшін толассыз жетіліп, толассыз шыңдалып жатқан адамзаттық қауымдастықтың тыныс-тірлігіне үңілу қажет болды. Сөйтіп, ол өз дәуіріндегі өз жұртының әлеуметтік болмысымен шектелмей, оны қалай сауықтыру мен салауаттандырудың амалын іздеді. Өз пайымын ортаға салды. Ол қазақ зиялыларының осы ғасыр басындағы әлеуметтік прогреске талпынысына айта қаларлықтай ықпал етті. Онымен қоймай, қазақтың XX ғасырдағы қоғамдық санасына тікелей әсерін тигізе алды. Абайдың әлеуметтік ойшылдығына тереңірек үңілетін тұс — қазіргі кезең. Қоғамымызда түбегейлі өзгерістер болып жатқан бүгінгі күндер.

Осы тұрғыдан келсек, дала философы халқына жаны ашу деген онымен қосыла жылау емес, оған өзін өзі шыңдаудың сара жолын айқындап беру деп түсінгені ешқандай күмән туғызбайтын басы ашық мәселе.

Абайды мұндай нартәуекелге бел буғызған, оның осыншалық намысын қайраған қазақ даласындағы кемсітушілік саясат пен оның шашбауын көтерген әлеуметтік көлгірлік еді. Оларды жағадан алып, жағаласа кеткеннен мән шықпайтынын түсінді. Кенесары көтерілісі аяқталар кезде дүниеге келген сәби бесіктен белі шықпай жатып, дербес ел болудан біржола күдер үзіп, бөтеннің көсеуін көсеп, дәреже іздегендердің қырқылжың қырқысын көріп өсті. Тәуелділік мызғымастай боп орнығып, болары болып қойғаннан кейін аңғал халықты босқа арандату парасаттылыққа жатпайтынына көзі жетті. Есе қайтарудың жолы бар ма? Бар.

Абайға айтқызсаңыз: Әуелі мал тап, — дейді. Әйтпесе, «қарыны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?...» Мал тапса, қарын тояды. Онан соң білім, өнер керек екен...» Өнер-білімді қайдан іздеген жөн? Абайға

айтқызсаңыз: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста зор... Орыстың ғылымы, өнері дүниенің кілті. Оны білгенге дүние арзанырақ түседі».

Естір құлақ тосырқай тыңдар тосын жауап. Тым пайда қуған, бақ қуған утилитарлық көзқарас емес пе? Мұндай ақылдың патша ұлықтары таратып жүрген пікірден несі өзге? Ұлық жалба тымақты түз адамын кемсіте беруді көздейді. Абай тезірек тең етуге асығады. Оның ұғымында сол астам ортаның «Залалынан қашық, пайдасына ортақ болу үшін де оқуын, ғылымын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді де, аса арсыздана жалынбайды». Сонда бұдан шығатын қорытынды: кемсінгеннен мәдениетін меңгеріп, қомсынғаннан біліміңді асырып қана есе қайтара аласың. Әйтпесе, аз бен көптің, күшті мен әлсіздің арасында басқаша теңдік болуы еш мүмкін емес екен.

Әншейін қиқарлықтай көрінетін бұл қағидасын Абай өз өмірімен дәлелдеп шыға алды. Ай даладағы киіз туырлықты ауылда жатып, орыс классикасын түгелге жуық оқып қана қоймай, шетінен қазақшаға аударып, ел арасына насихаттаумен шұғылданды, ол аз болғандай, орыс тілі арқылы Байрон, Гете, Шиллер, Лесаж, Дюма, Мицкевичтерді зерделеп, қазақша сөйлетуге тырысты. Тіпті көне грек, ежелгі Рим дәуірлеріне тереңдеп, Аристотель мен Сократтан бастап, Спиноза мен Спенсерге дейінгі аса көрнекті ойшылдарды шұқшия зерттеді. Дарвинді ақтарып жаратылыстану жетістіктерімен танысса, Нью-Йорк университетінің профессоры Джон Уильям Дрепердің еңбектеріне ден қойып, Еуропаның ақыл-ой дамуының тарихына, католицизм мен ғылымның арасындағы қарым-қатынас тарихына қанықты. «Менің қағбам енді батысқа ауысты», — деуі де сондықтан еді.

Сезімтал ақын, сергек ойшыл ғұлама дала тіршілігін өзге дүние тіршілігімен салыстыра зерттеп барып түсінгісі келді. Бала кезінен таныс араб, парсы тіліндегі кітаптарды қайта ақтарып, Шығыс поэзиясына, тарихына, философиясына соны көзқараспен қарап, жаңаша баға берді. Әсіресе Табари, Рабғузи, Рашид-әд-Дин, Бабыр, Абылғазы еңбектеріне ерекше зейін қойды. Шығыстық логика мен мұсылман құқығын үңіле зерделеді. Өз тұсындағы Кіндік Азия мен Күнгей Азияның мәдени-рухани өмірінен мейлінше хабардар отырды.

Абай зердесі тек сыртқы дүниеге ғана назар аударып қоймай, ұлттық болмысты пайымдайтын төл мұраларға да көңіл бөлді. Қорқыт, Асан Қайғы, Аталық, Сыпыра жыраулар, Қодантайшы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Марғасқа, Жиембет ақындар жырларындағы уайым мен жігер, Бұқар, Төле, Қазыбек, Әйтеке өсиеттеріндегі өміршілдік — Абай дүниетанымының ең терең және етене қабаттары еді.

Оған тұрандық ғұламалар Қожа Ахмет Иассауи, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири, Мұхамед ибн Қайс, Хусан Аддин Баршынлегінің еңбектерін қоссаңыз — қазақ ақынының көп қабатты, көп атырапты дүниетанымына еріксіз қайран қалар едіңіз.

Екі алып құрлықты алтын кіседей айқара құшақтатып жатқан ежелгі сахарада қалыптасатын ғұламалық ой-сананың қаншалықты терең, қаншалықты кең қарымды, белгілі бір мәдениет, мектеп, ағым ауқымына тұтқындалмайтындай қаншалықты бостан әрі азат болатынына көзіңіз жете түсер еді.

Абайдың көзшолысы қандай ұлан-ғайыр кең болса, таңданған, қызыққан, жиренген, құмартқан, алған әсерлері сондай ұлан-асыр, байқаған-түйген парасат-пайымы соншама терең еді.

Бірақ оның мұншалық күрделі рухани әлеміне ерекше бір сындарлылық бітіріп тұрған әсер мен ой, сезім мен зерде, әуен мен бейне ара-жігін ажыратпай құшақ

қауышып жататын шынайы адамилық, шынайы азаматтық кемелділік. Неге де болса, даму тұрғысынан қарағаң, диалектикалық серпін. Тоқмейіл тоғышарлыққа бой бергісі келмейтін шыншылдық пен уайым...

Азияның шетқақпай түкпірінде туып-өскен түз ақынына мұндай рухани рационализм, адамгершіл максимализм қайдан бітіп жүр?.. Оның шығармаларына ол кезде Еуропаның өзі түгел мойындай қоймаған, адамды — басты тұлға, адамгершілікті — басты қасиет санайтын қайта өрлеу мұраттары, шын мәніндегі қайта құрушылық көзқарастар қайдан дарып жүр?

Оқыған кітаптан ба, заманнан ба, ортадан ба, күнде-күнде көз алдында көлбеңдеп тұрған көңілсіз болмыстан ба?

Дұрысы — соңғысы. Қара басының өзі ел бағам деп, алыс-жұлыстан мезі болған, мыңмен жалғыз алысып, әбден қажыған сананы әсіресе сарғайтқан — дүние түгел өзгеріп жатса да, өзгермей қойған дала тірлігі, қыр тұрмысы еді. Далиған даланың қай қиырынан да көзге ұрып тұрған — мелшиген мешеулік еді. Соны әлі ұғып болмаған аңғал жұрт еді.

Күні кеше өзінен өзгенің бәріне күлетін ауылдастарын тыңдай жүріп «бізден басқаның бәрі антұрған, ең тәуір халық біз екенбіз» деп ойлап қалған аңғал ұғыммен айналасына көз тастай барласа, кешегі келеке қылып жүргендердің бәрі озып кеткен... Біреулердің «екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ», саудагеріне дейін «жүрмеген жері жоқ, қылмаған кәсібі жоқ». Біреулері «солдаттыққа да шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды». Біреулерінің «біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз», «біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз», «бағанағы мақтан күлген, қуанған қайда?».

Абайдың ақыл-санасын түгел жаулап алған осы сауал. Бұның бәрін «елемеген кісінің не дүниеде, не ахиретте басы бір ауырмай қалмаса керек». Кереңнің басы ахиретте ауыра ма, жоқ па? Ал кемелдің басы бұл дүниеде жүріп-ақ дал болары сөзсіз. Бірақ ондай «үнемі уайым-қайғымен жүре аламыз ба? Үнемі қайғыға жан шыдай ма?».

Абайдың уайымы бір басының емес, халқының қамы. «Осы мен өзім — қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем қылықтарын қостасам керек еді... жек көрсем... сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, ештеңе демей жатуым керек еді», не ортасынан көшіп кетуім керек еді?».

Тап осындай бетің ауған жаққа безіп кетердей дағдарысты бір кезде ұлы ұстаздары Яссауи, Қорқыт, Асан Қайғы да көріп еді. Біреуі уайымға беріле-беріле, жауап таппай, тірідей көрге кіріп кетіп еді, ал біреуі бұндай тығырықтан шығудың жолы күллі халқыңмен жаудың бетіндегі, желдің өтіндегі қырсық шалған қоныстың тастап, жер ауып кетуге үндеп еді.

Демек, біздің түп дәстүріміз — рухани самарқаулық емес, рухани максимализм.

Демек, Абай да сол дәстүрден ауытқыған жоқ. Бірақ, жанға жай таптыратын амалды — безіп кетер жөн іздеуден емес, осы жерде, осы мекенде өз дегеніне қалай жетудің жолын іздеу деп санады. Желмая мініп, түз кезіп кетпей, қолына қалам алып, ой кезіп кетті. Кезді де, «қайтпек керек?» деген қырсық сауалдың жан жұбатар жауабын тапты: Өзгелер не істеп жатса, соны істеу керек, «басқалармен қатар тұру керек!».

Батыс пен Шығыс ғұламаларын ақтара-ақтара келіп, тапқан түйіні: Құдайдың өзі де рас, сөзі де рас; ол ешкімге арам бол, қанішер бол, масыл бол деген емес; ендеше құдайға құлақ аспай, құлық түзелмейді, құлқын түзелмей тұрып, құлқын арам ішкенін қоймайды, адалға жүрмей, адам түзелмейді; адам түзелмей, қоғам түзелмейді; халық түзелу үшін әркім жеке-жеке өзін өзі түзеуі керек. Ол үшін «қуанбасқа қуанып, ұялмасқа ұялатынын» қоюы керек. Одан арылтатын жалғыз

дауа: еңбек. Абайдың ұғымында: «Еңбек танымды арттырады. Еңбек естіген нәрсені бекіте түседі. Адам алған білімін ретке келтіреді, керектіні керексізден сұрыптап, ақылды болады». Сондықтанда ол еңбекті барша игіліктің негізі, оған деген сүйіспеншілікті адамдық өмірдің басты мәні мен мақсаты деп санайды. Ал жалқаулықты барша қырсықтың, одан туындайтын жарамсақтықты барша қиянаттың, мақтаншақтықты түзелуден үмітін үзген бейшаралықтың түп атасы деп түсіндіреді. Халықты «түзелмейтін қайыршыға» айналдырмайтын амал: «Егін, сауда, кәсіп, ғылым», — деп біледі. Ол тек ыждаһат пен ынта бар жерде ғана жүзеге асады. Абайдың: «Құдай саған еңбек етуге жеткілікті күш берді. Бірақ сен еңбек етпейсің. Құдай саған ғылым берді. Бірақ сен оқымайсың. Құдай саған сана берді, сен оны жоғалттың. Сен ерінбей еңбек етсең, шыдамдылықпен іздеп, пайдалы жұмыс жасасаң — бай болар едің», — деп жазғыратыны да сондықтан.

«Бай болар едің». Бұл сөз қазақтың құлағына ол кезде түгілі бұл кезде әлі түрпідей тиеді. Аспаннан түскен 5 кітаптың бесеуінде де бай болып, дәулет жиюды нысапсыздықтың бірден-бір белгісі ретінде қарастырады. Арғы-бергінің не бір сұңғыла гуманистері де мұндай ақыл беруге дәттері бармаған. Тек Қайта өрлеу дәуірінен кейінгі батысеуропалық протестантизм ойшылдары ғана дәулет жиып, мал табуды адамға бостандық әперетін ізгілікті іс деп дәріптей бастаған. Күллі шығыста осыған жуық қағиданы тек конфуцийшілдер ғана тілге тиек ете алған. Ендеше, «ағайында болса, ауызға тиеді», — деген қауымдық мінез-құлықпен отырған қазақ даласында өткен ғасырдың өзінде дәулетті адал еңбекпен келетін игілік санап, бай болуды адамгершілік мұрат санатына дейін әспеттеу Абай үшін нағыз жүрек жұтқан батырлық еді. Бірақ, Абай бас-басына мал тауып, дәулет жиюды кісінің қолына қарағаң кіріптарлықтан, біреуге көзін сатқан қызғаныш пен масылдықтан, содан өрбитін өштестік пен жауыздықтан, әлеуметтік көлгірлік пен енжарлықтан құтқаратын жол деп қарады. Оны бағаласа, үстемдікке жетудің емес, үстемдіктен бас арашалаудың амалы ретінде бағалады. Оған: «тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де — ақымақшылық», — деген пікірі айқын дәлел бола алады.

Ол тек еңбек етудің арқасында ғана адам моральдық жағынан кемелденіп, отбасына, жас ұрпақ тәрбиесіне, аталық, аналық, достық, жолдастық, туысқандық парызға деген көзқарасты өзгерте алады деп санайды. Әйтпесе, атадан қалған малға масаттанған масыл, ел үстінен күн көрген жымысқы, өзгедегіге көз сүзген өлермен бақастық пен ұрлықты, жалқаулық пен жарамсақтықты, қатыгездік пен найсаптықты өршітпесе, үй құлқын да, түз құлқын да түзей алмайды.

Абай барша ұғымның шын мәнін ашып беретін бірден бір өлшем — еңбекке көзқарас деп санайды. «Алтыншы сөзінен» мына бір үзіндіні келтірейікші: «Қазақ айтады: «Бірлік болмай тірлік болмайды», — деп. Сондағы айтып отырғаны қай бірлік?.. Қазақ ойлайды,.. ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда; кедейліктен не зиян? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік? Жоқ, бірлік — ақылға бірлік, малға бірлік емес... Бірлік малға сатылса антұрғандық... Ағайын алмай бірлік қылсын... сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, не шаруа іздейді... Әйтпесе, әуелі біріне бірі пәле іздейді... мұның қай жерінен бірлік шықты?

«Ырыс алды — тірлік» дейміз. Қай тірлік? Жаны кеудеден шықпағандық па? Ондай тірлік итте де бар... Ол айтылған тірлік бұл емес. Көкірегің, көзіміз тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың».

Айтудай-ақ айтқан емес пе? Жалпы, біз қазір қолға алып жатқан көп бастаманың дәйектемесін басқа жақтан іздеудің қажеті жоқ. Бәрін де Абайдан табасың.

Бүгінгі халықаралық жағдайларға байланысты ұстанып отырған мемлекеттік ішкі-сыртқы саясатымызға да жауапты Абайдан табуға болады. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген жолдардан халықтар достығы ақын үшін қатар өмір сүрудің жалаң дипломатиясы ғана емес, тіршіліктің негізгі мағынасын айқындайтын ұлы мұрат екені көрінеді. Ақын көзқарасын қазіргі тілге салсақ, өзге елдермен достық қарым-қатынаста, ынтымақтастықта болу саясаты біздің ел болып қатарға қосылуымыздың алғышарттарының бірі. Өзге өскен ел не істесе соны істе, ғылымын, мәдениетін меңгер дейді Абай. Ол үшін өзгелермен мәдени, экономикалық, саяси араластық керек, оның аты, бүгінгіше айтсақ, интеграция.

Ал «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос», — деген сөздерді шын мәнінде ұлт болып ұюымыздың негізгі шарты. Өз халқымыздың мүддесі үшін күресте достық, татулық, бірлік керек пе? Керек. Ендеше, Абай сөзін тереңірек ұғынып, онымен өзгелерді ұялтуға емес, өзімізді өзіміз ұялтуға тырысайық.

Өзгеше тарихи жағдайда өмір сүрген қазақ халқына бұдан әрі бұрынғыша тіршілік етуге болмайтынын, заман талабына сай еңбек етіп, кәсіпті, сауданы меңгеру керектігін де бірінші айтқан Абай. Яғни қазақ қауымына әлеуметтік реформаны да, экономикалық реформаны да бірінші ұсынған — Абай.

Жерінен, суынан, тәуелсіздігінен, билігінен айрылған қазақты құтқарудың жалғыз амалы — оның рухани әлемін, елдік, адами ізгі қасиеттерін сақтап қалу екенін, сонда ғана оның ұлттық сипатын аман алып қалуға болатынын ақын жақсы түсінді. Сол үшін жан аямай күресті.

Абайды мұқият оқыған адам оның көзқарастары күні бүгінгі нарық экономикасымен де тікелей үндес екенін айқын аңғарар еді. Абай әлемі бізді 7 түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. Өйткені, жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен. Абайды оқып отырып-ақ, көштің басын баяғыда-ақ жөнге салып алуға болатын еді. Сорлатқанда, біреудің уақыты жетпейді, біреудің ұғымы жетпейді, біреудің атымен зауқы жоқ.

Әйтпесе, көп дүние әуелі сол әркімнің өзін өзі түзей алмағандығынан өрге баспай жатыр емес пе?!

Өз халқын «жұрт болсын, өссін, өнсін» дейтін әрбір азамат әуелі Абайды оқысын, Абайға құлақ ассын. «Егер де есті кісілердің катарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?», — деген ақын сөзін еске алайықшы.

Егер әркім баяғыны қойып, өзгеріске ұшыраған 10 жыл, тәуелсіздік алғаннан бергі 4 жыл ішіндегі тіршілігін оймен шолып көрсе, қанша мүмкіндікті қапы жібергенін, қаншама нәрседен ғапыл қалғанын айқын аңғарар еді. Әуелде ағайынға, кейін өкіметке қол жайып қалған, өз қамын өзі жемей, өзгеден жәрдем күтетін әлеуметтік енжарлық көп азаматымызды әліге дейін шұғыл өзгеріп жатқан уақыт талабына икемделгізбей келеді. Соның салдарынан, бейқамдық пен бейқарекеттіктің қырсығынан сыртта өндіріс пен шаруа, үйде тұрмыс күйзелуде. Біреуден нұсқау күтіп, әркімге қол жайып, айтпасаң білмеу, ақырмасаң түсінбеу кесірінен амалдың орнына айла, істің орнына сөз, ұсыныстың орнына қолқа, дәлелдің орнына сылтау, ақыл-кеңестің орнына өкпе-бопса айту бел алып барады.

Тарихтың берген мүмкіндігі мен табиғаттың берген байлығы, әлі де болса, орнын таппай, босқа зая болып жатқаны жанға батады. Ол үшін сыртқа өкпелейтін ештеңе жоқ. Тәуелсіздігімізді уақытылы мойындады. Қолқабыс-көмектерін ұсынды. Экономикамызды, әлеуметтік-мәдени дамуымызды көтеру жолында бірлесе әрекеттенуге әзір екендіктерін білдірді. Жан-жағымызбен тату-тәтті қарым-қатынастамыз. Алыспен де, жақынмен де алысып-берісіп жатырмыз. Нағыз іскер ахуал орнатуға не керектің бәрі бар. Жетпейтіні: Абай айтқан ынта мен ыждаһат. Білуге ыждаһат, үйренуге ыждаһат, еңбектенуге ыждаһат күшеюдің орнына әлсіреп бара жатқандай. Оның орнына Абай айтқан қырсыздық пен қияңқылық, «өтірік пен өсекті жүндей сабаған» дәукестік пен даңғойлық, «өз елін өзі аңдыған» ұрлық пен «жүз қараға екі жүз алярман бар» көрсеқызарлық, «қозғау салып қоздырғыш» жікшілдік пен «сөз қыдыртқан, жұрт құтыртқан партияшылдық» азаяр емес. Экономикалық белсенділікті, Абайша айтсақ, «өз жерімен, өз елімен ойрандасып, ойсыздарға қойнын ашып, мал шашумен», «халыққа қайыры бар іс бітірмей», «қардың суы сықылды тез суалар, еңбек қылмай табылар мал-дәулет» қуумен, саяси белсенділікті дау жоқ жерден дау іздеумен, жау жоқ жерден жау іздеумен, әлеуметтік белсенділікті, ұрынарға қара таппай жүретін ұр да жықтықпен, әр нәрсеге бір тұмсық тығатын тіміскілікпен шатыстырып алу етек жайып барады. Бұған ренжімегенде, неге ренжисіз? Өзімізге өзіміз өкпелеуге мәжбүрміз. Соның бәрі «шала мейір шала байқайды» демекші, тәуелсіздігіміз бен бостандығымыздың қадірін шала ұғып, шала бағалаудан шығып жатқан кеселдер. Осы тұста ұлы ақынның: «Бәйгеге ат қоссақ, атыңды тартыспайтын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтіні қалай? Тыныштық іздеп, таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай? Кеселді кісі ер келетұғыны несі? Кедей кісінің кер келетұғыны несі? Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақта қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке серттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны қалай?», — деген сөздері ойға келеді. Осы бір жан айқайының бүгінгі біздің қоғамға да қатысы бар екенін естен шығармасақ болғаны.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, бас қосқан ұлы жиындардың бәрінде де мен халқымыздың бірлігі мен татулығы туралы айтпай қалған емеспін. Өйткені, әлімсақтан белгілі, ел болудың амалы — ішкі бірлік.

Тарихтың барлық кезеңінде даудан да, жаудан да қазақ ұтылса, тек бірлік пен татулықтың аздығынан ұтылды. Абайдың да өзегін өртеген қайғы осы болатын. Егер елде бірлік болса, Абай:

Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?
...Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.
Баста ми, қолда малға талас қылған,
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын, — деп өкінер ме еді?

Бірақ, Абай тағы да былай дейді: «...бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ол екі мінез қайсы десең, әуелі, ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. «Екі тізгін, бір шылбырды бердік сағаң, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегеніңді жетілтемін», - деп жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі де өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?

Екіншісі — намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен: «Ағайынның азары болса да, безері болмайды», — деп, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», — десіп.

Кәнеки, осы екі мінез кайда? (Абайдың «Қара сөздері», 39-шы сөз).

Ел болудың қағидасындай болған, пәтуа мен бірліктің көзі — осы екі мінез дәл бүгін ұлт тағдыры шешілер тұста біз үшін бұрынғыдан да керегірек секілді.

Рас, мен қазір Абайша ашынып, бұл екі мінез бізде мүлде жоқ деп айта алмаймын.

Өйткені, отандастарым маған екі мәрте мәрттік жасап, екі тізгін, бір шылбырды сеніп тапсырып отыр. Олар үдесінен шықты. Мен де уәдемнен шығам: бәрі де бауырым болғасын, мен де қарап қалмаймын, қамдарын жеймін. Олардан бөлек уайымым да жоқ, олардан бөлек қайғым да жоқ. Нені де болса, елмен бірге көремін, елмен бірге төземін, елмен бірге жеңемін.

Сондықтан да, мынау өтпелі дәуірдің қиын қыспағынан тездетіп шығу үшін жүйелі билік керек екендігін сезініп, жағдайды пәрмендірек түзеу үшін, бірақ заңсыздыққа ұрынбай, бәрін де заңға сәйкес атқарып шығу үшін Ата Заңымыздың жаңа жобасын көпшілік талқысына ұсындым. Жұртшылық зор ықыласпен зерттей танысып, ұсыныстарын, ескертпе, пікірлерін білдірді. Айтылған сын аз болған жоқ. Ащы деп апшымадым. Тәтті деп тамсанбадым. Бәрі де ескерілді. Мұқият сұрыпталды. Сарапқа салынды. Түпкілікті жобаға қосатын үлесін қосты. Бізге керегі — өтпелі кезеңнің тар көпірінен тезірек өткізіп, өзіміз көздеген адам мүддесі аяққа басылмайтын, әркім өз бақытын өз талайы мен талабына қарай табатын әлеуметтік әділетті қоғамның заңды кеңістігіне тезірек жеткізетін түп құжатты қабылдау. Егер Ата Заңымызды халқымыз қолдап шықса, сөз жоқ, әлгі айтылған елдігіміздің екінші мәрт сипаты да жарқырап көрінген болар еді. Солай болатынына кәміл сенемін.

Бұл орайда басын ашып айтатын бір мәселе: біз экономикадағы реформадан қандай бас тартпайтын болсақ, демократиядан да сондай бас тартпаймыз. Өйткені, демократиялық бостандық жоқ жерде экономикалық бостандық та болмайды және керісінше біз сол бостандыққа қол байлау болатын тұстарды ғана түзетеміз. Әйтпесе, уақытша қиындықтарды пайдалана қойып, жеке үстемдік құратын Жер тәңірі болайын деп жатқан ешкім де жоқ. Ондай байбалам, шынында да, Абай айтқандай, кейістікті күндестікпен, тыныш отыра алмағандықпен шатыстырып алып жатқандардың ауызынан шығуы мүмкін. Біздің далада арғы-бергіде қырсыздыққа көп төзгенмен, қиянатқа көп төзе қоймағанын жақсы білемін. Өзім үшін емес, елім үшін толғанамын: бір басыма керекті қай күнде де табармын. Халқыма керекті қалай табам, қайдан табам деп қам жеп жүру тек қана менің емес, әр азаматтың ісі мен жадында болуы қажет. Онымды алыстағы, жақындағы саясатшылардың кейбіреулері түсінбегенмен, халқымыз жақсы түсінгеніне ризамын...

Қысқасы, Абай армандары — тек бір ғана ұлт ұстанатын мұраттар емес, күллі адамзат ұстанатын мұраттар. Қазақ топырағында оның орайын келтіруге мүмкіндік енді туып отыр. Мына сіздер мен біздерге үлес боп тиіп отыр. Өйткені біз осы далада өмір сүрген ұрпақтардың ішінде әлгіндей мүмкіндікке қол жеткізіп отырған ең алғашқы және бірден бір ұрпақпыз. Сондықтан ұлы ойшыл-демократ, ұлы рухани реформатор Абайға ең жақын, ең етене ұрпақ та тек бізбіз. Мұндай жақындық, мұндай етенелік бізге, тарих алдында үлкен жауапкершілік жүктейді. Асыл ұстаз өсиет еткен абзал мұраттардың тек қиял боп қалмай, нақты шындыққа, нақты әлеуметтік болмысқа айналар-айналмасы, мына біздерге байланысты.

Оның шығармаларындағы шынайы гуманизм, адам мүддесіне деген айрықша ынта, айрықша қамқорлық, өмірдің көзіне жалтармай қарайтын шыншылдық, енжарлықты, шалағайлықты, қиянатты, сұғанақтықты жегідей жек көретін рухани максимализм біздің бүгінгі жүзеге асырмақ бастамаларымыздың да басты сипатына, басты мазмұнына айналуға тиісті.

Абайдың айтуынша, адамның бақытты болуы үшін, оның ынтасы мен сол ынтаның мақсатына жетуіне былайғы жұрттың ықыласы керек. «Достықты достық шақырады», — дейтіні де тегіннен тегін емес. Сондықтан да ол ұлттық бүтіндік, ішкі татулық, уыздай ұйыған ынтымақты көп аңсады». Ал халық дегеніне жету үшін оған да өзін қоршаған ортамен дәл сондай ынтымақ пен ықпалдастық керек. Бұл біздің бүгінгі таңда тағдырымызды шешетін ең басты тарихи факторлардың бірі.

Біз де бүгін ұлтішілік татуластыққа да, ұлтаралық татуластыққа да, әлемдегі барлық ел, барлық халықтармен ынтымаққа да, мәдениеттер арасындағы сабақтастыққа да Абайша қарап, Абайша қастерлеуге ерекше мән береміз. Қорыта келсек, бүгінгі таңда бәріміз ұлықтап отырған ұлы ақылгөй осыдан бір жарым ғасыр бұрын, өз тұсындағы өркениеттен атымен шетқақпай жатқан аймақта жүріп-ақ, тек бүгінгі өркениет қана қамтамасыз ете алар адамдар мен халықтардың бостандығы мен жарастығына негізделген, ізгілігі мен игілігі бірдей биік дамыған азат қоғамның қандай болмағы керек екендігін де дәл пайымдай алыпты.

Ал бүгін сол асыл жүрек, абзал ақыл дұрыс сипаттаған кемелділік қоғамын ойдағыдай жүзеге асырып шыға алатын моральдық мүмкіндік бізде бар. Ақын армандаған ғылым да, өнер де, кәсіп те, білім де баяғыдай таңсық емес. Халқымыз сауатты, мамандарымыз білікті. Еліміз тату. Қоғамның үштен бірі — 30-ға толмаған жастар. Тек сауатқа сәйкес қабілет, білімге сәйкес сана, жастыққа ылайық жалын жігер, жасампаздық болса, Абайдың қолы түгілі аузын байлаған ізгі мақсаттарды іске асыруды уақыттың өзі талап етіп отыр.

Абай жылын өткізген жақсы. Абай жырын жаттаған дұрыс. Ал оның терең ойы мен өжет пікірі тек айта жүрер әңгіме болмай, күнбе-күнгі тірлігімізге бір кірпіш боп қаланып жататын нақты іске айналса, тіптен құба-құп.

Ол үйреткен тағылым мен ол көксеген мұраттарды шын қастерлей білгендігіміздің, әділет пен абзалдық ұстазы алдындағы перзенттік қарызымызды терең түсініп, өтей алғандығымыздың бірден бір белгісі де осы болып табылады.

Бүгінгі елімізде жасалып жатқан ұлы істердің нәтижелі болуына ең қажетті нәрсе — сенім. Елге деген сатқындық ең алдымен оның болашағына сенбеуден басталады. Ал ұлы Абайдың, уайымшыл Абайдың болашаққа деген сенімін әсте жоғалтпағанын мына бір сөздерінен көруге болады: «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек — қайратсыздық. Дүниеде ешнерседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді», — дейді ұлы ақын.

Айтқаның келсін, жан баба!

Ел басына түскен бүгінгі қиын-қыстау кезеңнің баянсыздығына, халқымыздың көңілін шаттыққа бөлейтін келісімге, жарастыққа толы рыздықты, молшылықты күндердің сарғайтпай ертең-ақ келетініне менің де сенімім мол.

Абайды бізбен мәңгілік бір қылатын да осындай ұғым, осындай сенім.

Ендеше Абай өнегесі әрдайым кез алдымызда болғай! Қай ісіміз де Абай армандаған биіктен көріне білгей!

Жидебай шатқалындағы Абай және Шәкәрім кесенелерінің салтанатты ашылу рәсімінде сөйлеген сөзі

Семипалатинск облысы, 1995 жылдың 11 тамызы

Қымбатты достар!

Біз бүгін ақынға тағзым жасап, аруаққа табына келдік. Демек, алдына айқын жөн сілтеп, артына адастырмас жол тастап кеткен рухани пірімізді марапаттап, мадақтау үшін емес, оның көрсетіп кеткен өсиетін қайткенде ойдағыдай жүзеге асыра алатындығымыз жайында қабырғалы қауым боп ақылдасуға келдік.

Әділет бар жерде ғана теңдік болатынын, бірақ теңдік дегенде шүлен үйлестіру емес, әркімнің еңбегі мен ыждаһатына, білімі мен талантына лайық алар ырзық несібесі екенін Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін байыптап оқыған адам айқын аңғарар. Абай адамдар мен халықтар арасындағы татулықты дәріптеді. Тек татулық бар жерде ғана әділет болмақшы. Сондықтан да Абай адамзатты әділетке шақырып, өз қандастарын өзгелермен қатар тұра алатындай өнер-білімге, еңбексүйгіштік пен ыждаһатқа үндеді.

Оның бұл өсиетін шын жүрегімен түсінген ізбасарларын таптық әумесерлердің орағы тым балауса кезінде орып жіберді. Олардан жаңа ұрпақ ұзақ уақыт бейхабар келді. Қазақтың рухани әлемінде Абай ұзақ уақыт жалғыз қалды. Тарих пен тағдырдың мұнысына да шүкірлік. Абай мұраларымен сусындаған қазақ қауымының қоғамдық санасы таптық идеология қаншама тосқауыл қойғанымен әлемдік әлеуметтік ойдың озық үрдістерінен бәрібір қол үзіп қалған жоқ. Рухани кіріптарлық пен идеялық басыбайлылыққа деген іштей наразылық ешқашан біржолата өшіп қалып көрген емес. Іштей шыңдалу ешқашан тоқтап қалып көрген емес. Соның арқасында ғана тарихтың ұтырлы сәтін зая жібермей, ұтымды пайдалана алдық деп ойлаймыз.

Рухани қайта түлеуіміз де Абай төңірегін қайта тірілтіп, Абай мектебін қайтадан қалпына келтіруден басталды, Шәкәрім, — ең алғаш ақталған қайраткеріміз болды. Сосын бір кезде Абай рухынан от алып түтеген Сұлтанмахмұт, Мағжан, Жүсіпбек, Ахмет, Міржақып, Әлихан, Шәңгерей, Бернияз, Халел, Ғұмарлар ұлттық-әлеуметтік ойымыздағы өз орындарын иеленді.

Азат мемлекетіміздің алғаш қолға алған шаруасы Абайды туған аймақтың төбесіне тажал боп төнген қырып-жойғыш қарулардың сынақ полигонын жабудан басталды. Бейбіт күнде тірі пенде түгілі көрдегі аруақтың сүйегін сылдыратып, қаннен-қаперсіз халқымыздың сағын біржолата сындырып жіберуге айналған үрей аймағы енді тарихымыз бен табиғатымызды сауықтыру аймағына айналып отыр.

Бүгін, міне, ақыл-ойдың асқарларға ұмтылып, биіктерге талпынар ғарыш жайындай ақ шаңқан ғимаратты тамашалап тұрмыз. Байтақ еліміздің батысы мен шығысы, күнгейі мен теріскейі түгел атсалысқан бұл мерейхана қоғамымыздағы ұлтаралық татулық пен ұлттық тұтастықтың, абзал мақсаттар жолында айырмаға қарамай білек те қосыса алатын, тілек те қосыса алатын рухани бірліктің айқын айғағы. Абай жырлап өткен «Әке баласы болмай, адам баласы бола алатын» адами татулықтың ойдағыдай жүзеге асып жатқандығының үздік үлгісі. Ұлы ұстазымыздың

ол қағидасын табандылықпен жүзеге асыра алсақ, тек өз елімізде ғана емес, өзге елдермен де, іргелес көршілерімізбен де, алыс-жақын ықпалдастарымыздың бәрімен де жақсы қалыптасып келе жатқан достық, татулық, екі жаққа бірдей тиімді іскерлік қатынастардың да қаймағын бұзбай нығайта түсеміз.

Абай өсиетіне адалдық, біздің қай ісімізді де өрге бастырады. Егер ұлы ұстазымыз айтқандай, талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрлей білсек, «Ондай болмақ қайда» деп, өзгенің өнегесінен қаралай қашпай, ғылым сүйсек, «басқалармен қатар тұруға» үйренсек, «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ», «бес дұшпаннан» қашық боп, «талап, еңбек, терең ой, қанағат рахым» «бес асыл іске» асық бола алсақ, өзгені жазғырудың орнына өзімізді өзіміз жазғырып, өзгеге шамданудың орнына өзімізді өзіміз шыңдай білсек, әрқайсымыздың күнкөрісіміз де, еліміздің экономикасы да тезірек түзелер еді.

Қазіргідей заманда Абай жырларына айына емес, аптасына емес, күніне бір рет үңіліп қоймай болмайды. Сонда жан қинап жүрген қай күмәннің де бәріне жауап таба аласың. Қысқасы, жан-жақтан: «бұл қалай?», «анау неліктен?», «мынау неге?» деп жауып жататын көп сауалға жауап беретін ақыл жоқтықтан емес, соны ұғар құлақ, орындар ынта жетіспеуден қырсық көбейіп жатыр. Сол баяғы «ұятсыз, арсыз салтынан қалғып кетер артынан күлкішіл кердең надандықтан» арыла алмағандықтан көп іс мандымай жатыр. Әркім өзін өзі түзеудің орнына өзгелерді неге түземейсің деп өкіметті жазғырады. «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос. Малыңды жауға, басыңды дауға қор қылма, қорға, татулас, өтірік, ұрлық, үкімет зорлық құрысын, көзің ашылмас. Ұятың, арың оянсын, бұл сөзімді ойлансын», — деген бабамыздың баяғы зарына әлі мән бермей келеміз.

Әйтпесе, Қазақстанда жағдайды тездетіп түзеп алу қиын емес. Рас, өндірісті қалыптасқан үрдіспен жөнге қоя алмайсың. Олай етуге бұрынғы жабдықтау жүйесі бұрынғы экономикалық байланыспен бірге күйреген. Бұрынғы шығарған өнімдеріңді бұрынғыша өткізе алмайсың. Жаңаша құру үшін табиғи байлықтарымыздың бір бөлігін сыртқа сатып жаңа технология мен жаңа инвестиция табуға, бірлескен кәсіпорындар ашып, сырттың технологиясы мен қаржысын ішке тартуға мәжбүрміз. Бірақ, мұнда да әзір көзжұмбайлық көп. Біреулер алданып қалады. Біреулер өз қамын көбірек ойлайды. Біреулер сол баяғы бармақ басты, көз қыстылығына ұрынады.

Экономикалық талан-таражға тоқтам табылып болған жоқ. Күшпен түзеу онсыз да оңбай жатқан істерді одан сайын бүлдіруі мүмкін. Заңмен түзейін десең, сол баяғы кертартпа кердеңдік қолды байлайды. Біреулер тәуелсіздік кешегіні қойып, баяғыға оралтады деп ойлайды. Біреулер жағдай түзелмесе, кешегіні қайта оралтуға оңайлана түседі деген есек дәмемен жүр. Жұрт үстінен мал табатындарға қазіргі әрі де емес, бәрі де емес әрі-сәрі ахуал ұнайды. Біреулер жаңаның өзін ескіше істейтін ұр да жықтыққа басады. Ал біреулер демократияның өзін догмаға айналдырып, қалыптасып отырған жағдайдың қиындықтары мен қаупін жеткілікті дәрежеде ескергісі келмейді. Осының бәрі баршаның бәрі бірдей ұғып, бірдей қолдай бермейтін соны әрекеттер іздестіруге итермелейді. Өйткені, қазір де, ақын айтқандай, нағыз «Ақыл керек, іс керек, мінез керек» кез.

Қайткенде де жағдайды бұл қалпында қалдыруға болмайды. Көктемгі бүкілхалықтық референдум нәтижесінен туатын негізгі қорытындыны өз басым осылай түсіндім. Сондықтан да қоғамымыз бір рет айдай әлем алдында өз еркімен

таңдап алған демократиялық даму бағытынан ауытқымайтын, бірақ әлеуметтік-экономикалық реформаның қазіргідей өтпелі кезеңінің кездеспей қоймайтын қиындықтарын мұқият ескеріп, билік жүйесін қайта қарап, әлеуметтік әділет пен тәртіпті нығайтып, әркімнің өз мүддесін өзі жүзеге асырып, өзін қорғай білуіне жағдай жасайтын жаңа Конституция жобасын көпшілік талқылауына ұсындым. Айтылатын пікірлер мен ұсыныстар, сындар мен ескертпелер тиісінше сарапқа салынып, сұрыпталып, түбегейлі нұсқадан өз орнын тапты.

Халқымның маған, менің халқыма артып отырған сенімім зор. Екі ортадағы мұндай ықпалдастық жалпы саяси ахуалымызға да оң ықпал ететінін өмір көрсетіп отыр. Тегеурінді мемлекеттік жүйелеусіз қазіргі тығырықтан шығудың қиын екенін баршамыз да ұғып отырмыз. Бірақ, қалыптасқан қиындықты біржақты пайдаланып, басты бағыттан — реформа мен демократиялық дамудан шегінуге болмайтынын да тап сондай ұққанымыз жөн.

Бүгінгідей төрт көзіміз түгел жиылып тұрған ұлыстың ұлы күнінде, алыстан-жақыннан келіп тұрған сыйлы меймандарымыз бен достарымыздың алдында, жаңалық пен жақсылыққа, әділдік пен ізгілікке шақырып өткен ұлы Абайдың киелі мерейханасы — рухани қағбамыз алдында: баршамыздың игілігіміз бен бақытымыз жолында, ұлы ұстазым өсиет еткендей, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрекпен қызмет етуге серт беремін.

Егеменді Қазақстанның, тәуелсіз Қазақ Республикасының барлық азаматтарын, елімізде қоян-қолтық еңбек етіп, өмір сүріп жатқан барлық халық өкілдерін, өтпелі кезеңде басымызға уақытша түсіп тұрған қиындықтарға, ұлы ақын айтқандай, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрекпен — биік адамгершілікпен, мол төзіммен, зор сеніммен қарап, өзара түсіністік пен ыждаһатты ізденістерді одан әрі өрістете беруге шақырамын.

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын ресми таныстыру салтанатты рәсімінде сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1995 жылдың 6 қыркүйегі

Қымбатты отандастар!
Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Бүгін біз сіздермен бірге шын мәніндегі тарихи оқиғаны бастан кешіріп отырмыз — біздің еліміздің халқы мен бүкіл адамзатқа енді ғана күшіне еніп, жұмыс істей бастаған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын ұсынып отырмыз.

Осында қатысып отырғандарды, Қазақстанның көпұлтты халқын қоғамымыздың өміріндегі аса маңызды осынау оқиғамен құттықтаймын.

Ашығын айтайықшы, бізге Қазақстанның азаматтарына кей кезде халықтың ешқандай қатысы болмаған мерекелерді атап өтуді күштеп таңып отырды. 1936 жылғы, дүние жүзіндегі ең демократияшыл, ең әділетті деп ресми түрде жарияланған сталиндік Конституцияны еске алудың өзі жеткілікті. Біз оның қабылданғанына қуандық па? Тегінде, қуанғанда шығармыз, бұл қуаныш алданған үміттерге айналған жалған қуаныш болып шықты ғой.

Біз әрқашанда тағдырлы деп жарияланып келген бұрынғы державамыздың баршаға мәлім конституцияларын да білеміз. Насихаттық даурықпа жетіп артылатын, бірақ оларда ең бастысы — қоғамның саяси және экономикалық өзгерістерінің, құқықтық мемлекет құрудың, парламентаризмді баянды етудің, басқа өмірлік маңызы зор мәселелерді шешудің негізі жоқ болатын.

Айтқандайын, 1993 жылы қабылданған Қазақстанның тұңғыш Конституциясы да бұрынғы мемлекеттің теориясы мен практикасынан жарты қадам ілгері кеткенімен, сол кездің объективті және субъективті ахуалдарға байланысты қағидаларынан толық арыла алмаған-ды.

Қазақстан басынан кешіріп отырған серпінді өзгерістер жаңа конституциялық бағдарламаларды талап етті.

Сондықтан елдің Президенті ретінде, оның болашағы жолындағы, әрбір қазақстандықтың, біздің бабаларымыз бен немерелеріміздің болашағы жолындағы жауапкершілікті сезіне отырып, мен осынау аса қиын қадам — елде ауқымды саяси процестерді, бүгінгі күннің ақиқат шындықтары мен келешегімізді айқындайтын жаңа Конституцияны жасауға кірісу қадамына бардым.

Жасыратын ештеңесі жоқ, менің, жаңа Негізгі Заңды жасаушылардың бәрінің алдында оның тұжырымдамаларын айқындау барысында оңай соққан жоқ. Біздің экономикамызды әлемдік шаруашылық қызметіне қалай астастыруға болады? Ал мұндай астастыру болмайынша біз шетте қалып, жұрттың ең соңында ілбіп келе жатқан елге айналуымыз сөзсіз еді.

Болар-болмас, бірақ кепілді мемлекеттік азық-түлікке үйреніп қалған адамдарды өз күшіне, ақыл-ойы мен қабілетіне деген сенімді қалай оятуға болады? Себебі, адамның өз тағдыры үшін жауапкершілігін түсінбейінше біз шынайы игілікке ешқашан қол жеткізе алмаймыз.

Түбегейлі әлеуметтік реформалардың негізгі құралы болып табылатын осы заманғы және күшті мемлекеттікті қалай құруға болады?

Қазақстанның әрбір халқының қайталанбас мәдениетін, бұл орайда сонымен

қатар ұлтшылдық пен оқшаулануға жол берместен, қалай сақтап қалуға болады? Біз енжарлықтың, ымырасыздық сияқты, мәдени тоқырауға апарып соқтыратынын түсінуге тиіспіз.

Қазақстан қоғамының күрделі ұлыстық құрамына оның тектік, зиялылық, экономикалық және демократиялық артықшылығын қайткенде қайтарып бере аламыз? Онсыз біз саяси тұрақсыздықтың тұңғиығында қала береміз.

Қоғамда рухани, ұлтаралық татулық пен азаматтық тыныштықтың мұраттарын қалайша баянды етуге болады? Сайып келгенде, қандай да бір қуғын-сүргінге салу шараларына жүгінбестен, қылмысты қалай ауыздықтап, қоғамда, үкімет биліктерінің барлық қабаттарында заңның үстемдігін қайткенде баянды етуге болады?

Қысқасы, мәселелер жеткілікті. Ал Конституцияны мұқият оқып шығу осы және басқа да көптеген мәселелерге жауап береді.

Біздің Конституциямыз көптеген демократиялық мемлекеттер Конституцияларының өнегесі бойынша мұның бәрін жариялап қана қоймай, керісінше, өзінің бүкіл құрылымдық және техникалық-заңдық негізі, қатаң мемлекеттану, саяси және құқықтық категорияларының жүйесі арқылы нарықтық экономикаға әлеуметтік бағдарланған мемлекетті құру және дамыту үшін жасалған.

Болашақ Қазақстан мемлекеттілігінің жалпы бейнесі оның жаңа Негізгі Заңының алғашқы бабында-ақ белгіленген. Онда мынадай сөздер бар: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемелекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары».

Сонымен бірге жаңа Конституция мемлекеттік биліктің тиімділігін оның барлық салаларының өкілеттіктерін нақты ажырату есебінен күрт нығайтуға және арттыруға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, барлық билікті кеңестердің қолына шоғырландыру идеясы өткенге кетеді. Енді кеңестік мемлекеттік жүйенің элементтерін жоюдың және қазіргі заманғы парламентаризмге көшудің нақты мүмкіндігі жасалып отыр.

Конституция Адам құқықтарын әдепті және дәйекті түрде заң жолымен бекітеді. Олардың тізбесі жекеменшікке деген құқықтың, мұраға алу құқығының, заңды түрде сатып алынған кез-келген мүлікке деген меншік құқығының есебінен елеулі түрде кеңейтіліп отыр.

Біз алдағы уақытта да, елімізде адамның, тұтынушының және тауар өндірушінің құқығын қорғай отырып, демократиялық негіздерді нығайта бермекпіз.

Сондай-ақ, бұрынғы сот пен прокуратураның қызметі жөніндегі түпкілікті пікір айтылды. Белгілі сарапшылар Қазақстан ТМД елдерінің ішінде алғашқы болып өркениетті әділ сот атқару құрылысына конституциялық алғышарттар жасалғанын атап өтуде.

Мемлекеттік конституциялық емес өкіметтен қазіргі заманғы басқарудың президенттік нысанына көшуді Конституция хаттайтын болады. Мұның өзі Қазақстан халқы Мемлекет басшысының өкілеттігін 2000 жылғы желтоқсанға дейін ұзарту жөніндегі жалпы ұлттық референдумның қорытындыларына толық сай келеді.

Біздің жаңа Конституциямызға орай, қазір түрлі бағалар беріліп, айтылуда. Мұның өзі жақсы нышан.

Бұған мен неге қуанамын? Демек, қазір Қазақстандағы демократиялық процестер оның азаматтарын ғана емес, жақын және алыс көршілерді де толғандыратынын білдіреді. Сондықтан біз барлық осы бағаларға құрметпен әрі зор ықыласпен қараймыз.

Алайда Конституцияның халық және мемлекет үшін шынайы құндылығы оның мазмұнымен ғана айқындалмайды. Осы Негізгі Заңның нақты өмірге, қоғам

мен мемлекеттің демократиялық институттарының жұмысына азаматтық іс-қимылдардың күнделікті практикасына қалай енгізілетінінің маңызы бұдан еш кем емес. Сондықтан да уақыт өткен сайын Конституцияға деген шынайы бағаны өмірдің өзі ғана, біздің алға жүруіміздің практикасы беретін болады. Біз өз қолымызбен жасайтын Қазақстанның тарихы ғана жаңа негізгі заңға түпкілікті баға беретін болады. Алда тұрған міндеттердің табысты шешілетініне сенімдімін. Сондықтан Қазақстан халқының еркін білдіретін жаңа Конституция біздің қоғамымыздың серпінді дамуын қамтамасыз ететін қуатты нормативті құрал болатыны сөзсіз.

Мынаны ойлайықшы: біздің еліміздің тарихында тұңғыш рет халықтың өзіне таңдау мүмкіндігі берілгені шындық емес пе? Өзгерістер жолымен, прогресс, еркін де тең құқықты қоғам құру жолымен ілгерілеу немесе бұрынғысынша өткен мен болашақтың арасындағы қысылтаяңда қала беру жөнінде таңдау мүмкіндігі берілді. Ал халық біздің қоғамымыздың алға ілгерілеуін жақтаған пікірін мәлімдеп, өзінің егемен ерік-жігерін бір мәнді білдірді.

Міне, сондықтан да біз бүгін толық негізбен мыналарды ашық айта аламыз:

- барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар, Парламент пен үкімет, партиялар мен кәсіподақтар, діни және басқа да бірлестіктер Конституцияны сақтауға тиіс;

- кез-келген лауазымды адам, әрбір мемлекеттік қызметші Конституцияның баптарын бұлжытпай орындауға міндетті;

- Қазақстанның әрбір азаматы өз елінің Негізгі Заңын құрметтеуге және сөзсіз орындауға тиіс;

- Қазақстанның кез-келген тұрғыны және оның мейманы Қазақстан Республикасының Конституциясын орындауға міндетті.

Конституцияны бүкілхалықтық қолдау, ең алдымен Президент ретінде маған аса жоғары жауапкершілік, Конституцияны бүкіл еліміздің аумағында сендіру, сондай-ақ мәжбүр ету шаралары арқылы да сақтауды қамтамасыз ету міндетін жүктейтінін жақсы сезінемін.

Қазір біздің халқымыз талай қиыншылықтарды басынан өткізуде. Бірақ ғаламдық дағдарыстан шығудың оңай жолы болмайтынын, жаңға батпайтын реформалардың, сондай-ақ қате жібермейтін реформаторлардың болмайтынын тарих әлі біліп көрмегенін түсінген жөн демекпін. Бағымызға қарай, біз әуел баста қателіктерге ұрынған жоқпыз — әлеуметтік тұрақтылықты қадағалай отырып, қоғамды реформалаудың тарихи мүмкіндігін қолдан шығарған жоқпыз.

Қымбатты достар!

Еліміз үшін осынау айтулы күні жаңа Конституцияны әзірлеудің қиын жұмысын атқарып шығуды менімен бөліскен Қазақстан халқына тағы да өзімнің терең алғыс сезімімді білдірмей тұра алмаймын.

Негізгі Заңның жобасын талқылауға қызу әрі мүдделілікпен атсалысқаны үшін партияларға, қоғамдық қозғалыстарға, бұқаралық ақпарат құралдарына шын жүректен рахмет айтамын.

Мен сондай-ақ осы жауапты жұмыста бізге өздерінің қолдауымен, өздерінің дұрыс ақыл-кеңестерімен және тәжірибесімен көмектескен халықаралық ұйымдарға, мемлекеттер мен үкіметтер басшыларына, шетелдік сарапшыларға шынайы ризашылығымды білдіремін.

Ақ жол болсын, Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы!

БҰҰ Бас Ассамблеясының 50-ші мерейтойлық сессиясында сөйлеген сөзі

АҚШ, Нью-Йорк қаласы, 1995 жылдың 22 қазаны

Құрметті төраға мырза!
Ханымдар мен мырзалар!

Осы тарихи мәжілісте Қазақстан Республикасын өкілеттік ету зор құрмет. Барлық қатысушыларды осы айтулы дата — БҰҰ-ның 50 жылдығымен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Біз бүгін аласапыран өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп отырмыз. Бүгінгі таңдағы халықаралық құрылымдар әрқашанда жаңа шындықтарға үйлесе бермейді. Бұл да орынды шығар.

1914 жылғы Дүниежүзілік соғыс Ұлттар лигасын туғызды. Ал екінші Дүниежүзілік соғыс БҰҰ-ны өмірге әкелді. Дүниежүзіндегі қарсыластықтың жойылуы және геосаяси экономикалық шындықтардың өзі халықаралық органдардың жаңғыруын талап еткені рас. Бұған бізді тарихтың өзі үйретіп отыр.

Версаль қауіпсіздік жүйесі құрылған кезде 20 жылдан кейін адамзат тарихында орасан қырғын болатынын кім ойлапты? Ал соның нәтижесінде ынтымақтастықтың бүкіл дүниежүзілік құрылымының құрылғанын білеміз.

БҰҰ-ны құрған кезде екі дүниежүзілік жүйенің арасындағы «қырғи-қабақ соғыс» осыншама созылатынын, олардың бірінің құлап тынатынын кім ойлаған.

Бұдан 10 жыл бұрын блоктарға қосылмау қозғалысы көш басшыларының бірі — Еуропадағы өркендеген мемлекеттердің бірі — мен бұрынғы Югославия туралы айтып отырмын, бір сәттің ішінде талқаны шығып, еш кінәсіз адамдардың қанына бөгеді деп кім ойлаған?

Бүгін, БҰҰ-ның 50 жылдығын мерекелей отырып, біз жалпыәлемдік құрылымдарды дамытудың жана кезеңінің табалдырығы алдында тұрмыз. XXI ғасырдың басында қандай да болсын халықаралық құрылым, егер ол жаңа ғаламдық тепе-тендікті ескермейтін болса, ғаламдық қауіпсіздік пен әлеуметтік-экономикалық дамудың проблемаларын пәрменді түрде шеше алмайды. Ал бұл тепе-теңдік Батыс Еуропада, Оңтүстік-Шығыс Азияда және Солтүстік Америкада күштердің жаңа орталықтарын қалыптастыруда қазірдің өзінде байқалуда.

Бүгін БҰҰ-ға алғыс айтуға тиіспіз, оның жемісті күш-жігері біздің бәрімізге XX ғасырдың екінші жартысында дүниежүзілік ауқымдағы ықтимал апаттармен бетпе-бет келуімізге көмектесті. Бұл — БҰҰ-ның және оның негізгі органдары мен құрылымдарының шүбәсіз де талассыз еңбегі. Мұның өзі бізге мерекелік сессиядан кейін іле-шала жаңартылған БҰҰ-ның тұжырымдамалық үлгісін белгілеуге күш-жігерімізді шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Мұндай үлгі, БҰҰ-ны реформалаудың негізгі принциптерін ғана емес, сонымен қатар XXI ғасырдағы БҰҰ-ның жаңа мақсаттарын, міндеттері мен қызметін өз бойына жинақтауға тиіс. Бұл — бейбітшілік, тұрлаулы даму, адамның қауіпсіздігі және халықтар мен ұлттардың бірыңғай шаңырағын құру жолындағы жоғары халықаралық органдарды шынайы демократияландыру.

Осыған байланысты Қазақстан басшысы бірнеше нақты аспектілерді бөліп көрсетті.

Біріншіден, заманымыздың ғаламдық проблемаларын шешуде қауіпсіздік кеңесінің рөлін күшейту қажет. Бұл үшін, ең алдымен, Германия мен Жапония оның толық құқықты мүшелері болуға тиіс. Сонымен бірге осы органдағы барлық аймақтар мемлекеттерінің пікірлерін барынша кеңінен ескеру үшін шаралар қолданған жөн.

Екіншіден, бұл ғаламдық және аймақтық қауіпсіздік жүйелерінің өзара іс-қимылы. Бүгінгі таңда біз қауіпсіздіктің халықаралық жүйелері тек жоғарыдан ғана емес, сондай-ақ төменнен де, аймақтық деңгейден де құрылуы мүмкін екенін ескеруге тиіспіз.

Орталық Азиядағы біз аймақтық негізді күшейтудің осындай қажеттігін өткір сезінудеміз, Қазақстанның Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыру туралы және Еуразиялық Одақ туралы бастамасы да, экономикалық ынтымақтастық ұйымындағы біздің белсенді жұмысымыз да осыдан туындап отыр. Ол, ол ма, бүгінгі таңда Азияның, ТМД-ның және Еуропаның көптеген елдерінің ықтимал қатысуымен құрылатын аса ірі аймақтық рынoктың белгілері пайда болуда. Мұның үстіне, аймақтың дамуының көптеген проблемалары ғаламдық маңызға ие болып отыр. Бұл аймақтың мұнай және газ ресурстарын XXI ғасырда әлемдік экономиканы дамыту мүддесіне сай тиімді тасымалдаудың міндетіне, есірткі заттарының тасымалдануына қарсы күреске және дүниежүзілік қоғамдастықтың Аралды құтқару жөніндегі күш-жігерін біріктіруге қатысты болып отыр. Арал апатының экологиялық зардаптары шұғыл шаралар қолданбаса, таяу арада бүкіл Еуразияның проблемаларына айналуы мүмкін.

Осыдан келіп мынадай сұрақ туады: Жана БҰҰ аймақтық және құрлықтық қауіпсіздік пен ынтымақтастық жүйелерімен өзара іс-қимылын қалай құратын болады?

Бұл арада БҰҰ-ның әртүрлі екі рөлі болуы мүмкін.

Олардың бірі — дүниежүзілік қауіпсіздіктің біртұтас орталығының рөлі, оның шешімдері барлық аймақтық жүйелер үшін міндетті болады. Мұндай орталықтың кемшілігі мынада: БҰҰ өзі үшін байқаусызда жанжалдасушы жақтардың бірінің жағына шығып кетуі мүмкін, сөйтіп, күштердің басқа өскелең әлемдік орталықтарының табиғи дамуын тежеуі мүмкін.

Екінші нұсқа — бұл бүкіл дүниежүзілік үйлестіруші орган, ол аймақтық құрылымдар арасындағы дау-жанжалдарды шешуде жоғары тәуелсіз төреші рөлін өз мойнына алады. Ал мұндағы кемшілік мынада: мұндай орган пәрменді шараларды дер кезінде қолданып, жанжалды тоқтата алмауы мүмкін.

Үшіншіден, мұндай проблемалар тек әскери-стратегиялық салада ғана емес, сонымен қатар адамның тыныс-тіршілігінің барлық салаларында — мәдени, ақпараттық, ғылыми-техникалық және қаржы-экономикалық салаларында туындауы ықтимал.

БҰҰ XXI ғасырда қандай болуға тиіс? Бұл барлық мемлекеттер мен халықаралық құрылымдар үшін шешімдері міндетті болатын жоғарғы құрылым бола ма? Немесе бұл біртұтас дүниежүзілік үйлестіруші тетік, теңдестірілген өзара іс-қимыл, делдалдық және жоғары төрелік құрылым бола ма?

Бұл проблемаларды шешуге бүгінгі таңда адамзаттың ең таңдаулы ақыл-ой иелері бағдарлануға тиіс. Бұл орайда БҰҰ жөнінде оң-солға қарамайтын көзжұмбай іс-әрекеттер қолдануға болмайды, өйткені, олар халықаралық қатынастардың

қалыптасқан жүйесін бүлдіруі мүмкін. Сондықтан БҰҰ-ның жаңа үлгісін таңдау дүниежүзінің барлық халықтарының нақты ерік-жігерін білдіруі жолымен дәйектеліп жасалуға тиіс.

Егер біз ғасырдың аяғына қарай БҰҰ әлемдік жанжалды үрдісті айтарлықтай төмендете алатын және бейбітшілік пен даму үшін мүмкіндікті арттыруға көмектесе алатын болсын десек, бұған тек бір ғана жол бар: біздің әрқайсымыз БҰҰ-ны реформалаудың игілікті ісіне саналы түрде мүмкін нәрсенің бәрін барынша молынан беруге тиіспіз.

Егер біз 1995 жылы осы мәселелерді шешетін болсақ, онда таяу болашақта БҰҰ Бас Ассамблеясы ның сессиясын күн тәртібін: БҰҰ-ны реформалау — XXI ғасырдың шақыруына лайықты жауап деген арнаулы тармақпен өткізуге болар еді.

Бұл жолда туындайтын бірінші сұрақ — өзгерістерді қаржыландыру. Мен осыдан 3 жыл бүгінгі БҰҰ Бас Ассамблеясы ның 47-сессиясында осы мәселені айтарлықтай қарапайым да түбегейлі шешуді ұсынған болатынмын. Ол ұсыныс: бітімгершілік күш-жігер қорын құру, оған әрбір ел өзінің қорғаныс шығындарын жыл сайын 1% қысқарту жолымен ресурстар бөле алар еді. Бұл ұсыныс әлі де күшінде қалып отыр.

Және соңғысы. Қазақстан АҚШ Президенті Б. Клинтон баяндап берген декларацияның ережелері мен мақсаттарын толығымен қуаттайды, себебі, бұл бастамалар сыбайлас жемқорлық, ұйымдасқан қылмыс, есірткі мен терроризмнің таралуы сияқты қазіргі заманның дерттеріне қарсы батыл күреске бағытталған біздің саясатымызға толық сәйкес келеді.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Мен біздің баршамызға және біздің соңымыздан келетіндерге халықтар мен ұлттардың ортақ жанұясы ретіндегі БҰҰ құру жолында шын жүректен табыстар тілеймін.

Көңіл қойып тыңдағандарыңыз үшін рахмет.

ЮНЕСКО-ның 50 жылдығына арналған Бас конференциясының XXVIII сессиясында сөйлеген сөзі

Франция Республикасы, Париж қаласы, 1995 жылдың 15 қарашасы

Құрметті төраға мырза!
Құрметті бас директор мырза!
Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Сіздерді ЮНЕСКО Бас конференциясының осынау сессиясы мінбесінен құттықтау мен үшін үлкен мәртебе. Бұл жыл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмірінде адамгершілік, рухани биіктік идеяларының, адам құқықтары мен еркіндігінің орнығуы аясында өтіп жатыр. Осыдан 50 жыл бұрын білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөнінде Біріккен Ұлттар Ұйымын құру туралы тарихи шешім қабылданды. Бұл проблема бұрынғысынша Жер шарының жүздеген миллион адамдарының назарын аударып келеді.

Жарты ғасыр ішінде ЮНЕСКО дүниежүзілік даму процесіне пәрменді ықпал етіп отырған беделді халықаралық ұйымға айналды. Ол жариялаған «үйрету, іздену және бірлесіп жасау» жөніндегі үш құрамды міндет қарсыласу кезеңін басынан өткерген, интеграциялық күш-жігермен біріккен, сонымен қоса әлі де аймақтық жанжалдардан арылмай келе жатқан, қазіргі әлемнің өзара тәуелді елдерінен барған сайын көбірек қолдау табуда.

Осы сессияға қатысушыларға ұсынылып отырған ЮНЕСКО-ның қызметіндегі жаңа тұжырымдамалар қазіргі рухы мен ақиқатына сай келері және жуырда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған бейбітшілікке жетудің ғаламдық үндеуін жүзеге асыру жолындағы ірі қадамға айналары сөзсіз.

ЮНЕСКО-ның ізгілікті бағдарламалары мен жобаларынан мемлекеттер мен халықтар өзін-өзі жетілдіруді, өзара түсіністік пен қарым-қатынастың, ұлттық ғылым, мәдениет, білім қазыналарын адамзаттың осы заманғы жетістіктерімен толықтырудың жолдарын іздейді.

Бірақ бұл орайда, әлбетте, әрбір ел стратегиялық, гуманитарлық ұмтылыстарымен және шығармашылық ресурстарымен ерекше ұштасып жататын өз мәдениетімен, өз тілімен және өз тарихымен өмір сүреді.

Қазақстан да сол сияқты. Біздің стратегиялық мақсаттарымыздың мәні неде? Егер қысқаша айтар болсақ, онда кең де алысты көздеген прагматизм біздің ішкі проблемаларымыздың шешімін жалпы әлемдік көзқарастармен нақты ұштастыруымызды талап етеді.

Қазақ халқымен оның арғы ата-бабалырының 2,5 мың жылдық тарихы, жазба деректерде жазылып қалғанындай, Шығыс пен Батыстың көптеген мәдениеттерімен тығыз байланыста болды. Философтың әлемдік тұтастықпен бірлікте ырғақты қозғалыс деп атаған тұжырымына икемділік қазақ мәдениетінің іргелі сипаттамаларының бірін құрайды, оның кәміл бүкпесіздігінің айрықша өлшемін айқындайды, сыртқы құбылыстарды қабылдаудағы зеректігін, лайықты рухани әріптестікке әзірлігін көрсетеді.

Осы қасиеттердің қалыптасуына көп ретте даңқты Жібек жолы ықпал етті. Жүздеген жылдар бойына осы жол арқылы тауар артқан керуендерімен қатар

білім мен идеялар таратылып, халықаралық байланыстар орнатылды. Осынау «рухани күретамырдың» мың жылдық тынысы қазақтардың дүниетанымына терең із қалдырды.

Нақ сондықтан да олар біздің республика тәуелсіздікке ие болғаннан кейін рухани қайта өркендеуді басынан кешіре отырып, Ұлы Жібек жолының мәдени және бітімгершілік дәстүрлерін қайта түлетуге ұмтылуда. Еуропа мен Азия арасындағы аралық жағдайға ие бола, экономикалық және саяси байланыстардың қайнап жатқан арнасына айнала отырып, Қазақстан екі ұлы өркениетті байланыстырушы буынға айнала бастады.

Ханымдар мен мырзалар!

Қазір әлемдік дамудың айқындаушы үрдісі — ғаламдық интеграция. Еуропалық Одаққа мүше елдердің жігерлендіруші өнегесі планеталардың түкпір-түкпірінде қолдау табуда. Бірлесу процестері Латын Америкасы, Оңтүстік-Шығыс Азия, Таяу Шығыс елдері үшін тән сипат болып отыр.

Қазақстан ұсынған және қазірдің өзінде одан тыс жерлерде көптеген жақтастарын тауып отырған бұрынғы кеңес кеңістігінде Еуразиялық Одақ құру идеясы да осы арнада жатыр. Ол әбден түсінікті экономикалық мақсаттарды ғана емес, сонымен бірге ғылым, мәдениет пен білім беру, ақпарат саласында бұрынғы кеңестік республикалардың интеграциялануын көздейді.

Бүгінде мына бір айқын фактіні барша жұрт мойындап отыр: бірін-бірі байыта алатын ұлттық мәдениеттердің гүлденуінсіз тұрақты экономикалық даму да, әлеуметтік прогресс те, баянды демократия да, жер бетінде тыныштықтың орнауы да мүмкін емес. Сонау 1998 жылы ЮНЕСКО-ның мәдениетті дамытудың 10 жылдығын жариялауы кездейсоқ емес. Бұл шын мәнінде игілікті бағдарлама. Ал оның шын мәніндегі асқақ мақсатын ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен республикада ірі ойшыл әрі ақын Абай Құнанбаевтың 150 жылдығын мерекелеу кезінде бүкіл қазақстандықтар мейлінше толық сезінді.

Осы салтанаттарды өткізуде ЮНЕСКО-ның атқарушы хатшылығының және, ең алдымен, оның Бас директоры Федерико Майор мырзаның сіңірген еңбегі төтенше зор. Ол мерейтойға қатысу үшін Қазақстанға арнайы келді. Оның сапары Республикада үлкен жаңғырық туғызды. Көптеген қоғамдық ұйымдардың ұсынысы бойынша ЮНЕСКО-ның басшысына жыл сайынғы Бейбітшілік және рухани татулық сыйлығы берілді. Мұндай сыйлыққа Қазақстанда ұлтаралық тұрақтылық пен халықтардың бірлігін нығайтуға зор үлес қосқан көрнекті қоғам қайраткерлері ғана ие болады.

Қазір саясаткерлер мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы бірінші қатарға шығуда. Әлемдік тәжірибе мемлекеттік қайраткерлердің қоғамдық дамудың эстетикасына ықпал етіп келе жатқанын көрсетіп отыр. Олар елдер мен халықтар арасындағы байланыстардың мәдени деңгейін айқындайтын нәрсенің бәрін қолдап отыруға міндетті. Ашығын айту керек: бүгінге дейін әртүрлі субъективтік факторлардың салдарынан мұндай ықпалдың деңгейі мен қуаты тежеліп келді, ол шашыраңқы сипатқа ие. Осы заманғы саяси қайраткерлерге арналған қандай да бір меморандумның шеңберінде ЮНЕСКО осынау берекесіз процесті бір ізге сала алар еді. Мемлекеттердің басшылары мәдениетті зерттеу мен дамыту жөніндегі ЮНЕСКО-ның аймақтық қызметіне елеулі қолдау көрсете алады. Орталық Азия аймағына келетін болсақ, онда Қазақстан біздің халықтарымыздың бірегей рухани мұраларын кешенді түрде зерттеудің өзіндік базасы

ретінде осында Еуразиялық зерттеулер орталығын немесе институтын құру идеясын қолдар еді. Принципті, неғұрлым ауқымды тұрғыда айтар болсақ, жоғары дамыған мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар көшпелі экономиканы басынан кешіріп жатқан елдерге қолдау көрсете отырып, олардың мәдени дамуының өзгешеліктерін сөзсіз ескеруге тиіс. Бұл үшін, ЮНЕСКО-ның тиісті ұсыныстарының қажеттігі даусыз.

Ханымдар мен мырзалар!

Интеграция әлемді жан-жақты дамыту үшін ашылып отырған мүмкіндіктер, Батыс пен Шығыс арасындағы нығайып келе жатқан байланыстар білім беру саласында жаңа көзқарастар мен идеяларды талап етеді.

Бұрынғы тоталитарлық елдер бұл салада болмай қоймайтын реформаларды басынан кешіруде. Бұл әбден түсінікті. Өйткені, жаңа әлеуметтік орта білім беру деңгейін өзгертуді талап етуде. Міне, осы тұста білім берудің сыннан өткен және өзін жақсы жағынан көрсеткен жүйелірін зерттеп, негіздеу бағытында ЮНЕСКО-ның көмегінсіз болмайды. Атап айтқанда, басқа да көптеген елдер сияқты, Қазақстан үшін интеграциялық деп аталатын пәндер айрықша ықылас туғызып отыр.

Салыстырмалы тарих, мәдениет, әлеуметтану жаңа бағдарламалардың маңызды бөлігіне айналуға тиіс. Тіл мен әдебиетті зерттеу сияқты, мәдениеттердің өзіндік қасиеттері мен жалпы адамзаттық құндылықты бойына жинаған осындай пәндер бұл орайда өзінің лайықты орнын таба алады. Келешекте мұндай бағдарламалар қолдан жасалған тарихи және саяси кедергілерден ада, осы заманғы әлемнің жаңа тарихи тағылымын қалыптастыруға қабілетті.

Қазір Қазақстанда түбегейлі реформаларды жүргізу барысында бетпе-бет келіп жатқан проблемаларды кейде ескі білім беру негізінде шешу мүмкін болмай қалады. Іс жүзінде олар бұрын жас мемлекеттердің кездеспеген осы заманғы әлеуметтік-саяси ақиқат шындықтың ажырағысыз бөлігіне айналған. Осыған сәйкес жалпы Еуропалық қана емес, Азиялық және басқа да аймақтық проблемалар бойынша мамандарды тереңірек даярлаудың қажеттігі туындауда. ТМД елдері ғана емес, сонымен бірге интеграцияны тереңдете түсуге ұмтылып отырған барлық мемлекеттер әлемдегі тез өзгеріп жатқан ахуалды ескеретін мамандандырылған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға мүдделі. Сондықтан да біз бұл істе де ЮНЕСКО-ның қолдауына үміт артуға хақылымыз.

Осыған байланысты ежелгі бір кемеңгер: «Кім елдің бүгіні туралы ойласа — күнделікті ішіп-жеміне қам-қарекет жасайды, ал ертеңін ойласа — адамдардың жүзіне үңіледі», деген екен. Бұл рас: біздің бәріміз келешекте адамзаттың тарихын жасайтын жас ұландардың көзіне жалтармай қарауға тиістіміз.

Ғылым мәселесі де ЮНЕСКО-ның басты назарында болғандықтан, ең алдымен, әңгіме ғалымдардың күш-жігерін ядролық сынақтардың салдарын жоюға жұмылдыру қажеттігі туралы болып отыр.

Семей полигонының 40 жыл дерлік жұмыс істеуі Қазақстан халқының денсаулығына, айналадағы ортаға орны толмас зиян келтірді. Мұның өзі кеңестік тоталитарлық тәртіптің өресіз билеушілері адамзаттың пікірін сұрамастан жерді ажал себуші қару-жарақпен толтырғаны үшін адамзатқа қандайлық қымбат өтем жасауға тура келгенін күллі әлемге жариялауға толық құқық береді.

Қазақстан мұндай қарудан бас тарту жөніндегі саналы түрде таңдау жасап, оны таратпау туралы Шартқа өз еркімен қосылды. Бұл үшін Семей полигонын алдын-ала

жапты. Біз алған ащы сабақ — бүкіл адамзатқа жасалған қаһарлы ескерту. Сондықтан біз барлық мемлекеттерді ядролық сынауларға толық және жан-жақты тыйым салу туралы келісімге 1996 жылдан қалдырмай қол қоюға шақырамыз.

ЮНЕСКО-ның осы проблемаға ерекше назар аударуы өткеннің қателерін қайталамауға, халықтарды «бейбіт атом» делінетіннің ажал себуші ықпалынан көмектескен болар еді. Атап айтқанда, Қазақстан ядролық сынаулардың адамға және айналадағы ортаға ықпалының салдарын зерттеу жөніндегі халықаралық ғылыми зерттеу орталықты өзінде құруға дайын.

ЮНЕСКО сондай-ақ планетада бүкілғаламдық экологиялық апаттар туғызуы мүмкін құрып бара жатқан Арал теңізінің проблемаларына да ғылыми жұртшылықты тарта алар еді.

Ғылыми қызметтің тағы бір келешегі бар бағыты — ғарыш кеңістігін бірлесіп игеру. Қазір «ғарыш клубына» мүше елдер көбейіп келеді. Жер төңірегіндегі кеңістікті зерттеулерге шама-шарқынша өз үлесімен қатысып отырған бұл мемлекеттердің қатарында Қазақстан да бар. Оның екі азаматы орбиталық стансадағы ұшуларға қатысты. Марсқа ғарыштық экспедиция ұйымдастыру да алыс еместігін ескерсек, бүгінгі таңда ғарышты игеру ісінде халықаралық ғылыми кооперация қажеттігі түсінкті болады. Өйткені, мұндай ауыр жүкті, алайда ғылыми-техникалық ілгерілеу жолында серпінді қозғалыс жасауға қажетті жүкті бірде-бір елдің жеке өзі көтере алмайды.

Біз міне, сондықтан да осы бір ауқымды проблеманы шешуге мүдделі елдер ең озық ғылыми күштердің жұмысын үйлестіре алады, ұлттық әуе-ғарыш бағдарламаларын өзара келісе алады деп есептейміз. Ал үйлестіру қызметін атқаруға, ЮНЕСКО-ның өзі толық қабілетті.

Ғылым, мәдениет және білім саласындағы интегрция күн өткен сайын осы заманғы дүниенің қақпасын қаттырақ қағуда. Көкейкесті ізгілікті проблемаларды шешуге әлемдік қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіру дүниені жаңа, әділетті негізде қайта құруға қуатты серпін беріп қана қоймай, XX ғасырдың кеселдерімен күрестің тиімділігін де едәуір арттырады. Бұл арада ең алдымен экстремизм, халықаралық терроризм, аймақтағы тұрақсыздық туралы айтылып отыр. Бүгінгі таңда көрнекті саяси қайраткерлер де, планетаның қатардағы азаматтары да олардың құрбаны болуда.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Адамзаттың ілгерілеуі үшін өмірлік қажетке айналған ұйым — ЮНЕСКО-сыз қазіргі дүниені көзге елестету мүмкін емес. Джавахарлал Неру оны «дүниежүзілік қоғамдастықтың ақыл-ойы» деп бекерге атаған жоқ.

ЮНЕСКО-ның ізгі мұраттары оның әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар процесінде ұстанған пәрменді бағыты бүкіл дүниенің орынды құрметіне ие болды әрі жаңа демократиялық қоғам құру жолымен келе жатқан Қазақстанда қызу қолдау табуда.

Жалпыға ортақ бейбітшілік, ізгілік пен әділеттілік қағидаттарына бейімділігін дәйектей отырып, Қазақстан бұл беделді халықаралық ұйыммен жемісті ықпалдастық ісіне барлық күш-жігерін салады.

ЮНЕСКО Бас конференциясының осы сессиясына қатысушыларға адамзаттың игілігі жолында табысты жұмыс тілеймін.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1995 жылдың 16 желтоқсаны

Құрметті жиналысқа қатысушылар!
Құрметті қазақстандықтар!

Тәуелсіздік күні біздің күнтізбемізде «қызыл күн» болып белгіленген. Алайда бұл дата — Қазақстанның 1991 жылы жариялаған тәуелсіздігін еске салатын күн ғана емес. Осы заманғы әлемдік тәртіптің көптеген құбылыстарында тарихтың нақты ізі қалған. Жаңа елдердің тәуелсіздік алуы солардың қатарына жататыны сөзсіз. Олардың әрқайсысы өзінің бостандығына қарай ұзақ және соқпақты жолмен келді. Жақында ғана әлемдік қоғамдыстыққа кірген бізді былай қойғанда, олардың ешқайсысы да осы жолды аяғына дейін жүріп өттік деп айта алмайтын шығар.

Біз ұмытшақ емеспіз, бәрі де есімізде — қазіргі тәуелсіздігіміз қазақ ұлтының өз тағдырын өзі шешуге деген сан ғасырлар бойғы ұмтылысының жемісі екенін жақсы білеміз. Бұл ұмтылыс қоғамдық ой-пікірдің қалыптасуымен, халықтың жанжүрегімен қалаған қажырлы іс-әрекетімен нығайтылып отырды. Біз 1986 жылдың желтоқсанында Қазақстан жастарының тоталитарлық тәртіпке жүрек жұтқан әрі теңдесі жоқ ерлікпен қасқайып қарсы шыққанын ұмытпаймыз. Оның үстіне, біз бостандық көп ұлтты республикамыздың азаматтары жасап жатқан қазіргі тарихтың мазмұнына сай келгенде ғана нақты шындыққа айналатынын айқын сезінеміз.

Мемлекетіміздің егемендік жолымен дамуының алғашқы жылдары, өтпелі кезеңнің қандай да болсын қиыншылықтарын басымыздан кешіре тұрсақ та, біздің халқымыздың, қоғамымыздың, саяси күштеріміздің бойынан жас мемлекеттілігімізді нығайту, экономикамызды реформалау, құқықтық демократиялық қоғам орнату, онда рухани бірлік пен ұлтаралық келісім ахуалын қалыптастыру жөніндегі ұлан асыр жұмыстарды батыл бастап кетуге деген ерік-жігер мен ақыл-парасат жеткілікті мөлшерде табылғанын толық көрсетті.

Қазақстан бүгінгі таңда ілгері қарай қозғалыс үстінде, өзінің тұрақты дамуының тиімді жолдарын қарастыруда. Біз қысқа мерзімнің ішінде өтпелі кезеңнің экономикалық саясатын қалыптастыра алдық, шаруашылық кешенді қайта құрудың бірқатар ұлттық бағдарламаларын жүзеге асыруға кірісіп кеттік, экономикалық жағынан тәуелсіз мемлекеттің іргетасын қаладық.

Қазір, сөз жоқ, мемлекетімізге де, бүкіл халқымызға да қиын тиіп жатыр. Өйткені, шикізат өндіруге ғана негізделген орасан зор ауыр да икемсіз бұрынғы экономиканы оның құрылымын жетілдіру, көп укладты нарықтық қатынастар орнату жағына қарай бұрып әкете қою тіпті де оп-оңай нәрсе емес, оның үстіне, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу де қиын. Бірақ біз күш-жігерімізді барынша жұмылдыра отырып, бәріне де төздік және бұдан әрі ілгері басуымыздың алғышарттарын жасай алдық.

Қазақстан ақшаның шектен шыға құнсыздануы сияқты экономикалық ауыр дерттен небары бір ғана қаржы жылы ішінде айыға білді. Біз экономикалық егемендіктің ұлттық валюта сияқты аса маңызды атрибутын енгізіп қана қойған жоқпыз, сонымен қатар оның сенімділігіне, тұрақты да берік айналымға түсуіне қол жеткіздік. Соның арқасында біз отандық экономикамыздың бет бейнесін айқындайтын, экспорттық секторды қалыптастыратын, дүниежүзілік рынокқа

алып шығатын жолдарды ашатын жетекші кәсіпорындарымызды экономикалық тұңғиық құздың терең түкпіріне қарай құлдыраудан аман алып қалдық. Қазіргі Қазақстан шетелдік капиталды, инвестицияларды, технологияларды, экономикалық жаңалықтарды және дүниежүзілік шаруашылық практикасын енгізу тұрғысынан кімді болса да әлдеқайда күштірек қызықтыра түсіп отыр.

Биыл еліміздің жаңа Конституциясы іске қосылып, жұмыс істей бастады. Ол қазақстандықтардың басым көпшілігінің қолдауымен қабылданған болатын. Халықтың ерік-жігер білдіруінің ең қуатты күшімен мемлекет өкімет билігінің тарихи тұрғыдан қажетті жүйесі бекітілді. Нарықтық реформалардың заңдық негіздері айқындалды. Атқарушы өкімет билігінің белгіленген бағдарламаларды жүзеге асыру жолындағы ұйымдастырушылық рөлі мен жауапкершілік елеулі түрде арттырылды. Ертеңгі күнімізге қарай ілгері басудың ой елегінен өткізілген нақты бағыты конституциялық негізде белгіленді.

Егер біздің шынында да іс жүзінде мемлекеттілігімізді нығайтуға, экономикадағы, қоғамдық-саяси өмірдегі тұрақтылыққа қол жеткізуге тезірек ұмтылғымыз келсе, онда республикамыздың болашағы үшін, оның тұрақты дамуы үшін қоғамымыздағы барлық әлеуметтік топтардың күш-жігерін бір арнаға бағыттаудың ерекше зор маңызы бар екенін білуіміз тиіс.

Мұның өзі әсіресе қазір, тұрақты даму проблемасы дүниежүзілік көлемде жалпылама қойылып отырған кезеңде, ерекше маңызды. Біріккен Ұлттар Ұйымы бұл проблема бүкіл планета үшін де, әрбір жеке мемлекет үшін де бірінші кезекте тұр деп біледі.

Бүгін, Тәуелсіздігіміздің қуанышты күнін атап отырған кезде, менің елімізді тұрақты дамытуға қол жеткізу үшін қажетті кейбір шарттар туралы өз ойларымды ортаға салғым келеді. Бұл тақырыптың, бәлкім маңызы тіпті де кем емес басқа да мәселелерін қозғап жатпай-ақ, мемлекеттік егемендік жөніндегі өз көзқарасымды елді демократияландыру, оның рухани өмірі, біздің интеграциялық биік беделіміз, өз мемлекетіміздегі, Кіндік Азия елдері аймағындағы және бүкіл дүние жүзіндегі тұрақтылықты сақтау мен нығайту сияқты аса зор маңызды проблемалары тұрғысынан баяндап беруді мақұл көрдім. Яғни XXI ғасырға енудің шешуші шарты болып табылатын тұрақты дамудың негізін қалайтын шешуші проблемаларға тоқталмақпын.

Демократиялық дамудың өктем талаптары

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін саяси лексикамызда мәнін түсіну үшін тек жалқаулар ғана басын қатырып әуре болып жатпайтын бірнеше жаңа ұғым пайда болды. Бұл жерде, әрине, бірінші орынды әркім өзінің шама-шарқынша түсінетін «демократия ұғымы алуы тиіс.

Бірақ біз Қазақстандағы саяси өмірдің жағдайына американдық немесе еуропалық демократия өлшемдері тұрғысынан баға берген кезде кез келген саяси категория дегеніміз әлдебір қатып қалған және барлық уақытқа бірдей жарамды мәңгілік нәрсе емес екендігін ескере береміз бе? 1990-шы жылдардың үлгісіндегі еуропалық демократия мен ғасырдың бас кезіндегі демократияның арасында аспан мен жердей айырмашылықтар бар екенін ойлаймыз ба?

Ал демократиялық қазыналардың әмбебаптығы жөнінде күмән келтіре қояды деп ойлауға ешқандай негіз жоқ. Ален Турен сияқты осы заманғы белгілі социологтың өзі де мынадай сұраққа жауап іздейді: «Демократияны оның алдында тұрған мақсаттарға, яғни ол адамдар мен әлеуметтік топтардың арасында орната-

тын байланыстарға қатыссыз түрде айқындауға бола ма?». «Қазір, — деп жазады ол, — толып жатқан бұрынғы беделге негізделген тәртіп тас-талқан болып жатқан кезде, біз демократияның мазмұны жөнінде терең ойлануға тиіспіз...».

Егер демократияға баға беруге осы тұрғыдан келетін болсақ, онда демократиялық даму мәселелерінде бір ғана рет берілген және барлық уақытқа бірдей жарамды әмбебап рецепттердің болуы мүмкін емес дегенді мойындауымызға тура келеді. Мұның өзі әсіресе кешегі тоталитарлық тәртіп, ондаған жылдар бойы диктатураның қатал қыспағы жағдайында өмір сүрген, демократиялық институттар туралы ишара білдіруден де аулақ мемлекеттер туралы сөз еткенде ерекше маңызды.

Иә, біз демократиялық өзгерістер жолына біржола түстік. Бірақ демократизмді өзіміздің өркениеттілігімізді бүкіл әлемге дәлелдеу үшін ғана орнықтырмаймыз. Бұл ретте өзімізге жан-жақты қолдау көрсетілуін күтеміз. Жоқ, біз бұл жолға өзіміз ынтық болып ұмтылып отырған қымбат қазыналардың нақты үлгісі болатын демократияны жақтағандықтан түстік. Бірақ бұл ретте уақыттан озып кетуге, оқиғаларды жасанды түрде шапшаңдатуға тырыспаймыз. Өйткені, егер барлық азаматтарға лайықты тұрмыс жағдайлары қамтамасыз етілмесе, онда саяси бостандық туралы әңгімелер бос сөздерге, тіпті қауіп-қатерлі сөздерге айналатынын ұмытпаймыз.

Демократияны орнықтыру үшін сөзсіз екі түрлі алғышарт — экономикалық тепе-теңдік және қоғамдық тұрақтылық қажет екені жалпыға мәлім. Егер біз экономикалық тепе-теңдікке енді-енді ғана ұмтылып отырсақ, онда Қазақстанның бүгінгі таңда демократиялық қазыналар жасаумен ғасырлар бойы айналысып келген еуропалық елдермен бой теңестіріп, қатар тұруға әзір екендігі жөнінде мәлімдеуге құқығы бар ма? Мұндай пайымдауға бару социализмді түпкілікті орнату жөнінде кезінде жасалған жөн-жосықсыз мәлімдемеден өзге ешнәрсе де болып табылмас еді. Мен Қазақстанның экономикалық дербестігі неғұрлым күшейген сайын елімізде демократиялық бостандықтарға деген қажеттіліктің үсті-үстіне арта түсетініне кәміл сенемін. Ал біздің қазіргі таңдағы міндетіміз азаматтардың саяси инициативаны өркениетті түрде жасауы үшін барлық жағдайлар туғызу, демократиялық қарым-қатынастардың, демократиялық мәдениеттің дағдыларын қалыптастыру тәрбиесі болуы тиіс. Демократия қоғамның өз қойнауынан, оның азаматтарының экономикалық бостандығы қаншалықты артуы мөлшеріне сәйкес, табиғи түрде өсіп шығуы тиіс.

Біздің көптеген қатып-семіп қалған нәрселерден бас тартуымызға тура келеді. Тоталитаризмнің күйреу кезеңінде адамдардың санасында демократияны озбырлықтан, басып-жаншудан, жеке басқа табынудан, номенклатураның шексіз өктемдігінен құтылу құралы деп түсіну қалыптасты. Кезінде мұның өзі дұрыс та еді. Алайда, қазір біз демократияның жасампаздық мүмкіндіктері туралы, оның әлеуметтік базасы туралы ойлануға тиіспіз. Өйткені, біз демократиялық институттар құруға енді-енді ғана кірісіп жатырмыз. Сондықтан да бұл құрылыстың барысында қоғамдағы қандай күштерге арқа сүйеу керек екендігін дәл айқындау ерекше маңызды.

Осы бір қиындығы мол жұмыста қоғам шын мәніндегі демократиялық институттарды құруға және ең алдымен парламентаризмді қалыптастыруға ерекше үміт артады. Кешегі кеңестік кезеңдегі Жоғарғы кеңестердің қызметі іс жүзіне келгенде заң шығарушылық саласында ешқандай да мұра қалдырған жоқ. Өйткені, олардың қызметінің мәні жалған еді. Егер жалпы жұртқа белгілі «Шындыққа сай нәрсенің бәрі де (партияның мемлекетке монополиялық үстемдігі және мемлекеттің экономикаға деген монополиялық үстемдігі) Конституцияға сай болмаса, онда

Конституцияға сай нәрсенің бәрі де (құқықтар мен бостандықтар, демократия туралы нормалар) шындыққа сай болған жоқ» деген қағидаға сүйенетін болсақ, істің басқаша болуы тіпті де мүмкін емес еді.

Қазақстан өзінің заң шығару базасын қалыптастыруды өзі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қолға алды. Алайда бұрынғы үлгілерге сай құрылған алғашқы Жоғарғы кеңестің сұлбасы сапалық жағынан жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда мүлдем іске алғысыз болып шықты. Оның орнына келген Жоғарғы кеңес те сол баяғы ескі сарынмен жұмыс істеді, оның үстіне заңсыз да болып шықты. Сөйтіп, өзінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты.

Енді заң шығарушы өкімет билігі жоқ вакум кезінде пайда болған жағдай туралы бірнеше сөз айтайын. Мұның өзі елімізде демократизмді дамыту жөнінде ойланып-толғануға негіз бола алады. Елдегі қалыптасқан жағдай үшін бүкіл жауапкершілікті толығымен Президенттің өзі алуына тура келді. Ашығын айтайын, демократияны тежеу және диктатураның қатер туғызуы жөніндегі алып-қашты әңгімелер мені тіпті де абыржыта қойған жоқ. Абыржытпаған себебі — егер демократия дегеніміз халықтың атынан, халықтың өзі үшін және халықтың өзі жүзеге асыратын билік болып табылатын болса, онда демократияға төнген қауіп-қатер жөнінде халықтың өз атынан қойылған сұрақтарға оның өзі ғана жауап беруі тиіс болды.

Сөйтіп, халық Президенттің өкілеттігін ұзарту және жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі референдумдардың барысында бұған дейін елімізде жүзеге асырылған өзгерістерді қолдап шықты. Қазіргі іс үстіндегі Ата Заңымыз заман талабына толық жауап беретініне мен кәміл сенемін. Ең бастысы — онда өкімет билігі жүйесінде пайда болатын шиеленістердің барлығы да тұрақтылықтың іргесін шайқалта алмайтындай мемлекеттік құрылыс құру көзделген болатын.

Мен бұл кезенді тұтас алғанда заң шығарушылық тұрғысынан мейлінше жемісті болды деп санаймын. Өйткені, заңдық күші бар жарлықтармен қысқа мерзімнің ішінде-ақ құқықтық жүйелеу саласындағы орны үңірейген олқылықтарды жоюдың, нарықтық шаруашылықты қалыптастыру үшін мейлінше қажетті экономикалық заңдар пакетін қабылдаудың сәті түсті.

Адам саны жағынан шағын әрі кәсіби парламент құру жөніндегі идея тап осы жаңа Конституция қабылданғаннан кейін ғана салтанат құрды. Жаңа парламентті — Сенат пен Мәжілісті — сайлаудың екі кезеңі таяуда ғана болып өткені мәлім. Сайлау заңға сәйкес өтті және жергілікті, сондай-ақ шетелдік бақылаушылардың атап көрсеткеніндей, көзге ұрып тұрған бұрмалаушылықтар болған жоқ. Сайлаудың өту процесінің өзі, менің көзқарасым бойынша, республикамызда қазір қалыптасып отырған әлеуметтік - экономикалық жағдайға толық жауап берді. Ең бастысы — халықтың сайлау құқығы өзінде болды және ол бұл құқығын пайдаланды.

Бәлкім, белгілі бір уақыт өткеннен кейін Қазақстандағы демократияны дамытудың қазір біз сөз етіп отырған мәселелері елеусіз нәрселер ғана болып көрінуі және бірінші кезекке демократиялық механизмдерді жетілдірудің, шын мәніндегі көп партиялықты дамытудың басқа проблемалары шығуы мүмкін. Бірақ біз өзіміз таңдаған жолға енді ғана түстік. Сондықтан да біз бұл жерде демократияны дамытудың жалпылама өктем талаптары туралы ғана сөз етіп отырмыз.

Тұрақтылық — мемлекетті дамытудың кепілі

Қазақстан өзінің тұрақты дамуын ең алдымен мақсаткерлік және белсенді сыртқы саяси қызметі арқылы қамтамасыз етеді. Саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды ойдағыдай жүзеге асыру тұрақтылық ахуалы жағдайында ғана

мүмкін болатынын жақсы түсіне отырып, біз қарусыздану және халықаралық қауіпсіздік жүйесін құру процестеріне белсене атсалыстық. Семей полигонын жабу және ядролық қарулардан бас тарту жөніндегі шешімдер, СШҚ-1 шартына қосылу, Ядролық қаруларды таратпау жөніндегі шартты ұзартуға бағытталған инициативаға біржола батыл қолдау көрсету елімізді дүниежүзілік қауымдастықтың сый-құрметіне бөлеп қана қойған жоқ, сонымен қатар оның қауіпсіздігін де нығайтты. Ресей, АҚШ, ҚХР, Ұлыбритания және Франция тарапынан берілген тиісті кепілдіктер арқасында аумақтық тұтастығымызды да қамтамасыз етті. Қазақстан мен Қытай арасында шекараны заңды түрде бекіту жөніндегі келісімге қол қойылды. Қазақстан қауіпсіздіктің халықаралық жүйелері ең алдымен ол жүйеге кіретін мемлекеттердің жалпы экономикалық және геостратегиялық мүдделері негізінде пайда болады деп санайды. Тап осы бірінші кезектегі басым жағдай республиканың сыртқы саяси инициативаларының бәрінің де негізіне алынып келеді. Атап айтқанда, Азиядағы өзара түсіністік пен сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыру туралы ұсыныс осындай негізде пайда болды.

Азиядағы өзара түсіністік пен сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыру идеясын бүгінгі таңда Азияның көптеген елдері қолдап отыр. Бұл кеңесті әзірлеу жөніндегі арнаулы жұмыс тобының мәжілісіне қазірдің өзінде 15 мемлекеттің өкілдері қатысып үлгерді. Алдын-ала сақтандыру дипломатиясының осы бір күрделі аймақтық механизмін қалыптастыру процесі қыруар күш-жігер мен уақытты талап ететінін біз, әрине, жақсы түсінеміз. Сөйтсе де, Азия құрлығындағы барлық халықтардың мүддесіне сай келетін ондай кеңесті шақыруға ұмтылысқа деген ынта-ықыласымыз барған сайын арта түсуде.

Ал, дағдарысты жағдайлар мен қарулы қақтығыстар мәселесіне келетін болсақ, онда оларды болдырмау үшін шұғыл шаралар қолдану керек. Біздің еліміздің, Қырғызстанның және Өзбекстанның арасында бейбітшіл күштер батальонын құру жөніндегі келісімге қол жетті және оны Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдады. Бұл контингентті Орталық Азиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін пайдалану жоспарланып отыр. Осы келісімге келудің өзі де, сөз жоқ, жағдайды тұрақтандырушы фактор болып табылады.

Біз сонымен қатар дағдарысты жағдайларды күш қолданудың көмегінсіз-ақ түзетуді жақтаушылар болып табыламыз. Өйткені, күш қолдану тәсілі бір қарағанда тиімді сияқты көрінгенімен де, проблеманы түбегейлі шешпейді. Сондықтан да біз шиеленісті жағдайларды барлық мүдделі жақтардың қатысуымен, халықаралық ұйымдардың арағайындығы арқылы өтетін сындарлы саяси диалог арқылы шешу жағындамыз.

Тәжікстан үкіметі мен оппозициясының арасындағы жүргізілген келіссөздер мұндай тәсілдің дұрыс екендігін дәлелдеп берді. Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстанның бұл шиеленісті бейбіт жолмен реттеу жолдарын іздестіруде жұмсаған күш-жігеріне жоғары баға берді. Атап айтқанда, оның тәжікаралық келіссөздің Алматыда болып өткен төртінші кезеңінде қабылдаушы жақ ретіндегі рөлін жоғары бағалады.

Тұрақты дамуға және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тек әскери-саяси шаралар арқылы ғана қол жеткізілмейді. Бұл жерде экономикалық, мәдени, экологиялық және басқа салалардағы қарым-қатынас түрлерінің де атқаратын маңызы кем емес. Сондықтан Қазақстан бұл бағытта да белсенді маңызды қадамдар жасап келеді. Атап айтқанда, неғұрлым беделді халықаралық құрылымдармен өзара қарым-қатынасты нығайтып, олармен ынтымақтастық ауқымын кеңейтіп

келеді. Олардың қатарында Біріккен Ұлттар Ұйымы, ЮНЕСКО, ЭСКАТО (Азия-Тынық мұхиты аймағындағы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы), ЮНЕП (айналадағы ортаны қорғау); ДДСҰ (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) және басқа көптеген құрылымдар бар.

Егер екіжақты қарым-қатынастар саласындағы бірінші кезектегі маңызды шараларымыз туралы айтатын болсақ, онда Қазақстан үшін Ресей Федерациясымен қарым-қатынасты одан әрі дамыта түсудің маңызы өте зор. Мұның өзі Ресейдің дүниежүзілік қауымдастықтағы саяси және экономикалық салмағының күшті екендігіне, біздің ортақ шекараларымыздың мейлінше ұзақтығына байланысты. Біздің елдеріміздің ұстанған бағыты алуан түрлі халықаралық мәселелер бойынша көп жағдайда бір-бірімен сәйкес келеді. Ақыр соңында, біздің елдеріміздің азаматтары арасындағы миллиондаған туысқандық байланыстар жібі тіпті де үзілген жоқ. Мұның өзі Ресейді біздің мемлекетіміздің табиғи одақтасы етпей тұра алмайды.

Мен мына нәрсені жұрттың бәрінің де түсінгенін қалаймын: Қазақстанның егемендігі өмірдің барлық саласында да Қазақстан-Ресей байланыстарынан бас тартуды емес, қайта керісінше, ондай байланыстарды нығайтып, дамыта беруді көздеуі тиіс. Біздің экономикалық, саяси, әскери салалардағы бір-бірімізбен өзара тығыз байланысымызды жоққа шығару, әсіресе, ондай байланысқа қарсы күресу — қып-қызыл ақымақтық. Міндет мынада: екі елдің ортақ мүдделерін көздейтін тиісті келісімшарттар жасасу мен құқықтық база құру және оны жүзеге асырудың тиімді механизмін табу керек.

Қазақстан мен Ресейдің бір-бірімен өзара қарым-қатынасында проблемалар да кездесіп отыратыны және олардың жиі-жиі күрделі болатыны да өзінен-өзі түсінікті. Мұнда тұрған ешқандай таңқаларлық нәрсе жоқ. Мұндай жағдайлар кез-келген мемлекеттердің арасындағы өзара қарым-қатынастарда кездесе береді. Бірақ мен ондай кедергілердің бәрін де жеңуге болады және барлық уақытта да жеңе аламыз деп кәміл сенемін. Өйткені, біздің екі мемлекетіміз де біріне-бірі қарсы тұруға емес, қайта өзара ынтымақтастық орнатуға ұмтылып келеді. Өзара сенім біздің халықтарымыз бен мемлекеттеріміздің мүдделеріне толық жауап береді.

Біздің стратегиялық мүдделеріміз таяу шетелдердегі басқа да елдермен жанжақты қарым-қатынасты дамытуды көздейді. Бұл жерде біз Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасты жақсарта түсуді бірінші кезекке қоямыз. Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, Орталық Азия аймағындағы басқа да мемлекеттермен экономикалық және саяси қарым-қатынастарымыздың барған сайын нығайып дамып келе жатқанын айрықша атап айтқым келеді.

Қазақстан — өзінің қарым-қатынасын Орталық Азияда дүние жүзінің ең ірі мемлекеті — Америка Құрама Штаттарымен әріптестік дәрежесіне дейін көтерген бірден-бір мемлекет. Мұның өзі заң жүзінде Демократиялық әріптестік туралы хартияда бекіп, көрініс тапты, ал іс жүзінде — АҚШ-тың тәуелсіз, демократиялық және қауіпсіз Қазақстан Орталық Азияда бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі болса екен, біздің еліміздегі нарықтық және демократиялық реформалар одан әрі дамыса екен деп шын пейілмен мүдделілік танытуынан көрінеді.

Біздің стратегиялық әріптестеріміздің бірі — күшті қарқынмен дамып келе жатқан, орасан зор өнеркәсіптік, әскери және ақыл-парасат мүмкіндіктері мол Қытай Халық Республикасы. Биылғы күзде менің Пекинге барған сапарым кезінде біздің елдеріміз арасындағы ұзақ мерзімді тату-тәтті көршілік қарым-қатынастарды, достық пен өзара ынтымақтастықты жан-жақты қолдап, дамыта түсу екі елдің де түбегейлі мүдделеріне сай келеді, Азияда және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті,

тұрақтылықты сақтауға және нығайтуға, сондай-ақ одан әрі дамыта түсуге ықпал етеді деп танылды. Мұның өзі сауда-экономикалық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық туралы бірқатар бірлескен құжаттарда көрініс тауып, беки түсті.

Еуропада Қазақстанның Германиямен, Ұлыбританиямен, Франциямен, Еуропалық Одақтың басқа да елдерімен қарым-қатынасы жақсара түсті. 1995 жылдың қаңтарында мен «Бір жағынан, Еуропалық қауымдастықтың және оған мүше мемлекеттердің, екінші жағынан, Қазақстан Республикасының арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық туралы» келісімге қол қойдым. Ал, осы жылдың желтоқсан айында Еуропалық Одақпен сауда жасасу туралы уақытша келісім жасалды. Мұның өзі біздің Еуропалық рынокта сауда жасауымызға және ынтымақтастығымызға жол ашады, қазақстандықтардың Еуропадан үйренуіне және онда жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар біз Шығыс Еуропамен — Балтия елдерімен, сондай-ақ бұрынғы Экономикалық өзара көмек кеңесіне мүше елдермен — Венгриямен, Польшамен, Болгариямен және басқа елдермен байланысты белсенді түрде қалпына келтірудеміз.

Республика Түркиямен, Иранмен, Үндістанмен, Пәкстанмен, Корея Республикасымен, Израильмен, АСЕАН мемлекеттерімен жоғары дәрежедегі саяси диалогтар жүргізуге, олармен экономикалық қарым-қатынасты дамытуға ұмтылыс танытып келеді.

Қазақстанның барлық сыртқы экономикалық әрекеттерінің негізінде, мейлі ол екіжақты байланыс немесе халықаралық ұйымдардағы атқарылатын жұмыс болсын, барлық уақытта да өзінің ұлттық мемлекеттік мүдделері көрініс табады. Оларды табандылықпен қорғау — біздің сыртқы саясатымыздың негізгі принциптерінің бірі. Бұл саясат өзіміздің егеменді мемлекетімізде саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру үшін қолайлы сыртқы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

Республиканың интеграциялық ұсыныс жасау артықшылықтары

Тұрақты даму тұжырымдамасы дүниежүзілік қауымдастықтың күш-жігерін одан әрі бір арнаға бағыттауды, оған мүше елдерді осы заманғы негізгі де шешуші проблемалар бойынша бір-бірімен жақындастыруды және үйлестіруді, аймақтық және дүниежүзілік интеграциялық құрылымдар жасауды көздейді.

Міне, сондықтан да Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін көп ұзамай-ақ өзге елдермен, ең алдымен бұрынғы одақтас республикалармен қарым-қатынасты дамыту бағдарламасын жасады. Оның негізіне жас егеменді мемлекеттердің бір кезде біртұтас халық шаруашылық кешенінде пайда болған, байырғы байланыстар базасында қалыптасқан экономикалық интеграция принципі алынды.

Біз бір-бірімен өзара байланысты экономикалардың аймақаралық кооперациялар мен еңбек бөлісі жүйелерінің іс жүзінде қалыптасқан және өзін-өзі жақсы жағынан көрсете білген құрылымдарының, ортақ тауар рыноктарының, қызмет түрлері мен жұмысшы күштерінің бар екендігі ақылға қонымды және ең қарапайым тұрғыдан алғанда тиімді болатынына қызықтық. Шынында да Мұның бәрін тасталқан етіп бұзып тастап, содан кейін қайта жасап жату шаруаның көзін тапқандық болар ма еді?

Оның үстіне біз, сөзсіз, проблеманың таза адами тұрғыдан алғандағы жақтарын да — адамдардың бір-біріне деген табиғи араласуға құлықтылығын да, олардың жаңа мемлекетаралық шекараларды бұрынғы атышулы «темір перденің» тап өзімен теңестіруді қаламайтын түсінігін де, сондай-ақ мемлекеттердің өзін-өзі толық және

қайткен күнде де билеу құқығының бағдарламаларымен мейлінше нашар қабысып жатқан қыруар туысқандық және достық байланыстарының сақталуын да есепке алдық.

Ақыр соңында, бізді бұған дүние жүзінің демократия мен прогресс жолындағы ынтымақтастықты ойдағыдай өрістете түскен және соның арқасында дүниежүзілік қауымдастықтың толық құқықты әрі беделді мүшелері болып отырған көптеген өркениетті елдерінің тәжірибесі де жігерлендірген еді.

Қазақстан интеграция саясаты оның ТМД шеңберіндегі бұрынғы әріптестері тарапынан толық түсіністік таба алады деп ойлады ма? Әрине, солай деп ойлады. Олай деп ойлаудың басты себебі — біздің ортақ стратегиялық мақсаттарымыз болды, ол мақсаттарға бірлесе отырып жету де ыңғайлы еді. Өйткені, өктемдікке емес, қайта заңдардың басымдығына негізделген экономикалық тұрақтылықты және қоғамның шын мәніндегі демократияландыруын қамтамасыз етуге, гүлденген мемлекетті орнатуға әбден болатын еді.

Біз интеграцияны декреттің күшімен жүзеге асыру мүмкін емес екендігін жақсы түсіндік. Өйткені, мұның өзі бірте-бірте пісіп-жетілуі және содан кейін ғана адамдардың ақыл-ойына қонымды эволюциялық процеске айналуы тиіс. Сондықтан да біз жаңа интеграциялық байланыстар орнату барысында бір-бірімізге деген өзара күдікке, көлденең тартылған тікенек сымдарға және, бәлкім, белгілі бір күштердің тарапынан оқиғалардың объективті дамуына кедергі жасау әрекеттеріне де душар болуымыз мүмкін екенін түсіндік және оған әзір болдық. Бірақ мұның өзі біздің интеграциялық ұсыныс жасау артықшылықтарын таңдауымызға, оған қол жеткізудің тәсілі, қазір жұрттың бәріне де түсінікті болып отырғанындай, жалпы дүниежүзілік демократиялық ағымдардың арнасында жатқаны тіпті де кері ықпал ете алған жоқ.

Міне, мұның бәрін де таразы басына сала отырып, Қазақстан халықтардың талқысына Еуразиялық Одақ құрудың жобасын ұсынды. Содан бері 2,5 жылға жуық уақыт өтті. Енді ол идея өзін-өзі ақтамапты-мыс, өйткені, оны іс жүзінде іске асыруға мүмкіндіктің сәті теспепті-міс деген дауыстарды естуге де тура келіп жүр.

Бұл пайымдаулармен келісу қиын. Өйткені, интеграциялық процестердің бірте-бірте жүзеге асырылуы әбден заңды. Сондықтан да ТМД шеңберіндегі әрбір мемлекеттің саяси және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін мейлінше мұқият ескеретін бұл Еуразиялық жобаны іске асыру алғашқы кездің өзінде-ақ кезең-кезеңімен, салыстырмалы түрде алғанда ұзақ уақыт бойы жүргізілетіні белгілі болатын. Тіпті, саясаттан мардымды хабары жоқ адамның өзіне де, мысалы, ұлттық заңдарды бір-бірімен жақындастыру, басқарудың ұлт шеңберінен тыс органдарын құру, экономикалардың бірін-бірі толықтыра түсуіне қол жеткізу сияқты толып жатқан жұмыс түрлерін бір немесе 2 жылда орындай қоюдың қиын екені түсінікті ғой.

ЕАО-ны қалыптастыру принциптерінің бірі болашақ қатысушылардың оған түрлі жылдамдықпен кіруі болып табылады. Кеңестік кезеңнен кейінгі барлық мемлекеттердің алдында ортақ міндеттерден басқа өздерінің ұлттық-мемлекеттік міндеттері тұр, бұлар шешілмейінше, тең құқықты альянсқа олардың қандай да бір қатысуы туралы сөз болуы мүмкін емес. Бұл бүгінде Достастықтың барлық елдері бастан кешіп отырған өтпелі кезең үшін әсіресе маңызды және олар сол өтпелі кезеңге әртүрлі әзірлік дәрежесімен келіп кірді. Осыдан барып бұрынғыдан тығыз интеграцияға әзірліктің дәрежесі де әртүрлі болып отыр.

Ақыр соңында, Еуразиялық Одаққа мүшелік оған қатысушылардан өз аумақтарында азаматтық татулық пен ұлтаралық тұрақтылықты сақтауды талап

етеді. Өкінішке қарай, бүгінде мемлекеттіліктің қалыптасу процестерін бастан өткеріп жатқан республикалардың әлі де бәрі бірдей бұл шартты қамтамасыз ете алмайды — бұрынғы КСРО-ның кейбір аймақтарында осы кезге дейін алауыздық пен ұрыс-керіс ошақтарының шоғы бықсып тұрғаны, шекараны қайта жүргізу әрекеттері жасалып, адам қаны төгіліп жатқаны белгілі.

Солай болсадағы, ЕАО заңдық тұрғыда рәсімделмесе де, іс жүзінде Достастық жаңа біріктіру құрылымдарын қалыптастыру кезіне және олардың алғашқы жұмыс кезеңіне қадам басты. Қазақстанның интеграциялық идеялары ең алдымен ТМД ішіндегі экономикалық проблемаларды шешуді көздейді. Бұл бағытта әлеуметті, соның ішінде ұсынылған инициативаларды толықтыру және дәлдеу, оларды нақты жүзеге асыру есебінен жинақтау толық мәнінде жүріп жатыр. Тұрақты жұмыс істейтін орган ретінде Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық комитеті құрылды. Оған айтарлықтай, соның ішінде ағымдағы мәселелерді жедел шешу жөнінде кең өкілеттіктер берілген.

ТМД мемлекеттерінің арасында өзара есептесу және валюталарды еркін айырбастау проблемаларын шешуге тиісті Төлем одағының ережелерін жүзеге асыру жөнінде белсенді жұмыс жүргізілуде.

Егер мәселеге алдын ала тон піше қарамасақ, онда біз ұсынған еуразиялық жоба химиялық реакциядағы катализатор секілді бұл процестердің бәрін едәуір жеделдеткенін атап айтпасқа болмас.

Бірақ Қазақстан ТМД-ның барлық мемлекеттерінің еуразияшылдыққа дейін «пісіп-жетілуін» күтіп отырған жоқ. Біз іске асырғандарымыз кейін ЕАО қаңқасын құруы үшін интеграциялық байланыстарды түрлі бағыттар бойынша жүргізіп келеміз.

Біздің кеден режимін жетілдіру, тауарлар мен қызметтердің кедергісіз қозғалысы жөніндегі бастамамыз Ресей Федерациясында және Беларусьте түсіністік тапты. Үш мемлекеттің арасында іс жүзінде болашақ ЕАО құрылымдарының бірінің алғашқы үлгісі болып табылатын Кеден одағын құру туралы келісімге қол қойылды. Бұл ұйым ТМД-ның басқа мемлекеттерінің оған кіруіне ашық, олар бұл құқықты пайдаланбай қалмайтынына сенімдімін.

Осылайша, интеграцияның жаңа кезеңінің «еуропалық» ауқымы анықталды. Жақындасудың басқа полюсі деп біз «орталық азиялық бағытты» санаймыз. Мәселе Қазақстанның аймақ бойынша ең жақын көршілері — Өзбекстанмен және Қырғызстанмен жан-жақты ынтымақтастығын кеңейту мен тереңдету туралы болып отыр.

Біздің елдеріміздің бұрынғыдан тығыз экономикалық ынтымақтастыққа табиғи ұмтылысы олар қол қойған «Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық кеңесі және оның институттары туралы келісіммен» бекітілген. Жарғылық қоры 9 млн. доллар Орталық Азия ынтымақтастық банкі құрылды, нақты өндірістер белгіленіп, оларды жолға қоюды акционерлер ретінде қатысушы елдер қолға алды. Қазір 50-ден астам жоба қарастырылуда. Банктің жұмысына көмекке келуге әзір ЕЭҚ сарапшылары үлкен мүдделілік танып отыр.

Көп ауқымды интеграциялық ізденісті өрістете отырып біз, бейнелеп айтқанда, Еуразиялық Одақтың моделін кішігірім сынақтан өткіземіз. Мейлі толық көлемінде болмаса да, бұл одақ құрылған және өмірге әлден-ақ икемді көрінеді.

Бәлкім, нақ сондықтан болар, бүгінде базбіреулер деректер мен қисындарға қарамастан, жаңа интеграциялық құрылымдарды Тәуелсіз Мемлекеттер

Достастығымен тоқайластырғысы келу арқылы демесек те, оған Орталық Азия одағын (ОАО) қарсы қоюға тырысу арқылы күнкөрісіне нәпақа тауып жүр. Қол қойылған барлық келісімдерде олардың ТМД шеңберінде әрекет ететіні, ал мұның өзі Достастық принциптеріне ешқандай да қарама-қайшы келмейтіні түсінікті, демек, оның дамуына жәрдемдесетіні ашық айтылса да, бұл интеграция қарсыластарын тоқтататын емес.

Даурықшылдықты оның «авторларының» ар-ұятына қалдырайық. Қай кезеңде де интеграцияны қуатты локомотивтер секілді көшбасшы елдер жүргізген. Олар басқалардың алдында жүрді және басқалардан гөрі алысты көрді. Егер осындай көшбасшылардың бірінің рөлін тарих Қазақстанға ұсынып отырса, біз соған лайықты болуға тырысамыз.

Біздің ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын

Шынайы тәуелсіздікке жеткізетін жағдайлардың бірі ретіндегі тұрлаулы дамудың және бір ауқымына тоқталғым келеді: біздің ортақ үйіміздегі татулық пен келісімді нығайтпайынша, алға қарай жылжу мүмкін емес. Маған бұл проблеманы шешудің жолдары мәдени құндылықтарды орнықтыру, қоғамымыздың рухани бірлігі арқылы өтетін болып көрінеді. Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру туралы мәселе тұрған кезде бірінші тұрғыға нақ осы міндет — көптеген этностардың рухани түлеуі мен дамуына, өзара сенім және құрмет ахуалын қалыптастыруға, еліміз халықтарының арасындағы достықты нығайтуға жәрдемдесуге қабілетті ұйтқылық орган болу міндеті ұсынылды.

Және бұл міндетті Ассамблея табысты атқаруда. Аз ғана уақыт аралығында оның бастамасы бойынша қоғамды демократияландыруға және мемлекеттік құрылымды жетілдіруге зор ықпал еткен екі референдум өткізілді. Ассамблея және оның жергілікті жердегі органдары демократиялық құндылықтарды қалыптастыру, мәдениетті, тілді, ұлттық дәстүрлерді дамыту жөнінде тынымсыз жұмыс жүргізуде. Бұл жұмыстың даңғазасыз, үйреншікті есеп берулер мен рапорттарсыз жүріп жатуы маған ұнайды. Алайда мен мұндай қызмет тиімділігін анықтаудың өте-мөте дәл өлшемі бар екенін білемін — бұл республикадағы қоғамдық-саяси тұрақтылық. Ал ол берік сақталуда. Бұл бізде бар нәрсенің ең құндысы. Айналамызда не болып жатқанын біле отырып, біз еліміздегі тыныштықты сақтауға міндеттіміз.

Жуырда Париждегі конференцияда БҰҰ Бас хатшысы Б.-Б. Гали балалар туралы айта келіп былай деп көрсетті: «Өткен 12 айда планетада соғыс қақтығыстарында 500 мың бала қаза тапты, 5 млн. бала босқындарға арналған лагерлерде тұрады, 12 млн. астам бала баспанасыз қалды...» Ал тек жақын шетелде ересектер бойынша Шешенстанда ғана 1 жылда 30-дан 50 мыңға дейін адам опат болыпты. Оның ішінде әскерилер — 10–11 мыңнан аспайды.

Осындай күрделі уақытта даналық танытып, ең бір жауапты сәттерде тыныштық пен төзімділік сақтап отырғаны үшін Қазақстан халқын қадір тұтатынымды мен әлденеше рет айтқанмын. Бірақ бұл ретте біздегі ұлтаралық қатынастарда барлық мәселелер шешіліп қойғандай есеппен ешқашан көлгірсіген емеспін. Мәселе тіпті де олай емес. Бұл сала сондайлық нәзік, ал оның жүрек қылы сондайлық сезімтал болғандықтан да, қоғамның көңіл-күйін барынша мұқият зерттемеу, оған дер кезінде құлақ аспау — кешірілмес жәйт. Өйткені, осы жылдың басында бізде әлі тіл, азаматтық туралы мәселелерде қоғамдық ширығушылық байқалып тұрған еді.

Алайда, азаматтықтың мемлекеттік-құқықтық мәселелерін реттейтін маңызды Қазақстан-Ресей келісімдерін жасап, орыс тіліне ресмилік мәртебесін беріп,

дер кезінде, оның үстіне демократиялық, конституциялық жолмен жаңағы ширығушылықты тарқата алдық деп ойлаймын.

Қоғамдағы келісім, азаматтық татулық көптеген факторларға, соның ішінде түрлі қоғамдық-саяси күштердің айқындамасына да байланысты болмақ. Айтпақшы, біздің республикада 500-ден астам қоғамдық бірлестіктер тіркелген. Олардың толысуына ең жақсы сынақшы — уақыт. Терең идеялары мен бағдарламалары жоқ саяси ұйымдар қоғамның өзі талап етпеген ұйым ретінде сахнадан кетеді. Олардың орнына Атажұрт тағдыры үшін жауапкершілік басты нәрсе болып табылатындар келеді. Алайда қазақстандық қоғам өте-мөте ділгір болып отырған жасампаздық бағдарламасын бір ғана партия немесе көшбасшының талдап-жасауы мүмкін бола қоймас. Партиялық тұғырнамалар ұсынатын барлық парасатты және пайдалы нәрсені бірыңғай тұтас етіп жинап, озық ойдың алтын қиыршықтарын бір құймаға балқыту керек.

Қоғамда «миграциялық мәселе» де ерекшеленіп тұр. Бұл бүгіннің, тіпті, кешегі күннің де проблемасы емес. Егер миграциялық процеске тұтастай қарайтын болсақ, онда 60-шы жылдардың аяғынан бастап республикадан кетіп жатқан халық саны көбеюінің жалпы динамикасы байқалған. Оның шарықтау шегі 1994 жылға келді. Осы жылы миграциялық ағымның төмендеуі тұрғысындағы тенденция айқын болды.

Бірақ мәселенің мәні мұнда да емес. Бізде Қазақстаннан адамдардың кету себептері туралы пікір жарыстырғысы келетіндер жетіп жатыр. Ал бұл туралы халықаралық статистика не дейді екен? ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша қазір дүниежүзінде 60 млн. адам «қозғалыста» екен. Оларды бұған не итермелейді? Бірінші орында соғыс әрекеттері немесе азаматтық қақтығыс аймақтарын тастап шыққан босқындар тұрады. Қазақстанға бұл процестің, өздеріңіз де білесіздер, қатысы жоқ. Одан кейін саяси репрессиялардан, табиғат апаттарынан, аштықтан құтылуға тырысқан адамдар тұрады. Мұндай құбылыстар да республикада байқалмайды. Соңғы орында ғана жылы орындарын тәуір үлес іздеу үшін қалдырғандар тұрады.

Бәлкім, осы себептен болар біреулер республиканы тастап кетіп жатса, өзгелері керісінше, қайтып келуде. Адамдардың еркін жүріп-тұруы — бұл қалыпты, көп ретте демократиялық процесс.

ЮНЕСКО-ның бас директоры, қазақстандық татулық пен рухани келісім сыйлығының лауреаты Федерико Майор «адамдардың еркін жүріп-тұруы әркімге өзінің төл өмір салтын және өзін-өзі таныту тәсілін таңдап алып, жеке өз тағдырының және өз халқы тағдырының қожайыны болуына мүмкіндік береді деп санайды. Бұл, Ф. Майордың пікірінше, «4 негізгі тұжырымдаманың: азаматтықтың, төзімділіктің, білімнің, идеялармен және адамдармен еркін алмасудың синтезі жүретін кеңістік» болып табылатын демократиялық мәдениеттің нормасы. Олай болса, келіңіздер, осы норманы басшылыққа алып, түрлі-түрлі ұлттардың көптеген адамдары үшін шынайы Отанына айналған Қазақстанда азаматтар тәуір үлесін табуына ұмтылатын болайық.

Мәдениет пен имандылықты қайта түлетейік

Мені бұл тақырыпты сөз етуге рухани құндылықтардың жүйесі ретінде ғана емес, сонымен бірге саяси процестердің индикаторы ретінде де барған сайын жиі көрініп отырған мәдениет феномені итермеледі. Өзіне тән абыроймен және әдептілікпен ол айлакерлікке бармайды, қайта, «ақиқат сәтін» айқындай отырып, болып жатқан оқиғаларға дәлме-дәл бейнелік бағасын береді. Мәселен, Ұлтаралық қатынастардың жағдайы тұрақтылық кезеңінде де, әсіресе қақтығыстар кезінде де қоғамның

нақ сол мәдени деңгейіне байланысты екені түсінікті емес пе? Мәдениетсіздік, көргенсіздік ахуалы үстемдік құрған жерде террор мен озбырлық билік жүргізеді. Ондай жерде демократия мен еркіндік қажет емес. Ондай жерде жақсы тұрмыс пен гүлденуге ұмтылудың қажеті жоқ.

Мәдениет қоғам ішіндегі, халықтар мен мемлекеттер арасындағы қатынастарда өзекті факторға айналып келеді. Біз күн сайын елдер мен құрлықтарды жақындастыруда, ұлттардың оң тұрғыда өзін танытуында оның рөлі қандайлық зор екеніне көз жеткізудеміз. Тәуелсіз мемлекет болу, беделді халықаралық ұйымдарға кіру, түрлі келісімдер жасау аздық етеді. Бұл әлемде сені қаншалықты мойындап қана қоймай, соншалықты танығаны қажет. Өркениеттің шетсіз-шексіз мұхитын да нақ сол мәдениет халықтардың жолбасшысы рөлін атқарады. Содан да елдерді ең әуелі оның озық ұлдарының — философтардың, жазушылардың, ғалымдардың, музыканттардың, әншілердің қызметі арқылы таниды.

Біздің бәріміз осы жылы әлем Қазақстан халқының тарихын, мәдениетін, тілін, жан дүниесін Абай даналығы арқылы жақсырақ білгенін мақтан етеміз. Ұлы ақын әрі ойшылдың ЮНЕСКО қамқорлығымен ұйымдастырылған 150 жылдығын мерекелеу, оның шығармашылығын тану және жаңаша ой елегінен өткізу оның философиясының терең қатпарларына бойлау рухында өтті. Абайдың, басқа ұлы жазушылардың, композиторлардың, ғалымдардың еңбектері мен шығармаларын танып, тарихтың, өнердің, сәулеттің таңғажайып ескерткіштерімен таныса отырып, әлем Қазақстанды барған сайын тереңдеп танитынына біз сенімдіміз.

Алайда мәдениеттің сөнбес жарығын өткеннің ұлы шығармалары, философиялық немесе діни ілімдер ғана шығармайтынын ескеру керек. Қазіргі әлемде мәдениетті көп ретте қоғамның әлеуметтік және саяси сұраныстарына жауап ретінде қарастырады, өйткені, ол қоғамның құндылықтар жүйесін және өмір салтын, адамның негізгі құқықтарын, дәстүрлерді, дінді қамтиды. Қазақстанның нақты жағдайын ескере отырып, мен осынау ұғымдардың әрқайсысына «көп ұлтты халықтың» деген сөзді қосар едім. Шынында да біздегі өмір салты да, құндылықтар жүйесі де, дәстүрлер мен дін де, олардың кейбір ұқсастығы жағдайында қайталанбас ерекшеліктерімен дараланады.

Әр халықтың қайталанбас өз мәдени даналығы бар екені әлдеқашан айтылған. Бұл даналықты құрметтеу рухани норма. Кімді де болсын өз дініне немесе, керісінше, атеизмге тартуға тырысу, өзінің мәдени құндылықтарын, тілін күштеп ендіру — мұның бәрі күштеп қол сұғушылық. Қазақстанның жуырдағы тарихынан өзіміз білетініміздей, ол кейде қасіретке айналады.

Алайда тәуелсіздік алғаннан кейін қасында басқа мәдениеттер өмір сүріп, тіршілік етіп жатқанын ұмытып, тек ішкі жағдайларға жұмылушылықтың қасіреті одан кем болмас еді. Өзгелерден оқшауланып, тек өзінің «ерекшеліктерін» қызғанышпен қорғаштайтын қоғам әрдайым өз дәуірінен аласталып қалуға ұрынады.

Өз мемлекеттілігімізді құра отырып, біз ұлттық құндылықтарды әмбебап құндылықтармен салыстыра қарауға, еліміздің мәдени сан алуандығына арқа сүйеуге, оның үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге, сол арқылы халықтарды жақындастыруға, олардың өзін және басқаларды тануына көмектесуге міндеттіміз.

Құранда осынау ізгі ой көрегендікпен былай деп айтылған: «Ей, адамзат! Біз сендерді еркектер мен әйелдер етіп жараттық және бір-біріңді білу үшін сендерді халықтар мен ұлыстар етіп жасадық».

Біздің мәдениет өрісін демократиялық принциптерсіз қалыптастырудың басқа құралы жоқ, өйткені, демократиялық институттар ғана барлық халықтардың

мәдениеті өзінің табиғи үнділігін тауып, мәдениет аралық диалог жолға қойылатын, төзімділік психологиясы орнықтырылып, біртұтас мәдениет кеңістігі жасалатын ортаны қалыптастыра алады.

Біздің өмірімізде мәдениеттің нақ осындай жоғары қызметін түсінушіліктің орныып келе жатқаны мені қанағаттандырады. Қазақстанда Абай салтанаттарын өткізумен қатар славян жазуының күндері болды. Бұрынғы ел ыдырағаннан кейін бізбен достас мемлекеттермен үзіліп қалған мәдени байланыстар қалпына келтіріле бастады. Атап айтқанда, классикалық музыканың «Ермек Серкебаев шақырады» және классикалық балеттің «Дәстүр сыйлығы», «Шығыс маусымы» халықаралық фестивальдері Ресейден, Өзбекстаннан, Украинадан, Беларусьтен, шетелдерден әлемдік өнердің көптеген жұлдыздарын жинады. Кинематография шеберлерінің республикалық екі және Алматыда өткен Бірінші халықаралық кинорынокторындағы сұхбаты жемісті болды. Орта Азия мәдениет қайраткерлерінің жуырда Ташкентте өткен форумы халықтардың рухани өміріндегі маңызды оқиғаға айналды.

Бүгінде Қазақстанда тұратын халықтар мәдениетінің күндерін өткізу бұрынғыға қарағанда мүлде басқаша қабылданады. Бәлкім, олар кейде даңғазалыққа айналып кететін бұрынғы салтанаттылығын жоғалтқан болар, алайда, олар мәдениет шенеуніктерінің араласуынсыз, толық демократиялық негізде өтіп, аймақтардың мәдени өмірімен табиғи астасып жатады.

Жалпы алғанда мемлекеттің мәдениет және өнер саласымен өзара қатынас мәселелерінің өзіндік ерекшеліктері бар, олардың төңірегінде пікірталас жиі болып тұрады. Алайда, «өкімет және суреткер» тақырыбының тіпті де қарапайым шешімі бар: мәдениет саласындағы саясат оны сақтау, оның қызметкерлеріне қолдау көрсетіп, дамуына жағдай туғызу, олардың әлеуметтік тұрғыда қорғалу құқығын мойындау үшін мемлекеттің жауапкершілігі принциптеріне негізделеді. Тек шығармашылық еркіндікке қол сұғушылыққа, саяси қысым жасауға жол берілмейді. Біз нақ осы принциптерді басшылыққа алып келдік және алдағы кезде де басшылыққа ала береміз. Айта кетейін, қазір республикада мәдениет пен өнерге қолдау көрсету конвенциясы әзірленуде, онда осы мәселелер толық мәнінде ескерілетін болады.

Қай кезде де өткір болып келген мәдениетке материалдық қолдау көрсету мәселесіне келетін болсақ, Қазақстанда оны қалдық принципі бойынша қаржыландыру еңсерілетін болды. Осындай процестер білім, денсаулық сақтау және ғылым салаларында да жүріп жатыр.

Демократиялық мәдениеттің әмбебап формуласының бір қыры төзімділік болып табылады. Ал толеранттылық ұғымы, әлбетте, кеңірек, әр елде, аймақта оның нәсілдік, ұлттық, діни өз реңктері бар. Бұл тұрғыда жүз ұлыстың ғана емес, сонымен бірге көптеген діни нанымдардың елі болып табылатын Қазақстан үшін діни наным бостандығы проблемасының көкейкесті сипаты бар.

Біздің Конституцияда ождан бостандығына құрмет тұжырымдалған. Бұл декларацияланатын норма өмірде нақты жалғасын тауып отыр. Барлық діни нанымдағылардың сұраныстарына құрметпен қараушылық республикада өзара түсіністік пен тұрақтылыққа жағдай жасайтынын біз де көріп отырмыз.

Бізде діни нанымдағылар саны өсіп отыр, Мұның өзі әбден түсінікті. Қазір Қазақстанда 1 300 діни бірлестік, 30-дан астам конфессиялар мен деноминациялар жұмыс істейді. Мешіттер, шіркеулер, ғибадатханалар салынуда. Діни ғұрыптық ғимараттарды діндарларға қайтарып, жаңаларының салынуын шіркеу жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы маңызды қадам деп санаймын.

Қазір астанада Орталық мешіт, Ислам мәдени орталығы салынып жатыр. Менің өкіміммен сәулет өнерінің ғаламат туындысы — Вознесение кафедралық соборы Алматы және Семей епархиясының пайдалануына берілді.

Шетелдерге ресми сапарлар барысында Мекке мен Ватиканда болуым мен үшін ерекше мәнді сипат алды. Біздің шақыруымыз бойынша Қазақстанға Мәскеу және Бүкіл Русь Патриархы Алексий II келіп қайтты.

Әлбетте, Қазақстанның діни өмірінде ислам мен православие ерекше рөл атқарады. Бірақ бұл өзге конфессиялар назардан тыс қалды дегендік емес. Мұнда тек бір жәйтті бөліп айту қажет. Әлеуметтік базасы және өз қызметінің қажеттілігі бар конфессиялардың болуы табиғи да заңды. Бірақ біздің халықтарымызға бұрын белгісіз діни секталарды қаулатуға, басқа сөзбен айта да алмайсың, тырысушылық орын алып отырғаны сақтандырады. Ал олардың қызметі, көптеген елдердің қайғылы тәжірибесі дәлелдегеніндей, әрдайым болжап боларлықтай емес. Мұнда біз еліміздің Конституциясын және оның заңдарын қатаң басшылыққа алуға тиіспіз.

Кейбір күштердің діни негізде партиялар құруға ұмтылысы туралы да осыны айтуға болады. Мен бұл мәселеде дін мәңгілік, ал барлық партиялар өтпелі, сондықтан дін саяси күреске қатысуға тиіс емес, барлық оқиғаларды имандылық пен адамгершілік тұрғысынан бағалауға хақылы деп санайтын дінбасыларды қолдаймын.

Қазақстан аумағында әрекет ететін конфессиялардың басым көпшілігі мемлекетке қатысты саяси адалдық танытып отырғанын, оның бейбітшіл бастамаларына қолдау білдіріп, қоғамда мейірімділіктің, ізгіліктің, қайырымдылықтың жоғары нормаларын орнықтыруда екенін қанағат сезіммен атап өткім келеді.

Бүгінде егемен Қазақстан, оның бүкіл көпұлтты халқы толық негізде үміт кезеңі деп атауға болатын кезеңді бастан кешуде. Әлбетте, бүкіл жақсылыққа деген — жеке, отбасылық өмірдегі ізгі өзгерістерге және қоғамдық өмірдегі оң қозғалыстарға деген үміт артушылық кезеңі.

Қысқасын айтқанда, кері кетушілік инерциясы әлсіреген, біздің әрқайсымызда барлық қиындықтарды еңсеріп, жағдайды түзей алатынымызға және алға қарай жылжитынымызға деген сенім өсе түскен.

Бұл бос сөздер емес. Менен еліміз өзінің тәуелсіздігі жылдарында қол жеткізген басты нәрсе не деп сұрағанда, ойланбастан былай деп жауап беремін: «Бұл — адамдар сана-сезіміндегі өзгерістер». Мұнда көлгірсудің қылпығы да жоқ: біз енжар бақылаушыдан және әлеуметтік масылдардан өзіміз де байқамастан осынау таңғажайып, бірақ әлі тіпті де кемелденбеген дүниені өз қолымен қайта жасай алатын жігерлі, шебер, тапқыр адамдарға айналдық.

Дегенмен де, біз уақыт талабына лайықты жауап бере аламыз ба, өмірімізді түбегейлі қайта құрып, тұрақты прогресс дәрежесіне жете аламыз ба? Бір сәттік және өткінші құндылықтардың соңында жүріп, өз мүмкіндігімізден айырылып қалмаймыз ба? Мен барлық қазақстандықтар бір кездері философ Альберт Камю айтқан «Олар сондайлық көп істі атқара алар еді, бірақ сонша азына шамасы жетті...» деген сөздерді өздерінің немерелері артынан айтып жүрмесін десе, осы сұрақтарға байланысты байыппен ойланғанын қалар едім.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері басшылық құрамының алдында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1995 жылдың 21 желтоқсаны

Товарищи генералы и офицеры!

Сегодняшнюю встречу с вами я расцениваю как возможность для разговора о ходе строительства Вооруженных Сил республики. В этой аудитории, видимо, излишне детализировать наши приоритеты в этой сфере. Однако надо отметить, что сейчас мы находимся в стадии формирования стратегического мышления, осознания национальных интересов. Они есть у каждой страны, и Казахстан не является исключением. Мы не можем не заботиться об обеспечении своей безопасности, без которой само существование государства может зависеть от случая и подвергаться опасности со стороны тех или иных внешних или внутренних деструктивных сил.

В глобальном плане мы заинтересованы в создании атмосферы безопасности во всем мире, и, в частности, в нашем регионе, развитии экономических, политических, культурных, научных и других связей с мировым сообществом. Казахстан — за участие в существующих и за формирование новых международных и региональных организаций, способствующих укреплению стабильности на планете.

Наша страна выступает за создание такого мироустройства, которое опиралось бы не на господство и диктат одной страны или группы стран, а на коллективное решение мировых проблем под эгидой ООН.

Мы не можем закрывать глаза на то, что в Азиатско-Тихоокеанском регионе есть явные признаки новой «силовой игры». Ее сценарий развивается на базе стремительного экономического развития государств и приобретает опасные размеры в силу того, что армии этих стран получают солидную финансовую поддержку. Нас не должен успокаивать факт сокращения вооруженных сил отдельными странами региона. Их боевой потенциал продолжает расти за счет принятия на вооружение более современных средств вооруженной борьбы и создания структур быстрого реагирования на локальные и региональные конфликты.

В этих условиях вовсе не исключено, что для разрешения тех или иных противоречий и достижения определенных военно-политических целей в нашем регионе может быть применена сила. Об этом свидетельствует возникновение множества военных конфликтов после Второй мировой войны. И причинами их, как всегда, были противоречия экономического, территориального, религиозного и другого характера. И эти противоречия в регионе сегодня присутствуют.

Необходимо сделать вывод, что угроза, в том числе и военная, для Казахстана существует и в ближайшей перспективе вряд ли исчезнет. Другое дело, что мы принимаем активные внешнеполитические акции, чтобы нейтрализовать эту угрозу, выработать меры по предотвращению конфликтов в регионе.

И надо сказать, что в этом направлении добились немалого. Показательно, что Казахстан — единственное государство в Центральной Азии, вступившее во взаимоотношения стратегического партнерства с ведущими державами мира.

Свидетельством тому являются гарантии безопасности, предоставленные Казахстану со стороны США, Великобритании, Франции, России и Китая. Эти ядерные страны приняли обязательства уважать суверенитет и независимость Казахстана, незыблемость его границ, не применять в отношении нашего государства экономическое принуждение, не прибегать к угрозе силой и не применять ее, включая все виды оружия, в том числе ядерное. ООН предпримет самые срочные действия, если Казахстан станет жертвой агрессии.

Вместе с аналогичными положениями казахстанско-китайской декларации и содержанием договора с Китаем о прохождении границы у нас фактически заложена прочная основа внешней безопасности.

Сегодня очевидно, что каждая страна обязана прилагать усилия для снижения конфликтного потенциала в регионе, создания механизма международных консультаций. В частности, наша республика последовательно продвигает идею созыва Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии, которая находит все большее понимание в мире. Мы участвуем в программе НАТО «Партнерство во имя мира», налаживаем сотрудничество в военной области со многими государствами. Все это, несомненно, способствует становлению наших Вооруженных Сил.

Огромное значение в укреплении обороноспособности государства имеет совершенствование системы коллективной безопасности в рамках СНГ. Своего рода этапом в этой области стал Ташкентский договор «О коллективной безопасности», свидетельствующий об углублении интеграции оборонных усилий государств Содружества. Данная концепция может иметь положительный выход в форме совместных усилий по поддержанию стабильности, предотвращении конфликтов и коллективному миротворчеству. Кроме того, система коллективной безопасности в СНГ может стать побочным, но органичным результатом экономической интеграции наших стран.

Военные понимают, что сейчас у нас вызывает особое беспокойство. Это — обстановка в Таджикистане. Вам, конечно, известны результаты нашей недавней встречи в Жамбыле с Исламом Каримовым и Аскаром Акаевым, где мы приняли решение о формировании коалиционных миротворческих сил в Центральноазиатском регионе под эгидой ООН.

Хотел бы, чтобы все вы в полной мере осознали серьезность ситуации в регионе и особенно в Узбекистане, куда хлынул поток таджикских беженцев. Такой поворот событий грозит взрывом и, по мнению экспертов, может привести к новому кровавому переделу Центральной Азии. Допустить такого развития ситуации мы не можем и именно поэтому пошли на объединение усилий в предотвращении затянувшегося конфликта.

Не меньшая проблема — строительство наших Вооруженных Сил с учетом характера и масштабов возможных угроз военной безопасности республики.

Естественно, содержать в настоящее время на оперативных направлениях необходимые группировки войск мы не можем. Да, видимо, сейчас этого и не нужно. Наша прежняя военная доктрина во многом исходила из того, что основным способом развязывания войны будет внезапная агрессия. В соответствии с ней в мирное время создавались мощные группировки войск на основных направлениях вероятных военных действий. При этом зачастую руководствовались одним принципом: чем больше — тем безопаснее.

Мы должны, конечно, учитывать фактор внезапности, но оценивать его уже в соответствии с реальной обстановкой. В связи с этим на современном этапе состав, численность Вооруженных Сил республики, их реформирование и строительство следует разделить на два этапа.

Первый этап — переходный период, когда состав и численность Вооруженных Сил будут значительно меньше необходимого уровня оборонной достаточности. Это в основном связано с нашими экономическими возможностями. В данном случае компенсировать снижение общих боевых возможностей войск можно за счет приоритетного развития Военно-Воздушных Сил, войск противовоздушной обороны, разведки, связи и частей радиоэлектронной борьбы, которые в совокупности составляют основу, системы предупреждения угроз и сдерживания.

Второй этап — создание мобильных, хорошо оснащенных и обученных войск, обеспечивающих военную безопасность республики.

Безусловно, проблем в области военного строительства у нас еще немало. Часть из них — концептуального характера.

В этой связи хотел бы особо остановиться на задачах Вооруженных Сил на предстоящий период. Главным необходимо считать поддержание боевой и мобилизационной готовности войск, сил на уровне, гарантирующем защиту суверенитета, территориальной целостности государственных интересов республики. Выполнение этой задачи необходимо осуществлять в полном соответствии с действующим законодательством, нормами международного права и договорными обязательствами в военной области.

Следует обеспечить проведение мероприятий, направленных на дальнейшее реформирование Вооруженных Сил, придание войскам возможностей по гарантированному отражению агрессии локального характера, откуда бы она ни исходила. Причем, проводя преобразования в армии, надо смотреть на то, как расходуются средства на эти цели. Идей в деле реформирования немало, но некоторые из них страдают «маниловщиной». Армия, как и все общество, должна жить по средствам. Реформы надо проводить, почаще заглядывая в карман. Думаю, что мы должны иметь конкретный перспективный план реформирования, который будет утвержден Президентом.

Есть еще один немаловажный аспект проведения армейских преобразований. Какими бы благими ни были наши намерения, нам не справиться с реформами без установления более тесных, дружественных и партнерских отношений с российскими Вооруженными Силами. Помощь их специалистов могла бы оказать нам хорошую службу в проведении учений, подготовке кадров, разработке нормативных документов. Надо не замыкаться в собственных казармах, преодолеть до сих пор существующие амбиции, а решительно идти на обмен опытом в вопросах военного строительства.

Кстати, такое сотрудничество лежит и в плоскости российских интересов. Стремление к размежеванию там давно уже сменилось поисками надежных союзников. Судя по оборонной доктрине России, Казахстану в Центральной Азии отводится роль перспективного союзника. Насколько мне известно по российской печати, но, к сожалению, не по вашим источникам, Россия считает необходимым активнее добиваться от стран СНГ участия в миротворческих операциях. Определены лишь две страны — Казахстан и Беларусь, где не будут оборудоваться российские границы.

Внешние границы СНГ расчитывают перевести полностью под охрану пограничников Содружества. Москва по-прежнему считает себя ведущей силой в поиске путей к миру на постсоветстком пространстве, но только опираясь на союзников. И это надо учитывать.

Все вы должны помнить, что военнослужащие — от рядового до офицера — это члены общества, и на них распространяются все конституционные нормы страны, права и свободы, обязанности. Мне же порой кажется, что в самой армейской среде сформировался некий комплекс неполноценности, своей гражданской невостребованности. Причины этого явления достаточно глубоки. Некогда единый оборонный комплекс бывшей державы перенес огромные потрясения за последние годы. Но армия должна, наконец, расправить плечи, почувствовать себя ответственной за состояние обороноспособности страны.

Со своей стороны, мы будем прилагать все усилия для социальной защиты военнослужащих, создания им достойных условий как при прохождении службы, так и в быту. Вы знаете, что моими указами, имеющими силу законов, внесены изменения в законы об обороне и Вооруженных Силах, о всеобщей воинской обязанности и военной службе, о статусе и социальной защите военнослужащих и членов их семей, а также принято постановление об упорядочении выплаты денежного довольствия военнослужащим, лицам рядового и начальствующего составах. Значительно возросли льготы. Начиная с будущего года будут приняты дополнительные меры в этой сфере.

Мы и впредь особое внимание будем уделять подготовке военных кадров, особенно национальных, собственными силами. Уже сейчас значительно усовершенствована учебно-материальная база и программа подготовки курсантов в Алматинском высшем общевойсковом командном училище. Актюбинское высшее летное училище гражданской авиации решено преобразовать в военно-авиационное. Рассматривается вопрос о создании военного факультета на базе Академии гражданской авиации.

Словом, дел много. Мы будем и дальше крепить национальную безопасность и ее основу в лице Вооруженных Сил. Надеюсь, вы в полной мере осознаете свою роль в жизни нашего общества и сложность решения предстоящих задач.

В завершение хотел бы пожелать вам и передать через вас пожелания успехов всем генералам, офицерам, прапорщикам и мичманам, старшинам и сержантам, солдатам и матросам Вооруженных Сил в благородном деле защиты Отечества.

Ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша республикалық кеңесте сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1995 жылдың 25 желтоқсаны

Уважаемые участники совещания!

На предстоящий период развитие агропромышленного комплекса и его реформирование сохраняются в качестве одного из приоритетов нашей экономической политики, практической деятельности государственной власти всех уровней и ветвей.

На днях мною подписан указ о дополнительных мерах по государственной поддержке села на два ближайших года. При всей напряженности бюджета предусмотрены значительные целевые ассигнования для реализации программ стабилизации и реформирования отрасли, финансовой поддержки по его материально-техническому обеспечению и техническому перевооружению. Перед Правительством поставлена задача осуществлять в эти годы за счет госбюджета закупки продовольствия у отечественных товаропроизводителей для потребностей страны. Даны четкие и однозначные указания Национальному банку и Правительству по оздоровлению активов Агробанка — главного кредитора сельских товаропроизводителей. На неотложные нужды развития и реформирования агропромышленного комплекса должны быть направлены средства крупного сельскохозяйственного займа Азиатского банка развития в сумме, эквивалентной 6–6,5 млрд. тенге.

Надеюсь, что эти и другие меры, предусмотренные указом, создадут не только финансовый задел для стабилизации положения в сельской экономике, но и помогут, наконец, вывести ведущие сферы и отрасли АПК из кризиса.

Безусловно, абсолютно всех проблем мой указ не решает. Их остается еще непочатый край. Мы понимаем, что на сельское хозяйство, которое по своей природе не является высокодоходной отраслью, легли основные трудности, связанные с переходом на новую модель экономического развития. Неудивительно, что именно село испытало наиболее серьезные финансовые потрясения, сказавшиеся и на состоянии производства, и на социальной сфере, и на уровне жизни людей.

При тех направлениях и объемах государственной поддержки, о которых я сказал, главным образом нужны усилия изнутри самой системы, мобилизация внутренних, невостребованных до сей поры резервов и возможностей потенциала отрасли, новых рыночных отношений.

В первую очередь необходимо преодолеть убыточность и падение производства, добиться самообеспечения продовольствием, ускорить темпы приватизации, утвердить реальную экономическую и социальную многоукладность села.

Давайте вместе и непредвзято посмотрим на состояние дел в отрасли. Из года в год продолжает нарастать спад производства сельскохозяйственной продукции. Если за первые 4 года нынешнего десятилетия он составлял в среднем немногим более 6%, то в нынешнем достиг 23%. Республика реально стоит перед угрозой иностранной продовольственной интервенции. Свертывая собственное производство, мы попадаем во все большую зависимость от импорта продуктов, который

уже превысил 300 млн. долларов. А это почти 18% от общего объема валовой продукции сельского хозяйства.

Приватизация — основа основ сельских реформ, ей посвящался не один десяток симпозиумов и конференций. Статистика здесь благодушествует. в республике, оказывается, создано около 30 тысяч крестьянских хозяйств. Только за 10 месяцев этого года приватизировано свыше 400 государственных хозяйств, удельный вес которых составил 84% от всего их количества. Такие масштабные преобразования неминуемо должны были бы привести к существенным позитивным сдвигам. К сожалению, этого пока не произошло. В слепом служебном рвении как можно быстрее отчитаться о завершении приватизации органы местного управления подошли к ней более чем формально. Ведь, судя по их информации, почти 90% сов-хозов перешли на новые формы хозяйствования. Но ни для кого не секрет, что делалось это в большинстве случаев путем простой смены вывесок, без какого-либо изменения производственных отношений.

Правительству надо усилить спрос с местных властей за приватизацию, исключить и номенклатурный, и так называемый «народный» метод ее проведения. Этот процесс надо ввести в строго законодательное русло. Главное здесь — быстрее предоставить работникам реорганизуемых хозяйств и другим претендентам возможность распоряжаться своей собственностью, начать хозяйствовать на земле. Надо немедленно прекратить волокиту с выдачей свидетельств на земельные и имущественные паи.

Один из самых волнующих казахстанцев вопросов — это вопрос о земле. С ним связаны и священные традиции народа, и судьбы людей, их ответственность перед будущими поколениями. Поэтому не случайно реформа земельных отношений постоянно находится в центре общественного внимания. Свое отношение к этому вопросу граждане Казахстана однозначно высказали на референдуме по принятию новой Конституции. Отныне, согласно Основному Закону, земля может находиться в частной собственности на основаниях, условиях и в пределах, установленных законом. Я убежден, что это одно из крупнейших в современной истории Казахстана преобразований, диктующих нам необходимость формирования новых отношений в обществе и, прежде всего, на селе.

В соответствии с конституционными нормами я подписал Указ, имеющий силу закона, «О земле». За этим коротким, но емким названием кроется чрезвычайно многое: и исторические традиции, и социальный уклад жизни народа Казахстана, природные, демографические и другие особенности нашей страны. Теперь в республике законодательно определены рамки введения частной собственности на землю. Эти преобразования мы будем проводить без спешки, согласуясь с внутренними условиями. Кстати, уже более 3 млн. казахстанцев получили земельные участки в частную собственность. Главное, что теперь, с принятием этого указа, все они могут в пределах установленных им норм совершать любые рыночные сделки без каких-либо специальных и дополнительных разрешений со стороны государственных органов.

В совершенствовании земельных отношений большое значение имеет и возможность получения кредитов под залог земельных участков. Несмотря на мой указ, принятый еще в апреле 1994 года и разрешающий сдачу земли под залог, до сих пор так и не был разработан механизм его реализации. Чтобы сдвинуть

проблему с «мертвой точки», право залога земли однозначно закреплено в Указе «О земле». А механизм реализации этого права, все юридические нормы и процедуры, регулирующие взаимоотношения между залогодателем и залогодержателем, развернуты в подписанных мною два дня назад указах «Об ипотеке» и «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество и сделок с ним». Они тоже имеют силу закона и тоже вступают в действие с нового года.

Таким образом, создана вся необходимая правовая база для организации рынка земли, эффективного, экономически грамотного хозяйствования на ней. Тот, кто работает на земле, получил надежный правовой инструментарий, законодательное обеспечение и защиту своих прав и интересов. Банки, финансовые, страховые и другие рыночные институты должны проявить прямой интерес к экономике и потребностям села.

